Сәбит Мұқанов

Өлгір ахаббат

Сәбит
Мұқанов

Мөлдір Махаббат

РОМАН

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ» 1988

ББК 84Қаз7—44
М 84

Мұқанов Сәбит.
М 84 Мөлдір махаббат: Роман.— Алматы: Жазушы, 1988.—544 бет.

Қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі Сәбит Мұқановтың қалың жұртшылыққа кеңінен танымал «Мөлдір махаббат» романында Қазақстандағы совет өкіметінің алғашқы жылдарында болған оқиғалар баяндалады.

Романның басты кейіпкерлері — Бәтес пен Бүркіт. Екеуінің балалық шақта басталған достығы біртіндеп шынайы махаббатқа айналады. Шығармада сол кезеңдегі қазақ ауылының тыныс-тіршілігі жазушының шұрайлы тілімен өте тартымды суреттеледі.

М $\frac{\textbf{4702230200—204}}{\textbf{402(05)—88}}$ **без объявл.—88** **ББК 84Қаз7—44**

ISBN 5—605—00314—3

© Көркемделуі.
«Жазушы» баспасы, 1988

ЖАЗУШЫДАН

Бұл — қазақшасы 1931 және 1935 жылдары «Адасқандар» деген атпен, орысша аудармасы 1935 жылы «Сын бая» деген атпен басылған роман. Уақытында жұрт қызыға оқып, қызына пікір таластырған бұл романда сыншылардың мақалаларынан, оқушылардың хаттарынан бірталай елеулі кемшіліктер бары байқалды. Оларды кезінде түзеуге, өркендегіш өміріміздің жаңадан туғызып отырған тақырыптары қолды босатпады.

Соңғы бір шақтарда бұл романды іздеушілер молайып кетті, оған бас себеп: кейінгі жылдарда қайта басылмаған романның базар түгіл кітапханадан да сирек табылуы. Осы жәйді ескеріп, қол әлі де бос тұрмағанмен, оқушы көпшіліктің қонымды тілегіне сәйкес романды біраз өңдеп, тағы да жариялауға тура келді.

Көркем шығарма — жанды дене сияқты нәрсе екені мәлім. Дененің бір жеріне түскен титімдей жарақат, сыздауын бойға түгел жаю сияқты, көркем шығарманың да бір жеріне түртілген қалам, бүкіл денесін түгел қозғайды. Сондықтан да «түзету» аталатын қармаққа іліккен шығарма кейде жамап-жасқаған нәрсе сияқты емес, тыңнан туғызған нәрсе сияқты болып кетеді.

Бұрын «Адасқандар», енді «Мөлдір махаббат» аталып отырған бұл шығарма да сондай «операцияға» ұшырады. Материалы бұрынғы, оқиғасы бұрынғы, негізгі кейіпкерлері бұрынғы, олардың өзара драмалық қарым-қатынасы бұрынғы бола тұра, сипаттау жағынан роман бірталай өзгеріп, басынан аяғына дейін қай-

тадан жазылып шықты. Бұлай болуға тағы бір басты себеп: ауыр қылмыспен әділ жаза тартқан басты кейіпкер — Бүркіт тиісті жазасын өтеп шығып азамат қатарына қосылғаннан кейін, романды толықтыратын тың материалдар беруі және «Адасқандар» басылғаннан кейін тағы бір басты кейіпкер — Бәтестің де толық «естелігі» табылуы.

Аталған өзгерістерге ұшырағаннан кейін, романға бұрынғы аты — «Адасқандар» дегеннен гөрі, «Мөлдір махаббат» деген ат лайық сияқтанды.

Романның түзелген бұл түріне де пікір білдірушілер болса, ол пікірін Қазақстан Жазушылар одағы арқылы («Алматы қаласы, Коммунист проспектісі, 105 үй) хабарласа, күні бұрын алғыс айтамыз.

Бірінші бөлім

СҮЙГЕН ЖЕР

(Бүркіттің бірінші дәптерінен)

Туған жер, еш нәрсе жоқ сенен
ыстық,
Себебі сенде туып, сенен ұштық!..

БЕТАШАР

«Қеше бала ең, келдің ғой талай жасқа» деп ақын атамыз Абай айтқандай, күні кеше ғана «баламын» деп жүрген мен де, міне, он жеті жасқа кеп қаппын!..

Бірақ бұл жылдар, маған таныс кейбіреулердің өмірі сияқты босқа өтпей, аз ғана жасымның өнебойына, қан сонарда берекесіз шұбырған жан-жануардың ізіндей шым-шытырық шимайларын қалдырыпты.

Бұл бетімде қандай тиянаққа барып тірелерім әзірге мәлімсіз болғанмен басымнан өткерген оқиғаларды ойым, тілім жеткенше естелік есебінде жазып тастағым келді. Кім біледі, мүмкін, мұның да кәдеге асар күні болар!..

Жазушылар бұндай сөздерін, әдетте, «Беташар» деп атайды. Менің де бұл бастама сөзді солай атағым келіп отыр. Оным жазушыларға еліктеуімнен емес, жазғалы отырған сөздерімде естеліктің ғана емес, өзімнің де ересектік сана-сезімімнің беті қалай ашылуын сипаттағалы отыруымнан.

«Түбінде кәдеге аса қалса» деген оймен, естелікті оқушылармен әңгімелесу түрінде жазам.

1.15—VII—1926 ж.

1. ТУҒАН ЖЕРІМ ТУРАЛЫ

Құрметті оқушылар!

Туған жерін жақсы көрмейтін адамды кездестірмеген боларсыздар. Ал мен өз туған жерімді солардың бәрінен де артық сүйетін сияқтымын. Егер солайша сүймесем, осы жазғалы отырған естеліктегі оқиғаларға ұрынбаған да болар ем. Ол оқиғаларды баяндаудан бұрын, туған жерімнің жалпы келбетін көз алдарыңызға елестетіп қойғым келеді.

Біреулер туған жеріндегі асқар тауымен, біреулер қиырсыз қара көк теңізімен, біреулер долы өзенімен, біреулер қалың жнысты орманымен мақтанады. Мен туып өскен жерде бұлардың біреуі де жоқ.

Менің жерім — қай жағына қарасаң да, аспанмен астасқан жиегіне дейін көз тоқырар қыраты жоқ, «Торғай ойпаты» аталатын жап-жазық дала. Біздің ауылдан ат, я түйемен шығып, осы кең даланың қай жағына жүрсең де, «қала» аталатын қоныстың ең жақын жағына бір жұмада әрең жетесің; алысына кейде жұмалап, кейде айлап сапар шегетінің болады. Өйтпегенде ше?.. Бұрын «Торғай уезі» аталған жердің өзіне, Бельгия сияқты бес мемлекет еркін сыяды екен!..

Осынша кең жердің жалпақ шөлінде «Адасқандарға белгі болсын» дегендей, араларының алшақтығы атпен әлденеше күнде әрең жетерліктей боп, кейбір сүйриген шоқылар тұрады. Солардың ішінде ең ірісі — біздің ауылдар жайлайтын «Қызбел» белесі. Бұл ат бұл белеске жайдан-жай берілмеген: жазық далада сағымды күндері алыстан мұнартқан оның түрі, шалқасынан көсіле жатқан қыздың денесіне ұқсайды!.. Осы «дененің» кеуде тұсына қатарлана өскен екі тас діңгекті, тұрғын ел «Қыземшек» деседі...

Бүкіл Торғай жерінде — «Торғай», «Жыланшық», «Бұланшы» аталатын аралары алшақ үш-ақ өзен бар, олардың да суы көктем кезінде ғана тасып тұщы болады да, шілде туа азайып, дәмі сортаң татып кетеді. Қар суымен шалшықтанып, жаз құрғап қалатын, бетіне тұз байланатын көлдер бұл далада бірталай. Тұзсыздарын «Копа» дейміз. Қопалардың ішіндегі ең үлкені де, ең сулысы да, жағасына біздің рудан тараған ауылдар қыстайтын «Сарықопа», оның сарқылмайтын себебі, «Қызбелден» шығатын «Қоңырау» атты жылғаның құюынан. «Күшіне қарамай көже көпіреді» дегендей, жаз суы үзбектеліп қалатын Қоңыраудың көктемде өткел бермей бұрқырайтыны бар!..

Суы осынша тапшы Торғай даласында ел де өте сирек. Біздің ғасырдың бас кезінде жүргізілген санақ бойынша, Торғай уезінде тоқсан мыңдай ғана халық болған, ал одан жері бес есе кіші Бельгияда — тоғыз миллион! Қопалардың бойын қуалай мекендеген ауылдар қысты күні өзара жөнді қатынаспайды, күзден көктемге дейін көрісе алмайтын ағайындар болады... Жаз айларында мал баққан ел су іздеп, алыстағы өзендерге бытырайды, кейбір елдер айлап көшкенде әрең же-

тетін Сырдарияға шейін де барады. Олар күзді күні біздің жақта ерте түсетін қыстың қарын қуа Торғайға қарай, көктемде біздің жақта кеш еритін қардан қаша, малдарын қармен сусындатып отырады... Торғайдың кей ауылдары жаз айларында Жайық, Тобыл, Есіл, Кеңгір, Ырғыз, Қобда сияқты өзендерді жайлап қайтады. Біраз ел алыстағы құмдарды қыстап қалады...

Мен осындай көшпелі ауылда, Ұлытау жақтағы «Бүркітті» аталатын далалық шоқының етегінде, күздің аласапыран шағында 1909 жылы туыппын, сондықтан менің атымды Бүркіт қойыпты.

Ондағы ұзай көшудің елесі әлі күнге дейін есімде. «Сарықопадан» көктемде қар жіби бастаған соң сөгіле көшкен біздің ауыл, айлар бойына үдере көшіп кейде Сырға, кейде Жайыққа жететін еді де, күз жақындай кейін оралып, қыстауға қар бекіген шақта әрең жететін еді. Сонда құнан, тайға мінуге жараған жасқа дейін әке-шешеміз бізді түйеге тендеген кебеженің ішіне отырғызып, «құлап кетпесін» дейді де, белімізден таңып тастайды. Бұндай жағдай құста да болады. Қарлығаш ұясын қыстаудағы қоралардың аша ағашының басына салады да, балапандары құлап кетпеу үшін, ұшуға жараған шағына дейін, аяғынан ұяға қылмен байлап қояды...

Әке-шешемнің қамқорлығы қарлығаштай болғанмен, аяғымды апыл-тапыл басқан соң-ақ, кебежеге қамалуға көнбей, талай рет бақырғаным, оныма қарамай еріксіз байлағаны,— өңім мен түсімдей есімде. Үш-төрт жасқа кеп есімді біле бастаған соң ол қорлыққа көнбей, бір сәтте, байлауымды білдірмей шешіп, жүріп келе жатқан нар-түйенің үстінен жерге құлағаным бар... Сол арада аузым көпіріп талып қаппын да, есімді бірер күнде әрең жинаппын, одан кейін мені кебежеге еріксіз қамауды қойып, өз бетіммен жүруге жарағанша, түйе үстіне орнатқан шаңырақка мінетін әжем қасына бос алып отыратын боптьі!..

Қазақ жуас аттың я түйенің арқасына жап-жас баланы да мінгізіп, құлап қалмау үшін, ерге я қомға таңып қояды. Менің ол «қорлыққа да» көнгім келмеді. Әке-шешем ол шалжағыма жібермес пе еді, егер бесалты жаста салт мінген көліктің тізгініне ие болуға жарамасам!..

Бірақ біздің ауыл бұл кезде ұзай, үдере көшкен жоқ. Оған себеп: 1911 жылғы «Доңыз» атты жұт. Әкемнің айтуынша, сол жылдың жазында, көктемінен бас-

тап күзіне дейін Торғай жеріне жаңбыр тамбайды. Әлдене себеппен алысқа көше алмаған біздің үйдің малдары, шілдеден бастап тісіне сыздық таба алмай сайсаланың тобылғысы мен қарағанын теріп жейді де, ол таусылған кезде қыналы тасты кеміреді.

— Ол да таусылған шақта,— дейді әкем,— жылқылар бір-бірінің құйрық, жалын; қойлар бір-бірінің жүнін жұлып жей бастайды...

Осы құрғақшылықта алысқа айдауға күші жоқтардың малы жаз айларында көтерем боп өле бастайды да, күші жететіндері «шөбі бар» деген алысқа айдайды.

— Со жылы,— дейді әкем,— біздің үйде мыңға тарта жылқы, үш мыңдай қой бар еді. Түйені көштің көлігіне ғана ұстайтын едік, оның саны жиырмадан аспайтын. Сиыр бізде атымен жоқ та.

— Жыл жайын көріп, жұтау қорқынышы басқа төнгеннен кейін,— деп жалғастырады әкем әңгімесін,— алысқа айдауға болмайтын қой-ешкіні, «келер жылы тұяққа тұяқ қайтарарсың» деп маңайдағы елге түгелге жақын үлестірдім, басы артық түйелерді «майын мін де, қыстай асырап бер» деп ауыл-ағайынға таратып, жылқыны «жері от» деген Орал тауына айдап жөнелдім...

Сол кеткеннен хабар-ошар болмаған әкем, үйге қыс ортасы ауа бір-ақ оралады.

Жасым ол жылы төрттен аз-ақ асқанмен, әкемнің қандай халде келгені есімде жақсы сақталған: «өлдім!» деп шыңғырған дауыстан шошып оянсам, көрдей қараңғы үйдің ішінде, қамыс арасында қорсылдап айбат шеккен қырдың қабаны сияқты біреудің күрілдеген былапыт сөзді ашулы даусы естіледі, шамасы, әкемнің даусына ұқсайды... «Өлдім» деген сөзді қайталай айтып шыңғырған, шешемнің даусы сияқты... «Не болды, Әбеу-жан!.. Өлтірдің ғой, сорлыны!.. Тоқталшы!.. Бассшы, ашуыңды!..» деп арашалаған дауыс әжемдікі!.. Шошып оянған бала-шағаның шулай жылауынан қараңғы үйдің іші азан-қазан!.. Тағы біреулердің арашалаған даусы естіледі...

Әлден уақытта, қар көміп тастаған терезені әлдекім ашты да, тымық қараңғы үйдің ішіне көмескі сәуле түсе бастады. Сол кезде әкем де араша беріп, түндей түнерген кескінімен, босаға жаққа шөке түсіп отыра кетті...

Сонда ғана білдік: «қырсыққанда қымыран іриді»

дегендей, әкемнің **Орал тауына айдап** барған жылқылары жауынды жердің қалың көдесіне отырып жоның жайған шақта қыс түседі де, аз уақытта жаңбыр жауып, жер жылқының тұяғы батпайтын мұздақ боп қатады да қалады. Содан кейін, аштан бұрлыққан жылқы қырылып өле бастайды... Сақтап қалар амалы жоқ әкем, бірер жүз жылқыны ғана жылқыға жылқы беріп жергілікті халыққа асыратады да, өзге жылқыларының өлігін қардың астында қалдырып үйге қайтады...

Со жылдың қысында, біздің арада да күні-түні тұтеген боран соғып, көзді ашырмайды. Арасы алшақ ауыл мен ауылдың қатынаса алмауы былай тұрсын, іргелері тақалған үй мен үй де бір-бірімен зорға араласып, тұк көрсетпей тұтеген боранда адасып кетпеу үшін, араларына арқан керіп қояды... Өткен жаз жерге шөп шықпағандықтан, халық қолы жеткен көл атаулының қамысын түгелімен отап алады. Біздің «Сарыкопа» да осы күйге ұшырап, тап-тақыр бетіне, жел айдаған қар тоқырамайды да, көл төңірегін қыстаған ауылдарға кеп тығылады. Ауыл үстіне үйілген тау-тау қардың, үйлер мен қоралар астында қалып, үй мен үй күртікті жырып қатынасады...

Әкем ауылға осындай бір шақта, түнде келсе, есік алдын қар көміп тастаған... Терезе жаққа барса, оны да тып-типыл ғып кеткен... Аршиын десе, қолында күрек жоқ... Айғай салса, шырт ұйқыдағы үйдің іші естімейді...

Әкем көрші үйге барып, әрең дегенде оятады да, күрек пен кісі алып кеп, есік алдының күртігін жырып үйге кіреді... Үй оны сезбейді... Осыған ыза болған әкем, «ит ашуын тырнадан алады» дегендей, ұйқыда жатқан шешемді төсегінен сүйреп алады да сабайды...

Шешемді ұруына араша бергенмен, әкемнің бұл ашуы ұзаққа дейін тараған жоқ. Қар кетіп жер аяғы босай, қасына әлдекімдерді ерткен ол Орал жағына кетті де, айдан артық уақытта, жиырма шақты арық жылқыны ғана айдап қайтты... Өзгесін, не «өлді» деп, немесе көрінеу көзге барымталап, тұрғын ел алып қапты...

Әжемнің айтуынша, сол жылдан бастап, біздің ауыл да, үй де жаз айларында алысқа көшуді доғарып, арада бірер күн ғана түнеп жететін «Қызбел» бойын жайлайтын болған...

2. ТУҒАН ҮЙІМ ТУРАЛЫ

Ескі ауылдың салты қызық: жергілікті рулардан өзі кедей біреумен кеңесе кетсең, арғы аталарын «бай болған» деп мақтанады; өзі момын біреумен кеңесе кетсең, арғы аталарын «батыр болған» деп мақтанады; осы руға басқа рудан келгеннің аты — не «келімсек», не «кірме»; басқа халықтан жаугершілікте қолға түскендердің аты — «құл». Қазақтың ұғымында кедей я момын болу ұят емес, келімсек я кірме болу ұят; ал, «құл» болу қорлық.

Менің сегізінші атам Ерназар — қалмақ. Соған қарағанда, біздің де құл болуымыз керек қой. Бірақ сырттан айтса өздері біледі, ал, көзімізді бадырайтып, ешкім де «құлсың» дей алмаған. Әкемнің айтуынша, олай дей алмайтын себептері, Ерназар (қалмақша аты «Сүбетей-мерген» екен дейді) қазақтың қолына жаугершілікте түспеген, атақты хан, еңсегей бойлы ер Есімнің қолына өзі ізденіп кеп, атақты батырының бірі болған, Есім оны өз қарындастарының біріне үйлендіріп, қанымыз хан тұқымымен араласып кеткен.

— Олай болатын себебі,— деп мақтанады әкем,— Ерназардың өзі қалмақтың қарасынан емес, хан тұқымынан екен.

Ерназардан бергі аталарымыз бай да болған, тұқымы қаулап өскен де. «Қалмақ» аталатын бұл ру, әкемнің тұсында екі жүзден астам, бір старшын ел бопты.

— Жігіттеріміз,— деп мақтанады әкем,— әрі сайдың тасындай біркелкі ірі болған және шетінен жау түсіргіш батыр болған. «Қалмақ жүрген жерде салмақ бар» деп, біздің жігіттер тізелесе жүрген шақта, қандай рулы ел болса да батып тие алмайды екен.

Әкем Жаман дейтін кісіден туған екен, сөйте тұра, ол «Жәутік баласы» боп кеткен. Жаман мен Жәутік бір әкенің баласы екен. Жаманы — момын болады да, Жәутігі — батыр болады. Менің әжем — Нарбота, осы Жәутіктің әйелі, төркіні Орынбор маңының атақты байы және биі — Дербесалы.

Жәутікке қосылған әжем азғантай ғана жыл отасқанда, «Россияға бағындың» деп біздің елді Кенесары Қасымов шабады, осы соғыста оған қарсы қатты қайрат көрсеткен Жәутік арпалыста найзаға ұшып өледі.

— Сол соғыста,— дееді елдің қарттары,— әжең

Нарбота да еркектермен араласа соғысқа қатысып, талай жауды түсірген адам.

Ол сөздеріне иланам: ең алдымен, әжем қапсағай, тарамыс денелі зор кісі және кескіні еркек сияқты ұсқынды кісі. Қайратына келсек, дыңдай жігіттің көтеретін жүгін мен ес білгенге дейін көтеріп жүрді. Ісі де, күші де осындай болғандықтан, өзін «еркек орнындағы кісімін» деп түсінетіндіктен, сөздері батыр адамдай кесек болатын еді, біреуді тілдегісі келсе еркекшілеп боқтайтын еді...

Күйеуі — Жәутік соғыста өлген осы әжемді, жұрт әмеңгерлік жолымен, қайнағасы — Жаманға қатын үстіне қосады. Содан әкем туады. Сол бір шақта біздің елдің балаларын піштіріп жүрген Қарағожа деген кісі «атамыз — Мұхаммет пайғамбардың туысы» деп әкеме — Әбуталыптың атын қосады. Кейін жұрт ол атты қысқартып айтып «Әбеу» боп кетеді.

Жәутіктен бала қалмаған екен деседі, сондықтан әжем Жаманға «сенің өзге балаң да жетеді» дейді де, әкемді «Жәутіктің баласы» деп атайды, сонымен әкем — «Жәутіков Әбеу» боп кете барады. Расында солай деп ұға ма, әлде жүре келе түз-еңбегі жараспады ма, Жаманның басқа балаларымен әкем өмір бойы араз боп, іргесін олардан аулақ салды, жаз да, қыс та бөлініп алысқа қоныстады... Әкем ержете, әжем де Жаманнан бөлініп кеткен...

Әкемнің үйлену тарихы қызық. Шешемнің аты — Асылтас. Төркіні — арғын руының ішіндегі ең беделді тұқымының бірі — Шақшақ Жәнібек. Шешемді алғаш Жаманның бір баласына атастырады да, қалыңдық ойнап жүрген шақта күйеу өледі. Әкем ол жылы он бес жаста екен. Өзі Торғай қаласында орысша оқып жүр екен, шешем одан алты жас үлкен екен, бірақ әкемнен басқа басы бос әмеңгері жоқ екен.

Осы жайда екі ел бас қосып сөйлескенде, шешемнің төркін жағы әкемді әрі жассынып, әрі «оқуда жүр» дегенді сылтау ғып, малға бітісуді ұсынады. Біздің «қалмақ» тұқымы ақылдаса кеп, төленген қалың малды екі есе ғып қайырып алуға ризаласады. Осы топта әкем де бар екен дейді. Бұндай бітімге қарсы болған, ол сөзін өткізе алмауына көзі жетеді де:

— Бір бітім түгіл, мың бітім жасасаңдар да мейілдеріңдер!.. Мен мұның ішінде жоқпын! — деп атына мініп, жападан-жалғыз еліне тартып отырыпты. Жұрт оның бұл сөзін шалдуарлыққа санап мән бермейді.

Ауылға келген әкем, біздің рудың «басты» дейтін жігіттерімен ақылдасқанда:

— Жесірді жібермейміз,— деп қайрайды олар, әкемді,— ақсақалдардың бітіскеніне қарамаймыз, төркінінің қапысын тауып алып қашамыз!

Жігіттер осыған келіседі. Ақылдың ішінде әжем де болады. Қайда алып кету жайын кеңескенде:

— Менің төркініме! — дейді әжем.— Оларға ешкім де батып бара алмайды.

Жігіттер жасырын түрде қам жасап жатқан шақта, шешемді «Тобыл бойындағы Қыпшақтың бір байы баласына әпермек бопты» деген хабар естіледі. Аз күннің ішінде ол байдың баласы шешемді алып қайтпақ боп, Қызбелді күздіктеп отырған біздің ауылдың үстін жанап өтеді. Жесірін алып, қаннен-қапersіз келе жатқан оларды, түн жамылып сайда аңдып отырған әкем мен жігіттер бассалады да, шешемді алып қашады.

Жанына әжемнің төркініне баратын жолды жақсы білетін бірер жігіт ерткен әкем, жолшыбайғы сирек елдің біріне соқпастан, суыт жүріспен тартып отырып, аз күнде Жайық бойын жайлаған нағашысынан бірақ шығады. Әкемнің ерлігіне риза боп қуана қарсы алған нағашылары амалы құрыған шешемді көндіріп, Орынбордағы Торғай облысының губернаторынан басына ерік қағаз әпереді. Бұл хабар Торғай мен Қостанайдың уездік начальниктеріне жеткеннен кейін, барымталасқалы жатқан рулар тоқырайды. Әкем мен шешем біздің ауылға бірер балалы болғаннан кейін ғана қайтады.

Осындай жайларына қарағанда, әкем мен шешем тату болуға тиісті ғой. Расында олай болмайды. Шешем төркінінен жүкті келген. Соны көңіліне ауыр алған әкем, нағашысында жүрген шақта сыпайылық қып сыр білдірмейді де, елге келе, «отырса — басқа, тұрса — аяққа» дегендей, басынан таяқ айырмайды және жеңіл сабамай, көбінесе талдырып тастағанға дейін сояды... Кей уақыттарда көкала қойдай болған шешем, «жұрт көзіне көріне алмай, жұмалап, айлап... дегендей шымылдық ішіне жатып алушы еді» деседі...

— Осы таяқтан,— деседі үлкендер, менімен бертінде сырласқан шақта,— сен туғанға дейін бейшара шешең көз ашқан жоқ.

Маған дейін шешем он бір құрсақ көтеріпті, соның екеуі — ұл, тоғызы қыз екен. Ұлдарының аты: Қошқарбай, Текебай. Қошқарбай жасында өлген. Тоғыз

қыздың жетеуі тірі. Оларға: Алтын, Күміс, Қәукер, Меруерт, Құндыз, Жібек... деген сияқты ылғи асыл бұйымдардың аттары берілген сияқты.

Шешемді әкем мен туғанға дейін сабады, дегенмен үздіксіз таяқ жей берген соң тілі шығады да, әкем қалай сабаса да шапылдаған тілін тартпайды. Осы өршеленудің аяғы жаман бір оқиғаға соғып, мен туардан төрт-бес жыл бұрын шешемнен әрі қажыған, әрі оны кәрісінген әкем, әлде не кедейдің қызын тоқалдыққа алса, шешем оны, жаздыгүні жер-ошақта үлкен қазанда қайнап тұрған құртқа итеріп жіберіп, күйдіріп өлтіреді, жұртқа «шанышқақтаған сиыр қағып кетті» деген сөз таратады.

Әкем мен шешемнің мен «сүт-кенжесі» екем, сондықтан ба, әлде менен тоғыз жас үлкен Текебайдан кейін ұл көрмеулерінен бе, болмаса әжем мені бауырына сап, «Әбеудің емес», «Жәутіктің баласы» ғып өсіруінен бе, ес білген күннен бастап, мен туған үйімнің шалжаңдатқан еркесі болдым. Бірге тудым деп түсінетін әкемді мен «Ағеке» деймін, жеңгем деп түсінетін шешемді «Жеңеше» деймін.

«Әжеңнен қалай тудың?» дегендерге, «Аф дегенде аузынан түсіп қалдым» дейтін ем... Өзінен «туғанымa» күдігі болмасын дегендей, әке-шешемді жатырқасын дегендей, әжем мені тілім шыққан күннен бастап оларды боқтатып үйретті...

Әжем туралы аз сөз: ел аузында ол «жұрт анасы» аталған адам, оған себеп — жаугершілік кезде «батыр қатын» аталуы бір болса, екіншіден — қолда бар асын аямайтын мырзалығы, үшіншіден — кішіпейіл мінезінің жағымдылығы, төртіншіден — ағайынды алаламай ұстайтын бүтіншілдігі, бесіншіден — қисыққа бұрмайтын әділдігі, алтыншыдан — сөзіне ел ұйитын ақылдылығы, жетіншіден — уәдесіне беріктігі. Сондықтан әжемнен ақыл сұраушылар да, оған кеп жүгінушілер де көп болған. Алдына келген адамға әжем үнемі әділетін ғана айтқан. Әжем айтқан сөз тоқтаулы боп, оны ешкім бұзбаған...

«Еркек орнына жүрді», «жұрт анасы болды» деген әжемнің маған сіңірген еңбегі де, өмірімде өтеп бола алмайтын қарызым. Өзінің айтуынша, шешемнен шырылдап жерге түсе, кіндігімді кесіп көтеріп алған да, шаранаммен қойнына салған...

— Сонда,— дейді әжем,— мейірімінің түсуі сон-

ша,— алдақашан суалған емшегімнен сүт сорғалап қоя берді...

Мен сол қалпыммен шешемді емес, әжемді еміп өсіппін. Кейін сүті суалғанда, арда емген құнан я дөнен құсап, бес-алты жасқа дейін төсіне жабысып жүрдім!.. Осы жасқа дейін әжемнің құшағынан басқа жерге қалғып көрген жан емеспін!.. Шіркін, әжемнің құшағы-ай!.. Ол құшақта мен өзімді жылы ұядағы балапандай сезуші едім!..

Жағынуым я жалтақтауым емес, «әжемнен тудым» деп түсінетін мен, бертінге дейін не әкеме, не шешеме сүйгізу түгіл иіскеткен де бала емеспін. Сонда, өзімше, әкемді «бір әкеден туған ағам» деп, шешемді «жеңгем» деп, өзімді олармен теңдес көрем де, олардың алдында бала сияқтануға намыстанам.

Осы намыстың мені бір пәлеге ұшыратқанын айта кетейін: біздің үй доңыздың жұтына ұшырап, қалың жылқыдан айырылған соң, ұсақ қара малымызды өткен жылы қарызға үлестіріп алғандардың көбі, тышқан жылының жазында қайтара алмай, шаруашылық күйі әлсіз болған соң, әкем «жұтамапты» деп естіген нағашысына бармақ болады да, нар түйеге мінген ол, әжемнің ұлықсатымен мені алдына өңгеріп ала кетеді. Мен ол жазда төрт жаста екем.

Осы сапарында әкем менен айырылып қалады. Оқиға былай болады: жолда «Тосын» атты белесті қалың құм бар екен, оған жыңғыл, жиде сияқты ағаштардан жыныстың орман өседі екен. Торғай өзені осы құм мен жыныстың арасын жара ағады екен.

Тосынды бойлап келе жатқан әкем, бір сәтте түйесін орман ішіне, өзен жағасына шөгеріп, дем алып жатады да, әкелік мейірімі ұстай ғап, мені оңашада сүймек болады. «Әжемнің баласы» боп дағды алған мен ырқына көнбесем, күші жететін әкем, құшақтап ап, еріксіз сүйеді. Бұл «зорлыққа» ызаланып жылаған мен, әкемнің құшағынан бұлқынып босанам да, бақырып бетіммен қашам. Әкем қуып жетіп ұстаса, мен оның сақалынан жұлып, бетіне түкіріп... дегендей бой бермеймін... Соған ашуланды ма, әлде «қайда барар дейсің» деп ойлады ма, бұлқынған мені әкем босатып қоя береді де, өзі түйесіне қарай кетеді. «Бақырсам, даусымды естіп тағы да ұстап алар» деп қорықтым ба екен немене, мен қалың жыныс пен өркешті құм арасына сіңіп кете барам...

Сол кеткеннен оралмайын... Жоғалтқан әкем іздеп

сін де таба алмасын!.. Ал, осының арты неге соққан?..

Ашудың жаңа кіріп келе жақтан есімді буып тастауынан ба, әлде адасып кетуім бе, сол жоғалғаннан, мен із-түзсіз жоғалам!.. Түйесінің қасында аз уақыт отырған әкем дыбысым шықпауына елендеп, кеткен жөнімнен олай іздейді таба алмайды, бұлай іздейді таба алмайды!.. Айғаласа дыбыс жоқ!

Әкем жүгіре-жүгіре шаршайды, айғайлай-айғайлай даусы қарлығып, үні бітіп қалады... Енді не істеуге білмейді... Сол шақта күн кешкіреді... Түн болады... Маңайында ел жоқ, есіз жатқан құм!.. Біздің Торғайдың құмдарында «қорқау атты қызыл жүн қасқыр жүреді екен... бір кезде, әлдеқайда солардың және түлкінің ұлыған дауыстары естіледі... Енді не істеу керек?..

Түні бойы тиышы кетіп, көз шырымын ала алмаған, қалың тоғай мен құмның арасын үмітсіз кезген әкем таң атқанға дейін мені таба алмаған соң, ағашқа асылып өлгісі де келеді, өзеннің суына тұншыққысы да келеді.

— Солардың біреуін де істемеген себебім,— деп отырады әкем бертінде,— үміт дүниесі болғандықтан, «балам табылар» деп дәмеленгендіктен ғана еді.

Мені сол маңайдан тағы екі-үш іздеп таба алмаған әкем, құм мен тоғайды біраз кезеді де, «манағы орынға оралмады ма екен» деген үмітпен, жоғалтқан жерге оралады. Сол арада шұбырған түйенің ізі кездеседі. Бұны керуен түйесінің ізіне жорыған әкем, «балам, мүмкін, соларға ұшыраған болар» дейді де соңдарынан қуады. Жүрісі суыт па, әлде бұл кешігіп қуды ма керуен төрт-бес күнге дейін жеткізбейді. Ақыры, түйесін болдыртып, өлдім-талдым дегенде жетсе, мен солардың қолында болып шығам!..

Қазақша айтқанда, мені бұл жолғы өлімнен «құдай сақтаған». Керуен адамдарының айтуынша, олар Тосын құмның елсіз-күнсіз арасымен келе жатса, биіктей шарықтаған бүркіт, бір төңеректі орай қалықтап жүреді де қояды. «Сол бір тұста аң бар екен» деп жориды керуен.

Аз уақыт жүрген керуен, бүркіт айналып жүрген тұсқа жетсе, құм арасындағы жазықтау тақыр екен дейді. Сол тақырда әлдене қараңдап қыбырлайды. Жолаушылар оны әуелі қонып отырған қарақұсқа жориды. Жақындаңқыраса, қара құс сияқты емес!.. Малдың адасып қалған төлі дейін десе, маңайда ел

жоқ!., Аңның ақсаған балапаны дейін десе, ешбір аң бұлай жападан-жалғыз тастап кетпеуге тиісті!.. Сонда бұл не?!.

Жолаушылар қарандағанға жақындаған шақта, аспанда шарықтаған бүркіт жердегіні ілуден үмітін үзгендей, алдеқайда ұзай тартып отырады... Қарандағанға керуен таянып келсе шапанын шешіп қолына алған, тұрып-жығылып жүрген кіп-кішкене адам баласы!..

Ат жетер жерде ауыл жоғын білетін, маңайда жүргіншілер жоғын көріп келе жатқан жолаушылар, із-түзі жоқ айдалада кездескен кіп-кішкене баланы, «әлде бұл бала болып елестеген шайтан ба?» деп сескеніп, бірден қасына жолай қоймайды... біреулері орай өтіп қашуды ұсынады... ал, жығыла-сүріне томпаңдаған жас бала есі шығып кетуден бе, әлде жат адамнан қорқудан ба, бұлардан қашқан сияқтанады!.. Сонда керуеннің біреуі тұрып, «не де болса ұстаймын осыны!» деп аттан қарғып түсе қалады да, қашқалақтап құлаған баланы ұстап қолына көтеріп алып, әлсіз тырмысқан үнсіз баланың кескініне қарап жіберіп: «сусын!» деп айғай салады серіктеріне... Біреуі ішіне малта салып торсыққа құйған судан аяқпен сусын әкеп бергенде, ерні кезерген, әлі кеткен баланың жұтуға шамасы келмей, ұрттаймын дегенде, езуінен төгіліп кетеді... Содан кейін керуен адамдары баланың аузын ашып, сусынды көмекейіне тамызады... Тамағы жіпсіген баланың ептеп есі кіре бастайды..

— Көп бермеңдер,— дейді қартаң біреуі,— ындыны кеуіп қалған адам, сусынды мейірі қана жұтам десе өліп кетеді. Бойын сусынға тамшылап үйрету керек...

— Енді болмаса өлген екен,— депті әкеме жолаушылар,— таңдайы жіпсіген бала сусынға ұмтылып жылай бастаған соң, аз да болса жұтқызып көрейік деп беріп ек, құныға сімірген бала аяқты аузынан алғанда маңдайынан тер құйылып, көзі алақтап талды да қалды..

Содан мен кешкі салқын түсе әрең тірілем. Тауып алғандар маған ептеп сусын және тамақ бере бастайды...

— Содан кейін байқасақ,— депті жолаушылар әкеме,— жалғыз қаңғырып қорқып қалуынан ба, әлде, қисықтығы ма, осы баланы өзің келгенге дейін еліктіре алмай қойдық!.. Берген тамақты ішкеннен басқа уақытта қыңырая тырмысып, ырық бермейді...

— Мені де бассалмай, өзім бассалып жылағанда, жасы сорғалаған көзіме салқын қарадың да тұрдың,— дейтін еді әкем маған, ол оқиғаны еске түсіргенде бертінге дейін...— Мені де жұрт «қаттысың» дейтін еді, сенің оның маған бітпеген, баяғы батыр атаңа біткен қаттылық. Атаңды жұрт «жаудың қабырғасын тірідей сөккенде шімірікпейтін батыл еді» деседі...

Бұл сөзді әкем ғана емес, біздің қай тұқымнан екенімізді естіген керуеншілер де айтқан.

— Батыр аталарыңның аруағы ғой, бұл баланы жебеп-желеп сақтаған,— дескен олар әкеме,— әйтпесе құм ішінде қойдай өретін жыртқыш аңдар немесе анау төбесінде айналған бүркіт алдақашан жеп қояр еді!..

Мені жоғалтып тауып, қуанышы қойнына сыймаған әкем ілгері жүрмей, өзіміздің ауылға кейін қайтқан...

Одан кейін қасыма ертпеспін деп серт еткен әкемді менің тағы да бір масқара қыла жаздағаным бар. Алтыдан жетіге шыққан жылымда, «Байқоңыр» аталатын жерде жұмысы болып жиналған әкем «мен де барам» деп жылаған соң, әжем «енді есі кірді ғой, бетімен лақпақ, ала кет» деген соң, ертіп ала кеткен. Түйемен бір жұмада жетсек, «Байқоңыр» дегені жерінің терең астында көмірі бар орын екен.

Көмір қазушылардың аулында біз бір жұмадай жаттық. Жайлауға көшпей жатақ жатып жұмыс істейтін ауылды бірінші көруім осы. Ауыл — «Байқоңыр» аталатын биіктеу жотаның іргесінен көктемде өзенсымақ су ағатын, жаз онысы құрғап қалатын жарқабақтың іргесіне орналасқан екен. Үйлердің бәрі не шымнан, не тастан қалаған кіп-кішкене. Бірен-саран үйде болмаса, қора деген жоқ, өйткені оған қамайтын малдары жоқ. Үйме-жүйме орналасқан үйлердің жалпы саны жүзге тарта бар деседі, солардың бәрінің малы «доңыз жұтында кедейленіп қалдық» деген жалғыз біздің үйдің малына жетпейді.

Есімді біліп қалған шағым, отырықшы ауылдың үй-жайларына менсінбей қараумен қатар, күн көрістеріне де көз жүгіртем. Біздің ауылдың ең кедей деген адамында сауындық түйе, сиыр, қой болып, өзгеге болмаса да, аққа тойып отырады, ал бұнда, айран, қатық, қымыран түгіл шайына ақ қататын үй де некен-саяқ. Көп үйдің бар тамағы — нан. Оны да бірталайы тойып жемей, тоқ-жарау... Етті ілуде бір-ақ үй татады екен. «Қарға тамырлы қазақ» дегендей, Бай-

қоңырда да біздің бір ілік-шатыс табылып, барған күні бізге сойып берген жалғыз лағы, бұл ауылға бие сойғандай оқиға боп, сорпа-суанын көрші үйлердің қатын-қалашы қазан аузынан бөліп ішті...

Малға сонша кедей бұл ауылдың барлық сауыны — жердің терең астынан қазып шығаратын тас көмір екен. Сол «сауынды» көргім келгенін әкеме айтып ем, «өлім сағынып жүрсің бе?» деп ақырып тастады. Одан ұлықсат ала алмайтынымды көріп, бұл ниетімді одан жасырып орындау жабдығына кірістім. Бір күні оның да «сәті» түсе қалды: достасып үлгерген бір бала екеуміз көмір шығаратын құдықтың қасына барсақ, көмір көтеретін жәшік аузына кеп, сырттағылар аударып алып жатыр екен. Босаған жәшік құдыққа қайтадан түсер шақта, ішінде отырған жігітке «мені де ала кет!» деп ем, «кел, отыра ғой!» деді анау. Серік балам сыртта қалып қойды да, мен жігітке еріп құдықтың түбіне кете бардым..

Елде, Қызбел жайлауында, тазалаған құдықтың түбіне түсіп көргенім бар еді, ол да терең сияқты еді, бірақ оның түбіне дейін саңлау түсетін еді... Ал, мынау, көрдей қараңғы біреуі!.. Және кетіп барамыз, кетіп барамыз... бірақ жетер жайымыз жоқ сияқты...

Біраздан кейін менің басым айналып, құсқым келе бастады. Ол жәйімді жігітке сездірсем, «шыда, бала! — дейді күліп,— мал бағып қана күнелтетін ауылдың баласы екенсің... әкең бай екен!.. Байдың малы бейнетсіз өседі. Көр, міне, біз сияқтылардың тамақты қалай асырайтынын!»

Қараңғыға құлдырай түсіп, ұзақ уақыт сүңгіген біз, әлден уақытта, әлденеге кеп тірелдік.

— Түбіне жеттік, бала! — деді жігіт сол уақытта.

Жәшіктен ол мені көтеріп түсірген шақта, жанжағыма үрейлене қарасам, қап-қараңғы көрдің әр жерінен жарық сияқты бірдемелер жылтырайды... «Олар не?» десем, «көмір қазушылардың шамы» деп жауап береді жігіт...

Қараңғыға көзім үйрене бастаған мені «ер, маған!» деп жігіт жетектеп ала жөнелді де, әр жерінде шамы жылтыраған қараңғы үңгірді аралатып отырып, бір тұсқа келгенде, «ал енді жамбастап сырғымасақ, түрегеп жүрер жол жоқ» деп өзі жантайып жата кетті. Не істерге білмей түрегеп тұрған маған:

— «Жат! — дедім ғой,— деді жігіт жекіп.

Амалсыздығым ба, қорқуым ба, қасына қисая бер-

ген мені жігіт желкемнен қапсыра ұстап, тар лахыттың ішіне сүйрей жөнелді. Мені ит алып қашқан терідей сүйреп, тар үңгірде жамбастай сырғыған жігіт:

— Басыңды көтерем деп не шекеңді, не маңдайыңды жарып ап жүрме, сұлап жатқан қалпыңнан қозғалма! — деп бұйырды...

Со қалпымен біраз сүйреген жігіт, үйшік сияқты әлде не қуысқа жеткенде:

— Ал, бала, түрегелуіңе болады енді! — деді.

Түрегеп байқасам, үйшіктің төбесіне менің төбем, шамасы бір қарыстай ғана тимей тұр екен.

Қараңғы көрдей үңгірге көзім үйреніңкіреп, жылтыраған шамның әлсіз жарығы күңгірттендірген төңірегіме қарасам, маңайым қасқырдың апаны сияқты, шұрқ тесік...

Біздің елде «зорман» аталатын, үлкендігі мысықтай тышқан болады, өзі көп, терісі қымбат болады. Сол сорлыны ел аулағанда, ініне су құйса, тұншыққан бейшара іннің аузына келіп қап, аулаушыны көргенде, әрі қарай сүңгиді... Бірақ онда алар тынысы жоқ бейбақ, суға әлденеше сүңгіп, бері қарай басын әлденеше қылтитады да, ақыры «өлсем тыныстап өлейін» дегендей, сопақ етіп бері қарай шыға келеді..

Қараңғы үңгірден бірі шығып, бірі кіріп жатқан мына көмір қазушылардың халін, мен сол зорманға ұқсаттым. Артынан, есейген соң білсем, расында да олар «зорман» екен, ініне су құйып соғушылар, ағылшын капиталистері екен!..

Қазақта «адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» деген мақал бар. Мен де сүйтіп, «шахты» аталатын қараңғы үңгірге тез үйреніп кеттім де, ертіп апарған жігітім, «ұзама,, адасасың» деп сақтандырғанмен, кішкене ит-арбамен құдық түбінен көмір тасушыларға араласа, кейде жамбастай, кейде тік жүріп, жүгіріп кеттім...

Сөйтіп жүріп, қалай адасқанымды білмей де қалпын. Бір кезде қарасам, көзге түртсе көрінбейтін қараңғы орында жүрмін. Алысырақта әлдекімдердің күмбірлеген даусының жаңғырығы естілген сияқтанады, бірақ қай жақтан естілетінін шамалай алмаймын. «Осы жақта болар» деген жобамен, жан-жағымды сипай, әр жерге қақтыға-соқтыға, әр нәрсеге сүріне-қабына жүрсем, күмбірлеген дауысқа жақындау орнына, алыстай түскен сияқтанам...

Бір кезде күмбірді де жоғалттым. Жан-жағым

тып-тымық. Қап-қараңғы!.. Дауыстайын десем, тар қуыс жаңғырықтырып әкетіп, өз үнімнен өзім қорқам!.. Сөйтіп жүріп қысылдым ғой дейміп,— сипап көрсем,— салқын қараңғылықтың ішінде тоңу орнына, денем суға малып алғандай дымқос!..

Солайша біраз уақыт арпалысқаннан кейін, әлденеге сүрініп құладым да, орнымнан тәлтіректеп тұра алмай жығыла бердім. Содан кейінгі халім, шала ұйқыда түс көрген адамның халіндей болуға тиісті: жылан ба, жел ме, сұп-суық бір нәрсе бетімді, денемнің ашық жерін сипай өтіп жатқан сияқты... От па, әлденелердің отқа ұқсаған көзі ме, үлкенді-кішілі жарықтар жан-жақта жылтыраған сияқты... Олардан зәрем кеткен мен, қозғалар халім жоқ сияқты...

Сонымен, ұзақ сөздің қысқасы, көп кісі ұзақ уақыт іздеу арқылы, үш-төрт күн өткенде, аштан да, қорқудан да бұрлығып талып жатқан жерімнен табылам!.. Есімді одан кейін төрт-бес күн өткен соң әрең жинаймын...

Бұл оқиғаны туыстарым бертінге дейін үрейлері ұша, өкіне еске алғанмен, мен өзім өкінбеймін, өйткені сол жолы жоғалмасам «шахты» дегеннің не екенін, «шахтер» дегеннің, әсіресе, капитализм кезіндегі «шахтер» дегеннің кім екенін, мүмкін, мен өмір бойы білмеген болар едім.

Естелігімнің бұл тарауының аты, «Туған үйім туралы» еді ғой. Сол тақырыбымды аяқтап тастайын.

Шешемнен туған балалардан жеті қыз, екі ұл тірі боп өскенін білесіздер. Үлкен қыздарын мен туған жылы, одан кейінгі екі қызының бірін мен есімді білмейтін шақта, біреуін мен ес біле ұзатқан. Қалған төрт қыздың ақырғысы, мен мал түлігі боп есейіп қалғанда ұзатылды.

Мен туғаннан кейін әкемнің шешемді алғашқы сабауы да, соңғы сабауы да, жылқыларын жұтатып қайтқан қыста ғана болса керек. Содан кейін ұрмаған әкемді, бұрын тілі шығып алған шешем басынғандай боп, бертін уақытқа дейін өзі тиіскенмен, әкем қол да қатпайтын еді, сөгіс сөздер де айтпайтын еді. Долы мінезді шешем, кейбір ашуланған шағында көтеріліп кетсе, әкем «қойсайшы!» деп қана отырып, қоймасын көрсе, «әй, иттің ғана баласы-ай!» дейтін еді де, шешемнің ашуы басылар деген шаққа дейін, атқа мініп кетер еді.

Мен жетіге толып сегізге шыққан жылы, әжемнің аса бір зор қауіптен жүрегі жарылып өлді. Ендігі аз әңгіме сол оқиға туралы.

3. ТАҒЫ ДА ТАҚЫРЛАНУ

Доңыз жылы жылқысын жұтатқан әкем, содан кейін ауыл-ағайынға аса тиышсыз болды деседі. Оған себеп, доңыздың жазында елге қарызға үлестіріп берген малдары. Бұл малдарды әкемнің тез жинап алғысы келеді, ал қарызға алғандардың көпшілігінде қолма-қол қайтарып берерлік күш жоқ.

Қарыздың көбі кезінде қайтарылмай, әкем ыза боп жүрген шақта қолына елді қорқытарлық бір қару іліге кетеді: 1914 жылы ол біздің елдің болысы боп сайланады. «Болыс» деген ол кездегі қазақ аулының патшасы. Оның «ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс».

Осы мүмкіндікті пайдаланған әкем, борышқорлардың бересілерін әлденеше еселеген түрде сыпырады-ай кеп!.. Бұлай сыпырудан, жамағайын түгіл, өз аулымыздағы көрші-қолаң да аман қалмайды.

Әуелі «батыр», одан кейін «бай» аталған біздің ауылда, «одан-будан жиналған» үйлердің саны, доңыз жұтының алдында қырыққа жеткен екен, доңыздың күзінде, солардан ең кеміне екі-үш қой қарыз алмағаны жоқ екен. Болыс боп күшейген әкем, осы қоңсылардың борышын төлей алмағандарының жалғыз түйе... жалғыз сиыр... дегендей, сүмесін таңдайына тартып отырған ақтық малын да сыпырып алады. Бұндай зорлықты көрген қоңсылар жан-жаққа бытырап қаша бастайды... Қашқанмен қанша алысқа барады олар? Өзге борышқорлар қайда барады?..

Сол жылы «Жиһангер» аталатын соғыс басталып кетеді де, әкемнен былай да мезі бола бастаған ел енді қазыналық ауыр шығынға батады... Ел осынша ауыртпалықтың астында езіліп, дем алар халі қалмаған шақта, 1916 жылдың дүрбелеңі басталады да кетеді. Майданға әскер бермеуді сылтау қылған қалың ел жапатармағай атқа мініп, көтеріліске шығады, бастаушысы — Амангелді.

Бұл жылы жетіден сегізге қараған шағым болғандықтан, біздің елде не болып, не қойғанын жақсы білем.

Елге таратқан борыштарын әкемнің есесімен түгел жинап алуынан, әрі малдарымыздың төлдеп өсуінен,

бұл жылы біздің үйдегі жылқының басы тағы да бес жүзге тақалып, қой саны да екі мыңға жақындап, алысқа көшпейтін болған соң түйені азайтып он бес шақтысын ғана ұстаған әкем, «пайдалы мал» деп сиыр малын көбірек жинап, жылырмадан асатын сауын сиырдың сүтінен май ағызуға «сепаратор» деген машина алып, біздің үй тағы да «бай үй» аталып кеткен. Содан кейін ана бір жылдары үй саны азайған қоңсыларымыз тағы да көбейіп, бірі жылқышы, бірі сиыршы, бірі қойшы, бірі сауыншы... дегендей, шаруамызды бағыса бастаған. Мал шаруасын өсіруді ғана қанағат көрмеген әкем Сарықопаның жайпақ жағаларына арықпен су шығарып, тары, бидай, сұлы дейтін дақылдар ектіре бастап, олардан жыл сайын жүздеген қап астық алып, ана шеті Торғай мен Орынбор, мына шеті Қостанай мен Троицкі, сонау шеті — Байқоңыр, Қарсақпайға түйемен жөнелттіріп сатқызған. Сол кәруендерді кейде өзі бастап, қасына мені де ертіп, бұрын көрмеген талай жерлерді көрсетті. «Торғай өлкесі» аталатын жерді мен осы кезде түгелге жақын араладым. Бұл аралауда көрген жерлерімнің көбінің бейнесі көңліме мәңгілік өшпестей болып берік орнады. Ол бейнелер, есіме алған сайын көз алдымда елестеп, аналық жылы жүзімен қолын бұлғап шақырады да тұрады, мен оны көрмесем, анамдай аңсаймын да тұрамын!..

Тақырыбыма көшейін. Біздің үй сол байығаннан байи берер ме еді, қайтер еді, егер он алтыншы жылдың дүрбелеңі кесе-көлденең тұра қалмаса!..

Біздің ел Қызбелдің жайлауына шыққан шақта, «патша қазақтан солдат алады-мыс» деген хабар дүңк ете түсті. Ел ішінде шабыншылық басталып, қасқырдан үріккен қойдай, жекеленіп те, топтанып та жөңкіген жұрт, Қызбелдің қыры мен ойына, кең өлкесіне сыймай кетті. Олардың бір жүйелері біздің ауылдың да төңерегіне ошарылып, біреулері күн демей, түн демей үйге де келіп, маза көруден қалдық. Бұл дүрбелеңнің мәніне түсінер жасқа жетпегенмен, елдің жүріс-тұрысынан, кескін-кейпінен, ақырынды-қаттылы сөздерінен менің аңғарғаным — жігіт атаулының бәрін, патша әлдекайдағы соғысқа алып кетпек те, қырмақ!.. Бұндай хабарға, елмен бірге біздің үй де, оның ішінде әкем де қатты күйзелетін сияқты...

Бұл күні әкем және тағы біреулер «Орынбор барамыз» деп салт атпен жүріп кетті. Біздің арадан, ша-

масы, мың шақырымдай Орынборға атпен баруға асыққан олар, «Қостанайдан поезға мінеміз» деп аттанысты. Оған да суыт жүріспен тез жетпек боп, кісі басы жетекке екі-екіден ат салысты. Біреулердің айтуынша, Орынборда қазақтың оқыған азаматтары бар, солардың біреуі, менің шешем Асылтастың туған інісі — Жақаш. Әкем де, серіктері де, солдатты беру-бермеу жәйін солармен ақылдаспақ.

Жолаушылар аз күнде қайтып келіп қалды. Олардың айтып келгені, «солдат бермеуге болатын емес, біздің Торғай уезінен бес мыңдай жігіт беруге тиістіміз, енді соларды әзірлеуіміз керек».

«Бұзықтың басы буырылдан» дегендей, пәле осы «әзірлеуден» басталды. Сөз аңғаруға жарап қалған шағым: байқаймын, «тізім» дейтін қағаз жасалып, солдатқа жіберілетін жігіттер соған тіркеледі... Тіркеуге «он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы жігіттер жатады» деседі.

Жанжал осы «тіркелудің» төңерегінде шықты. Жанжалдасушылардың сөз төркініне қарасам, жасы он тоғыз бен отыз бірдегілер арасындағы жігіттердің кейбіреулері тіркеуде жоқ; олардың орнында, жасы не он тоғызға жетпеген, не отыз бірден асып кеткен біреулер жүр..

Мәселен, біздің ауылда Еркін Ержанов дейтін, Текебаймен түйдей құрдас бала жігіт болатын, ол жылы, оның жасы дәл он алтыда. Солдатқа баратындардың тізімінде ол да қосылып кеткен. Үй ішінен, әсіресе, шешемнің оңашадағы күңкілінен білсем, Ержан біздің үйдің жылқышысы болған екен де, доңыздың жұтында әкеммен Орал тауына бірге кетіп, боранда адасып өлген екен. Оның әйелі, Еркіннің шешесі — Қазинаны мен жақсы білем: бойы да сымбатты, кескіні де сұлу, мінезі де оңды кісі болатын. Күйеуі өлген осы әйелді әкем қосалқыға алмақ болғанда, шешем де көнбейді, Қазинаның өзі де көнбейді. Әкем зорлықпен алмақ болғанда, Ержанның туған інісі Нұржан ара түседі де, маңайдағы елде тұратын нағашыларына көшіп кетеді. Осыған кектенген әкем, солдаттың тізіміне жасы жетпеген Еркінді де, жасы асып кеткен Нұржанды да қосады... Бұл хабарды естіген Нұржанның біздің үйге, әкеме келіп:

— Мені жіберсең жібер, ал, мына қаршадай баланы жіберуге құдайдан қорық!.. Өзіңнің Текебайыңмен бір жылда, бір көктемде туған бала еді ғой бұл!.. Қо-

лында туып ед! ғой! — деп, сақалынан жасы шұбырып жылағанда, суық түсін өзгертпеген әкем:

— Қағаз солай жазылыпты, оны өзгерту қолымнан келмейді. Және «жиырмада» десе де нанатын дардай жігіт! — деп қасарып отырып алды. Нұржан кеткеннен кейін, әжем әкеме:

— Қарағым-ай, обал ғой мұның!.. Көз жасынан қорқуың керек қой! Тізімнен босатсаң қайтеді? — деп жылап жалынғанда, әкем:

— Апа, сенің кірісетін сөзің емес бұл! — деп үйден шығып кетті...

Нұржан мен Еркін сияқтылар көбейді... Байқаймын, әкем олардың кейбірінен пара алып босатады да, кейбіріне мейірім жасамайды.

Бұның арты неге соғарын білмей жүрген шағымызда, «маңайдағы ауылдардың ер-азаматы түгелімен атқа мініпті, пәлендей, түгендей жерде жиналып жатыр дейді... Жан-жақтан жиналғандардың бәрі Амангелді төңірегіне топталып жатыр дейді...» деген хабар естілді...

Біздің араның аспанына бұлт үйірілудің қызық бір бейнесі бар: күндіз айнадай жарқыраған ап-ашық аспанға, ойда жоқта, үлкендігі тоқымдай ғана эппақ бұлт пайда болатын да, біртіндеп қоңырлана бастаған ол, бірте-бірте үлкейе беретін; сол бір шақта, сол бұлттың ұранына үн қосқандай, көкжиектің әр тұсына қылтия қалған кішкене көлемді ақша бұлттардың бәрі, әлгі қоңыр бұлтқа беттей көшіп, ілезде бәрі тұтасатын да, аспанды тұтасымен бүркейтін де кететін; кейде оның арты не сұрапыл дауылға, не нөсер жауынға айналып, кейбір шақта, суық түспен екпіндей көшіп қана, әлдеқайда ауып кетіп тиыш болатын...

«Амангелді төңірегіне топталып жатыр дейді» дегендер түстерін көрмегенмен, алыстағы дүмпуінің өзінен-ақ біздің ауылға, жоғарыда сипаттаған бұлттың торлануы тәрізді сезілді.. Осы дүмпуге біздің араның да ауылдары үн қосқандай боп, бүгін «пәлен ауылдан, Амангелді тобына пәлен үй көшіп кетіпті, пәлен адам қашып кетіпті» деп естілсе, ертең «түген ауылдан да сөйтіпті» деп естіліп жатты.. Оған нанбайтын ештеңе жоқ... Қуәсы, өз туған ауылым. Кейінгі жылдарда үй саны жиырмадан асқан бұл ауылда дүрбелең басталғалы әркімдер біріндеп бытырай келе, Амангелді дүмпуі қаттырақ естілген шақта, айналасы бес-алты-ақ үй қалды!..

Кейін білсем, бұндай халге ұшыраған жалғыз біздің ауыл ғана емес екен. Маңайдағы басқа ауылдардан да, баласы солдатқа ілігеді дегендердің бәрі Амангелдіге кетіп, орындарында біздің үй сияқтылары ғана шошайып қалған. Олар өз орындарында отыруға қорыққандай, біздің ауылды ес көргендей, бірақ қосылып қонуды ерсі көргендей, асқа тіккен үйдей боп, жан-жағымызға бытырай орналасқан...

Көп кешікпей, Амангелді төңірегіне жиналғандар «солдатқа барып, жат жерде өлгеннен, туған жерде өлеміз, патшамен соғысамыз депті» деген хабарлар, «ең алдымен елдегі болыстарды өлтіреміз» деген хабарлар келіп жатты.. Бұл хабарға сырттай сыр бермегенсіген әкемнің іші қатты қобалжығанын жүріс-тұрысынан, кескін-кейпінен аңғарып жүрдік. Біздің үйде жаз болса бәйгенің алдын бермейтін, қыс болса, қалың қарда қасқырды құтқармай соғатын «Жылансырт» дейтін жүйрік құла ат болған. «Реті келсе қашармын» дегендей, елдің көтерілген хабарын естіген әкем, сол атты жаратып, аяғына кісен сап, белдеуден босатпайтын болды...

Сондай ереуілді күндердің біреуінде, үй іші шырт ұйқыда жатқан шақта, «жау кеп қалды!» деген айғайдан шошып оянып, жүгіре далаға шыққақ, әкемнің шабарманы болып жүретін Қайрақбай дейтін жас жігіт екен... Таң жаңа сібірлеп келеді екен...

— Қаптап келеді!.. Аттан!.. Қаш!..— деді ол есіней есеңгіреп, үрейі ұшқан әкеме.

Қайрақбайдың «әне!» деген жағына қарасақ, дауыл көтерген сияқтанып қалың шаң көрінеді... Аттың екпіні жер қозғалтқандай дүсірі естіледі... Ол көрінісқе үрейлене түскен әкем, белдеуде байлаулы, ерттеулі тұрған Жылансырттың аяғындағы кісенді, дірілдеген денемен әрең ағытты да, атқа ырғып мініп алды.

— Мылтығым! — деді ол жылап тұрған шешеме!..

— Ойбай, қайтесің мылтықты?.. Жөнел! — деген шешемді әкем қамшымен басқа тартып жібергенде, сұп беріп үйге кіріп кетті... Мына қорқыныштан зәресі ұшып талықсыған сияқты болған әжем, кигіз үйге сүйене берді, мен оны ұстай ап, сүйемелдеуге әлім келмеген соң, жерге қатты құламасын дегендей, шамам жеткенше демей бердім...

Бір кезде, маңдайынан тарамдана қан шұбырған шешем, әкемнің төрде, керегенің басында ілулі тұратын қос-ауыз мылтығын алып шығып, алыстағы дүсір-

ден астындағы аты ауыздықпен алысып тыпыршыған әкеме ұсына бергенде, мылтықты іліп алған ол:

— Оқшантайы қайда? — деді шешеме ақырып.

Даусы аса қатты шыққан әкемнің кескініне қарасам, көктемде құтырған бураның түрі құсап, адам қарай алмастық қорқынышты екен. Содан ығысқандай, шешем жалт беріп үйге қайта кіргенде, сұрапыл дауыл суырып келе жатқандай даланың қалың шаңы ауылға таянып қалды... Сол шаңның ішінен естілген қалың аттың тұтасқан гүрсілі тас қираған, тау құлап келе жатқандай сезіледі... Осыған зәрем кеткен мен:

— Ойбай, қаш! — дедім жылап жіберіп, талықсыған әжемді тастай беріп, аты ойнақшыған әкемнің қасына барып.

Менің даусым әсер етті ме, әлде, жүйткіп келе жатқан халық дауылының сұрапыл екпіні еркінен тысқары ұшырып әкетті ме, болмаса қалың дүсірге делебесі қозып алған атына ие бола алмай қалды ма, әкем «жаудың» дауылынан ықтай, беталды құла дүзге тарта жөнелді!..

Жылан-сырттың шын жүйрік екенін сонда ғана байқадым. Садақтан тартқан жебедей сүйрие, басын жіберген соң-ақ зымырай жөнелген ол ауылдан ілезде алыстай беріп, аздан кейін өзін емес, соңында ұзара шұбалған шаңын ғана көрсетті...

Оның есік алдынан шұбала көтерілген шаңының арты басылмай-ақ, ауылға қалың шаң да кіріп, көз көргісіз тұманына бүкіл ауылды бүркеді де жіберді, сол шаңның ішінде сапырыла қаптаған қалың салт, қазаға қамалған балықтай шопырлады...

— Қашты! — деген шаң-шұң дауыс естілді қалың тұманның арасынан!..

— Ку!.. Жет!.. Босатпа!..— деген айғайлар тұтаса шықты..

Ауылға кірген қалың дүсірдің алды, әкем қашқан жаққа қарай созылды... Аздан кейін ауылды басқан қалың шаң сұйылып, күн көзін көрсетпей жіберген қараңғылық бозамықтана бастады...

Сонда ғана әжем есіме түсіп, жүгіріп қасына барсам, талықсыған кескінмен, үйдің іргесіне сұлай жатқан екен. Қасында жан адам жоқ. «Әже!» деп құшақтай алып ем, көзін ғана ашты да, дыбыс беруге халі жоқ белгісін көрсетіп, кезерген ернін тілімен жалады... «Сусын керек екен» деген оймен жүгіріп үйге кірсем, бастығы шешем боп, барлық жанымыз төрде

үйме-жүйме боп, ұйыса тығылып отыр... Оларға тоқырауға уақытым жоқ мен, от басында тұрған шойын шәугімді ала сап, жүгіріп тысқа шықтым да, шүмегінен әжемнің аузына нәр тамыздым. Сорған суды қақала-шашала бірер жұтып, есін жинағандай болған әжемнің аузынан шыққан бірінші сөзі, «әлгі жалғыз құтылды ма?».

«Жалғызы» — әкем. Жаманнан туған ұл да, қыз да көп болғанмен, өзі де сол Жаманнан бес-алты қыз ұзатқанмен, «Жәутік баласы» дейтін әкемді «жалғыз» көретін әжем, одан басқа былайғы балаларын «балам» деп өзеуремеген; «қызды қойшы, тәйірі!.. Қыздың бірі өзіміз емеспіз бе?.. Қалың мал берген елге қатын боп кете барған жоқпыз ба?.. Ошаққа тас болған қызды көрген емен. Құдайдан жақсы болса да, жаман болса да ұл бер деп қана тіле» деп отырғанын өзім де талай естідім. Ұғымы осылай әжем, әкемнің біраз мінезін ұнатпағанмен, кейде оған ақырынды-қаттылы ұрысқанмен, жанындай жақсы көріп, «оның табанына қадалған шөгір, менің маңдайыма қадалсын» деп отыратын. Осындай жайын білетін әжем,— «әлгі жалғыз құтылды ма?» дегенде, көзімнен жас шығып кетіп:

— Құтылды, әже! — дедім, құтылған-құтылмағанына көзім жетпесе де.

— Қуғыншылар қайда?..

— Білмедім,— дедім біле тұра, әжемнің көңліне қаяу салғым келмей...

Сол кезде үйден шешем де шығып, әжемнің қасына келді. Одан да әжем әкемнің жайын сұрай бастады. Тығылып қалғанына ұялғандай болған шешем күмілжіп қалды. Онысын жамандыққа жорығандай болған әжем, «неге күмілжисің?!.» деп үрейленген кескін көрсетті... Сонда ғана мен, көрген-білгенімді, шынымды айта бастап ем:

— Көп қой, көп қуса жетпей қоймайды ғой! — деп әжем жылап жіберді...

Оған не дәлел қайыруды білмей отырған шағымызда, әкем қашқан жақта, алыста гуілдеген бос бөшкенің үніндей боп әрең естілген дүсір үдей бастады. Біз түрегеп қарасақ, арты сиреген шаң тағы да қалыңдап, жел аударған бұлттай, бері қарай қайтадан ауып келеді... Бұл, әрине, әлгінде ауыл үстін баса шауып кеткен қалың қолдың қайтадан ойысуы...

Кең даладағы көшпелі ауылда туған адамның бәріне белгілі: «Қайтып келген қыз жаман, қайта шап-

қан жау жаман» дегендей, кей уақытта ауыл үстін баса өткен дауыл қайта оралса, үйлерді шетінен төңкере құлатып, уық, керегесінің тас-талқанын шығарып, жасау-жиһазын, аяқ-табағын шашып кетеді...

Ауылға қайтып оралған мынау қалың қол, бізге қайта оралған сұрапыл дауыл сияқты боп көрінді.

— Ойбай, әже! — деді шешем сол шақта, дауылдың екпінімен үрейленген кескінмен жатқан әжемнің басын көтермек боп,— кірейік үйге!

— Қозғама! — деді әжем, шешемнің қолын итеріп,— алатын құдай болса, қайда тығылсаң да табады. Жүрегімнің өрекпігені басылған жоқ. Тұруға шамам жоқ.

«Сасқан үйрек артымен жүзеді» дегендей, шаңдатқан қалың дүсір жақындап қалған шақта, сүйемек болған әжемді тастай беріп, шешем үйге кіріп кетті. Тырп етпей жатуға әжем де шыдай алмады ғой деймін, дүсір таянып қалған шақта, толқын соққан қайықтай, сасқалақтаған бейнемен еңбектей жылжып, біресе ілгері, біресе кейін толқыды... Қимылына қарағанда түрегеп те кетердің ойы бар сияқты, оған дәрмені жетпейтін сияқты... Менің сүйеп жібергім-ақ келіп мықшыңдаймын, бірақ ауыр денеге шамам жетпейді,..

Бір кезде қалың шаң ауылды тағы да жауып кетті... Бұдан бір жыл бұрын, жаздың ыстық шағында, Текебайға еріп далада жылқы арасында жүр ем, еріккен Текебай атынан түсті де, қалтасындағы сіреңкесін алып, бір түп қуаңдау көдеге от бере қойды. Сол оттың өзі көтеріп жіберді ме, әлде, әлдеқайдан құйын кеп қалды ма, тып-тымық күнде дауыл көтеріліп, отты үрлей жөнелуі бар емес пе!.. Сол дауылдан өршіген өрттің алдындағы көп елді науыт қылғаны бар...

Мына қалың дүсір де сол сияқтанып, тып-тыныш ауылға, сұрапыл желді ала келуі бар емес пе?!. Жел көтеріле ұйытқыған қалың шаң, дауылды күнгі қардай борап адамға дем алдырмай тұншықтырып жіберді... Осы дауылдың екпінінен бе, әлде қаптай шауып келгендер сүйрей жөнелді ме, табиғаттың талай дауылына мың етпейтін біздің сүйегі ауыр, кигізі жаңа әппақ үлкен үй төңкеріле кеп құлап, әлдене күшпен ілгері сүйретіліп кете барды... Әжем екеуміз оның астында қала жаздап, бір шетінен бұралаңдап әрең шықтық...

Сол кезде, аттарынан жапыр-жұпыр түсе қалған көп салтты бізді қоршай қойды... Кескіндеріне көзім

түсіп еді, өткен қыста біздің қораға түсем деп қамалып қап, соғуға қуған қарулы адамдардан құтылмасын білгендей, арсылдап қарсы шапқан қасқырлар сияқты!..

Қабуға ұмтылған қасқырдан сескенгендей, әжем жанталаса түрегелді де, құлының қорғаған биедей, мені бауырына баса қойды... Жыртып жерліктей боп жақындай қамаған топтан зор денелі, тозыңқы, кірлі киімді, буырыл қаба сақалды біреуі, өзгелерінен бізге бұрын таянып, құтырған бурадай тісін шықырлата, қанталаған ашулы көзін найзадай қадай, құшағын жазған қолының саусақтарын, аңды бүрер бүркіттің шеңгеліндей тарбита қойды да:

— Ә, кәрі қаншық! — деді әжеме төніп кеп,— бөлтірігің қолға түспегенмен, сен түстің бе?..

— Жігіттер! — деді ол артындағыларға,—оны да құтқармаймыз, қашқанмен!.. Ұлпы-отанымен тұқиядан түгін қалдырмай өртеп жіберетін иттің үйі бұл!.. Ұстаңдар, мына шешесін!.. Табыңдар, қатын-балаларын!.. Бәрін де жинап алып кетеміз!.. Оралмай көрсін, бұларға!.. Не істер екеміз, содан кейін!.. Шетінен бауыздап, Торғайдың суына ағызамыз!..

Қалың жау бізге лап қоя бергенде, әлдекімнің «тоқта!» деген қатты даусы естілді, жалт қарасам,— әнеугі Нұржан!

Айғайлап қалған даусы шыға, ол екі қанатын кең жайды да, бізге ұмтыла берген топтың алдына кесе-көлденеңдей берді... Ешкім оны кимелей жөнелмей, сығылыса тақалып қалған топ, таянып кеп тоқырай қалысты...

— Әбеудің жауыз екені рас,— деді Нұржан,— оған не істесек те рауа!.. Бала-шағасының, әсіресе, мына қарт шешесінің жазығы жоқ!..

— Көпшілік бірдеме дей бастап еді:

— Шуламаңдар! — деді Нұржан, жұрт тағы да тын бола қалды.— Әбеудің тепкісін менен артық көргендерің жоқ. Ата-бабамнан бері қонсы боп талай таяғын жесем де, талай сөгісін естісем де, бұл шешейдің жақсылығынан басқасын көрген емен!.. Баласының бұзықтық істеріне бұл жауапты емес. Бұзық баласы қолға түссе, «сулы, жерде асып, сусыз жерде қуырып» жесеңдер де мен іштеріңдемін. Шешесіне, қатын-баласына тигізбеймін!..

«Шегініңдер!» дегендей, жайған қанатын түсірместен Нұржан топқа қарай жылжып еді, аналар кейін

шегіне берді... Шегінгендер жырақтаңқыраған шақта:

— Қандай жақсы адам еді, әже! — дедім мен. Әжем:

—Расында да жақсы жігіт еді! — деп күрсінді де қойды...

Алыстаған топ, әлденені өзара шүйіркелесті де, аттарына мініп кете барды. Бірақ жәй кетпеді олар, біздің үйдің де, маңайдағы біз сияқты үйлердің де қолдарына түскен малдарын сыпырып айдай кетті. Сөйтіп біз доңыз жұтынан кейін тағы жұтап, кедейліктің тақырына тағы отырдық та қалдық...

4. АРПАЛЫС КҮНДЕРІ

Жылан-сырттың жүйріктігімен қуғандарға шалдырмай кеткен әкем, елсіз даламен жүріп отырып, Қызбелден үш-төрт жүз шақырым жердегі «Қара бұтақ» аталатын бекетке барса, Торғайда көтерілгендерді басуға Орынбордан әскер шығып келеді екен, бастаушылары — шешемнің туған інісі Жақаш. Әкем оларды біздің ауылға алып келді.

Жақашты мен өткен жаз, ауыл жайлауда отырған шақта көргем. Туған шешемнің кім екенін іштей біле бастағанмен, «әжем баласы» болып жүргендіктен, «жанассам жақындығым сезіліп қалар» дегендей, әжем «құдамыз» десе де, өзі жылы тартса да, мен оны жатырқағандай жоламағам. Бірақ кескін-кейпі, киім-кешегі бүгінгідей көз алдымда орта бойлы, еңкектеу толық денелі, қоңыр өңді, жалпақтау бетті, тарлау маңдайлы; түп жағы батыңқылау, ұш жағы жуандау, танауы кеңдеу мұрынды; шүңіректеу, кішілеу, ойнақылау қара көзді; қалыңдау ерінді, оның үстіне жағына етегін қырқып, жұқалау мұрт қойған; жалпақтау, сиректеу тісті... Үстінде арт жағы сауысқанның құйрығындай салпиған қара түсті қамзолы (кейін білсем, оның аты «сюртүк» екен), бұтында балағы кең қара шалбары (кейін білсем, оның аты «клёш» екен), қара капоты, жағасы жылтыр ақ көйлегі, қара бантик галстугы, аяғында тұмсығы сүйір қара бәтеңкесі бар екен... Өзі қағазға қарамағанда көзілдірік киеді екен, жас адам бола тұра, жүргенде қолына таяқ ұстайды екен... Қызметі, газет шығару екен. Ол газет біздің үйге де келіп, әлі мектепке бармағанмен, ішіндегі суреттерін қарайтынмын, әкем оқитын... Жұрттың айту-

ынша, ол аса шешен адам да. Және өзі өлең жазады екен, олары кітап боп шыққан екен. Біздің үйде жиналғандарға кітаптарын оқып отырғанын білем. Солардың ішінде, «доңыз» жұтына арнаған өлеңін, және тағы бір термелерін ептеп «әу» дері бар Қайрақпай, домбыраға қосып айтып та жүрді.

Сол Жақаштың енді әскер арасында көрсем, киімдері бұрынғыдан өзгергенмен, әлі де қара-дүрсін... Кескініне қарасам, мұрты ұзарыңқырап, кескіні қарайыңқырай түсіп, сұстанып апты. Кеңестеріне құлақ тіксем, жұртқа «көтерілме, солдат бер» деп ақыл айтқан көрінеді де, оны тыңдамаған соң, «жүректерің шайлықтыруға», елге әскер алып шыққан көрінеді.

Барлық мал барымтада кеткенін естігенде, «ыза буған әкем жынданып кетер ме екен» деп қорықтық. Жаралы қасқырдай жан-жағына арсылдап, ашу уытын кімге төгерін білмеген ол, шөкесінен отыра ғап жерді тырнағанда, топырағын апан қазған андай бұрқыратты... Әлдекім оны ұстай алып, кейін шегеріп әкеткенде қарасақ, көбесі сөгілген тырнақтардың ұшынан қан сорғалап тұр екен. Осы халінде, оның еркіне салса, ертіп келген солдаттарын ала аттанып, Амангелді қолын түп-түгел қырып қайту еді. Оған нағашым көне қоймады, әскер бастықтарымен бәрі оңаша кеңесті де, әлдекімдерді қасына ертіп, Амангелді тобымен сөйлесіп қайтуға кетті. Барғысы келмеген әкемді нағашым еріксіз әкеткендей болды. Тез қайтып оралған олардың айтып келгені, «егер солдат алынар болса, келісімге келер түрлері жоқ, сондықтан бұл сөздеріңді жоғарғы ұлыққа жеткізейік, тілектеріңді орындатуға тырысайық, осы хабар келгенше күте тұрыңдар» депті. Кейбіреулерінің көнгісі келмегенмен, Амангелді де, көпшілік те бұл сөздің артын тоспақ болыпты.

Кейін білсем, оның бәрі халықтың шабуылын тоқтатудың айласы екен. Көтерілген адамдардың халжайын біліп қайтқан нағашым, жоғарғы жаққа хабар айтып, күшті көбейте түсу жағын өтінеді екен де, өздері бұндағы істің әдіс-айласын қарастырады екен...

Әлі есімде: Жақаш пен әкем ауылға келе, оңашаланған сыбыр-күбір көбейді. Елеусіз бала, сөздеріне құлақ салсам, әскер күшін мықтап алғаннан кейін, әкем мен Жақаш бастап аттанбақ та, қапысын тауып, бейғам жатқан көтерілісшілердің үстінен түспек, сол арада соғыс болмақ!..

Соғыс!.. Бұл менің тек ертегіден ғана естіген сөзім.

Сондықтан оны қызық көріп, әкеме «мен де барам» деп қыңқылдасам:

— Тек! — деп жекіп тастайды ол,— айт пен той деп отырсың ба?.. Адамның қырғыны емес пе, соғыс деген?.

Осы сөзді әкеме оңашада әжем де айтып:

— Қарағым, өзге барса да сен бармашы сол соғысқа! — деп, көзінен жасы сорғалап отырып жалынса:

— Менде емес ол ықтияр, апа-жан,— деп жұбатпақ болады әкем,— мен ауылда қойын бағып, қойыртпағын ішіп қана отырған байдың бірі емеспін, болыс боп, үкіметтің қызметінде жүрген адаммын. Елден мен қашайын деп қашпағанымды өзің білесің. Еріксіз кашырған өздері. Үкіметтің бұл әскерін әкеп отырған мен де емеспін, құдаң Жақаш та емес. «Жол білесің, ел білесің» деп оны да еріксіз ертіп әкепті, мені де жолдан ұстап ап еріксіз әкелді, әйтпесе, Орынборға барайын да, ел желігі басылғанша тығылып жатайын деп ойлаған ем. Енді, ертіп әкелген олар, менің бармаймын деген қылжағыма көне ме?

Бұл сөзге сенген сияқтанған әжем, «енді қайттім, құдай-ау!» деп жылап алады да, «суға кеткен тал қармайды» дегендей, әкеме:

— Амалың болмаса бар, бірақ қолыңнан қан төгө көрме, қарағым! — деп жалбарынады...

Ол күндері біздің ауылда ұйқы-күлкі көрген жан болған жоқ. Қайдан көреді, ұйқы-күлкіні?.. Алғашқы келген әскер үстемеленіп, саны күн сайын көбейіп жатыр. Олардың бойларына асынып келген қаруларынан басқа, атпен әкелген қаруларының да қисабы жоқ. Солардың ішінде «зеңбірек» атты орасан зор мылтықты, бала — біз түгіл, үлкен адамдардың да біреңсараны ғана болмаса, былайғылары естігені ғана болмаса, өмірінде көрген жоқ екен. Білемін деген адамдардың айтуынша, «бұл зеңбіректер, алты қырдың астында жатқан қалың қолдың тас-талқанын шығарады!». Бұл сөзді естіген біреулер:

— Япырай, бұдан не жан қалар екен? — деп үрейленсе, енді біреулер:

— Бүкіл халық боп, қасарысып алыспасын де; егер алыса қалса, зеңбірек түгіл, оның әкесіндей қару да іштеңе істей алмайды; оған мысал, Кенесары; ол орыс әскерінен қолға түсіріп алған қаруларымен, әсіресе, зеңбірекпен қырғызды жаулап алуға барғанда, ел болып көтерілген қырғыздар, зеңбірек-меңбірегімен кү-

лін көкке ұшырған жоқ па еді?.. Егер ел болып қасарысып алысса, бұл жолы да сөйтеді!..— деседі.

Соңғы сөздерді айтқан адам әулие екен...

Көптен бері беймаза болып жүрген мен, бір күні түнде тастай қатып қаппын да, бие сауында әрең оянып-пын, күн шаңқай түс боп қапты, ұйқым әбден қанып-ты, іңірде төсегіне мені құшақтай қалғыған әжем, өз ұйқысы әлдеқашан қанғанмен, мені оятып алам ба деп жата беріпті.

Бұған дейінгі күндерде, біздің ауылдың үсті сапырылысқан әскерлердің қимылына тасыр-түсір, у-ду болып жатушы еді, бүгін құлаққа ұрған танадай тып-тыныш!.. Әжемнен оның себебін сұрасам:

— Әскерлер түнде аттанып кеткен,— дейді үрейленген кескінмен.

— Қайда?..

— Қайтесің, қалқам, оны сұрап! — деп әжем ауыр күрсінеді.

— Ағекем қайда? — десем, әжем жауап бермейді де, теріс қарап кемсеңдеп, күндігінің ұзын ұшымен көзін сүртеді.

Жылағанын абайлаған мен, әжемді басқа сұраулармен мазаламаймын да, ішімнен «соғысқа кеткені ғой» деп жоримын.

Соғыс!.. Ертегілерден естуімше қызық болатын бұл соғысты көргім кеп кетеді... Бірақ мені кім апарады оған?.. Мен енді, кімнің жеңіп, кімнің жеңілгенін көруге асығам.

Ол тілеуімді «құдай» ұзаққа созған жоқ. Үш-төрт күн өткен соң, «әскерлер көтерілген қазақтарды қырып жатыр» деген хабар естіліп қалды. Оған нанып жүрген шағымызда біздің араға жараланған әскерлер келе бастады. Оларға арнап ауылдан алысырақ жерге шатырлар тігілді де, мылтықты қарауылдар жабайы халықты маңайлатпайтын болды. Естуімізше, сол шатырларға орналастырылған жаралыларды дәрігерлер емдеп жатыр... Емге келмейтіндері өліп жатыр. Онысы рас. Қызбелдің бір дөңіне үстіне кіреш қадаған моланлар өз көзімізше орнай бастады. «Неге мұнда көмеді?» десек, «жаздыгүні алыстағы қалаға жеткізгенше, өлік сасып кетеді» деп жауап беріседі. Бұл жәйді көрген жұрт «егер әскерлер қазақтарды қырып жатса-мұнысы не?!» деген күдікке келе бастайды... Соғысты көрген біреулердің айтуынша, екі жақ қолма-қол айқасып қалған бір шақта, көтерілген қазақтар әскердің

өзін қырып жіберген... Оның куәсы, мына күн сайын көбейіс келіп жатқан жаралылар мен өліктер... «Өлген әскерде де қисап жоқ» деседі. Қолма-қол айқасты көргендердің аузын ашып, көзін жұмып мақтайтыны — Амангелді батыр. Олардың сипаттауынша, «Амангелді: оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын, қалың қолға қорықпай кіріп, турап шығатын, ертегіде сипатталатын батырдың өзі!» Көріп келгендердің оның қолына берер бағасы, «өлмей берісер, тірідей қолға түсер түрлері жоқ!., Өздері қандарын торсыққа құйып алған; қорықпай айқасып, аянбай соғысады!..

Әкемді де біреулер мақтап кеп жатыр. Олардың айтуынша, әскерді бастап барған нағашым әскер бастықтарымен, бергі жақта тоқырап қалған да, әкем соғысушылармен араласып, майданға кіріп кеткен. Оны мақтаушылар да — «соғысқа қорықпай қойып кететін батыр екен, алысқан жауына аяуы жоқ батыл екен, сілтегені теріске кетпейтін мерген екен, алысқанының қапысын табатын тәсілқой екен, өз денесіне қару дарытпайтын епті екен!» деп көтермелеседі. Бұл мақтауға мен қуанғанмен, әжем мен жеңешем қуанбай: «құдай-ау, сақтай гөр!» деп қан жыласады...

Бір күні келген жаралылардың ішінде әкем де болып шықты. Оны бізге көрсетпестен, жаралы солдаттардың шатырына апарған екен. Бұны әлдеқалай естіген әжем екі өкпесін қолына ала, мені жетектей, шатырға қарай ұшты. Жақындап барған шақта, кесе-көлденеңдей тұра ғап, мылтығын безеп жібергісі келмеген қарауылдарды әжем кимелей жөнелді. Ол кісінің аса өжет және аса қарулы екенін сонда ғана көрдім: дыңдай жас солдатты кимелей жөнелгенде құлатып кете жаздады...

Бұлай тырмысып арпалысудан не шығары белгісіз еді, егер аржағынан бастықтарының біреуі келіп қалмаса, жанжалға жүгіріп келген оған, әжем қазақшылап мән-жайын айта бастап еді, анау түсінген тәрізді болды да, бір солдатқа «бастап апар!» дегенді ымдағандай болды. Ол бізді шатырлардың біріне алып кірсе, әппақ киінген, жаралары таңылған көп адам екен. Солардың арасында жатқан әкемнің өзі бізді таныц дыбыс бермесе, біз оны танымаған болар ек. Қалай танисың: басын, кеуде тұсын, екі қолын ақ шүберекпен шандып байлап тастапты, оның әр жерінен қара-күреңденген қанның жұғыны сезіліп тұр!.. Соғыс қор-

қынышынан ба, қансыраудан ба, бұрын қаны бойнайтын әкемнің нұрлы беті, қазір сақарға салған сүйектей сұп-сұр!..

Сөйлеуге шамасы жоқ па, әлде бізді көрген соң толғанып кетті ме, әкем үлкен көзін әжем екеумізге тек қана жаутаңдатып төңкере қарады да, тіл қатпады. Тыйының қаттылығы ма, әлде қорқып кетті ме, қанын ішіне тартып сұрлана қалған әжем де тіл қатпай, әкемнің кескініне жаутаңдай қарап, сілейе қалды...

Үстеріне ақ киген дәрігерлердің біреуі қазақ екен. Ол әкем мен әжемнің жан толқынын сезген сияқтанып, араларына дәнекер бола қалды. Әжеме оның баяндауынша, әкемнің басында және денесінде найза мен қылыштан түскен біраз елеулі жаралар бар, бірақ олары — қауіпсіз, дәрімен аз күнде жазылып кетеді,

Әкемнің хал-жайын түсініп алған әжем, «дәрісінің керегі жоқ. Үйге апарып бақсыға емдетем» деді. Дәрігердің айтқан сөздеріне ол құлақ аспады. Екеуі түсінісе алмайтын болған соң:

— Жүр, алып кетем! — деді әжем әкеме!

Әкемнің әжеме сөзсіз бағыныштылығын сонда ғана көрдім: «Жүр!» деп әжем бұйыра сөйлегенде әкем төсегінен жылжып түсе берді. Дәрігер оны тоқтатпақ болып еді:

— Әрі тұр! — деп әжем итеріп қалғанда, делегейлене құлап барып әрең оңалды. Төсектен түскен әкеме, әжем иығын тоса беріп,— сүйен, маған! — деді.

Сүйенген әкемді әжем шатырдан алды да шықты. Ере шыққан дәрігер, сол маңайда жүрген манағы бастыққа бірдемелерді айтып еді, анау «әкете берсін!» дегендей қолын бір-ақ сілтеді.. Сүйемелдеген әкемді әжем үйге алып келді де, «маңайда жүр» деген бақсыға ат шаптырды. Тез табылған бақсы,— «семіз боз биені сойдырам да, жынын жылыдай құшақтатып, шелді терісіне ораймын» деді...

Осы емнен тәуірлене бастаған, жаралары қара-қотырлана бастаған әкем, төсектен түрегеп отыруға, далаға өзі шығып келуге іліккен шақта, біздің ауылда және бір жаңалық боп қалды: енді ауылға жаралы әскерлер ғана емес, сау әскерлер де ағылып келе бастады. «Неге?» деген сұрауға жалтара жауап бергендерімен, «жау» атаған адамдарынан сырғып келе жатқандары жүрістерінен де, түрлерінен де көрініп тұр. Сондай күндердің біреуінде, бір топ солдат, «жаудан қол-

ға түсті» деген бір топ адамды айдап келді. Оны таңсық көрген балалар, жақындап барып қарасақ, бәрі де қазақ... бәрі де еркек... ішінде жастары да, егделері де, кәрілері де бар...бәрінің де киім кешектері далбадұлба... үсті-бастары аққан қаны тарамдана қатқан жара... кескін келбеттері әлем-тапырық... сүлбелері құрып, аяқтарын зорға сүйретеді...

Әрі ауыр халдерін көріп аяған, әрі «жау» дегенге танысық көрген бұл адамдармен қатарласып келе жаттым да, ішінен Нұржанды тани кеттім... Оның да үстібасы дал-дал!.. Аяп кетіп «Нұржан!» деп қалғанымда, әлденеден шошып, ұйқыдан оянып кеткен адамдай жалт қарады да, басын билеуге әлі келмегендей түсіріп жіберді... «Нұржан!» деген сөзді тағы да бірнеше рет қайталағанмен, салбыраған басын енді көтере алған жоқ...

Ендігі дыбыстауымда мән жоғын көрген мен, жүгірген қалпыммен үйге жетсем, әжем шығып келеді екен. Ентіккен деммен оған «осылай да осылай» деп дәттетіп ем, бейшараларға әжем үн-түнсіз сүзіле қарап аз уақыт тұрды да, ауыр күрсініп ап үйге кірді.

Бұл үйде қазір, ағаш төсектің үстінде әкем ғана жататын, оның қасында әжем екеуміз ғана болатынбыз, өзге жандарымыз Қайрақбай үйінде жатып, әкемнің лұқсатымен ғана бұл үйге кіріп шығатын.

Нұржан тобын көргеннен кейін әжем екеуміз үйге кірсек, әкем қышынған бейнемен, бітіп келе жатқан жараларын сипалап түрегеп отыр екен. Суық түсті әжем оның төсегіне барып отырды да, сезімі толқыған кескінмен тұнжырай ғап, аздан кейін ауыр күрсініп ап:

— Балам, сенен бір тілегім бар! — деді.

— Айт, апа! — деді әкем.

— Берсең ғана айтам!..

— Бетің қайтқан жерің жоқ еді ғой, апа? Неге бұлай тарыла сөйледің?..

— Тарылатын сөз болған соң, балам...

— Апырай, немене еді ол, апа?..

— Мені жақсы көретінің рас па, балам?

— Күдігің болып па еді, апа?

— Жоқ, балам. Мынау кішкентайды,— дейді әжем, мені нұсқап, екеуміздің де жанымыздай жақсы көретініміз рас па?..

— Апажан-ай, сұраулардың бұл бұлтын неге қалыңдатып келесің?.. Дауылың бар сияқты ғой, аржағында?..

— Дауылым емес, жауыным бар, балам! Мені олай жаудырмауға тырыс, жалғызым!.. Жаудырам деп, орнынан тамшысын да таба алмай жүрме!..

— Ойпыр-ай, апа-ай, не де болса айтып қинашы!..

— Айтсам, қолға түскен жауларыңды алып кепті, ішінде Нұржан да бар дейді...

— Нұржан? .. — деді әкем, төсегі өртеніп бара жатқандай, жатқан орнынан қарғып тұрып,— Қазыбайдың?!.

— Иә, Қазыбайдың!..— деді әжем нық дауыспен, әкемнің бетіне төне, тура қарап.— Мына балаң көріп кеп отыр. Қолға түсіпті...

Біздің үйдің бір кәрілеу қаршығасы болған еді, сол жаз айларында түлеген шағында, тұғырында қалғып отырар еді де, бір тышқан, тарақкүйрық сияқты тірі жем әкеп көзіне көрсетсек, әп-сәтте серги қап, талпынған денесі қайраттанып, көздері оттай жайнап кетуші еді... Нұржанның атын естіген шағында, әкемнің кескін-кейпі де, дене қимылы да дәл сол қаршыға сияқтанып, жараланғаннан бері түнерген көз қарашығы, жел үрлеген қызыл шоқтай жарқырай қалды, жара атаулысы жазылып кеткендей, төсегінің үстінде ұршықтай үйірілді... Ол қылығына әжем таңдана қарап отырған шақта:

— Жақсы болған! — деді әкем қуанышты дауыспен..

— Несі жақсы? — деді әжем ұстана қарап.

— Ол бізді тураса, біз енді, оны да тураймыз!

— Ол не сөз, балам? — деді әжем тікіленіп.

— Апа, аяма оны! — деді әкем.

— Неге?..

— Оның қолынан біздің де талай адам қаза тапты...

— Кім ол «бізің?»

Әкем бөгеліп қалды. Әжем жұлып алғандай:

— Мына мен — «бізің»,— деді өз кеудесін қуатты саусағымен нұқып,— туған шешең!.. Мынау — туған балаң!..

Мен бұрынғы дағдымен әжеме жалт қарап ем:

— Несіне қарайсың, жүрегім? — деді әжем, басымнан сипап,— құдайдан жасырмағанды адамнан несіне жасырам? Сен де осының қанысың?..

Ол сөзіне бұртаңдап жөнеле берген менің құлағымда әжемнің әкеме:

— «Біз» дегенің осылар!.. Бізді ажалдан алып қал-

ған сол Нұржан!..— деген сөзі қалды... Үйден мен жылап шығып кеттім... Жан-жағыма қарасам, «жау» деген адамдар көрінбейді... Қайда әкеткені белгісіз...

Біз, тіміскілегіш балалар, тұтқындардың қайда екенін тез тауып алдық. Олар біздің ауылдағы шаруасы нашар қоңсымыздың жыртық қара үйіне қамалған екен. Үйдің айналасы мылтықты күзет.

Ол сорлылардың не жаза тартатыны кешікпей-ақ мәлім болды. Тапа-талтүсте, ауылдың қотанынан «алтыбақан» сияқты бірдеме құрыла бастады. Оның не нәрсе екенін әжем мен әкемнің кеңесінен ұқтым. Тұтқындарды тіміскілеп тапқаннан кейін, құрылып жатқан «алтыбақанды» айнала жүріп, төңерегін қоршаған солдаттар жақындатпағаннан кейін, не нәрсе боларын болжай алмаған мен жаман бір нәрсе боларын жүрек сезгендей, көрген-білгенімді әжеме айтқалы келсем, қабақтары қатқан әжем мен әкем төсек үстінде әлденені күбірлесіп отыр екен. Мен кіріп келгенде шошып қалғандай болған олар, үндерін тым-тырыс доғарып қойды. Мен дағдылы қалпыммен жүгіріп кеп әжемнің мойнына асыла кеттім де, «осылай да осылай» деп айта бастадым. Сөзімді екеуі де үн-түнсіз тындап алғаннан кейін, әжем әкеме:

— Көрдің бе, балам, жап-жас сәбидің де жүрегін тәнірімнің қобалжыта бастауын? — деді. Әкем тұнжырап үндемеді.

— Балам, сен басқаға сілтеуіңді қой бұл жұмысты,— деді әжем әкеме,— Жақыпбек екеуің ауыз біріктірсеңдер, сендердің сөздеріңді тындамайтын ұлық жоқ. Әлі де жалынып айтам, тоқтатыңдар мына сұмдықты!..

Еленделй қалған мен, әкем мен әжеме кезек қарап:

— Ол не?! — деп ем, екеуі де маған жауап бермеді. Сезінген жамандықты бұрынғыдан бетер сезе түскендей, жүрегімнің лүпілдеуі күшейген, тулаған жүрегім алқымыма келген сияқтанып, тынысым тарыла бастады.

— Балам, әлі де айтам!.. Ақ сүтімді алдыңа тарта айтам! Тоқтатыңдар мына сұмдықты! — деді әжем жалбарына түскен үнмен.

— Менің қолымнан келмейтін іс демедім бе, апа! — деді әкем төмен түсірген көзін көтерместен.— Несіне босқа қинайсың мені?

Әжем талықсыған тәрізденіп теңселіп кетті де, аздан кейін зорға оңалғандай боп:

— Ендеше, соңғы сұрауым,— деді әкеме, әлсіреген үнмен, сөздерінің әріптерін бөлшектеп зорға айтып,— тым болмаса ауыл қотанында астырмандар, көрген бала-шағаның өмір бойы есінен кетпес... түсінде де шошыр!.. Көз көрмейтін жерге әкеттір!..

Енді ғана жорамалдағандай:

— Тұтқындарды аса ма?! — деппін мен...

Күн кешкіруге айналған шақта, жан-жақтағы ауылдарда қалған адамдар біздің ауылға ағылып жинала бастады, әскердің де бұл арадағылары біздің қотанға жиналды... Олардың бәрі қотанда құрылып болған «алтыбақанның» төңірегіне топталды. Неге екенін кім білсін, былай да жиналып жатқан жұртты мылтықты солдаттар тобы қайтарған қойдай үйіріп «алтыбақан» түбіне қарай саумалайды...

Үлкендердің біреуінен білсем, «алтыбақан» деп жүргенім «дара» екен, ертегіде «жазалыларды асыц өлтіреді» дейтін «дара» осы екен... Бұған патша әскерлері ұстап әкелген Нұржан тобын аспақ екен... Мынау ықтиярлы және ықтиярсыз түрде жиналып жатқан жұрт соны көрмек екен...

Әжем мені бұл топқа жібермеуге, үйде қамап ұстауға тырысты!.. Барғым кеп тырмысқан маған: «Қалқам» тым болмаса сен көре көрме бұл сұмдықты!..» деп жалынды... «Ауру қалпымен әкем неге кетті» десем, әжем «ол — үлкен, сен — кішкенесің, сағаң көруге болмайды» дегеннен басқа дәлел айтпайды. Мен ол сөзіне болмай, қапысын тауып үйден шыға қаштым!.. «Балалық» деген шіркінді қойсаңызшы, соның несін қызық көрдім екен!..

Дара маңына келсем, қалың жұртты айнала иіріп, мылтықтарын кезенген солдаттар қамап тұр. Мен олардың арасынан жылт етіп кірдім де, қамалған топтың ішінен де сығылыса өтіп, дара жақ шетке шықтым. Ол жақты да ішінен мылтықты әскерлер қоршап тұр екен. Даранық арқалық ағашынан бастарын тұзақтаған жіптер салбырап тұр... Бәрінің де аузына құм құйылғандай, бір адамда дыбыс жоқ. Өлік адамдай, дем алғандары да білінбейді, тірі екендіктері қыбырлаған қимылдары мен жаутаңдаған көздерінен ғана аңғарылады...

Көктем басталған шақта, Торғай өзенінің бетінде жылтыраған мұзды астынан көтеріліп керней жөнел-

---

[1]) Кей ел «дар» дейтін сөзді, біздің арада «дара» дейді. Б. Ә.

ген судың шатыната айырып жібергенін көргенім бар еді, нақ сол сияқты боп, бір кезде үнсіз сығылысқан топты, әлде не үн бір жақ қабырғасынан сөкті де жіберді. Бұл үнге селт етіп жалт қарасақ, ішін толтырып, аузын буған қап сияқты сұп-сұр, ұп-ұзын бірдемелерді, мылтықты солдаттар қоршап алып келе жатыр... Буылған қаптардың адам сияқты аяқтарына шынжыры сылдыраған кісен салыныпты... Қолдары арттарына байланыпты...

— Жазалылар!..— деген гуіл естіле қалды жанжағымнан...

— Дарға асуға әкеледі!..

Үрейлене қарап тұрған шағымызда, жазалыларды солдаттар алтыбақан тәрізді жасалған даранын астына апарды да, әрқайсысын дарға арқалығынан салбыраған тұзақтардың тұсына тұрғызды... Тұзақтың бау жақ басын әлдекімдер қолына ала бастады... Солардың біреуіне көзім түссе — нағашым!.. Енді біреуі — әжемнің «барма!» деп жалынуына қарамай киініп кеткен әкем!

— Ағеке!— деп қалыппын, мен оған... Аузымды баса қойған әлдекімнің бетіне қарасам, солдаттардың бірі...

— Молчи!— деді ол маған, көздері өңменімнен өтіп кете жаздап. Сөзі есімде қалды, басқан алақаны аузымның тесігін бекітіп тастағандай, үнім шықпай, «не болар екен?» дегендей дарға төне түстім...

Әскердің ішінде бір тақтай-мұрт бар-ды. Түсі аса суық адам-ды. Киімдеріне, ісіне, сөзіне қарап, оның осы әскерді бастаушы екенін білгеміз. Дар маңындағы істі де сол басқарып тұр екен. Жазалылар тұзақ астына кеп тұрғаннан кейін әкем, нағашым және басқалары тұзақтардың бауын қолдарына алғаннан кейін, тақтай-мұрт қабандай қорс ете қалып еді, жазалылардың басына тұзақтар жапыр-жұпыр киіле бастады. Асыларын енді білгендей, жазалылар үн шығара бастады... Солардың ішінен Нұржанның даусын таныи кеттім... Оның басына тұзақ кигізіп тұрған — менің әкем?..

— Ағеке!— деп қаппын тағы да,— аспа оны!.. Ол өзіміздің Нұржан!..

Онымен де қоймай, іш жақты тығыз құрсаулап тұрған солдаттарды кимелей, әкеме қарай жүгіріппін... Мені бір солдат ұстап құшақтай ап, бақырып тыпыр-

лаған қалпыммен кейін алып кетіпті... Сонда, менің даусымды танығандай болған Нұржан, әкеме:

— Әбеу, сен бе едің мені асқалы тұрған?.. Құдай баланың тілеуін берер де, сенің тілеуіңді бермес!..— депті...

Бақырған мені әлдекім үйге көтеріп әкеп, ішіне қарай есіктен лақтырып жіберіпті де, сыртынан баса қойыпты...

Бақыра жылап, есікке ішінен жармасқан мені әжем құшақтай ап:

— Не болды?!— дегенде:

— Дарға асты! — деппін мен.

— Кімді?!— деген әжемнің үрейлі сұрауына:

—.Нұржандарды!— деппін..,

Не дейді?!— деп айғайлап қалған әжем, талықсып құлап кетіпті...

Одан кейін менің білгенім: оянып кетсем, үйдің іші алакөлеңке... Маңымда үнсіз мүлгіген біраз адамның күңгірт бейнесі елестейді... Оң жақ босағаға, бұл үйде бұрын құрылмайтын шымылдық керілген... Не болғанын аңғара алмаған мен, күндегі дағдыммен:

— Әже!— дегенімде, босаға жақтан:

— Бейшара бала, әлі білген жоқ па еді?— деген әйел даусы естілді. Үйдегі үнсіз мүлгігендер, бұл дауыстан оянып кеткен сияқтанды да, бастарын көтеріп алысты. Бірақ мылқау адамдай біреуінде де тіл жоқ... «Неге үндемейсіңдер?!» дегендей жан-жағыма қарасам, құрылған шымылдықтың бас жағында тұнжыраған әкем де отыр!..

Мен әжемнің төсегіне ұйқтаған екем. Содан қарғып түсіп, жүгіре басып әкемнің алдына бардым да:

— Не болды?!— деп айқайлап қалдым. Ол үндемеді...

— Әжем қайда?!— дедім мен.

— Әжең енді жоқ!— деді әкем ауыр күрсініп.

— Қайтпас сапарға кетті ол!

— Неге?

— Қайда дейсің?!— дедім мен түсінбей.

— Турасын неге айтпайсыңдар?— деді бір шал. Бетіне қараған маған шал:

— Әжең өлді, балам!— деді.

Не болғанын енді ғана жобалаған мен, шымылдық ішіне сып еріп кіріп, шалқасынан жатқызған жансыз әжемді бақыра жылап бассалдым... Әлдекім мені ба-

қырған қалпыммен, шымылдық ішінен құшақтай көтеріп алып шығып, әкемнің қолына бермек болды.

— Бармаймын!— деп тырыстым мен.

— Неге?

— Әжемді өлтірген сол!..

5. ҚАҢҒЫРҒАН КҮНДЕР

Біздің арада кигіз үйлерді төңкеріп кететін дауылдар болып тұратыны жоғарыда айтылды. Ескі ауылда «Жыртық үйдің құдайы бар» деген мақал болатын. Олай дейтіні, кигізі бүтін үйлер дауылда тез құлайды да, кигізі жыртықтардың көбі тулай желпеңдегенмен, құламай қалып қояды. Қазақ оны, «жыртық үйге, яғни кедейдің үйіне құдайдың болысқаны» деп ойлайды, Расында, кейін білсем, жыртық үйді соққан жел ішіне кіріп, жан-жағындағы тесіктен тоқтаусыз шығып кетеді екен де, бүтін үйге соқтыққан жел бар күшімен итеріп құлатып тастайды екен.

Сұрапыл дауылда кигіз үй құламау үшін, қазақ шаңырақтың екі жағынан, қылдан мықты ғып ескен екі «желбау» байлайды да, дауыл боларда ол желбауларды жақындата қосып, қазыққа байлап, сірестіре, қазықпен жерге қағып тастайды. Ілуде біреуі ғана болмаса, осы қазық, қандай сұрапыл дауыл болса да, кигіз үйді тырп еткізбей ұстап тұрады. Бұның атын «жел-қазық» деседі. Кей үйлер бұл жел-қазықты қасиеттеп, атадан ұрпаққа мирас қып, баппен сақтайды. Біздің үйде «арғы атамыз Сүбітейден сақталып келе жатыр» деген, ырғайдан жасаған қазықты мен өзім де көрдім.

Менің әжем, біздің үйдің дәл осы «жел-қазығы» сияқты екен. Ол өле сала, он алтыншы жылдың дауылы көтеріп соққан біздің үй, ұзақ уақытқа дейін қайтадан жиналып тік тұра алмай жыртылған кигізі мен қираған сүйегі жан-жаққа ұшқандай болды да кетті.,.

Ол жайды баяндаудан бұрын, әжемнің жерленуі туралы, оның алдында, біздің арада жалпы өліктердің жерленуі туралы аз сөз: Біздің арғы аталарымызда «саған» дейтін болады екен, ол — кең және терең ғып қазған құдық екен, құдықтың үстіне әркім шама-шарқынша күмбез тұрғызады екен; бай болған біздің аталарымыз, осындай бір күмбезді «Қара кеңгір» аталатын өзеннің бойына, балшыққа жылқының қылын турап, ешкінің еріткен майын қосып соққан кірпіштен жаса-

ған екен; үлкендердің айтуынша, ондай мазарды жел де, су да ала алмайды; тағы да солардың айтуынша, сол күмбез, күні бүгінге дейін бұзылмай, қаз қалпында сақталған; күмбез ішіндегі құдықтың қақ жарымына тақтай төселеді дейді, екінші жарымы үңірейіп бос тұрады дейді; тың өлік соның тақтайына қойылатын көрінеді де, еті шіріген соң, сүйегі шұқырға құлатылатын көрінеді, күмбезін, құдығын қосып тұтас айтқанда, «сағана» аталатын көрінеді.

Сағана жасауға, әрине, кім көрінгеннің шамасы келе бермейді, оған ауқаттылардың ғана шамасы келеді, сондықтан да қазақтың даласы кең болғанмен, сағанасы — сирек; ал, егер әлдекім сағана салса, оның ұрпақтарынан күші келгендер, адамы қай жерде өлсе де, мейітін сол сағанаға жеткізіп жатқызатын көрінеді; мысалы, Қенесарымен соғысқан біздің атамыз Жәутік Қара құмда, жаздың ыстық кезінде өлген екен, атасы Сүбітейдің сағанасы, атпен жүргенде ол арадан он-шақты күндік жер екен; оған Жәутікті жеткізу қиын болғандықтан, сөреге қойып етін ағызған да, сүйегін кигізге тігіп, найзаға теңдей екі атқа артып, атасының сағанасына алып барған!.. Өтірік-шынын кім білсін, әкемнің айтуынша, бертінгі ата-аналарымыздың еттері түгел аққанмен, Сүбітей атамыздың еті ақпай, сағана тақтайының бір бұрышында сары тап болып әлі жатыр. Оның үстіне әкем бертінге дейін кебінін жаңартып жауып келген...

Әкемнің айтуынша, біздің ауыл да, үй де Сарықопаның жағасына Жәутік өлгеннен кейін, әжемді жұрт Жаманға қосқаннан кейін қыстайтын болған; Жаман осы арада өліп, Сарықопаға жақын жердегі бір төбенің басына жерленген де, сол ара ауылдың зираты болып кеткен, ауыл қорадан көшкен айларда адам өлсе, қай жерден болса да осы зиратқа әкеліп көметін болған.

Әжемнің мейіті де осылай орналасуға тиісті еді. Бірақ олай бола алған жоқ. Нұржан тобы дарға асылған күні үрейден өлген әжемді Сарықопаға апарып көмуге, әкемнің мұршасы келмей қалды. Әкемнің, нағашымның және оларға тілектестердің еркіне салса, «былайғы жұртқа үлгі болу үшін», дарға асылғандарды бірер күнге дейін алмай, салбыратып қою екен. Бірақ олар күн тәулігіне дейін де тұра алған жоқ. Асылғандар өлгеннен кейін, солдаттар ол маңайдағы адамның бәрін де жан-жаққа айдап бытыратқан да, бастықтарының «жақындаған адам атылады» деген бұйрығын естіртп-

кен, сондықтан ол күні де, түні бойы да маңайына ешкім жолай алмаған.

Ертеңіне таң атқан соң-ақ дүрбелең басталды. Біздің үйдің іші түгелімен әжемнің өлімін қайғырып отырған шақта, апы кіріп, күпі шығып Қайрақбай келді. Асығыс мінезді ол, есіктен сүріне-қабына кірді де, ентіккен дауыспен:

— Ойбай, жығайық үйді!— деді.

— Неге?— деп үрейлене қараған әкеме:

— Жау жақындап қапты!— деді Қайрақбай.

— Кім айтты? — деді үрейлене түскен әкем орнынан қопандай бастап.

— Балдызың Жақыпбек!.. Маңайдағы өзге үйлердің бәрі жығылып, алды түйелерге артылып та болды...

— Не дейді?!..— деп, бұрынғыдан жаман үрейленген әкем ұшып түрекелді де, Қайрақбайға нанбағандай, асыға басып тысқа шығып кетті. Өзгеміз де үрейлене бастағанмен отырып қалдық. Әкем тез қайтып кірді де:

— Үйді жығу керек!—деді, мазасы кеткен бейнемен.

— Шешеңді қайтесің?— деді жеңешем ашулы дауыспен,— көшкен жұртына көмусіз тастап кетемісің?

Ашулы бірдеме айтқысы келген әкемнің үні көмекейіне кептеліп қалғандай, ұртын томпайта, үлкен көздерін тасырайта, тесірейіп қарады да, қамыс арасынан айбат шегіп гүрілдеген қабандай, түсініксіз әлденені мұрнынан міңгірледі...

— Неге тесірейесің?— деді жеңешем, өршелене түсіп,— мынау балаң айтқандай,— деді ол мені қолымен нұсқап,— шешеңді өлтірген өзің!.. Маңайыңдағылардың бәрін тістелеп, тырналап маза бермегенде, айтушы ма еді шешең:—«әу, жаным, қой осыны!.. Көп қорқытатын, терең батыратын!.. Көп көтерілсе төпырақ шаша алмассың, шаңдағына өзің тұншығып өлерсің!» деп? Келді ме, айтқаны?..

Әйелдігіне бағып жасқа булыққан жеңешем, арғы сөзін айта алмай, әжеме арнаған жоқтауын айтып дауыс қып кетті... Біз, балалар да, ол дауысты сабырмен тыңдап отыра алмай, ағаш басындағы ұяда, өрмелеп келе жатқан жыланнан қорқып шуласқан қарғаның дәрменсіз балапандарындай, үн қосып жылап қоя бердік. Әкем бұл жылауды ауырлаған кескінмен, тұнжырап үйден шығып кетті...

Сол қалыппен біздің қанша шуласарымызды құдайым білер еді, егер көп кешікпей нағашым кіріп келмесе.

Әскерше киініп, қару асынып алған ол, әкемді ерте есіктен кіріп кеп:

— Асылтас!—деді ақырған дауыспен. Бәріміз де селк ете ғап, шулап жылауымызды доғара қойдық.

— Бұ не, істеп отырғаның?—деді Жақыпбек, қатты даусын бәсеңдетіп, бірақ зілін күшейте түсіп,—жалғыз осы үйдің кемпірі ме өліп жатқан?.. Ер-азаматты қайтесің соғыста қырылып жатқан?.. Кеше кемпір өлмей, мынау күйеуің өлсе қайтетін ең?..

Бұл сөздер көкейіне қонып, қайғысының қаруы мұқап қалғандай болған жеңешем, бетінде жылтыраған көз жасының жұғынын алақанымен сипап жіберді де, өксігін баса алмаған дауыспен:

— Анау қапыда және арманда өлген бейшараны өз орнына апарып жерлеудің қамы еді...— деді.

— «Қапың» дұрыс, «арманың» жалған!—деді шешемнің інісі,— баласының алдында өлген кісіде арман бола ма екен?.. Жасы жеткен адам... мың жасай ма ол?.. Барсын!..

— Соны, енді, ауылдың зиратына апарып жерлейік дегенім еді,—деді жеңешем, мұқалып қалғандай...

— Қайдағы зират?..

— Сарықопадағы...

— Жаудың сол жақтан қаптап келе жатқанын білемісің?

Жеңешем «солай ма?!» дегендей қараспен үндемеді...

— Кәне, аттап көр, Сарықопа жаққа аяғынды,—деді нағашым сөздерін ығарлай сөйлеп,— кемпіріңе қоса, жауларың ұлпы-отаныңмен, зәу-зәтіңмен түгінді тастамай қырып жіберсін!..

Жыламсыраған шешем, «сонда...» деп бірдемені бастап келе жатыр еді:

— Қысқарт, апа, сөзіңді!—деді інісі жекіп,—сөз таластыратын уақыт емес бұл!.. Жан мұрынның ұшында тұрған уақыт!.. Енді биенің бір сауыны кешіксінші,—не болар екенсің?.. Тамтығын да қалмайды!.. Жау келіп басады да, жаныңды қырып, барыңды талап алады!..

— Сонда, әжемді қайтеміз?—деді жеңешем...

— Көмеміз!..

— Қайда?

— Осы арадағы төбенің біреуіне...

— Жападан-жалғыз ба?..

— Қасқыр жер деймісің, көмген кісіні?..

Ұзын сөздің қысқасы, біздің үйдің желісіне таянған

бір төбенің басына әжемді жападан-жалғыз апарып көмдік. Ол уақытта жаудан қаша-көшіп әбігер болып жатқан жұрттан жаназаға азғантай адам ғана қатынасты. Еліміздегі молда да алғашқы қашқандармен кетіп, әжемнің жаназасын ауылдағы шала оқулы бір шал шығарды,.. Осы кезде жау жақты барлап жүргендерден «таянып қалды» деген хабар кеп, көмілген әжемнің басына аят оқуға да шама болмай, жүктері түйеге артылған біздің үй де шаңдатқан қалың топқа араласып жөнеп берді...

Сол жөнегеннен біз жөней бердік. «Жел аударған қаңбақтай, су аударған дөңбектей» дегендей, не желкемі, не ескегі жоқ қайық сияқтанған бізді [1] заманның айнала ұйтқи соққан дауылынан тулай толқыған теңіз тәріздендіріп, ықтата қуды да отырды. Бұндай сергелдеңге адам түгіл мал да шыдамайды екен. Көтерілісшілдер біздің үйдің бар малын талап әкеткенмен, қашқан-пысқан елдің адасқан малынан біздің үйде төрт түліктен тағы да біраз дәулет құралып қалған еді. «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар» деп Абай айтқандай, «желмен ұшып кетеді желден алған» деп тағы бір ақын айтқандай, еңбексіз жиналған малдың аз уақытта қай желге ұшып, қалай таусылғанын білмей де қалдық...

Одан кейінгі күн көрісіміздің тірегі—аңшылық сияқтанды. Әкем жас күнінен аңшылықты кәсіп қып, бертінде ғана қойған екен. Ол мылтық та атады екен, ит те жүгіртеді екен, құс та салады екен. Қашқын боп, дәулет шағындалған кезде ол осы кәсібіне тағы да түсіп алды. Оның соғыста жараланғаны бізге мәлім. Сол жолы сіңірін қылыш қиған оң жақ қолы бүкірейіп, кемтар болып бітті. Әскерден де ол осы кемтарлығынан босаған көрінеді, әйтпесе соғыста жүре береді екен.

Аңшылыққа кіріскенде бұл қол оған бөгет болған жоқ. Егер мылтық ату керек болса, ұңғысын кемтар қолының қарына салып жібереді де, көзін қарауылына дәлдеп ап, тілін оң қолының саусағымен тартып жібереді... Бұрын да ол аса мерген екен. Сол қолының кемтар болуы ол өнерінен айнытпаған: тек қарауылға ілексе болды, нысанаға алғанын қағып түсіреді... Әскер бастығы оған қосауыз мылтығын сыйлаған екен. Әкемнің айтуынша, мұндай тигіш мылтықты өмірінде кез-

---

[1]) «Біз дегенім, жерден, елден айрылып, біздің үймен бірге көшкендер Б.

дестірген емес... «Бірінен болмаса бірінен» дегендей, қайтқан дәулетіміздің қайырындай болып, аңшылыққа қажет нәрселердің бізге сәті келе кетті: тигіш мылтыққа сай, әкем әлдеқайдан, жүгірген аңды құтқармайтын ұялас екі тазы алып келді. Өзге дәулеті шайқалып төгілгенмен, атақты Жылан-сырты соғыста өлгенмен, әкеме «Қурай-күрең» аталатын тағы бір ат бітті. Әкемнің де, басқалардың да сипаттауынша, ол «қанша жеткізбейтін, қуса қағып түсетін, шығаннан шыққан жүйріктің өзі!» Әкемнің осындай аңшылығынан біздің үй үнемі «қан сасыды да» жатты...

Әкемнің аңшылығымен күн көре отырып, «жау келе жатыр» деген жақтан үнемі қаша көшкен біздің үйдің қайлардан қайларға барып табан тірегенін естияр үлкендер болмаса, мен білмеймін. Олардың айтуынша, Қызбелден сөгілген біз, әуелі Тосынға, одан Ырғызға, одан Қарақұмға барғамыз... Астымызда жер тулап жатқандай, барған жеріміздегі жан-жануардың, өсімдік атаулының бәрі бізге өшігіп, орныққақ-ақ тарпа бассалатындай, біз жылжи бергеміз...

Патшаның тақтан құлауын біз Қарақұмның ішінде қыстап отырған шақта естідік. Ол кезде мен сегіз жасқа толуға жақындап қалғам. Көпті көрген тақыстау, қулау біреуді әжемнің: «Құрынды көп көріп, құйрығы бұырыл болған түлкі» деп отыратыны есімде бар. Сол айтқандай, былтырдан бері құрынға ұшырап, бармаған жерім, баспаған тауым қалмаған, қатер күтпеген күнім болмаған, естімеген жаманатым болмаған мен «патша түсіпті» деген хабарға, кімнің қалай қарауын өте жақсы білем. Біреулер: «Құдай берді, ақ түйенің қарны жарылды, бостандық болды!» деп шапқылағанмен, осындай ойдағы біреулердің мекеніне қайтқысы кеп қопандағанымен, құрынға ұшырағалы бүктелген бәкідей өз ішіне бүріліп, басқаға сырласуды, жамырап сөйлесуді доғарған, бойына бұрын жоқ салмақ пен сабыр біткен әкем желіге қойған жоқ.

— Не істейміз?—деп ақылдасқандарға оның берер бір ғана жауабы:

— Әліптің артын бағайық.

Сонымен қыс өтіп жаз жетті. Енді алыстай «жұрт, бірі —«ақ», бірі —«қызыл» боп жатыр, дейді... «ақ» дегендері байларды, «қызыл» дегендері — кедейді жақтайды дейді...» деген хабар келе бастады. Осы кезде:

— Енді қайтеміз?— дегендерге әкемнің берер жауабы:

— Әліптің артын бағайық.

«Әліптің[1] артын бағып жүріп», біз Қарақұмға келесі қыста да отырып қалдық. Енді естітініміз: «Ақтар мен қызылдар соғысып жатыр дейді... Қазақтан ақтар жағын Жақыпбек Дәуітов, қызылдар жағын Амангелді Иманов басқарып жүр дейді... Қызылдарды ақтар қырып жатыр дейді...» Біреулер бұл сөзге де желігіп, әкеме келіп:

— Елге енді қайтпаймыз ба?— десе, әкемнің берер жауабы:

— Әліптің артын бағайық!..

Әліптің артын бағып жүрген шағымызда, «енді қызылдар жеңіп, ақтар қашып жатыр дейді» деген де хабар естілді. Бұған біздің үйдің іші ерекше еленděп, жалпы хал-жайды қайғыра отыра, нағашымның не халге ұшырағанын біле алмай делдал болды.

Бір күні, Қарақұмнан қыстың ызғары арылып, көктемі басталып жатқан шақта, бүкіл дүниеден жасырынып келгендей боп, түн ішінде бір хабар біздің үйге кіре қалды. «Жолаушылап келе жатырмын» деген бір салтты адам іңірде кеп үйге түсті де, әуелі әкем екеуі оңаша жолығып, содан кейін өзгелерден оғашырақ қонған біздің үйдің ішінде күбір басталды. Оның алдында әкем қарынға жабысқан талақтай боп, қайда көшсек те қасымыздан қалмай жүрген Қайрақбайды, әлдене сылтаумен, алысырақ жерге қонған біреуге жұмсап жіберді. Қазір біздің қасымызда Қайрақбайдікінен басқа үй жоқ та. Оның Қатира атты қатыны және үйелмелі-сүйелмелі үш-төрт жас баласы бар да. Қатира жұмысқа араласып, ұйқыдан басқа уақытын біздің үйде өткізетін. Неге екенін кім білсін, белгісіз қонақпен оңаша сөйлесіп қайтқаннан кейін, Қайрақбайды жұмсап жібергеннен кейін, әкем шешеме «Қатира келін де үйіне барсын!» деп сыбырлап қалды.

— Неге?!— деген шешеме:

— Оңаша сөз бар,— деді әкем.

Әкеммен шалғай сөйлесіп дағдыланған шешем, салмақты әлде не барын сезгендей, бұл жолы үндеген жоқ: Ол тысқа шығып кетті де, қазан басында жүрген Қати-

---

[1] «Әліп» дегені мына екен: қазақ құмалақпен бал ашады, құмалақ саны қырық бір болады, қазақтың ұғымында құмалақтың «қырқы» емес, «қырық біріншісі» ғана сөйлеп болжал айтады, оның аты — «әліп», сондықтан бал ашқан қазақ әліптің жау жағына, я өз жағына шығарып бақылайды. «Әліптің артын бағайық» дейтіні сол.

раны «сылтау тауып үйіне жібердім» деп келді. Бұл кезде мен тоғыз толып онға шыққам, «жақсылық», «жамандық» дегеннің не екенін айқын аңғаратын болғам, сондықтан жат қонақтың жүріс-тұрысына, әкемнің оңашалануына, әкемнің Қайрақбай мен Қатираны құуына қарап, ішімнен «тегі, біздің үй ғана білуге тиісті бірдеме бар-ау!» деп жорамалдаймын, оның не екенін білуге асығам...

Асыққанымға да жеттім. Қайрақбай мен Қатира кетіп, біздің үйдің жаны үйіміздің ішіне оңашаланғаннан кейін:

— Балалардың біреуін тысқа шығар,— деді әкем шешеме, іргеде бақылап отырсын, біреу-міреу тыңдап жүрмесін, кісі көрінсе жөтеліп қап белгі берсін!..

Біздің үйде Текебайға тетелес, өзі пысықтау, сөзуарлау Берен дейтін қыз болушы еді. Шешем әкемнің тапсырмасын орындауды соған жүктемек болды. Пысық қыз:

— Мен неге тыңдамаймын?— деп шешесімен қайымдаса бастап еді, әкем жекіп:

— Бар, «бар» деген соң!.. Естігің келсе іргеден де естисің!— деді.

Әкемнің суық түсінен қаймыққан қыз наразылығын тыржың етуімен ғана білдіріп, керденде басып тысқа шығып кетті...

— Жақыпбектен келіп отыр бұл жігіт,— деді әкем Берен тысқа шыға. Бәріміз де елең ете қалдық.— Бұның әкелген хабарын қысқаша айтайын. Күн бұрын қатты ескертерім, естіген сөздерің осы арада қалсын. Жан адамға тістеріңнен шығара көрмеңдер. «Отыз тістен шыққан сөз, отыз ру елге тарайды» дегенді ұмытпандар!

Бәріміздің «айтпаймыз» деген антымызды жаутаңдаған көз жанарымыздан ұққандай болған әкемнің айтқаны:

— Жақыпбек тірі, аман екен. Ол қосылып жүрген ақтар қызылдан жеңіліп, шығыс жаққа қарай қашқан көрінеді. Жақаң олардан қалып қойған көрінеді. Сендерге қайда жүргенін білудің керегі жоқ. Ол бізге «Түркстан жаққа көшсін» деген хабар айтыпты...

— Неге?— деді, тыңдаушылардың ішіндегі естияр апам.

— Қазір Торғай маңында Амангелді күш алып, қызылдарға жағып та тұрған көрінеді, тұрған елін билеп те тұрған көрінеді. Ол енді онымен де қанағат қылмай,

жан-жақтағы құмдар мен далаларда патшаны немесе ақтарды жақтаушылар болса табамын деп, жәйілім салатын түрі бар. Жақыпбек бізге «Амангелдінің қолы жетпейтін жерге — Түркстанға кетсін» депті.

— Онысы қай жер еді, құдай-ау?— деді шешем жылап жіберіп.

— «Түркстан» деген жалпақ жер,— деді әкем.— Біз соның тиімді бір тұсына барамыз да қонамыз...

— Қайда бар, ондай жер?— деді шешем жасқа булығып.

— Сырдың жағасында «Қармақшы» деген жер бар, сонда атамыз Малдыбайдың қайыны — Марал ишанның тұқымдары тұрады. Бала кезімде Жәмекеме еріп, көріп қайтқаным бар. Онда Маралдың немересі — Тобағабыл ишан тұрады екен. Маралды да, баласы Қалқайды да, немересі — Тобағабылды да ол ел әулие көріп қадірлейді екен. Сырдың жағасында Марал ишанның күмбезі бар екен, оған дұға оқуға қайғылылар мен сырқаттар медет сұрап ағыл-тегіл келіп-кетіп жатады екен. Күмбез қасында мешіт пен медресе бар екен, медреседе балалар оқып жатады екен...

— Қоя тұршы ертегіңді! — деді шешем, әкемнің сөзін бөліп,— сонда көшіп барамыз ба, сөздің қысқасы?

— Енді қайда барамыз? — деді әкем ылажсыздан-ған кескінмен:

Ертеңіне әкем төңеректегі тілеулес үйлердің басты адамдарын жинап ап, бір қойын сойып қонағасы берді де, себебін айтпастан, Сыр бойына көшуге бекінгенін білдірді. Күтпеген жаңалықты естіген достар:

— Себебің не сонда?— деп қадалғанда, әкемнің барлық тапқан сылтауы — мен.

— Адам бола ма деп үміт еткен балам еді осы,— деді ол мені нұсқап,— мектепке беруге жараған соң-ақ оқытпақ ем. Ол ойымды тәңірім хош көрмей, жел аударған қаңбақтай, беталды құладүзге қуды да кетті. Сырт естуімізге қарағанда, заман бір ыңғайланып келе жатқан сияқты, барлық жерде де қызылдар бекіп бастаған сияқты, олар әр халықтың өз тілінде мектеп аша бастаған сияқты... Мен енді Сыр бойына жетем де, мектебі бар бір ауылға орнығып, баламды оқытам.

— Торғайға барып неге оқытпайсың?

— Көшпелі ел ғой ол. Орныққанша қашан. Және онда билік Амангелдінің қолында көрінеді. Тісіміз бен тырнағымыз тиген бізге күн көрсете ме ол! Сырға

барсам кім болғанымды кім біледі менің?.. Біліп болғанша, баламды да оқытып болам....

— Сөзім осы,— деді әкем, үйіне жиналғандармен біраз кеңескеннен кейін, «Құлан басына күн туса, қодығына қарамас» деген. Енді бірімізге біріміз аландамай, әркайсымыз өзімізге тиісті жерге барып паналайық. «Ермедің» деп бір-бірімізге өкпелемейік. Маған ерем дегенің ертең ертемен үйлеріңді жығындар!

Біздің үйдің жаны ертеңіне ала-көбеде оянды да, естиярларымыз кигіз үйді жыға бастады. Шала ұйқылы менің құлағыма, жылаған шешемнің сонда келген даусы.

— Бұған дейін қаңғыртпағаның аз болып па еді, құдай-ау?.. Тағы қай жаққа қаңғырттың бізді?..

6. МЕНІҢ ӘКЕМ —«КӨМЕНЕС»

Қолдағы азғана малдың аужайына қарап асықпай жылжыған біздің үй Сырдың бойына, оның «Қармақшы» аталатын тұсына мезгіл күзге тарта жетті. Қасымызда Қайрақбайдың үйі ғана... Торғайдан үлкен өзен көрмеген маған онымен салыстырғанда, Сыр телегейтеңіз сияқтанды. Шынында да солай ғой деймін, әйтпесе, оның атына «дария» деген сөзді қосақтай ма? «Дария» біздің елдің ұғымында, теңізден кіші, өзеннен үлкен су.

Біз Сыр жағасындағы Марал ишанның аулына келіп орныктық. Әкемді бұрын да көрген және қандай жақындығы барын білетін оның ұрпақтары, біздің үйді құшақ жая қарсы алды. Бұл араның қазағы қысқы үйді «там» дейді екен. Біздің жақта «там» деп өліктің үстіне ағаштан я кірпіштен тұрғызған, төбесі не ашық, не жайпақ үйді айтады. Мынау үйлер, «там» десе дерлік үйлер екен: бәрі де балшықтан соғылған тапалтақ, әйнектері кішкене, төбелері жайпақ. Ар жағында, жақын жердегі дөңесте осы ауылдың зираты бар екен, ондағы тамдардың көбінің төбесі ашықтығы ғана болмаса, мына үйлердің — тамдардан айырмашылығы шамалы. Солардың ерекше көзге түсетіні — Марал ишанның күмбезі. Төбесі кигіз үй тәрізді бүріле жасалған бұл күмбездің сыртқы бейнесі мешітке ұқсайды: бұнда да бірі жуантық аласалау, бірі сопайған биіктеу екі мұнара бар, екеуінің үстінде де ай бар...

Жата-жастана таныссам, «ишан тұқымымыз» деп мақтанғанмен, бәрінің де дәулеті шағын екен. «Маралдың қара шаңырағында орын ұстап отыр» деген, осы

тұқымдағы ең дәулетті деген Мұхаметжан ишанның үйінде айғыр үйір жылқы, жүзге тарта қой, онға тарта түйе ғана бар; біреулерінің күн көрерлік қана хәлі бар сияқты, ал енді біреулері — тақыр кедей... Маралдың біраз тұқымы — біздің жақтағы «Құмды ағаш» аталатын жерде, тағы біреулері Қызылжар жақта тұрады екен... Олардың ішінде ірі дәулеттілері де бар дседі...

Бұндағы ишан тұқымдарының беделдісі Мұхаметжан екен. Совет өкіметі орнағанға дейін, ол да ишандық дағуа құрып, мүрит болғысы келгендер қол тапсырады екен, ауру-сырқаулар келіп емделеді екен, медресе ұстап қадімше бала оқытады екен, үйінің қасындағы мешітке жұма сайын және айт күндерінде маңайдағы ел жиналып, қайыр-садақаларын үйе-төге беріп кетеді екен: Марал ишанның аруағын қасиеттейтін діншілдер ат ізін суытпастан, күн сайын ағыл-тегіл келіп, басына түнеп жатады екен, олардан да Марал тұқымына ұлан-асыр табыс түседі екен...

Совет өкіметі бұл арада он сегізінші жылдың басында орнаған екен. «Ақмешіт уезі» аталатын бұл өлкенің байлары мен діншілдері, Кержут дейтін орыс пен Жорабек дейтін қазақтан қатты қорқып, олар келе жатыр десе, тығыларға ін таба алмайды екен, өйткені олар,— «буржуй» немесе «молда» дегендерге қаһарлана кеп, қымс етсе абақтыға жабады екен, қарсыласам дегендердің кейбіреулерін атып та тастаған екен. Сол Кержут пен Жорабек былтыр бір келіп, айт намазының үстінен шыққанда, «дін үгітін таратып жатырсындар» деп, қарсыласпақ болған Исхақ ишанды жұрт көзінше өкіртіп сойған, оны да, тағы бір байларды да Ақмешітке алып кетіп, бірер айда әрең босатқан. Содан кейін, Марал ишанның күмбезіне келушілер де, Мұхаметжан ишанға қол тапсырушылар да азайып, олар да түн жамылып қана келіп кетеді екен, сондықтан біз барған шақта, ишан тұқымының түсімі де шағындалып қалған екен...

Медресе сақталған екен. Бірақ Мұхамеджан ишан оның ендігі атын «мектеп» қойып, өзі оған меңгеруші боптьі. Таныса келе әкемнің айтуынша — бұның сырты ғана мектеп, іші — бықып тұрған дін сабағы. Бұл маңайда бұдан басқа мектеп болмаған соң, әкем мені — «әзірге осыдан-ақ тіліңді сындыра тұр, ар жағын тағы да көре жатамыз» деді. Есім кіріп қалған мен, «ол да мақұл болар» деп барып көрсем, «әліп, би, тиінен» бастап, адам түсінбейтін бірдеме. «Ұғам ба» деген үмітпен,

ол «сабақта» бірер күн отырып көрдім де, әкеме ашығын айтып, «енді бармаймын» дедім. Әкем «бар» деп зорламады...

Жата-жастана Сыр бойымен де таныстым. Ені кең, суы мол және тұщы бұл дарияның маңы, үйренбеген адамға тұрарлық жер емес екен. Біз барғаннан көп кешікпей қыс басталып кетті. Кейін Пушкиннің бір шығармасын оқып отырсам (қайсысы екені қазір есіме түспей қалды), оңтүстіктің қысын, солтүстіктің күзінің мазағы (каррикатурасы) деген екен. Сырдың қысы да сол. Ол біздің Торғайдағы күздің мазағы!..

Торғайдың қысы — қыс сияқты қыс!.. Онда қар бір түссе қалың түседі де, және көктем басталғанша тас сияқты бекіп қалады. Ал, Сыр бойының қысында, біздің жақтың күзі сияқты, қар бір түсіп, бір еріп, жер бір тоңазып, бір жіпсіп әуре қылады екен. Сонысына қарамай, желінің қаттылығы мен аязының шымырын көрсең!.. Сумаңдаған желінің жең-жағаңнан сүйреңдеп кірмейтін тесігі болмайды, кіріп кеткен жерінде, суық жыландай жорғалап, денеңді тітіркендіріп жібереді; аязы деңеңнің ашық жерін, қыздырған темірдей қариды!...

Осындай жат жердің күзінде, менің ермегім — әкем мен Қайрақбайға еріп аңға шығу болды. Сырдың арғы жақ беті «Қызыл» аталатын қалың құмның сілемі екен, оның өнбойына қалың жыңғыл, жиде, шеңгел, сексеуіл өседі екен де, ішінде қырғауылы мен қояны қойдай өреді екен. Әкем өзінің Құрай-күреңіне, Қайрақбай белі берік, иіс-алмас, топырыштау бір керікке, мен —«сүндет атым» санайтын қарагер бестіге мініп, екі тазыны ертіп, әкем мылтығын, Қайрақбай оның саймандарын асынып, үшеуміз «Қызылды» беттей аттанамыз. «Қонып қалсақ» деп, әкем ет асатын кішірек мыс бақыр мен оны асып қоятын үшаяғын қоржынына сала аттанады. «Қарны ашар» деп, маған арнап құрт, ірімшік сияқты азынаулақ шайнамаларды алады. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» деп, өзге тамақ алмайды...

Жақын жердің бұтасын ел отынға сиреткендіктен, ұзаңқырап барып, қалың жынысқа кіреміз. Ол арада «аң жыртылып айырылады» деген сөз рас боп шығады. Аяқ астының ән жерінен де бырылдап ұшқан қырғауыл, мін жерінен де пырылдап ұшқан қырғауыл!.. Олардың ұшпасына біздің тазылар ерік бермейді: қалың

---

[1] Баланы сүндеттегенде өзіне тәуелдейтін ат.

жыныстың ішін тіміскілей, екеуі екі жаққа қатарласа жарысып кетеді де, бұта түбінде қорғалап отырған қырғауылдарды еріксіз ұшырады!.. Әкемнің мергендігін сонда көрем, аттың бар пәрменімен шауып келе жатқан қалпында, алдынан пыр етіп, құйрығы шұбала ұша жөнелген қырғауылды мылтықпен тартып жібергенде, төңкеріп түсіреді!.. Екі қырғауыл ұшса, қосауыздың бірінен жедел бірін атып, екеуін де қоскабатынан түсіреді... «Сонда, болжайсың ба?» деп сұрасам, «өй, ақылы жоқ,— дейді әкем күліп,— болжап кісі мылтық ата ма екен?.. Нысананы шын мергеннің көзі емес, колы табады!..

Әкем атқан қырғауылды Қайрақбай екеуміз жинаймыз. Оны да тауып беретін тазылар. Оқ атып төңкеріле құлаған қырғауыл сорлының өлмей қалғаны қай қуысқа тығылса да, тазылар тіміскілеп тауып алады, өлтіріп тастамай, тірі қалпында шырылдатып тістеп алып келеді... Әкем қалың қырғауылды осы бетімен ата берсе, күніне ондап емес, жүздеп алатын, бірақ өйтуге ерінеді де, біразын түсіргеннен кейін, «бұйырғанын ертең атармыз, тамақтанып тынығайық» деп, аулауды доғарады.

Қызылдың жынысында қоян да көп екен. Бірақ бұл араның қояны, біздің жақтың қоянының көжегі сияқты кіп-кішкене, сондықтан әкем олардың бірен-саранын ғана таңсыққа атады да, былайғыларын «қайтем, күнәсіз бейшараларды?.. Өсе берсін!» деп атпайды... Иттер қуып жейін десе, әкем ақырып қайтарып алады. Олар әкемді адамдай тыңдап, ұрысқанын үнінен біледі. «Неге жібермейсің?» десем, «тойса жүгірмейді, кешке тойғызам» дейді.

Қызылда қасқыр мен қорқау да көп екен. Қасқырлары да біздің жақтың қасқырының қасында, қотаншы төбеттердей-ақ. Ал, «қорқау» дегені естігенім болмаса, көргенім осы жолы. Оның жүні қызғылт, үлкендігі иттей ғана болады екен. «Сол қалпымен,— дейді әкем,— батылдығы сұмдық!.. Жем таппаса, көрдегі өлікті суырып жейді. Қарусыз жалғыз-жарым кездескен тірі адамды да жеп қояды». Солай деп түсінгендіктен, әкем қорқауға өлердей өш. Бір жерден қорқау кездессе, қуып жетіп өлтіргенше тыным көрмейді. Және өлтірмей қоймайды да: оқ жетер жерге келсе атады, әйтпесе қайда қашса да біздің жүйрік тазылар құтқармайды, қайда тығылса да тауып алады. Олар қорқау түгіл қасқырдың өзін тақымдарынан

тістеп қақпақылдап, әкем қуып жеткенше босатпай әуре қылады...

Осы қызықта әкем де, мен де, күндеп, жұмалап түгіл, айлап жүрсек те шаршар я жалығар емеспіз; аулаған аң көбейіп кеткен шақта, үйге амалсыз қайтамыз... Аз күннен кейін тағы шығамыз...

Біз биылғы қысты осы қызықпен өткізер ме едік, қайтер едік, егер Сырдың мазасыз қысы қысып кетпесе; қысқанына да қарамас па едік, қайтер едік, Қызылдың арасында қар мен құмды араластыра боратқан бір дауылда, әкем екеуміз адасып кетіп, ассыз-сусыз далада өліп қала жаздап, енді өлдім-талдым дегенде әрең таппасақ!.. Содан кейін, әкемнің тағы да аңшылағысы келгенмен шешем:

— Өзің кетсең — мейлің, баланы жібермеймін,— деп босатпады. Әкем мені тастап кете алмады.

Жер кезіп, аң қуып желігіп қалған көңіл, өліктердің моласынан айырмасы аз тамдардың ішінде босқа жүруге шыдамай, Қайрақбай екеуміз ұйқыдан бос уақытымызды Сырдың мұзын ойып балық аулағандардың қасында өткіздік. Ауылда ермексіз жата беруге іші пысқандай болған әкем, «жұмысым бар еді» дегенді сылтау ғып, Ақмешіт, Тәшкен аталатын қалаларға кетті...

Бірер ай сапар шеккен әкемнің үйге алып келген жаңалығы — бірі жиырмадан асып, бірі он сегізге толып, бойжетіп отырған екі апам — Меруерт пен Жібекті алыстағы әлдене байлардың балаларына бермек боп, қалың малын алып кепті. Мал айдап келуге ыңғайсыз: әрі қалың малға тыйым салып жатқан совет заманы, әрі алыстан қысты күні мал айдап қайту қиын. Бұл жөнде құдалардың тапқан айласы — қалың малды бұйымға айналдыру: ішіне батсайы, шайы, пай сияқты жібегін, бархыт, берен, мауыты сияқты асыл маталарын, түкті, тақыр кілемдерін қоса, біраз бұйымды қыздарды ұзатып әкетуге келген күйеулер, бумалап алып келетін болған. Әкемнің өз әкелгені — ақша. Бірақ ол кезде бағасы төмен совет ақшасы емес, «іске асуы мүмкін» деген Николай ақшасы және неменеге қажеті барын кім білсін, ағылшынның қағаз ақшасы!..

Әкемнің құда түсіп келгенін естіген біздің үй, қашан қыздар ұзатылып ізі суығанға дейін аса көңілсіз болды. Жат жерде танымайтын әлдекімдерге баратының естіген екі қыз, болса-болмаса да ағыл-тегіл.

Оларға қосыла жылаған шешем, қыздардан оңаша қалған шақта:

— Іштен шыққан балаларың емес пе еді? Құтыла алмай отыр ма едің?.. Неге шыдамадың аз ғана уақытқа?.. Заман түзелсе елге бармайтын ба едік, көшіп?.. Орналастырмайтын ба едік сонда?.. Туған жерінен бұйырмайтын ба еді топырақ?.. Қайда адастырып тастап кетеміз енді?.. Обалы қайда?..— деп зарланады. Шешем сөзін бітіргенше әкем төмен қарап, тұнжырап отырады да, сөзі таусылған шешем, ендігі еркін булыққан жасқа берген шағында, әуелі ауыр күрсініп ап, құмыққан қоңыр дауыспен өз сөздерін бөлшектеп айта бастайды:

— Қыз бала «жат жұрттық» емес пе, бейшара-ау?.. Ошаққа тас болған қызды қайда көріп ең?.. Жасы жеткен соң, абыройы бар кезде орналасқаны жөн емес пе, қыздың?.. Көшерімізді жел, қонарымызды сай біліп жүрген адам емеспіз бе?.. Туған елге қашан ораларынды қайдан білесің?.. Қалай ұстап отырасың оған дейін бойжеткен қыздарды?.. Жерін таппай беріп кеп отырған жоқпын... Біреуі — Аламесек төңерегіндегі Шірік-қарта байдың баласы және Датқаның тұқымы; енді біреуі — Тәшкеннің мыңқырған саудагерінің баласы, асылы — Құрама[1]... Осыдан артық не жер керек әйел балаға?..

Қарсыласар күші жоқ қыздар да, шешем де жылау-сықтаумен жүрген күндерде әуелі қазақ күйеуіміз келді. «Бай, Датқа» дегенмен, жасы қырыққа жақындап қырқылжың болып қалған, қырма сақал, иіс алмас бір «жануар» екен!.. Сыбыр сөздерден, оның жеңгедей алған бір әйелі, қыздай алған бір әйелі болып шықты.. Бірақ оған енді амал қанша!.. Әкемнің сөзі — сөз!.. Біздің Меруерт сұлу да, сымбатты да қыз еді... Күйеуін көрген соң тіпті ағыл-тегіл болған бейшара үйден шығарарда талып қап еді, қосшылар түйеге көтеріп мінгізді..

«Құрама» деп атаған күйеуіміз басыбайлы өзбектің өзі болып шықты: мұрны да, көзі де, беті де, сөзі де өзбек, киімдері де өзбек: басында ақ кесте шеккен төрт қырлы қара тақия, үстінде — түсі ашық биқасап ала шапан, оның белін төрт-бес орамалмен буып алған, бұтында ақ дамбал, аяғында мәсі-етік.

Рас айтса, оның жасы жиырма бесте екен. Бірақ

[1] Қазақ пен өзбектің араласуынан туған адам.

өзбек текті халық па, немене, бұл да қырма сақал!.. Және сақалы мұндай мол, қалың болар ма, бетінің көзі мен мұрнының төнерегінен басқа жері салқын күзде көлдің бетіне қатқан мұз сияқты көкпеңбек, жып-жылтыр!.. Егде тартқан жасын жасыра ма, әлде бай баласы болғандықтан ертерек семірген бе — денесі топ-толық, мықыны жап-жалпақ...

Бастапқы күйеумен салыстырғанда, бұл ойнақы мінезді адам екен. Үйге кіре, үлкенімізді «һәкәлап», кішімізді «һүкәлап», шешемді «апалап», іші-бауырымыздан өтіп барады. Осы мінезін ол қалыңдығына да көрсетті. «Өзбек әйелжанды» деген сөз рас қой деймін. Қатира күйеуді өз отауында оңаша отырған Жібекке алып барып, «қалыңдығың осы» деп көрімдік алған соң-ақ, қасы-көзі ойнақшыған күйеу жез қармақтай майысқан қимылмен «жаниға китәй!» деп жабыса кетті... Жібек бұйығы мінезді қыз еді. Танымайтын күйеу құшақтай алғанда, ұяттан жанын қоярға жер таппаған қыз оттай лаулап, әппақ кескіні күп-күрең болды да кетті...

Бірер күннен кейін Жібекті де жөнелттік. Пар атқа жеккен тарантасқа оны да күйеу қощылар көтеріп салды. Поезға мінерде ол да талып қапты... Кейінгі күбірден естуімізше, ол бейшара да «екінші қатын» болып кеткен екен...

Қыздары кетуімен, шешемнің «қайда жібердің балаларды?» деп жылап, күн сайын құлағын мүжуінен қажыды ма, әлде, көңілсіз үйде кесіпсіз жата беруге жалықты ма, «маталарды өткізем» дегенді сылтау ғып әкем кейде Түркстан жағына, кейде Орынбор жағына жолаушылады да жүрді. Біз үйде болдық. Менің еріккендегі кесібім,— не Сыр бойында балық аулаушыларға кету, не Қайрақбайды ермек көріп, соның қасында болу...

Қайрақбай менімен туыс жігіт. Біздің бесінші атамыз — Саудабайдың бес қатыны болған екен, Қайрақбайдың атасы — Тұяқбай, сол Саудабайдың ең кіші тоқалынан туыпты. Тоқал баласын қазақтың қай жерінде болса да бәйбіше балалары кемшілікте ұстауға тырысқан ғой, оған кей тоқалдың балалары көнген де, кейбірі көнбей, тістесе, тебісе өсіп, біреулері бәйбіше балаларының өзін билеп кеткен. Мысалы, біздің арғы атамыз — Молдабай да Саудабайдың үшінші тоқалының баласы екен. Бірақ ол, енеден жалғыз болса да өжет туып, маңайына қоңсы-қоланды көбейтіп алған

да, бәйбіше балаларынан кемшілік көрудің орнына, билеп-төстеп, бәрін иіріп жусатқан. Тұяқбай ынжық адам екен. Өзге туыстарынан таяқ жейтін ол, Молдабайға қорғалап, өмірін соның малын бағумен өткізген. Қайрақбайдың әкесі Тайлақбай да біздің үйдің жалшысы қатарында күнелтіп еді деседі. Ол да момын адам екен. Қайрақбайдың одан пысық тууы,— шешесінің менің әкеммен өсегі бар болғанға ұқсайды. Онысы, рас та ғой деймін: ең алдымен, оның кескін-кейпінде әкеме аздаған ұқсастықтар бар, әсіресе, монғолша қиғаштау біткен көзі, екіншіден, шапшаң мінезі. Өсекші адамдардың айтуынша, әкеме оның қажырлылығы ғана жетпейді, бұл жағынан ол заңды әкесіне келеді. Құлағын осындай өсек шалған шешем, Қайрақбайды бала шағында жеккөріп, үй маңайына жолатпауға тырысады екен, кейін үйрене келе, онысын қойған. Мал түлігі болған соң-ақ, әкем Қайрақбайды біздің үйде ұстап, тесік өкпе ғып жұмысқа салмай, атарман-шабарманы ғып үйреткен. Кейін әкемнің ол ең сенімді, ең пысық жігіті болып кеткен. Тұрмыс жағынан ол әкемнің қасында, ірі жылқыға қосақтап жіберген тай сияқты. Өз шаруасы, өз асы, өз аты деген онда жоқ: мінері де, ішері де, киері де біздің үйден. Жаз да, қыс та, тек қана жатар үйі бөлек...

Күн көрісі біреуге байланысты бола тұра, ол жақсы ат мінуді, жақсы киім киюді ұнатады. Әкем бұл жағынан бетін қақпайды да. Сал да болғысы келетін ол, домбыраны да бірсыдырғы жақсы тартады, өленді де бірсыдырғы жақсы айтады. Жасынан әкеме еріп ел аралаған ол, жершіл де, елшіл де. Әкем оны қайда жұмсаса да барып, тапсырған ісін тыңғылықтап қайтады. Ол жағына мығым. Ал, мінез жағына келсең қылжақбастау, ұшқалақтау, шайқымазақтау... Үлкеннен де, кішіден де оның ойнамайтыны жоқ. Ол, әсіресе, әйелдерге соқтығымпаз, олармен әзілдесімпаз. Сондай мінез-қылығымен қыз-келіншектерге өтімді екенін өз көзіммен де талай рет көрдім...

Сондай қылжақбас Қайрақбайдың тағы бір «кесібі» — кішкене еркек балаларды жинап алады да, боғауыздың неше түрлісін үйретеді. Тілім шыға, мені де ол солай баулып, кім көрінгенді боқтатып, бейпіл сөйлетіп үйретті. Солардың ішіне өзімнің әке-шешемді, немесе Қайрақбайдың өзі мен қатынын да сыбап алатын едім, онымды қызық көргендей, күлетін еді де қоятын еді. Бұл әдетімнен, тек, бертін, естияр болған

шақта ғана айнып, оңашада я жастардың арасында болмаса, үлкендердің я жат адамдардың көзінше бейпіл сөйлеуден тыйылдым.

Қайрақбайдың маған кішкене күнімнен үйреткен бір «сабағы» — қыз бен жігіттің арасындағы жастық қарым-қатынастар жайында. Бұл жайдағы әңгімесін Қайрақбай тұрпайы түрде де, сыпайы түрде де айтады. Тұрпайысы маған таңсық емес сияқтанады, өйткені көзін тырнап ашқаннан бастап, үй хайуандарымен бірге жатып, бірге тұратын көшпелі ауылдың баласына ұрғашы мен еркектің қарым-қатынасының ешбір таңсығы да, қызығы да жоқ. Қайрақбайдың сыпайы әңгімелері мені қатты қызықтырады, өйткені ол адам түгіл перілер мен періштелердің де жастары өзара ғашық болуынан, аузыңның суы құритын нелер тамаша ертегілерді айтады. Немесе «Қозы Көрпеш — Баянның», «Қыз Жібектің», «Бәдіғұл — Жамалдың», «Сейпіл — Мәліктің», «Жүсіп — Зликаның» қиссаларын жатқа соққанда, құмарлықтан өліп кете жаздайсың, «шіркін-ай, мен де солардай ғашық болар ма едім!» дегенді арман етесің.

Бір қыс осылай өтіп, жиырмасыншы жылдың көктемі басталған шақта, әкем сол бір күндері үйде жүрген шақта, біздің қырға тіккен қоңыр кигізді үйімізге, «Ақмешіттегі дөкейдің бірі» деген бір адам келіп түсті. Орысша киінген, басында тек қара мақпалмен тыстаған қазақы сусар бөркі бар, қапсағай биік бойлы, шүңірек қоңыр көзді, жоғарғы ернінің үстін, етегін қырыққан қою қара мұрт жапқан бұл адам, әкеме таныстардың біреуі болып шықты. Фамилиясы — Аралбаев.

Біздің үйге әкемді — «Әбекелей, шешемді — «женешелей», бізді «қарағым-шырағымдай» келген бұл сыпайы адамның жайғасқаннан кейінгі әкеммен күбірлескен кеңесіне құлақ салып отырсам, Совет өкіметінің хал-жайы қиындап бара жатқанға ұқсайды. Не екенін білмесем де, оның «Антанта» деген сөзі құлағымда қалыпты. Советті қазір батыс жағынан Антанта қысып келе жатқан сияқты; Самарқан, Бұхар аталатын жақта «басмашы» дегендер шығып, оларды Ануар паша дейтін кісі басқарып, ол да қиратып келе жатқан сияқты, сөйтіп Антанта мен басмашылардың қыспағына алынған Совет өкіметі көп кешікпей езіліп өлетін сияқты...

Сол сөздерінің арасында Аралбаев әкеме тағы бір

қуаныш хабар айтты: былтырғы көктемде Амангелді өлтірілген екен. Бұл жаңалыққа қуанып кеткен әкем:

— Кім өлтіріпті? — деп сұраса:

— Дәл кім екенін білмеймін,— дейді Аралбаев,— кім де болса, біздің кісілер!..

Тағы бір жаңалық айтты Аралбаев. Әуелі ол:

— Әбеке, осы сізді, Дәуітов Жақыпбектің жездесі деп естідім бе? — деп сұрады.

— Солайы рас,— деп қана салқын жауап берді әкем.

— Оны қысты күні Ақмешітте болғанда неге айтпадыңыз?

— «Солай едім» деп несін әйгілейін оның...

— Білесіз бе, ол балдызыңыздың қазір қайда екенін?

— Білмеймін,— деді әкем иығын көтеріп, от басында тамақ пісіріп жүрген шешем, інісінен хабар барын сезгендей, елеңдей қалды...

— Шүйінші бересіз бе, амандық хабарын және қайда екенін айтсам?..

— Қалағаның сенікі, қайным! — деп шешем жылап жіберді.

— Семейде! — деді Аралбаев.— Шыңғыстау елінде. Сонда, яғни, атақты ақынымыз Абай Құнанбаевтың ауылында судья боп қызмет атқарады...

— Не дейді, жаным-ау! — деп қуанған шешем жылауын үдете түсті.

— Өңгенің бәріне сенуге болар еді,— деді әкем, сабырлы қалпын өзгертпей,— «судья» дегенге сеніп болмайды...

— Көзімен көріп келген кісі болса да ма?..

— Кім көріпті?

— Абайдың інісі — Исхақтың немересі Даниял Исхаков деген жігіт Тәшкенде айтқанын өз құлағыммен естідім. Ол жігіт Шыңғыстаудан жуырда ғана келген екен. Енді де нанбайсыз ба?

— Аузыңа май, қарағым!.. Нандық, қарағым! — деді шешем жасқа булығып..

Аргы сөзді оңаша сөйлескілері келгендей, әкем мен Аралбаев орындарынан тұрысты да, тысқа бірге шығып, дөң асып кетісті.

Олар оралғанша ас та даяр болған еді. Тәтті сүрден шағындау ғып асып астына күріш басқан етті жегеннен кейін, онан соң түйе сүтін құйған шайға сусындағаннан кейін, Аралбаев аттануға жиналды. Кереге

басына ілген пальтосын киюге ыңғайлана берген ол:

— Бір нәрсені ұмытып барады екем ғой, Әбеке!— деді.

— Нені?

— Өй, жігіт! — деді ол, босағаға таяу, жерге тастаған ердің үстінде шоқиып отырған Қайрақбайға,— анау қасында жатқан қоржынды бері әкелші.

Қайрақбай әкелген қоржынның ауыз бауын ағытқан Аралбаев, ішкі қалтасынан, ортасынан қайыспен буған, қалыңдығы бір қарыстай, әлде не кітапшаны суырып алды да, біреуін шетінен ағытты. Үлкендігі қозының тіліндей ғана, сырты қызыл, жұп-жұқа книжка екен.

— Осыны сізге берейінші! — деді де, Аралбаев книжканың ішін ашып,— хаталаспасам, сіздің анық атыңыз Әбуталып, фамилияңыз...

— Жәутіков! — деп жіберді әкем, Аралбаев кідіріп калған соң.

— Соларды жазайын,— деді де Аралбаев қоржынынан сия сауыты мен қалам алып, қызыл книжканың бетіне әлденені шимайлады. Содан кейін әкеме ұсынып еді:

— Бұл не? — деді әкем әуелі біліп алғысы келгендей қолын созбай...

— Партиялық билет!..

— Қайдағы «партия?»

— Көменес партиясы бар емес пе?

— Иә?..

— Соған мүше болудың билеті.

— Ойбай-ау, мен мүшемін бе, оған?!.

— Болмасаңыз болыңыз!

— Не деп отырсың, шырағым-ау?!..

— Қорықпаңыз, ақсақал!.. Сізге ғана емес, жолшыбай сіздейлердің талайына үлестіріп келем... Алыңыз!..

— Бұл өзі не қылған билет, бос жатқан?! — деді әкем, алар-алмасын біле алмаған кескінмен қолын сылбырлау созып.

— Өз қолымыздағы билеттер,— деді Аралбаев,— кімге берсек те еркіміз.

— Мұны мен қайтем? — деді әкем билетті қолына алып, төңкере жан-жағына қарап.

— Сандығыңа салып қой, бір күнде керек боп қалар!

— Ендеше, біреуін менің анау туысыма да бер,—

деді әкем Қайрақбайды қолымен нұсқап.

— Болсын! — деді де, Аралбаев қызыл билеттің біреуін оған да жазып берді.

Одан кейін Аралбаевты жақын жердегі темір жол станциясына шығарып салып қайтқан әкеме Қайрақбайдың:

— Өзі неткен адам әлгінің? — деген сұрауына берген жауабы:

— Әрі аталықты, әрі атақты байдың баласы екен. Күні үшін көменес партиясына кіріп жүрген бейбақ екен. Бұл үкіметке қылығы жағымды көрінеді..

— О, тәуба, жасаған! — деп қояды әкем содан кейін қалтасындағы қызыл билетті анда-санда қолына ап, қарап қойып,— біз де «көменес» болдық-ау, енді!!.»

7. ЖЫЛАН ЕТІН ҚАЛАЙ ЖЕДІМ

Бұл араның жазы шыға, аспаннан түсер тамшы жөнді болмайды екен; мал бағатындары ертерек кезде, күнгейінде «Қызыл», теріскейінде «Қара» атанатын құмдарға көшеді екен, онда атамзаманда ел болып қазып, сексеуілмен шегендеп тастайтын құдықтан су ішеді екен; егін шаруашылығымен айналысатындар, Сырдың суына ғана сенеді екен де, егер оған су түссе, жаздай кетпен шауып, арық қазып, әркім хал-қадарынша егін сеуіп, өнім алады екен. Кейінгі жылдарда әуелі жиһангер соғысы, одан кейін азамат соғысы боп, зілдей салмағы шаруаға түсуден мал басы азайып, құмға көшетіндер сиреген екен, енді халықтың көпшілігі кетпен шауып күнелтетін болған екен.

Қазақта «сұмырай келсе су құриды» деген сөз бар. Сол сұмырай біз болдық па, әлде Сырдария кей жылы тасып, кей жылы тасымайды дейтін салтына бақты ма, 1920 жылдың көктемінен тандыры тартылды да қалды. Бұл елдің әдетінде, арғы түбі Памирден ағатын Қара дария мен Тянь-Шаннан ағатын Нарыннан өзбек жерінде қосылып, бері қарай «Сыр» боп келетін дарияның жыл сайынғы суы тасу-тасымауына ертеден құлақ тігеді екен. Кей жылдары су ортасынан-ақ көбейіп, тасқыннан қорыққан ел, сел астында қалмаудың қамына күнбұрын кіріседі екен. Мазасы ерте кеткенмен, ондай жылдары егінші халық, биыл астық та, жеміс те, шөп те, балық та мол болады деп қуанады екен; ал кейбір жылдары, жоғарыдан судың тасымауы

естілсе, жұрттың көңілі жүдеп, «енді қалай күн көреміз» деген қайғыға ұрынады екен...

Жиырмасыншы жылдың басы қуаныш емес, қайғы әкелді. «Су әне тасыр, міне тасыр» деген үмітте жүргенде қыс та, көктем де өтіп, жаз басталып кетті. Тасымаған Сырдың бұрынғы мол суы жаз шыға сарқылып, көп жерінде жылтыраған тайыз жылға ғана боп ақты да, кей тұсында үзіліп қалды. Бұрын егіс өлкесіне тасқындап каналмен мол шығатын су, биыл шығырдың шелегіне де жұқ болған жоқ. Алдағы уақыттың аштығынан зәресі кеткен кедейлер, қорасының төңірегіне сепкен азынаулақ дәніне суды арқалап әкеп құйды... Су жетпейтін кеңірек жердегі егіндердің сабағы қылтия бастағаннан-ақ сарғайып кетті. «Су тасыған жылдары жайқалған шалғын боп кететін еді» деген ойпаттар, биыл сортаңы шығып жатқан бозамық тақыр боп қалды. Сыр бойына жайылатын малдың сазды жерлердің құрағынан басқа, тісіне сыздық болар шөбі қалмай, шілде туа қуарып ұшып кетті де, қырат жерлердің шаңы шығып, жел тұрса боранға айналды.

— «Пәленің мыңы Сырда, бірі қырда» деген мақал бар. Соның растығын мен осы жазда көрдім. Бұл арадағы пәленің ең сұмдығы — кәдімгі сары маса екен. Жаңбыры бар жаздарда қанаты суланған ол алысқа ұзап ұша алмайды екен де, құрғақшылық жылдары саздауық тұстардан қалыңдығы бұлттай боп көтеріліп, желмен ауытқыған шақтарда жетпейтін жырағы, кірмейтін қуысы қалмайды екен. Олар ашық жерлер түгіл, іші қапа болып кететін тамдардың есік, терезесін ашқанда қаулай кіріп ап, денеңді күн-түні удай ашыта шағып, әрі үндерін қоса ызыңдап, дамыл-тыныштық бермейді екен. Ауқатты адамдардың одан табатын жансаясы — «масахана» атты шатыр құрып, ішіне тығылу. «Жыртық үйге тамшы ауыр» дегендей, күндізгі күйген ыстық пен түндегі тымырсық қапада, сүзгі матадан жасалған масахананың ішінде адам тұншығып кете жаздайды екен... Ашайын десең масадан қорқасың... Біздің Торғайдың масасы шақса да іштеңең кете қоймайды. Ал Сырдың масасы адамға безгек егеді екен. Торғайдың безгегінен өлген адамды естіген жан жоқ. «Тропикалық» аталатын Сырдың безгегінен екінің бірі өледі екен. Сол жазда осы қазаға Қайрақбайдың бір ұл, бір қызы ұшырады, менің де тетелес бір апам өлді...

Сырдың бойында малдың, әсіресе жылқы мен түйе-

нің, жендеті сонасы екен. Біздің Торғайдың сонасы бұл арадағы сонаның қасында, қойдың қасындағы түйедей. Үлкендігіне қарай, оның жағы да күшті, тісі де өткір болу керек, шаққан жерінің етін терісімен бірге жұлып алады. Қырда ол жылы шөп жоғы белгілі. Малдың қорек алар жері дария жағасындағы саздауық жерге өскен құрақ. Ашыққан мал амалсыз соған барғанда, сазға батқыш түйе қорғаны сыртта жүреді. Сол кезде, бір түйеге мыңдаған сона жабылып, қасқырдай талағанда, жүні жазғытұры күзелген, денесі тақыр сорлылар, жанын қоярға жер таба алмай, шаңға аунақшы береді... Кейбір сабырлы болғайсыған бейбақтары, бауырына қадалған соналарды табандарымен, қапталына қонған соналарды бастарымен қағам деп, өз денесін өздері ұрумен ісіріп жібереді, содан ақырында, не қатпа, не қара-өкпе болып өледі... Сона түнде жатады. Күндіз құрақ ішіне тығылған жылқы, қырға сол кезде ғана шығады...

Маса мен сонаға ең шыдамды мал — сиыр екен. Денесіне маса миллиондап, сона мыңдап жабысқанмен мыңқ етпейтін ол сорлының жауы — «сәйгел» аталатын инелік пен «ала-күлік» аталатын көбелек. Бұлардың біреуі көзіне көрінсе, жүздеген сиыр жанын қоярлық жер таба алмай, құйрықтарын аспанға тікейте көтеріп ап, тым-тырағай бытырап қашады... Ол шабысқа қайбір шыдамды мақұлық. Сәйгел мен ала-күліктен қашып, біраз тоңқаңдап жүгірген соң, тілі салақтап болдырады да, мәңгі болғандай бетімен лағады.

Қой байғұс бұл шыбындардың біреуін де елең қылмай, ыстық уақытта біріне бірі тығыла ұйысып жатады да алады. Бірақ мұнымен пәледен құтылмайды ол. Қойдың танауына кіргіш қара бас аққұрт болады екен, құрғақшылық жылдары ол тіпті көп болады екен. Танауына сол құрт кіріп жыбырлатса, онымен де қоймай шақса, қой бейшара оттан қалып, алдыңғы аяқтарымен тұмсығын сабап, секіре береді екен де, осыдан болдырып өледі екен. Қазақтың «секіртпе» деген ауруы осы екен. Бұл ауру кейде, қотандағы қойды түгел құртып кетеді екен.

Аталған пәлелердің ешқайсысына да беріспейтін ешкі ғана екен. Жанын ол шаққыш шыбындардан, ыстық кезде таса жерлерге тығылып қалумен сақтайды, неге екенін кім білсін, секіртпенің құрты оған дарымайды да... Қойлар сияқты, ешкілердің де пәлесі — кене екен. Құрғақшылық жылдары кене де көп болады

екен... Ешкінің төсіне қадалған кенелер, етін тесіп ішіне өтіп кетеді дееді. Ешкі бақырауық мал ғой. Сондықтан да, қасқырлар түнде қотаннан қой ұрлағанда, бақыруынан қорқып ешкіге жоламайды дееді, жоласа да, ауыл адамдары бақырған даусымен қуып, айырып алады дееді... Осы бақырауықтығын ол кене жабысса да істеп, иелері бұл пәледен де құтқарады екен...

Сыр бойындағы малдың пәлелері осылар болса, егіннің пәлесі — «саранча» атты шегіртке екен. Бұл маңайда ондай пәленің тұқымы барын қар кетіп, жер көктей бастаған шақта көргеміз. Сол кезде ауыл адамдары жақын тұстағы сазды өлкелерге барған да, әлденелерге үңіліп қарағаң. Мен де қарасам, жұрт үңілген жерлерден бір нәрсе ақ-көбіктеніп, көпірші шығып жатыр екен.— Бұл не?— десем:

— Саранча аталатын шегірткенің тұқымы,— дейді. Мен ол сөзге түсінбей, не екенін сұрасам:

— Саранча дейтін шегірткенің ұрғашысы,— дейді түсіндірген адам,— күздігүні осындай сазды жерге құйрығын түбіне дейін шаншады да, өзі сол орында өледі. Оны тышқандар теріп жейді.

— Құйрығын неге шаншады?

— Ұрығы, яғни, тұқымы сол құйрығында болады. Саздың тереңіне көмілген ұрық, қыстай аман сақталады да, жер жібі, күн жылына, өсуге айналады. Мына жерден көпіршіп шығып жатқан нәрсе — жандана бастаған сол ұрық. Біраздан кейін осы көбіктен қылдырықтай қызыл бас, ақ құрт шығады да, аздан кейін шегірткенің балапанына айнала бастайды. Қанаты үлкейіңкіреген кезде өсуге айналады. Сол кезде біз бұларды айдап, маңайға үйген қу қамысқа тығамыз да, қамысты өртейміз. Солай жоймасақ, қанаттанып ұшқан соң күш бермейді. Егер ұшырсаң-ақ, егін-шөптен тұк тастамай отап, өрт жүргендей тып-типыл ғып кетеді...

Мен осы өртеуді де көзіммен көрдім. Қызыл бас құрттар көрінген шақта сол алқапты айнала қу қамысты үйеді екен, құрттар одан өте алмайды екен. Құрт шегірткеге айналған шақта, ауылдың тайлытаяқтысы қалмастан, жүруге жарағаң бар адамы шығады екен де, қолдарына ұзын жас талдан буған сыпырғы ұстап, шегіртке атаулыны үйген қамысқа қарай айдайды екен. Үріккен қойдай жосылған шегірткелер қамысқа тығылған шақта, тұс-тұсынан от береді екен...

Бірақ бұнымен Сыр бойының елі ол жазда саранча апатынан құтылған жоқ. Жергілікті саранчаның тұқымын құртқанмен, жаз ортасында, әлдеқайдан көшкен бұлттай түнеріп қалың саранча келді де, ел боп шулағанмен, қазан-ошақ сияқты темір-терсектерін түгел қаңғырлатқанмен, әр жерге қамыс жағып түтін бергенмен, биылғы азынаулақ егінді тып-типыл ғып отады да кетті... Ұстап алған саранчаларды көрсем, аты және түрі шегіртке болғанмен, Торғай жерінің ең ірі деген шегірткелері, бұлардың қасында, түйенің қасындағы қойдай ғана екен!..

Ол жазда шаруаға келген апат осындай болса, адамға келген апат та одан кем болған жоқ. Ең алдымен, елге безгек қаптап кетті. Одан өлген адамның қисабы жоқ. Оның үстіне «шешек» деген пәле кеп, елдің баласын егін отаған саранчадай қырды. Маған да шешек сол жылы шығып, өлім аузынан әрең қалдым. Бүліс дейтін маған тетелес апам кескінді сұлу қыз боп өсіп келе жатыр еді, шешек оның бетін дал-дал ғып ойып, түк те түрін қалдырған жоқ...

Сырдағы «мың пәленің» ішіне қарақұрт, бүйі, шаян, жылан дегендер де кіреді екен. Қарақұрт, әдетте, қырдағы жусанды жерде болады екен. Құрғақшылықта жусан да шықпай қалуынан болса керек, биыл олар да өріп ауылға кеп, талай адамды шағып өлтірді. Бүйі шаққаннан менің шешем де ісіп-кеуіп әрең аман қалды. Шаян бұл араның елінде, ас ішкен дастарқанның үстінде өріп жүретін мақлұқ екен, сондықтан шағып алғанға ғана өкінбесе, тұрғын ел одан қорықпайды екен. Жылан да солай екен. Далалық жер түгіл, қораның іші-сыртында да жылтыңдап жүретін олардың кейбірі үйге де кіріп кетеді. Сондай жыланның біреуі өзімді де шағып алды.

Тақыршылықтың салдарынан қырда отыра алмаған біздің үй, жаз ортасында қораға көшіп келді де, өткен күз осы ауылдың күшімен бізге арнап соққан тамымызға орнықты. Қырға шыққанда сыпырып алған терезелер қайта салынды.

Менің бір әдетім — еріншектеумін. Үй шаруасының кейбір жұмысын өз ықласым шауып істемесем, біреудің жұмсағанына ешуақытта бармаймын. Сондықтан ба, әлде мені бұла ғып өсіргілері келе ме, әкем мен шешем де жұмсай қоймайды. Қырдан көшіп келген күні, сол әдетіме бағып, үйдің өзге жандары, бірер ай

болса да есіз ғап ыбырсыған қора-қопсыны тазалап, нәрселерді жайғастырып... дегендей жабдықта, тыста жүргенде, мен әлдене ойыншықтарымды ермек қып, тамның ішінде отырмын. Қасымда бырылдай ұйқтап, «үлкендігі кішігірім иттей» дерлік жүндес тарғыл мысық жатыр... Бір кезде сол мысық шошып оянғандай атып түре келді де, тамның көленкелеу бұрышына қарап, белін күдірейте, айбат шегіп ырылдай қалды... «Не көріпді?!» деп бұрышқа қарасам, ұзындығы бір құлаш жіптей әлдене қыбырлайды!.. Тесіріне қарасам қара тарғыл жылан! Мысыққа я маған айбат шеккендей, ол да белін биік көтеріңкірейтіп, бері қарай қарғығысы келгендей, тұрған қалпында теңселеді!..

Ырылдаған мысық жыланнан мені қорғағысы келгендей, ыршып ілгері қарай секіріп түсті де, тағы да күдірейе қалды. Жылан да сол кезде «саған берісе қойман!» дегендей, орғыңқырап, мысыққа таянып қалды... Мысықтың жүні әдетте жұмсақ болады ғой. Біздің «Жолбарыс» аталатын мысығымыздың қалың, ұзын жүні тіпті жұмсақ болатын, әлдекалай сипай қалсаң, ұйпаланып қалпынан көпке дейін түзеле алмайтын. Жыланмен арбасқан шақта, оның осы жүнінің әрбір талы кірпінің инелеріндей тікейіп, түрегеп кетті. «Қайсымыз бұрын алар екеміз» дегендей, арбасқан екі жануар тағы да жақындай түсті де, таянып қалған шақта, бірінен бірі сескенгендей, жылан басын қақшита көтеріп, мысық алдыңғы екі аяғын бетіне қорғаныш қыла шөкесінен отыра ғап, жылтыңдаған жылан сылдырады да тұрды, мысық ырылдады да тұрды... Менде үн жоқ: отырған жерімде үн-түнсіз тастай қатыппын да қаппын!..

Бір кезде мысық оң алақанымен жыланды жаққа салып қалғандай болды... Ол алақанын жылан бассалмақ болғанда, сол жақ алақанымен қағып қалды. Оған ұмтылам деген жыланды екі табанымен кезек қақпақылдай бастаған шақта тістетпеуіне ыза болғандай жылан мысықтың денесіне оралып кеп қалды... Сол кезде жаны ышқынғандай шар ете қалған мысығымды аяп кеттім ғой деймін, атып тұрып, жыланды желкесінен шап беріп ұстағанымды өзім де білмей қаппын!.. Тек қана білгенім — қылғына жанталасқан жыланның басын иіп кеп, бармағымды тістеп алуы... Осы кезде әкем де кіріп, үйде болып жатқан уақиғаға, әуелі сасып қалғандай, аңырып аз тұрды да, жыланның мен ұстаған желкесінің басына таяу жерінен ұс-

тап кеп алды...Оның қысуы менің қысуымнан қатты-рақ болды ғой деймін, жылан мысыққа оралған денесін жазып жіберді де, «қолыңның әлін кетірейін» дегендей, әкемнің жеңін түрген білегіне оралды...

— Енді қайтем? — деп мен жылап жібергенде:

— Ештеңе де етпейді,— деді әкем,— бұл уыстан ол тірі кетпейді...

— Өзіңнің еш жеріңді тістеді ме? — деп сұрады әкем.

— Тістеді.

— Қай жеріңді?! — деді ол үрейленген кескінмен.

— Мына бармағымды! — деп көрсетсем, әп-сәтте шаққан жері иненің көзіндей боп қарая қапты...

— Құдай-ай, сақтай гөр! — деді әкем қорқып кетіп,— әкел, әне бір қапшықты.

— Мен алып берген кішірек қапшыққа әкем жыланды салды да, аузын буып:

— Жүр, тез! — деді маған қолын ұсынып, жетектемек боп.

— Қайда барамыз?

— Ишанға!..

Бұндайдың емшісі Исхақ ишан екен. Ол жыланды құйрығынан жоғары асып, денесін кере, басын жерге қаққан қазыққа байлайды екен де, қасына тізерлей отырып, көзіне көзін қадап ап, түсініксіз бірдемелерді алқымы кепкен түрде міңгірлей береді екен... Онысының қашан бітері және немен бітері белгісіз... Ол сол міңгірлеуімен кешке шейін міңгірледі. Қасына мені және әкемді отырғызып қойды да, өзге адамдардың бәрін қуып шықты. Бізге айтқаны: «үн шығармандар, әсіресе, менің атымды айта көрмендер».

Ишан осылай міңгірлеп отырғанда, жылан уыты денеме тараған мен ісініп те болдым. Жүрегім де сол кезде қысып кетті. Содан кейін талмаусырағанымды білмей де қаппын. Білгенім: аузыма әлденені әлдекім, құйды, мен оны қақала-шашала жұттым...

Артынан есім кірген соң білсем, әлгі жыланның сорпасы екен. Әкемнің айтуынша, біраз арбасқаннан кейін ишан да ісіне бастаған, жылан да ісініп, денесі қысқара бастаған... «Ал көзіңді жұм!» деген ишан әкеме, сол уақытта әкем көзін тарс жұмған. Сол кезде үзілген қайыстай бірдеме шырт ете қалған. «Енді аш көзіңді!» деген ишан әкеме. Әкем көзін ашса, балтамен шапқандай жылан нақ белуардан екіге бөлінген екен... «Оқумен бөлдім» деген ишан. Содан кейін «ба-

ланның емі — осы жыланның сорпасы мен еті» деп, бөлшегін тас құманға салып тез қайнаттырған да, сорпасын ішуге дәрменім жоқ менің аузыма қасықпен құйған. Содан кейін аздап есім кіріп, денемнің ісігі біртіндей қайта бастағанда, жыланның етін жеп, сорпасын ішіп тауысқан шақта, жазылып та кеткем...

8. ТОПАЛАҢДАҒЫ ТОЙ

Сыр бойының сықын көрген шешем, әкеме:

— Ел іші пәле-жаладан тишығыпты деп жүрсің ғой, бұнда не қыламыз отырып? Одан да аш болайық, тоқ болайық, елде болайық,— деп қыңқылдай берді. Әкем оған алғаш:

— Көрмеген ел ме еді?.. Сағынатын кімің бар еді?..— деген сияқты жылдыртпалы сөздерді айтып жүріп, бір сәтте,— кеше ғана Торғайдан жуық арада шыққан кісіні көрдім, ондағы құрғақшылық бұдан да жаман дейді, малдары қазірден-ақ көтерем болып жатыр дейді, егін сеппейтінін білесің ол елдің, алыстағы қалаларда бір пұт тарының құны не бес қой, не бір сиыр дейді, ақшаға ешнәрсе сатпайды дейді, қалай сатады ақшаға? Қонетоз көйлекті базарда мың сомға бермейтінін осында да көріп жүрсің. Қалай көшіп барасың елге осындай шақта? Барып көрші, кеше тоқ кезінде тонап алуға тартынбағандар, бүгін аш кезінде тірідей талап жесін!..

Бұл сөздер көкейіне қона бастаған шешемді шегелей түскісі келгендей, әкем жадыраңқы сөздерін айтады:

— Бұрынғы дәулетіміз қайтып келмеді демесек,— дейді ол,— құдайға шүкір, мұнда да жаман тұрып жатқамыз жоқ. «Жегеніміз — май, ішкеніміз — шай» дегендей, дастарқанымыз бұрынғыдан кеміген жоқ. Осындай жай-күйімізді тастап, босқа қопарылмайық: «Әліптің артын бақ» дегендей, бұл заманның арты неге соғарын, орнықты жерде байқай тұрайық.

Шешем бұл сөздерге көнген қалпын көрсетеді...

Мезгіл күзге тақала, Сыр бойының да халі қиындады. Аштан босқандар, қайыр сұрағандар көбейіп кетті. Осы кезде әкемнің тағы бір «көрегендігі» байқала қалды: жыл басында екі қызын бірдей сатқан әкем, қалың малына өзгені емес, мата я басқа өлі бұйымдарды алғанын білесіздер. Сонда үй-іші «қайтесің бұ-

ларды?» деп күңкілдесе, «асықпандар,— дейтін әкем,— әліптің артын бағыңдар!»

Ол бұйымдарды әкем өзгелер түгіл, үй ішіндегі шешем, Текебай, мен — үшеуміздің басқа Қайрақбайға ғана көрсетіп, өзге жан адамға сездірмей, там ішіне соққан пештің астындағы ұраға[1] тығып, бетін белгісіз нәрсемен жауып тастаған. Қорадан қырға шыққан шағымызда, әкем тамға күн сайын келіп, ұраны байқаусыз бақылап кететін. Орынбор, Тәшкен сияқты жерлерге барып қайтқанда матаның ұрадағы бірлі-жарымды тобын жасырып қана шығарып алатын да, ескілеу чемоданның ішіне салған көйлек-көншегінің астына тастап, барған жерінде орындап келетін. Онда да ақшаға сатпай, жақасы, көнетозы аралас киімдер алып кеп ұраға тығып қоятын.

Жаз ортасында қырдан қораға көшіп келгеннен кейін біздің осы ұра кеңіді. Түннің ауыл тегісімен ұйқтап қалатын бір шағында Қайрақбай мен Текебай пеш астындағы ұраны ашты да, ішіндегі нәрселерін шығарып, ұраның түкпірін көлбей, терең апан қазды. Үйдегі маған тетелес екі апам бар, мен, әкем шешем бар — бесеуміз апаннан шығарылған балшықты екі зембілмен[2] кезек тасып, былтыр тамның кірпішін соққан қора сыртындағы терең шұқырға құлата бердік. Апанды қазар алдында:

— Балалар,— деп сақтандырды бізді әкем, қаһарлы кескінмен саусағын безеп,— қазір біз пеш астындағы ұраны кеңітеміз. Неге үйтетінімізде жұмыстарың болмасын, жан адамға тістеріңнен шығарушы болмаңдар!

Текебайға, маған, Қайрақбайға сенетін әкем қыздарына сенбегендей, «бұларың қалай еді?» дегендей кескінмен, оларға бір, шешеме бір зілдене қарап қойды.

— Айтпайды! — деді шешем, әкемнің іштегі ойын көзқарасынан жобалағандай,— айтып көрсін,— деді ол қыздарға тесірейе қарап, әдетіне айналған бейпіл сөздерінің шет жағасын шығарып қойып,— не көрсетер екем мен, ол бетпақтарға!..

Шешемнің адырая қарауынан зәресі кеткен қыздар, «ар жағын айтпай-ақ қой, түсіндік!» дегендей, көздері жаутаңдап бұға түсті. Өйтпегенде қайтсін: жас күнінен ерінен қорлық көріп өсуінен бе, әлде табиғат бойына

---

[1] Астық я басқа мүліктерді сақтайтын шұқыр.

[2] Ішіне ауырлық толтырып, екі жақ тұтқасынан екі кісі қолмен көтеретін сайман.

берген мінез солай ма — «ит ашуын тырнадан алады» дегендей, шешем ызаланған шағында бар ашуын қыздарына төгетін де, оларды шашын жұла, тепкілей сабап, «қатын, бетпақ, байың өліп, бақытың күйсін...» деп, кейде одан да жаман сөздерді айтып өлтіре жаздайтын. Осы мінезін білетін қыздар, оның алдында құрдай жорғалап, не істе дегенін қасының қағуы мен көзінің қарауынан аңғаратын, айтқанын бұлжытпай орындайтын...

Ұраны алғаш қазғанда шешем екі қызды әлдеқайда жіберіп, қалай қазылғанын көрсетпеген еді. Енді ұраны ашарда шешем тағы да сөйтпек болып еді:

— Отыра берсін,— деді әкем,— естері кірген балалар, «айтпа» деген соң айтпас. Және жұмыска да керек болады олар.

Ұра түкпіріндегі апан бір түнде емес, бірнеше түнде қазылды. Және үнемі ауыл ұйқтаған шақта ғана қазылды. Және бір ғана апан болмай, арғы түбі түлкінің іні сияқты тарамдана бытырап, ішін-ара айқыш-ұйқыш қосылып жатты... Мұншама балшықты қазу, сыртқа шығарып шұқырға төгу, ол балшық жұрт көзіне түспеу үшін, үстін әр күн сайын қоқыспен жауып тастау аз күшке түскен жоқ. Бұл жұмыста екі қыз да көп күш көрсетті. Не істеп жатқанымызды жұртқа білдірмейміз дегенмен, ұйқымыз бөлінуден қатқан қабағымызды байқап, көрші-қолаңдар «бұларың не?» деп сұрайды. Біз «іштеңе жоқ» деп танған, сыр бермеген боламыз...

Әкем «енді жетеді» дегенше, беті тағы да белгісіз жабылған ұраның, оның түкпірінде қазылған апандардың неге керек болғаны кешікпей-ақ мәлім болды. Біздің үйге түннің белгісіз шақтарында әлдекімдер келіп, бірнеше қап астық әкеп тастайды да, ұрадағы матадан, киім-кешектен, тағы басқа бұйымдардан алып кетеді. Олардың да кім екенін тез арада біліп алдым. Ақмешітте «Жындылар үйі» және «Жетім балалар үйі» деген ұйымдар бар екен, сол екі үйдің де Қармақшы темір жол станциясында азық-түлік даярлайтын орындары болады екен. Әкем осы екі орынның да бастықтарымен таныс боп ұраға тыққан нәрселерін соларға сатады екен де, ақысына тез бүлінбейтін азық-түліктерді және әртүрлі дақылдардың ұрығын алады екен. Ол осы әдіспен, қыс түскенге дейін матаның да көбін өткізіп болды, апандарына астықты да толтырып болды...

— Мұншама астықты қайтесің? — деген шешеме:

— «Шашы ұзын, ақылы қысқа деген әйелсің-ау,— деп күледі әкем-— астықтың әрбір дәні түйір алтын болғалы келе жатқанын абайламай жүрмісің? Аман-дық болса көрерсің, осы астықпен осы елдің бар ырысын жинап аламыз.

Онысы рас та боптьі. Бірақ қалайша рас болғанын көре алған жоқпын. Оған себеп: күздің басынан-ақ ашығып ісіп-кепкен, қайыр сұрап шұбырған адам ел ішінде көбейіп кетті де, оларды көргім келмеген мені, әкем қыстың басында Ақмешіт қаласындағы «Жетім балалар коммунасы» аталатын үйге апарып орналастырмақ боп аттанды.

«Коммуна» дегеннің не сөз екенін мен ол кезде білмеймін. «Жетім балалар» деген сөз маған түсінікті. Ақмешітке келе, алғашқы сөздің жайын сұрасам, «Бірлесіп өмір сүру» деген мағнада екен. Сонда, егер мен, «жетім балалар коммунасына барсам, жетім балалармен бірлесіп өмір сүретін болам ғой? Өйтетін мен жетім баламын ба?..»

Ақмешітте біз Аралбаевтың үйіне келіп түскен едік. Әкем оған:

— Мына баланы өзің әкел деген оқуға әкеп отырмын, шырағым; балам ол оқудың «жетім балалар үшін» деген атынан шошиды. Мен жөндеп түсіндіре алған жоқпын. Соны өзің түсіндірші!— деді. Шүңірек кішкене қара көзін күлімсіретe, қалың қабағын ойнақшыта маған қарап алған ол, сөздерін жалпақ және сирек біткен тістерінің арасынан шашырата шығарып:

— «Адам болатын бала ма?» деген дәмем бар, шырағым, сенен; «сөз ұға ма?» деп те ойлап қалғам үйінде болғанда...— деп келе жатыр еді.

— Өзіміз де солай ойлаймыз,— деп қойды әкем, масаттанғандай, отырған орнынан көтеріліңкірей қозғалып, тамағын кенеп қойып.

— Ендеше, тында, шырағым! — деді Аралбаев сөзін жалғастырып.— Сөз түсінікті болу үшін, «Коммуна» демей, «үй деп қана алайық, яғни,— «Жетім балалар үйі» деп атайық. Бірақ аты солай болғанмен, заты олай емес бұл үйдің. Бұнда қазір төрт жүз елудей бала тәрбиеленеді, солардың ең көп болса, елуі ғана жетімдер, я кәріп-қасардың балалары болар, өзгелері ауқаттылардың балалары...

— Неге? — дедім мен Аралбаевтың сөзін бөліп.

— Мынауың қызық бала ғой! — деп Аралбаев, әкеме қарап күліп...

— Түсіндірсең түсінеді ғой, шырағым,— деді әкем, менің сөзімді ұнатпай қалған кескінмен.

— Түсіндірудің орнына, балаңа ұрысқалы отырмын,— деді Аралбаев.— Сен, шырағым,— деді ол маған енді қалың қабағын түйе, кішкене көздерін, су құйылған інінен жылтырай шығып келе жатқан жылаңның көздеріндей тесірейте қадап,— Совет өкіметінің байды жек көретінін білемісің?

— Білем,— дедім мен.

— Ендеше, байдың өзін жақсы көрмейтін ол, баласын жақсы көре ме?

— Мен үндемедім. Не деп үндеудің ретін білмедім.

— Жек көреді! — деді ол, қоңырқай түсті, жіңішкілеу, буындарының үстіне шоқтала қап-қара қыл өскен оң қолының үстік саусағын, өңменімнен ататын мылтықтың ұңғысындай сорайта ұсынып,— мына сен сияқты әрі байды, әрі аталықтың балалары, біраз жылдан кейін оқу орындарының есігін ашпақ түгіл, қорасының маңайына да жолай алмайды...

— Рас! — деп қойды әкем күрсініп.

— Ендеше, қазір оқуға кіруіңе жағдай бар шақта оқып қалуың керек, бала!.. «Бай дегенмен, менен бай емес сенің әкең.

— Бұл жігіттің туыстарындай бай, біздің бүкіл Торғай уезінде жоқ,— деп қойды әкем.

— Сондай шаруам бола тұра, мен де осы «Коммуна» аталатын оқу орнына екі інімді орналастырдым... Осындайлар толып жатыр онда. Әлгінде айттым ғой, «төрт жүз елу баланың көп болса елуі ғана жетімдер және кедейдің балалары» деп. Өзге төрт жүзінің ең кедейінің әкесі дәулет жағынан сенің әкеңе таласа алады!..

— Түсініктi! — деді әкем.— Ендігі сөздің керегі жоқ. Бар да орналас, балам!..

Коммунаға барып орналассам — Сырдың жағасында, қалың жемісті, кең бақшасының ішіне салынған, атақты өзбек байының үлкен, көркем үйі екен. Жанды-жақты бұл байдың ұлдары да көп болып, үйлендіргеніне, осы бақшаның әр тұсынан сәнді үйлерді салдыра беріпті. Саудагерлік және диқаншылық кесібінде, берген борышына, аттының атын, жаяудың таяғын

сыпырып алатын бұл қанағыш, революция жылдары «Қоқанд автономиясы» аталатын Орта Азия байларының уақытша өкіметінде қызмет атқарып, Совет өкіметімен күресудің қалың ортасында жүріпті де, «автономия» құлағанда шет елдердің біреуіне қашыпты. Совет өкіметінің қарамағына көшкен үйінде, мен орналасқан коммуна, жиырмасыншы жылдың басынан ұйымдасыпты.

Аты «балалар үйі» болғанымен, мұнда орналасқан балалардың арты үш-төрт жастағы тіпті кішкенелер болса, алды бойжеткен қыздар мен ересек боп қалған бозбалалар!.. «Жетімдер» дегені және «кәріп-қасырлардың балалары» дегендері ұсақтары екен де, оқу жасына жарағаннан жоғарғылары түгелімен ауқаттылардың балалары екен... Коммунада тамақ та, киім де, жатақ үй де, төсек-орын да қазнадан және жетерліктей мол. Сондай жағдайда оқитын ауқаттылардың балалары, коммунаның тамағы мен киімін менсінбей, үйлерінен алдырады, мектептен тысқа шықса өздерінің сәнді киімдерін киеді.

Сабақ жағына келгенде, ересек балалардың ішінде, мендей сауатсыздары да көп екен. Оларға жеке класс ашылған екен, емен іштеріне қосыла кеттім. Оқуымыз алғашқы күннен-ақ жақсы жүре бастады. Өйтпегенде ше? — Ересек балаларға бастауыш кластардың сабағында не ауырлық бар?.. Тәжірибесі зор оқытушымыздың біраздан кейін айтуынша, бірен-саран топастары болмаса, біздің класс бұл бетімен, «бастауыш білім» аталатын төрт кластың оқуын осы қыста тәмамдап кете алады...

Тұрмыс та, оқу да осындай жақсы болғанымен, оқуымның жақсы баруына қуана отыра, күн көріс жайын ойлағанда мен іштей қатты азаптанам. Өйтпегенде ше?.. Былай да күн көріп, оқу оқырға мүмкіндігі толық ауқаттылар мен байлардың балалары «жетім балалар үйінде» қазна есебіне оқып, «қағанағы — қарқ, сағанағы — сарқ» боп жатқанда, осы үйде тәрбиеленуге хақы олардан әлдеқайда артық шын жетімдер мен шын аш-арықтың балалары көшелерде шұбырып қайыр сұрап жүр... көбі аштықтан ісіп-кеуіп жүр... енді біреулері әр жерде өліп жатыр!..

Нашар шаруалардың балалары ғана бүйтіп жүрген жоқ, өздерінің ашаршылықтан соры қайнап, балалары ұшыраған бақытсыздыққа өздері де душар боп жүр...

Қалада «аштарға жәрдем беретін ұйымдар бар» деседі, одан аштардың басым көпшілігіне тиіп жатқан пайда жоқ. Коммунада жетімдерге деген жәрдемді ауқатылардың балалары — біздің пайдалануымыз сияқты, «аштарға жәрдем комитетінен үкімет тарапынан берілетін азық-түлікті Аралбаев сияқтылар жеп жатқанын көзіммен көріп жүрмін. Сонда ойыма келетіні: «Бұл не сұмдық?!.. Бұған тыйым бола ма, жоқ па?!»

Тыйым болмайтын сияқтанып жүрген шақта, қыс аяғы жақындай, «Тәшкеннен комиссия кеп қапты!» деген хабар дүңк ете түсті. «Олар аштарға берілген жәрдемнің жұмсалуын тексере келіпті!» деген хабар жалғасты оған. «Коммунаны да тексеретін түрлері бар» деп абыржуға айналды бір кезде біздің бастықтар. «Бізді тексеретін топтың бастығы — Ғани Мұратбаев екен деп сыбырласа бастады балалар...

Бұл есім бізге бұрыннан да таныс болатын. Хат танып, оқулық кітаптармен қатар «Ақ жол», «Жас қайрат» сияқты газеттерді де оқитын біз, олардың әсіресе, «Жас қайраттың» бетінен Ғанидың да мақалаларын кездестіретінбіз. Сонда ол «байлар», «манаптар», «алашордашылар» деген адамдарға өшіге, тілін түйрей жазып, Совет өкіметіне оларды жау адам ғып көрсететін. «Бұл өзі кім екен?» деп сұрастырып, өмірбаянынан да аздап мәлімет естігеміз: тақыр кедейдің үйінде туып, жетім боп өскен ол, қазір он сегіз жаста... Қызметі — Түркстан республикасындағы коммунист жастардың Орталық комитетінің бірінші бастығы...

Осы адам біздің коммунаны тексеруге келеді деген соң, көруге асыққан адамның біреуі мен болдым. Оныма бірінші себеп — жастай атағы шыққан адамның кескін-кейпі, түр-тұлғасы қандайлығын байқау болса, екінші себеп — «коммунада жүріп жатқан былыққа қалай қарар екен?»

Комиссия келердің алдында, бастықтарымыз барлық кластың балаларын да коммуна берген бір түсті костюммен киіндіріп, белдерін жез алақанды жалпақ қайыс белбеумен буындырып, мектептің ұзын, кең коридорына жүйе-жүйесімен қаз-қатар қақшита тұрғызып қатырып қойды. Оқу жұмысын меңгерушінің айтуынша, қонақтарды коммуна бастығы ертіп келеді де, олар есіктен кіре бергенде, «тиыштал!» деген команда болады. Бәріміз де сонда қақшия ғап, егер қонақ сәлемдессе, бір ауыздан «сәлем!» десеміз.

Қатарға тұрғызған шақта, өзгелерді білмеймін, өз жүрегім әлденеге кеудеме сыймастық болып тулай қалды. Сондай халде тұрып, қонақтардың мектепке кіргенін аңғармай да қаппын. Дүрсілдеген жүрегіммен алысып бейғам тұрған шақта, «тыштал!» деген дауыс саңқ ете түсті. Селк ете түсіп, сол жағымдағы есікке көз қырын тастасам, көлеңкелеу коридормен төрт-бес ересек кісі бері қарай келе жатыр... Балаларда да үн жоқ, оларда да үн жоқ... Енді ғана бойымды жинаған мен, ішімнен: «Бізге де тоқырамай, өтіп кеткей-ақ та!» деп тілеп тұрмын. Егер тоқыраса, көздеріне ең алдымен мен түсем, өйткені: — «Сен бойшаңдаусың және көріктісің» деп, мұғалім мені біздің қластағы балалардың сол жақ шетіне тұрғызған.

«Абайсыз өтіп кетсін» деген оймен, қонақтар жақындаған шақта көзімді төмен түсіріп қойып ем, онымды аңғарып қап, әдейі ерегіскендей, нақ алдыма келіп тұра қалысты. Басымды амалсыздан көтерсем, қарсы алдымда бірнеше кісі тұр: нақ алдымда тұрғаны биіктеу бойлы, талдырмаш денелі, дударланған қара бұйра шашы бұрқырай маңдайына төнген, ойнақы өткір қара көзді, қырлылау кішірек мұрынды, жоғарғы ерніне болашақ қара мұрттың жұқалау ғана қырбығы білінген, ақсұр кескінді жас жігіт; оның оңында тұрғаны — тауы көтеріңкілеу, жоғарғы ерніне ұшын ернінің жиегімен тегістеген қара мұрт қойған қырлылау келген мұрынның танау жағы көтеріңкілеу, сидамдау бойлы, түсі қарақоңыр, жастау жігіт; сол жағында сиректеу сары мұртты, шапыраштау көзді, толықшалау орта бойлы, сарғылт өнді біреу тұр...

Басқаларына қарап үлгермей, қарсы алдымдағы аққұба жас жігіт, маған:

— Атың кім, бала?— деген сұрау беріп қалды. Мен оның сұрауына жауап беріп үлгермей:

— Ғани Мұратбаев деген ағаң осы жолдас! — деп қалды оның оң жағында тұрған коммуна бастығы. Ол «мынау ағаң» деп қарақоңыр адамды таныстырмақ болып еді:

— Қоя тұрыңыз,— деді Ғани оған,— балаларға бәрімізді таныстырудың қажеті жоқ. Мына балаға бір сұрауым бар, соған бөгет жасамаңыз. Сонымен атың кім, бала?

— Бүркіт!

— Жақсы ат екен. Фамилияң?

— Жәутіков! — дедім мен күмілжіңкіреп.

— Неге күмілжисің, әлде, байдың баласымысың? Үндемедім.

— Жасырма,— деді Ғани,— расынды айт! Жасырғанымен білеміз, бәрібір!.. Адалынды айт: тым сорлының баласы сияқты көрінбейсің. Солай ма.

— Солай! — дедім мен, бойым үйреніңкірегенін істеп, батылдық қалпыма бағып.

— Бұнда байдың балалары көп екені мәлім,— деді Ғани маған,— сен де солардың бірі боларсың деп жобалап едім, дұрысқа шықты ғой болжалым. Қайталап сұрайын: рас қой, бай баласы екенің?..

Тәкаппарлығым ұстады ма, шынымды айтқым келді ме,— қайсысы екені есімде жоқ:

— Рас! — дедім тағы да.

— Естіп тұрсыз ба, Сұлтеке, мына баланың сөзін? — деді Ғани, қасындағы қара мұртқа.

— Естіп тұрмын,— деді ол, салқын түсін өзгертпестен.

— Қарағым, көңілің таза бала екенсің, — деді Ғани маған.— Адалынды айтқаныңа рахмет. Осыңнан таймасаң, совет адамы болып та кетуің мүмкін.

— Ал, енді басқаларынан сұрап көрсек қайтеді? — деді Ғани «Сұлтеке» деген адамға.

— Қалай тауысасың бәрінен бірдей сұрап? — деді ол ұнатпаған қабақпен.— Кеңседен алмаймыз ба, керекті мәліметті?

— Қайтеміз, одан алып?.. Және байдың балаларын алып отырған ол бізге шынын айта ма? Одан да балалардың өздерінен сұрайық...

— Олардың шынын айтатынын қайдан білдің?

— Іздеген жібіміздің бір ұшығын дәл тауып тұрған жоқпыз ба? — деді, «Сұлтекесіне» күлімсірей қараған Ғани қолымен мені нұсқап,— жанына тап тартысының кіршігі әлі жұқпағандығын істеп, адалын айтып тұр бұл бала. Түбінде байлардан совет өкіметіне тілектестер шықса осындайлардан шығады. Өзге байлардың балалары шынын айтсын мейлі, айтпасын мейлі, ұшығы табылған жіптің ар жағын да суырып ала аламыз. Меніңше, әкелері өтірік айтқанмен, бірен-саран тіскаққан тәсілқой ересектері ғана болмаса, ар-ұяттары кірленбеген сәбилердің көбі шынын айтады.

Ғани қаз-қатар сапқа тұрған балалардың екі жағына да қарап ап:

— Ал, балалар, «жетіммін», «панасызбын» дегендерің қолдарыңды көтеріңдер,— деді.

Жан-жағыма қарасам, әр кластан азғантай ғана бала көтеріпті. Өзгелері тым-тырыс.

— Көріп тұрсыз ба, Сұлтеке? — деді Ғани.

— Танымайтын адамдар келіп «қол көтер!» деп жатса, әрине, қорғалайды,— деді Сұлтекесі.

— Жатырқаудан емес,— деді Ғани күліп,— өтірік айтып үйренбеген жас балалардың шындыққа қарсы тұра алмауынан. «Осылардың дені байдың, я ауқаттының баласы» деген сөз рас. Қолдарын көтермей тұрғандар,— солар!.. Солай ма, бала? — деді Ғани маған.

— Солай!

— Енді менің сұрауым жоқ,— деді Ғани «Сұлтекесіне»,— мен үшін мәселе жалпы түрінде түсінікті. Ендігі мәселе, жеке баланың қайдан келуін анықтау ғана. Егер сіздің жұмысыңыз болмаса, қалған сөзді комиссияда кеңесейік.

— Мақұл,— дей салды «Сұлтекесі» солғын үнмен.

Олар кете, коммунаның бастығы мен оқу жұмысын меңгеруші мені оңаша бөлмеге алып барды да, «не істедің сен?» деп, жатты да ұрысты. «Не істедім?» деген ойдағы мен тіл қайырмай, үн-түнсіз тұрдым да алдым. Ұрысқан сөздері өтпейтінін көрген олар қосарлана сөйлеп:

— Осы қылығыңмен мектептен шығарып жіберсек қайтесің? — деп қорқытты.

— Қорқытпаныздар,— дедім мен оларға, сабырлы дауыспен,— шығармасаңыздар да кетем!..

Ертеңіне поезға мініп үйге кеттім де қалдым. Оным жақсы болған екен: артынан естісем, «байдың баласы» дегендердің бәрі коммунадан шығарылып, орнына шын панасыздар алыныпты...

Мен болмаған бірнеше айда үй ішімізде недәуір өзгеріс болып қалған екен. Ең елеулі өзгеріс — Текебайдың үйленуі. Оны маған қыс ортасы ауып бара жатқан шақта, Ақмешітке келіп кеткен әкем айтқан. Сонда мен оның бір сөзінен қатты шошып қалғам.

— Ойға, қырға ауытқи көшеміз,— деген әкем маған, үй ішіндегі жабдықтарды кеңес қып отырып.— Текебайды үйлендіре алмаған ем. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дегендей, жасы жиырмадан асып бара жатқан сол баланы аяқтандырып жіберу арма-

ным еді. Осы арманыма жуырда жеттім, үйге бір шүйке басты кіргіздім.

— Қайырлы болсын,— дедім мен, ауыл әдетімен.

— Әмин!.. Алладан болсын!

— Қайда құда болдыңдар!

— «Құда» дейтін құдамыз жоқ...

— Неге? — дедім мен еленделп.

— Былайша сәті келе кетті,— деді әкем күмілжіңкіреп.

— Қалайша?

— Не көп, қайыршы көп емес пе елде?..

— Иә?!..

— Қайыр сұраған бір пақырлар үйге келе қалды...

Не сұмдықтың болғанын жорамалдағандай, бар қаным басыма атып шығып, миым дуылдай бастаған мен:

— Сонан соң?! — дедім әкеме...

— Ерлі-байлы адам екен... Басы-көздері жалқаяқтанып іскен екен... Қастарында бойжетіп қалған қызы бар екен... Бүлдіршіндей әп-әдемі бала, бірақ киімдері жыртық, жалаңаяқ, жалаңбас, үсті-басы кір, бет-аузы күлтілдеп іскен...

— Иә, сонымен? — дедім мен, әңгіменің артын білуге асығып.

— Әлгі пақырларға жарты пұт тары бердім де, қызын алып қалдым...

— Кімнің есебінде?..

— Ақмақ бала, түсінбей отырмысың? — деді әкем бетіме қарап...

— Түсінбей отырғаным рас.

— Бала қылуға алды деп отырмысың мені?

— Енді қайтуге?

— Текебайға атастырдым!

— Жасы нешеде? — дедім мен жүрегім лүпілдеп.

— Ер жетіп қалған қыз...

— Сонда да?..

— Барғанда көрерсің.

Әкемнің жалтақтай жауап беруінен бұл арада бір сұмдықтың барын шамаладым да, бара көрермін деп, ар жағын қазбаламадым. Әкеме тек қана айтқаным:

— Жарты пұт тарыға келін сатып алуға намыстанған жоқсың ба?

— Несі намыс оның? Совет заманында бір тиын төлемей де алып жатқандар бар!..

— Ол бір басқа нәрсе ғой! — дедім мен күрсініп.

— Күрсінбе, балам,— деді әкем, ұнатпаған қабақ-

пен,— мен алып қалмасам, ол қыз ендігі аштан өлер еді. «Жарты пұт тары» дегеннің қазіргі заманда құны қанша екенін білесің бе? Дыңдай ірі қара!.. Әке-шешесінің тақиясына тар келіп жатқан жоқ ол!..

Осы әңгімеден кейін көруге құмартқан қызды Қайрақбайдың әйелі — Қатира көрсетті. Ақмешіттен келген мені есік алдында қарсы алушылар ішінде ол да тұр екен. Қазақтың «жеңге» дегені, «қайын-іні» аталатындардың онымен ойнауы қызық қой. Бұл ойынның ішінде сыпайысы да, тұрпайысы да болады. Өзімді «ата баласы» санайтын мен, біздің үйге он алтыншы жылы он алты жасында келіншек боп түскен Қатирамен, кішкене күнімнен тұрпайы ойнап, айтпайтын боғауызым, жасамайтын қылығым болмайтын. Ол да маған соны істейтін. Егер екеуміз оңаша кездесе қалсақ, аузымызға келгенді оттап, жарбаң-жұрбаң алысатын да жататынбыз... Жас күнімізден осындай тату болып өскен біз, аз күн көріспесек сағынысып қап құшақтасып амандасатынбыз. Ол өзі, талдырмаш кішкене денелі, қарақоңыр кескінді, бірсыдырғы сұлу өңді, сапылдаған сөзуар, жүрісі бедеу байталдай шапшаң, ойнақы адам болатын.

Бұл жолы да екеуміз төске төс тақасып көріскеннен кейін:

— Ал, Салт-жігіт,[1]— деді маған, көптен оңашалана беріп, кішкене қара көзін ойнақшыта, күлімсірей қарап, нәзік, ұзын саусақты алақанын жая, қолын созып, көрімдік әкел!

— Не үшін?

— Жеңгелі болған жоқпысың, оқуда жүргенде?

— Ә-ә!.. Қалағаныңды ал!

Аузына ыңғайсыз бірдеме келіп қалғандай болған ол, жан-жағына қарады да, айтар сөзін қайтара жұтқандай:

— Онда, жүр үйге! — деді. Қатирамен екеуміздің сыбырымызды естімей-ақ ұққандай, өгзелер сыртта кідіріп қалды.

Үйге кірсек, оң жақта шешемнің өзім білетін көнетоз, қарашұбар шыт шымылдығы құрулы тұр.

— Көрімдік бермесең ашпаймын,— деді Қатира, шымылдықтың қасына барып.

— Аласың ғой,— дедім мен.— Әуелі көрейік те.

— О да болсын! — деп жымың етіп, Қатира шымылдықты ашса, үстінде ескі киімдері бар, басында етегі

[1]) Қатира мен кішкене күнімнен солай атайтын. Б.

бетін жапқан жөнсу қоңыр шәлісі бар, тұлғасына қарағанда оннан аз-ақ асқан дерлік қуыршақ тұр!..

— Міне жеңгең! — деп Қатира қуыршақтың бетін ашып қалғанда, шошып кеттім: бойы шынашағымдайақ, ап-арық, кіп-кішкене бірдеме!.. Өзі «үріп ауызға салғандай» дерлік, мөлдіреген сұлу қыз екен...

— Астапыралда! — деппін, шошып кеткендіктен.

— Иә, қайным? — деді Қатира, менің тұрпайы шыққан даусыма қайран қалғандай.

— Осы ма, «келіншек» дегендерің?!..

— Несі бар, келіншек болса?.. Өзіміз де осыдан азақ қалқыңқы кезде түсіп, өлмей-ақ адам боп кеткеміз!..

Бұл тақырыпта одан әрі кеңесуге, сыртта тұрып қалғандар үйге кіре бастады. Ішінде әкем де бар. Шымылдық қайта түсірілді. Әлгінде көрмеген біреулер жамырай амандасып жатқан шақта, әкеме жақындадым да:

— Далаға шығып кетші, ағеке! — дедім.

Тысқа шыққан әкемді қораның түкпір жағына алып бардым да:

— Ағеке, сенде бір қолқам бар! — дедім.

— Айт! — деді әкем, кескініме таңдана қарап.

— Анау «келін» деген қуыршағыңды бүгіннен қалдырмай апарып таста!

— Қайда?

— Қармақшыдағы жетім балалар үйіне!

— Неге?!

— «Неге» екенін қайтесің, ағеке!.. Егер апарып тастамадың бар ғой, бұл үйден мен қазір кетем!..

— Қайда кетесің?

— Оны өзім білем...

— Не деп тұрсың, балам?!

— Айтқанымды істемесең, мен саған бала емеспін!..

— Ойланып айтып тұрған сөзің бе, балам? — деді әкем сұрланып.

— Өзің айтатын едің ғой, ағеке, «құдай біздің тұқымға өзгені осал берсе де, қаттылықты мықтап берді» деп. Айтқаным айтқан, ағеке, не менімен боласың, не келінмен боласың!..

— Неге сонда?..

— Қаршадай кіп-кішкене баланы, әуелі жарты пұт тарыға сатып алуға ұялсаң еді, ағеке! — дедім мен, қанша қатайып тұрмын дегенмен, балалығыма бағып, жыламсырап,— осынша арзан бағаға, өзгеге емес, туған балаңа қатын әперуге ұялсаң едің!..

— Балам!!.— деген даусы ащырақ шыққан әкем ашу қысқандай дірілдеп кетіп, сөзінің ар жағын айта алмай қалды. Сол кезде кескініне қарасам, аузы сол жағына қарай қисая ғап, бетінің бұлшық еттері, қазанда бұрқылдай қайнаған құрттың бетіндей бүлкілдей қалған екен. Былай да шекесіне қарай көтеріңкі біткен көз құйрығы, шағуға ыңғайланған шаянның құйрығындай қайқайып апты. Қолдарына қарасам, қаусырмалай көтерген құшағының басындағы жұдырықтары тастай боп домалана қойыпты...

Бұл бейнесіне қарағанда, әкемнің мені ұстай ап, мелжемдеп сабағысы келген болу керек. Бірақ ашу буған ақылы тез шешіліп, тарпа бассалуға мен аяды ма, немене:

— Жоғал! — деді ақырып, қолын беталды құладүзге сілтеп.

Мен үн-түнсіз жөнеле беріп ем:

— Тоқта! — деді тағы да ақырып.

Тоқтадым.

— Тілімді қайтармаған сен ғана қалып ең,— деді ол түйіліп кеп,— енді сен де сөйтейін дедің бе?

— Айтқаным айтқан,— дедім мен, жасқа булығып,— қызды Қармақшының детдомына апарып орналастырмадың бар ғой, ағеке, мен бұл үйде тұрмаймын,

— Қайда барасың, сонда?

— Оны өзім білем...

Енді ғана қажығандай болған әкем:

— Егер екеуіңді де жібермесем қайтесің? — деді бәсеңсіп.

— Байлап ұстаймысың сонда? Бәрібір кетем. Кете алмасам, не суға кетуге, не асылып өлуге бейілмін.

— Соншама күйінетін неменең еді ол қаншық?

— Қаншық емес адам және жап-жас бала және панасыз. Адам баласын бүйтіп қорлауға болмайды...

— Ім-м-м, «солай болып едім» де, балам! — деп, маған сүзіле қараған әкем ыңыранып аз тұрды да:

— Ол өтінішіңді орындай алмаспын, балам! — деді аржағы сынаптай толқыған сияқтанып, бірақ бойда бар қайратын жинаған боп.

— Ендеше...— дедім де мен жөнеле бердім. Әкем сол орнында тұрып қалды.

Біз отырған ауылдың іргесінен Сыр жағасының қа-

[1]) Мені де солай деп атайтын.

лың қамысы басталатын, ішінен әр тарапқа жол кететін. Соңғы күндерде қар түгел кетіп боп, сазданған жер дегдуге айналған еді, бірақ дарияның мұзы әлі сөгілмеген. Әкемнен бөліне жөнелген мен қамыс арасына кіре, тарам жолдардың біреуіне түсіп, дарияға қарай тартып бара жатыр ем, артымнан аттың дүсірі естілді. Жалт қарасам, шоқытып келе жатқан әкем. Жетуге жақындаған ол «Бөкежан!» деп еді, мен жауап та қатпастан, ілгері қарай тарта бердім. Әкем қасымнан жанай өте берді де, атының басын кілт бұрып, қарғып түсе қалды. Тар жолда тоқырағаң маған:

— Қайда барасың? — деді ол.

— Өзім білем,— дедім мен.

— Ақмақтанба, балам! — деді әкем, әкелік мейірімді даусымен,— қайт үйге!..

— Айтқанымды орындасаң ғана қайтам.

— Байғұс бала-ау, бекерге бусанасың,— деді ол, жұмсақ дауыспен,— бойы шарға болғанмен, жасы он төртке келіп қалған қыз. «Он үште отау иесі демей ме, аталарың? Он үш түгіл, тоғыз, он жасында «қолбала» боп келгендердің талайы жетіліп, қасабалы қатын боп кеткенін көрдік...

— Оның заманы емес қазір...

— Ақмақ балам-ау,— деді әкем еріксіз жымиған боп,— ағаңа төрт-бес ай қатын болған әйел емес пе, ол? Енді не қыл деп жібересің? Шын обал сонда болмай ма?

— Обал болмайды. Детдомға орналастырсақ.

— Қыздың өзі кетпеймін десе ше?

— Сендерден қорықса ғана айтады оны, қорқытпасаңдар айтпайды. Қайда баратынын түсінсе, тартынбақ түгіл, бұйдалы тайлақтай ұшады.

— Ұшпаса ше?

— Осы арбасудың керегі жоқ, әке,— дедім мен кейіп,— «он жасымнан бастап кісіге тізгінімді ұстатпай өстім» демейтін бе едің өзің? Мен он екі жастамын. Азар болса саған тартқаным шығар. Мен енді осы серке міндім, әке. «Таңдауын өзіңе бердім» дедім ғой не қызбен боласың, не менімен боласың!

Сертімнен қайтпауыма сенімі енді ғана бекігендей болған әкем қалшиып аз уақыт тұрып қалды да:

— Болсын, балам! — деді ауыр күрсініп ап,— бірақ бұны жұртқа күлкі болмайтындай ғып істейік.

— Қалай?

— Біз ешқайда орналастырмай-ақ қояйық. Өзі қашып кеткен болсын. Содан кейін қайда барса да мейлі.

— Ол болмайды, ағеке! Қармақшының детдомына не өзің барып сөйлесесің, не мен барып сөйлесемін...

— Мен сөйлесе алмаймын.

— Ендеше, мен-ақ сөйлесейін...

Ертеңіне әкем екеуміз Қармақшыға аттандық та, әкем әлде не сылтаумен қыдырып кетіп, мен детдомға бардым. Бастығы Адамбеков деген қартандау мұғалім екен. Оған келген жайымды айтып ем, «не деген жақсы бала едің!» деп арқамнан қақты да, «келсін, қабылдаймын. Қайдан келгенінде кімнің не ақысы бар. Балалардың арасына сіңіседі де кетеді. Сүйегінде кемігі бар біреу болса, жетілу оп-оңай» деді. Уәде: үшінші күні, ел жата Адамбеков атпен біздің ауылдың қасына келеді де, мен «келіншекті» қолымнан арбасына мінгізіп жіберем.

«Келіншегіміздің» аты — Шынар екен, әкесінің аты — Әділбек. Детдомға бару жайын айтқанымда, ол алғаш, «бармаймын» деп ыршып түсті де, түсіндіре келе көне кетті. Уәделі түнде мен оны өз қолымнан жөнелтіп салдым. Әке-шешемде де иман жоқ: «жатқа олжа болмаймыз» деп, бір ғана жамалған ескі көйлектен басқа киімдерін сыпырып алып қалды.

Жата-жастана байқасам, әкем үйдегі ұраға астықты бекерге тыққан жоқ екен. Қыстай жан адамға сездірмеген бұл астығын, көктем туа, Қайрақбай арқылы әкем жан-жақтағы елге астыртын тарата бастады. Бірақ ақшаға емес, не астыққа, не малға. Астыққа болса — бір пұт дәнге, күздігүні бес пұт алады; малға болса — бір пұт дәнге күз не екі ту қой, немесе, жылқының я сиырдың семіз құнан-құнажыны, я түйенің тайлағы...

Биыл Сырдың жақсы тасуынан үміт қып, шамашарқынша егін сеппек болған, бірақ тұқым таба алмай отырған ел, біздің үйдің астығын, қымбат бағасына қарамай талап әкетті... Әкем олардың бәрінен де ауылнайға растатып «тілхат» алды.

— Бермей кетсе қайтесің? — дегендерге:

— Көрсін, бермей,— деді әкем,— Ақмешіттегі ұлықтарға айтып, көзін желкесінен шығарайын!

Сондағы сенетіні — Аралбаев. Былтырдан бері біздің үймен байланысын үзбеген ол, әнеугүні де келіп кетті. Әкем оның ізін шала, түйеге елеусіз түрде теңеп, бір қап тары, екі қап бидай жіберді...

Астық жайғасып боп шілде басталған шақта, әкем бір күні кешке:

— Ал, бәйбіше,— деді шешеме,— Бөкежан екеуміздің кір-қоңымызды жуып, киім-кешегімізді даярла, аманшылық болса, аз күнде сапар шегеміз.

— Қайда? — деген сұрауға, неге екенін кім білсін, сөзін бөлшектей айтқан әкем:

— Тор-ғай-ға! — деп жауап берді.

— Тор-ғайға?! — деді шешем танданған дауыспен.

— Ие, Торғайға!..

— Неге, көтек-ау?!.

— Әйел ердің жол жайын сұрамайтыны қайда? — деді әкем кейіп.— Босқа қаңғырмайтынымды білесің. Жұмысым болғасын барам да. Неге барғанымды қайтып оралған соң көрерсің.

Әкем көп кешікпей қасына мені және Қайрақбайды алды да, поезбен Орынборға қарай жүріп кетті. Неге екенін кім білсін, үйде үлкен тоқыма қоржын болушы еді, әкем соның бір басына барлық тұрманымен маған арнап жасатқан жеңіл ер-тоқымды, бірнеше ноқтаны, жүгенді және ұзын қыл арқанды салды: еді бір басына, сүр, құрт, ірімшік май сияқты азықтарды салды.

— Шалқар станциясынан түсеміз,— деді ол, поезға міне маған,— содан Ырғызға, одан Торғайға көлікпен кетеміз.

Шалқар станциясында, Ырғыз бен Торғай жағының аштарына жәрдем апаратын, сол елдердің өзінен келген көліктер бар екен. Жүкшілердің ішінде әкемнің таныстары да болып шықты. Жүктері ауыр, көліктері арық болғанмен, ілесе кеткісі келген әкемді олар тастаған жоқ. Жүкке деген көліктің бәрі түйе. Азынаулық ат оларды жетектеп жүру үшін ғана алынған. Арба бұл жолаушыларда атымен жоқ. Арық түйелердің көбі, адамды қоса мінгізу түгіл, артқан азынаулық жүгін әрең көтереді. Сондықтан Ырғыздан шыға берісімен-ақ, бірен-саран кәрі-құртаңы болмаса, былайғылары жаяу жүрді. Басқа амалымыз болмағандықтан біз де сөйттік.

Күннің көзі де сол бір шақта көк жиектен қайнай шығып, ашық аспанның биігінде шақырая лаулады да тұрды. Ондай ыстықта арық көліктер жүре алмайтын болған соң, иелері тек күн бату мен таң атудың арасында ғана ілбіп жүріп отырады да, таң ата, кез кел-

ген жерге түйелерін шөгеріп жата кетеді. Сонда, тым болмаса ыстықта ығына паналарлық бұта болсайшы!.. Ондай іштеңесі жоқ, жап-жазық, тап тақыр дала!.. Ұзақ жолдың бойында бірен-саран бүтін мола кездессе кең сарайға жолыққандай, ішіне тығылған жолаушылар жан-сая табады да қалады... Жердің жағдайын білетін қазекеңдер, тым болмаса, баспана қылар лық күрке ала жүрсейші. Күрке түгіл кигіз де алып шықпаған олар, қайнаған ыстықта, шөккен түйенің көлеңкесінен басқа пана таба алмайды. Күн көкке биіктеген шақта, көлеңке де қысқарып, шақырайған ыстықтың астында шыжиды да жатады. Содан ба, әлде аштықтың табы өтіп кетуден бе, немесе кенеттен ауру киіп кете ме, жолаушылардың ішінен әлдекімдері өліп, оларды көмуге күші жоқ серіктері,— «тәңірінің бұйрығы» дейді де, кез келген шұқырға тастап кетеді... Бізге қарағанда, өзге жолаушылардың жандары сірі сияқты. Өлімнен амандары ілби, ыңырана, боздай, сарң аяңдаған түйелердің ішінде қыбырлайды да отырады. Бұрын бұндай жүріс көрмеген әкемнің алғашқы күндері екі табаны қолдырап, жаяу жүруге жарамай қалды. Танымайтын біреулер — «уақытымыз бар ма, бұған қарайлайтын? Көлігіміз бар ма, мінгізетін?» деп, айдалаға тастап та кеткісі келіп еді, таныстары өйтуге қимай, аяғын басуға жарағанша, тәуірлеу деген түйелерге кезекпен мінгізді. Табаны тәуірленгеннен кейін қайта жаяулады, сөйтіп жүріп үйреніп кетті... «Құғынға құнан ғана шыдайды» дегендей, жаяу жүрген алғашқы күндерде денем салғырт тартқанмен, бірер күннен кейін мен пысып ап, шаршаудың орнына жолшыбай шегіртке аулап, көбелек пен инелік қуып... дегендей ойынды ермек еттім...

Жүкшілердің тамағы жоққа тәндік. Басшылары олардың күнделік сыбағасына бір-ақ тостаған тары береді де оны қатықсыз қара суға қайнатып торсықтарына құйып алған бейбақтар, бұнысы таусылса басқасы жоғын есіне қатты ұстап, «жұтқан жұтамайды» дегендей, күніне бірер мезгіл азғантай ғана татады, өзге уақытта еріндері кезереді де жүреді. Біздің азығымыз өзімізге жеткілікті және дәмді де азық. Ол азығымызды өзгелерге көрсеткісі келмегендей, әкемнің оңаша алып шығып, бөлек жейді. Еріп келе жатқан жолаушыларымыз әкемнің бұл қылығына наразылығын қабақтарымен ғана білдіреді де, көзіне іштеңе айтпайды. Алыстан сұқтанған түрлеріне қарап,

мен кейде «тартып ала ма, әлде өлтіріп тастай ма?» деп те қорқам.

Ең қаты — су. Осынша жалпақ даланы, тәңірімнің судан тартуы-ай!.. Ара-тұра болса да, не бір тұщы көл, не бір тұщы бұлақ, я өзен бітірсейші кең далаға!.. «Өліп-талып таптым» деген көлің — «ит ішпес сор» боп шығады. Бұлақ атымен жоқ. Шалқар мен Торғайдың арасындағы бес жүз шақырымдай керік жерде «Ырғыз», «Торғай» аталатын екі-ақ өзен кездестірдік. Олардың да сулары удай сортаң!..

Шалқар мен Ырғыз арасында, аз да болса, ерсіліқарсылы шұбырған жүргінші кездеседі екен. Ал, әкемнің айтуынша, екі жүз елу шақырымдай болатын Ырғыз бен Торғай арасындағы жазығы мен құмайт белесі аралас келетін жалпақ далада, ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа жан мақлұқ көрінбейді. Бұл екі арада, бұрын «бекет» дейтін түстеніп және қонып аттанарлық үйлер болады екен. Қазір ол үйлердің тұрғын адамдары әлдеқайда кетіп, есіз қора-қопсылары ғана қалған. Өз иелері ме, әлде қаңғырып келген біреулер ме, кейбір қораларда, еті ағып я сасып жатқан үлкенді-кішілі адамдардың қаңқалары жатыр. Есіз қораға жылан-шаян да үйір боп, қаптап кетеді екен. Сондықтан біздің керуен көбінесе ашық жерлерге тоқырайды. Оның сиқы жоғарғыдай. Кейіген шақта әкеме:

— Ағеке, бізді осы жолға не сор айдады? — десем, үйде де, үйден шыққалы да айтпаған сырын әкем онашада енді ғана ақтарып:

— «Ағайын ащы, мал тұщы» дегендей, бәрі бір малдың қамы да, балам! — дейді.

— Қайдағы мал? — десем:

— Шыңғыстаудағы нағашыңнан хабар келген,— дейді әкем,— Семей, Ақмола гүбірналарының қазақтары биыл да тоқ көрінеді. Олар «Торғайдың аштарына» деп, малдан жылу жинап, Торғайға қарай айдап шыққан көрінеді. Саны әлденеше мың мал болса керек. «Соған сыбаға ал барып» деп хабарлапты нағашың.

—:Кім боп?

— Әрине, «ашыққан» боп!

— Ойпырай, ағеке-ай,— деймін мен, Қайрақбайға да естіртпей әкеме,— ұялмай ортақ боламыз ба, аштардың сыбағасына?

— Несі ұят? Олардың малы ма ұят болатын? Жы-

луға жиналған мал. Өзі көп. Оларға да, бізге де жетеді...

— Бізге беретінін қайдан білесің, ағеке?

— Малды айдап шыққандардың басшысы, нағашыңның жан аяспас досы көрінеді. Содан хат та бергенге ұқсайды...

Бұл сөзді одан әрі қазсам ши шығарып алармын деймін де үндемеймін...

Жолшыбай арып-ашып зорға жетсек, «Торғай» дегенің қала сияқты қала емес екен: ағаш үйлері аз, жер үйлері көп, олардың төбелері жайпақ. «Туған жердің қаласы» дегенмен, Ақмешітпен салыстырғанда садағасы кетсін!..

Әкемнің Торғайдан да жекжаты табылып, қаланың шетірек жағындағы үйіне түстік те, қала жайын да, ел жайын да содан білдік. Аштық қалың жайылып алған елге үкімет жәрдемі көктемнен бері ғана жеткізілген. Оған дейін жерде қалың қар жатқандықтан, мойыны алыс темір жол бойынан көлікпен азық тасу мүмкін болмаған. Жәрдем жеткенше қаладан да, даладан да көп адам өлген, өлмегендері жергілікті жердің аңдарын (арамын да, адалын да), балықтарын аулап күнелткен. Торғайда да панасыз балаларға арналып, бес жүз орындық детдом ашылған екен. Бірақ қыстай астық өте тапшы болғандықтан, ашығып келген балалардың көбі өліпті, олардың орнына жаңа балалар алыпты. Қазір детдомның да халы тәуірлене бастаған.

Елден алған хабарымыз: «Азамат соғысы кезінде Амангелдінің оң қолы болды» деген Еркін Ержанов, былтырдан бері біздің үйдің Сарықопадағы мекеніне, қырық-елу үйлік тақыр кедейдің басын құрастырып коммуна құрған. Биыл ол коммуна қазынадан тұқым қорын алып, Сарықопа жағасының жазығына он шақты десятина тары мен бидай сепкен, оған көлден арықпен су апарған. Егіндерінің беталысы жақсы дейді. Ал, былайғы тұрмыстары, әзірге өте нашар болса керек. Білемін деген біреудің айтуынша, біздің үйдің қайда барып орналасқанын коммуна адамдары жуық арада ғана естіпті де, Ақмешіттегі уезд бастықтарына хат жазып, ол арадан қууды өтініпті...

— Атасының басы қуар! — деп кекете күледі әкем, бұл сөзді естігенде,— ондағы бастықтармен менің ашына-жай екенімді қайдан білсін сорлылар!..

Танысымыздың үйіне абайсызда елеусіз келіп түс-

кен әкем, қаланың саяси хал-жайына қанып болғанша, өзі көптің көзіне түспей тығылып жүрді де, біздің үй бұл маңайдан кеткелі не оқиғалар болғанын, не оқиғалар болып жатқанын, Қайрақбай екеумізді жұмсау арқылы біліп отырды. Бұрын менің ұғымымда қылжақтың ғана адамы сияқтанатын Қайрақбай, енді байқасам, салмақты істерге де епті екен. Бармайтын жері, араласпайтын ортасы жоқ ол сол ортаның сырын белгісіз түрде біліп алуға да шебер...

Бұрын болған оқиғалардан әкемнің білуге тырысқаны — Амангелдіге достар мен қастардың қайсысының қазір салмақтырақ екені. Біздің байқауымызша, оның қастары басым сияқты. Ең алдымен біз Амангелдіні жауларының қалайша алдап қолға түсіргенін, қандай азаппен өлтіріп, онан соң ешкім таба алмастай жоғалтып жібергенін, барлық егжей-тегжейімен біліп алдық. Амангелдінің сол дұшпандарының бір де біреуі жазаға тартылмай, қазір бәрі де, советтің әр жердегі қызметтеріне орналасып алған. Ал, Амангелдіні дос көретін оның сарбазында болған былайғы момын көпшілік, Торғайдағы, Орынбордағы басқарушы орындарға арыз беріп, дұшпандарды жазаға тартуын талап етсе, сөздері іске аспай қалып қояды екен. Амангелдіні Алашорда адамдары қапыда өлтірген ғой. Жергілікті әкімдерден бізге дос адамдардың жасырып айтқан сөздеріне қарағанда, «Алашорда» көсемдерінің бірі — Ахмет Байтұрсынов 1919 жылдың күзінде Москваға барып, совет үкіметінің бастықтарына жолыққан да, «алашордашыларға» кешірім жасатқан.

— Егер жаңа қылмысы болмаса, ескі қылмысы үшін,— дейді, бізге бұл кеңесті айтушы адам,— қазір оларға ешкім тие алмайды...

— Ол — ол ма? — дейді әңгіме айтушы бізге,— Байтұрсынов қазір коммунист және Қазақстанның оқу жұмысын басқаратын комиссары.

Осы жағдайлардың бәрін біліп алғаннан кейін, әкем жасырынуды қойып, Торғайдың көшелерін де, үйлерін де қымсынбастан қыдыратын болды. Содан кейін «қонақ» дегендер басталып кетіп, күндіз де, түнде де шақыруда боламыз. Былайғы қалың бұқара ашыққанмен, ашықпаған ауқаттылар бұл маңайда да толып жатыр екен. Бірімен бірі уәделесіп қойғандай, олардың күн сайын екеу-үшеуі қалаға сабасын арта, тоқтысын баса келеді де, түскен үйлеріне, Торғайдың «қара-таяқ» аталатын оқыған азаматтарын және епті

қулары мен пысықтарын қонаққа шақырады. Солардың ішінде әкем де жүреді. Өлеңші де табылып қалады ол мәжілістерде; домбырашы, әнші де, күлдіргі-қулықшы да табылып қалады, бұлардың қалың ортасында біздің Қайрақбай да жүріп, күлкілі сөздерден ауыздарын жиғызбайды...

Біз Торғайға осылайша сіңісе бастаған шақта, Ақмола, Семей жағынан айдалған малдың да жақындағаны хабары кеп қалды. Алып-қашты сөзге қарағанда, малдың жалпы саны мың жарымнан астам болса керек және көбі ірі қара болса керек.

Осы хабар естілген соң-ақ, аттылы, өгізді, түйелі, жаяулы... дегендей Торғай уезінің жан-жағындағы елден жұрт Торғай қаласына қаптап келе бастады, Бұларға бұрын жәрдем алуға келіп жатқандар қосылғанда, «қала» деген аты болғанмен, аумағы орташалау орыс поселкесіндей ғана Торғайдың үйлері түгіл, көшелеріне де сыймай, жақын жердегі Торғай өзенінің жағасына бытырады.

Торғайға сіңіскеннен кейін, әкем өзіне арнап белі берік, күйі жақсы топырыштау бір ат, маған арнап семізшелеу, жуастау дөнен, Қайрақбайға арнап тағы бір топырыш сатып алған. Ақмешіттен қоржынға салып әкелген ер-тоқымды ол маған берді де, өзі мен Қайрақбайға Торғай қаласындағы таныстарынан жобалғылау ер-тоқым тапқан.

Жәрдем малынан дәмесі барлар атқа қонған шақта, біздің де аттануымыз жиіленіп кетті. Аралап жүрген қалың топтың сөз түрінен байқасақ, келісімге келместей екіге жарылып жүр. Аттылы-тондылардың беттерінде тоқтық белгісі ойнағандардың сөзіне қарасаң, қанжығаларына байлай келген ноқта-жүгендеріне, жіп-шуларына жәрдемнің олжа малдарын тізе тіркеп қайтпақ; ал, аш-арық екендігі көлігінен де, киімінен де, кескінінен де байқалатындардың сөзін тыңдасаң, «әлі бар» дегендерге тышқақ лақ бергізетін түрлері жоқ.

Біз «тоқ» аталатындардың тобында жүріп жаттық. Олардың әңгімелері қалада болса — қоралардың түкпірінде, далада болса — құмның ішінде, өзен жағасында болса — жарқабақтың астында жүріп жатады. Қасқыр бөлтіріктерін бауырын көтеріп, көзін ашқан соң-ақ тірі лақ пен қозыны талатып баулиды. Әкем мені де солай тәрбиелеуге тырысады ғой деймін, Тор-

ғайға келгелі, ешбір сырын менен жасырмай, құпия кеңестерінің ішіне, көбінесе бірге ала отырады.

Ал, сөздері расында да қасқырдың сөздері. Ол сөздердің ұзын-ырғасын ғана айтқанда, халықтың арасында Совет өкіметіне қарсы наразылықты қоздыру... Осы жөнде жоспарлайтын арамдықтарының бірі — мына аштарға таратуға әкеле жатқан малдарды иесінің қолдарына тигізбеу. Бұған тапқан айлалары — келген малды болыстарға бөліп айдатады, ондағы Ревком бастықтары байлар, немесе, солардың құйыршықтары кімге үлестіретінін олар жақсы біледі... Бұл сыбағадан қаланың байлары да құр қалар емес. Олардан жасалған тізімнің жуан ортасында менің әкем де жүр. Оның және Қайрақбайдың тізімдегі аттары — «Сыр бойынан келген аштар». Осындай атағы бар әкем мен Қайрақбай келген малдан өздері таңдап ононнан ірі қара алмақ...

«Айдалып келе жатқан малдар Торғай өзенінің шығыс жағындағы бір бүйіріне жетіпті» деген хабар естілгенде, Торғайдағы «аштарға жәрдем комитеті» аталатын мекемеден мал айдаушыларды қарсы алуға арнаулы комиссия жіберілетін болды. Әкем ол комиссияның ішіне Қайрақбайды қосты. Бес-алты күнде оралған Қайрақбайдың айтуынша, айдалып келе жатқан малдың барлық саны, мың алты жүз қырық үш, олардың ішінде жиырма бір түйе, төрт жүз қырық екі жылқы, үш жүз алпыс төрт сиыр, сегіз жүз он алты қой бар. Айдап келе жатқан адамның саны — отыз жеті, бастап келе жатқан — Семей губерниясының атақты оқыған азаматының бірі — Мауытбаев Жұныспбек. Қостарын арта жүріп, малды оттата, тынықтыра отырып айдап келе жатқан олар қой ешкілерден жүзге жақынын жолшыбай тамағына сойып жеген; өзге малдар аман да, күйлі де.

Қайрақбайлар қайтқанша Торғайдағы қаратаяқтар мен атқамінерлер оңаша үйде бас қосып мал айдап келгендерді қарсы алудың, малды қалай үлестірудің тәртібін келісіп алды. Ол тәртіп бойынша мал айдап келгендер түгелімен қалаға шақырылады да, болыстарға бөлініп айдалғанша, малды Торғай өзенінің жағасына жая тұру міндетін жергілікті басшылар алады. Мал бөлінерден бұрын қаланың ортасындағы кең алапта жиналыс өткізіп сөздер сөйленеді. Сонан кейін жергілікті бастықтар қонақтарды Торғай өзенінің бойына, тоғай арасына апарып той жасайды. Онда ат

шабу, балуан күресу сияқты ойындар болады. Тойдың шығынын жергілікті байлар көтереді.

Бұл бәтуәнің жуан ортасында болған әкем бір күні тиышсыздыққа түсе бастады. Себебін сұрасақ, Торғайға жиналған жұрттың ішінде Еркін Ержанов та жүр екен. Бізге әлі жолықпаған ол әкемнің айтуынша уездік Ревкомға барған да оның председателі Әлімбетовке:

— Жәрдемге келе жатқан малды байлар өзара бөлісіп алмақ боп жатқан көрінеді. Олардың ішінде, ана жылы Торғайда патша өкіметін жақтап халықпен соғысқан, жараланып қару ұстауға жарамағаннан кейін, Сыр бойына қашып кеткен Жәутіков Әбеу де бар көрінеді. Бұл астыртын ақылда уездік мекемелердің де қызметкерлері барға ұқсайды. Егер осы сөз рас болса, арты шатаққа айналады. Жаяулап-жалпылап келіп жатқан аш-арықтар малды тоқтарға үлестіріп отыра алмайды. Бұны істетпеңіз, егер тыйым сала алмасаңыз, халыққа өкпелемеңіз! — деген.

Осы жайларды айта кеп:

— Маған да тісін қайраулы көрінеді,— деді әкем үрейлі кескінмен. «Мал бөлісіне араласпас депті ол, бізге сенімді біреудің көзінше, егер араласам десе бұл арадан тірі де кетпес».

— Не істер дейсің, тәйірі? — деп Қайрақбай әкеме қайрат берейін десе:

— Қәпірдің бетін аулақ қылсын,— дейді әкем, өңі қаша түсіп,— егер беті бұрылса, жақсылық күтпе одан. Қасқыр сияқты тұқым, тісі тиген жерін ойып алады.

— Онда бұл жұмысқа араласпасақ қайтеді? — десем әкем бұрынғы тәуекелшілдігіне бағып, аузы үйренген мақалын айтады.

— «Әліптің артын бағайық!»

Еркінді бұрын көрген, кейін оның ерлік істері туралы көп әңгіме естігенмен, оны енді тағы да көруге құмарта бастадым. Елеусіз бір шақта көрсем, бұрынғы көргенімнен танымастық түрде өзгеріп кетіпті: ортадан бөлкім биіктеу, бірақ талдырмаш бойы қазір сомданып, жаурыны екі есеге жақын кеңіп кетіпті; бұрын бөлкім сопақтау беті қазір сүйектене кеңіп, дөңгелек жүзділеу сияқтаныпты; бұрын қызылшырайлылау көрінетін реңі қазір қонырланып, сұрланыңқырап апты; бұрын жұқалау сияқтанатын қабағы қазір қалыңдап, түксиіңкірепті; бұрын түбіті де жоқ жоғарғы ерніне, түгінің жуандығы жылқының ту құйрығы сияқтанған

әдемі қиякты жұқалау қара мұрт өсіпті; бұрын жіңішкелеу сияқтанатын даусы қазір гүрілдей шығатын боптьі; көзінің бұрынғы аппақ еті қазір қанталанған тәрізденіпті... Үстінде әскердің көнетоздау қамзолшалбары, аяғында солдаттың жуан етігі, толық белін жалпақ қайыс белбеумен тас қып байлап алған, басында әскерлік фуражка, белбеуіне кабуры мен наган байлап алған...

Осындай түр-тұлғасын алыстан бақыладым да, жақындап баруға танып қалар, оның арты жаманға соғар деп қорықтым. Сәбилік санама, Еркінді «біздің үйге дұшпан кісі» деген сенім бекігендіктен, мен оған сырттай өшпін де. Көргеннен кейін де сол ойымнан қайтқан жоқпын.

Сөйте тұра, ішімнен сымбатына да, түріне де сүйсініп «жігітім-ақ екен!» деп қоям...

Мал айдаған қонақтар Торғай қаласына келіп әлдене байдың үлкен қарағай үйіне түскенде, қақпа алдында қарсы алушылардың ішінде әкем де тұрды. Олардың да арасында жабайы жігіттер мен қаратаяқтар бар екен. Мауытбаев Жұнысбек сұрғылттау кескінді, қыр мұрынды, мұртын танауының астына қойдың құмалағындай ғып қана қойған, басында көгілдір шайымен тыстаған пұшпақ бөркі бар, сыртында жағасына қара барқыт салған түйе жүн шекпені бар, аяғында өкшесі биіктеу саптамалы етігі бар, ішкі киімдер орысшалау, толықшалау кішірек бойлы, көркем кескінді, жасы сол кезде отызға кіріп қалған жігіт екен. Әкемнің мұнда келетінін ол Семейде жолыққан нағашым — Жақыпбектен естіпті, сондықтан таныса сала шұрқыраса кетті.

Түнгі мәжілісте Жұнысбектің сөзуарлығы да, шешендігі де байқалды. Ол ескілікті әңгімелерді көбірек айтып, қазақтың бұрынғы өмірін тамаша етіп суреттеп отырады да қазіргі заманның тақырыбына келгенде кекетінді дауыспен:

— Енді аз уақытта байың, кедейің бірдей боласыңдар. «Сенікі», «менікі» деген болмайды. Мал да ортақ, мүлік те ортақ, ас та ортақ, қатын да ортақ, бала да ортақ!.. «Коммунизм» деген осы! — деп сипаттайды.

Үйдегілердің бәрі, бұл сөзге зәресі кеткен түспен, «астапыралда!» деп жағаларын ұстайды.

Ертеніне ертерек тұрып тыска шықсам жан-жақтағы жұрт қала ортасындағы алапқа ағылып жатыр, басым көпшілігі аш-арықтар. Жіп-шуларын белдеріне

қыстырып бара жатқан олардың киімдерінің де, өздерінің де жүдеулігінен жан шошырлықтай. Көбі жаяу. Азынаулық аяқ-ылауы барлардың арық көліктері, аяқтарын әрең алып жүрерліктей. Біз араласқан тоқ, киімді, көлікті топтан бұлардың ішінде ешкім жоқ сияқты. Оның да себебі маған белгілі: өткен түні жасырындау түрде өткен бір мәслихатта:

— Ертең алапта болатын жиылысқа тоқ адамдардан ешкімнің бармау керек,— деген Әлімбетов.— Барса аш-арықтар жанжал шығарады. Тіпті, олардың ішінен ертеңгі тойға қатынаспайтындары еліне де қайта беру керек. Өйткені, жәрдем малы, бәрібір мұнда бөлінбей, болыс-болысқа таратылады ғой. Тиісті сыбағаларын сонда барып алар.

Алапқа халық тола бастаған шақта, әкеме кеп:

— Бармайсың ба, ағеке? — деп ем:

— Қайрақбай екеуің бар, мен үйде болам,— деді ол.

Қайрақбай екеуміз келсек, әлгінде ғана бостау кең алаң, адамға лық толып қапты. Алаңның орталығына он шақты ғана кісі шығып тұрарлық, биік мінбер жасалып, қасына басқыш қойылыпты. Сығылысқан көп адамнан, оған өтіп болар емес. Жамырай кеңескен көпшіліктің даусынан, алаңның іші араның ұясындай ың-жың...

Бір кезде қаланың батыс жағынан он бес шақты салт адам көрінді. Жақындағанда байқасам, алдыңғылары қару асынып алған екен. Олар — милиционерлер болу керек. Кейінгілерінің ішінен Әлімбетовті, Мауытбаевты және үш-төрт кісіні танимын.

Жиынға жақындаған қарулылар, «жол беріңдер, жол!» деп айғайлап еді, сығылысқан жұрт жік ашып қағыла бастады. Қайрақбай екеуміз сонымен пайдаланып, аттыларға ере ішке қарай сұғындық.

Мінген семіз аттары маңайында шулаған жүдеу адамдардан үріккендей, ығыса жүрген салттылар, мінбердің қасына кеп, бірнешеуі аттан түскенде, түспеген біреулері ол аттарды шылбырынан ұстағанда, мінберге Қайрақбай екеуміз де таяныш қалдық.

Аттан түскендер мінберге көтерілді, ішінде Әлімбеков пен Мауытбаев бар. Олардан мен танымайтын мосқалдау әлдекім:

— Жамағат, тынышталыңдар! — дегенде, жуан, зор даусы кең алапты күңірентіп жібергендей болды.

Мінберге шыққандардың не айтарын естігісі келгендей, шуласқан жұрт тын бола қалды.

— Уа, халық,— деді, одан арғы сөзді Әлімбетов бастап кетіп,— көп сөйлейтін, көп отыратын уақыт емес. Азғана сөзбен айтқанда, алыста, Семей мен Ақмола гүбірнасында жатқан ағайындарың, сендерге жәрдем деп бірталай мал жіберген. Ол мал Торғайға келгенін естіген боларсыңдар. Осы малды, жүген-ноқталарыңды ұстап келген сендерге таратып жіберсек, елден, әсіресе, алыс түкпірден жете алмай отырғандар құр қалады. Бұл әділетсіздік болмау үшін, келген малдың ұсағын да, ірісін де Торғай уезіндегі сегіз болысқа бірдей ғып бөліп, айдататын болдық...

— Жоқ, олай емес! — деп мінберге көтеріле берген адамға қарасам — Еркін!..

— Олай емес! — деді Еркін, басынан жұлып алған фуражкесін жоғары көтерген оң қолына жентектей ұстап,— бөлінбейді болыстарға малдар!.. Осы арада мына жүдеп-жадап жүргендерге бөлінеді де, әркім өз үлесін жетектеп әкетеді!..

— Дұрыс! — деп ду ете түсті қалың көп.

— Тоқта! — деп ақырып қалды көпке әлгі жуан дауысты.

Оған көпшіліктің тоқырамайтынын білгендей:

— Жолдастар! — деді Еркін,— сабыр етіңдер!

Ду бәсеңсіді. Әлімбетов Мауытбаевқа Еркінді таныстырмақ болып еді:

— Дәм жазса, кейін таныса жатармыз,— деді Еркін,— қазір жұмыс бітірейік...

— Бұл жолдасқа сөз берейін деп ем...

— Кейін, ел тоғайғанда айтар ол сөзін.

— Ашықтырған кім? — деді Мауытбаев, Еркіннің кимелей келуін ұнатпағандай.

— Патша!.. Ақтар!.. Алашорда!..— деді Еркін.

— Ендеше, соларға байланыс!..

— Жоқ, мен саған байланысам және сен сияқтыларға байланысам!

— Неге?!..

— Сендер сол патшаның, ақтың, алашорданың қалдығысыңдар!..

— Мен де ме? — деді Әлімбетов ашуланып кеткендей.

— Сен де!

— Не дейсің?!.. Советтік ревком ба, басқа ревком

ба, мен басқарып отырған?.. Оның председателі сенбісің, менмін бе?..

— Сенсің!.. Бірақ сен қой терісін жамылған қасқырсың!..

— Дәлелің? — деді Әлімбетов ақырып.

— Амангелдіні жасырын өлтіргендердің ішінде сенің барлығың білінді..

— Бар! — деп ду ете қалды, әлдекімдер көпшілік ішінен.

Одан кейінгі сөзде береке болмай, даңғазалана шуласқан дауыстан ештеңе естуге, қобалжыған жұрттың көтерген шаңынан ештеңе көруге болмай қалды.

— Ойбай, кетейік! — деді, пысықтығына қорқақтығы сәйкес Қайрақбай мені жеңімнен тартып.

— Неге? — дедім мен тартынып.

— Аяқ астында қалуымыз мүмкін. Аман кезімізде бас сауға қылайық.

Азан-қазан, у-шу боп, шаңға бөленіп кеткен қалың топтың ішінен Қайрақбай мені сүйрегендей алып шықты. Былай шыға:

— Тоқта, қызығын көрейік! — деп ем:

— Қызығы құрысын,— деді Қайрақбай,— Әбекеменің баласы екенінді білсе, алдымен сені өлтіреді. Жүр, кетейік те, пәтерге барып бой таса қылайық!..

Жүгіре басып пәтерге келсек, аланда көтерілген шаң мен айғай-ұйғайдың не екенін біле алмаған әкем, қора қақпасының ішінде тұр екен. Жай-жапсарды бізден естігеннен кейін, ол қобалжыған көңілмен, бұл шудың арты немен тынарын күтті.

Ол тыным ертеңінде-ақ мәлім болды: ашыққан жұрттың тапап өлтіруінен қорыққан бастықтар, аттарына міне қашады... Сол күні түнде Орынбордан Торғай ревкомына, «Жангелдиннің комиссиясы барғанша, жәрдемге келген малдың бір де біреуі таратылмасын ол автомобильмен бүгін шығады» деген телеграмма келеді. Сол телеграммада жәрдем малына ие болу, Торғай қаласындағы әскерлік гарнизонға тапсырылады...

Мәселе онымен тынбай, қаладағы Политбюро[1] «советке қарсы үгіт таратты» деген дәлелмен, қалаға келген байлардан, қаланың өз ішіндегі байлардан әркімдерді тұтқынға ала бастайды. Осы хабар естілгенде, «біз де сол халге душар болмайық та!» деп сас-

[1] Бүкілодақтық Төтенше комиссияның (ВЧК) уйездік бөлімі.

қалақтаған әкем қашуға жиналды. Бірақ күндіз қашуға болмайды, түнде кету керек. Ал, сол күні күн батсайшы!.. Көкжиектен шақырая шыққан күн, аспанға биіктегеннен кейін, жылжымай тұрып алған сияқтанды. Соған берекесі кеткен әкем отырған жерінде от басқандай, әр жерге шоқалақтай жүгіріп дымы құрыды.. Жұртқа көз ғып ауызға алғаны болмаса, аллада жұмысы жоқ, намаз оқымайтын, ораза ұстамайтын ол бүгін белгілі сопылардай діншіл бола ғап, «алла сақтай гөр!»-ді аузынан тастамады...

Осылай сасқалақтап күні бойы аузына ас алмаған оны жатқан бөлмемізге үй иесі кешке қарай әрең кіргізіп біз шайды алдымызға ала беріп ек, мылтықты төрт-бес адам сау етіп кіріп келді, біреуі — Еркін!.. Сол кезде әкеме көзім түссе, жан-тәсілім ғып бара жатқан адамдай, бар қаны ішіне тартыла сұрланып, танауы қусырылып, көз жанары сөніп бара жатқандай, қарашығы бозамықтанып кеткен екен. Орнынан қопаңдаған, бірақ бөксесіне бес батпан тас байлап қойғандай, ұмтылса да тұра алмаған ол Еркінге бірдеме айтпақ болып еді, дірілдеген даусына ие бола алмай қалды.

— Саспа! — деді сонда Еркін оған.— Қылығыңа қарағанда, осы отырған жерінде атып өлтіретін адамсың. Бірақ бұл жолы мен сені аман жіберем! (Әкем жылап қоя берді. Б.) Бірақ сен үшін емес, мынау балаң — Бүркіт үшін!..

— Садағаң кетейін! — деген сөз шашырап шықты әкемнің аузынан.

— Бала! — деді Еркін маған,— кеше, алаңда сен мені танымағанмен мен сені танып тұрдым. Дәл осындай қасымда тұрдың. Сонда айтқым кеп айтпаған сөзімді енді айтайын: ана жылы, он алтыншы жылдың көтерілісінде, мына әкеңнің қолына түскен ағам — Нұржанды дарға асып өлтірерде, сол тұрған топтан кіп-кішкене сен ғана араша түспек боп шырылдаған екенсің. Сол қылығың үшін, әкең Нұржанның қанын саған қимаса, мен әкеңнің қанын саған қидым!..

— Рахмет, қарағым! — деп әкем еңіреп қоя беріп,— әкелші, қолыңды! — деп қолын соза беріп еді:

— Тарт, арам қолыңды! — деді Еркін ақырып,— ұят, ар деген қайда сенде? Сонау Сырдан Торғайға жәрдемнің малынан үлес алуға келгенсің!.. Адасқанда бір-бірін ұлып табатын қасқырдай, ойдағы, қырдағы

қасқырлар, бастарыңды Торғайда қосқан екенсіндер!.. Қақпандарының құрулы екенін білмегенсіндер, мұнда!.. Ендігі сөздің қысқасы: «қаныңды балаға қидым» дедім ғой. Жаның барда жоғал!.. Бүгінгі түннен қалма!..

— Құп, қарағым, құп! — деді әкем, жанынан енді ғана үміт еткендей, көз жасын жеңімен сүртіп.

— Топаланда той жасамақ болған бұлар! — деді Еркін қасындағыларға, кекетінді күлкімен.— Тойларының таусылғанын білмейді бейбақтар!.. Ал, кеттік!..

Олар шыға жөнелгенде:

— Топаландағы той екені рас! — деп қаппын мен.

9. ТУҒАН ЖЕРГЕ ТЕЗ ЖЕТЕМ

Түу-түу Сыр бойынан малдың олжасын іздеп келген әкем енді жаны олжа болған сияқтанды да, Еркіннен сөз естігеннің ертеңіне ертемен мекенімізге оралмақ боп атқа қонды. Бізде үш ат бары мәлім. Әкем оның біреуін Торғайда сатты да, «ол-пұлымызды артып алуға жақсы болады» деп орнына түйе алды. Оған Қайрақбайды мінгізді. Қайрақбай, әдетте, әкеммен де қылжақтаса беретін еді. Мінезінің қаталдығына қарамай әкем де оған қалжыңды бірдемелерді айтып қалатын. Енді кеше Еркіннен сөз естігеннен кейін қабағын карс жауып, қанын ішіне тарта сұрланып алған әкеме Қайрақбай түгіл, оның әкесіндей кісінің де жолай алар түрі жоқ. Сондай қалпын көрген Қайрақбай күжірейіп тұрған үлкен бұқаға жанасып баруға бата алмай, мұрнын шүйіре, құйрығын шипақтата алыстан қараған тайынша бұқадай мүсәпірсіп қана жанасады. Сондықтан ғой деймін Торғайдан аттанарда «қай жақпен қайтамыз?» деген сұрауды Қайрақбайдың өзі айта алмай, оңашада маған «сен айт!» деп өтінді. Мен несіне қорқам? Буынып-түйіне бастаған әкеме:

— Қай жақпен жүреміз, ағеке? — деп ем, сұрауымды ұнатпағандай:

— Қай жақты білуші едің? — деп алая қарап қойды. Мен онысынан қаймықпай, дұрыс жауап бермеуіне жәбірленген дауыспен:

— Білмесем де айтсайшы! — дедім.

Кескініме тағы да салқын қараған әкем жөнін айтпаса менен де «ыңғайсыз сөз естіп қалармын» дегендей:

— Сарықопаның жел жағымен, Қызбелдің жайлауы арқылы Ақсуатты, Аманның қарағайы мен Әулие-көлді басып, Қостанай түсеміз, содан поезға мінеміз,— деді.

Одан әрі сұрау беріп мазалағым келмеді де, тысқа шығып кетіп, әкемнің жауабын Қайрақбайға айттым.

— Көптен көрмеген соң, сағынғаннан өлгелі жүр едім,— деді Қайрақбай қуанышты леппен кең күрсініп ап,— көре кетеді екеміз ғой, енді, туған даланы!..

Қора ішінен әкемнің бізді шақырған даусы естілді. Қайрақбай екеуміз оған қарай беттей бергенде:

— Өзге жобасының бәрі де жақсы екен,— деді Қайрақбай, маған сыбырлап,— «Сарықопаға соқпай жанап өтеміз» дегені ғана ұнамсыз екен. Біздің қыстау бар ғой оның жағасында. Көре кеткеніміз жақсы болатын еді. «Соға кетейік» десең қайтеді әкеңе?

— Айтпаймын!..

— Неге?

— Қайтем, кейіп жүрген кісіні мазалай беріп?

Біз аттанып кеттік. Торғайдан ұзамай басталатын «Татыр» атты тақыры, беті ақ айранданған сықсыз жазық екен. Қайрақбайдың айтуынша, Амангелді қолы патша өкіметінің әскерін осы шөл-тақырға алдастырып шығарып алған да, қапысын тауып, мелжемдей қырған, менің әкем де сонда жараланған...

Татырдың тақырынан өте, селеулі дала басталды. Оның самалға толқи ырғалған бейнесі, аумаған сел сияқты екен, бірақ Торғай өзенінің жазыққа жайылған селіндей емес. Арал теңізінің шетсіз-шексіз селіндей. Әкем мені Аралдың жағасына өткен жазда поезбен алып барғанда, біз балықшылардың қайығына мініп, «Теңіз ортасында» деген «Барса-келмес» аралына кеткеміз. Біз жағадан жөнеле берген шақта, күн желкемдеу болып, теңіздің беті ақ көбіктене толқынданып жатқан. Жағадан алыстап, қалың ортасына кіріп алғаннан кейін, құтырына жөнеліп иреленде-ген ұсақ толқындар, тау-тау боп өскен де кеткен. Біздің кішкене қайық, сол тулаған таулардың бірде өріне тырмысып, бірде ылдиына құлдырап, суға үйректей бір сүңгіп, бір шығып, талай жерде батып кете жаздап зәремізді ұшырған...

Торғай даласындағы селеудің ырғала шайқалуы, маған дәл осы Арал теңізінің толқуы сияқтанып кетті. Жағаға сирей келіп ыдыраған теңіз толқынындай, Татырдың күнгей шығысынан сирей басталатын Тор-

ғай даласының селеуі. Сарықопаға жақындай қалыңдап кетеді екен де оның ортасына кірген адам, шетсіз-шексіз теңіздің ортасына кірген сияқтанады екен. Сирек тұсында, қимылы теңіз жағасының желсіз күнгі әлсіз толқынына ұқсайтын селеу, қалың ортасына кіріп алғаннан кейін, самалға сапырыла ырғалған шақта, тулаған теңіздің толқынындай, қараған адамның басын айналдырған сияқтанады екен!.. Теңіздің толқуы түбіне тұнған асыл тастарын суырып жағаға шығарады деседі ғой. Торғайдың селеуін ырғалта тербеген самал да сөйткендей боп, кең далаға шыққан өсімдіктердің түбіне тұнып жатқандай хош исін үрлеп, ауасын көтергендей, тартқан деміміз жұпар сасыды да кетті!.. Ой-пыр-ро-о-ой, тамашасы-ай, сол бір көріністің!.. Ой-пыр-ро-о-ой, тамашасы-ай, сол бір иістің!..

Сарықопаны батыс жағынан алысырақ жанап өткен біз, күйсіздеу көлігімізді қинамай, ақырын аяңмен қона түстене жүріп отырып, Қызбелдің шығыс жақ, етегіндегі жайлауымыз — «Қатын қазған» құдығының төңірегіне жеттік. Көптен ел жайламаған бұл араның көңдеу жері де жайқалған шалғынға тұнып тұр екен. Сағынған жайлауының төңірегін асықпай аралап көргісі келгендей әкем құдық басына Қайрақбай мен мені ерте жүріп жақын жерлерді біраз аралады. Биылғы жазы жаңбырлы болған ол жерлердің де көркі жақсы екен. Бірақ маған ең көріктісі — құдықтың аумағы сияқтанды.

Әкемнің айтуынша, мен осы құдықтың жағасында, ауыл жайлауға жаңа ғана шыққан шақта туған екем. Сондықтан ішім оған ерекше жылы ұшырап, нақ қасына кеп түйемізді шөгеріп, атымызды қаңтарғаннан кейін, ыстық жасап ішуге алған бақырымызды қоржынымыздан суырдым да, тұтқасына арқан байлап, «жүр, су ішіп келейік» деп, Қайрақбайды ертіп жөнелдім. Биыл судың молдығынан ба, әлде, көптен бері жан ішпегендіктен қорланып қалуынан ба, құдықтың ернеуінен үңілсек, көлеңкеде жылтыраған суы шүпілдеп аузына жақындап тұр екен. Бақырды ішіне тастап жіберіп, толған суды тез іліп ап көрсем, мөлдірлігі көз жасындай, суықтығы мұздай, дәмділігі балдай. Көзімді жұмып жіберіп суды құмыға сіміріп жатқан шағымда, былқылдаған бірдеме ерніме тигендей болғасын, басымды көтеріп қарасам, өліп қалған тышқан!.. Суға құмарлануым сондай, тышқанды сауса-

ғыммен іліп ап лақтырып жібердім де, бақырдағы суды қайтадан сіміре бастадым..,

— Апырай, шіміркенбей қалай ішіп жатырсың?! — деді Қайрақбай.

Оған жауап қайтармай жұта бердім де, мейірім қанып болғаннан кейін:

— Шешеңнің сүтін тышқан түгіл, қабан түссе де емерсің,— дедім Қайрақбайға,— рас па?.

— Рас! — деді Қайрақбай, дәмін соза алып.

Бұл су маған шешемнің сүті сияқтанып кетті!..

Жағасында екі күн болып, үшінші күні таңертең аттанарда құдық қасына тағы да барсам, көкжиектен шеті жаңа ғана қылтия бастаған күннің қан күрең бояуына шағылысуынан ба, әлде жаратылысы солай ма, құдықтың ішінен шығарылған топырағы қызыл күрең сияқтанып кетті... Бұған дейін бұндай түсін абайламаған мен, шиыршықталған құмақтау топырақты жерден тырнай уыстап ап, алақаныма елей ұстап қарап тұрдым. Сонда маған оның түсі күрең болатын себебі, менің туғандағы қаныма жентектеле араласуынан сияқтанды... Кешікпей атқа қонып әрі қарай жүре бергенде, жанап өткен қызғылт топырақ денемнен үзіліп қалған мүше тәрізденіп, одан кету жүрегімді шымшылай ауыртып жіберді...

Уа, туған жер!..

Қызбелден аттанған біз, сүңгіген сайын селеуі қалыңдай түскен, елсіз-күнсіз кең даланы кезіп отырып, жеті-сегіз күнде «Аман» аталатын қарағай мен қайың аралас өскен жынысқа келіп кірдік. Мұндай тамаша орманды мен бұл жасыма дейін көрген емес едім, одан кейін де әзірге көрген жоқпын. Бұтақтары басына ғана шоқтала өскен зәулім биік, оқтай түп-түзу қарағайлардың арасында бой теңестіре, өскен әппақ күмістей қайыңдар да, жуандық, биіктік, сұңғақтық, түзулік жағынан қарағайларға беріспейді. Бұтақтары айқасқан сол қалың ағаштың ішінде, жапырақ арасынан ғана сығалаған күн көзінің жерге түскен сәулесі, барыстың терісіндей шұбарланып, жапырақты жұмсақ самалдың тербетуінен, қимылдап жатқан жанды мақлұқ сияқтанып кетеді. Ағаштардың үнемі көлеңке бүркеген түбінде сирек өскен жапырақты шөптің қасына барып, жапырағының арасын ашсаң, шоқтала шыққан бұлдіргеннің қан қызыл түсі сексеуілдің жел үрлеген қып-қызыл шоғындай жалтылдайды... Сол бір бұлдіргеннің қышқылтым дәнінің тәттісін-ай!..

Қалың орманды аралай, сүрлеу сияқтанған жіңішке ирек жолмен келе жатқан біздің алдымыздан, сол бір шақта аспанды жұқалау торлай бастаған бұлттың көлеңкесі түсуден, суы сынаптай сұрғылт көрінген, аумағы кең, бітімі дөп-дөңгелек, жап-жалтыр көл кездесе кетті.

— «Әулие» аталатын көл осы! — деді әкем маған.

Одан бұрын әкемнің айтуынша, «Аман» аталатын қарағай жынысты ішінде жеті көл бар, бәрі де үлкен, бәрі де қайраң, бәрінің де суы тұщы, бәрінің де жағасына бұдан қырық жылдар бұрын «переселен» деген атпен орыс крестьяндарының поселкелері кеп орнаған. Одан бұрын, бұл көлдердің біреуі — «Жампы-қожа» деген кісінің қыстауы екен.

— «Қожа» дейтіндері — Мұхаммет пайғамбардың тұқымы,— деген әкем,— Жампының аты — Жан-Мұхаммет болған, оған тілі келмеген қазақтар «Жампы» деп кеткен. Жампы — Түркстан жағынан, Кіші жүздің ханы — Әбілхайырдың қолына келіп, имамы боптьі. Ол кездің дінге шалағай қазақтарына ораза, намаз үйреткен, балаларын оқытқан, оның үстіне« кітап ашып ғайыпты болжайтын», ауруларды емдейтін, түкіргені ем бола кететін адам екен, сондықтан жұрт оны «әулие» көріп кеткен, ол мекендеген көлдің атын — «Әулие көл» қойған.

Әнеукүні Торғай қаласында жатқан күндерде Мәмбет деген кісіні көргеміз. «Жамшы қожаның әулеті» деген осы кісінің әкесі — Қарағожа, біздің аталарымызға жиен екен.

— Әкесі бала піштіруден, зекет-құшыр сияқты садақа жинаудан басқаны білмейтін, оқуы да аяққа құйған астай шағын, ақылы аз, сөзі топас, кісіден жеуді жақсы көргенмен, өз үйінен ас-су татырмайтын қара-қазан біреу еді,— деген әкем,— Мәмбеттің одан айырмасы: зирек және пысық бала боп өсті де, әкеден білген әліпбиін қанағаттанбай, ересек боп қалған шағында, Троицкідегі Зейнолла ишанның медресесіне кетті. Онда бірнеше жыл оқып, әрі «қадім» аталатын ескі оқуды, әрі «жәдит» аталатын жаңа оқуды жақсы білген ол, сол маңайдағы Қыпшақтың атақты байы — Жаманшалдың Смайылы дейтін кісінің Қарағыз атты, көк етікті алмай, көн етіктіге бермей отырған, жасы отызды алқымдап қалған кәрілеу қарындасына үйленеді де, ана шеті Мәскеу — Петерборға, мына шеті Бұхар мен Хиуаға, сонау шеті Омбы мен Семейге

жүргізетін саудасына приказчик болады, Сонда тұрып байыған ол, Смайыл бір жылы банкрот боп, малмүлкі қазынаға алыну қаупі туған соң еліне көшіп келді. Мұнда келе бір жағынан молдалығын құрып, бір жағынан саудасын жүргізген ол, он алтыншы жылдың көтерілісінде Амангелдіге қарсы болам деп, біздің үй сияқтандырып, көтерілісшілер оның да бар малын айдап әкетті. Бірақ ол малдан айрылғанмен, біздің үйден әлдеқайда ақшалы еді. Патша тұра тұрғанда тағы да байи жөнелетін оның сорына қарай, революция боп қалды. Алашорда кезінде елге имам сайланып көтеріліп келе жатыр еді, Совет өкіметі орнай ғап, ол беталысы да іске аспады.

— Содан бері қақ-соқта жұмысы болмай, үйінде бұғып жатады екен, бейбақ,— деп қорытқан әкем, ол кешесін,— енді елдің ауқаттылары мына аштарға жәрдемге келген малдан үлес алам деп желіге ғапты.

Әлденеше жерде бізбен бірге қонақта болған, онаша кеп әкеме де жолығып жүрген ол, Еркін жасаған «бүлік» кезінде бізге хабарласпастан қашып отырыпты. Сонысына өкпелеген әкем, «Қостанайға беттеп келе жатқан жолымыздан оншалық бұрыс емес» дей отыра, үйіне соқпай кетті.

Мәмбетті әкем, ата мекені — «Әулие көлдің» жағасында ғана еске түсіріп:

— «Қожа» дейтіндер оншалық бай болмаған,— деп қойды бір сәтте,— мал деген жерге бітеді ғой өзі. Аманқарағайдың іші-тысында от емес жер жоқ және өзі ұланбайтақ кең. Сондай жерді мекендеуінен ғой деймін: Жампының баласы — Аққожаға, оның баласы Қоңырқожаға төрт түліктен де үйірлеген мал біткен, жылқылары Қоңырқожа кезінде екі мыңды алқымдаған. Содан, баяғы «Тақыр-қоян» аталатын жұтта, жылқысы жүздің маңайына түсіп қап, өзге малы да шағынданған. Қарақожаның бала піштіру сияқты кесіппен айналысып кетуі де сондықтан.

— Алашорда құлағаннан кейін, Мәмбет қожанын өзі де епті астыртын бала пішетін болды,— деді әкем.— Өйтпегенде қайтсін: бәйбішесінен бала болмады. Бертінде тоқал алып еді, одан да шылғи қыз туып, бір ұл баланы ана жылғы ала-сапыран кезінде әрең көрді. «Қыз» деген не тәйірі!.. Өзімізде де болған жоқ па, оның талайы? Ошаққа қайсысы тас болды? Ұлы жас болған соң, дәулеті шағындалған соң, күн көрістің қамына кездескен кесіпті атқарады.

— Сырты мүләйімсігенмен, ішінде қалтарысы көп адам,— деп қорытады әкем, Мәмбет қожа туралы кеңесін,— бұл әлі күн көрудің талай ретін табады!..

Аманқарағайының ішінде бір жұмаға жақын болып, кейбір орыс селоларын, қазақ ауылдарын аралағаннан кейін, біз әрі қарай сапар шектік. Менің еркіме салса, Аманның ішінде жаз бойы тұрар ем, өйткені жынысты орман десең — осында, суы тұщы көл десең — осында, даланқы тұстарында ғана кездесетін маса-сонаның жыныс ішінде біреуі де жоқ, ауасы — жанға рахат қоңыржай, жидегі мен шиесіне аттың шашасы боялады... Облыстағы халықтың көбі аш болғанмен, бұнда да кекірік атқан тоқшылық болмағанмен, егінші орыс поселкелері жақын тұрғандықтан, маңайдағы ауылдың адамында аштықтан басы іскен, қайыр сұраған ешкім көрінбейді... Енді не керек?..

Қостанайға келсек, Тобыл өзенінің биік жағасына салынған, екі қабат үйлері азғантай, бір қабат үйлерінің көбі ағаштан қиылған, кең көшелері есілген құмдақ, сондықтан қораның іші-сыртына еккен ағаштары тырбық боп өсетін, шағындау ғана қала екен. Қалаға жақындағанда:

— Бұның салынуына жетпіс жылдан жаңа ғана асып бара жатыр,—:деп қойды әкем, Қайрақбай екеумізге,— «Қостанай» аталатын себебі: Қыпшақта Канғожа, Болғожа дейтін атақты адамдар болған, солардың шешесі «Қостанай»[1] деген кемпірдің, қала түскен жерде, үлкендігі обадай зираты бар. Қалаға соның атын қоя салған.

Қостанайда Мінайдар дейтін байдың бір орамды түгел алған үйі, сауда дүкені, мешіті медресесі бар екен. Негізінде қырдағы үйінде тұратын бай, қазір қаладағы тоқалының қасында екен. Әкеме ол да ілікшатыс боп шықты. Қостанай байларының еріккендегі кәсібі — біреуінің үйіне жиналып ап, ұзақ күнге сыра ішіп, «тоғызыншы бал» атты карт ойынымен шұғылданады екен. Бұрын татып көрмеген әкем, Қостанайда тұрған бес-алты күнде сыраны судай сіміріп ішті де, ол кездегі құны арзан совет ақшасынан бес пұттай бидай сыятын бір қабын ұтып алды...

---

[1] Қостанай егіз туса керек, сондықтан әке-шешесі «Қостанай» яғни «екі ай бірден туды» деп алғаш туған қыздын атын «Қостанай» қойса керек. Б.

Қостанайдан біз поезбен Челябаға бардық та, одан Кинель арқылы, мекеніміз — Жосалыға тарттық.

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмишә өмір өтпек, ол білдірмек,—

деп Абай атамыз айтқандай, Жосалыдағы үйімізден шығуымыз кеше ғана сияқтанғанмен, жолшыбайғы жерлердің ешқайсысында да табан тіреп я сары-жамбас боп көп жатпағанымызбен, үйге оралып жеткенше жазды өткізіп алыппыз.

Сырдария бойының қысы біздің Торғайдан әлдеқайда кеш түскенмен, күзі әлдеқайда ерте басталады. Олай дейтінім, біздің араның күзінде, жұрт егін оруға августың аяғынан я сентябрьдің басынан кіріссе, Торғайдан біз Сыр бойына август айының басында жетсек, орақ науқаны қызу жүріп, биылғы егін оруды жұрт аяқтауға жақындап қапты.

Сыр бойының егіні жиналып біте салысымен, ондағы тұрғын халық пен біздің үйдің арасындағы жанжал да басталып кетті. Бұл араның егістік тұқымы жоқ халқына біздің үйдің ұрасына тығылған дәндерді әкем пышақ үстінен бөліп беріп, күзгі өнімнен бес-алты есе ғып қайтарып алмақ болғанын жоғарыда айтқамыз. Енді, шығымы мол егіннен әкем сол өсімін алайын десе, ауыз жаласып қойғандай, борышқорлардың бәрі де әкеме: «Жоқ, бергеніңді ғана ал!» депті. Баяғы, жиһангер соғысының алдында болыс боп тұрған күні болса, әкем бұл борышқорлардағы аласыларын, берсе қолынан, бермесе өкімдік көрсетіп, желкесінен шығыртып басып отырып алар еді. Ол күні жоқ!.. Енді не істеу керек?

Әкемнің бұндай істердегі ақылшысы Ақмешіттегі Аралбаев. Борышқорлардың ызасы өткен, бірақ оларға қолданар күші жоқ әкем, поезға міне шапқылап Ақмешітке кетті де, қасына, «уездік милиция штабының начальнигі» деген лақабы бар, оң жағына қарай шойнаңдаған ақсақ, жасы сол кезде отызды ғана орталағанмен, тіс атаулысы түсіп қалған, орнынан жарқыраған алтын тістер салдырған қара бұжыр кескінді, Лаумуллин атты қазақты және екі милиционерді ертіп келді. Лаумуллин тілін шайнай сөлейтін, мінезі қатты кісі екен. Ол әкемнің борышқорларына ақыра келіп еді, олар ығысудың орнына шапылдап жауап беріп, бойларына дарытқан жоқ. Қоқан-лоққысымен қорқыта алмаған борышқорларды Лаумуллин тіл тигізу арқы-

лы ығыстырмақ болып еді, есесін әлденеше рет қып қайтарып алды. Біреулерді сабамақ болып еді, өзі таяқ жеп қала жаздап, арашаның көмегімен әрең құтылды. Ақыры, борыштың бәрін де есесімен қайтарып бермек болып келген Лаумуллин, екі саусағын танауына тығып бос қайтты.

Мәселе мұнымен тынбады. Әкемнен және Лаумуллиннен жәбірлік көргендер бергі жағы Түркстан республикасының бастықтарына, арғы жағы Ленин мен Калининге арыз айдап қыс бастала Тәшкеннен тексеру комиссиясы келіп қалды. Жамырай жауап беріп, арыздарын бекіте сөйлеген жұрттың сөзімен, «жалдап» деген ат тағылған әкем абақтыға алынды. «Уездің бірінші әкімі» деген Аралбаевтың бұл істе бізге тигізген бар пайдасы, ретін тауып әкемді абақтыдан босатты да, соттан құтқарды. Жұрттағы борыш түгелімен салауат боп кетіп отырды...

«Қулықпен таптым» деген малынан осылайша жұрдай болған әкем, ызадан үйге сыя алмайды. Сол кезде, үй ішінде тағы бір жанжал басталып кетті. «Жаз шыға бұл ит елден кетпесе болмайды» деп бекінген әкем, оған дейін мал басын молайтып алғысы келді ме, әлде бойжетті деп ойлады ма, қолындағы екі қызы — Берен мен Бүлісті, әлдекайда сапар шыққан бір жолында, әлдекімдерге бермек боп құда түсіп келді. Шешем бұған қарсыласа кетті. Ақыры, бірнеше ай сілкілескен екеуі,— өз мұраттарына емен-жарқылап жеткендей болды: шешем қаншама тулап қарсыласқанмен, әкем үлкен қызы Беренді уәделі жеріне қысты күні ұзатты; әкем қаншама тулап бұрқанғанмен, күйеуін де алдырғанмен, шешем үйден тілдеп айдап шықты да, «кәне, жолап көр!» деп, кіші қызы Бүлістің қасында қолына лөкет пышақ ұстап отырып алды. Оған да қарағысы келмеген әкем қызды тартып алмақ болғанда, Текебай екеуміз шешемнің жағына шығып, әкемнің амалын құрыттық...

«Ұрыс тұрған жерде ырыс тұрмайды» дейді қазақ. Қыздардың тақырыбында біздің үйге қыстың басынан кірген ұрыс, шешем Бүлісті уәделі жеріне бермей қалғаннан кейін тіпті де үдеп, үйдің берекесі кетті. Баяғыда біреу, «Хан алдына барғанда, хан кеспеді тілімді, халық алдына барғанда, халық таппады мінімді, өз үйіме келгенде, итке берсін күнімді» деген екен. Тағы біреу, «Қатынға қадірім жоқ, етімді көреді, ағайынға қадірім жоқ, бетімді көреді» деген екен.

Солар айтқандай, сыртқы жұртқа айбынды-ақ көрінетін әкем, шешеммен арасында баяғыда сөнген ұрыс, биыл қайта тұтанғаннан кейін, шешемнің біраз жылдан бері буылған тілі қайта шыққаннан кейін, тіпті кор боп кетті. Қазақта «көңге түскен отты көмсең де сөнбейді» деген мақал бар. Сол айтқандай, әкем мен шешемнің арасында қайтадан тұтанып алған ескі егес сөнбей, болмашы сылтаудан лапылдай берді. Үй ішінің тіршілігінде табан тіресе ұстасқан әйел еркектен күшті екен. Өйтпегенде ше?.. «Қапқа түскен қатындікі» дегендей, үйге кірген игіліктің иесі түгелімен әйелдікі емес пе? Ас-су да, мүлік те сонікі!.. Ең күшті мүлкі — балалар. Баласыз болса бір сәрі. Балалы әйелден ері қалай құтыла алады... Әкемізді де жақсы көре отыра, оның басына түскен ауырлыққа іштей қайыса отыра, әке мен шеше егесе бастаған шақта, біз балалар, шешемнің жағына шыға келеміз! Осылай емес пе?.. Шешемнің қарсыласуынан ба, әлде балаларының шешеге болысуынан ба, әкем де қажыған бейнесін көрсетіп, ашуланған шағында, шешеме құтырған бурадай зіркілдеп келгенмен, таяла бере, жарға соққан толқындай қайқайып, кейін құлап түседі...

Үйден көрер «рахаты» осылай болудан гой деймін, орнына ши шыққандай, әкем қыс ортасы ауа үйге тоқырамай, әлдеқайда кете берстін болды. Бір сәтте, ол мені Тәшкенге алып барды. Онда әкемнің Болатхан есімді таныс өзбегі бар екен. Патша өкіметінің кезінде Болатхан Ырғыз, Торғай қалаларына сауда жүргізіп, әрқайсысына үй, дүкен салып, әйел ұстайды екен. Осындай он төрт қалада үйлері, дүкендері, әйелдері бар екен. Болатханмен ертеде тамыр болған әкем, бертінде туған қарындасынан туған жас жиенін тоқалдыққа да бергізген. Ол жиеніміз тірі екен. Жездеміз жетпіске кірген, заманында көркем болған, онысынан ықшамдай қырыққан ақбуырыл сақалы мен, баспайтын қалың ақ мұрты ғана қалған, бет-аузы қатпар-қатпар шалбарланған, тістері түскен, зор денесі мейлінше жуандап алқам-салқам боп кеткен, отырған орнынан таяныш әрең тұратын, кібіртіктеп таяқпен әрең жүретін, қоңқақ зор мұрнына көзілдірік артпаса еш нәрсені көрмейтін қартайған адам екен. Ал, сұлу кескінді, семізше денелі, жиеніміз, жап-жас қалпында мөлдіреп отыр... Оны Болатхан өзгелер түгіл, туған нағашысы — әкемнен де қызғанып, амандасып кеткеннен кейін көзімізге көрсетпей қойды.

Болатханның мол, бай дастарқанынан ырзықтанып, кең, салтанатты, жайлы үйінде жұмаға жақын рахаттанған әкем, қалада әркімдердің, әсіресе, қазақ оқығандарының үйлеріне барып, дәмдерін де ішіп жүрді, сырласып та жүрді. Есім кіріп қалған баламын, байқап көрсем, бұрын «алашорда» аталған оқығандардың біраз «қаймағы» Тәшкеңде тұнып тұр екен. Бұнда: Батыс Қазақстан алашордасының бастығы — Жиһанша Досмұхаметов те, Шығыс Қазақстан алашордасының бастығы — Халил Ғаббасов та, Орта Қазақстан алашордасының бастығы — Айдархан Тұрлыбаев та бар екен. Өзге «алашордашылардың да» мұнда қисабы жоқ сияқты. Солардың ішінде, атақты жазушылары: Мағжан Жұмабаев та, Жүсіпбек Аймауытов та, тағы басқалары да жүр...

Олар жәй жүрмейді екен. Түркстан республикасының Сұлтанбек Қожанов сияқты басшы адамдарын іштеріне ала, бірге қонақ бола жүреді екен; сол кезде Тәшкенде шығатын «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналына мақалалары, өлең, әңгімелері үздіксіз басылып отырады екен... Жасырын естіген бір мәліметіміз бойынша, Памир және Тянь-Шань тауларында, Совет өкіметіне қарсы күрес жасайтын «басмашы» дейтіндер тұнып жүрген көрінеді... олардың түпкі бастығы — түріктің белгілі патшасы Ануарбек» деседі. Осы қыстың басында, жасырын түрде Ануарбек Тәшкенге де кеп, бұндағы ұлтшылдармен бас қосқанға ұқсайды... Біреулері әкеме:

— Бүйтіп, «көшеріңді жел, қонарыңды сай біліп» жүргенше, басмашыларға неге өтіп кетпейсің!..— десе:

Қалай өтем? — дейді әкем толқи қалып.

— Бел бусаң оңай,— деседі ақылшылары,— одан әрі, басмашылармен бірге бол, мейлің, арғы Авган мен Иранның біреуіне өтіп кет, мейлің...

Бұған да толқыған әкемді, бір ғана ой бөгейді.

— Ұялас қасқырлар бір-бірінен айырылса, түнде ұлысып табысатын еді,— дейді әкем маған оңашада,— мынау алашордашылар да Тәшкенде солай табысқан екен. Менің қайран қалатыным: осылардың ішінде нағашың неге жоқ?.. Келуге мүмкіндігі бола тұра, ол неге келмеген Тәшкенге? Ақыл жағынан да, қулық жағынан да, білім жағынан да осылардың ешқайсысына беріспейді ол. Совет өкіметін бұлардан кем жек көрмейді. Ендеше, бұл үйірге қосылмай, неге шеттейді?.. Сонда бір мән болу керек!..

Сол шақта, нағашым Шынғыстаудан Орынборға барып қызметке орналасыпты деген қауесет естіле қалды. Бұған да мән берген әкем, Тәшкендегі достарына: «тағы да келермін кешікпей; оған дейін қабырғаммен ақылдасайын» деді де, «үйге қайта тұрам» деген сылтаумен жүріп кетті. Поезда маған айтқаны:

— Сен Жосалыдан түсіп қал да үйге бар, мені сұрағандарға, «Тәшкенде қалып қойды, жуық арада келеді» де. Мен осы бетіммен Орынбор барып, нағашының амандығын біліп қайтамын.

Орынбордан айға жақын уақытта қайтқан әкем, түнде, ел жата есікті жауып алды да, «тістеріңнен шығарма!» деп сақтандырып:

— Жаз шыға, осы елдің тоғайған ауқаттылары Қарақұмға көшеді. Біз де соларға ере көшіп, әрі қарай елеусіз жылжи беріп, Сазанбай жолымен, Аққөл арқылы, Торғайға тартып, аманшылық болса, жаздың екінші жартысын өзіміздің Қызбелде өткіземіз...

Былтырғы жазда барып қайтқалы көркем елесі көз алдымнан кетпей, оянсам есімнен, ұйықтасам түсімнен шықпаған, өзіне магниттей тартқан, бірақ әкемнің зілдей салмағы, арқандаған аттың қазығындай босатпай жүрген туған жерге көшу, қандай қуаныш дейсіздер, маған!..

Уә, туған жер, аша бер құшағыңды!.. Енді тез жетем!..

10. АЛҒАШҚЫ ҰШҚЫН

Жаз шыға Сырдың Қарақұмға көшкен ауылдарына араласа, біз де көштік. Бірақ бұл арадан біржола көшетін ниетімізді жан адамға білдірген жоқпыз. Біз іштеңе демегенмен, түпкі ниетімізді жұрттың өзі-ақ аңғарғандай болды. Өйткені, көштің өзімізге жетерлік түйелерін және саймандарын күнбұрын даярлаған әкем, үй ішінің мүлкі былай тұрсын қора-қопсының да артып әкетуге күш жететінін тастамауға тырысты. Мәселен, ол, «жаздай шай қайнатуға қажет» деп, қорадағы біраз сырғауылды сақтатып түйеге артып алды; қорадағы қойдың қиын да сөйтті; «ат байлауға керек» деп, бір түйенің үстіне бірнеше ашаны арттырды; қорақопсыдан ол тек артып әкетуге күш келмейтінін ғана қалдырды да, «бір күніме керек болар» дегендей, сенісетін көршіміздің біреуіне арзан бағаға сатты. Шынын соған ғана айтқан әкем біз Торғайға жетіп орнықканша «жан адамға сездірмеймін» деген ант алды...

Әкемнің сондай қылығын көрген ауылдастардың кейбірі «әй, тегі, біржола кетулерің болмаса не қылсын!» деп күңкілдесті. Бірақ кетуімізге қуанбаса, қынжылар түрлері жоқ сияқты. Сондай қалыптарын көрген соң, әкеме оңашада:

— Несіне тығылмақ ойнаймыз? Неге ашық көшпейміз? — десек:

— Жап, аузыңды! — дейді әкем жекіп,— көрінеу көзге көшіп көр, бассалып талап алсын!..

Қарақұмға он шақты түйеге артқан жүкпен аттандық. Сырдан үдере көшкен ел, оның жиегіне бес-алты қонып жетеді екен. Екі ара: жусан, көкпек, ебелек сияқты шөбі, баялыш, еркек, қоян-сүйек, сексеуіл, шеңгел сияқты ағашы аралас өсетін шөлейт кең жазық екен. Анда-санда жерден құдық кездесіп отырады, оны жергілікті кәнігі адамдар ғана білмесе, өзге жанмақлық таба алар емес.

«Қарақұм» дегеннің біз бұл жолы кірген тұсы, жапжалпақ бірдеме болып шықты. Оның бергі етегіне шілденің басында ілеккен біз өркешті құмның ішін аралай жайлап отырып, арғы етегіне шілде аяқтала әрең өттік. Соңғы екі жылда ел келмеген Қарақұм, малдың отына тұнып тұр екен. Бұл құмның және бір ғажабы: кісі бойындай ғып қана қазған құдықтың аузында суы шүпілдейді де тұрады, сондай бір құдық бір ауылдың жаздай ішуіне мыңқ етпейді. Кейбір көгалданып жататын саяндарынан, қырдың аңы суды тұяғымен тарпыған шұқанақтан да іше береді деседі. Жылқының да сондай әдіспен ішіп жатқанын өз көзіммен көрдім. Оты да, суы да осыншалық мол Қарақұмға кіре, Сырдан жадаулау келген малдар жондарын тез жауып аз күнде семіріп кетті. Үлкендердің айтуынша, Сыр сияқты оты жасық жерде семірген мал мен Қарақұм сияқты ащылы-тұщылы оты асыл жерде семірген малдың еті де, сүті де бірдей емес: Сырда семірген малдың майы қоға татып, қанша жесең де жүрегіңді қайтармайды, сиыр сүтінің қаймағы жұқа тұрып, былғағанда сары майды аз береді, қымызын қанша қанып ішсең де мас қылмайды; ал құмда семірген малдың майы сүрленген майдай көкпеңбек боп, бір жапырағын жесең жүрегіңе шық етіп тие қалады, сиыры мен қойының сүтіне қалыңдығы бір елі қаймақ тұрады, бірер аяғын ішсең, қымызы түгіл айраны да мас қылып ұйқытатып тастайды... Расында да солай екен!..

Құмда биыл да аң көп екен. Бірақ әкем ана жылғыдай бір орында көп тоқырап аңшыламай, ілгері қарай жылжиды да отырады. Сөйтіп отырып, шілденің саршатамыз ыстығын аяқтай Қарақұмнан өтіп, телегей-теңіз селеуінің шашыранды көбігі көріне бастаған Торғай даласының пұшпағына да іліктік. Бұл далада бозторғай атаулы мұнша көп болар ма!.. Бізді құрметпен қарсы алғандай, «даланың бұлбұлы» аталатын олар аспанға ондап, жүздеп емес, мыңдап көтерілгендей боп, неше күн ілгері сұғынсақ та, биікте шырылдай сайрайды да тұрады. Күннің реңі де ол кезде аса ашық боп бет алдымыздағы теріскейден, алды сирек, арты қалың ақша бұлттар кең жайылып келгенмен, жердің тозаңын басарлықтай ғана себелеп өтті де, еш жерге қалыңдай жаумады. Торғай жерінде зорман аталатын кішкене аңдар болады, Ертеректе жұрт көп аулап санын азайтқандықтан ба, әлде құғынды көп көріп тығылуға үйренгендіктен бе біз Сыр бойына көшкенге дейін, бұл жануарлар өте сирек және жолсыз жерлерде ғана кездесетін. Енді байқасақ белең алып өсіп кеткен сияқты. Жазық даланың әр жерінде, кейде бір жүріп келе жатқан сүрлеу жолдың үстінде, нақ қасына келгенше қаққан қазықтай тіп-тік боп қимылсыз шоқиып отырады да, таянып келгенде құйрығы шошаң ете түсіп ініне кіріп кетеді. Қыз, келіншектер, сері жігіттер құйынып жүретін иісмайды, біздің елде «жұпар» дейді. Әжемнің айтуынша, ерте кезде осы жұпар Сыр бойында өсетін әлдене тышқанның құйрық түбінде болады екен. Әдемі исі аңқыған осы құйрықты адам не қолтығына, не бөркінің ішіне тігіп алса, бұрқыраған ләззатті исі ешуақытта таусылмай, маңына бұрқырайды да жүреді екен... Торғай даласындағы мына зормандар сол «жұпар аталатын тышқанның не өзі, не ағайыны болу керек. Өйткені, олардың да індері үнемі жұпар сасып тұрады екен. Осы әдемі иіске даладағы жусанның ашқылтым исі қосылғанда, иісті тартқан танауың еріксіз түшкіртеді екен...

Туған жердің көркіне қызығып, құмарлана қарап келе жатқан бізді, даланың әр тұсында жайыла оттаған деңкиген дуадақтар, нақ қасына келгенше ұшпай отырады да, таянып қалған шақта қанаттарын сытырлата жүгіре жөнеліп, жер бетінен кісі бойы ғана көтеріліп жақын тұсқа тағы да қонады. Бұрын бұндай дуадақтарды ертеден қара кешке дейін қуып жүруге бейіл әкем енді, неге екенін кім білсін, мына далада

қойдай жайылған, таяқ тастам жерге келтіретін дуадақтарды, қолында жасаулы мылтығы бола тұра атпайды!..

Шөлдің бір еркесі — дуадақтар бізді осылай қарсы алса екінші еркесі — тырналар аспанның көзге әрең шалынатын биігінде төбемізді айнала ұшып, үндерін қоса тыраулайды.

— Балапандарын ұшырған уақыты,— дейді әкем оларға қарап қойып,— құс баласында тырнадан биік ұшатыны жоқ. Ол балаларын да сондай биікте ұшуға үйретіп, жерден көтерілген соң-ақ аспанның қиясына алып кетеді!..

Шөлдің аңдары мен құстары осылай қарсы алған кең өлкесінде адамзаттың исі сезілмейді,

Айдаған азынаулақ малдың, алыс жолдан мойны қатып келе жатқан көліктің ауқымына қалай жылжып, біз бірнеше күн жүргеннен кейін, атағын естіп, өзін көрмеген Аққөлге жеттік. Үркітер адамның жоқтығынан болу керек, ортасы жалтыр, айналасы қамыс бұл кең көлдің өнбойы құсқа сыймайды. Көлдің жағасында біз төрт-бес күн түнедік. Сонда қайран қалғанымыз — шөптесін жағасында өрген әр түсті балықтар, илеудегі құмырсқадай құжынайды... Бұ не деген тегін жатқан, бірақ пайдаға аспай жатқан мол байлық!..

Аққөлден жылжыған бізді жер жайын жақсы білетін әкем көшін тақтайдай тегіс даламен жүргізіп отырып, тұп-тура Сарықопаның «Кеңжайық» аталатын жиегіне әкеп түсірді. Кішкене кезімде кеткенмен, бұл жердің қандай екені есімде: көктем туып, көл суы молайған шақта, жайпақтау жағадағы біздің Кеңжайыққа сел тегіс жайылатын да, шілдеге қарай сел тартылғанда, саздауық Кеңжайықтың жайқала өскен жасыл өлеңі құлын жасырынарлықтай биіктеп өсетін. Жаз ортасында жасыл өлеңнің бетіне нелер түсті гүлдер көтеріліп, Кеңжайық масаты кілемдей құлпыратын. Со кезде, басына түйме салған сабағы биік жуалардың түбірі қойдың асығындай болатын. Исі бұрқыраған жуаны аузына сап көпірте шайнасаң, тәттілігі тіліңді үйіріп, көмейіңді суыратын. Кеңжайыққа басы ақ шешек атқан ұзын сабақты буылдық та өсетін. Оның кішігірім кісінің жұдырығындай түбірін оттың қоламтасына көміп пісірсең, аузына құмдай үгілген буылдықтың тәттілігі бал татитын...

Былтыр Торғайға келгенде, біздің осы Кеңжайықты Еркін ұйымдастырған «Ұшқын» атты коммуна егіс-

ке пайдаланып отыр деп естігеміз. Биыл не халде екенін білгісі келген әкем көшіміз Сарықопаға таянып келген шақта көлікті тоқыратып, «сендер осы арада қос тіге беріңдер, біз Бүкіжан екеуміз Қеңжайықты көріп келейік» деп, қасына мені ертіп, көштен озып кетті. Қеңжайыққа таянған шақта біз өз көзімізге өзіміз сенген жоқпыз: оның өнбойына, қалыңдығы да, биіктігі де құрақтай боп күріш дақылы өскен!.. Біз үстінен қарғып түскен атымызды еріне қаңтара сап атыздарды бойлай, жасыл күрішті аралап келе жатыр ек, арғы беттегі ауыл сияқты үйме-жүйме бірдемеден айғайлай шапқан біреу бері қарай шыға келді. Біз кейін шегініп, күріштің шетіне шықтық та, атымызға мініп, келе жатқан адамға қарай жүрдік. Таянғанда байқасақ, Еркін!.. Сескеніп қалғандай болған әкеме, ол «Ассалаумағалайкүм!» деп сәлем берді де, атын тебіне жақындап қолын ұсынды. Қолын еріксіз ұсынған әкем, әлі де сескенген сезімін жинап ала алмағандай үндемей қалып еді, оған тыныс алдырғысы келгендей:

— Ә-ә, Бүркітпісің? Аманбысың? — деп маған да қол берді. Сонда ғана өзіне-өзі келгендей болған әкем дірілдеңкіреген дауыспен:

— Мал-жан аман ба? — деді.

Маған ең батыл, ең күшті адамның біреуі сияқтанатын әкемнің Еркіннің алдында бұл жолы да бұралқы иттей бүгежектей қалуы намысыма тиіп кетті. Сонымды еркінсіп тұрған Еркінге сездіргім кеп:

— Қай байдың егіні мынау? — дедім, жайқалған жасыл күрішті нұсқап.

Сұрауымды ұнатпаған сияқты болған Еркін, «Қарайгөр, қаршадай неменің менменсуін!» дегендей бетіме жымиыңқырай қарап қойды да, маған жауап берместен:

— Ия, жол болсын? — деді әкеме.

— Әлей болсын! — деді әкем, даусы енді нығыздау шығып.— Бай болсын, кедей болсын әркімге туған жері қымбат екен. Қөрмей жүргенде аңсайтын туған жерді көрген соң адам тіпті аңсайды екен. Былтыр, мына балам екеуміз Торғайға келіп, туған жерді шетпұшпақтап болса да көріп кеткеннен кейін, тіпті аңсадық. Әсіресе, балам! (Еркінге «онысы рас» деген көз қарас білдіріп қойдым. Б) Үйдегі қатын-қалаш, балашаға да аңсап өлгелі отыр екен, жер жағдайын айтып барған соң ақ, байласа да тұрғысыз боп, бермен қарай талпына берді...

— Сонымен, қысқасы, көшіп келе жатырсыздар ма? — деді әрі аты бүгелектеген, әрі осы бір шақта қыза қалған күн көзінен терлеп-тепши бастаған Еркін.

— Ия, шырағым,— деді әкем.

— Көш қайда?..

— «Көш» дейтін көш жоқ, шырағым. Осы арадан бірге кеткен Қайрақбай екеуміздің үйіміз ғана. Алыстан мойны қатып келе жатқан көліктердің жайына қарап, өзге жанымыз анау сайдың астында дамылдауға қалды. Бүкіжан екеуміз көштен озып, осы маңда ауыл бар деген соң, көріп амандық білуге келе жатыр ек...

— Мақұл болған,— деді Еркін,— ал, енді, күнсіп далада тұрмай, қалған сөзді ауылға барып кеңесейік.

— Болсын! — деді әкем.

Үшеуміз қатарласып жөнеле бергенде, Еркін ауылының хал-жайын баяндап кетті:

— Он алтыншы жылдың жазында басталған дүрбелеңнен бұл араның елі, 1919 жылдың күзінде Совет өкіметі біржола бекігеннен кейін ғана тишықты. Мен 1918 жылдың күзінде атаман Дутовпен соғысқан қызыл гвардияның тобына қосылғам. Дутов пен Колчак шығысқа қашқанда, қызыл армия қатарында мен де кеткем. Ақыры, жиырманшы жылдың көктемінде ол жақтағы жау да бітіп, жазында мен ел жаққа оралғам. Жолда Омбыға соқсам, Совет-партия қызметкерлерін даярлайтын екі айлық курс ашылғалы жатыр екен. Менің аз ғана оқуым оған түсуге жарай кетті де, курсты жақсы оқушылардың бірі боп аяқтап, Қостанай арқылы елге соқтым. Төрт жылдай азамат соғысының майданы боп берекесі кеткен Торғай елі, енді ғана мекеніне оралып жатыр екен. Аз ғана ауқаттылары мен байлары болмаса, былайғы момын көпшіліктің шағын шаруасын, төрт жылдық дүрбелең қатты шайқап кетіпті. Енді, тиыштық орнаған соң ғана есін жиып, етегін жапқысы келген жұртқа жетекші керек сияқты.

— Соны көргеннен кейін,— деді Еркін, әкеме қарап қойып,— ұлықсат алып кеп орныгу мақсатымен Торғай губерниясының орталығы Орынборға барсам, қазақ автономиялық республикасының үйі тігіліп, шаңырағы көтеріліп жатыр екен. Басшы қызметкерлердің кейбірі, «осында да керексің, елді қоя тұр» деп еді, мен: «Жоқ, жәугершілік кезде атқа бірге қонған ел еді, мекеніне іргесін бекітіп болғанша, арасында жүре

тұрайын» деп көнбедім. Сонымен, со жылдың күзінде елге келдім...

— Жақсы болған,— деп қойды әкем. Мен ішімнен: «атаңның басы, жақсы болған» деп күлдім.

— Мен өзім, он тоғызыншы жылдың күзінен коммунистпін,— деп жалғастырды Еркін кеңесін; әкем ол сөзіне елең етті де, үн қатпады.— Ашығын айтқанда коммунистердің мақсаты — тапсыз коммунизм қоғамын құру ісіне басшылық ету. Коммунизмде байлық қоғам мүшелеріне ортақ болуға тиісті. Сондай байлық жасаудың алғашқы тәжірибесі сияқтанып, советтік Россияның әр жерінде «коммуна» аталатын шаруашылықтар құрылып жатыр...

— Осындай бір шаруаны менің де құрғым кеп,— деді Еркін әкеме тағы да қарап қойып,— жиырманшы жылдың күзінде елге келе сала, әр жерде бытырап жүрген өз аулымыздың кедейлерімен және осы маңда елінен адасып жүрген тұрақсыз әркімдермен кеңесіп, ата мекеніңіз — Сарықопаның осы жағасына коммуна ұйымдастыруға келістік.

— Жақсы болған,— деп қалды әкем, бұл сөзінің мақұлдау, я ұнатпау екенін аңғартпайтын үнмен.

— «Әулие көл» дейтін жер бар ғой. Орысша оны «Семиозерное» дейді ғой, сонда патша заманында Чушкин деген помещик тұрып, ақтар жеңілгенде бірге ере қашқан орнында қалған екен. Өкімет соны біздің коммунаға берді. Алғанымыз: жиырма екі сауын сиыр, сегіз атан өгіз, ұсағын қосқанда, сиыр тұқымы — қырық төрт, жеті ат бар; малдан бары осы...

— О да аз олжа емес,— деп қойды әкем.

— Егін сайманынан: екі тілді екі соқа(бір сеялка, он шақты тырма, төрт бірішке, соларға жететін сайман...

— О да жарап жатыр!.. Тегін мүлік!..— деді әкем, өз мүлкі олжаға түскендей, демін ауыр ап.— Сонымен, сол коммуналарың бір жерге жиылды ма?

— Жиылды,— деді Еркін,— егінге қолайлы жер сіздің осы Кеңжайық болғандықтан, қоныста жақын жерден салдық.

— Үй сандарың?

— Жетпіс үш. Қырық рулау болғанмен, бірлігі әзірше жаман емес. Өткен жылдың көктемінде Кеңжайыққа екі десятина тары, екі десятина бидай, бір десятина сұлы егіп, Сарықопадан арықпен су әкеп суарып ек,

өнімі өте жақсы болады. Тары — 150 пұттан, бидай — 80, сұлы — 110 пұттан берді. Дәнге қоса бір десятинадай жерге картоп, маркоп, қияр, қарбыз сияқты жемістік шөп-шалам егіп ек, о да жақсы шығып жұрт қарық боп қалды...

— Топырағы асыл жер ғой,— деп қойды әкем.— Белгісіз заманда, осы Кеңжайыққа әлдекімдер егін, өсірген болу керек, қазған арықтарының, атжаптарының ізі көрініп жататын...

— Рас. Біз сол іздерді пайдаландық...

Еркін әңгімесінің осы тұсында ауылға да таянып қалдық. Көше тәртібімен салынған кішкене жер үйлердің арасымен бастаған бізді Еркін шағындау бір қораға алып кірді. Бұрын араздасқан, жауласқан бізді, Еркіннің бұл жолы жылы шыраймен қарсы алуы үйіне барғанда да байқалды. Бойы тапал, төбесі жайпақ, терезесі кішкене, есігі аласа, сырты сары балшықпен сыланған кішкене үйдің алдына тоқтай қалған ол аттан түспей:

— Апа,— деп айғай салды.

— Әу,— деген әйел даусы естілді.

— Уа, бері шық!.. Туысың келді.

Біз аттан түсіп, есік алдындағы бағанаға байлағанша сыртына көнетоздау қоңыр желеңін жамылған әйел үйден шыға келді. Тани кеттім, Еркіннің шешесі Қазина. Жұрт, әсіресе, шешем, «сұлу» деп атайтын бұл мосқал жасты әйелге енді ғана көз тоқтатып байқасам, бетінің әжімденуі болмаса, түрі де, тұлғасы да аса көрікті адам екен. Шешемнің әкемді одан қызғанатынын білем. Қішкене кезде оған мән бермеген екем. Енді қарасам, қызғануға тұрарлықтай: ерейген ұзын да, тапырайған қысқа да емес, сұңғақтау ашаң денесі жас келіншекке бергісіз; әжімді дөңгелектеу, әдемі жүзінің нәлі кеткенмен, қырлылау біткен мұрнының жоғарғы жағындағы тепе-тең үлкен қара көздері, інгеннің көздеріндей мөлдірейді: сол әдемі көзге дақ түсірмей қорғау үшін жаралғандай, қайшы ұзын кірпіктері сапқа тұрған солдаттардай тікейіп тұр!.. «Алып анадан, ат биеден» дегендей, Еркін сияқты сымбатты сұлу жігіт осындай ғана әйелден тууға тиісті ғой. Байғұс шешем, әкемді бұндай сұлудан несіне қызғанады екен!..

Қазина бізді «әлдекім?» деп ойлағандай, есіктен шыға беріп іркіліп тұра қалды.

— Апа, танимысың бұл кісілерді? — деді Еркін шешесіне жақындаңқырап, соңына ерген бізді қолымен нұсқап.

Бір жақын жеңгесі менің әкемнің атын «Қесір» қойған екен. Соған қарап, батылы жеткен жеңгелері көзінше, батылы жетпегендері сыртынан «Қесір» деседі екен. Араға көп жыл түсіп жатырқауынан ба, әлде, кедейлерге тиген еркіндікпен пайдаланып батылдануыма, әкеме адырая қарап аз тұрған Қазина, бетін оң жақ қолының саусағымен бір шымшып, үлкендеу көзін кеңірек ашты да, ернін бір сылп еткізіп:

— Бетім-ау, мынау Қесір болмағай да! — деді.

— Иә, сол Қесіріңмін,— деді әкем құшағын жая жақындай түсіп.— Бұрын кесір болғанмен, енді кесір емеспін. Көріспегелі көп заман болды, бірге өсіп, біте қайнаған замандас едік, келші, төске төсті тақасып амандасайық.

Екеуі құшақтасып көрісті. Сағынған біреуімен көрісіп амандасқанда, көзіне жас алу бүкіл әйел атаулының салты сияқты ғой. Ал, қазақ әйелінің оған қосары, даусын шығарып әлденемелерді айтып жылау. Әкеме көрінген Қазина да сөйтті. Бірақ ол кейбір әйелдердей барқырай жөнелмей, күңіреңкіреген үнмен әлдене сөздерді айыра алмастық түрде мұрнынан ғана мыңғырлады. Онысы шын ықыласы екенін көзінен төмен қарай сорғалаған жас куәландырып тұрды.

Әкемнен құшағын жазған Қазина, көз жасын сүртіп жіберіп, маған таңдана қарай қалды да:

— Бетім-ау, мынау Бүркітжан болмағай еді!— деді.

— Хаталасқан жоқсың,— деді әкем.

— Тіфа, тіфа, тіл аузым тасқа, қалқам-ау, соқтауылдай жігіт боп қапсың ғой,— деп Қазина маған жақындады да, маңдайымнан сүйді.

Аз уақыт амандық-саулық айтылғаннан кейін:

— Кәне, үйге жүріңдер! — деді Қазина, есігін нұсқап.

Әкем мен Қазина үйге кіре бергенде, тыста іркіліп қалған Еркін:

— Бүркіт, тоқтай тұр! — деді маған.

— Ие? — дедім мен де іркіліп.

— Сендерге сойып беретін бір семіз серкешім бар. Үй ішің түгел отырып дәм татсын, қасыңа кісі қосып берейін, шешеңді және көшке ерген барлық жанды алып кел.

— Болсын! — дедім мен. Ішімнен: «осың шынымен бізге ағайын болғалы жүр ме?» деп ойлап қойдым.

Еркін қасыма қосқан жігіт екеуміз желе-шоқытып қыраттау биікке көтерілсек жаппа тіккен біздің көш те жап-жақын екен.

— Иә, әкең қайда? — деді, күрке алдында тұрған шешем.

— Еркіннің үйінде қалды,— дедім мен.

— Қайдағы Еркін?!

— Қәдімгі Еркін... Қазина дейтін шешесі бар.

— Тірі ме екен, онысы? — деді шешем жұлып алғандай.

— Тірі екен. Сағынып та қалған ба, немене, әкеммен құшақтасып көрісті...

Шешемнің бет-аузы жел үрлеген су сияқтанып қыбырлап кеткендей, көздері кенет жанған сіреңкенің отындай лапылдап кеткендей болды. Аузымнан ағат сөз шыққанын сонда ғана түсініп, іштей өкіне бастадым. Бірақ Еркін тапсырып жіберген сөзді айтпауға амалым жоқ. Шешем ол сөзге ытырына жауап беріп:

— Әкеңе айт! — деді маған жекіп,— тойынғанша жатсын сонда. Біз ертең ертемен, осы арадан тура Қызбелге тартамыз!..

Шынымен бүлдіргенімді енді ғана ұқтым да, тағы да бірдеме десем, ширатылған ашуға шиыршықталған шешемді үзіп жіберетіндей көріп, келген ізіммен үн-түнсіз кейін қайтып отырдым.

Еркін сойған серкештің еті асылып жатыр екен. Шайларын менен бұрын ішіп болған. Үйге бірталай адам жиналып, бәрі гу-гу әңгімеде отыр екен. Сусап келген мен бір аяқ көже сұрап іштім де, үлкендердің кеңесін тыңдағым келмей тысқа шықтым. Сыртта бір топ бала жүр екен. Бала мен баланың үйір бола кететін әдеті. Мен де сөйтіп, бәріміз әлдене ойындармен әуреленділк те кеттік...

«Қыран баласы — Қырымға, ит баласы — жырымға қарайды» дейді қазақ. Сол екі «баланың» қайсысы болғым келгені есімде жоқ, Еркін «ас пісті» деп шақырғанша, мен осы ауылдың көп үйіне кіріп, тінтіп шыққандай болдым, сонда аңғарғаным — былтырғы Торғайда көргенімнен әлдеқайда ілгері кеткен халық; «ит басына іркіт төгілді» дейтін молшылық болмағанмен, басы іспеуі былай тұрсын, бұл ауылда қарны ашып отырған бір де жан жоқ сияқты сол тоқшылықтың тетігі — өздерінің бірлесіп атқарған еңбегі сияқ-

ты былтырғы е́гініне де разы олардың, биылғы егіннен дәмесі одан да зор сияқты...

Осы бірлескен істе, бәрінің тоқырар қазығы Еркін болғанға ұқсайды. Ол әлі жиырма екі жастағы жігіт. Онымен құрдас біздің Текебай ел-жұртқа қазық болу түгіл, өз басын зорға алып жүр. «Ораздының баласы он бесінде баспын дер, тоғышардың баласы жиырма бесте жаспын дер» дегендей, Еркін қайда кеткен, Текебай қайда қалған!..

Астан кейін жұрт тарады да, біз ұйқыға жаттық. Таңертең оянсам, үйдегі жұрттың бәрі түрегеп тыска шығып кетіпті, төрге салынған төсекте, мен жалғыз қалыппын. Сәулесі терезеден түскен күннің көзіне қарасам, шалшы түс болып қалған сияқты. Ұйқым әбден қанған. Тез киініп ап тыска шықсам, қора ішіндегі бір көлеңкеде әкем әлдекімдермен кеңесіп отыр екен. Оларға бөгет болмау ниетімен әрі қарай кетсем, Еркін әлдене шаруасымен шұғылданып жүр екен.

— Қалай ұйқтадың, бала? — деді ол маған.

— Өте жақсы.

— Кеше түнде ауылды көп араладың ғой?

— Ия... көргім кеп...

— Көр!.. Көр!.. Тағы да келіп көр!.. «Қара қазан, сары баланың қамы» дегендей, осындай бір шаруа жасауға тырысып жатырмыз. Қанды да жақсы тұрмысқа жол ашу үшін төктік, енді сол тұрмыстың өзін де жасаймыз деген үміттеміз. Біздің коммуна ескілікті жоятын өрттің алғашқы ұшқыны сияқтанған соң, атын «Ұшқын» қойдық. Бұны сөндіруге тырысатындар да жоқ емес, бірақ ол іс қолдарынан келмейді олардың.

«Олардың» дегенінің ішінде әкем де бар ғой деп ойлап қойдым ішімнен. Расында да солай шықты. Еркіннің қадір-құрметін көріп аттанғаннан кейін:

— Балам, не білдің? — деді әкем маған.

— Нені айтасың, ағеке?

— Алдағы күзде Еркін Орынборға, үш жылдық оқуға кететін бопты.

— Неге?

— Оқуы аз ғой оның. Білімін біраз толықтырып алмақ.

— Жақсы ғой онысы?

— Расында да жақсы. Ол оқуын бітіргенше, керегесін жайдым деген коммунасының шаңырағын ортасына түсіріп те бітерміз.

— Неге, ағеке? — дедім мен шошынған кескінмен.

— Оны түсінуге, жассың әлі!..

Әкемнің «Ұшқынға» не пәле дайындауға ойлағанын болжай алмаған мен, онымен керіске келетін тағы пәле ойлағаны түсінікті бола қалды. Жүрегім зырқ ете қалды ол белгісіз пәледен. Өйтпегенде ше?.. Әкемнің әке-бабасындай жауларының күл-талқанын шығарған Совет өкіметі, ініне су кеткен андай, кіреберге тесік таба алмай жүрген әкем сықылдыларға жеңдіре ме?.. Жеңе алмаса, Совет тұтатқан жаңа өмірдің ұшқынын сөндіре ала ма олар?.. Сөндіре алмаса, тағы да өртенгеніміз бе біздің?.. Жоқ, әкем өртенгенмен, мен өртенбеспін енді!.. Тамырынан жұлған көктей, кіпкішкене күнімде қайлардан қайларға қуып әкеткен тағдыр, өскен топырағыма қайтадан көктегелі келе жатқанда, мені ол топырақтан жұла алмас енді... Туған жеріме деген мөлдір махаббатымды ешкім енді сөндіре алмас!.. Мен енді оның жаңа ұшқынына қосыла, бірге жалындармын!..

Екінші бөлім

СҮЙГЕН ЖАР

(Бүркіттің екінші дәптерінен)

Жас өмірі жалындаған,
Өзгелердей мен де адам.

Лермонтовтан

Былтыр амалсыз айрылған Қызбелдің шығыс жақ етегіндегі Қатын қазған құдығының қасына келдік те, түйе шөгердік. Айдау көріп ашығып келе жатуынан ба, әлде, көп жылдың бойына мал тұмсығы тимей тусыған жердің күрең буырыл шалғыны биыл да аса биік және қалың өсіп: «Кел, же!.. Тарқат құмарыңды!» деп шақырғандай, жұпар исі бұрқырап, қоңыр-жай самалға ырғала тербелуінен бе: «Тұрақты мекенге жеттік, енді бір жайлана жайылайықшы!» дегендей, азғана малымыз, тәтті шөпке тұмсықтарын көміп оттай бастады. Шалғынның биіктігі шөккен түйенің қапталдығынан келеді екен. Алыс жолда ауыр жүк арқалап белі талған түйе байғұс күндегі әдетімен шөге сала, ұзын мойнын жерге соза төсеп дем алайын деп еді, тәтті исі танауын қытықтады ғой деймін, басын көтере түшкіріп жіберді де, жырық ерні бұлкілдей, алдындағы шалғынды шөккен қалпында бытырлата үзіп, аузын толтыра батырлатып шайнай бастады...

Шешем қызық кісі екен. Торғай өлкесінің шетіне кіре: «Өй, туған жер!» дегенде өзегі айырылғандай күрсініп келе жатқан ол, Қатынқазғанға жетіп түйе шөгергеннен кейін, сағынған төркінін көрген келіншектей, шалғынға баурын төсей жата кетіп, жерді құшағын кере құшақтап, бар даусымен, ал-геп көріс!.. Алгеп көріс!..

Былтыр ғана келіп көргенмен, мен де түйелерді шөгере сала, желіден ағытылған құлындай, олай да жүгірдім, былай да жүгірдім, шалғынға да жата кетіп аунадым; құдыққа да жүгіріп барып суын аузыммен тартып ап ішкендей ішіне үңілдім...

Біздің көштің өзге жандары, «туһ, тамашасын-ай!» деп төңірегін көздерімен ғана шолғаны болмаса, шешем мен мен сияқты өзеуреген қылық көрсеткен жоқ.

Қарс жапқан қабағын көтермеген жалғыз ғана әкем. Өйтуі маған ғана түсінікті сияқты. «Ұшқын» коммунасынан аттанғанда айтқан сөзі көкейіме тастай боп қатқан, сондықтан мына тұрысында ол «Ұшқынды қалай сөндірудің амалын ойлап тұр-ау!» деп жоримын. Бір кезде ол:

— Тәйт, тұр, әрмән әрі, күшігінен айырылған қаншықтай қынсыламай! — деп ақырып қалды жерді құшақтап көрісіп жатқан шешеме. Кенет естілген дауыстан шошып кеткендей, шешем басын көтеріп алғанда:

— Үйді тігіңдер! — деді әкем, жекіп.

Жабыла кетіп жапыр-жұпыр үйді тіге бастадық. Оның керегесі жайылып, шаңырағы көтеріліп, уығы шаншыла бастауы мұң екен, Қызбелдің сай-саласынан «аттылы-жаяулы...» дегендей әркімдер қаптады да кетті. Енді ғана білсек, Қызбелдің бойы былтырғыдай елсіз емес екен, өткен күзден бастап тоқшылық кірген Торғай елінің халқы, биыл түгелге жақын жайлауға шығып, Қызбелдің де сай-саласы иін тіресе сыңысқан ауыл екен!...

Келген көпшілік үйімізді тігісу, жүгімізді жинасу сияқты істерімізді атқара бастаған шақта, әлдекімдер ерулік әкеліп те үлгірді. Туған жер де, өскен ел де біздің үйді осылай қарсы алып, ат ізі суынбай, төңеректегі ел үздіксіз келді де жатты. Әрине, көбіне ауқаттылар келеді, олар сабасын арта, тоқтысын өңгере келеді...

Осындай келушілердің біреуі жеңешемнің туған апасы Батсайы боп шықты. Оның «сондай бір апам бар» дейтінін бұрын да естігемін. Енді көрсем, бір қойдың екі асығындай жеңешеммен екеуі, түр-тұлға жағынан да, кескін-кейіп жағынан да бір-бірінен айнымайды. Тек қана араларындағы айырма — жеңешемнен бес-алты жас үлкен бола тұра Батсайының түсі одан әлдеқайда жас. Екеуі көрісіп амандасып, хал-жайларын сұрасқан шақта, көптен көріспеген сіңлісінің тістері сиреп, беті әжімденіп, шашында ақ қылтандар көбеюін апасы көп бейнет көрудің салдарына жориды.

Батсайы қасына ұл балаларының біреуін ерте кепті. Бұл оның бесінші ұлы екен және кенжесі екен, аты — Мүсәпір, әкесінің — аты Пұсырман. Қылтиып орысша әдемілеу киінген, сұрғылттау сопақ бетті, имектеу ұзын мұрынды, талдырмаш денелі Мүсәпір, бет бейнесіне қарағанда менен үлкен сияқтанғанмен,

дене құрылысына қарағанда кіші сияқты. Жасын сұрағанда ол менен аттай төрт жас үлкен болып шықты. Өзі қазір Орынборда оқиды екен.

Мен жас күнімнен тентек боп өскен баламын ғой. Сол мінезіме бағып, егер үйге келген қонақтың қасында бала болса, жоқ нәрсеге жанжалдаса кетпей, ерегісе қалса қол қатып, не үйге қуып тықпай, немесе бір жерін ауыртып жылатпайтын уақытым болмайтын. Ал, мына баланы өз жеңешем де, өз шешесі де «бөлен» деп таныстырғаннан кейін, ішім жылушырай қоймағанмен, біздің үйде бір жұмадай жатқанда жанжалдаса қойған жоқпын. Оным, тегі, сыпайылық сақтаудан ғана болмау керек, Мүсәпірдің мінезінен де болу керек. «Бір биеден ала да, құла да туады» дегендей, жеңешем менен апасының мінездері бір-біріне қайшы екен: жеңешем — шідері үзген тентек, ал, оның апасы — «қой аузынан шөп алмайтын жуас». Баласы да мінез жағынан шешесінің аузынан түсіп қалған: кейде қақтығып-соқтығайын десем, ырқыма көне кетеді. Таласуға барғанда жата кетсе итті ит те қаппайды, мен ит құрлы жоқпын ба?.. Мүсәпірдің бәрінен де қызығы, әлденені кеңесіп отырып, ешбір себепсіз бетіне қарап жымисаң, ол да жымия қояды, сол сәтте, тағы да ешбір себепсіз түсінді суыта қойсаң, ол да суытады. Оның бет бейнесін қолыңдағы домбыраның шектері сияқтандырып, қандай күйге келтіруге ойласаң да билеп алатынсың. Ал хат-қалам жағына келгенде, өзеннің суындай сарқырап аға беретін сияқты. Ол маған оқыған кітаптарынан әлдене қызықтарды әңгіме ретінде де, өлең ретінде де айтып кетеді. Оқып жүрген қаласын ол өлердей мақтайды, сөйтеді де, мені оқуға баруға азғырады. Қызғылықты түрде айтқан оның кеңесін тыңдап отырып, бетіне қарап ыржиям да, іле түсімді суыта қоям...

Батсайы біздің үйге алыстан келетін қонақтарға жол ашып бергендей болды. Ол аттанғаннан кейін, біреу — «анау жақын», біреу — «мынау жақын» дегендей көңілдес адамдар алыстан да бірінен соң бірі келіп, ат ізін суытпады.

Бір күні біздің үйге: айыр өркешті түйеге мінген әйелі бар, ол түйені бұйдасынан жетектеп салт мінген еркегі бар, түйенің артында бұйдасының сабағын қомның қайысына байлаған, үстінде піспегі шошайған үлкен саба артқан буыршыны бар, оны айдаған: кекілін ғана қалдырып, басқа жалын күзеген, құйрығын тілер-

сегіне тақай-шорт кескен құла құнанға мінген баласы бар — үш адам кеп түсті. Далада жүрген менің көңілімді бұл адамдар бөле қалды. Қадала қарасам, түйенің үстінде басына үлкендігі қазандай жаулық ораған, бетінің үлкендігі табақтай мұрны мен көзі семіз бетіне батып кеткен, жуан денесі айыр-өркештің екі арасына әрең сыйған қап-қара кескінді қартаң әйел көрінеді, түйені жетектеп салт мінген адамның дене құрылысына қарасам, ең әрі салғанда, он төрт-он бестегі шарға бойлы баладай ғана, ал кескін-кейпіне қарасам, иегіне ұйыса біткен қаба қара сақалы, қалың қара мұрты бар біреу; құнан үстіндегі балаға қарасам, киімкешегі еркек балаға ұқсайды, ал кескін бітіміне қарасам қыз сияқты.

Бұлар үйге жақындап тоқтады да, әуелі салт аттағы тапалтақ қарғып түсіп, зор денелі, биік өркешті, ұзын шудалы семіз түйені бұйдасынан төмен сілкіп, жынын шаша бақырғанына қарамай шөгерді. Содан кейін әйелді суйемелдеп түсіруге ынғайланды да, шамасы келмейтінін білгендей, «демесер жан бар ма екен» деген кескінмен жан-жағына айнала қарады. Мен бұл кезде олардың қасына келдім де, тапалтақтың түріне іштей күлгеніммен, ата-ғұрпымызға бағып сәлем бердім:

— Әлек салам,— деді тапалтақ, ұнатпаған көзбен қарап (тегі кемпірді түсірісуге іле жәрдемдесе қоймады деп кінәләп тұр ғой деймін).— Кім баласысың?

— Әкемнің баласымын,— дедім мен қияқылығым ұстай ғап.

— Әкесіз бала деп тұр деймісің? Неғылған тіл мен жақсың өзің тықылдаған? Түсірісіп жібер мына кісіні,— деп, тапалтақ кемпірді нұсқады. Сол кезде үйден әкем шыға келді де, жолаушыларға қарай жүгіре басып:

— Апырау, Қарекең болмағай да! — деді жақындай беріп.

Қозғалсам «лықып құлап кетемін» деп қауіптенгендей қимылсыз отырған қара кемпір, жүгіре аяндап жақындаған әкеме «Әбеке!» деп дыбыс берді. Әйелдің даусы еркек даусындай жуан естілді. «О-о, Қареке!» деп жүгіріп барып құшақтаған әкем, түйе үстіндегі әйелді түсіре алмай мықшыңдап жатқанда, үйден шешем және бірнеше кісі шықты да, бәрі демеп жуан әйелді әрең дегенде түсірді. Еркек, әйелден талай жуан-

дарды көре жүре, мен мұндай жуан денелі адамдай, бұндай биік денелі әйелді көрген емен!..

Әйел мен тапалтаққа таңданам деп, баланың да құнаннан түсіп қасымызға келгенін аңғармай қаппын. Жұрт «Қареке» атаған кемпір мен оның қасындағы «Қиқым» атаған тапалтақпен шуласа амандасып жатқан шақта, менің көзім, танымайтын жұртқа жалтаңдай қарап, ұялшақтық бейне көрсеткен балада болды. Бұл, әрине, қыз!.. Жұқа өңді, әдеміше кескініне, талдырмаш, сұңғақтау бойына, қамшы ұстаған ұзынша, жіңішке саусақтарына қарағанда, бұл, әрине, менімен тетелес, не болмаса менен бірер жас қана кіші қыз!.. Бұндай жастағы қызды қазақ қыздарынша төгілдіре киіндіріп қоюшы еді. Осынша жасқа дейін еркек балаша киіндірген бұл неткен қыз?!..

Қарекеңе әуелі айғайлай көрісіп, одан кейін шүйіркелесе амандасқан, көз жасын жаулығының ұшыменен сүрткен жеңешем, еркекшора қызды енді ғана көргендей, кескініне қарап: «Қарағым-ау, мынау Бәтесжан болмағай еді!» деді де, «келе ғой, қарағым!» деп, қымсынған қызға өзі жақындап, құшағына қатты қысты да, екі бетінен, маңдайынан шопылдата сүйді.

— Ендігі амандық-саулықты үйге барып сұрасайық,— деді әкем жұртқа.— Қарекең шаршап та, сусап та келген болар. Ал, Қареке, жүріңіз үйге!..

Жолшыбай түйенің үстінде салбырап келген жуан балтырлы аяғы ұйып қалған ба, немесе ылғалы бар ма, теңселе ырғалған Қарекең құлап кетердей толқи бастаған соң, әкем мен шешем оны екі жағынан қолтықтап алды. Қыз солармен бірге кетті. Қиқым іркіліп қалып қойды да, Қайрақбайға:

— Анау буыршынның ноқта бауын шеш те, үстіне артқан сабаны жігіттерге түсіртіп үйге кіргіз! — деді.

Қайрақбай оның бұйрығын орындап, жетектегі буыршынның ноқта бауын шеше бастаған шақта:

— Буыршын да, саба да Қарекеңнің осы үйге алып келген ерулігі,— деді Қиқым.

«Ендігісін менсіз-ақ жайғастырарсыздар» дегендей, Қиқым жер ойылып кетерліктей нық адыммен үйге қарай жөнелді.

— Бұлар кім? — дедім мен, шешіп алған буыршынды үйге қарай жетектей бастаған Қайрақбайға.

— Былтыр Торғайда Жампы әулиенің тұқымы — Мәмбет қожаны көріп пе едің?

— Ие?..

— Әлгі жуан қатын соның бәйбішесі, Қарағыз деген кісі. Анау тапалтақ — Мәмбеттің туған інісі Қиқым. Ал, анау еркекшора қыз — Мәмбеттің тоқалынан туған екінші қыз болуы керек. Шешең оны — Бәтес деді ғой. Бұдан үлкенінің аты — Қатима болатын, оны өздері — «Қәкен» десетін, бұнысының аты, ұмытпасам — Бәтима, өздері — «Бәтес» дейтін болу керек. Екеуінің арасы бір-ақ жас шығар. Бұл сенен бір жас кіші болу керек... Ұмытпасам, шешесінің аты — Жәния. Естуімше, үйі бұл қызды тоқалдан емес, бәйбішеден туды дейтін көрінеді. Оны саған ескертіп келе жатқан себебім — тоқалдан туғанын айтып қойып, қызды ұялтып, бәйбішені өкпелетіп алып жүрме!

— Жарайды, есімде болсын,— дедім мен. Қайрақбай өз үйіне кетті де, мен өз үйіме кірдім.

Сыйлы жерге қонаққа барғанда, жұқа я қалың демей бар сәндісін киіну қазақ атаулының әдеті. Біздің жаңа қонақтар да осылай киінгеніне көңлің мана сыртта бөлінген: Қарекеңнің үстінде сыртын шұғамен тыстаған түлкі ішік те, Қиқымның үстінде қалың мауыты шекпен, аяғында байпақты үлкен етік, қыздың үстінде камзолша ақбұйра ішік-ті. Енді үйге кірсем әрі күннің ыстығынан, әрі киімнің жылылығынан терлеп-тепшіп келген олар, ауыр киімдерін шешіп, ішкі жеңіл киімдерімен ғана отырған екен. Айнала түрген киіз үйдің іргесінен самал соғып желпінуден бе, әлде пысынаткан киімдерден арылудан ба, мен үйге кірген шақта, төрге отырған қонақтардың манағы күреңдене бырышыған кескіндері, әдеттегі қалыптарына келіпті. Енді қарасам, Қарағыздың манағы қара-күрең кескіні, енді көмірдей қап-қара; тек терін ғана басқан Қиқымның түсінде өзгеріс жоқ, ал мана сыртта кескіні қызғылттау көрінген Бәтес, енді аққұба бола ғапты; камзолша ішігін шешкеннен кейін, белін қынаған жұқа кеңірдек барқыттың ішінде, денесі тіпті нәзіктеніп, оқыс қимылдаса, қыпша белі үзіліп кететін сияқты болып тұр; мана, сұңғақ денесіне біткен мойны бөлкім қысқалау сияқтанған, енді байқасам, мойны да сұңғақ екен; мана, дөңгелектеу ажарлы кескініндегі жалғыз кемшілігі көзінің бәлкім қысықтауы ма деп ойласам, енді ол да жасыл жапырақтың арасынан жылтыраған қарақаттай дөп-дөңгелек, мөп-мөлдір бола ғапты...

Олар біздің үйде төрт-бес күн жатты. Қарағыздың жалпы жобасына қарасам, өзін еркек орнында көретін және жаман-жәутік емес, би еркектің орнында көре-

тін мінез-қылығының бәрі тарын, сөздерінің бәрі бұйрықты, ірі біреу... Қиқым да қолтоқпақтай қалпымен мың шеге біреу сияқты; әңгімелерінің әлпетіне қарағанда, ол жас күнінен жүйрік аттарды жаратумен шұғылданған адамға ұқсайды; мақтана ма, әлде расы ма, жаратқан атының бәйгеден келмегені болмаған көрінеді; кеңесінің көбі жүйрік аттар бола тұра, Қиқым сөз арасына: «біздің Қалиса» дегенді қыстырып қояды, оның кім екенін сұрастырсам, әйелі боп шықты; Қайрақбайдың оңашада баяндауынша, Қалисаның бойы Қиқымнан екі есеге жақын биік, сымбатты сұлу, кескіні де бірсыдырғы әдемі, әр уақыт сәнді киінетін, тұлабойын таза ұстайтын, ас-суға ғана болмаса өңге жұмысқа жөнді араласпайтын, кербез кісі.

— Үйінің биі бұл тасқалша емес,— дейді Қайрақбай,— әйелі. Қыз күнінде бұған келмеймін деп те бұлғақтап еді, Жампы әулиенің мықты дүмпуі шыдатпай, зорлықпен әрең барды. Қыз күнінде дүниені сапырып өткерген Қалиса, барған соң да бұл қылығын қойған жоқ. Сонысын біле тұра, егер айырылсам, бұндай әйел қолыма түспейді деп қорқа ма, немене, былайғы жұртқа сасық күзендей шақылдап бет қаратпайтын бұл петнә қатынының алдында құрдай жорғалайды, оның адуынды сөздеріне ешуақытта тіл қайырмайды, айтқанын екі етпейді.

— Ол қатын,— деп жалғастырады Қайрақбай сөзін,— билігін байына ғана емес, былайғы жастарға да жүргізеді. Ойын-сауықта қыз-бозбала оның еркінен шығып көрген емес. Ойынға қатынасқан кейбір жігіттердің әлдене қылығы жақпай қалса :«Ал, қыздар, біз кеттік!» деп Қалиса тұра жөнелсе, соңынан өзге қыз-келіншек те сөгіле жөнеледі. Қыздардың осындай бағыныштылығын білетін жігіттер, ең алдымен өзгеге емес, Қалисаға жағынуға тырысады. Оған жаққан жігіттің құдайы ондайды да, ретін қалай табатынын кім білсін, көніл еткен қызын жігітке жағыстыруға бұдан шебер әйелді көрген жоқпыз.

Алғашқы уақытта жатырқап жанаса қоймаған Бәтеспен біз тез түсінісіп кеткен сияқтандық. Басында бірдеме десең үндемей қалатын ол, танысып алғаннан кейін кеңескіш болып кетті. Үйір болғаннан кейін, Бәтесті мен біздің үй Сыр бойында тұрған шақта, бірер жыл қолда асыраған киіктің лағына ұқсатам. Басында үрке қашып, маңына жан жоламайтын бұл лақ, үйрене келе ең сүйкімді жануар болып алған: шақырсаң

жүгіріп қасыңа келе қояды, өзіңмен сүзісіп те, қуып та, қашып та ойнайды, өкпелей де, еркелей де біледі. Мен осы лақты өзімнің туған қарындасымдай жақсы көрдім, сондықтан да көрші үйіміздегі ақсақ тазы жарып өлтіргенде бірнеше күн ас ішпей, басымды көтермей жылап жатып алдым; ақыры, әлгі итке өшігіп, шикі еттің ішіне ине тығып тастағамын да, жұтқан ит әлденеше күн жұтынып, азаппен өлгенде, лағымның кегі қайтқандай болды... Бәтестің де мінез-қылығы сол киіктің лағына ұқсады: өз ырқым болмаса, басқалардың ырқына көнбейтін мені, ол бұйдалы тайлақтай жетелеп, ойына алғанын орындатады да жүреді, мен оның ешбір бұйрығынан бас тарта алмаймын. Еркек балаша киініп, «еркекшора» атын тағынған қызды бұл менің бірінші көруім емес, біздің үй Сыр бойында отырған шақта, әлдекімнің «мырзасы» бола ғап шікірейген осындай бір қызды, жұрт көзінше: Адыра қал, бүгін еркек болғаныңмен, ертең қайтесің күйеуге бергенде де еркек болмақпысың?!» деп тірідей масқара қылғаным бар. Менің осы тентектігіме өкпелеген қыздың әке-шешесі, жақын боп жүрген біздің үймен біржола араздасып, суысып кеткен. Содан аузы күйген әке-шешем, сотқарлық қылығымды Бәтеске де көрсете ме дегендей, бастапқы кезде сақтана қарап еді, кейін Бәтес пен менің достасқан қалпымды көріп, таяу ойнасақ та, атқа мініп кетсек те бетке қақпайтын болды.

Аттанар алдында Қарекең әкем мен шешеме күйеуінің «қонаққа шақыра кел» деген сәлемін айтты. Олар барамыз» деп уәде берді де, күн белгіледі. Бұл сияқты шақырулар бұған дейін де болған. Мен олардың кейіне барып, кейіне бармайтынмын. Мына шақыруға да мен сөйтер ме едім қайтер ем, егер әкеммен екеуміз оларды салт атпен аулына қарай біраз жер шығарып сап, аттан түсіп қоштасар уақытта Бәтес маған:

— Бүркіт, сен де кел! — демесе,— келмесең өкпелеймін! — деп маған қылдырықтай ұзын саусағын шошайтпаса.

— Жарайды! — деп уәде бердім мен.

Әкем, шешем, мен, Қайрақбай және төрт-бес адам уәделі күнде барсақ, Мәмбет қожаның аулы Қызылдің батыс жағында «Тасқұдық» аталатын жерде отыр екен. Маңайында тағы бір ауылдар көрінеді. Олардан қожа үйлерінің түрлері өзгеше, шаңқан боз үй қазіргі уақытта қай жерде болса да кездеспейді, бар үйлер-

дің ішіндегі ең бозғылы — қожаның үйі екен. Бес-алты үйлі ауылдың төріне орналасқан бұл қоңырлау боз үй, алыстан тайлақтардың ортасында тұрған пар түйедей қаңқиып көрінеді. Ауылдың маңайында өрген әр түлік малдардың да саны бірталай сияқты. Әсіресе жылқылар мен түйелердің қарасы молырақ. Соларға қарап қойып:

— Іргесі сөгілмеген, қонысын аудармаған елдің жайы осылай! — деп күрсініп қойды әкем, еріп келе жатқан адамдарға кезек-мезек қарап қойып.— Ерсілі-қарсылы ауытқи көшкен біздің ауылдың қара-құрасы қандай, қонысы аумаған мынау ауылдың қара-құрасы қандай!..

Біз ауылға жақындаған шақта, екі салт адам алдымыздан шоқыта шыға берді. Біреуінің кім екені мәлімсіз, ал енді біреуі — сөз жоқ Бәтес!.. Солай жоры-ғаннан кейін, мен де атымды тебініп ілгері қарай шаба жөнеліппін!..

Балалық па, я бар есімді Бәтеске деген сенімнің билеп әкетуі ме, қарсы шоқытып келе жатқан оған айқаса беріп; «Бәтес, кел, жарысайық!» деп, әрі қарай ағып өте шықтым. Аздан кейін артыма бұрылып қарасам, астындағы аты ұшқырлау ма, қалай, қуа шапқан Бәтес құйысқан тістестіре таянып қапты.

Біздің елде «Қыз қуу аталатын ойын бар. Тәртібі: әуелі салт мінген қыз, белгілі бір жерге дейін қашады да, салт мінген жігіт қуады; егер жігіт белгілеген жерге дейін жетсе, қыздың бетінен сүйеді; егер жете алмаса, жігіт жалт беріп кейін қашады да, қыз оны ұраға дейін қуып жетсе, қамшымен сабап келеді...

Қатарласа берген Бәтес екеуміздің жарысымыз маған сол «қыз қуу» сияқтанып кетті. Астымдағы атымның жайына қарасам,[1] жарысқа түскенге арқасы қозғандай, егер еркіне жіберсем, Бәтестің атынан озып кететін түрі бар. Бәтестің мінездерінен әнеукүні байқап қалғанымның біреуі, өзімшілдеу де, яғни, өз дегені бола қоймаса, өкпешілдеу де... Егер мен қазір оған жеткізбесем, я басып озсам, маған сөз жоқ өкпелейді, ал мен оны қайткенде де өкпелетпеуге бекінген боламын; сондықтан жарысып келе жатқан Бәтесті атымның басын теженкіреп өткізіп жібердім де, жете алмаған боп, соңынан тепеңдедім де отырдым... Осы бетпен жа-

[1] Бәйгеден келіп жүрген бұл жүйрік атты әкем жақында ғана кимас досының біреуінен қалап алған.

рысқан екеуміз, шамасы шақырымнан артық шауып, ауылға таяна берген шақта аттардың дүсіріне елігіп ит атаулы шәуілдей үріп шықты да, қосарлана шапты. Солардың батылдау біреуі, атымның тірсегінен тістеп алған болу керек, шауып келе жатқан қалпымда артқы аяқтарын сермей сілтеп қалғанда, қаннен-қаперсіз келе жатқан мен аттың үстінен ұшып кеп кеттім. Төбемнен шаншыла құлап есеңгіреп қалған мен, жандәрменде түрегелсем, маңдайым дуылдап, бетімнен жыпжылы бірдеме сорғалаған сияқтанады, алақаныммен сипап көрсем күп-күрең қан... Артыма қарасам, жапжақын жерде құлаған мені табалағандай әлде не ит шоқиып отыр!.. Сол кезде орала шауып қасыма келген Бәтес:

— Не болды?! — деп атынан қарғып түсті де, шылбырынан жетектей маған жақындап: — Көзің сау ма? — деді.

— Сау,— дедім мен маңдайымнан алақаныммды алып.

Тырыса сыздаған маңдайымның жарасы қандай екендігін көргім келуін сезгендей, Бәтес сол жақ төс қалтасынан кішкене айнасын суырды да, алдыма тосты. Байқасам, оң жақ қабағымның үстіңгі терісі сыдырылған екен.

— Оқасы жоқ! — десті төңерөгімді қоршай қалғандар шуласып,— сүйек-басы сау, ештеңе етпейді...

Менің атымды да әлдекім ұстап, жетектеп әкеп үлгірген екен.

— Ал балам, мін! — деді әкем,— аттан құлауыма жәбірленгендей дауыспен,— ендігәрі құлаушы болма бұлай!..

Нақ ауылдың қасына келгенде аттан құлауым, әкемнен гөрі өз жаныма қаттырақ батты да, сүйретіліп кеп атыма міндім.

Дөңгелей қонған ауылдың сыртын орағытып кеп үлкен боз үйге жақындасақ, ішінде Қарекең бар бірнеше әйел, еркек тыста күтіп тұр екен. Аттан түскен бізді қарсы алған олар менің былай да ауырған жанымды одан артық ауырта түсіргісі келгендей:

— Апырау, әлгі құлаған бала ауыр жараланған жоқ па? — деп шуласты. Жеңіл ғана жараланғаныма қуанған Қарекең:

— Ал, кәне, үйге жүріңдер! — деді, қысқаша амандық саулықтан кейін.

Үлкендердің арт жағын ала жүріп келе жатқан

маған: «Бұл үйдің иесі үйінде жоқ екен ғой, әйтпесе ол да қарсы алар еді ғой» деген ой келді.

Үйге кірсек, төрде қартаңдау үш-төрт еркек отыр, оң жаққа салынған, бетін оюлаған сүйекпен әшекейленген қазақша ағаш төсектің алдында төртке бүктеген тері бөстектің үстінде, екі шықшытына ұп-ұзын екі уыс қыл өскен, сүйірлеу иегіне бір уыс қыл өскен, үш сақалды, мұртының сапарын ғана ұзартып жіберіп, былайғы жағынан иегімен тегістеп таңқита қырыққан, дөңес үлкен мұрынды, томпақ үлкен көзді, ұзын қасы қою біткен қалың қабақты, кескіні шынайы өзбекке ұқсаған, үлкен басты, жуан қысқа мойынды, зор денелі сыртында сәріңжі сары шапаны бар, басында өзбек тақиясы бар, кең балақты ақ дамбалы бар, түйенің табанындай жалпақ, жаланаш аяқты біреу отыр. Бұл кісіге әкем және бізбен бірге келген ер адамдар сәлем беріп қол ұстасқан шақта, мен үн-түнсіз босаға жаққа отыра кеттім. Онымды ұнатпағандай, төрге отыра берген әкем маған алая бір қарап қойды. Ал, анау адам менің сәлемдеспеуімді елемеген сияқтанды.

Жұрттың сөз әлпетінен аңғардым: бұл адам — Мәмбет қожаның туған ағасы Қоңыр қожа екен, еншісі Мәмбеттен бөлек сияқты. Жампы «әулиенің» тұқымында, жас жағынан да, бедел жағынан да ең салмақтысы осы сияқты. Өзі өте аз сөйлейтін, сөйлегенде жуан даусы ыңырана шығатын, түнерген қалпынан аумайтын, отырған орнынан қаққан қазықтай қозғалмайтын адам екен. Сақал-мұрты қап-қара бола тұра, жасы жетпістің сегізінде болып шықты. Сарғылттау түсті ірі тістері де көрініп тұр!..

Мәмбеттің өзі біз жайғасып болған шақта келді. Інісі Қиқыммен екеуі алыста жайылып жүрген бойдақтан біздің қонағасымызға соятын құнажын байтал алып кепті. Оның кескін-кейпі былтырғыдан сәл өзгеріп, былтыр ағасы Қоңыр қожаның сақалына ұқсайтын, еркіне жіберген орта сақалын биыл ықшамдап, ұзындығын екі-ақ елідей ғып қырқыпты, екі шықшытағы шоқталған қылдарын мүлдем қырып тастапты, былтыр таңқита қырыққан сирек мұртын, биыл еркіне жіберіп, ұзын сапарын шырата бұрап қоятын болпты... Неге бүйткен себебін білсем, өткен күз, Торғайда ашылған бір айлық мұғалімдер курсын өтіп, өткен қыс өз аулында мемлекеттік мұғалімнің қызметін атқарған екен...

Мен аз уақытта бұл үйдің басқа адамдарымен де

танысып болдым. Ең алдымен, атын айтпай-ақ таныған адамым — Бәтестің туған шешесі Жәния. Оның тұртұлғасы да, кескін-кейпі де осы әйелдің аузынан түсіп қапты. Сонша ұқсаған шешесінен тудым демей, ешбір ұқсастығы жоқ анау қара кемпірден тудым деуіне мен іштей хайран қалдым да қойдым.

Жәнияны үй іші «Жанаш» деп атайды екен. Бәтестен кейін де ол бірнеше құрсақ көтеріп, бәрі де кішкене күнінде өле берген, тірі қалғаны со жылы төрт жас толған Сейіл атты ұл екен. Оны да қара кемпір бауырына салып, «өз баласы» ғып апты.

Кескін-кейпіне қарағанда орта жасап қалған адамдай Жәния, сол жылы отызда екен, ері одан тоғыз жас кана үлкен болғанмен, жап-жас адам сияқты, бетінен қаны төгіледі. Ол биыл былтырғыдан да ажарланып апты. Жәния сіңірі шыққан кедейдің қызы болса керек. Бала үшін он төрт жасында алған оған, Мәмбет қожа «қырық жетіні қырқа матап» берген де, елдің беделді қожасы және атқамінер саудагері болғандықтан, кедейдің қызын өзі барып алып қайтуға арланып, бәйбішесін жіберіп алдыртқан...

Әрі ұл, әрі қыз тапқан, баласыз қаңғыраған үйге ырыс ала келген, әрі шаруа бағуға қайраты мол бұндай адам қадірлі болуға тиісті ғой. Аз күн қонақтағанда байқасам, Жәнияның ондай қадірі жоқ: таң сәріден тұрады да қас қарайғанға дейін осы үйдің жұмысын істеуден бір де тыным таппайды. Соншама қызмет атқаратын адамның үстінде жөні түзу киімі де болмай, жұмыс уақытында әлде не жамаулы бірдемелермен жүріп, сыпайылығының өзіне қарадүрсін бірдемелерді киеді.

«Қарағыздан туған» боп есептелетін Бәтес Жәнияға жоламай, бойын сырғақ ұстайды.

Мен Қиқымның әйелімен де тез жұғыса, таныса кеттім. Қиқым Мәмбеттің тоқал шешесінен туады екен. Жасынан діндарлық және атқамінерлік салттарды құрған Мәмбет шаруасының бар билігін Қиқымға беріп қойған сияқты. Жалшы-жалаугердің бәрі соның қарамағында боп, сол ғана өрбітіп, жусатады екен. Бұл іске Қиқым «мығым кісі» деседі.

Үй ішінің биі Қалиса екені рас боп шықты. Еншілері Мәмбетпен бірге болғанмен, «отау» аталатын бұл үйдің ас-суын, ыдыс-аяғын Қалиса бөлек ұстап, сыйлы қонақтар келгенде ғана болмаса, жайшылықта үлкен

үйінің ауыр шаруасына да, басқа жабдығына да араласпайды екен.

Өрісі бірге, бөлісі басқа бұл екі үйдің ішкі құрылысында да толып жатқан өзгешеліктер бар: үлкен үйдің мүлкі мол болғанмен, былыға араласып жатқан салақтық; ал, отаудың іші сырлы тостағандай ып-ықшам, әп-әдемі!..

Қалисаның өз үсті-басы да сондай: оның денесінде не сәнсіз тігілген, не салақ күтілген бір де бір киім көрінбейді; қазақтың ұғымында «асылдың ұрпағы аз болады», «құс төресі — аққу жұмыртқаны екеу-ақ салады, ақ патшасы арыстан — екі-ақ күшік табады, құс патшасы — бүркіт те екі-ақ жұмыртқа салады», Қалиса да сондай «асыл тұқымды» бірдеме ме, немене, келіншек боп түсуіне тоғыз жыл толғанмен және ержетіп түскенмен, жалғыз ғана құрсақ көтерген. Биыл бес жасқа толған ұлы Ақтайды, Қалиса қала баласы сияқты әдемі киіндіріп, тап-таза ғып ұстайды. Оның қасында «Мәмбет қожаның жалғызы» атанған кішкене Сейіл, құлдың баласы сияқты қара күйе боп, мұрнынан аққан сорасын жимайды, үстіне киетіні жаман-жәутік бірдемелер. Қайрақбайға:

— Бұнысы несі?!— десем:

— Менімше, бұл салақсудан емес,— деп жауап береді ол.— Зарығып көрген балаға тіл тимесін деп жаман ат қою, көз тимесін деп жаман киіндіру — атаң қазақтың салты. Қайта «Итбас», «Құсбас», «Итқұл», «Шошқабай» сияқты аттардың біреуін қоймағанына «шүкіршілік» де!

Бәтеспен де мен бұл жолы бұрынғыдан әлдеқайда жақынырақ таныстым. Қылығына, мінезіне тереңірек үңілген сайын, маған: «барлық қалпы қыздан және тұрпайы қыз емес, нәзік қыздан аумаған бұл байғұс, несіне ұлмын деп жүр?!» деген ой келеді де тұрады.

Қызға тән қылығына, мінезіне қарап мен оны жаңа ғана бүршік түйген бәйшешекке ұқсатам. Қауызынан әлі ашылмаған бәйшешектей, бұл да ішіне қарай бұға бүрілген байғұс!.. Бұл да әлі бүршігінде бұғып күн көрмеген бәйшешектің жапырақтары сияқты тым жұқа, тым нәзік, тым қалтырауық. Ертең іштегі дәні толығып шешек атқан шақта қандай көрікпен жарқырар екен бұл?.. Қаланың қолдан суарып өсірген, жапырағы кең тармақтанған, бірақ бұрқыраған исі жоқ гүліндей құлпырар ма екен, әлде, кең далада әлденеге қысыла өскен, көлемі киттей, бірақ тамаша исі аңқы-

ған гүліндей құлпырар ма екен?.. Қайсысы болса да, бұл әзірге гүл ашылмаған, тек, бүршігін жаңа ғана түйген бәйшешек!..

2. ЫСТЫҚ СҮЙІС

Екі-үш күн қонақтағаннан кейін біз Бәтестің аулынан аттанып кеттік. Бірақ мен арқандалған аттай болдым да, түп қазығым осы ауылда сияқтанып, әлденелердің сылтауымен, «әулиенің» аулына одан кейін де бара бердім. Сөз әлпетіне қарағанда, Қалиса әлденелерге жорамалдағанмен, Бәтес екеуміз туысқан сияқты қарым-қатынасымызды өзгерткен жоқпыз.

Бәтеспен достасу, мені жолағым келмейтін бір қамауға әкеліп тықты, ол — оқу. Мен одан Ақмешіт коммунасында безініп шыққам, өйткені оған дейін «әділдік оқығанда ғана болатын шығар» деп ойлайтын басым, Ақмешіттің Аралбаев және сол сияқты біраз оқығандарымен танысып көрсем, арамдықтың әкесі солардың ішінде тығылып жүр!.. Олардан таба алмаған әділдіктің ұшқыны маған ең алғаш Ғани Мұратбаевтың көзінен жарқ ете қалған сияқтанды, бірақ оның қандай адам екенін толық ұғудың сәті түспеді...

«Үйсін Төле биді тоғыз жасында билік айтты» деседі. «Абай он үш жасынан ел басқару жұмысына араласты» десіп жүр. Оларды еске түсіріп отырған себебім, әдетте, біз, адам, тек кәмелеттік жасқа келген соң яғни заң тілімен айтқанда — он сегіз жастан асқан соң ғана ақыл иесі және өнер иесі бола бастайды. Шындық сол ғана болса, Төле мен Абайды қайда қоямыз?.. Бертінде орыс тілін біліп ол тілдегі кітаптарды қарап көрсем, Австрияның атақты композиторы Шуберт бес жасында музыкалық құралда да жақсы ойнаған, ән де шығарған!.. Орыстың атақты сыншыларының бірі Писарев төрт жасында хат таныған!.. Қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың сөзіне сенсек, «Едіге» жырын Құрлеуіт-Қыпшақ Жаманқұл ақыннан бес жасында жазып алған!.. Бұларды кімге санаймыз?..

Менімше, адамның ой-санаға түсуі жасына байланысты емес сияқты. Оған дәлел — жоғарыда атаған адамдар. Бұл сөзді айтқанда, мен өзімді олардың қатарына қосып, «менен де түбінде ірі адамның болуы мүмкін» дегелі отырған жоқпын. Оны айтқызбайтын ауыз-қақпағым — атам қазақтың: «Өзін өзі мақтаған, өлімнің аз-ақ алды» деген мақалы.

Менің бұл арада, тек қана айтқалы отырған сы-

рым,— «осы мен түбінде кім болам?» дегенді ес білген сон-ақ ескере бастаған сияқтымын. Өткен өмірімнен көріп отырсыздар, мен кішкене күнімнен-ақ сергелдең жолға түскен адаммын ғой. Шын ақыл менің басыма жасым онға іліккен шақта үйіріле бастаған сияқты, сонан бастап ойлап көрсем, өз туған үйім, қуарған ағаштың басындағы жапырақсыз бұтақта, тағы бір қаттырақ дауыл соқса құлауға әзір боп, қарғаның қалтылдап тұрған ұясына ұқсайды. Сондай халін түсінген әкем байғұс қайтсем жан сауға табам дегендей, ойға, қырға шауып қаратер болды да, қанша тұрары мәлімсіз болғанмен туған жері — Торғайға оралып кеп ірге тепті. Сондағы ұстадым деген желқазығы, нағашым Жақыпбектің:

— Қазір Россияда «жаңа үнем саясаты» (НЭП) деген жол басталды. Бұл — байлар мен кедейлердің шаруашылық майданындағы күресі. Большевиктердің көсемі — Ленинның айтуынша, ендігі мәселе, кімді кімнің жеңуінде. Ленин, әрине, «біз жеңеміз» дейтін көрінеді...

— Оны қайдан біледі,— депті нағашым,— жығуда дәмесі жоқ кісі күреске де түспейді, ретін тапсақ, большевиктерді біздің де жығуымыз мүмкін.

Әкем Сырдан Торғайға нағашымның осы сөзінен үміт етіп келген екен. Онысын Торғайдағы достарымен оңаша кеңескен сөздерінен аңғардым. Ол әлі де осы үмітте. Ал мен, әлі ақылым толмаған жастығымнан ба, немесе, көзім не көрсе соған сенуімнен бе, ондай үмітте жоқпын. Қалай болам ондай үмітте?.. Торғайдың «азуы алты қарыс» дейтін бұрынғы байлары мен билерінің бәрін қосқанда, бір Еркін Ержановтан қорқып, «ол келе жатыр» десе, жандарын қоюға жер таппайды!.. Ел кедейлерінің ауқымын, ана жылғы көтерілістен бері байқап келем. Қазір олар бұрынғысынан күшейе түскен сияқты. Өйтпеген де ше?.. Совет өкіметі солардың өкіметі емес пе?.. Қарулы жауын жеңгізбеген ол өкімет, қарусыз жауына жеңгізе ме?.. Егер ол жеңгізбесе, оған арқа тіреген «еңбекші» атты қалың көпшілік, «қанаушы» атты азшылыққа жеңгізе ме?.. Жеңе алмаса оның күні не болғаны?..

Ес біле бастағалы осы ой басыма шырмалған мен, ойлаған сайын шатаса бердім де, ақыры, алдымда асусыз таудай көрінген бұл биікке ойымның өресі жетпейтін болған соң, «ал, сонда өзім не істеймін?» дегенді қиял ете бастадым. Басында маған, менің өмір жолым-

да мініс беретін көлік — оқу сияқтанған еді, одан көңілімнің бір сууын жоғарыда айттым. Содан кейін, «несі болса да көріп алармын» деп, ауылда жүре беруге бекінген шағымда Бәтес мені оқуға тарта жөнелді...

«Неге?» деңіз.

Онымен достаса келе, менің енді, онсыз жерде тұра алатын жайым жоқ! Былайша, ат ізін суытпай бара беру ыңғайсыз сияқты. Ондай қалпымды алғаш өзім аңғармағанмен, көлденең жұрт аңғарып, шет жағасын өзіме де айта бастады. Оны елемейін десем, артының жаман өсекке де айналып кететін түрі бар... Ендеше не істеу керек?

Бұл сұрауға ғана жауап табылды — оқуға бару!.. Бұл амалыма кірісуден бұрын, сіздерге баратын мектебімнің хал-жайын қысқаша баяндап өтейін.

Бүкіл қазақ атаулының шын мағнасындағы оқуға ең алғаш жанасуы — Ыбырай Алтынсариннен басталуын, ол Торғай уезінде туып, балалық шағында осы уезден Орынборға оқуға кетуін, тиісті оқуын аяқтағаннан кейін «Торғай облысы» атанатын елдің әр жерінде «орысша-қазақша» аталатын школалар ашқанын сіздер жақсы білесіздер. Ыбырай осы бетінде біздің үйге де соқса керек, сол жылы менің әкем — Әбуталып туса керек. Сонда Алтынсарин атамыз Жаманға: «Мына баланың құрметіне, аулында школа аш» десе керек. Атамыз ынжықтау адам болғандықтан «жарайды» деп уәде бере алмаса керек. Сонда әжем тұрып Ыбырайға: «Осы маңайдағы елдің игі жақсысына кеңес, егер олар бірауызды болса біз де сөзіңді далаға тастамаспыз» десе керек. Ел жиналып ақылдасқанда біздің елдің Таңатар дейтін адамы:

— Қеше орыс ұлықтары «балаларыңды оқуға беріңдер» дегенде, ауқаттылар өз балаларын бермей, панасыз жетім балаларды жинап берген. Қара қазақтың атақты адамдарынан жалғыз Балғожа ғана, мынау отырған немересі — Ыбырайды өз қолынан Орынборға апарып, орыс сабағына берген, сонда былайғы қараңғы қазақтар «би баласын жетектеп апарып шоқындырды» деп сілтідей тұнған. Міне енді сол Ыбырайдың шоқынған-шоқынбағанын өздерің көріп отырсыңдар. Алдымызда үлгіміз тұрғанда не нәрседен тартынамыз, Ыбырайдың аш деген школын ашамыз,— деген.

Таңатар бұл маңайдағы елдің таңдаулы кісісі екен дейді. Оның сөзінен шыға алмаған жұрт, «школды қайда ашамыз?» дегенде, Ыбырай:

— Қалың ел қоныстаған Сарықопаның жағасына, Таңатардың аулына ашайық,— депті.

Жұрт осыған келіскеннен кейін 1875 жылдан бастап Таңатар аулына күйдірген кірпіштен школа үйі салына бастайды да, 1880 жылы бітеді. Со жылы Орынбордан бір қазақ, бір орыс — екі учитель келіп, төңеректегі ауылдың балаларын оқытуға кіріскенде, бірінші шәкірттердің қатарында, сабаққа менің әкем де түседі. Ол да оқуға мен сияқты көңілсіз боп жүріп, азынаулақ қана хат білгеннен кейін бармай қояды. Школа оқуынан әкем безгенмен өзге балалар безбейді, оның төрт жылдық оқуын тауысқан балалардың орнын жаңадан келген балалар баса береді. Білетін кісілердің айтуынша, Сарықопа школасы талай адамға білім бұлағының көзін ашып, әрі қарай теренделй түсуіне жол ашып, олардың талайлары кейін білгілікті, оқымысты адамдар болып кеткен.

Сарықопа школасы 1916 жылдың дүрбелеңіне дейін жасап келеді де, сол жылдан бастап совет өкіметі орнағанға дейін қызметін тоқтатады. Амангелдімен соғысқан патша әскері, одан кейін қызылдармен соғысқан ақтар, школа үйін қазармаға айналдырып, іске жарамастық түрде бұлдіреді. Оны түзеу жұмысын құрыла сала қолға алған совет өкіметі Торғайға біз көшіп барған — 1922 жылдың жазында бітіргелі жатыр екен, алдағы күзден бастап маңайдағы ұсақ мектептері жабылады екен де, балалар Таңатар мектебінен оқиды екен. Біздің Қайрақбайдың:

Көріп пе едің Қырғыздың Алатауын,
Бұлыты көп басында, күнде жауын,
Қолдың ұшын бергеннің керегі жоқ,
Біз жолығысып тұрайық бие сауын! —

дейтін өлеңі бар. Сол айтқандай, күнде көргім келген Бәтесті, күн сайын емес, бие сауыңы сайын емес, әрбір секунд сайын көріп тұруыма Таңатар ауылында ашылатын мектеп сылтау бола кетті. Алдын ала барып білсем, мектеп үйі тамаша боп жаңарған екен. Бірақ оқуға тиісті баланың бәріне ол ауылда сыярлық үй болмағандықтан, алыстағы ауылдардың балалары, жақындағы ауылдарда тұрып сабаққа бармақ екен. Осы сылтаумен мен Мәмбет қожаның үйіне тұрып оқымақ болдым.

Мерзімді күнде келсем, оқу басталғалы жатыр екен. Бәтес те бұрын бастауыш мектептің үш класын

бітірген екен, менің де оқуым сол шамалы, сондықтан екеуміз де төртінші класқа түсіп, бір партада отырып оқитын болдық... Мектеп меңгерушісі Жидебаев Балқаш. Және екі мұғалім бар. Үй жылы, оқу жақсы... дегендей, мектептік өміріміз көңілді өтіп жатыр...

Құрметті оқушы!

Сіздің қай жасыңыздан бастап жар сүйгеніңізді мен білмеймін. Ертегілердің сөзіне сенсек, Қозы Көрпеш-ті — Баян, Ләйліні — Мәжнүн туа сала сүйген сияқты. Ал мен ше?..

Бәтеспен бірге жүріп, бірге тұрған күндерді байқасам, менің оны жандай жақсы көруім, мысалы, шешенің баласын, ағаның қарындасын сүюі сияқты, күнәсіз сүюлердің біреуі сияқты емес, жігіттің қызды сүюіндей, «күнәлі» сүюлердің біреуіне ұқсайды... Осылай сүюімді сезіне бастаған мен, өзімнен өзім жүріп жатам да қысылам!..

«Неге?» дейсіздер ғой.

Ұят та болса айтайын, қу Қайрақбай мен оның қу қатыны — Қатираның жетегінде жүріп, бозбалашылық» аталатын мектептің, «әлібі» мен «биін» мен алдақашан үйренгем. Сондай өткелектен өткен менің, Бәтеске де бозбалаша көз тастауымды, бұл «сабақта» білімі менен әлдеқайда көп Қалиса сезіп қапты. Бір күні, оқудан қолым бос шақта үйіне барып отырсам, былай да қылжақтаса, әзілдесе беретін ол, қытығыма тиетін әлденелерді көңірсітеді:

— Ақылдаған аққөңіл бала ма десем, тегі түлкінің күшігіндей жылтыңдаған қу баласың ба деймін, ә? — деп бастайды ол әзілін.

— Оны қайдан білдің? — деймін мен, бұл сөзінің неге соғарын әзір жорамалдай алмай, неге соқса да тез білгім кеп.

— Дүние көрген бала екеніңді алғаш жолыққандақ байқағам,— дейді ол,— әлі байқап жүрмін.

— Не жайда?..

— Сендей еркек балалардың ертерек ержететіні мәлім. Бірақ қаншама ержетті дегенмен, бет моншағың үзілмеген жассың ғой, сондықтан ойыңа алған ісіңе батылдығың жете бермейді...

— Оны қайдан сынадың?

— Е, сенде көз бар да, менде жоқ па, шырағым-ау?.. Көз алдымда не болып жатқанын көрмеймін бе!..

— Көргенің болса, айт! — деймін мен. Сонда айтады ғой деп ойлай қалғаным: осы ауылда бірталай бой-

жеткен қыз бар, оңаша кездессе-ақ, мен солармен қалжақтасып, жарбаң-жұрбаң алысам да жүрем. Қалиса менің бұл ойымнан шықпай, алыстан орағытқан сөзін мақсатты жеріне бұрып:

— Шырағым, осы сен біздің Еркежанды[1] тіпті жақсы көресің-ау тегі? — дейді, кішірек әдемі қара көзін маған ойнақшыта тастап...

— Рас! — деймін мен, егер Қалиса ар жағында «неге?» деген сұрау қойса, «қарындасымдай көріп» деген жауабымды әзір ұстап.

Көпті көрген қу Қалиса, менің бұл құрған тұзағымды аттап өтіп:

— Көз қарасыңнан көрініп жүр оның! — деп бір қояды да, аз кідіріп: — Бірақ әзірге ертерек қой оның! — дейді.

— Немене ерте?

— «Қыз» деп қарауың!..

— «Астапыралда!» — деймін мен, алғаш әжемнен үйренген, кейін дағды алып кеткен сөзімді айтып, расында шошына қалған үнмен.

— Шошынба, бала! — дейді Қалиса салмақты дауыспен. Олай қарауыңды мен түгіл, үй ішінен де аңғарып қалғандар бар. Мәселен тоқал[1]. Өзім де айтайын деп жүр ем саған; кеше тоқал маған сенің Еркежанға сүзіле қарап көз алмауыңды көріп жүрген ол: «Со балаға айтшы, келіншек, қойсын өйтуін; қоймаймын деп әкесі мен шешесінің көзіне шалынып масқара боп жүрмесін; одан кейін бұл үйде бір күн де тұра алмайды» деді...

Жәния бұл сөзді айтты ма, әлде Қалиса жанынан шығарып отыр ма, оны құдайым білсін, қайсысы болса да дәл үстінен түскен соң, мен қысылып қалдым. Онымды аңғарғандай, қысылған жаныма жеңілдік жасағысы келгендей:

— Бала, оны қой сен! — деді Қалиса,— жігітшілігің ұстап бара жатса, басқа бір жөнін табайық: бойжетіп қалған апасы тұрғанда, қайтесің жап-жас баланы?.. Оны мен жайғастырып беру ретін өзім-ақ алайын...

— Кіммен? — дедім мен ытырына ғап.

— Кісі жоқта атауға болады: Қәкенді мен кісі көзінше «Көркемжан» деймін ғой; өзіңмен түйдей құрдас, ержете бастаған қыз, икемге де тез көнеді...

— Таста әрі! — деп ашуландым да шығып кеттім...

[1]. Бәтесті ол солай дейді.

[1]. Жәнияға қойған аты.

Бұл кеңестен кейін Мәмбеттің үйінде тұру маған қиын болды; одан кейін бүкіл көз атаулы Бәтеске менің қарауымды аңдып тұрған сияқтана берді... Содан қысылуымның ақыры, мені Қиқым үйіне әкеп тықты. Бұл ақылды берген де Қалиса. Қиқым сол бір кезде әлдене жабдығымен Торғайға кете қалды да, «жалғызсыраймын» деген сылтаумен Қалиса мені үйіне алды.

— Байқа, бала,— деді ол содан кейін,— маған турасын айт, Еркежанға ғашық боп қалған сияқтысың сен. Осындай жаста да ғашық болушылар бола береді дейтін. Бірақ сен дүние көрген бала болғаныңмен, ол әлі бесік табы арқасынан, емшек табы аузынан кетпеген сәби. Құмартқаның рас болса асықпа. «Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген. «Он үште отау иесі» деген. Оған да көп қалған жоқ. Содан кейін қашан ұзатылып кеткенше ойнап-күліп жүруіңнің ретін өзім келтірем...

— Ұзатылу?! — дедім мен шошынғандай,— қалың берген адамы бар ма?

— Естіген жоқ па ең?

— Жоқ!..

— Бесікте құда түсе бермей ме қазақ? Бұның да құда түскені бар.

— Кім?

— Сасық дейтін бір бай.

— Қайдағы?..

— Саспа,— деді Қалиса күліп,— қызды еріксіз әкете беретін Мекалай заманы емес, совет заманы. Тек, ертең ержете бастағанда Еркежанның көңлін таба біл, ар жағы оңай. Әзірге сақ бол, енді сыр білдірме!..

Содан кейін сақсына жүре, мен оқуыммен шұғылдана бердім. Мақтанғаным емес, төртінші кластағы балалардың алдыңғы қатарынан орын алам. Мұғалімдер әлдене себеппен келмей қалса, кіші кластардың кейбіріне сабақ та үйрете салам...

Бәтеспен екеуміздің күн сайынғы әдетіміз: таң қараңғысында Мәмекең оянады да дәретіне шығады, сол кезде мен де оянам. Ертенгі тамақты мен әдетте Қалисаның үйінен ішем. Содан кейін киініп тысқа шықсам, Бәтес те үйінен шығып келе жатады. Екеуміз Таңатар аулына түйеге жеккен шанамен кетеміз. Ол жануар «тұр» десе тоқтай қалатын, «шүу» десе аяндай жөнелетін, «шөк» десе жата қалатын, үрікпейтін, желікпейтін, жуастау атан. Отыратынымыз — кең, жайпақ, ішіне мол ғып сабан салған шана. Кейде күртік я

тағы сондай төмпелер кездесіп, шанамыз ауып қалса, одан біз құлап қалсақ, атанымыз тырп етпей тұрады. Әулие атаң аулы мен Таңатар аулының екі арасы үш-төрт шақырымдай жер. Жол үнемі қалың қамыстың арасымен, мұздың үстімен жүреді. Мәмбет аулынан Бәтес екеуміздеп басқа да мектепте оқитын бірталай балалар бар. Олардың біразы біздің шанаға сыяр еді және атан еркін сүйрей де алар еді. Біз сөйтейік десек, Қиқым атанды қорғаштап, Бәтес екеуміздеп басқа тірі жанды шанаға мінгізбейді.

Оңаша шанаға міпіп, оқуға түйемен бару Бәтес екеуміз үшін қызық та. Сарықопаның қамысы со жылы аса биік өсіп, арасынан түйелі адам көрінбейді. Қыс о жылы аса қараулы болды. Ұлпа басты биік қамыстардың төбесіне тұрған қалың қырау өзара тұтасып, басы иілген қамыс таудың төскейіндегі эппақ дөңес сияқтанып тұрады. Алаңқы жерде есетін жел қалың қамыстың арасына кіре алмай, ашық тұстарда боран ұйтқып жатқан шақта, бұнда тып-тымық... Қалың қырау жамылған қамысты еліктегендей, біз мінетін атанның тұлабойына, әсіресе, кекіліне, тамағына, санына біткен ұзын қалың шудаларына қалың қырау тұрып, алыстан қараған кісіге, түйе емес, қамыстан үйілген мая қозғалып келе жатқан сияқтанады. Осындай жағдайда жүріп келе жатсаң, қамыс арасына бұққан қызыл шұнақ аяз түлкідей жымысқып келеді де, денеңнің ашық жерін шымырлата тістеп ап, жалт беріп қашады. Бәтестің жайшылықтағы қуқылдау кескінінің қаны аяздың сүюінен шешек атқан қызыл гүлдей құлпыра ойнап кетеді.

Біз бұл сапарға, әрине, жылы киініп шығамыз. Сондықтан және барар жеріміз жақын болғандықтан біздің аяқ, қолымыз да, басқа денеміз де тоңбайды. Сөйте тұра жолдан жаңылмайтын түйені бетіне қоя беріп, Бәтес екеуміз қамыс арасының тар жолына сүрінe-қабына ара-тұра жарысып аламыз. Онымен де қанағаттанбай, жол шетіндегі күртіктерге шығып, кей жерде сырғанаймыз, кейде ұлпа қарына сүңгіміз. Шаршаңқыраған шақта жүгіріп кеп шанаға міпіп, құшақтаса отырып ән шырқаймыз...

Осындай тату-тәтті өткізген күндердің біреуінде, қысқы аяздан қызарған күннің суық ажары жылынып қырап, аздап жіпсіген қардың бетіне жұқа, жылтыр қабыршық түсе бастаған кезде, Бәтес екеуміз қамыс арасындағы жолмен қайтып келе жаттық та, аяқтарын

сылбыр басқан түйенің жүрісінен жалыққандай, шанадан түсіп жол шетіндегі биік күртікке жарыса жүгірдік. Биікке Бәтестен бұрын көтерілсем, ол да артымнан сүріне-қабына өрлеп келеді екен. Мен оны көтеріп алмақ боп ұмтыла беріп ем, сырғанап өзім төмен қарай құлап кеттім де, тырмысқан Бәтес жоғары шығып кетті. Құлаған қалпымнан оңала сала төбеге шыққан Бәтеске қарасам, аяз сүйген бетінің қаны қауызынан жаңа ашылған қызыл гүлдей құлпырады!..

— Қәне, мені осы арадан қағып алшы! — деді Бәтес биік күртіктің ық жағындағы құлама тік жардың шетіне жақындап.

— Қел, Бәтесжан!..

Биіктен маған қарай секірген Бәтесті қалай қағып алғанымды, сол қағып алған қалпыммен кеудесін кеудеме жапсыра құшақтай алғанымды, құшағыма қатты қысқан қалпыммен, қып-қызыл, ып-ыстық ерніне ернімнің қалай жабысқанын, құмарта қадалған еріннің екпінімен, сүп-сүйір, ып-ыстық тілін қалайша суырып, таңдайыма басқан тілдің балын қалайша сорып жұтқанымды білмей ғаппын!..

Осы қалпымызбен қанша тұрарымызды құдай білсін, егер әлдекімнің «уа, сүйіс көбейсін!» деген даусы құлағымызға сап ете қалмаса!.. Бұл дауыс Бәтес пен мені матастырған жіпті өткір пышақтай қиып жіберіп, айқасқан құшағымыз, жабысқан еріндеріміз жазылды да кетті; сескенген екпінімізбен, шалқақтай құлап барып әрең оңалдық, Бәтеске қарасам, ұятына тұншыққан бейнемен бетін алақанымен басып, түйеге қарай жүгіріп барады... «Әлгі кім?!» дегендей артыма қарасам, салт ат үстінде Саудабайдың Жұманы дейтін жігіт тұр...

— Ия, мырза, сүйіс көбейсін! — деді ол тағы да, қырбық қара мұртын биялайынан суырған оң қолының саусақтарымен сипай, маған жымия қарап.

Егер әлім келетін кісі болса, мен оны осы арада аттан аударып алар едім де, өлмешінің халіне келтіріп тепкілер едім. Жасы отызды алқымдаған, өзі күреске түсіп палуан аталып жүрген жігіт менің ол тәлкегіме көне ме?..

Әрі қылығына, әрі әлімнің келмеуіне теріме сыймастай ызаланған мен жауап қатпастан жөнеле бермек боп түйеге қарасам алысырақта аяңдап кетіп барады, Бәтес беріректе жығыла-сүріне соңынан жүгіріп барады. Мен де солай қарай беттей беріп ем, ат үсті-

нен қатарласа берген Жұман, сол қолымен иығымнан шап беріп ұстай алды да:

— Тоқта! — деді жекіген дауыспен.

— Жібер! — дедім мен тырмысып.

— Жібермеймін!

— Не әкеңнің құны бар, жібермейтін?

— Не дейсің, бәлем? — деді Жұман сөзіме намысы қызғандай оң қолындағы қамшысын көтеріп,— тартып-тартып жіберейін бе осы, ә?..

— Ер болсаң тартып көр!..

Ашудан беті қыбырлап кеткен Жұман қамшылы қолын көтере берді де төмен түсірді, онысы, әрине, менен емес, әкемнен қаймығуы.

— Қап, бәлем тұра тұр! — деді ол иығымнан ұстаған қолын босатып тістене сөйлеп,— бұл жолында шұбар жыландай иіріліп жатып көрейін, мықты болсаң аттап бақ!..

Ол атын борбайға бір қойды да, Таңатар аулына қарай шоқыта жөнелді. Түйеге қарасам ұзап кетіпті. Бәтес оған әлі де жеткен жоқ. Мен соңдарынан тұра жүгірдім де, өкпем қабынып Бәтеске әрең жетіп құшақтай алдым. Оның ұстатқысы келмеуіне қарамай қолыма көтеріп ап түйеге дыбыс беріп ем, жануар кідіре қалды. Бәтесті шанаға көтеріп әкеп мінгіздім. Айдаған түйе жөн тартты. Жолшыбай екеуміз үн қатыспқан жоқпыз. Түйе қораға кіріп тоқтағанда, шанадан түскен Бәтес теріс қарағаң күйінде үйіне кетті. Мен Қиқымның үйіне кірсем, Қалисадан басқа жан жоқ екен. Ол да ықшам, жылы киініп тысқа шыққалы жатыр екен. Қара-көлеңке үйдің ішінде менің жабырқаңқы түрде кіргенімді қалай абайлап қалғанын білмеймін:

— Шырағым, неге жүдеп келдің? — деді Қалиса.

— Жәй... бір... басым ауырып...— дей салдым, сасып қалғандай болған мен.

— О несі? — деді Қалиса.

— Оқуымды қайталап... кеше кешірек жатып... бүгін ... әлдене сабағым есіме түсіп, ерте оянып.. Тегі содан болар!.. — дей салдым.

— Өзің де, байғұс бала, оқудың соңына тым жарық алып түсіп кеттің,— деді Қалиса бұл сөзіме сенгендей,— кітап пен қағаздан бас алмайсың. Аздап жүдеген де сияқтысың. Менің далада біраз жабдықтарым бар еді, орындап келгенше қисайып жата тұр. Іңір

асына дейін ұйықта. Өзім оятам. Көзіңнің шырымын алсаң, басың тәуір болар.

Ол бұрыш жаққа төрт бүктеген қалыңдау көрпе, басыма қос жастық тастады да, мен қисайған соң шығып кетті.

Оқудан шаршаған кейбір күндері осылай жата кетсем қор ете түсетінім де болушы еді. Бұл жолы ұйқыны айғайлап шақырсам да маңыма жолар түрі жоқ. Манағы ұяттан ба, әлде, расында кеше кеш жатып, бүгін ерте тұрудан ба, жастыққа тие салысымен-ақ басым зеңгіп, бетім дуылдай бастады. Алақаныммен басып көрсем, ып-ыстық!..

Осы қалыппен біраз жатқаннан кейін сыртынан есіктің тықыры естілді. Мұны мен Қалисаның жүрісіне жорыдым да, көзімді жұмып, мұрнымды пысылдатып, ұйықтаған бола қойдым. Қара-көлеңкесі қалыңдаған үйдің ішіне кірген Қалиса дыбысыма құлақ түргендей, әуелі үн-түнсіз есік алдында тұра қалды да, әдеттен тыс дем алуыма мән бергендей, сыбырлаған дауыспен: «Шынымен ауырып қалды ма, байғұс бала» деп, пеш маңында тұратын кәрәсін шамын жақты. Содан кейін ақырын ғана қимылмен сыртқы киімін шешіп жеңілденген ол, аяғын ұшынан ғана басып, қасыма келді де, салқын алақанымен ыстық маңдайымды жеңіл ғана сипап көрді. Мен оянып кеткен болдым. Қалиса өзіне өзі «ойбай, оятып алдым-ау!» деді де, менен:

— Қалайсың, шырағым? — деп сұрады.

— Тәуірмін,— дей салдым мен,— әлде де басым аздап ауырыңқырайды...

— Онда мен бір тәтті шай даярлай қояйын, соны ішкеннен кейін бәрі де жазылады,— деді Қалиса.

Ол кішірек сары самауырға суды құйды да, қайнайтын орнына қойып отын тұтатты. Содан кейін менің қасыма кеп:

— Бүгін сенің басыңның ауырарын білгендей, пештің ішіне жылқы етінен тәтті бәліш сала қойып едім. Шай қайнағанша ол да пісіп болар, соны жеп, қою ыстық шайға қансаң басыңның ауырғаны кетеді де қалады,— деді.

— Бәрін де естідім,— деді Қалиса күреңқасқа тәтті шайды рахаттана ішіп, тілді үйірген дәмді бәлішті біраз жеп қаужалған шақта.

— Неменені? — дедім мен.

— Жұман бәрін де айтты.

— Ненің?! — дедім, жүрегім су ете қалған мен.

— Шошынбай-ақ қой, шырағым,— деді Қалиса, бетіме күлімсірей қарап,— айтпадым ба саған: «Бұл бетіндегі жәрдемшің мен болам» деп? «Асықпа» деп ем, асыға ғапсын. «Болған іске болат бол» дегендей, енді бұл ұшқынды өртке айналдырмай сөндірудің амалын іздеу керек.

— Қалай? — дедім мен, сасқалақтап отырғанымды сездіріп ап.

— Айтпап па ем әнеугүні Еркежанға құда түскен адам барын? — деді Қалиса салмақтанып.

— Айтқансың.

— Ендеше, Жұман сол құданың туған жиені!..

— Қойшы-ау?!

— Рас. Сондықтан бұл қызды Жұман өзінің қалыңдығындай қорғаштайды. Әсіресе сенен қорғайды. Өткен жаз сенің бұл үйге келгіштей беруің ел ішінде сөз боп кеткен. Бұл үйде тұрып оқи бастағаннан кейін ол сөз тіпті күшейген. Құдамыздың Жұманға «көз құлақ бола жүрсін» деген хабары да естіліп қалған. Жұманның әйелі Бикенің бұл маңайға мезгілді, мезгілсіз келе беруі де содан. Бұған дейін маған олар: «Сен жымыңды білдірмей жымдастырып жүрсің-ау» дейтін еді. Енді, Жұман сендерді өз қолынан ұстап алғаннан кейін, Бике маған далада жолығып, «жымдастырмасаң мынау не?» деп бетіме басты. Бұларды енді, үні шықпастай ғып аузын тығындап тастамасаң, тірідей масқара боласың. Онда Жұман мен Бике бұл әңгімені жұртқа жаяды да, оның арты ел бүлінетін дау болады.

— Неге?

— Қап, мына баланың балалығы!..— деді Қалиса кейіген кескінмен.— Құдаға жетпей ме бұл хабар. Оның дүмпуіне Қожа-атам үйі шыдай ала ма?

— Неге шыдамайды?

— Өткен доңыз жылының жұтында үйіңнің жұтап қалғанын білесің ғой?

— Білем.

— Со жылы осы үй де жұтап, жүген ұстап қалған. Сонда Қожа-атам үйі жұтамаған Сасықтан сауын сұраса, толық бір айғырдың үйірін айдатып жіберіпті. Кейін, ауқаттаныңқыраған кезде Қожа-атам үйі Сасықбайдың жылқысын қайтарайын десе:

— Қайырмай-ақ қой,— депті Сасық Молда-ағаға[1],— қолында бір қаршадай «қырық жетің» бар деп

[1]. Мәмбет қожа.

естідім. Менде бір боқ мұрын бар. Сол екеуін атастырып, иек сипап қояйық.

— Молда-ағам соған көніп, күзді күні екі жақ құда түсті. Сасықтан алған жылқы, осы үйге қыдыр боп дарып, қазіргі бар дәулет содан құралып отыр. Екі жағы да қаймағы бұзылмаған тату. Біреулер Сасықтың баласын жаман деседі. Ескі әдетті ұстаған кісі қарай ма оған? Құда түсті — бітті!.. Мына совет заманы болмаса, басқа бөгет жоқ оларға. Әнеугі айтқаным да сол...

— Бірақ «совет заманы» дегенмен,— деп қойдық Қалиса үрейімді ұшыра түскісі келгендей,— ескі ғұрып ауылда әлі мықты отырған жоқ па? Бұл үкімет қалың малға да, қызды жастай беруге де, қос қатын алуға да қарсы деп жүр. Түбін кім білсін, ел о заңды әзірге тыңдап жатқан жоқ. Баяғы, салт — әлі салт: қалың да беріп жатыр жұрт, жас қыздарды да шырылдатып ұзатып жатыр, қос қатын да алып жатыр!..

Рас!.. Бір кәтесі жоқ!.. Қалиса апайсыз-ақ, өз көзіммен көріп жүрген нәрсе. Бұл шындықты Қалисаның неге айтып отырғанын білгім кеп:

— Сонда маған не істе деп отырсың, Қалеке? — дедім.

— Істе дейтінім,— деді Қалиса байсалды дауыспен,— ең алдымен Жұманды құмықтыр!

— Қалай?

— Алым бер!

— Е, ала ма ол?

— Алады. Осы елдің бір мырзасынан қара құлын жарғақ алып, туған қарындасының қойнына апарған. Еркежан оған өз қарындасынан қымбат емес.

— Мен не берем, сонда? — дедім, бұл сөз көкейіме қона кетіп, өйткені Қатирамен ақылдас боп, біздің Текебайдың да сондай іске кіріскенін сезгенім бар.

— Оны ақылдасармыз. Бірақ бұл оның ауыз-баспайы ғана болады.

— Неге?

— Қызбен жағыстыруға жас әлі. Ол «отау иесі»[1] болғанша сен шыдай тұрасың. Оған дейін қатыны мен Жұман сүйістеріңді жан адамға сездірмей ауыздарын жаба тұрады. Отау иесі болғаннан кейінгі жағын тағы да ақылдасармыз...

---

[1]. Бұл он үш жас екені естеріңізде. Б.

— Ойбо-о-ой, Қалеке-ай! — дедім мен даусымды созып,— ұзақ сонар болатын болды ғой бұл!..

— Қысқа сонарды қайдан табасың?.. Жұманға ауыз бастырық бермей көр, қайтер екен?

— Қайтеді?

— Еркежанмен аранда болған істі жұртқа жаяды да жібереді. Және өз қалпында емес, өсіре жаяды. Содан кейін бұл үйде тұрмақ түгіл, бұл үйге келмек түгіл, табалдырығын аттап көр!.. Маңайына да жолай алмайсың, шырағым!.. Бұл «бір» болса, екінші, Еркежанның не боларын ойлаймысың сонда. Еркек бала — саған атағың шықса да оқасы жоқ; ал, қыз баланың және қаршадай баланың атағы шықса не болмақ?.. Қайтып абырой қала ма одан кейін?.. Қара есекке теріс мінгізіп, от беріп жібермей ме қалың төлеген жеріне?.. Жаман күйеуі таяқпен шірітпей ме, сонан кейін?..

Бұл да рас!.. Бұл да көзбен көріп жүрген нәрсем, сондықтан маған өзім емес, Бәтес аянышты көрініп кетті.

— Ал, апатай, онда өзің келтіре гөр ретін! — дедім.

— Тырысайын,— деді Қалиса.

Ертеңіне білсем, кешегі ұяттың салдарынан болу керек, Бәтес қатты ауырып қап, күйіп-жанып жатыр дейді. Жұман мен Қалиса жылқының бір құнанына бітісіпті: мен бүгін үйіме қайтатын боппын да, ел жайлауға шыққанша бұл ауылға қатынаспай, жайлауда жақсы құнан мініп кеп, «Жұманға саттым» деп тастап кетпек боппын...

— Мақұл,— дедім Қалисаға,— бірақ егер жан адам білмейтін болса қазір неге кетем бұл ауылдан?

— Ойбой, байғұс бала-ай! — деді Қалиса кейіп,— тұтанған ұшқынды әрең сөндіргелі жатқанда, бұл сөзді айтқаның не қылғаның?.. Аққудың көгілдіріндей боп көз алдында Еркежан жүрсе, сыр бермей қоя аласың ба сен?.. Сыр бермесең кешегің не? Қой, сен, ондай балалықты. Осындай бүлінбей тұрған шағында аттан. Сенің оқыған-оқымағаныңда кімнің жұмысы бар. Уәделі күнге дейін келуші болма мұнда. Жұманның аузын алғаннан кейін тағы біраз уақыт ізіңді суыт. Оның ар жағын тағы да ақылдасармыз.

Ертеңіне Қиқым мені түйеге жеккен шанамен аулыма апарып салды. «Неге келдің?» деген жұртқа «ол мектепте мен оқитын сабақ қалған жоқ» дей салдым...

«Бәтесті жазға дейін көрмеймін» деп бекінген көң-

лім ұзаққа шыдай алмады. Ыстық сүйістен ішіме түскен ұшқын сол сүйісті есіме алған сайын қоздай қызулана түсті.

Кетпейсің тұрсам ойдан, жатсам түстен,
Басымды не сиқырмен әуеледің? —

деп халық өлеңі айтқандай, Бәтесті еске алған сайын, тағы да көруге құмарлығым күн санап арта береді. Осы құмарлық, әкеммен екеуміздің арамызға да от түсіріп, аяғы үлкен бір жанжалға әкеп соқты.

Мен ауылға қайтқаннан көп күн ұзамай қар ери бастады. Кешікпей көктем де шықты: со кезде мектепті, тағы бірдемелерді сылтау ғып «Таңатар аулына барып қайтам» десем, әкемнің көлік бергісі келмейді. Даярлап жүрген көлігім: денесінің зорлығы кіші-гірім бесті аттай, өзі семіз, өзі сұлу, қара-қасқа түсті құнан еді. Соған мініп кетейін десем, әкемнің берер түрі жоқ. Екеуміз осы тақырыпта қатты сөзге барып қалдық. Ерегіс десе сайтаным бар: әкемнің ұлықсат етпеуіне қарамай, үйден киініп ап тысқа шықсам, құнанымның алдыңғы екі аяғында кісен тұр.

— Кім салды мына кісенді? — дедім анадай жерде жүрген әкеме.

— Мен! — деді әкем тіксіне қалып.

— Неге?

— Бүліншілікке беретін атым жоқ.

— Қайдағы бүліншілік?

— Естімеді деймісің мені? — деді әкем жақындап, суық түсін өзгертпей.

— Неменені естідің?

— Оқудан неге келгеніңді?

— Неге кеппін? — дедім мен, «қайдан біліп қалған?!» деген оймен.

— Ол шатақты қой, балам! — деді әкем, енді ақылына келген дауыспен.

— Немене «шатақ?» — дедім мен тіксіне түсіп.

— Басы бос қыз да табылады. Қайтесің біреудің басы-байлы жесіріне соқтығып?

— Қайдағы жесір?

— Ол егесті қояйық,— деді әкем тіпті жұмсарып,— елден сөгілген іргемізді орнықтырып отырғанымыз жаңа ғана. Әзірге ешкіммен белдесер күшіміз жоқ. Әсіресе, Сасық сияқты осы елдің тұтқасымен...

— Неменені көңірсітіп келесің, әке? — дедім мен сөзін бөліп,— мектепте жұмысым бар дедім ғой мен

сағаш. Соған мініп баратын бір керікке хақым бар ма жоқ па?

— Даусыз іске бәрін мін!..

— Сөздің қысқасы — бересің бе, жоқ па?

— Бермеймін! — деді әкем, тағы да ерегісе ғап.

— Неге? — дедім мен түйіліп.

— Мен малды Саудабайдың Жұманы үшін жиып жүрген жоқпын! — деп, әкем әрі қарай жөнеле берді.

— Тоқта, әке! — дедім мен орнымнан қозғалмай.

— Айтқаным айтқан! — деді ол тоқтамай, бетін де бұрмай...

Қалтамда жүретін үлкен бәкімді қалай суырып, құнанның қарнын бүйір жағынан қалай есіп жібергенімді өзім де білмей қаппын!.. Тебіне шыңғырып қап, шек-қарны жерге ақтарылған құнан жығыла бергенде ғана есімді жинаппын, сонда ғана бері қарай жүгіріп келе жатқан әкемді көрдім де:

— Жақындама!— дедім оған қашқалақтай беріп, пышақты қолымды оқтанып...

Ол бассалуға бата алмағандай, аяқтарын сермей құлап жатқан құнанның қасында қалшиды да қалды...

Ыстық сүйістің алғашқы жанжалы осылай аяқталды...

3. ТӘУЕКЕЛГЕ БЕЛ БУУ

Әкеммен арамда болған оқиғаға сүйінгендер де, күйінгендер де көп сияқты. Біреулер «арғы атасына тартып, қанішер батыр болады екен!» деп көтермелесе, енді біреулер «батырлықтың заманы емес, мына қылығымен бұл әкесінің сорын қайнатады екен» дейтін сияқты. Үй ішіне келсек, шешем менің жағымда. Әнеукүні әкеммен екеуміздің арамызға араша түскен ол құнанды жарғаннан кейін ұрмақ боп кимелегенде:

— Таста, әрі! — деген шешем әкемді кеудеден итеріп.— Адасып тұрған жоқ балаң, өзің салған жолмен жүріп тұр. Он төрт жасында бүкіл елді дүрліктіргенің есіңде ме? Бұл әлі оны істеген жоқ. Қасқыр жеп кететін құнан үшін қинама баланы!..

Сонымен ол сөз біткен. Әкем одан кейін маған қабағын да бермеген, қыжыртарлық та ештеңе айтпаған. Әкем мен шешемнен басқа бас көтеретін — Текебай. Жасы жиырмадан асқан ол момын жігіт болып өсті. Шаруа бағудан басқада оның жұмысы жоқ. Ана жыл-

ғы шүйкебасын детдомға апарттырып тастағаннан кейін, қатын алатын ниетін көрсетпейді, көлденең жүріс-тұрысы да сезілмейді, соған қарап, жұрт оны:

— Қойын бағып, қойыртпағын ішіп жүре беретін, қақ-соқта жұмысы жоқ, аумаған Жаман атасы болады да қояды,— деседі.

Текебай әкем мен менің арамдағы іске араласпайды, қайсымызды мақұлдайтынын білмейді... Бойжетіп қалғанмен, Бүліс апам үйден шықпайтын, қолынан ине, жібі түспейтін, сөзге араласпайтын бұйығы бір байғұс!..

Осындай дүрдараз қалыпта біздің үй жайлауға шығып белгілі мекеніміз — Қатын қазғанның қасына келіп қонды. Аз күннен кейін, ойда жоқта Жақыпбек нағашым келе қалды. Түр-тұлға, кескін-кейіп жағынан нағашым ана жылғы көруімнен әлдеқайда өзгеріпті: ол кезде сидам, арық денесі қазір әлдеқайда толығып, қушықтау көрінетін жаурыны әлдеқайда кеңіпті. Ол кезде жып-жылтыр қоңырқай кескіні қазір әжімденіп, едәуір ескі өңденіп қапты; ол кезде шырата еркіне жіберген сұйықтау мұрты қазір қалыңдап, ернінің жиегімен тегістеп қырқып қоятын бопты; ол кезде де қырып жүретін сұйықтау сақалы қазір қалыңдап, қырған орны ылай судың мұзындай қара-көктеніп кетіпті; қазір ол қоңыр түсті көзілдірік киетін бопты, оныcы маған, көзінің кейінгі кезде қызарып жүретін етін көлеңкелеу сияқтанды, өйткені қағазды көзілдірігін алып оқиды, ал көз етінің қызаруы, соғыста боп адам қанын төккеннен деседі: даусы бұрынғыдан қалыңдаған сияқты, бұрын жеңілтектеу мінезі қазір сабырланған сияқты.

Әрі балдызы, әрі қанды көйлек серігі болудан ғой деймін, әкем нағашымды зор құрметпен қарсы алды. Нағашымның қонақасысына ол семіз байтал сойды да, төңіректегі ауылдардың «игі-жақсы» аталатындарының бәрінде мәжілістес болуға шақырды, солардың ішінде Мәмбет қожа да келді. Нағашыммен ол екеуі түйдей құрдас екен, сондықтан өте қатты ойнайды екен...

Ол күннің ертеңінен нағашымды қонаққа шақыру басталды. Нағашым қайда барса да әкем екеумізді ерте жүретін болды. Сонда байқасам, біріншіден, нағашымды шақырушылар біздің үйде онымен бірге қонақ болушылар, екіншіден, ылғи ауқаттылар.

Жиналған шонжарлардың мол ет пен мол қымыз үстіндегі әңгімелерінің көбі замана жәйі, Совет өкі-

метінің жәйі. Бұл сөздер нағашыма сұрау ретінде беріледі де, нағашым пікірін жауап ретінде айтады. Мен қазір тәп-тәуір сауатты, ересек баламын. Қазақстан орталығы — Орынборда шығатын «Еңбекші қазақ» газетін, «Қызыл Қазақстан» журналын үзбей оқимын, сондықтан Совет өкіметін жақсылау я жамандау дегеннің не екенін жақсы түсінем, осы көзбен қарасам, шонжарлар Совет өкіметі туралы сұрауларын қазғылай айтқанмен, нағашым жауабында жаман сөзге бармайды...

Жиындарда тағы бір мәселенің шеті кеп шықты: «Құлындағы сақау, құнандағы тісеу» дегендей, он алтыншы жылдан бері Торғай елінің ішінде ұласқан араздықты нағашым ішкірнелеп бітіріп қайтқысы келетін түрі бар. Бірақ сөздеріне құлақ сап отырсам, бұл бітер дау емес сияқты. Қайдан бітеді ол?.. «Он алтыншы жылдың көтерілісі» және «азамат соғысы» аталатын арпалыстарда талай адам өлген, ол қанды кекті ағайыншылық бітіммен жоюға кімнің шамасы келеді?..

Елді осылай аралап жүрген күндердің біреуінде, бізді Мәмбет қожаның құдасы — Сасық қонаққа шақырды. Атын көптен естіген, өзі көрмеген бұл ауылдың шақыруына мен қуанып кеттім. Өйтпегенде ше?.. Мен енді ауылды ғана емес, құданы да, «күйеуді» де көрем.

Беттеп келе жатқан бізге, бұл ауыл жырақ жерден өте ұсқынды көрінді. Баяғыда біреу біреудің үйіне қонып, ауыл төңірегі тақыр болғандықтан, тұсаған аты ашығып қалған екен дейді. Сонда қонақ үй иесіне: «Ауылыңның үсті қалай тақыр еді» десе, үй иесі: «Бай болсаң сенің де үстің тақыр болар» депті. Сол айтқандай, маңайы тақырлықтан ба, немене, «Сасық аулы анау!» деген тұста жыпырлап жайылған мал көрінбейді, «мініс түйесі», «сауын биесі» деген сияқты саны шағын ғана мал қарандайды. Оның есесіне, ауылдың алысырақ төңерегінде жайылған мал қара құрттай.

— Осының бәрі сол Сасықтікі ме? — деп сұраиды нағашым бастап әкеле жатқан кісіден.

— Әрине! — дейді анау.

— Сонда қанша малы бар мұның қазір?

— Соңғы жылдардың бүліншілігі мен жұты оңл үйдің де шаруасын шағындады ғой...

— Сонда да?

— Қойы қазір үш-төрт мыңнан асиас. Жылқысы

мыңға жетіп жығылар. Түйесі жүз елуден асар ма екен...

—Ол аз ба? — деймін мен.

— Бұрынғысымен салыстырғанда аз,— дейді нағашым.

— Бұрын қанша болған?

— Арғын руынан шыққан Қарпық ақынның бір өлеңінде:

Байлыққа кім тұрғанда, Досан тұрған,
Қасында Есжан, Ысмақ қоса тұрған.
Қорадан он төрт мың қой бірдей өрген,
Аламан шеннен шыққан Асан тұрған,—

дейді. Бұл Сасық сол Асанның тұқымы. Жеті атасынан бері ырысы арылмаған шірік қарта бай. Арғы атасы — Тырнақ деген кісіге үш мың түйе біткен деседі. Сонда «түйенің санынан жаңылам» деп, Тырнақ жүзінші түйесінің сол көзін шығарып қояды екен дейді. Бір кезде сол Тырнақ «отыз соқырлы бай» атаныпты...

Нағашымның мұнша мақтауынан Сасықтың үйін де, өзін де көруге менің құмарым арта түседі...

Біздің араның жері, әсіресе, ойпаты сағымды болатынын білесіздер. Сасық ауылы сол сағымға бөленіп, теңіз бетінде қалықтаған кемелер мен қайықтар сияқтанып мана көрінгенмен тез жеткізе қойған жоқ. Салт жүріп келе жатқан біз, аяңмен жер ұтылмайтын болған соң біраз шоқытып, жасаң жағымыз тақым жаза дырылдап алдық. Сөйтіп отырып, ауылға да таянып қаппыз...

Мана, сағым үстінде қалқыған шағында Сасық ауылының түрі, толқын бетінде қалқыған көп қайық шоршандап жүрген сияқты еді де олардың арасында аппақ түсті ірі кеме келе жатқан сияқты еді. Енді ауылға таянған шақта қарасам, отырған жері де көрінген көп үйлі ауылдың қараша үйлері, жайылымға шыққан үйректерге, оларға араласа қонған азынаулақ боз үйлер қаздарға; аумағы үлкен ауылдың төріне қонған ақ шаңқан зор үй аққуға ұқсайды!.. Мен енді осы ақ-шаңқан үйге тез жетіп, ішіне тез кіруге құмарта түстім, өйткені маған енді аз жасымда кездестірмеген бұл аса үлкен, сүттей әппақ кигіз үйдің іші, даланың жұмағындай елестеп кетті...

Бірақ мені ойым алдады. Ең алдымен ақ үйдің маңында бізді қарсы алған Сасықтың түр-тұлғасы қызық адам болып шықты. Ол аса биік бойлы, жуан

денелі, ірі сүйекті адам екен. Кескінсіздеу қара бұжыр бетті, тұмсығы жуан, түбі батыңқы мұрынды, шүңірек көзді, қалың еріндi, үлкен ауызды, аралары ашық жалпақ күрек тістері сойдиған, қылы иегіне ыдырай біткен көселеу сақалды, азғантай ұзын қылы екі езуінің үстіне ғана шоқталған сұйық мұртты адамның сопақтау басы, кіші-гірім өгізбен теңдеседі десе де болады. Біз барған шақ «шілденің сарша тамыз» аталатын ыстық мезгілі болғанмен, Сасықтың үстінде етек-жеңі мол үлкен күпі, басында тыссыз елтірі тымақ, аяғында байпақты үлкен етік.

Құданың бұл түрінен іштей жирендім де, «енді баласы қайсысы болды екен бұның?» деп, үйінен ере шыққан адамдардың арасынан іздестіре бастадым. Естуімше, күйеудің жасы қазір он бес-он алтыда болуға тиіс, бұл топта ол жасты адам көрінбейді.

Сасықтың даусы барқыраған түйедей жуан екен. Амандық, саулық сұрасқан түріне қарағанда, ол, тегі сөзге де шорқақ адам болу керек. Неге екенін кім білсін, нағашым оның алдында құрдай жорғалап, жалпақтап өліп барады...

Біз Сасықтың үйіне кірдік. Дәулеті мол бола тұра, мұншама жасаусыз, мұншама салақ үйді көрген емен. Ең алдымен төбесінің биіктік, ішінің кендік жағынан кіші-гірім шеркеуге таласатын бұл зор үйдің ішінде төсеніш деген азғантай екен: үйдің оттан жоғарғы төр жағына оюсыз үлкен қоңыр кигіз жайылыпты да, оның төр жағына жылқы терісінен жасаған сырмақтар тасталыпты; бай үйдің төрінде, әдетте теңкие жиналған жүк болады ғой, бұл үйде ондай ештеңе көрінбейді; әдетте бұндай үйде қаз-қатар жиналатын әр түсті сандықтардың орнында, ескілеу екі тақыр кілемге жуан ғып буған теңдер тұр, олардың ішінде немене барын құдайым білсін; бұндай бай үйде, әдетте, теңнің я сандықтардың үстіне қаз-қатар әр түсті көрпелер мен жастықтар жиналады ғой, бұл үйдің теңінің үстінде ондай ешнәрсе көрінбейді, сонда бұл үйдің өз жандары не төсеніп, не жамылады?! Қонаққа деген төсегі қайда?! Үйдің ішкі босағасында, доңғалақтарының биіктігі кісі бойы қол ұсынымдай, үстіне үлкен кебеже орнатқан, екі арысты үлкен қазақ арба тұр, одан шыққан иіске қарағанда, ішіне кептірген сүр, ірімшік-құрт, қарынға салған май... сияқты азықтар салынуға тиісті. Босағаның арбадан төменірек жеріне кең ши қоршалған, оның ішінде, әрине, қазан, ошақ,

аяқ-табақ сияқты ыдыстар, қазанға құйған сүт сабаға құйған іркіт болуға тиісті. Арбадан жоғарырақ қымызы инеген, етегі кең, бүйірі толық үлкен қара саба тұр. Оған салған піспектің тұтқасы кіші-гірім адамның кеудесі мен басындай бар. Одан жоғары қазақы ескі ағаш төсек қойылып, үстіне әлдене жүктер жиналыпты да, бетін кірі сатпақталған жамылтқышпен бүркей сапты. Одан жоғары, ағаш төсек пен төрдегі теңнің екі арасында, басы уыққа тірелген, тармақтары кең, темірін тот басқан үлкен адалбақан тұр. Әдетте, бұндай адалбақанға асыл киімдер мен бұйымдар ілінеді ғой. Ал, мұнда ілінген киімдердің: бәрі қой терісінен тігілген тыссыз ескі тондар, тысы тозып жүні ұйпаланған ескі ішіктер, әйелдердің кірлеген көйлек-көншектері сияқты, қараған адамның жүрегін айнытарлық бірдемелер ілулі тұр. Жайлауға шыққан байдың үйлері, әдетте, киім-кешегінің, ер-тұрманының тәуірлерін, сандықтарында жатқан аңдардың терілерін, тағы сондай асыл бұйымдарын керегелердің басына жарқыратып іліп қояды. Мынау үйдің ішінде ондай бұйымнан еш нәрсе көрінбейді. Әдетте байлар кигіз үйдің басқұр, желбау, таңғыш сияқты бауларын кілем түсті ғып әдемі тоқытады, олар үй ішін әлем-жәлем ғып ажар беріп тұрады. Бұл үйдің ішінде ондай бір де бау көрінбейді. Бұның баулары түйенің шудасын қосып қылдан ескен жуан, тұрпайы, ала түсті арқандар... Әдетте, сыйлы қонақ шақырса, бай үйлер кілем, көрпе төсеп, жастық тастап... дегендей, төр алдын жайнатып қояды ғой. Бұл үйде олай сәндеген еш нәрсе жоқ...

Нағашым да, мен де, бізге ере келген кісілер де төрдегі қоңыр киіз бен оның үстіне тастаған тері сырмақтың үстіне отыра кеттік. Үй ішінің жасау-жиһазына көңілім толмаған мен маңайыма ытырына қарай бастадым. Сонда менің есіме, Ақмоладағы атақты ақынның:

Әуелі тазартып ал іштің кірін,
Болмасын сыртың сұлу ішің ірің! —

деген сөзі түсіп кетті. Егер бұл сөзді адамнан үйге аударсақ, нағыз «сырты сұлу, іші ірің» осы үй емес пе?.. Шіркін-ай, әкесі әулие екен ғой, мына үйдің иесінің!.. Баласының сасық тұрмыста жасарын біліп, атын қалай «Сасық» қойған!.. (Кейін білсем оның әкесі — Бүксік екен. Атына және затына қарағанда, ол да баласы сияқты жануар болар).

Ол сөз арасында қара өкпе болған түйедей деміге ауыр жөткіріп алады екен де, алақанның аясына толарлықтай қақырықты аузынан есікке қарай атқанда, кейде төрі мен есігі он метрдей табалдырықтың қасына түсіреді екен, кейде, егер ашық тұрса, есіктен де шығарып жібереді екен. Насыбайды төменгі ерініне толтырып дамылсыз ататын ол, аузына жиналған түкірікті күрек тісінің сирек арасынан шерте ытқытса, о да атқан садақтың жебесіндей шұбалып барып босағаға қадалады.

Төріне отырған бізге осындай қылықтарын көрсетіп алғаннан кейін, ағаш төсектің алдында шүйкедей ғана боп отырған, киімдері түрсіз, көнетоз, жаулығының кірі құрым кигіздей арық қара кемпірге:

— Ал, бәйбіше, қонақтар шөлдеп келген шығар, қымыз құй,— деді.

«Әйелі осы болмағай да!» — деген ой кеп кетті маған. Солай екен. Ерімен салыстырғанда әйелі маған, қаңқиған семіз атан өгіздің қасындағы кәрі, кішкене, арық бөшке сияқтанып кетті.

Ерінен: «Бәйбіше, қымыз құй» деген бұйрық болғаннан кейін, арық қара кемпір орнынан көтерілді де, күймелі арбаға қарай жақындап, босаға жақта отырған бір жігітке: «әй, бері кел, шұңқырдағы керсенді көтеріп ал!» деп ши ішіне кірді. Ере кірген жігіт еңкейіңкірей беріп, екі жағында тұтқасы бар, ішіне толған қымызы мөмілдеген үлкен қара керсенді қайқая өрең көтеріп алып шықты. Ши ішінен одан бұрын шыққан әйел, Сасықтың алдына апарып қой терісінен жасаған үлкен дастарқанды төседі, жігіт керсенді соның үстіне қойды. Ерінің қасына отырған әйел, жігітке: «Анау кереге басында ілулі тұрған аяққап пен қасындағы ожауды алып кел» деп бұйырды. Бетіне қынамен боялған жүннен қошқармүйіздеп өрнек салған, қоңыр киізден тіккен үлкен аяққапты жігіт көтеріп алды да, оның қасына ілген басы екі тостағанды, ұзын қайқы сапты ожауды да алып, керсеннің қасына қойды. Аяққаптан суырыла бастаған аяқтардың түріне қарасам, әрқайсысының үлкендігі — кіші-гірім тегештей, түстері тым қоңырқай.

Бай алдына керсенмен қойған қымызды ожаумен біраз толғап сапырылыстырды да, алдыңғы жағында жүресінен отырған жігітке:

— Жақындат бері қарай аяқтарынды! — деді. Жігіт тосқан аяқтарға, бай беті быжылдай көпіршіген

қымызды толтыра құйып берді. «Қымызды төгіп аларсын» дегендей жігіт аяқтарын еппен басып, көтерген аяқтарды қатар отырған нағашым екеуміздің қолымызға әкеп ұстатты.

Қазақ әдетінде, жас адамның алдына келген асқа үлкендерден бұрын сұғына қоймайтынын білем. Сол әдетті сақтаған нағашым екеуміз, екі жақ қанатымызда жайыла қатарласқан қартаң адамдардың бәріне де аяқ үлестіріліп, олар қымыздан ауыз тигенше татпай отырдық. Менің көзім өз қолымдағы аяқ пен қымызда. Қашан су көргенін құдайым білсін, маған ұстатқан аяқтың ернеуінде екі елі кір бар десем артық айтпаған болармын. Сырты қалай екен деп ақырын тырнап көрсем, оның да кірі сойылып жатыр. Қымыздың өзіне қарасам, түсі сары-қоңыр сияқты. Оның көпіршіген бетінде әлдене қап-қара түйіртпектер қалқиды. Көп пісілген қымыздың бетінде осындай май жүзетінін білем. Егер таза ыдыста пісілсе, ол майдың түсі ақсарылау болар еді. Мына түсіне қарағанда, кір ыдыстың ішінде пісілгені айтылмай-ақ мәлім боп тұр. Салақ ұстаған қымыздың ішінде ірің сияқты «өңез» аталатын жаман бірдеме болатынын білем. Бұдан бұрын бір жерде аузыма сол өңез түсіп кетіп өлердей құсқаным, содан кейін аузыма ұшық қаптап, бір жұмаға дейін оңала алмағаным бар. Мынау кір араласқан қымыздың ішінде де сондай пәле болар ма деген оймен, алдыма ұстаған аяқты ақырын қозғап қымызды теңселтіп көрсем, ештеңе байқала қоймады...

Әдетте, қымызда «өтіл» деген болады ғой, онысы — қымыз толтырған аяқты ұстап қатар отырған адамдар өз аяғының қымызын татпастан бұрын, екі жағындағы адамға өтіліп, көршілері «бұйырыңыз!» дегеннен кейін ғана іше бастайды ғой.

Біз де сөйттік. Мен аяқтағы қымызды әуелі нағашыма, одан кейін оң жағымда отырған әлдекімге өтілдім де, «бұйырыңызын» естігеннен кейін, қымызды сораптай тата бастадым. Сусап отырғандығым ба, әлде расы солай ма, қымыз маған әуелі тілді үйірген тәтті сияқтанды. Осы бетіммен аяқты еңсере жұтар ма ем, қайтер ем, егер аузыма бір нәрсе сылп етіп кіріп кетпесе!.. «Бұл не?!» дегендей шошыған сезіммен тіліммен ақырын ғана толғап көрсем, тірі көлбақадай былқылдаған бірдеме!.. Жүрегімнің қалай айныганын және қалай құсып жібергенімді білмей де қалдым: лоқсығанда аузымнан атып кеткен құсық қолыма ұстаған аяқтың

ішіне барып түсті... Тағы бір лоқсыған құсық ілгері қарғып барып, төсеніш кигіздің бетін жауып кетті... Ар жағынан тағы да құсық лықси бастаған соң, аузымды екі алақаныммен бастым да далаға жүгіре жөнелдім... Босағадан шыға беріп, ал кеп құс, ал кеп құс!., Ішімде енді құсар ештеңе қалмай, шек-қарным аузыма келгендей қысыла лоқсып жатқан шағымда, әлдекім маңдайымды сүйей берді. Кескініне қарасам — нағашым.

— Не болды?! — деді ол. Жауап беруге халім жоқ. Денемді өзіне қарай тартып, сүйеңкірей көтеріп үйдің сыртқы іргесіне әкеп отырғызған нағашым:

— Ұят болды-ау, Бүркіт! — деді маған.

— Кімнен? — дедім мен, демімді енді ғана әрең ап.

— Байдан!..

— Ой, әкесінің аузын...

Бұл сөздің арты неге соғарын құдайым білер еді, егер сол шақта асау семіз тайды бірі жетектей сүйреп, бірі айдап, екі салт адам қасымызға жақындай бермесе... Шоқша қара сақалды, зор денелі алдыңғы салтты да, кейінгі жасөспірім жігіт те түр-тұлға жағынан Сасыққа ұқсайды. «Жасөспірім баласы болмағай да!.. Күйеуі осы болмағай да!.. Анауы кім?..

Салттылар үйдің алдыңғы тұсына кеп тоқтады да, шоқша сақал «тайды әкелдік!» деген дыбыс берді. «Шықтық, онда!» — деген даусы естілді Сасықтың. Оған ере бірнеше кісі шықты.

— Қашаған тай еді,— деді Сасық шоқша сақалға,— маңайына кісі барса құланның құлынындай лағалаға қашатын еді. Жүйрік те тай еді өзі. Шалдырмас деп қорқып ем. Әйтеуір ұстаған екенсіңдер!..

— Ұстатпайтын мал бола ма? — деп қояды шоқша сақал масаттанғандай.

— Жақыпбек мырза,— деді Сасық нағашыма қарап,— заманның ауқымымен ойға-қырға кетіп, аман-есен елге оралған соң, сыбағаңа тоқты-торымды лайық көрмей, тай алдырып отырмын.

— Рахмет, Сасеке!

— Ал, жігіттер,— деді Сасық,— жығыңдар тез!.. Әйтпесе құғын көрген тайдың еті жығылып кетеді!

Жігіттер тайды жығып соя бастады. Кіндігінің түбін тіліп қазысын қарағандар: «Сұмдық семіз!.. Еліден артық қазысы бар!.. Піскенде екі елі боп кетеді!.. Еті де қойдың құйрығындай әппақ!..» деп шуласып жатты. Бұндай жабдықтың шағында нағашымның ауыл-

дан ұзай жаяу серуендеп қайтатын әдеті болушы еді. Сонысы ұстады ма, әлде маған оңаша айтар сөзі болды ма:

— Жиенжан, былай қарай жүріп келсек қайтеді? — деді.

— Оқасы жоқ.

— Осындай сасық иттің үйіне неге келдік? — дедім мен нағашыма былай шыға, қатты кейіген дауыспен.

— Түріне, үйінің ішіне, ыдысына қарама, шырағым! — деді нағашым.

— Енді несіне қараймыз?

— Ісіне!

— Не істепті ол?..

— Істегені көп...

— Мәселен?

— Ақ патшаның қылышынан қан тамып тұрған шағында,— деді нағашым демін ауыр алып,— біз бір топ оқыған азамат, Орынборда қазақша газет шығару талабына кіріскенбіз. Көп қиыншылықтан кейін үкіметтен ұлықсат алғанда, газетті шығаратын қаражат болмаған. Сонда, ішінде мен бар, осы Сасықтың туған нағашысы Ахмет Байтұрсынов бар, бір топ жігіт, газет пайдасына «қарыз серіктігіне» деген қоғам құрып, мүшелер жинағамыз. Сонда елдегі байлардан осы Сасық біріншi боп жазылып мүшелік жарнасына жүз ту қой берген!..

— Сана-сезімінің молдығынан ба ол? — дедім мен кекетінді дауыспен.

— Әйтеуір берген соң, қалай бергенінде не ақымыз бар?

— Тағы қандай мырзалығы бар?

— Кешегі аласапыран заманда,— деді нағашым, «естіп қалатын біреу жоқ па?» дегендей жан-жағына жалтақтай қарап ап,— яғни большевиктер «қызыл» атанып, біз «ақ» атанып соғысар алдында, Торғайда құрылған «Алаш полкына» осы Сасық өз жылқысынан жүз атты санап берген!..

— О-ho! — дедім мен күліп.

— Күлме,— деді нағашым ұнатпаған кескінмен бетіме алая қарап,— дастарқаны кір болғанымен, көңілі кір адам емес оның. Ата-бабасынан бері осы елдің тұтқасы боп келе жатқан адамның бірі...

Бұл тақырыпта әрі қарай сөйлессек, нағашым екеуміздің арамыздан ши шығып кететін болған соң, мен де біразға дейін үндемеймін, мен сияқты ойлай ма, неме-

не, нағашым да үндемейді. Үнсіз жүре беруге жалыққан шақта.

— Нағашы! — деймін мен.

— Әу,— дейді ол салбыраған басын көтере маған қарап.

— Сіз ғой, бір кезде жазушы болғансыз?

— Қазір де емесімді қайдан білесің? — дейді нағашым жымиып.

— Кейінгі жазғандарыңызды оқыған жоқпын. Бұрынғыларыңыздың біразын оқыдым. Бір шығармаңызда сіз қыз бен жігіттің ғашық боп, арманына жете алмай өлгенін сипаттайсыз ғой?

— Рас,— дейді нағашым еленделп.— Оны не себепті еске алдың?

— Сіздің сұлу және ақылды қызыңызды Сасықтың баласы сияқты бір жаманға бермек болмай ма? Оған барғысы келмеген, өзінің тенін тапқысы келген, бұл арманына жете алмаған қызыңыз бетімен лағып боранда адасып өлмей ме? Мәмбет қожаның қызы да сөйтсе қайтесіз?

— Оның заманы емес қой қазір,— дейді нағашым салмақтанып,— совет өкіметінің көп жұмысы көңілге қонбағанмен, қазақ әйеліне тендік беріп, қалың мал торынан босатуы қонады.

— Бірақ заң шыққанмен, елде қалың мал әлі тыйылған жоқ қой?

— Бұл өкімет тұрса, тыйылмағанда қайда барады? — дейді нағашым күрсініп.

Оның бұл күрсінуі, қалың малдың әлі де барына қайғыруы екенін, я совет өкіметі ұзақ жасауға қайғыру екенін айыра алмаймын. Тағы біраз үнсіз жүргеннен кейін:

— Сонымен, жиенжан,— дейді нағашым,— аманшылық болса ертең сіздің үйге ораламыз да, одан әрі Орынборға бірге аттанамыз.

— Дәм жазса,— деймін мен.

— Қайдағы «дәм?» — дейді нағашым,— әкеңмен де, өзіңмен де келіскен жоқпын ба, «осы сапарда сені Орынборға ала кетем» деп?

— Дәм біледі! — деймін тағы да мен. Одан әрі бұл тақырыпта сөйлесуге, бізге қарай қиқулап шауып келе жатқан әлдекімнің айғайы көңілді бөліп жіберді.

— Нағашы, сізден өтініш,— деймін мен Жақыпбекке, шауып келе жатқан адам жақындағанша,— бүгін осы үйге қонбайық.

— Неге?

— Жататын жері жоқ қой үйінде.

— «Асынды ішейін, дағараңа т...» ның кері болмай ма онымыз?

Одан әрі тереңдеуге шапқыншы тақалып қалды да, қуырдақ піскенін хабарлады...

Үйге келсек лық толы адам. Ішінде көргендері де, көрмегендері де бар. «Ығай мен сығай» дегендей, бәрі де осы елдің байлары мен билері, өзгелері солардың қошеметшілері.

Қуырдақ үстінде самбыр-сұмбыр кеңесте болған олар, алдарына алған қымыздарын сораптай тартып, ұзақ кеңеске кірісті. Сондағы сөздеріне құлақ тіксем, Сасық олардың ішінде, расында да ірі орын алады екен. «Қақырғаны қайма алтын, түкіргені түйме алтын» дегендей, сөзге мейлінше топас сияқтанған Сасықтың аузынан шыққан лебі ем сияқты...

Бұл мәжіліс тіпті ұзаққа созылар ма еді, қайтер еді, егер түн ортасы ауып бара жатқан шақта суық сыбыр келе қалмаса. Тыстағы белгісіз біреудің хабарлауынша, Торғайдың Губчекасына[1], «торғай елінің байлары жайлауда жасырын бас қосып, Совет өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп жатыр» деген хабар жеткенде, үгітшілерді ұстауға отряд шыққан, ол отряд осы тұсқа жақындап қалған...

Бұл хабар құлақтарына тигеннен кейін үй тола отырған шонжарлар бөріден үріккен қойдай боп бытшыты шығып, пісіп тұрған асқа да қарамастан, аттана қашты. Біреулердің айтқан тоқтауының оларға түк те әсері болған жоқ. Өзге қараңғы қазақ былай тұрсын, нағашымның құты кетіп, қарасұр кескіні сақарға салған сүйектей құп-қу бола қалды. Үй иесінің «тым болмаса арнап сойған малымыздың етін же»! деген сөзіне қарамай ол да аттанып кетер ме еді, қайтер еді, егер үрейленген «құбыжығы» келе қалмаса. Онысы — Губчека отрядының адамы емес, ел арасында жүрген финанс агенті ғана боп шықты. Торғайдан келе жатқан ешбір отряд жоғын жұрт содан білді. Агент біздің елдің жігіті, аты Самалық. Бұрын әлдене байдың жалшысы болған ол, екі-үш жыл Амангелді қосынында болыпты да, Совет өкіметі орнағаннан кейін, шала-шарпы түрде сауатын ашып, финанс органының ел-

---

[1]. Революцияға қарсылармен күресетін Төтенше комиссияның губерниялық бөлімі.

ден салық жинайтын агенті боптьі. Советтің жоғарғы қызметкерлері түгіл, осы Самалықтың өзінен байлар өлердей қорқып, «келе жатыр» десе кірерге ін таба алмайтын, байлар оны өздеріне «мейлінше мейірімсіз» дейтін.

Мына жолы да ол Сасық үйінде қалған азынаулақ байлар мен нағашымды бүре келді.

— Естіп ем,— дей кірді ол үйге, қолдағы қамшысын үйіре ұстап, «байлар мен алашордашылардың жасырын тойы боп жатыр» деп. Рас екен ғой!.. «Көп» деп еді ғой, өзгелері қайда?..

Жауап күтіп айнала қараған оған ешкім үн қатпады.

— «Үстеме салығын төлемейтін байлар қайда жүреді» десем, осылай бой таса қылады екен ғой,— деп, бұралқы иттей құйрықтарын тақымына қысқан байларды Самалық адырайған көзімен тағы бір шолып өтті. Олар тартылған қошқардай мықшия түсті.

— Алашорданың қаңғырған төбеті,— деді Самалық нағашыма бетін бұрып,— сені де осында деп естіп ем, рас екен. Мына байларға ғой: «Совет өкіметі бүгін болмаса, ертең әлсірейді, оны НЭП бүгін болмаса ертең іштен шалып төңкеріп тастайды, сонан дейін шыда!» деп дем беріп жүрсің, ә?

Самалық жауап күтіп кідіргенмен, нағашым да үндей алмай қалды.

— Жоқ, болмайды ол! — деді Самалық Сасық үйіндегілерді басына күліп,— былайғы үкіметті айтпағанда, жалғыз өзім ғана осы елдегі байлардың үстеме салықпен діңкесін қатырам!.. Прогрессивный налогпен!.. Понимаешь? — деп қойды ол нағашыма.

— Қорқуы ма, әлде, тағы да жауап бермеуіне ыңғайсыздануы ма:

— Понимаю! — деді нағашым.

— Сасеке! — деді Самалық, Сасықты мазақтаған дауыспен.

— Әу! — деді ол жалпақтаған кескінмен.

— Үстеме салығын үшін Қостанайға әнеугүні айдатам деген отыз ту сиыр мен жүз бойдақ қойынды әлі күнге айдатпапсың. Ертең оны өзің айдатамысың, әлде, өзіңді ішіне қоса, мен айдайын ба?

— Өзім... өзім!..— деді Сасық жалпақтап.

— Дұрыс. Бірақ малды айдап жөнелгенше мен осы үйде болам.

— Мақұл, мақұл...

— Ал, енді қайтеміз? — деді Самалық Сасықты басынған кескінмен,— байларды қонаққа шақырып тай сойған екенсің. Етің пісіп тұр дейді. Қонақтарың қашып-қашып кеткен. Енді қайтесің, итке төгемісің?

— Мына кісілер жейді де! — деді Сасық қалған қонағын көрсетіп,— өзің де ішінде бол!

— Олай болмайды! — деді Самалық енді бұйыра сөйлеп.— Азғантай қонағың үлкен қазанға тұтас асқан семіз тайдың мұртын да сындыра алмайды. Қалған етің ертең босқа сасиды. Одан да былай қыл: НЭП-тің күшімен жалдап отырған ауылдағы батырағыңды қазір тайлы-таяғын қалдырмай түгел шақыр да етіңді түгел жегіз, сорпаңды түгел ішкіз, сусынына қымызыңды бер!

— Ол қалжыңыңды көтерем! — деді Сасық, Самалықтың мына сөзі ойыны я шыны екенін айыра алмаған дауыспен.

— Ойыным емес, шыным! — деді Самалық қатаң дауыспен.— Істе айтқанды!.. Әйтпесе, ертең жүз қой орнына екі жүзін, отыздың орнына алпыс сиыр айдатам. Оның заңы қолымда.

Нағашым бірдеме демек боп келе жатыр еді:

— Қосарланба! — деді оған Самалық жекіп,— әйтпесе малға қосып ертең сені де айдаймын. Оның да заңы қолымда. Жан керек болса қазір аттан!..

Самалықтың дүмпуіне шыдай алмаған Сасық жалшыларын қонаққа шақыруға кіріскенде:

— Мен аттанам! — деді нағашым Сасыққа бір қағаберісте.

— Ас ішпей ме?!

— Ас па ол?.. Кере емес пе?.. Жыртық киім жалшылардың ортасында қалай отырып, асты қалай ішем. Көрмей-ақ қояйын оны!..

Өз халін де, нағашымның халін де түсінген Сасық;

— Өзің біл! — дей салды күрсініп.

Біз аттанып кеттік. Суыттау жүріп, бірер күнде біздің үйге жеткен нағашым, бір ғана қонды да, ертеңіне аттанбақ болды. Әке-шешем оған жік-жапар боп, кеміне бір жұма жатуын өтініп еді, демалысы аяқталып қалғанын сылтау ғып көнбеді. «Сылтау» дейтінім, менімше ол қызметіне кешігуден емес, «осы маңайға кетті» деген Самалықтан қорқады...

Жүруге бекінген нағашым, маған оқуға бірге аттануды ескерткен еді, іштей көніп болған мен, сырттай сылтауымды айтып маңызсыған болдым.

Әуелі көнген себебімді айтайын: әкем үмітін жүктеген НЭП-ке соңғы бір уақыттарда мен де үміт жүктеп, «оқымай-ақ, байдың біреуі боп-ақ күн кешсем нем кетті?» деген де ойға келіп ем. Қеше Сасық үйінде Самалықтың ісін көргеннен кейін, «бүйткен үміті құрысын!» деген ойға кеп қалдым. «Нағашым сияқты оқыған болғаным да құрысын» деймін мен ішімнен. Сонда да оқығым келетін себебім, жуық арада ғана Еркінге жолығысып қалғам мен. Сонда ол, «Нағашыңа еріп оқуға барады деп естідім бе? — деп сұраған; мен бой тартып, «белгісіз» дегенімде, «бар,— деген ол,— міндетті түрде бар. Оқы. Сені енді байлық емес, оқу ғана адам қатарына қосады. Совет мектебі сені советтік рухта тәрбиелеп шығарады, содан кейін совет қызметкері боласың да кетесің».

Осы ақыл енді ғана бойыма қонған мені, нағашым «ал, жүрейік!» дегенде маңызси қалу себебім, әнеукүні онымен ел аралап жүрген шақта, біз Мәмбет қожаның үйінде де қонып аттанғамыз. Сонда бізді аңдыған Жұманның көзін алдап, Бәтес екеуміз оңаша жолыққан шақта жердің тарлығын ескергендей:

— Орынборға оқуға баратын болдың ба? — деген маған Бәтес.

— Нағашым солай деп жүр,— дегем мен.

— Ендеше мен де барам!..

Бұл сөзді одан әрі өрбітуге, аңдыған Жұманы құрғыр келе қалған да, екеуміз амалсыз ажырасқамыз. Бәтеспен одан кейін тілдесуге, Жұман көлеңкем сияқтанып қасымнан қалмаған. Ол үйден аттанғаннан кейін, қалтамнан тілдей қағаз табылған. Оқысам; «Оқуға мені ала кетпесең, өмірде енді қайтып көрісуіміз жоқ. Бәтес» депті...

Нағашыма сол записканы енді ғана көрсетіп: «Оқуға ол бармаса, мен де бармаймын» дедім. Менің қылық-мінезімді түйіп болған адамдай, нағашым үндемей қалды да, аздан кейін:

— Бәрін де естіген ем, шырағым! — деді салмақты дауыспен,— «жас бала ұялар» деп, бұл жөнде саған ештеңе демеген ем. Енді өзің қозғаған соң өз пікірімді айтайын. Бір жазушының айтуынша, барлық жаста да сүюге болады. Сенің де осы жасында ол баланы сүюіңе ешбір күдігім жоқ. Егер Совет өкіметі болмаса, бұның арты қайғымен де бітер еді. Бағыңа қарай әйел бостандығы болды. Енді ешкімнің бөгеті жоқ.

Жалғыз бөгет — жастарыңның кемелденбеуі ғана. Қыз оқуға барайық десе, үйіне соға кетуіміз оңай. Ал, қыз барам дегенмен, әке-шешесінің көне қоюы қиын, өйткені ұл орнына әлпештеп отырған баласы көрінеді ғой.

— Қыз барам десе ше?..

— Оны айтса да қиын.

— Неге?

— Ең алдымен, осы елден оқуға кеткен бір қыз естідің бе? (Мен жауап бере алмай қалдым. Б.) Әзірге жоқ ондай қыз. Екінші, жетім қыз болса бір сәрі, алар ең де кетер ең. Бұның әке-шешесі бар. Және дәулетті, беделді адамдар. Олар жап-жас қызын бере ме саған?..

— Күйеуге емес, оқуға бермей ме?..

— Бәрібір. Сенімен бірге кетсе, күйеуге бергені де, оқуға бергені де сол боп шығады.

— Олай емесін түсіндірмейсіз бе, сіз?

— Түсінбейді оған...

— Неге?..

— Сенің ол қызға қызығып жүргенінді, яғни, ғашық екенінді біле тұра, несіне түсінеді ол?.. Қызы сенімен бірге аттанса, «қаршадайынан байға жетектетіп жіберді!» деп гу ете түспей ме жұрт?

— Жұрттың орнына өзіңіз гуілдеп отырсыз ғой, нағашы! — дедім мен.— Сөздің қысқасы — ол қыз оқуға бармаса, мен де бармаймын!

Менің оқуға баруыма нағашымның неге құмартқанын кім білсін:

— Болсын, шырағым! — деді ол да көне ғап,— соғайық Мәмбет қожаның үйіне. Ар жағын көре жатармыз.

Әкем мықты пар атты қорабы кең тарантасқа жекқізді де, қасымызға Қайрақбай, Текебайды қосып, нағашым екеумізді аттандырды. Уәде — аттар Орынборға барады, Текебай Мәмбет үйіне дейін ғана шығарып салады, бізбен бірге әрі қарай Қайрақбай ғана кетеді, біз мініп барған пар ат Орынборда — нағашымда қалады да, Қайрақбай Қостанайға поезбен, одан ылаумен қайтады...

Мәмбет үйі бізді жарқын жүзбен қарсы алды. Біз кіріп барғанда, әлдене кітап оқып отырған Бәтес те өзгелерге сездірмеген бейнемен жымыңдап қойды. Сонысына қарап, «оқуға баратын болғай да!» деп жоры-

дым. Сусындап аз уақыт дамылданғаннан кейін, нағашым Мәмбетке:

— Тысқа шығып келсек қайтеді? — деді.

— Болсын,— деді Мәмбет.

Біраздан кейін бір бала кеп, «нағашың шақырады» деді. Оған ере тысқа шықсам, анадай дөңес жерде отырған нағашымның жанынан Мәмбет түрегеп барады екен. Қасына жақындай берген маған:

— Шүйінші, жиен! — деді нағашым.

— Қалағаныңызды алыңыз!..

— Бәтес оқуға жіберілетін болды...

— Қойыңызшы!..

— Рас. Қанша айтқанмен оқыған, зиялы адам ғой Мәмбет, түсіндіріп айтып ем, көне кетті. Киім-кешегін бүгін даярламақ та, Мәмбеттің өзі ат жегіп, баласын қасына мінгізіп, бізбен бірге аттанбақ.

— Алақай! — деп айғайлап жіберіппін қуанғаннан екі санымды шапалақтап.

— Қызының оқуға барам деген сөзін әнеукүні, біз қонып кеткеннен кейін естіген екен,— деді нағашым.— Содан бері өзара үй-іші боп ақылдасып, ынтымаққа келіп қойса керек. Әзірге білмеймін — ағасы Қоңыр қожа көрінеді.

— Пәлесі сол еді ғой! — дедім мен шошынғандай.

— «Үлкеніміз және сыйлымыз» деп қожа тұқымы оған тіл қатпайды екен. Маған айтқызбақ боп күтіп отыр екен.

— Ойбай, ол бір қырсық. Өз ырқынан басқаға көнген адам емес. Егер тізгін оған беріліп қырсықты бар ғой, арындауық аттай шалқасынан түсіп жатып алады.

— Не деді? — деп ем:

— Дегенмен, адам ғой, сөйлесерміз,— деді нағашым.

— Жақсылап сөйлесіңіз, нағашы, көндіріңіз! — дедім мен жалбарынған дауыспен.

— Жақсы, соңыра сәлемдесіп кіріп шығамын да, түсіндіріп айтамын...

Біраздан Қоңыр қожаның үйіне кіріп шыққан нағашымды далада тосып тұрып:

—Не деді? — деп ем.

— Сөзге сараң кісі ғой,— деді нағашым,— пәлен деп кесінді сөз айтпай, «ақылдасармыз» деді де қойды...

Бұл байлаусыз сөзге менің жүрегім тағы да зырқ ете қалды...

Кешке нағашымды көршілес ауыл қонаққа шақырды. Менің барғым келмеп еді:

— Оңаша қалғандары жақсы,— деді ол,— асықпай ақылдассын.

Шақырған үйге қонып таңертең келсек, Мәмбет үйінің кешегі жылы шырайы бүгін суып қапты. Бәтес бұл үйде жоқ. «Қайда?» деп іздестіріп едім, Қоңыр қожаның үйінде отырғаны мәлім болды. Мәмбет нағашым екеумізді оңаша шығарып алды да:

— Шалды құдай атты,— деді кейіген кескінмен,— кеше емексіткен сияқты еді, «жүріп кетеді ғой» дегендей кемпірі кеп, «бала біздің үйге қонсын» деп алып кетіп еді, таңертең барсақ бұзылып қапты. «Бала бұл үйден тірі шықпайды» деп үйіне қамап ұстап отыр. Күшке салайық десек, азғырды ма, я қорқытты ма, бала да көзі мөлтілдеп жауап бермейді, орнынан қозғалмайды... Оған да қарамайық десек, пышағы қолында, жарып өлтіруге дайын!..

— Қап, құдай-ай, өнесі! — деп өкінді нағашым.

— Сөз осы,— деді Мәмбет,— ағамды жеңер күшім жоқ. Сөйлесіп шығам десең өзің білесің...

Қабағын шыта аз отырған нағашым:

— Тәуекел, барып көрейін!— деп жөнеле берді.

— Мен де! — дедім соңынан еріп.

— Қарағым, сен барма! — деді Мәмбет маған,— мінезі қатты адам, жазым боларсың!

— Не істейді «жазым ғып?» дедім мен.— Бір піштірілгем. Екінші рет піштірмес!..

Соңғы сөзіме жәбірленгендей болған Мәмбет, кескініме сүзіле қарады да үндемеді. Мен нағашыма еріп кете бардым.

Біз кірсек, Қоңыр қожа төріне таяу отыр, торға түскен көжектей, жүк пен ағаш төсектің, арасындағы қуыста бүрісіп Бәтес отыр, оның қасына жақын қожаның семіз сары бәйбішесі отыр. Нағашым қожаға сәлемдесіп қолдасты, мен босаға жаққа үн-түнсіз отыра кеттім. Қожаға қарасам, түр-тұрпаты сүзуге әзірленіп айбат шеккен бұқаға ұқсайды. Бәтестің көзі, жылан арбап жерге түсірген дәрменсіз торғайдай жаутаң-жаутаң етеді... Төрге отырған нағашым, сөйлер алдындағы даусымен тамағын кенеп ап:

— Қоқа!..— деп келе жатыр еді.

— Айтар сөзіңнің төркіні маған белгілі, Жақыпбек

шырағым,— деді Қоңыр нағашымның сөзін бөліп,— ақылың бар, сөзге түсінетін парасатты жігітсің. Мен саған сөздің тұжырымды қысқасын айтайын: осы елдің өзге қызы оқып, біздің қыз оқымай жатса бір сәрі. Бүкіл елден оқуға бір қыз бармаған шақта, біз не деп жібереміз, қаршадай қызды?.. Болмайды ол!.. «Өнбейтін дауды, өспейтін ұл қуады» дегендей, бұл араға беделінді салма!..

— Бала барам десе ше? —:деді нағашым қипақтап.

— Демейді. Дейтін, ақылы толған бала емес. Оның тізгіні бізде...

— Сонда...— деп келе жатыр ем:

— Тәйт, оттама! — деп ақырып қалды қожа,— жаның барда шық үйден!..

Қолында кездігін ойнатып отырған қожа көзін қадай қарап көтеріле бергендей болған соң, «батырға да жан керек» дегендей, үйден шыға қаштым.

Мәмбет үйінің алдында Самалық тұр екен. Ол алдымнан көлденеңдеп бөгеді де:

— Бәрін де естідім, бала,— деді кескініме күлімсірей қарап,— қапа болма оған. Бүгін үйлендіруге қыз жас. Оқуыңа бара бер...

— Бұлар жасына қарамай ұзатып жіберсе ше?

— Істей алмайды оны!.. Үстеме салықпен сілесін қатырам бұлардың. Осы қыздың бақташысы мен-ақ болайын. Ержеткенше ешкімге бергізбеу міндетін мен-ақ алайын. Оған дейін оқып ал. Ар жағында қыз сүйсе ала бер!..

Ең берік таянышым осы сөз сияқтанды маған. Мен иланғандай кескінмен Самалықтың бетіне қарап ем:

— Сен баланың жәйінді Еркін айтқан, маған,— деді ол,— содан кейін менің де ішім жылыған саған. Әнеукүні Сасықтың үйінде сені елемеген болуым да сол. Не аласың елде жүріп? Бай болмақпысың?.. Сен өскенше байдың үстеме салықтан діңкесі құрып та болады. Ар жағында ол да жұмысқа түседі. Ал, сен, реті кеп тұрғанда оқып қал. Кім біледі, Советке пайдалы қызметкер боп та кетерсің.

Еркіннің сөзі!.. Адал айтылған сөз!.. Көкейге қонатын сөз!..

— Болсын, аға!..— дедім мен.

Мен тәуекелге бел байладым да, нағашыммен аттанып кеттім.

Қызбелден біз тура Орынборға тарттық. Нағашымның айтуынша бұл екі ара жалпайып жатқан кең жазық. Оны кіші жүздің жағалбайлы, жаппас аталатын рулары жайлайды. Жүретін жөніміздің аты «Жазының даңғылы». Бұдан екі жүз жылдар бұрын кіші жүздің Әбілхайыр хан бастаған билері Орынборға барып, Россияға бағындық деп ант берген. Сонда арғын руынан шыққан Жазы би осы Орынборға осы бетпен бастап апарып салған сүрлеуі «Жазының жолы» атанып кеткен екен.

Біз өз аттарымызды тынықтыра, жолшыбайғы сирек елден ылау ала отырып, Орынборға жарты айдың шамасында жеттік. Біз жүріп келе жатқан мезгіл жаздың ыстық шағы болғандықтан, жолшыбайғы шөл даланы ел мекендемей, маңайдағы не көлі, я өзені бар жерлерге, немесе, жер астының сулары жақыннан табылатын тұстарға бытырап кеткен екен. Ол елдер Жазы жолынан бұрыс және аралары алшақ болғанмен, ас ішіп, ылау алып отыру үшін біз амалсыз бұрылып соғып отырдық. Алшақ елдердің арасында керіліп бос жатқан мынау, бетегесі жүндес түйенің шудасындай ұйыса өскен, оты не деген мол жер!.. Осынша құнарлы жерді «құдайымның» судан тартуы-ай!.. Нағашыма осыны айтсам:

— «Сусыз жердің оты арам» деген осы, шырағым,— дейді де қояды...

— Құдықты тереңнен неге қазбаған бұл араның елі? — десем:

— Тегі, бұл маңайдағы жер астының суы тым терең болу керек,— деп жауап береді нағашым,— олай дейтінім: суды ең іздегіш, құдық қазғыш ел — орыс қой. «Ішкі Руссия» аталатын тұста егістік жер өте қат. Жердің тарлығынан олар бұзауын да арқандап бағады. Бұл сияқты мол, құнарлы, бос жатқан жерді, осы даланы екі жүз жылдан бері ерсілі-қарсылы кезген орыс көрмей жүрген жоқ. Көре тұра қоныс салмай келген себебі — қанша терең қазғанмен, су шықпауын білетіндіктен ғой деймін.

Кең даланың ұзақ жүрісі қажытқан біздің көзімізге әлден уақытта алыста мұнарта көгерген белес елестеді.

— Бұ не? — деген сұрауыма:

— Жайық өзенінің аңғары! — деді нағашым.— Арғы

беті биік жарқабақ. Бергі беті сай. Қалың тоғайы сайларды бойлай өседі.

Жайықтың алыстан мұнартқан жағасына біз бірер күнде әрең жеттік. Міне бұл өзен!.. Туған өлкенің жерсуын қаншама жақсы көрем дегенмен, біздің арадағы ең тәуір деген — Торғай, аңғары мен арнасының кеңдік жағынан да, суының ені жалпақтық, түбі терендік, дәмі тәттілік жағынан да, саясына өскен қалың тоғайының жынысы қалыңдық жағынан да, қырына өскен бетегесі мен ойына өскен өленді жоңышқасының қоюлық және көркемдік жағынан да... Жайықтың садағасы кетсін!.. Суының молдығы бұдан артық болмаса кем түспейтін, дәмі де осы сияқты Сырдария да Жайыққа теңесе алмайтын сияқты. Ең алдымен Сырдың суы сап-сары ылай, Жайықтың суы мөп-мөлдір тұнық; Сыр жағасына сирек өсетін жиде, жыңғыл, шеңгел сияқты ағаштардың маңына жолап кетсең тікендері денеңе қадала қалады, Жайықтың жағасында аспанға таласа өскен үйеңкі, терек, қайың сияқты, бұтақтары кең тармақты, жапырақтары қалың, бойлары биік ағаштардың жанына жақын бару былай тұрсын, үстіне өрмелеп шықсаң да семіз аттың үстіне мінгендей денең аса бір жұмсақ ләззат алады. Осындай тамаша өзеннің жағасында туып-өсу адамға қандай рахат!..

Жайықтың қалың тоғайын аралай, ағаш арасына өскен бүлдіргендерін теріп жей, демді рахатпен ала отырып, біз бірер күнде Орынбор түбіндегі өлкеге де жеттік. Бұрын бұл арада аттылы, жаяулы адамдар жүретін көпір болады екен. Соғыс кезінде Амангелді отрядынан қорыққан ақтар ол көпірді қиратып, қазір су ішінен сорайған сирек діңгектері ғана көрінеді. Одан әрірек, бүркітке жайған тор сияқтанып темір жолдың көпірі тұр. Нағашымның айтуынша ақтар оны да қиратқан екен, кейінгі жылдары Совет өкіметі түзетіп апты.

Жайықтың теріскей жақ биік жағасына орнаған Орынбор қаласының көшесіне, біз мезгіл қарауытыңқырай бастаған шақта кірдік. Ең алдымен, өзеннің биік жағасы маған тау сияқты көрінді. Қаланың үйлерінен алған әсерім, бұған дейін көрдім деген биік үйлерім, мына үйлердің қасында түйе қасындағы есек сияқты...

Нағашым тұратын үйге, біз әлдене қараңғы көшелерді аралап кеп түстік. Жабық қақпаның алдына біздің тарантас салдырлай кеп тоқтай қалғанда, ішкі жағы-

нан әлдекім, қақ жарылатын қақпаны кеңіте аша бастады. Қораға кірген біз тарантастан түсіп үлгіргенше, екі қатар үйден әлдекімдер жүгіріп шығып, нағашыма шүйіркелесе амандаса бастады.

— Оу, қонағымызды да ұмытып кетпеңдер,— деді нағашым, мені қолымен нұсқап,— мынау жиенге де амандасыңдар!

«Қайдағы жиен?» дегендерге нағашым жауап беріп жатқан шақта:

— Аманбысың, қарағым? — деп орысша киінген сұңғақ бойлылау әйел өзгеден бұрын қолымды алды.

— Тәслима деген нағашы жеңгең,— деп таныстырды Жақыпбек оны.

Үйден шыққан адамдардан озып кеп мойнына асыла кеткен, етегін дөңгелете қырыққан шашы желпеңдеген кішкене қызды жерден көтеріп ап құшағына қысқан нағашым мен Тәслимаға қолдасқаннан кейін:

— Гуля-жан, сен де амандас жиеніңмен,— деп еді, кеудесіне жабысқан қыз маған таңдана қарады да, бауырына жабыса түсті.

Амандық-саулықтан кейін көпшілікпен бірге үйге кірсек, нағашымның пәтері жоғарғы қабатта екен. Әлденеше бөлмесі бар сияқтанған бұл пәтердің, кеңірек бір бөлмесіндегі столға дастарқан жайылып, толып жатқан тамақтар және аздап арақ-шараптың бутылкалары қойылыпты. Жиналған адамның саны әуелі аз еді, ілезде көбейіп столдың маңына әрең сыярлық болды. Бұндай жағдай менің әлі көрмеген дүнием, сондықтан шайға ғана шыдадым да, «басым ауырыңқырады» дегенді сылтау ғып тиышталатын орын сұрадым. Тәслима мені үйдің түкпір жағындағы әрі кішкене, әрі жасаусыз қараңғылау бөлмеге қойған, тысы түтеленген ескі диванға әкеліп орналастырды. Ұзақ уақытқа дейін туған-өскен жердің, ауыл-үйдің, жақындардың, әсіресе Бәтестің бейнелерін көз алдыма келтіріп жатқанда қалай қалғығанымды білмей қаппын.

Ертеңіне нағашым мені қала аралатпақ болып еді, мен ол кісіден мектепке алып баруын өтіндім.

— Біз баратын оқу орнын «Үлгілі тәжрибе мектебі» деп атайды,— деді нағашым үйден көшеге шығып аяңдай бастаған шағымызда.— Ол ең алғаш осы қалада өткен ғасырдың орта кезінде «Русско-киргизская школа» деген атпен ашылған мектептің үйінде. Школаның алғашқы шәкірттерінің бірі — өзіңе мәлім Ыбырай Алтынсарин деген атаң. Содан бастап революцияға дей-

ін жасаған бұл школа, кіші және орта жүз қазақтарының талай ұлы мен қызына білім берді. Мен де алғашқы білімді осыдан алғам. Революция жылдары жабылып қалған бұл школа, Қазақстан автономиясы құрылғаннан кейін тағы ашылды. Өкіметтің бұған «Үлгілі тәжрибе мектебі» деген атты беруіне себеп — қазақтың соңғы екі жылда жинап алған панасыз балаларына жақсы оқып шығуына ерекше жағдай жасалған. Бұдан 150 жылдар бұрын осы Орынборда орыс патшасы II Екатеринаның оң көзі — князь Неплюев деген адам тұрған. «Үлгілі тәжрибе мектебіне» сол княздің әлденеше үйден құралған салтанатты кең сарайы берілген. Мектепте төрт жүз елудей бала болуы керек, олардың оқитын да, тамақтанатын да, жататын да жері сол сарайдың үйлерінде. Мектеп бастығы — Қаржау деген жігіт. Фамилиясы Мұздыбаев. Бізге көңілдес және тілектес жігіттердің біреуі.

«Алашордашылардың біреуі болар» деп қойдым ішімнен. Бірақ ол ойымды нағашыма айтпадым, өйткені өзі Алаш партиясын бастаушылардың бірі бола тұра, бұл сөзді кідің алады!..

«Неплюев» аталатын көшемен жүріп отырған біз оң жақ қатардағы биік, салтанатты, есігінің алдында жылтыр тастан жасалған, шөгіп жатқан екі арыстаны бар үйдің қақпасынан кеп кірдік те, қора ішіндегі тікшілдеу бір қабат үйге бардық.

— Кеңсе осында,— деді нағашым, ол үйдің есігіне таяна.

Үйдің ортасын қақ жарған тарлау коридормен ілгері сұғынған біз, әріректегі есікке кірсек кеңдеу бөлмеде кескін-кейпі қалмаққа ұқсаған, жоғарғы ернінің үстіне шашырай, қылдары ұзын, көмірдей қара селдір мұрт шыққан, толықшалау орта денелі, үстіне сары мауыттан тіккен гимнастерке киіп, белін жалпақ қайыс белбеумен қынай буған, шалбарының балағын етігіне сұққан, мұқыл тұмсық, биік өкше, қара-сары түсті етігін жылтырата тазалаған, «шамасы қырықтарға келген-ау» деп мөлшерлейтін адам, үстіне қызыл шұға жапқан столға таяна отырып, әлдене қағаздарды шұқшия жазып жатыр екен. Есіктің сықырынан басын көтеріп алған ол:

— А-а-а, Жақа-а!..— деп орнынан ұшып тұрды да,— ассалаумағалейкүм,— деп бізге қарай жүрді. Ол адамның қолын сілке ұстап амандасқаннан кейін:

— Оқуға әкелем деген, жиенім мына бала! — деді нағашым мені қолымен нұсқап.

— Бәрекелді, жақсы болған. Аманбысың, қарағым,— деп танымайтын адам қолын ұсына бергенде:

— Мектеп бастығы Мұздыбаев Қаржау жолдас,— деді нағашым.

Бізді столының маңына отырғызған Қаржау есікке қарай барды да, кілтін ішінен жауып ап, қасымызға кеп отырды.

— Жиенім осы,— деді нағашым тағы да.— Аты Бүркіт. Фамилиясы Жәутіков.

— Әкесін көрмегеніммен, естуім бар ғой,— деді Қаржау, маған жылушыраған кескінмен қарап қойып.

— Біреудің ерке өскен баласы,— деп жалғастырады нағашым сөзін,— әкесінің мұсылманша да, орысша да ептеп оқығаны бар және балаларын да оқытуды жақсы көретін кісі. Бірақ аумалы-төкпелі заманның шатағынан мына бала жасына лайықты мөлшерде оқи алмай қалды. Әсіресе, орысшаға шорқақ. Егер арнаулы сабақ қосса, тез алып кетерлік қабілеті бар бала.

— Ол қиын жұмыс емес қой,— деді Қаржау.

— Біздің үйде тұрып оқыр,— дейді нағашым.— Сабақ кезінде ғана және қосымша сабақ алар шағында ғана бұнда келіп жүрер.

— Ол ықтияр өздерінде,— дейді Қаржау.— Мектептің үйлерімен қазір таныстырамыз ба, кейінірек пе?

— Қазір көрсетсек те болады...

— Онда, жатақханадан бастайық,— деді Қаржау орнынан қозғалып.

Қора ішіндегі биіктігі екі қабат, тұрқы ұзын, қызыл кірпіштен салынған үйді Қаржау бізге «Неплюевтің қызметкерлері тұрған» деп таныстырды. Ішін аралап көрсек, кең бөлмелері түгелімен әр түсте өте сәнді өрнекпен боялған екен. Әр бөлмеге, мен ауылдың кедейлері түгіл байларында да кездестірмеген жарқырауық кроваттар қойылған, олардың үстіне аппақ сүттей матамен тыстаған жастықтар, таза төсек-орындар тасталған. Әр кроваттың аяқ жағында аппақ орамалдар. Әр кроваттың бас жағына кішкене столшалар қойылып, үстіне кітаптар жиналған, сия сауыты, қалам, қарындаш сияқты нәрселер қойылған. Әр бөлменің төбесінде, мен өмірде көрмеген салпыншағы көп шамдар.

— Бұлар ұлдар жататын бөлмелер,— деді Қар-

жау.— Енді төмен түсеміз де, басқа есікпен қыздардың бөлмесін көреміз.

— Мақұл,— дедім мен.

Нағашым үндемеді. Тегі, ол ыңғайсызданып қалды ғой деймін, өйткені елден аттанарда, Бәтесті де ерте кеткім келген маған, «Орынборда оқитын қазақ қызы жоқтың қасы» деген еді ғой ол. «Қаржаудың қыздар бөлмесі» деуі, сол өтірігін шығарып берді ғой. Нағашымның ыңғайсыздануын абайлаған мен ұяла түссін дегендей:

— Қанша қыз оқиды? — дедім Қаржауға,

— Тоқсан үш еді, биыл отыздан астам қосылатын түрі бар.

— Бәрі де қазақ қызы ма?

— Бұл мектепте басқа ұлттан барлығы жиырма шақты ғана бала бар, олар да қазақ тілінде оқитындар.

— Үйлерін көрейік,— деді бұл кеңесті әрі созғысы келмеген кескінмен нағашым.

Қыздар бөлмесінің сәні ұлдар бөлмесінен әлдеқайда артық екен...

Жатақханаларды аралап болғаннан кейін, нағашым екеуміз пәтерге қайттық. Жолшыбай келе жатып:

— Осы Совет өкіметін кейбіреулер жамандағанмен,— дедім мен нағашыма, бұл сөздер оның қытығына тиерін біле тұра, әдейі айтып, көп нәрсені әлі істеп үлгермегенмен, үлгерген кейбір істері керемет-ау, нағашы!.. (Бұл сөзім ұнамағандай, нағашым маған қабағын шыти қарап қойды. Мен онысын аңғармағандай, ойыма келген сөзімді жалғастыра бердім).— Айқын бір мысалы— біз жаңа көріп шыққан мектеп. Сіз маған «патша өкіметі қазақты екі жүз жылдай биледі» дедіңіз. Сонша жылдың бойында қазақ балалары үшін осы сияқты бір де мектеп салмапты ғой, марқұм патшалар!.. (Нағашым «рас» деп айтар деген оймен кескініне қарасам, басын төмен тұқыртқан қалпынан көтермеді, үндемеді). Енді, міне қараңызшы,— дедім мен нағашымның ұнатпауын көре тұра, ойыма келген сөзімді аяқтайын деп.— Аз жылдың ішінде Совет өкіметі қазақ балаларының оқуына қандай тамаша жағдай жасаған!..

Нағашым жауап қайырмады, екеуміз біраз уақыт үнсіз жүріп кеттік. Аздан кейін:

— Нағашы,— дедім мен.

— Әу,— деді ол кескініме қарап.

— Әлгі Қаржау деген кісі бұрын не қызметте болған?

— Бұрын — учитель. Он сегізінші жылы Ойыл қаласында Алаш полкы құрылды. Сонда аз уақыт офицер болды.

— Соғысқа қатынасты ма?

— Оның саған қажеті қанша? — деді нағашым ұнатпаған дауыспен...

Нағашым үйінде мен төрт-бес күн болдым да, жатақханада тұруға ұлықсат алдым. Өйткен себебім — «Үлгілі тәжрибе мектебіне» бірнеше рет барып, ішкі өмірімен танысып көрсем, құралыптас балалардың білімі де, тәрбиесі де менен әлдеқайда озық жатыр. Солардың ішіне араласа оқымасам, қуып жете алар түрім жоқ.

Алғашқы уақытта ол балалармен бір партада отырып оқу маған қорлық сияқты болды. Әсіресе, орыс тілінің сабағынан. Бірақ бұған мен қапа болмай, озықтармен теңдесуге тырыстым. Оныма жағдай да болды. Нағашымның өтінішімен Мұздыбаев маған орыс тілінен кластан тысқары сабақ оқытатын учитель берді. Жасы сол жылы елудің бесеуіне шыққан бұл адамның өмірбаяны қызық болып шықты.

Өткен ғасырдың басында, қазақ балаларын базарға шығарып сату жайында патша үкіметінің әмірі болған екен. Осы саудаға менің учителім де түсіп, әкешешесінен кішкене күнінде жетім қалған оны әлдекім Троицкий қаласындағы базарға шығарып сатады. Бағына қарай оны Анцуферьев дейтін баласы жоқ орыс офицері сатып алады. Оның аты Антон Иванович екен. Сатып алған баласына ол өз атын қойып, менің учителім Антон Антонович Анцуферьев болып кете барады. Антон Иванович Антон Антоновичты жақсы тәрбилеп оқытады. Ақыры, Харьковтегі учительдік семинарияны жиырма бір жасында жақсы бітірген оны асырап алған әкесі, «задың қазақ, қазаққа қызмет атқар» дейді де, Орынбордағы «орысша-қазақша» аталатын школаға учитель ғып жібереді. Содан бері осы школадан табан аудармай қызмет атқарып келе жатқан Антон Антоновичті бүкіл школа аса құрметтейді екен. Қай елден шыққанын, әке-шешесінің аты-жөнін ол күні бүгінге дейін білмейді. Қазақ тілін ол осы школаның қабырғасында үйреніп жақсы білген. Фамилиясы мен атын өзгертпеген. Партияда жоқ.

Антон Антоновичтің оқыту әдісінің шеберлігінен бе, әлде, тың жерге сепкен егіннің жақсы өнуі сияқты, менің тың басыма тез орала қалды ма, тіпті шапшаң үйрене бастадым. Жаңа жылдың басына дейін мен орысша дұп-дұрыс жаза білетін, тәп-тәуір сөйлей білетін халге жеттім.

Уақытымның көпшілігін сабақты меңгеруге жұмсаған мен, қол босаңқыраған шақтарда қала қыдырып, тұрмысымен, әсіресе оқу орындарымен танысып қоям. Бұл қалада: КИНО, ТИНО, БИНО деген аттармен үш институт ұйымдасқан екен. Олардың толық аттары: Қазақ педагогика институты, Татар педагогика институты, Башқұрт педагогика институты екен. Қалжыңдағысы келгендер бұлардың бәрін қосып атағанда,— «үш НО» деп те атайды екен. Әр институтта үш-төрт жүзден шәкірт оқиды, бәрі де ересектер.

Орынборда: Совет партия мектебі, Жұмысшылар факультеті, Әскерлік училище, Милиция школасы аталатын тағы да төрт мектеп бар екен. Оларда да ересектер оқиды. Қайсысының болса да оқушыларының көпшілігі — қазақтар.

Аталған оқу орындарымен таныса келе, мен біздің елдің де біраз жігіттерін таптым. Олардың ішінде менің көзіме ерекше ұшырап, туған адамдай араласып кеткені — Нұрбек Қасымов деген жігіт. Оның әкесі Қасым — бізге қоңсы кедейлердің бірі болатын. Он алтыншы жылдың дүрбелеңі басталғанда, осы Қасым көтерілісшілерге қосылып кеткенін, соғыста оққа ұшқанын білетінмін. Нұрбек Қасымның жалғыз баласы, менен бес жас үлкен. Кішкене күнінен ол әнші, домбырашы аталып, пысық боп өскен... Міне сол Нұрбек өткен жылы Орынбордағы үш жылдық милиция школасына келіп кіріпті. Ұзынша сидам бойлы, ашаң көркем өңді жігіт боп өскен ол, балалық шағындағы домбырашылығы мен өлеңшілігін үдетіп, Орынборда ұйымдасатын қазақша ойын-сауықтарда ән айтады екен. Оның ерекше сүйіп айтатын әні «Майра» болғандықтан жұрт оны «Майра» деп кеткен. Кейбіреулер оны «Нұрбек» десең білмейді де, «Майра» десең біле кетеді. Әкесі жауласқан адамның бірі бола тұра, алғаш жолыққаннан бастап-ақ, ол менің шешеден бірге туған бауырымдай болып, екеуміз күн сайын жолықпасақ тұра алмауға айналдық...

Милиция школасында Найзабек Самарқанов дейтін тағы бір жігіт кездесті. Бұл да біздің елдікі. Жасы

отызды орталап қалған, бет сүйегі шығыңқы қалың бетті, қайқылау мұрынды, шықшыт жағы көтеріңкілеу біткен қиықтау көзді, қарасұр кескінді, түсі суық бұл жігіт, ұзын, қалың қара мұртын еркіне жібергендіктен, түрі тым ұсқынды боп кеткен. Бұл да Амангелді отрядында болған адам. Сондықтан менің әкеммен күні бүгінге шейін өш екен. Нұрбекке барған бір шағымда менің кім екенімді білген ол:

— Бұ қасқырдың бөлтірігі де келген екен ғой,— деп кескініме одырая бір қарады да, басқа тіл қатпады.

Оның бұлай қарауы маған қымбатқа түсе жаздады. Жиырма төртінші жылдың көктемі жақындай, «Үлгілі тәжрибе мектебіне» тазалау жүреді, жасырынып жүрген байлардың балалары шығарылады, мұғалімдердің де жат пікірдегілері қуылады» деген қауесет естілді. Ол сөз расқа айналып, аз күнде тазалау комиссиясы келіп те қалды, бастығы Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші секретары Абдолла Асылбеков!..

Бұл адамды мен сыртынан ғана көріп жүретінмін. Ортадан биігірек толықтау денелі қарабұжыр суық кескінді Асылбековты нағашым төңерегіндегі жұрт: Қазақстанда Октябрь революциясына, азамат соғысына араласып, Совет өкіметін құрушылардың бірі, өзі буржуйларға, оның оқыған өкілдеріне, әсіресе алашордашыларға мейлінше мейірімсіз десетін.

Расында да солай боп шықты. Комиссия келе сала, мектеп директоры Мұздыбаев Қаржауды қызметінен қуып, орнына Қазақстан комсомол ұйымының секретары — Ерғали Алдоңғаровты тағайындапты. Анығын енді ғана естісек: Мұздыбаев алаш полкындағы ең қанішер адам боп, қызыл армияның қолға түскен адамын тірідей тураған... Бұл мектептің мұғалімдігінде Қаржаудан басқа да бірнеше алашордашылар бар екен, олардың біразы сынға қалып, кейбірі босатылыпты.

Оқушылардың ішінде де нелер ірі байлардың, алашордашылардың балалары бар екен, ол «кәпірлердің» көбі тізімге «панасыз бала» болып жазылады екен. Мені де Қаржаудың солай жаза салғаны бар, сондықтан «Бөрік алыспақ ойналса, таздың арты қыпылдар» дегендей, менен басқа «пансыздардың» шын сыры жария бола бастаған шақта жанды қояр жер іздеп саса бастадым. Нағашыма барсам:

— Менен саған жәрдем жоқ, өйткені анау Асылбеков деген барып тұрған «әшәддү», яғни мейірімсіз. Өз түсінігі болмаса, оған сөз өткізу қиын. Қазақшылықта жұмысы жоқ, «принципиальный большевикпін» деп отырады да алады. Әкеңнің кім екенін білсе, сені де мектепте қалдырады дей алмаймын,— дейді.

— Мен не істеймін? — десем:

— Шыда!.. Тәуекел!.. Бағыңнан көр! — дегеннен басқаны айтпайды.

«Суға кеткен тал қармайды» дегендей, нағашымнан тиер қайыр жоғын көрем де, қармайтын тал іздеймін, сонда уайымым шеті-шегі жоқ тасқын сияқтанса, оған тұншығуға айналған менің көзіме, қалқыған жалғыз тал — Еркін Ержанов сияқтанады. Бірақ ол менен қазір өте алыста, қол жетпейтін жерде қалқыған тал. Оған айыпты Еркін емес, өзім.

Мен Орынборға келсем, ол экзамендерінен өтіп, Совпартшколаға орналасып та үлгерген екен. Бұрын бірер рет жылушырағанын көрген мен, Орынборда алғаш оған жанаса бастап ем, онымды біліп қойған нағашым жатты да ұрысты.

— Жылушырауы өтірік,— деді нағашым,— онысы әкең мен араңа от жағудың амалы. Сөйтіп, араларыңды ажыратып алады да, әрқайсыңды жекелеп төмпештейді. Бай атаулыға қаны ұйымайтын адам, әсіресе, сенің әкеңе. Оның жақсылығынан үміттенгенше, аспандағы жұлдыздың алақаныңа түсуінен үміттен. «Есің барда етегіңді жап» дегендей, қақпанына түспей тұрғанда, тарт бойыңды одан!.. Түсе қалсаң, шыңғыртып отырып жейді...

Осы сөзден кейін Еркіннен бойымды тарта бастаған мен, біраздан кейін маңына жолау түгіл, көшеде кездессе көрмеген боп өтіп кетуге айналдым. Онымды аңғарған Еркін бірде Нұрбекке:

— Бұ несі, байғұс баланың?! Өз басының менен көрген қиянаты жоқ еді ғой, оқудан шығартайын десем, оп-оңай ғой маған; жас бала, қайтем оны істеп!— депті. Оны естіген нағашым:

— Айттым ба, «сақтап жүрген пәлесі бар» деп? Көрерсің, түбінде сені осы оқудан шығарады! — деген.

Мектепте тазалау жұмысы жүріп жатқан шақта оның жұмысына араласы бар біреу:

— Сенің үстіңнен де материал бар көрінеді,— деді маған.

— Кімнен екен? — дедім мен жүрегім зырқ ете ғап.

— Оншасын абайлай алмадым.

«Әрине, Еркіннен!» деген ой кеп кетті маған. «Біліп бер» деп өтіндім танысымнан, «Жарайды» деді ол. «Егер Еркінен болса, қапысын тауып оны да өлтірейін, өзім де өлейін» деп бекіндім...

Мені ойым алдады. Арыз бары рас екен және әкемнің жайын мейлінше толық жазған, ал қол қоюшы — Найзабек Самарқанов.

— Өзі жазбай, Самарқановқа жаздырған ғой,— деді нағашым бұл хабарды естігеннен кейін,— адал, арамын материалын қаралғанда көрерміз.

Үстінен арыз бар адамды комиссия жекелеп шақыратын. Кейі қуанып, кейі жылап шығатын.

Бір күні осы кезек маған да келді. «Ертең шақырыласың» деген секундтен бастап, комиссия алдына барған секундке дейін, мен ұйқы-күлкі көрген жоқпын. Інірде маған жаман ой да келіп кетті. «Бәрібір шығарады» деп сенген мен, қапыда пышақ сап алмақ боп, көшеде Еркіннің жолын да тостым. Ретті жерде ол кездесуін кездесті, бірге оқитын серіктерінің қоршауында өтіп кетті. Одан үміт үзгеннен кейін, Жайықтың ойығына кетпек боп, қасына да бардым. Бірақ әлденеше рет оқтанғанмен, жан шіркін тәтті боп, құлай алмадым. Сөйтіп тұрғанда, жақсылық та елестей қалған сияқтанды: комиссия өткен күні, бірер байдың баласын қалдырыпты да. «Ендеше, менің де қалуым мүмкін емес пе?..»

Осы үміт мені жетектеп, Жайықтың мұзынан биік жағасына шығарды. Сол арада, «Нұрбек Еркінге жақын кісінің біреуі, соны неге жұмсамаймын сөйлесуге? деген ой түсіп кетті. Осы ой жетектеп, милиция школына барып ем, кешкі тыныс басталғандықтан, күзетші кіргізбеді. Таңертең қатынаспақ болдым да жатақханама келдім.

Ол түнді көрер көзбен өткіздім де, Нұрбекке бармақ боп таңертең тысқа шықтым. Біраз жер жүргеннен кейін, кежегем тарта қалды, ондағы ойым: «Қайтем, кісі сап, жалынып? Бір тәуекел!.,»

Шақырған мезгілде комиссияның бөлмесіне кірсем, Асылбековтың қасында Еркін отыр!.. Жүрегім тағы да зырқ ете қалды... Бөлмеге сәлемсіз кіріп, босағаға тұнжырап тұра қалған маған Асылбеков қалмақы қиықтау үлкен көзін түйілдіре қарады да:

— Фамилиясы? — деді комиссияның біреуіне.

— Жәутіков! — деп қалды Еркін анадан бұрын.

— Сен айтқан бала осы ма? — деді Асылбеков Еркінге.

— Осы! — деді ол. Ішімнен: «қыларыңды қылып тынып отырсың ғой!» деп ойлап қойдым Еркін туралы. Асылбеков маған жүзін жылыта қарады да:

— Сөзсіз шығарып жіберетін кісінің баласы екенсің, шырағым. Жаныңды мына Еркін Ержанов алып қап отыр. Бар, оқи бер! — деді...

Қуанғаннан еңіреп жылап жіберіппін: Жасқа бұлыққаным сондай,— Асылбеков пен Еркінге, көмекейіме келіп тұрған алғысымды да айта алмай, жылаған даусым қатты шығып кететін болған соң, екі алақаныммен де бетімді басып шыға жөнелдім, сонда көкірегімде кеткен сөз: «міне қайда, менің сақтаушым!»

5. ӨКПЕЛЕУ

Ар жағында Еділдің көрдім сені,
Қайық қылып сырғанды өткіз мені.
Қайық қылып сырғанды өткізбесең,
Хордың қызы болсаң да көрмен сені

Халық өлеңі.

Менің ол жылғы оқуым жақсы аяқталды. Сонымa риза болды ма, әлде басқа бір себебі бар ма, нағашым мені өзімен бірге Қырым Жарты аралына күзгі оқу басталғанша саяхаттап келуге шақырды.

Бұл арада айтатын сөз; нағашымның үйіне жиі баратын мен оның аса ақшалы адам екенін аңғардым. Сонша ақшаның қайдан түсетінін білгім кеп сұрасам:

— «Гонорар» дегенді естуің бар ма? — деп жымияды ол. Орысша тілге тәп-тәуір боп қалдым дегенмен, мына сөздің мағынасын біле алмасам:

— Баспасөзде шыққан жазуыңа алатын еңбек ақы,— деп түсіндіреді нағашым.— Мен жазған кейбір оқу құралын көріп жүрсің ғой?

— Әрине. Өзіміз де оқып жүрміз ғой кейбіреуін. Сонда қалай төлейді оған қалам ақыны?

— Кітапқа емес, баспа табаққа төлейді.

— Ол не сөз?

— Дағдылы кітаптың он алты беті бір баспа табақ. Отыз екі беті — екі баспа табақ. Солай өрби беріп, кітаптың қалыңдығына қарай әлденеше баспа табақ боп кетеді.

— Түсінікті. Сонда баспа табағына қанша аласыздар?

— Червонецпен — елу сомнан жетпіс сомға дейін.

— Мысалы, сіздің «Қира-ат» аталатын кітабыңыз неше баспа табақ?

— Онға жақын боп қалар.

— Биылғы шыққан барлық кітабыңызды қосқанда?

— Отызды еңсерер,— дейді нағашым жымия түсіп.

— Нағашы-ау,— деймін мен таңданған дауыспен,— бірнеше баспа табағы бар кітап дүниенің ақшасы боп кетеді ғой онда!

Олай дейтінім: Совет өкіметі шығарған ақша алғашқы жылдарда құнсыз боп келіп, 1923 жылдың басынан «червонец» атты қағаз ақша шыққаннан кейін аса қымбаттап, Орынборда бұрын пәлен мыңға ала алмайтын бір қой бес сом, бір сиыр жиырма сом боп қалған. Ауылдан аттанарда әкем қалтама червонецпен жүз сом салған, Орынборға келгеннен кейін, жүз сомның сексен үш сомына мен ұлан-байтақ киім сатып алғам: он үш сомға жаңа хром етік, жиырма бес сомға жап-жақсы қамзол-шалбар, он сомға бірнеше көйлек-дамбал, бес сомға әдемі кепке, отыз сомға шұға пальто...

Нағашымның ақшасы өте көптігі үй тұрмысынан да байқалады. Орынборда «комиссионный» аталатын магазин болады, оған бұрынғы байлардың неше түрлі ескілікті асыл бұйымдары түседі, сондайларды алушылардың біреуі — нағашымның әйелі. Ерінің «Таня» деуін қостап, ол кісіні біз де «Таня жеңгей» дейміз. Бұл үйдің орындықтары да, орамал-дастарқандары да, ыдыс-аяқтары да өте көрікті. Нағашы жеңгейдің бір өзінің үстіндегі алтыннан, қымбат тастардан жасалған нәрселер мен жібектен, я қымбат жүн матадан тіктірген киімдердің ғана құны, бір бай үйдің дәулетімен парапар болар еді!.. Өткен көктемнің қарсаңында ғана жібектен тоқылған үлкен кілемді Таня жеңгей комиссионныйдан екі жүз елу червонецқа алып келді, тағы бірде сыртын қара-көк шұғамен тыстаған жанағ ішікті жүз елу червонецқа алды... Осы екеуінің бағасы ғана алпыс қойдың құны ғой. Ақшасы осынша көп нағашым, Қырымға ала кетуі туралы маған ұсыныс жасағанда:

— Көп шығынға түспей ме, нағашы ол? — деп ем:

— «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп» дегендей,— деді ол,— қайтемін

ақша шіркінді сандыққа жауып тастап? Миллиондап, я миллиардтап ұстағандарға да опа бермеген ақша. Олардың қасында біздікі не тәйірі!.. Дегенмен, жолаушы шығып қайтуға жетеді.

Нағашым Қырымды қанша мақтағанмен, бар шығынымды өзі көтермек болғанмен, менің барғым келген жоқ. Несіне барам онда?.. Маған қазір Бәтестен қымбат, Бәтестен қызық не бар?.. Сирек болса да елден қатынасқан адамдардан естуімше, ол аман-сау, үйінде отыр. Мен кеткеннен кейін оны қызша киіндіргеп деседі. Өзінің жатып тұрып оқитыны газет, журнал, кітап көрінеді. Самалық Сағымбаев уәдесінде тұрған сияқты. Мен үшін бе, әлде заңы солай ма, ол Сасықты салықпен расында сорлатып, әлдене салығын төлемегені үшін, өткен қыстың бойында Торғайда абақтыға жатқызған, әлдекімі Орынборға қуынып кеп, көктемде әрең босаған. «Байтал түгіл бас қайғы» дегендей, оның қазір жесір іздейтін, намысқа шабатын шамасы жоқ көрінеді.

Бәтеске мен қыстай бірнеше хат жаздым. Олар қолына тимей ме, әлде, тисе де жауап бермей ме, «ләм-мим» деген сыбыс жоқ. Қыс ортасында келіп кеткен Қайрақбайдың айтуынша, Бәтестің өзі де маған қалыңдықпын дейтін сияқты, ел де соны айтатын сияқты. Ендеше, үндемеуі не?!..

Не де болса барып білгім кеп, биылғы сабағымды бітіре сала әзірлене бастағанымда Бәтестен хат кеп қалды...

Біздің жатақхананың вестибюлінде[1] үйдің қабырғасына іліп қойған, хаттарға арналған алфавиттік оншақты кассасы бар тақта тұратын. Маған деген хат «Ж» (Жәутіковпін ғой) әрпінің кассасына түсетін. Бірақ ондай хаттар қашан келсе де, маған тек Текебайдан ғана келетін. Әкемнің тапсыруы ма, әлде өз көкейінің итеруі ме, Текебай маған ай сайын бір хаттан жазатын да отыратын. Сондағы хаттарында үнемі айтатыны бір ғана сөз, мал-жанның амандығы ғана. Одан басқа түк жаңалығы, қызығы жоқ хаттарды оқи беруге ерініп, мен өзіме келетін хаттың кассасына, кейде қарамай қоятынмын, сондықтан Текебайдың кей хаты бірер айдың бойына алусыз жатып қалатын.

---

[1] Менің бір қызығым — Орынборға келгелі «шет елдердікі» аталатын сөздерді жаттап ап, ретті-ретсіз жерде қолдана беруді жақсы көретінмін.

Сол дағдыммен кассама жоламай жүрген күндердің біреуінде, алдеқалай қарай қалсам, ішінде конверт жатыр. Суырып ап адресіне қарасам, маған!.. Жазу Бәтестікі!.. Бірақ аты жоқ!.. Жалма-жан ашып жіберіп қарасам, рас, Бәтестің жазуы!.. Аяғына қарасам, «Ақ ботаң!» деп қол қойған!.. Ол Бәтеске менің ғана таққан атым!..

Осының бәрін көргенде, не істеуге білмей қалсам керек, суырған хатты оқымастан конвертіне қоса кеудеме қайта-қайта баса беріппін!.. Осы халде менің қаншалық тұрарымды құдайым білсін, егер нақ ту сыртымнан «оның не?» деп қосарлана айтқан дыбыстар кенет естіле қалмаса!.. Жалт қарасам, мектептес бірнеше бала!.. Хатты олардан қызғанғандай жүгіре жөнеліппін... Сол бетіммен бөлмеме келсем, сәті түскенде жан жоқ екен!.. Кеудеме басып келген хатқа қарап едім, Бәтестің өзі сияқтанып кетті. Мен оны сүйіп-сүйіп алдым...

Сол қалпыммен де біраз тұрар ма ем, қайтер ем егер осылай қарай келе жатқан әлдене балалардың дабыры естілмесе. Хатты олардан да қызғанған сияқтанып, жетіп үлгермей оқып тастауға жұмылдым. Әкем мені «Бөкенжан» деп атайтынын білесіздер. Бәтеске осы сөздің басы ұнап, мені «Бөкен» дейтін. Ол мына хатында да «Бөкен» деп бастап, аяғына «жанын» тіркеп, «Бөкенжан!» деп жазыпты. Хатты ол, өзім жазатын хаттардың конвертінде көрсететін нағашымның үйіне емес, көшесін, номерін атамай (тегі оны хабарламаған болуым керек), мектептің атына ғана жолдапты. Сонда да хат тура келіп тиді. Оқи бастасам, сөзі былай:

«Бөкенжан!

Қыстайғы хаттарыңның бәрін де алдым. Он жеті хат. Одан көп болса өзің білесің[1].

Оларыңа жауап қайтармаған бірінші себебім, хаттарыңа қарағанда және Қайрақбайдың айтып келуіне қарағанда, оқуың жақсы кетіп баратқан көрінеді, сондықтан хатыммен алакөңіл етпейін деп ойладым. Екінші себебім, хат жазғанда не айтам?..

Енді, міне, себеп табылып отыр. Қайрақбай әкеп көрсетті — жуық арада әкеңе нағашыңнан хат кепті. Сонда нағашың: «Биыл жаз Қырымға саяхаттап келмек боп, Бүркітті ала кетейін десем, барғысы келмей-

[1]. Он тоғыз еді. Екеуі әлдене себеппен бармаған ғой. Б.

ді, жобасына қарасам, қалыңдығын көріп қайтуды ойлайды; бұны істесе, ержете бастаған қызға елігем деп, әрі оқуынан қалып қоюы мүмкін, әрі ел арасында тағы да қаңқу көбейіп, ағайын араздасуы мүмкін; бұл сөздерді өзім айтуға бата алмаймын: жастығына қарамай балаң бірбет, ұнатпаған ісінде қауып тастайды; осының ретін өзің келтір де, баланды биыл елге бармайтын ет» депті.

«Мен нағашыңның осы сөзін түгелімен мақұлдаймын. Менен қорықпа. Самалық Сағымбаев дейтін осы елдің салығын жинаушы адам, сен біздің үйден соңғы рет аттанғанда: «Қорықпа, ешкімге де тигізбеймін» деп уәде берген екен ғой. Сол сөзін маған да айтты. Мен өзгеге сенбесем де оған сенем, себебі, бұл арадағы елде тұратын бай атаулының қазіргі құдайы да, патшасы да сол. Сасық «қайын-ата» болмысымызды қыстай абақтыға отырғызуын естігеніңді хатыңнан көрдім. Сонда «жас қызға құда түсіпсің» деп, мен үшін де қатты қыжыртса керек. Содан зәресі ұшқан ба, немене, бұрын ара-тұра келіп кететін ол, абақтыдан кейін ат ізін салуды қойды. Самалық бірде менің көзімше әкемді де қыжыртып: «Мына балаң бесікте жатқанда Сасық құда түсіпті ғой. Жасы «отау иесі» болуын ғана күтіп жүр деседі. Оған да айттым, саған да айтам: бақтарыңа Совет өкіметі құлап қалса сөз жоқ, әйтпесе, он сегіз жасқа келмей қызыңды ұзата алмайсың. Осы елден кетіп қалмасам, бақылаушың өзім болам. Мен кеткенмен үкімет кетпейді. Тырп етіп байқаңдар, не көрер екенсіңдер!» дегені... Әкем осы сөздің өзінен жерге кіріп кете жаздап: «Ертеде қазақшылық болғаны рас, шырағым, енді баланың иесі мен емес, өкімет екенін білем. Заң не айтса сол болады» дегені!.. «Айтқаны жақсы» дегендей, ұялсам да шығып кетпей отырып алдым. Бұрын «бұл құдалықтың арты неге соғар екен?!» деп қорықсам, енді қорықпаймын.

«Ал, саған биыл жаз келме дейтін себебім, қайталап айтайын, нағашыңның сөзін қолдауым. «Алдағы қыста бұл оқуым бітеді» деп жазасың. Аманшылық болса, елге сонда бір-ақ қайтарсың. Егер бұл сөзді тыңдамай келіп қалдың бар ғой, сен іздеп бара алмайтын әлдеқайда кетем де қалам, Оған да келдің бар ғой, тілдеспей қоям!..»

Хаттың осы жеріне келгенде, қалшиып тұрыппын да ғаппын... Өйтпегенде ше?.. Ең алдымен қыз жазатын хат па осы? Және әлі бет пердесі бүтін дейтін жас

қыздың хаты ма?.. Бұл, «өткелектен өтіп алды» дейтін қыздың ғана аузынан шығар сөз емес пе?.. Мұншама ақылдымсып, мұншама батыл және салқын жазған хатын, «Бөкенжан» деген тәтті де, ыстық та сөзбен неге бастаған?..

Хатқа қарасам, ар жағында да бірталай сөз тұр. «Тағы не айтқан екен?» деп көзімді салқындау жүгіртіп ем, күткен жылылығым енді ғана ұшырай бастады:

«Бұл сөздерім сені өкпелетуі мүмкін, сүйікті Бөкен!..» Оған «жан» деген сөзді босқа қосып отырған жоқпын. Қазақ қызды «он үште отау иесі» дейді. Мен қазір он төртке шықтым. Әлі де «баламын» дегенмен, он төртте де адам өз болашағын ойлай бастайтын сияқты. Қиссаларға сенсек, адам бесіктен-ақ сүйе бастайтын көрінеді. Менің махаббаттық сезімім бесікте емес, Сарықопаның үстінде, қыраулы қыста тұтанып кеткен сияқты... содан бері ол, ай сайын, күн сайын, сағат сайын емес, минут сайын қызына түсіп келе жатқан сияқты.. бұған дейін іште ғана өршіп келе жатқан бұл ыстық сезім, сені енді көрсем лап ете түсетін сияқты... Онда не болмақ?..

«Аз уақыт сезімімді ақылға жеңдіріп көрсем, бұлай жалындау, екеумізге де әлі ерте сияқты... бұрынғы ғашықтар «қосыла алмаймыз» деп қорықса, бізде ондай бөгет жоқ сияқты!.. Ендеше неге асығамыз?.. Атамыздың «Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген даналығын неге ескермейміз?..

«Себепсіз сабырсызданбайық, Бөкенжан!.. Ұятқа қалдырар ол!.. Одан да, сен биыл жаз елге келмей, алдағы қыста оқуынды аяқта! Мүмкін, жаңа оқудың сапарына алдағы жылдың жазында бірге аттанармыз!..

Ақботаң!»

Ал енді, мықты болсаң осы ұсынысты қабылдамай көр!..

Талай рет толқыған мен, Бәтестің сөзіне еріксіз бағындым да хатпен өзіне хабарлап, жаздай мектептес балалармен пионерлер лагеріне кеттім де, күз оқуыма оралдым.

Ішімде Бәтеске деген сағыныш отым лаулай тұра, сабырым жұқара түссе де, мен бұл жылдың да сабағын көңілдегідей оқып кеттім. Қласта отырудан, сабақтарды пысықтаудан, ұйқы мен тамақтан басқа уақыттардың бәрін, мен орыс әдебиетінің кітаптарын

оқумен өткіздім. Сонда, маған шығармалары ерекше ұнайтын адам — Михаил Юрьевич Лермонтов, әсіресе оның «Біздің заманның геройы» деп аталатын ұзақ әңгімесі. Бұл әңгімеге менің қызыққандығым сондай, әлденеше оқып, басынан аяғына дейін түгелімен жаттап алдым. Өйтетін себебім — Печориннің мінез-құлықтарындағы кейбір жағдайлар, менің алдағы өмірімнің үлгісі сияқтанып кетеді. Сондай бет алған жағынан қайтпайтын адам болуды арман ете бастаймын... Бәтес кейде менің көзіме Бэла сияқтанып кетеді... сондай ұқсастықтар тапқан Бәтеспен екеуміздің ілгергі күндегі тағдырымыз қандай боларына көзім жетпейді...

1925 жылдың көктемі де басталды. Осы кезде Қазақ автономиялы республикасына, бұрын «Түркстан» аталған республикадан, халқының көпшілігі қазақ саналатын Жетісу мен Сырдария қосылатын болды. Бұған дейін Қазақстанның астанасы боп келген Орынбордан республика орталығы Ақмешітке көшетін болды.

Үлгілі тәжрибе мектебін биыл бітіретін маған, біреулердің беретін ақылы, «Орынбордағы рабфактың үшінші курсына түс те, бір жылда бітір де, ар жағында ұнатқан қаладағы жоғарғы мектептің біріне кет». Бұл қонымды ақыл сияқтанғанмен, көшкен республиканың жұртында қалғым келмейді. Қайда баруды нағашыма ақылдассам:

— Өзіңнің қайда барғың келеді? — деп сұрады.

— Қайдам,— дедім мен.— Республика астанасы болатын Ақмешітке барса қайтер еді?

— Ол қалада бірнеше техникум бары рас,— деді нағашым, аз уақыт ойланып ап.— Бірақ алтыншы класты бітірген баланың және сен сияқты орыс тілін жақсы білген баланың оларға түсудің қажеті жоқ. Техникумды бітіру, біразға дейін қолды да, уақытты да байлайды. Қазақтың осындағы педагогикалық институты биыл Ақмешітке көшпек. Бірақ сабағының бәрі қазақша жүретіндіктен, қазақ тіліндегі оқулықтың әлі жеткіліксіздігінен, бұл институттан қажетті білімді ала алмайсың ғой деймін.

— Ал, сонда қайда баруға болады?

— Менімше, Тәшкенге. Онда «Инпрос» аталатын педагогикалық институт бар. Мұғалімдерінің бәрі де сайдың тасындай, Москваның, Қазанның, Саратовтың университеттері... дегендей, ірі оқуларды бітіріп, әр-

түрлі мамандық алғандар... Олардың лекциялары талай қалың кітаптарға татиды...

— Ондай институтқа мені ала ма?

— Себепкер біреу болмаса әрине алмайды,— деді нағашым маған қарап қойып.— Сондай біреуді табамыз да.

— Кім, мәселен?

— 1921 жылдың аштығында, Семей жақтан жәрдемге келген көп малды біздің Торғайға әкеп тапсыратын Мауытбаев Жұнысбекті білесің бе?

— Білем!

— Тәшкендегі институттың бастығы сол. Алаштың ең қадірлі азаматының бірі. Соған записка берсем, алынасың да қоясың.

Ұзын сөздің қысқасы, «Үлгілі тәжрибе мектебін» барлық сабақтан да «жақсы» бітіріп, зачеттық книжкемді, нағашымның запискасын қалтама салдым да, ауылға қайттым.

Біз екі кісі бірге аттандық: биыл КИНО-ны бітірген Мүсәпір Пұсырманов және мен.

Біздің ауылға екі жол апаруға тиісті: бірі — Кинель, Челяба арқылы Қостанайға поезбен жетіп, одан әрі, «Әулиекөл» арқылы атпен кету; енді бірі — баяғы нағашыммен оқуға келетін «Жазының жолы». Бастапқы жолмен барсақ біз ауылға тез жетеміз және оның бейнеті де азырақ. Сонысын біле тұра, мен соңғы жолмен кетуді ұйғардым, ондағы ойым, Бәтеске өз ауылымнан емес, Орынбордан әдейі арнап бару. Мүсәпірді ерте аттанатын себебім, біріншіден, Орынборда екеуміз туыс боп (менімен ол «бөле» ғой) жүрдік, екіншіден, оның қолында жолшыбайғы елден тегін ылау мінетін қағазы бар.

Суыт жүрген ол екеуміздің көзімізге, Қызбелдің белесі он шақты күнде әрең шалынды. Біздің араның даласы сағымды келетіні белгілі. «Торғай ойпаты» аталатын өлкені «бір кезде теңіздің түбі болыптымыс» деген сөз бар ғой. Соның растығына, көзім осы жолы тіпті жете түскендей болды. Кең ойпатта толқыған бұйра сағым, қазір шынында да, шетсіз-шексіз теңізге ұқсайды екен. Қызбел соның бетінде қалқып келе жатқан зор кемеге ұқсайды. Ашық күнде алыстан бұлдырап көрінетін кеме сияқты, Қызбел де көзімізге тым жырақтан бұлдырап ұшырай кетті. Әуелі менің көзіме, кеменің діңгегі сияқтанып, Қызбелдің «Қыземшек» аталатын екі шоқысы шалынды. Шоқыға біз ұм-

тыла жүрген сайын, бойы үлкейе берді де, өзі алыстай берді. Біраздан кейін ол, болдырған тазыны мазақ қылған тың түлкі сияқтанып, құйрығын шалдырмай сілемізді қатырды. Бұл созбақтау, құлағын қатайта түскен домбыраның шегіндей, менің шыдамымды сіресті керіп, үзіліп кетерліктей дәрежеге жеткізді...

Бірақ бұл сырымды мен Мүсәпірге айтпаймын, себебі Бәтес туралы ойымды оған Орынборда білдірем деп, оның нағашыма айтып қойғаны бар. Содан бері мен оған түпкі сырымды шешпегенмен:

Адамның сыртқа шықпас іші бар ма?
Оны жасырар адамның күші бар ма? —

деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, осы жолмен неге келе жатқанымды Мүсәпір аңғаратын сияқты, бірақ бұл жайда өкпелегенімді естігеннен кейін, бірдеме деуге бата алмайтын сияқты.

— Мына құрғырың жеткізбеуші ме еді?! — деп, жүрген сайын жақындай түскенмен, денесіне дарытпай, шыдамымды үзуге жақындаған Қызбелді сөкпесем:

— Нені айтасың? — деді Мүсәпір еленбей ғап.

— Сонау Қызбелді айтам да!.. Төбесі көрінгелі қашан!.. Үш-төрт күннен бері жеткізбей әуре қылды ғой өзі!..

— Неге асығасың? — деді Мүсәпір маған тағы да жымия қарап.

Көмекейінде тұрған сөзді сезе қойдым, ол жайда кеңескім келмеді. Мүсәпірдің бет қимылын билеп алудың оңай екенін жоғарырақта естеріңізге салғамын. Бұл жолы да соны істеп, Мүсәпірдің жымиған кескініне түйіле қарай қойып едім, ол беттегі күлкісін жинап ап, менің бұл тақырыпта кеңескім келмейтінін сезгендей үн-түнсіз отыра қалды...

Осылай іштей арбасумен келе жатып, Бұзауқақта отырған Бәтестің аулына жақындағанымызды аңғармай да қаппыз. Таныс жер, таныс ауыл, таныс үйлер!..

«Мұңлық — Зарлық» аталатын қиссада, Шаншар атты ханның баласы болмайды да, қыздай алпысыншы тоқал алып, сол бала көтереді. Баланың туар шағында, бұрын үйінен жас нәрестенің даусын естімеген Шаншар, кенет естісем жүрегім жарылып кетер деп, қырық уәзірін алып аңға кетеді де, ордасынан шүйінші әкелетін хабар күтеді...

Осы қиссаны оқығанда, Шаншардың орнына ме-

нің жүрегім жарылып кете жаздап, хабар алғанша, Шаншардан бұрын мен асыққан едім... Бәтеске жетуге асығуыммен салыстырғанда, ол асығуым асығу емес екен. Енді байқасам, тарсылдай соққан сағынышты жүрегім, қит етсе жарылып кетерліктей!..

Сонша асыққан көңілмен атты төпелей айдап Бәтестің аулына таянсам, әлденеге жым-жырт!.. Үйінің қасына келсем, Қиқымның өзіме таныс қабаған қара қаншығынан басқа жан мақлұқ қарсы алмайды... Әуелі шәуілдей үріп шыққан қаншық, арбаның қасына шауып келді де, қауып тастарлықтай ұмтыла беріп, мені көрген соң, құйрығын бұлғаңдата еркелеп қоя берді... Бұл, үйде мені осыдан басқа қарсы алар жан болмағаны ма?!..

Атымыз Қиқым мен Мәмбет үйінің арасына кеп тоқтағанда да ешкім көріне қоймаған соң, арбадан түсер-түспесімді білмей отыр ем, (маған қарайлады ғой деймін, серіктерім де орындарынан қозғалған жоқ), Қиқымның үйінен басына жеңіл орамал байлаған көйлекшең Қалиса шыға келді.

— Апырау, аманбысыңдар! — дедім мен арбадан қарғып түсіп.

— Аманбыз! — деді Қалиса, менің үрейлене берген сұрағыма таңданған кескінмен.

— Жандары қайда, бұл үйлердің?!..

— Бәрі де аман, бәрі де орнында! — деді Қалиса жымиып.

— Олар қайда, сонда?!..

— Әуелі амандық-саулыққа келейікші,— деді Қалиса маған қолын ұсынып. Мен де қолымды ұсындым,— сау-саламат қайттың ба?

— Шүкіршілік! — дедім мен.

— Бұрынғыдай бассалып сүйейін десем, көрмеген екі жылда соқтауылдай жігіт боп кетіпсің ғой. Сонда да төсіме басып амандасайыншы!

Ауылдан кеткелі бойымның қанша өскенін Қалисамен құшақтасқанда ғана аңғардым: ол бұрын менен әлдеқайда ұзын сияқты еді, енді әлдеқайда төмен!.. Құшақ жазғаннан кейін, серіктеріме де амандасқаннан кейін:

— Ал, жүр! — деп Қалиса өз үйін нұсқады. Мен «оның қалай?!.. Бәтестің үйіне кірмейміз бе?» дегендей кескін білдіріп ем, өз ұсынысын қайталағандай, Қалиса маған, серіктерімнен жасырып көзін қысты. Бір гәп барын жорамалдаған мен, серіктеріме: — «Қәне

жүріңдер!» деп Қиқымның үйін нұсқап, олар беттей берген шақта, ере бастап ем:

— Қонақтар кіре берсін! — деді Қалиса маған.— Сен аз уақытқа іркіл, кішкене ғана сөз бар еді.

Серіктерім Қиқымның үйіне кіргеннен кейін:

— Еркежан жолаушылап кетті,— деді Қалиса.

— Қайда?

— Жеңешемнің[1] төркініне. Баяғыдан бері ойында жоқ жеңешемнің биыл қалайша төркіндегісі келе қалғанын білмеймін. Өзі де көп мүлікпен ырғап-жырғап кетті. Қайтқанда да ырғап-жырғап әкеледі ғой деймін...

— Онысын қоя тұр, Қалеке,— дедім мен,— Бәтестен басқа кімді ертті қасына?

— Біздің үйдің кісісін. Сейілді. Тағы біреулері бар.

— Бәтес маған іштеңе демеді ме?

— Мына бір тілдей қағазды қалдырып еді,— деп, Қалиса орамалының бұрышындағы түйінді шешті де, жұмарланған қағазды алып берді. Оқысам:

«Бөкен! — деп жазыпты қарындашпен,— расы ма, әлде сенің келетініңді сезіп қашты ма, әжемнің төркіндегісі келе ғап, мені де ала кетті. Бармаймын деудің ретін таба алмадым. Ол кісінің төркіні Троицкі қаласының маңында көрінеді. Түйемен және атпен салт баратын кісіге көп күндік жер деседі. Барған соң да біраз күн жататын түрі бар. Орынбордан шығар алдында жазған хатың келген. Тосамын дегеніммен тоса алмадым, өкпелеме!.. Уақытың болса күт!..

Өкпелемейтін сөз бе, бұл?

Ақботаң

Өкпелегенімді кескінімнен аңғарған Қалиса, шешендігіне сап қанша маймандағанмен, бір сөзі де көкейіме қонған жоқ.

Қалиса маған әуелі — «бұнда біраз боларсың» деп, менен «қазір жүрем» деген кесінді жауап алғаннан кейін «тым болмаса бүгін жатарсың» деп, оған да көнбейтін қалпымды көргеннен кейін, «бір қозы сойдыра қояйын, соны жеп аттан!» деп, оған да ризаласпағаннан кейін, әуелі «Еркежаннан басқамыз саған кісі емес екеміз ғой» деп өкпелеп, бұл сөзден мен оны жеңгеннен кейін, «ендеше «жаз бұл араға бір соқпай кетпейді ғой» деп ойлап, «есіңе алсаң ескі асыңнан сақта»

[1]. «Жеңешесі» — Қарағыз. Б.

дегендей, қысқы соғымнан сыбағаңды сақтап жүр ем, соны жеп кет» деп, бізді асқа еріксіз қаратты. Қалиса мен менің әңгімеме араласпай сарғылт тыңдап қана отырған Мүсәпір, сусындағаннан кейін, ас піскенше ауыл аралап келейін деп кетіп қалды.

Қалисаның қолынан тәтті қымызын ішіп, сусынды қандырып, Бәтестің кетіп қалуынан тұтанған ашуымды аз да болса бәсеңдеткеннен кейін, Мәмбет үйінде кім барын сұрасам, Жәния, Қәкен және бір жалшы жігіт қапты. Мәмбет былтырдан бері менің әкеммен сауда дос боп, біздің ауылда ашылған дүкеннен піркащік есебінде бұйымдар алады екен де, елді қыдырып жүріп сатады екен. Ол қазір сол жұмысымен кеткен екен.

Қалисадан естіген тағы бір жаңалығым, Мәмбет үйі өткен жылы енші алысып екіге бөлініпті: Қарағыз, Бәтес, Сейіл бұрынғы үйлерінде қалыпты да, Мәмбеттің өзі, Жәния, Қәкен үшеуі отау боп оңаша шығыпты.

— Онысы несі?! — десем:

— Жалғыз Қожа-атам үйі емес, олай бөлініп отырған,— дейді Қалиса,— бұл елде екі қатыны бар байлардың бәрі де сөйтті.

— Неге?

— Әрі, қазір екі қатын ұстауға заң жоқ екен ғой? Әрі байларға деген алым-салық көбейіп тұрған жоқ па, қазір? Малды тұтас ұстағаннан екіге бөлсе, салығы жеңілдеу келеді дейді.

— Ә-ә... Сонда, қалай бөлінді бұлар?

— Сотпен. Былтыр осы ауылға көшпелі сот келгенде, Молда-ағам[1] «екі қатын ұстауға заң жоқ. Және үлкен қатыным, сүймей алғаным еді және өзі қартайды, өзі тиышсыз, сүйіп алған кіші әйеліме күн көрсетпейді, сондықтан одан бөлінемін» деп арыз беріпті.

— Сот сеніп пе сол арызына?

— Судья өзінің ескі досының бірі көрінеді. Молда-ағама «арызды осылай бер» деп үйреткен өзі көрінеді. Содан сот ол үйді екіге бөліп, барлық малын қақ жарған да тастаған. Сонымен малдары тұтас тұрған бұрынғы шағында үстеме салыққа ілеккен ол үй, екіге бөлінгеннен кейін ол салықтан құтылған...

— Үйлері бірге ме, басқа ма?

— Байқамадың ба, үлкен үйдің ар жағындағы кішірек қоңыр үйді? — Отау сол.

---

[1]. Мәмбетті Қалиса солай атайтынын білесіздер.

— Әһә!.. Сонымен, шынымен бөлініп кетті ме бұлар?

— Бала екенсің ғой тәйірі! — деді Қалиса кейіп,— үкіметке жасаған құлығы емес пе? Сырты бөлек, іші бірге...

— Түсінікті. «Үлкен үйінде» кім қалды, бар жаны жолаушылап кеткенде?

— Тоқал мен Қәкежан[1]. Отауға өзің білетін жалшы Қайназар қонып жүреді.

— Олар неге көрінбейді сыртта?

— Тоқалдың жұмыстан қалжырап жүретінін білесің. Екі сауынның арасында мызғып алса, бір жыл тыныққандай болмай ма, ол байғұс? Биені сен келердің алдында ғана сауып қайтқан, дем алып жатқан болу керек. Қәкежанның маубас екенін білесің. Шалшы түсте бір ұйықтап алмаса көңілі көншімейді. Жатқан болар, әжесінің төсегінде далиып. Қайназардың қайда екенін білмеймін.

Жәнияның Бәтеске туған шеше екенін білетін мен, оған аздап іш тартатынмын да. Бәтесті менің жақсы көруімді сезетіндей, ол да маған жылушырайтын. Және үнемі жұмыс басты боп үндемей жүргенмен, тілдесе қалсаң ақыл иесі адам екендігі байқалатын. Сондықтан ас піскенше оған амандасып келмек болдым да, тысқа шықтым. Қалиса ас жабдығымен үйінде қалды.

Жәнияны үлкен үйінде болар деп кіріп барсам, жан адам көрінбейді. Оң жақта шымылдық түсірулі тұр. Оның ішінде әлдекімнің сыбдыры мен сыбыры сезіледі. «Біреу бар ма?» дегендей, шымылдықтың аяқ жағынан қарасам, жамылған көрпе астынан әлдекімдердің аяғы көрінеді. Сол арада бейбастақтығым ұстап кетіп, көрпені жұлып алсам астында Қәкен мен Мүсәпір жатыр!.. Олардың орнына өзім ұялып қалғандай болдым да, көрпелерін қайтадан айқара жаба сап:

— Өй, иттер-ай! — деп шығып кеттім.

Есіктен мен шыға бергенде, отаудың есігінен Жәния да шыға берді: киім-кешегі де, кескін-кейпі де баяғы қалпынан өзгермеген.

— Келгеніңді көрдім, Бүркітжан,— деді ол маған қарсы жүріп,— алдыңнан жүгіріп шығатын Ақботаң[2] болмаған соң «не бетіммен көрінейін» деп, жүгіріп шыға қойған жоқпын. Сағындырып көрініп тұрсың,

---

[1] Қәкен ғой. Б.

[2] Менің Бәтесті олай атауымды қайдан білген?! Б.

келші, киімімнен жеркенбесең бауырыма басайын!..

Ол да мені құшақтай алды, мен оны құшақтай алдым. Не деген мейірімді жылы құшақ еді!..

Осы қалпымызда ұзақ тұрып қалар ма ек, қайтер ек, егер Қалисаның шақырған даусы естіле қалмаса!..

Құшағымызды жазсақ, Жәнияның көзінен жасы тамшылап тұр екен. Менің де көзіме жас кеп қалды.

— Амалсыз кетті,— деді Жәния көйлегінің жеңімен жасын сүртіп.— Артына аландап кетті. Сағынғаны керемет!..

Одан әрі кеңесуге Қалиса таянып қалды.

Қалисаның асын ішкеннен кейін, бұл ауылдан салт түрінде алған ылаумен Мүсәпір екеуміз жүріп кеттік. Мінген аттарымызды ілгергі ауылдан алып қайтпақ боп, қасымызға құнан мінген ересектеу бала ерді. Көптен салт мінбеген біз шауып көрсек, Мүсәпірге тиген ат ұшқыр, менің атым шоқалақ. Жарысқанда артта қалуға намыстанғаным ба, әлде салт атты жатырқап қалуым ба, біраз жер тақым жазғаннан кейін, мен атымның басын іркіп аяңға түсірдім. Ұзаңқырай озып кеткен Мүсәпір мені ойқастай шауып тосып алды. Құнанымен соңымыздан далақтап шапқан бала, маған Мүсәпірден бұрын жетті. Ол өзі бір қу шеке зәршөт екен, Мүсәпір келгенше қулық айтып мені біраз күлдірді.

Аяндап қатар жүре бастаған Мүсәпірмен қалжыңдасқым кеп, манағы Қәкенмен екеуінің үстінен түскенімді айтып ем, былайша сабырлы мінезді жігіт сияқтанып жүретің оның жатып тұрып ашуланғаны бар емес пе?.. Бір ашуланып алса, көпіріп болмайтын көкдолы екен ол. Сонысына мен де қития ғап, екеуміз ал кеп ұрсыс!.. Сөйтіп келе жатқанда, Бәтеске тілі тиіп:

— Оны да Қәкеннен кем ғап жүр дейсің бе? — дегені!..

Періштеден таза көріп жүрген Бәтесті бұлай деуі, кеудемді оқтай атып жіберіп, лап ете қалған намыстың екпінімен:

— Не дейсің?! — дедім, арамыз құлаш бойындай алшақтау келе жатқан Мүсәпір жаққа атымның басын икемдей беріп.

— Дегенімді естімедің бе? — деді ол, мені жақындатқысы келмегендей атын тебініп.

— Мәс-саған «естіген»!..— деп атымды тебініп жіберіп Мүсәпірді жылысып үлгергенше, қолдағы жуан қамшымен бастан айқыра тартып кеп жібердім!..

Тағы да тартып жіберуге сермеген қолым, Мүсәпірге жетпей қалды, аты жүйрік ол озыңқырай берді. Сонда да жібергім келмей, атының қолым іліккен құйысқанынан шап бере алып, құйымшақ тұсына қонып қалдым. Тарпаңдау ат үркіп мөңкімегенде, әрі қарай да жылжып үлгірер ме едім, қайтер едім, оныма «тәңірім» дес бермей, сырғып түстім де қалдым!.. Жалмажан құлаған қалпымнан оңала беріп, орағыта шауып жақындаған Мүсәпірдің кескініне көзім түссе, самайынан жолақтана аққан қаны иегінен шұбырған екен. Айбат шегіп анадайдан тоқтаған ол:

— Ішің күйсе, тұз жала!— деді маған, бетінің қанын алақанымен сүртіп, анадайдан айғай сап,— оған да менің қолым сенен бұрын жеткен!..

Ол атының басын кілт бұрды да, құдита шауып тартып отырды.

— Қап, әттегене-ай! — деп өкіндім мен,— аттың нашары-ай!.. Әйтпегенде, екеуміздің біріміз ғана тірі болатын ек!..

Амалым құрып тұрған маған, серік бала атымды ұстап әкеп берді. Оған дейін Мүсәпір алыстап кетті...

6. СҮЙГЕН — СҰЛУ

Ауылға келсем екі жылдың ішінде, бұрынғыдан әлдеқайда тәуірленіп қапты. 1923 жылы «бірыңғай шаруа салығы» деген заң шыққанын, ол заң бойынша кедейлер салықтан түгел босап, «үстеме салық» деген атпен, байлардың үкіметке берері көбейгенін білетінмін. Онда жаңа ғана басталып жатқан бұл шараның ауылдағы нәтижесі енді ғана айқын көрініпті. Әрі салықтан босаған, әрі «қарыз серіктігі» деген атпен ашылған ұйымнан қарыздай ақша алып, оны ауылшаруашылық машиналарына төлеген кедейлер, мен көрмеген екі жылдың ішінде тұрмыс жағынан бірталай күшейіп апты.

Кедейлердің және бір жетістігі — былтырдан бері елде «Қосшылар одағы» деген ұйым құрылып, байлар кедейлерді, тек осы ұйым арқылы шартпен жалдайтын бопты. Одақтың біздің болыстағы председателі, бізге белгілі — Сақтаған Сағымбаев. Өткен қыс Торғайда алты айлық батрактар курсын өткен ол, бұрынғы шала сауаттылығынан арылып, қазір қағаз жазғанда қолы сумаңдап кетеді дседі. Заң-закүнді де жатқа

соғады дейді. Ол жалшылар мен байларға шарт жасаттырумен ғана қанағаттанбай, әлдене заңға сүйеніп, жалшылардың байларға соңғы он бес жыл ішінде сіңген еңбегінің төленбеген ақысын алып береді екен. Менің өз үйімнен ғана, баяғыда тұрып кеткен бір жалшылар, «Қосшылар одағы» арқылы он бес қой, екі өгіз, бір түйе, бір ат алған...

Осындай қыспаққа түсе тұра байларың да қарап жатпапты. Мен Орынборға кетерден бір жыл бұрын, біздің Торғай уезі Қостанай губерниясына бағынған. Байлар Қостанайға сабасын арта, тоқтысын баса барып, заң орнында қызмет атқаратын біреулермен астыртын танысады екен де, сыйға құныктырып, дегенін істетіп қайтады екен. Мәселен, малдарын салықтан жасырғандығы үшін, үстеме салығын кезінде төлемегендігі үшін, заң бойынша мал-мүлкі кәмпескеленіп, өзі әлденеше жылға сотталатын Сасықты, әлдекімдер ретін тауып бұл апаттан құтқарған...

Менің әкем де қосшылар одағынан қулығын асырған сияқты. Көшпелі ауылда салық малға түсетін болғандықтан, ол ең әуелі, малдарының санын азайтып, сапасын көтеруге айналыпты. Мәселен, ол бұрынғы екі-үш айғырдың үйіріне жетіп қалған қазақы жылқыларын бір-ақ айғырдың үйіріне түсірген де, өткен жылы әлдеқайдан арғымақ айғыр әкеп, биылғы он шақты құлынның бәрі содан туған. Бұл айғырды әкем қазақы бес айғырдың құнын төлеп әкелген екен, онда да губерниялық жер бөлімі арқылы үкіметтің жылқы заводынан алған. Қолдан алса ақша жетер мал емес. Және өзі де арғымағым-ақ: шоқтығына биік кісінің қолы әрең жетеді; тазы ит сияқты денесінде бір де арам ет жоқ — сып-сидам, даладай омырауынан адам жүгіріп өтерлік, күдірейген сандары күпшектей, келтелеу жұқа құйрығы қынаптан суырған қылышқа ұқсайды, жаясының жалпақтығына құлаш әрең жететін сауырына адам төсек сап ұйықтарлықтай жалы сүйықтау біткен, мойны қаздай иіледі, жыланға тартқан жіңішке басы мен мойның жалғастырған сағағы алманың сабағындай үзілгелі тұр, сүп-сүйір құлақтары төбесінде біздей шаншылады, үлкендігі қарғаның жұмыртқасындай қара көздері томпайып сыртына тебеді, делдиген кең танауына үлкен кісінің жұдырығы жүгіріп кеткендей, алдыңғы аяқтарының тіктігі қаққан қазықтай, артқы аяғының тірсектері жолбарыстың тірсегіне ұқсап маймиып жатыр... Бұл жануардың құлындары да

өздеріне тартып, туғанына төрт-бес-ақ ай болған олар, қазақы жылқының тайындай...

Сиырды да әкем асылдандыруға айналып, әлдекайдан биыл «герефорд» аталатын, үлкендігі атан түйедей қоңыр қасқа бұқа әкепті. Онысы сұмдық сүзеген екен. Егер бос жіберсе, көрінген мал мен адамға ұмтылып жарып тастайтын болған соң, мұрнына тақкан бұйдадан танауын жырып босана берген соң, басына қалың қайыстан қабаттап тіккен ноқта жасатып, бауын жуан шынжырдан тағып, арқандап ұстайды екен, маңына Текебайдан басқа жан жолай алмайды екен. Біздің үйдің барлық сиыры да биыл осы бұқадан ғана шыққан. (Әкемнің бір қызығы, «ырысым кетеді» деп, арғымақ айғырынан да, асыл тұқымды бұқасынан да басқа адамның малына тұқым бергізбейді екен). Бұл бұқадан өрбіген сиырлардың еті қазақы сиырдан екі-үш есе ауыр болады, сүті де соншама мол болады деседі.

Торғай елінің малын асылдандырғысы келген кейбір байы биязы жүн қошқар әкелгенде, әкем «біздің араға ондай қой төзбейді, терісіне қаудың инесі қадалып, қотыр боп өледі» деп алмаған. Сол сөзі расқа шығып, биязы жүнді қошқарлар өліп жатыр деседі...

Мал шаруасын осы бағытпен өсіруге айналған әкем, «салығы көп болады» деп егін салмайды екен. Оның тағы бір тапқан қолайлы ісі — Қостанайдағы «Сельпромсоюз»[1] аталатын мекеменің бастығымен танысып апты да, елде сол союздың «многолавка»[2] аталатын бөлімшесін ашып, өзі оған бастық бопты. Мәмбет пен әкемнің арасындағы сауда-достық осыған байланысты екен. Мәмбет многолавканың бір ірі бөлімін басқарады екен. Әкеме сауданың пайдасы аз уақытта ғана көрініп, көп жылдың бойына сергелдең жолдың бойымен қаңғырып киім-кешектен, төсек-орыннан, ыдыс-аяқтан жүдеген біздің үй, сыртына әппақ сүттей кигіз жамылумен қатар, қазір жасау-жиһаз жағынан да, киіну жағынан да қазақтың ең салтанатты байына таласарлық.

«Біздің үй» дегенім қазір екі үй екен: өзіміздің бұрынғы үй және Текебайдың отауы. Әкем оған өткен жылдың жазында бір байдың қызын отаулап әперген

---

[1]. Қолөнер кәсібінің ауылдық одағы.
[2]. Барлық бұйыммен де сауда жасайтын дүкен.

екен. Жеңгеміздің аты — Бықия. «Қызы едің сен бір байдың өтпей жүрген» дегендей, үйінде жасаңқырап отырған: тапалтақтау, семізше денелі, толған айдай дөңгелек жүзді, сарғылттау шашты, ақ сарғылт қасты, үлкенірек шағыр көзді бұл ақсары әйел, түскеніне жылдан әрең асқанда, өзіне тартқан бір қызды тауып, енді біреуін, қазір іші білінерлік дәрежеде көтеріп үлгеріпті. Жап-жас келіншек бола тұра, иіс-алмас салақтың өзі екен. Мына қалпымен бұл баланы үсті-үстіне лөкілдетіп таба беретін, біраздан кейін балабасты боп, етегін жинай алмайтын «салдыбалақ сары қатынның» өзі болуында сөз жоқ!.. Со қалпымен сөзуарлығына, боғауызшылдығына не берерсің, қасына жолауға, жоласаң қалжыңдасуға болмайды, қылығына қарай қылық көрсетейін десең, сенен әлдеқайда асып түседі!.. Құдайым маған мұндай қатынды тап қыла көрмесін!..

Текебай қызық: бұдан екі жыл бұрын ғана талдырмаш бойлы жас жігіт, қазір сүтті саулықтың қозысындай бұлтиып, жұп-жұмыр, топ-томпақ боп, кіндігінің түбі көтеріліп семіре қалыпты. Біздің Торғай елінде, революциядан бұрын, ілуде біреу болмаса, сақал-мұртына ұстара тигізбейді екен, сондықтан кейбір түкті жастар жиырмаға кірген соң-ақ қап-қара сақалмұрты бар байсалды еркек боп көрінген. Біздің қалмаққа қараған тұқым түк жағына онша бай болмаған, аталарымыздың да сақалы аз және сұйық екен, әкемнің сақалы да сондай. Текебайдың мен оқуға кететін кезде қара түбіттеніп тебіндей бастаған сирек сақалмұрты қазір бірталай ұзарып қапты, бірақ ол, ешбір қылына пышақ тигізбей, өскенінше еркін жіберіп, түсі жасамыс жігітке ұқсап кетіпті. Ол әлі де үй шаруасын бағады екен де, сауданы әкесі ғана жүргізеді екен.

Ағам мен жеңгемді сипаттаймын деп, үйлерімнің жасау-жиһазын сипаттауды ұмытып барады екем: біздің екі үйдің де жастық-көрпесі бұрынғыдан әлдеқайда көбейген, жастықтар мен құстөсектердің көбі барқытпен тысталып, оның сыртына ақ наволочка[1] кигізілген, босағаларға ақ масаханалар[2] құрылған, сәнді ыдыс-аяқтар да молайған. Бірақ бұлар күтім жағынан екі үйде

[1] Жастықты тыстайтын бұл нәрсенің қазақша аты жоқ қой.

[2] Біздің үйде әкем Жәутіктің төсегін үнемі оң жаққа жинап, үстіне жан шығармайтын, екінші ері Жаманды да оған жолатпаған, оны да, әкем мен шешемді де сол жақ босағаға жатқызған. Сол тәртіп әлі де сақтаулы. Б.

екі басқа: үлкен үйдікі тап-тинақтай жиналып кіршіксіз таза ұсталады екен, отаудікі — кір-қоң...

Біздің үйде жасалып жатқан байлықтың негізі жұртты жеу екен: дүкеннен жұрт керек-жарағын борышқа алады екен де, кезінде төлей алмағандар «пение» деген пәлені төлейді екен, онысы, күні асқан борыштың ай сайын үстемелене, өсе беруі. Қазақша атын «секіртпе» қойып алған осы үстеумен, әкемнің бір темір күрекке бір қой алған, бір тақта кірпіш шайға бір ту сиыр алған күні бопты. Осыншама мол «секіртпені» қазынаға түсірген боп, әкемнің өзі де арасынан мол асап қалады екен, тез баюы содан екен.

— Мұның қалай?!— десем:

— Байлар да төлеп жатқан жоқ па, балам, үстеме салықты? Оның мөлшері бұдан әлдеқайда көп. Қазір кедей салық төлемейді. «Секіртпе» төлесе, алған нәрсесі үшін. Төлегісі келмесе алмасын!..

— Қалай алмайды, әке?.. Бұдан басқа жерде алатын бұйым бар ма?

— Оған мен жауапты емеспін, өкімет жауапты...

— Бұ да жауапсыз кетпес, әке!..

— Оны кезінде көрерміз. Әзірге «әліптің артын баға тұрармыз».

Бай үйімнің мол дәулетін «ұрттап ішіп, шайқап төгіп» дегендей, мен айдан артық уақыт жаттым. Бәтес жағына құлақ түрсем, келетін сыбысы естілмейді. Күте беруге уақыт қысып барады: аз күнде Тәшкенге жетіп, оқуға орналасудың қамын жасауым керек. Сонда не істеу керек? Бәтестің соңынан қуып баруға ма? Онда не бітірем? Үкімет күшімен босатып алуға Бәтес әлі заң жасына жеткен жоқ, әрі алып кетуге көнсе дұрыс, көнбесе ше?..

Осы жәйімді біздің елге Болыстық Атқару Комитетінің председателі болып жуырда келген Еркін Ержановқа жолығып ақылдасып ем:

— Оқуыңнан қалма, шырағым,— деді ол.— Аттана бер. Кемелді жасына келгенше қызды ешкімнің киіп кетпеуіне мен кепіл болайын. Одан арғысын өздерің біле берерсіңдер.

Осы сөзге сендім де аттанып кеттім. Жолшыбай Ақмешітке соқсам, ана жылғы көргенімнен бірталай өзгерісі боп қапты. Ең алдымен, жуық арада ғана бұнда Қазақстанның бесінші совет съезі өтіп, сонда қаланың атын Қызылорда деп өзгертіпті. Содан кейін Қазақстанның астанасы болатын бұл қалаға, мен барған кезде

республикалық мекемелер көшіп кеп орналаса бастаптьі. Нағашым Жақыпбек Дәуітов те көшіп үлгерген екен. Мен барған кезде Қызылордада «Ауыл тілі» атты газет шыға бастаптьі: редакторы — Қазақстан Орталық Аткаруу Комитетінің бесінші съезде сайланған президиум председателі — Елтай Ерназаров, нағашым соның әдебиеттік жәрдемшісі боп орналасыпты. Нағашыма:

— Елтай журналист пе екен?— десем:

— Болмаса болады да!—деп күлгеннен басқа жауап бермейді.

Мүсәпір Қызылордаға менен бұрын жетіп, «Ауыл тілі» газетіне қызметкер боп орналасыпты. Мені ол нағашыма шағыстыра барған екен. Нағашымның бұл жөнде ұрсып айтқан сөздерін түгел тыңдадым да, бұл керістің қайдан шыққан себебін баяндап бердім. Нағашым оған сенгендей боп, екеумізді татуластырғысы келетін пікірін білдіріп еді:

— Оған қолқа салмаңыз, нағашы!— дедім мен.— Қазір екеумізді кездестіре көрмеңіз. Одан жаман нәрсе шығып кетуі мүмкін. Әзірге ешқайсымыздың бір-бірімізге құлата қоярлық тауымыз жоқ. Біраз уақыт осылай көріспей жүре тұрайық. Сөйтіп жүргенде ашу басылып, қайта табысуымыз ғажап емес.

— Оқасы жоқ,— деді нағашым демін ауыр алып.— Оны да оқуға тартқан мен едім, сені де мен тарттым оқуға. Құдай маған жалғыз ғана бала берді де, оны да «жат жұрттық» қып жаратты. Екі жиенім — сендерді оқытқанда, бірің қанат, бірің құйрық болар ма деген үмітте едім. Әлі де күдер үзбеймін ол үміттен. Жастықта осындай шекісулер бола береді. Мүсәпірдің көнуі оңай. Сенің жас та болсаң тыйың қатты баласың. Ойлан, шырағым. «Малда бота тату, адамда бөле тату» деген, араларында бөлінген еш нәрсе жоқ. Өзара табысыңдар да, бұрынғыдай тату-тәтті боп кете барыңдар!..

— Менімше, татулықтың тетігі енді бір ғана нәрседе: егер Мүсәпірдің Бәтеске жақынмын деуі өтірік болды бар ғой, онда Мүсәпірмен келісімге келуіміз мүмкін, ал егер олай болмады ғой. Мүсәпір екеуміздің бірімізге ажал жақын!..

Саяси мәселеден нағашымның маған айтқаны: «бұрынғы Қазақстанды «солшылдар», яғни байларға қырын қараушылар басқарып келген еді, енді өкімет билігіне оңшыл» аталатындар отырды. Бұлар да коммунистер. Бірақ бұлардың тұтынғысы келетін жолы — татулық жолымен байларды социализмге апару».

— Онысы бола қояр ма екен?— десем:

— Тұрмыс көрсетеді де,— дейді нағашым,— әзірге бұл бет, «ұлтшыл» аталатын мына бізге теріс боп тұрған жоқ. Өйтпегенде, мен бұл қызметке орналаспас та едім...

Нағашымның және бір жаңалығы: жуырда ол Мауытбаев Жұныспекке жолығыпты да, менің жайымды сөйлесіпті.

— Келсін,— депті Мауытбаев,— сөз жоқ аламыз.

Мауытбаев уәдесінен шықты: Тәшкенге барып көрінген соң-ақ, ол экзамен ұстатудың орнына, өз қолынан жасаған экзамен тарағының бетіне, мұғалімдеріне, тек қол қойғызып қана алды. Сөйтіп, мен енді «Казинпростың студенті» болдым да кеттім.

Бұл кезде Тәшкен өзбек республикасына қарайды екен, мекемелердегі қызмет, мектептердегі оқу өзбек тілінде жүреді екен, сондықтан ба, әлде, көрген түрткілері бар ма, ана жылғы «қазақ ұлтшылдары» деген топ бұл қаладан қазір ыдырап, біразы Москва, Ленинград сияқты жерлерден «жылы орын» тапқан, енді біразы Қазақстанның әр облысына бытырап кеткен... «Ұлтшылдардың бірі» саналатын Мауытбаевтың өзі, қазір Октябрь революциясының тақырыбына шығармалар жазған боп жүр екен.

Инпросқа мен әуелі қорқыңқырап түстім, өйткені менен бұрын я менімен қатар кеп түскен студенттердің көпшілігі сақа жігіттер. Олардың арасында, орысша айтқанда, мен «мальчуган»[1] сияқтымын. Ал, оқи келе байқасам, «сақа» дегендерімнің бірталайының білімі менен өлдеқайда төмен. Орысшаға мен көбінен артық сияқтымын.

Оқу осылай жүріп жатты. Елден ұзап шыға, Бәтесті тағы да сағына, аңсай бастадым. Бұл кезде маған керегі өзге емес, өлең ғана болды.

Жаралғанның жалпақ дүниесінде ақыннан бақытты адам бар ма екен? Жансызға жан бітіріп, жандымен тілдестіре білетін адамды адам емес-ау, ақынды адамның бұлбұлы десең болмас па!

Өй, шіркін-ай, десеңші! Қаламды қолға ұстай алғанда жорғалай жөнелсейші!.. Сөз артынан сөз, таудан құлаған бұлақтай сауылдап құйылсайшы!.. Жазып отырған сөзіңдегі сөйлемдердің аяғы ойда жоқ жерден үйлесіп, келісе кетсейші!.. Сүйтіп, әрбір ойлаған ойың ауызды тамсандыратын тәтті, көзді тартатын сұлу, құлақты

---

[1]. Балакай. Б.

құрыштандыратын күйлі, жүректі ерітетін жылы, ақылынды тербететін бесік боп — поэма боп түрегелсейші!

«Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді» дейді қазақ. Ақындар тойып секіреді. Олардың жазғандарында өз қара басына байланысты сөз көп бола бермейтін сияқты. Менің де ақын болғым келеді. Бірақ, мен егер ақын бола қалсам, өз басымдағы халден басқа іштеңе жазбас ем. Ол талапқа кіргеніме екі-үш жыл болды. Содан бері қалын екі-үш дәптерді толтырып тастаппын. Олар өзіме ұнағанмен, поэзияны білетіндерге оқысам, кейбіреуі «жаман емес» дей салады да, енді біреулері күледі. Қайсысына панарымды білмей басым қатады.

Менің бар тақырыбым — Бәтес. Өзімді өзім сынап көрсем, оған ғашықтығым ертегіге айналған ғашықтардың ешқайсысынан кем емес. Күйіктен отқа, не суға түсіп кететін заман менің басыма әзір туған жоқ. Егер ондай күн туса, оттан да, судан да қашатын түрім жоқ. Мені өлеңге құмарландыратын да осы сезім.

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара жырласын! —

деп Сәкен айтқандай, ішім өзіме күйдің сандығы сияқтанады да, оны сөйлетудің кілтін таба алмай жүрген сияқтанам. Осындай кілтті таба білген ақындардан айналсам болмас па!..

Өз өлеңіме өзім риза болмай, бірақ онымен, жазбай да қоймай, талай дәптерді толтырған шағымда, қысқы каникул да таянып қалды. Тоспай, хабарласпай кетуіме Бәтес те өкпелі ме, немене, күн сайын хат күткеніммен, хабар-ошар жоқ. Оған мен де ерегісейін десем, көрмеуге жұқарған шыдамым жыртылуға жақындап болды. Шыдамыммен бірге жаным да жыртылатын болған соң, каникулды сылтауратып, елге барып қайтуға бекіндім. Осы ойымды Мауытбаевқа айтып ем, әуелі:

— Қыс ішінде ме?!— деп шошып кетті.

— Неге шошыдыңыз?

— Қарағым-ау, не деп отырсың?!.. Осы арадан?!.. Торғайға, одан Сарықопаға?!.

— Ия!

— Мен білетін жерлер ғой, шырағым-ау, ол! Жаз болса бір сірә. Қысты күні сонша жерге жету оңай деп отырмысың? Және қысы қандай ол араның? Бораны бір түтеп кетсе, жұмалап түгіл, айлап басылмайтыны бар!.. Аязы ше?.. «Тіфу» десең түкірік жерге түспейді... Сондай

сұрапылға кездесіп, не үйіңе жете алмай, не жетсең де шыға алмай, оқуыңнан қалып қойсаң қайтесің?

— Жоқ, қалмаймын.

— Киімді, атты қайдан алдырасың сонда?

— Қостанайға!.. Шалқар жағынан гөрі, қысты күні ол жақ жетуге жеңілірек...

— Рас. Бірақ оның да бес жүз шақырымдай жер екенін білесің ғой?

— Әрине.

— Осыны әлі де ойласаң қайтеді, шырағым! Біраздан кейін, ұзақ жүруің де, оқудан қалуың да ештеңе етпес. Атың, киімің келіспей... дегендей немесе адасып жазым боп жүрерсің.

— Ағай, бұның бәрі ойланған нәрсем. Сонда да баруға бекіндім!..

Енді айтар сөзі таусылғандай, Жұнысбек менің бетіме сұлу, томпақ, кішірек қара көзін қадай аз уақыт сүзіле қарап отырды да:

— Бір сұрау берсем, көңліңе алмас па екенсің, бала?— деді.

— Айтыңыз!

— Бұндай жолға тек ғашықтық қана жетектеуге тиісті, сондай бірдемең жоқ па?..

— Оны қайдан жобаладыңыз?

— Қазіргі кескініңнің құбылысынан.

— Сіз, аға,— дедім мен, ұялшақтаңқыраған кескінмен, төмен қарап сөйлеп,— психологияны зерттеумен шұғылданып жүрген кісісіз ғой. «Жан жүйесі мен өнер таңдау» деген кітабыңызды оқыдым да. Сезімнің жәйін түсінуде сізді қателеседі деп ойламаймын.

— Түсінікті!— деді Жұнысбек орнынан түрегеп.— Үйіңе телеграмыңды соға бер. Жол қағазыңды ертең реттейін. Асығам деп жазым таппа. Биыл үлгірмесең, келесі жылы келерсің. Оқуыңа әлі уақыт бар.

— Рахмет, ағай!..

Поезбен Қостанайға келсем, әкем түсіп жүретін пәтерде Текебай мен Қайрақбай күтіп отыр екен. Шанаға жеккендері біздің үйдің қара-көк арғымақ айғыры. Текебай маған әкемнің қасқыр тұлыбын, қызылшұбар жаңа пимасын, түлкі тымағын ала кепті. Бұндай киіммен қар астында қырық күн жатсаң да тоңбассың!..

— Ат неге жалғыз?— десем:

— Қайтесің оның санын?— дейді Текебай.— Қолқасы аман болса он атыңа татиды. Жол жақсы. Аманшы-

лық болса, боран-шашын болмаса, үиге бес-алты күнде жетіп те қалармыз.

Ертеңіне ертемен тарта жөнелдік. Көптен боран көрмеген, жүкшілер көп жүрген жол төсеген тақтайдай екен. Арғымақтың қызығын сонда көрдім: денесінен буы бұрқырап, тежей ұстаған божыны анда-санда сүзе тартып қойып, ербеңдеген аяқтарын даңғыл жолға кең тастап, тұяқтарымен шанаға қар шаша, дедектеп ұшады да отырады. Жолшыбай алдымызда көрінген әлдекімдерді басып озып, ілезде қарасын үзіп кетеді!.. Пай, жануардың желісін-ай!.. Желген сайын жүрісінен танудың орнына үдете түсуін-ай!.. Сілте, жануар!.. Шіркін, жылқы екенсің-ау!..

Ат қанша жүрісті болғанмен, алшақ ауылдардың арасындағы керік дала және ашық күнде көзді ұялтатын әппақ дала адамды жалықтырып жібереді екен. Бізге, әрине, әңгіме керек. Қайрақбайдың аузынан, бұндайда боғауыздан басқа әңгіме шықпайды. Текебайдың білері, мал шаруасы ғана. Ондай әңгімелерді адам қашанғы тыңдай алады. Дегенмен, Текебайдан Қайрақбай әңгімесі қызығырақ.

Өзіне машық тақырыпта талай қызықтарды айтып шек-сілемізді қатырып отырған Қайрақбай, бір сәтте Шәйі дейтін бір қыздың сымбаты мен сұлулығын мақтай жөнелді. Қайрақбай ондай әңгіменің қанын ағызып, балын тамызады. Шәйі оның сипаттауында дене біткеннің сымбаттысы да, бет біткеннің көріктісі. Қыздың сипатына біраз елтітіп алғаннан кейін:

— Үйі жолда,— деді Қайрақбай.— Аманшылық болса, бүгін жетіп қонамыз.

— Ие, сонда?— дедім мен Қайрақбай әңгімесінің төркініне түсіне ғап.

— Не «сондасы» бар?— деді Қайрақбай, кескінін ойнақшыта құбылтып,— сен сияқты сұлу жігіт сұлу қыздың үйіне барып қонса, оның ар жағында түсінбейтін не бар?

— Сен, енді айтқан соң бәрін де айт!— деді Текебай Қайрақбайға.

— Айтса несі бар?— деді Қайрақбай, көңлінде тұрған әңгімесін бастай жөнелуге менен қипақтаған кескінмен.

— «Ауызға келген түкірік, қайта жұтса мәкүрік» демей ме қазақ? Айт, бөгелме!— дедім мен Қайрақбайға. Көмекейінен әлдене сөз еріксіз шығардай, ол әуелі жұтынып, содан кейін тамағын қатты кенеп алды да:

— Жүйрік ат, сұлу қатын ер қайрағы» деген өлеңді білемісің, бала?— деді.

— Білем!— дедім мен.

— Сұлу алғысы келмейтін жігітті көрдің бе, сен?

— Көрдім.

— Қайдан?!— деді Қайрақбай таңданған дауыспен.

— Алдында отыр!

Қайрақбай Текебайға бір, маған бір қарап алды да:

— Қайсының екеуіңнің?— деді.

— Мен!— дедім мен.

— Неге «сен» боласың?

— Мен де, әрине, сұлу алуға қарсы емеспін. Бірақ сұлудың да сұлуы бар емес пе?

— Мәселен, қандай?

— Ең алдымен, қазақ тағы бір өлеңінде «сұлуға сұқтанбандар сүймеген соң» демей ме?

— Дейді...

— Қазақта «сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» деген мақал бар ғой?

— Бар...

— Ендеше, әркімнің сүйгені сұлу емес пе?

— Рас. Сонда, «сүю» дегеннің өзі не?

— Барлық жан-тәніңмен берілу...

— Солай-ақ болсын дейік. Сонда, Мәмбеттің қызынан басқа, жан-тәніңмен берілетін қыз жоқ деп ойлайсың ба?

— Қайда ол?

— Мысалы, мен айтып келе жатқан қыз. Ойды-қырды аралай жүре, орыстың, қазақтың, ноғайдың, өзбектің талай сұлуларын көре жүре, мен мұндай сымбатты сұлу, мұндай ажарлы әйелді кездестірген емен. Сен өзің Абайдың өлеңдеріне құмарсың. Оның «қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген өлеңін жатқа айтып жүресің. Осы қыз — дәл сол!.. Ол өлеңге ұқсаған бұдан басқа қызды өмірімде көрген емен!..

— Рас!— деп қойды Текебай орнынан қозғалып.

— Пәу, мақтауың жетті!— дедім мен.

Мені сөзіне елтітіп алдым деген кескінмен Қайрақбай әрі қарай сөйлей жөнелді:

— Тегі де төуір көрінеді өзінің: жеті атасынан бақ та, дәулет те арылмаған. Қазір де күпсіп тұрған бай үйдің біреуі. Жалғыз ағасы — Саудабай Майлыбаев, Қостанайдағы губірналық Сельпромсоюздың бастығы. Үйіне де төгіп түр ол. Сенің әкеңе де ырыс боп, многолавканы билетіп қойған да сол. Сенің үйіңнің жасауы, оның үйі-

нің қасында жасау ма?.. Қарындасын да үлде мен бүлдеге орап қойған. «Қыздың көркі құлпыда, жігіттің көркі жылқыда» дегендей, нелер асыл киімдерге бөленіп, нелер асыл моншақтарды тағынғаннан кейін, қыз тіпті періште боп кеткен...

— Бәрі де рас шығар,— дедім мен Қайрақбайдың сөзін бөліп.— Осы әңгімелерді неге айтып отырсың сен маған?

— Айтуымда себеп бар.

— Иә?

— Аталықты да, бай да жер екенін айттым. Ағасымен де таныстырдым. Қызды сипаттадым. Ендігісін өзіне сала сөйлескім келеді...

— Неменесін?

— Қызды әуелі көр!.. Үйін де көр!.. Қалған әңгімемді содан кейін айтам...

— Мақұл!— дедім мен, бұл кеңестен тойғандай.

Қара-көк арғымақ желістігінің үстіне қажымайтын да жылқы екен.

Ертеден шапса кешке озған,
Ылдидан шапса төске озған.
Томаға көзді қаска азбан!..—

дегендей, тұяғымен қар шаша, ауыздықты сүзе дедектеп ұшудан, ертеден қара кешке дейін танар түрі жоқ!.. Міне, қайда, жылқы!..

Осы жүріспен «үш жүз сексен шақырым жерде» деген Майлыбай ауылына, біз жолда үш-ақ қонып, төртінші күні күн түске тармаса жетіп қалдық. Ақсуат көлінің жағасына орналасқан бұл ауыл, расында да сыртынан көрікті екен: шатырлы, биік көп терезелі ағаш үйлер орыс селосының тәртібімен көшелене орналасыпты. Қайрақбай атымызды сол үйлердің бірінің сәнді жасалған ашық қақпасынан кіргізіп, есік алдына тоқтай қалғанда, аса ұзын бойлы, жуан денелі, үстінде қамзолша қасқыр ішігі, басында қара-көк барқытпен тыстаған түлкі тымағы бар, сақал-мұртын қалың қырау басқан, көркем кескінді адам қарсы алды. Майлыбай осы екен. Тегі ол бізді келеді деп тосып отырған болу керек, Текебай мен Қайрақбайды бұрын да тану керек, сондықтан сәлем беріп қолдасқан оларға үндемеді де, мен қолдасқанда:

— Әбуталыптың Тәшкенде оқып жүрген баласы сенбісің?— деді.

— Болсақ болармыз,— дедім мен.

— Бақытты, өмірлі бол, шырағым!.. Ал аттарыңды ашаға байлаңдар да үйге кіріңдер!..

Майлыбай жұмсаған әлдене жігіттің бастауымен зор ағаш үйдің жасаулы, кең бөлмесіне кірдік те, сырт киімдерімізді шешіп, кілем үстіне жайған көрпеге отырдық. Сол кезде көрші бөлменің жарма есігі сықыр ете ғап кішкене ғана ашылғанда, ар жағынан сылдырлаған шолпының даусы, әлдекімдердің сыбырласқан үні естілді.

— Қыз!— деп сыбыр ете қалды Қайрақбай маған.

Сол есіктен мұрнымызға бұрқыраған тамаша хош иіс сезіле бастады... Мен, әрине, қызды көруге құмарта бастадым.

Оның сәті шәй үстінде ғана түсті. Дастарқанды әлдене жігіт біздің үйге жасады да, болыскей[1] аталатын әдемі ақ самауырды подноска әкеп қойды, самауыр қасына көтеріп әкеп сәнді қобдишаны да қойды. Майлыбай біздің бөлмеге сонда ғана кіріп, төрден орын алды. Осы кезде манағы есіктен қыз да кіре берді. Қайрақбайдың сипаттауында ешбір қате жоқ екен: шынында да үлде мен бүлдеге оранған, асыл тастармен, алтын бұйымдармен безенген, талдырмаш сұңғақ бойлы, сұлу кескінді қыз!..

Жұпары күндік жерге мол жететін,
Қалампыр иісмайлап өрген шашы,—

дегендей, манағы есіктен сезілген тамаша иіс иіс пе?.. Қыз бөлмеге алып кірген мына иіс адамды мас қып жіберетін!..

Қазақ қызының әдетімен, бөтен кісіге көзін төмен түсіре кірген сұлу, самауыр қасына әдеппен кеп отырды да, қобдишаның қақпағын көтерді. Епті жігіт оған жәрдемдесіп екеуі қарала кәрлен шәшкені подноска жайды. Сонда байқасам, әппақ ұзын саусақтары да жас қамыстың жаздыгүнгі сүріктеріндей екен?..

Қонақтардан қымсынған кескінмен шай құйған қыз, менің көзімді аңдығандай боп, бәлкім бұрсам-ақ мөлдірей қарай қояды да, мен қарай қалсам, көзін төмен түсіре қояды. Солай аңдысып отырып, бір кезде көзімізге көзіміз жолығыса қалды. Сол қарас, арбасқан мысық пен жыланның қарастарындай бір-біріне қадала қалысып, аз уақыт айырылмай тұрып алды. Қызы арбалып қала ма дегендей әкесі қақырынып қалғанда, байласқан көзқарасымыз үзілді де кетті. Менің қарасымнан қыздың не ұққанын білмеймін, оның қарасынан менің ұққаным: «Күйеу келсе, қыз даяр!».

---

[1] «Полський» деген сөз болу керек. Б.

Расында да солай болды. Жатар алдында есіктен сығалаған Қайрақбай:

— Құдай берді!— деді маған сыбырлап.

— Иә?

— Қыз мына бөлмеге, болыскей ақ кроваттың үстіне жалғыз жатты, бер жағына тек шымылдық қана түсірді...

Айтқанда ұзын сөзді қысқа қылып,
Ағарып таң атқанын білмей ғапты! —

деп бір ақын айтқандай, қыздың қасында өткізген ол күнгі таңның қалай атқанын да білмей ғаппын...

Болашақ күйеуім деп есептеді ме, әлде қонақжай адам ба — Майлыбай ертеңіне «тағы да бірер күн жатыңдар!» деп жік-жаппар болғанмен, Текебай мен Қайрақбайдың ол сөзге көнгісі де келгенмен оқуға тез қайтуымды сылтау қылып, мен тоқтамадым.

— Ал, бала,— деді Қайрақбай былай шыға,— сонымен бұл жұмысты енді бітті деп есептейміз бе?

— Қай жұмысты?

— Майлыбаймен құда болуды...

— Сондай да ойларың бар ма еді?

— Енді неге қонды деп ең ол үйге?.. Кеше айтам деген сөзімді енді айтайын: әкең мен Саудабайдың құда боламыз деген уәдесі бар екен. Еже-қабыл жасаудың алдында, қыз бен жігіт бірін бірі көріп ұнатсын дескен екен. Бүгін көрістіңдер. Және жақсы көрістіңдер!— деді Қайрақбай қасы-көзін ойнақтатып.— «Жұмыс бітті» деген осы емей немене?..

— Жоқ, біткен жоқ ол.

— Неге?!— деді Қайрақбай мен Текебай қосынан.

— Жолда жатқан жолбикені алатын жігіт мен емеспін. Сұлулығын қайтем оның. Азар болса «Абайды тағы айттың» дерсің.

«Шүу дегенде көрінер сұлу артық
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық»—

демей ме ұлы ақын? Бұл сұлуың сол!..

— Сонда саған қандай қыз сұлу? —деді Текебай кекеткен дауыспен.

— Сүйген қызым.

— Ол кім?

— Кезінде көрерсің.

7. СӘТТІ ТҮНДЕРДЕ

Егер меңі сүйгенің рас болса,
Өз қолыңнан өсір де, ұшыр баулып!

Халық өлеңі

Шәйіде менің көңлім жоғын естігеннен кейін Текебайдың да түрі бұзылды, күннің де түрі бұзылды.

— Аяққа құйып берген асты төктің,— деп кейіді маған Текебай.— Саудабай біздің үйге науаға төккен сұлыдай құйып тұр еді, енді онысынан тартылады — бір; екіншіден, құда боламын деген көңлімен, әкеңнің многолавкеден жалап-жұқтағанын көрсе де көрмеген еді...

— «Жалап-жұқтау» деген сөз бе екен,— деді Қайрақбай кейіп,— «сіміріп жұтқанын» деп неге айтпайсың?..

— Егер дүкеннен ішіп-жегенінің бәрін құстырды бар ғой,— деді Текебай, Қайрақбайға жауап берместен маған қарап,— оған шашың да шақ келмейді.

— Шақ келмесе, жемесін!

— Онда немен күн көрер едің? Өзгенің бәрін былай қоя тұрғанда, осындай арғымақ тиер ме еді тақымыңа?..

— Ол сенің тақымыңа керек. Мен арғымақсыз да күн көре алам!..

Одан әрі айтысар сөз жоқтай Текебай екеуміз теріс қарасып кеттік.

Кеше ашық күн, бүгін ертеден аздап шаңыта бастаған еді. Соған қарап:

— Барар бетіміздегі ауылдардың арасы алшақ; кейбіріне ашық күнде әрең жетесің. Егер боран көтеріліп кетсе, жолда баспана табу қиын, сондықтан, күн ауажайын бақылай тұрсақ қайтеді?— деген Текебай, Майлыбайдың ауылынан аттанар алдында. Мен оның бұл сөзін «қызға тели түсудің шарасы» деп көнбегем.

Майлыбай аулынан ұзап шыққаннан кейін, бұлыңғыр күн алай-дүлей болды да кетті. Боран біраздан кейін тіпті жынданып, жортып келе жатқан аттың бөксесінен арғы жағын әрең көретін болдық. Қарсы алдымыздан соққан жел де сол кезде қатайып кетіп, орай соққан боранның арасынан жыландай ысылдады. Және өзі, үскірік суық боран,—«тіфу» десе түкірік жерге түсер емес, дененің ілкім ғана ашыла қалған жерін қыздырған темірдей қариды. Сондай суық бораннан бет-аузын сеңсең тонның биік жағасына тығып, әрі жел, әрі суық, әрі бораннан құмыққан Текебай:

— Кейін қайтпасақ болмайды енді!— деді, Қайрақбайдың қолында отырған божыны ұстап отырған атты ықтата бұрып.

— Жоқ, болмайды ол!— дедім мен божыны ұстай алып.

— Жібер!— деді Текебай божыға таласып.

— Жібермеймін!

— Сонда, далада адасып өлуге құмармысың?

— Ілгері жақтан адасқанда, кейінгі жақтан адаспаймысың? Шамаламаймысың. Майлыбай ауылынан қанша ұзап кеткенімізді?

— Қанша?

— Ең кеміне қырық-елу шақырым. Солай ма, Қайрақбай?

— Болып қалуы мүмкін. Қатты келеміз ғой. Жол даңғыл болды ғой, әлгі уақытқа дейін.

— Сонда да алдымыздан жақын ғой,— деді Текебай.— Ілгері жақтағы жақын ауыл бұл арадан ең кеміне жетпіс шақырым. Ат жүрген жолын жақсы таниды, шыққан аулына ол адаспай барады. Ілгері ауылдың жолын өзің бастап отырмасаң, ат бастай алмайды. Өзің бастауға бет қаратып тұр ма үскірік боран?..

— Сонда да ілгері жүреміз,— дедім мен.

— Ондай ретсіз қисықтықтың неменеге керегі бар?!

Мен ілгері жүрмек боп, кейін бұрылған аттың божысын тартайын деп ем:

— Тартпа!— деді Текебай.— Бәрібір бермеймін.

Текебайдан күшпен тартып алуға болмайды, өйткені тырмыса қалса, ол да жан және ол анау-мынау ғана жан емес, ауыл арасының күресіне түсіп жүрген балуан жігіт. Қайрақбайда үп жоқ. Ол, тегі «ағайынды екеуінің арасына қыстырылатын нем бар?» деп отыру керек.

Текебай босатпаған божыны бір кезде қоя бердім де: «Қимаған айғырыңның құлағын...» деп шанадан түсіп, ілгері қарай жөнеле бердім. Текебай бұнымды қоқан лоқысы деп жорамалдау керек, түтеген боранға сіңіп бара жатқан маған бұлдыраған қарам әрең көрінгенше қарайлап тұрып қалды. Ал, менің бұным, оны қорқытуым емес, шыным, тарта беруге бел байлап келем!.. Кейін ойласам, бұным не жындылық, не ақымақтық. Әйтпесе, түтеген боранда қайда жетем деп ойлады екем?! Ғашықтық адамды осындай жолға да жетектейді екен!..

Не мінезім болса да ілгері жылжып бара жатқан мені артымдағы аттылар қуып жетті.

— Ал, мін!— деді Қайрақбай, жолдан сырылған менің қасымнан өте бере атты тоқтатып.

Мен мінгеннен кейін ілгері беттедік. Енді ешқайсымызда үн жоқ. Қан құйысқан адамдай қасара томсарып отырмыз. Атымыздың жүрісі әлі екпінді. Жол тауып жүріп келе жатқанын жарық мезгілде шананың арт жағынан анда-санда жылтырап көрініп қалатын ізден байқаймыз... Күн қарауытып ымырт жабылғанша бір нысанаға

жеткісі келгендей, буы бұрқырай, денесі ырғала, жаясы бүлкілдей, аяқтары ербеңдей, қара-көк желісін үдете түсіп келеді. Ара-тұра ес бергендей, қатты пысқырынып, мұрнына қатқан мұздың сүңгісін жетектің басына соғып сындырып қояды жануар!.. Жолға көлденең тұрған ирек күртіктерді баса жортқанда, сүйреген шанасының табаны анда-сандағы жерден бір-ақ тиіп, күртіктен күртікке қарғыған шанадан кейде ұшып кете жаздаймыз. Жануардың бұл жүрісінен, әлдене кітапта оқыған қазақ жырының мына бір жолдары есіме түседі:

Арғымақ аттың белгісі,
Арыған сайын тың жортар,
Артымда жүгім қалар деп!..

Мынау арғымақ — дәл сол!.. Айда, жануар!.. Тарт!..

Біраздан кейін боранды даланың күңгірттенуі күшейе түсті. Күннің кешкіріп бара жатқаны айтпай-ақ мәлім болды... Енді біраздан кейін көз байлануға айналды... Тағы біраздан кейін, көзге түртсе көрінбейтін қараңғылыққа сүңгідік те кеттік!. Манағы жанжалдан бері дыбыссыз отырған Текебайдың үні енді шықты...

— Кірдік бір көрге!— деді ол бойын қорқыныш билеп алған дауыспен.— Ат жануар жарықта жолды мезгеп келе жатыр еді, енді оның да көзі байланды. Жолдан бұрылсақ-ақ қайда беттерімізді құдай білсін. Даланың аш қасқыры табындап жортатын кез. Және ылығатын да уақыты: бір қаншықтың соңында жүзі жортады. Олардың тіміскілеген мұрны иісімізді көш жерден сезеді. Шаналы кісіден қорқа ма олар?... Біз сияқты боранда адасқандардың талайын жеп қойғанын естігеміз. Енді бір құдайдан басқа жәрдемшіміз жоқ!..

«Батырға да жан керек» дегендей, Текебайдың мына сөзі менің жүрегімді қобалжыта бастады. Сонымды сезіп, қорқынышымды үдете түскісі келгендей:

— Шанада екі сойыл бар ғой,— деді ол,— Қайрақбайдың қолы божыдан босамайды. Екі сойылды Бүркіт екеуміз ұстап отырайық. Құдай қасқырға қаматпасын де, қамаса сойыл дегенің не оған?.. «Лақ та өлерде тұяғын серпеді» дегендей, «суға кеткен тал қармайдының» кері ғой. Мә, ұста мына сойылды!— деп Текебай қолыма ұстата берді...

Қараңғыда тартып келеміз. Көңілдегі жалғыз үміт, ат жолдан жазбаған сияқты, өйткені жүрісі үдей түспесе бәсеңдеген жоқ. Соныға түссе олай жорта ала ма жануар?.. «Қорқыныштың көзі үлкен» дегендей, екпіні күн-

дізгіден де үдеп алған дауылды боранға кей кезде тесіле қарасаң ішінде миллиондаған айдаһар ысылдап, мыңдаған қасқырлардың көз оттары жарқ-жұрқ еткен сияқты!.. Не деген қорқыныш!.. Бірақ мен сонда да өкінбеймін. Несіне өкінем? Ертегілердің я романдардың сөздеріне сенсек ғашығының жолында азап шекпеген жан бар ма?.. Кейбірінің азабы бұдан мың есе артық емес пе?..

Жүріп келеміз, жүріп келеміз!.. Қайда, қанша жүріп келе жатқанымызды шамалап болар емес. Текебай құдайға сыйынғанмен, дәл осы сәтте бізді сақтайтын құдай — қаракөк айғыр ғана!..

Айғыр шынында да құдайдан кем емес екен. Жолдан аспауы, жүрісін бәсеңдетпеуі былай тұрсын, менің ішкі ойымды біліп келе жатқандай, ол бізді тура Мәмбет ауылының қотанына алып кірді. Оны білгенім, бір кезде қора сияқты қараңдаған бірдемелердің арасына ендік. Оның ауыл екенін, мезгілсіз сықырлаған шана мен тықырлаған ат тұяғының дыбысын естіген иттердің бұйыға үрген дауыстары білдірді. Сол үн қоса үрген иттердің ішінен, Қиқымның қара қаншығының саңқылдаған даусын тани кеттім.

Қаракөк арғымаққа риза боп кеткенім сондай, Текебайға ерегісіп жазықсыз оның мана құлағын боқтағаныма енді өкініп: «Құлағыңнан садаға кетейін-ай!» деп айғайлап жібердім.

— Бұл қай ауыл екен?— деді Қайрақбай айғырдың басын іркіп.

— Мәмбет ауылы!— дедім мен қуанған дауыспен.

— Қайдан білдің? —деді Текебай, ауыл табылғанына жадыраған дауыспен.

— Қиқымның қара қаншығының даусынан. Анық сол!..

— Таниды!— деді Қайрақбай да жадырап,— талай рет кездестіріп жүрген қаншығы емес пе?

— Ендеше, бұр атты!— деді Текебай Қайрақбайға.

— Қайда?

— Өзіміздің ауылға.

— Осындай боран түтеп тұрған жыты қараңғы түнде ме? — деді Қайрақбай, Текебайдың сөзін ерсі көрген үнмен.

— Несі бар? Енді көзді жұмып отырып табамыз.

— Осы да ауыл емес пе?.. Ат та қалжырады, өзіміз де қалжырадық. Кім қуып барады бізді, сонша асығып.

— Бұрсайшы, тіл мен жағыңа сүйенбей!— деді Текебай бұйырған дауыспен.

Қайрақбай ол дауыстан қаймыққандай, аттың божысын икемдей беріп еді, мен ұстай алдым. Ат тоқтады.

— Адам десем, малдан да жаман екенсің ғой,— дедім Текебайға.— Ат тауып келген жерден қашқаның не қылғаның?.. Мені аямасаң да, атты аясаң еттің!.. Адастырмай, үсіндірмей, қабындырмай, сонша жерден аман алып келген атты тағы да өктемекпісің, осы түтеген боранда?! Тіфу, бетсіз-ай! Жармаспа енді!— дедім божыны мен де ұстап,— егер жармастың бар ғой, әлім келсе сені мен қан қылам, әйтпесе, сен мені қан қыласың?

— Жанжалы құрысын да,— деді Қарақбай кейіген дауыспен,— «Антұрғанның баласы айдалада керісер» дегендей, жапан далаға сыймай мына жанжалдасқандарың анау; енді жанжалдасып тұрғандарың мынау!.. Не болды сендерге бүйтіп?

Қайрақбайдың қайсымызға ұрысқанын біле алмаған мен, өз ырқыма бағып:

— Бұр атты Мәмбеттің үйіне қарай!— дедім оған.— Егер бұрмасандар, сендер тарта беріңдер, мен шанадан түсіп қалам.

Амалсыз көнгендей, Текебай божыны босатты. Біз Мәмбет үйінің қорасына кеп кірдік. Өршелене үрген қара қаншық, бізді қақпа сыртында қарсы алып, атымыз тоқтағанша шабаланды да, одан кейін мені танығандай үруін доғарып, қарын қақпақ боп қасқыр ішігімді шешкенде, еркелеп кеп үстіме секірді. Бұл, әрине жақсы ырым!

Мәмбеттің ағаш үйінің терезесінде қақпақ болатын. боранды күндері оны жауып қоятын. Бүгін де солай жабылған төргі бөлменің қақпақ жігінен шамның жылтыраған әлсіз сәулесі көрінеді. «Мезгілсіз шақта бұл шам неге жанып тұр екен?!».

Үйдің алдында кішкене құлан-қора болатын. Іші қараңғы, соған кіріп, ағаш үйдің есігін ашайық десек, ішкі ілгешегі салулы тұр. Бұндай әдет, тек, Мәмбет үйде жоқ күндері ғана болатын. Ол жорамалға ішім жылыңқыраған мен, «есікке салған қара құлыптай берік қара кемпір қайда екен?» деп ойлап, іштей аздап тынышсыздандым. Есік қаққан Қайрақбайға:

— Бұл кім?— деді іштен әйел даусы, Жәнияның даусы.

— Мен, Қайрақбай!..

Аздан кейін ашылған есіктің алдында, шамы жағылған ауыз бөлмеде жеңіл киімді Жәния тұр екен. Біз оған тоқырап амандаса бергенде, төргі бөлменің ашыла бер-

ген қақжарлы есігінен көйлекшең Қәкен көріне түсті де жоқ болды...

— Бәтес!.. Оян!.. Бүркіт келді!..— деген үні естілді оның төргі бөлмеден.

Мен ол бөлмеге Қайрақбай мен Текебайдан бұрын кіріп барсам, төсегін босаға жақтағы сәкіге салған ұйқышылдау Бәтес, Қәкен «тұр-тұрлап» жұлмалағанмен, еркін ояна алмай, есеңгіреген адам сияқты «ә-ә-лап» жатыр екен. Мен кіре Қәкен «Бүркіт дедім ғой!» деп қаттырақ жұлқып қалғанда, төсегінен «әһ!» деп басын көтеріп алған Бәтес, ұйқылы көзін маған кең аша қарады да, «Бөкен!» деп ұшып түрегеп, жүгіріп кеп мойнымнан құшақтай алды!.. Оның талдырмаш бойы, іп-ірі жігітпін деп жүрген менің кеудемнен келді...

Мен суық сіңген қалың пальтомды тастамай кіргем. Киімдерім жылы болғанмен, қатты тоңазығанымды үйге кіре сезгем де, қалтырай бастағам. Киіміме, денеме сіңген сол суықтың бәрін, жұқа көйлекпен кеп құшақтай алған Бәтестің қызуы сорып алғандай, жылынып кеткен денем дуылдай жөнелді.

Бәтес мені құшақтап қана қоймай, от жалынды бетін бетіме қатты қыса тақағанда, қыздырған темірге тигізген мұздай еріп жүре бердім: жылы үйге жылы киіммен кіргендіктен бе, Бәтестің қызуы ма, басымнан бастап бақайшағыма дейін тер құйылды да кетті!..

Біздің осы құшағымыз қашан жазыларын құдайым білер еді, егер желке жағымнан:

— Уа, жетті!— деген Қалисаның даусы саңқ ете қалмаса.

Селк ете қалғандай мен құшағымды жазып жіберіп ем, жабысып қалғандай Бәтес мойныма оралған құшағын айырмады...

— Болды, Еркежан!— деді Қалиса.— Қатты-ақ сағынған екенсің ағаңды, сонша жабысып!.. Айыр енді, құшағыңды!.. Жатжарадан кісі бар, ұят болады!..

Соңғы сөзден ғана есі кіргендей, Бәтес құшағын жазды да, есік алдында тұрған Қайрақбай мен Текебайды көріп, қымсынған кескінмен төсегіне беттеп, бауына асулы тұрған шымылдықты түсіріп жіберді де, өзі ішіне кіріп кетті.

Бұл бөлменің мандайшасында сағат тұратын, соған қарасам, беске жақындап қапты. Оның аты, «таң алыс емес» деген сөз. Соны ескергендігі болуы керек, азғантай ғана уақыт амандық-саулық сұрасқаннан кейін:

— Қара қаншықтың үрін шығып басыла қалуынан-ақ

біліп ем сендер екендеріңді,— деді Қалиса,— естіп отыр ек келе жатыр деген сөзді. Бірақ, дәл бүгін келе қояды деп ойлаған жоқ ек. Әрі күн боран, жолда бөгелер деп жорамалдаған ек, әрі үйінде бірер күн бөгелер деген ек, сондықтан да молда-ағам мен жеңешем бірер күнге жолаушылап кеткен еді.

Қайрақбай жол жәйімізді қысқаша, шапшаңдата айтып берді.

— Ал, енді, қонасыңдар ма, жүресіңдер ме?— деді Қалиса.

— Қонамыз!— дедім мен жұлып алғандай.— Ат та, өзіміз де қалжырап келдік, тынығуымыз керек.

Менің сөзімді ұнатпауын қабағынан білдіргенмен, Текебай үндеген жоқ.

— Онда, асты таңертең ішетін шығарсыңдар?— деді Қалиса.

— Әрине, —деді Қайрақбай.— Тезірек төсек салдырыңдар, ұйықтап тынығайық. Маған төсекті өз үйіңе сал.

— Мұнда ше?

— Маған сенің үйің жайлы.

Текебай үндеген жоқ. Үшеуміз де тысқа шығып атты жайғастырдық. Боран бұл шақта толастап, сиреген. Бұлттың арасынан, аспанда жүзген толық айдың әр тұсы жарқырай көрініп қалады екен...

Бір кезде үйден басына қаптал күпісін жамылған Қалиса шықты да:

— Төсек даяр! —деді бізге жақындап.

— Мен де сіздің үйге жатам,— деді Текебай оған.

— Оқасы жоқ,— деді Қалиса, «оның қалай?!» деген үнмен.— Ал бара беріңдер онда біздің үйге. Шам жағулы. Мен Бүркітті Молда-ағам үйіне кіргізіп келейін. Балалар ұйықтап жатқан болар. Кісіміз Молда-ағаммен кеткен.

— Қаншығың қаппай ма?— деді Қайрақбай қалжыңды үнмен.

— Қашаннан бері қорқатын болып ең иттен?.. Қәртайғаның ба бұл?

Қайрақбай жеңілгендей үндеген жоқ. Текебай екеуі Қиқымдыкіне беттеді.

— Ал, жүр!— деп мені Мәмбет үйіне бастаған Қалиса құлан қораның қақпасына кіре тоқтады да,— «жолы болар жігіттің, жеңгесі алдынан шықсын» деген осы. Бәрінің сәті бола ғап тұр. Періште қалпында сары майдай, «майдай» емес-ау, балдай сақтап келген қайнсің-

лімнің шымылдығын, жол-жоранды жасамай ашпақпысың?

— Қалағаның сенікі, құрметті Қалиса!..

— Ойда жоқта келе қалдың. Бойыңда құнға татитын нәрсенің барын қайдан білейін...

— Қалтамда алтын сағатым бар еді, соны ал!

— Сол-ақ боп па, қайын сіңлімнің құны?

— Қолдағы алтын жүзігімді қоса берейін!...

— Қазақтың жолы: «Үш, жеті, тоғыз» ғой. Ар жағын кейін көре жатармыз. Қазір үшке толтыр!..

— Жаңа жібек орамалымды берейін.

— Жақсы, қанағат әзірге!— деді Қалиса.

Мен атаған нәрселерімді беріп жатқанда:

— Тонады деп сөкпе, Бүркіт!— деді Қалиса,— «Қалмады баста бөрік, белде белбеу, жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай» деген өлеңді шығарған мен емеспін. Бұл баяғыдан келе жатқан жол-жора.

— Оқасы жоқ!— дедім мен.— Бәтестің жолына өзімнен басқаның бәрін де қиям және олардың ешбіріне жаным ауырмайды. Егер Бәтес болмаса, өзімді де қияр ем. Өйтсек, Бәтесім кіммен болады?..

Қалиса мені сыртқы есіктен ғана кіргізді де, өзі үйіне кетті. Ауыз бөлменің шамы сөнген екен. Бұнда Жәнияның бар-жоғы сезілмейді. Төргі бөлмеге кірсем, аспалы шамы жанып тұр. Шымылдық манағы түсірілген қалпында. Бұл бөлмеде жан жоқ. Маған төсек төрге салынған. Сыртқы киімдерімді шешініп болғаннан кейін, не істеуге білмегендей, төсегімнің үстіне костюмшең отыра беріп ем, ауыз бөлменің есігі сықырлады. Жалт қарасам Жәния кіріп келеді екен. Маған жақындаған ол:

— Кісі көзінше бетіңнен де сүйе алмадым, бері келші, қарағым!— деді қолын созып.

Түрегелген мені ол құшақтап бауырына басты да, мәндайымнан сүйіп:

— Бағың өсе берсін, қарғашым!— деді.

Бұл сөзді жәй жақсы көріп, немесе, қызымның болашақ күйеуі деп жақсы көріп айтылғанын біле алмадым.

— Ал, енді шешін де жат, шырағым, тыныҚ!— деді ол.— Шамды сөндірейін бе, болмаса жанып-ақ тұрсын ба?

— Өзім-ақ сөндірермін, апай.

Жәния ауыз бөлмеге шықты да, есік жапты. Мен отырған қалпымнан қозғалмай, біраз отырып қалдым. Менің бұл отыруым:

Ұзақ түнге бозбала қалай шыдар,
Сарымайдай толықсып қыз жатқанда,—

деген қазақ өлеңін еске түсіруден емес. Оны ойласам, қазір шамды жалп еткізіп сөндірер едім де, шымылдық ішінде жатқан екі қыздың арасына жетіп барар ем. Оны істемей отырғаным, Бәтеске тағы да таңым бар. Егер ол европалық тәрбие алған қыз болса және мені сүюі рас болса, манағы құшақтай алған сезімін жалғастырып, мен даладан кіргенде түрегеп отырар еді де, біраз кеңесіп, ішіне жиналған махаббат шерін тарқатып алар еді ғой? Оны істемей, шымылдық ішіне жатып алғаны несі?!.

Менің ойымда бірі жақсы, бірі жаман — екі ой кеп кетті. Жақсысы: «Сөз жеткілікті болды, ендігі сырды төсекте ақтарысайық деп ойлаған болар»; жамаңы Мүсәпірдің «оны да Қәкеннен кем ғап жүр дейсің бе?» деген сөзі есіме түсті. «Егер ол сөз рас болса,— деп сыбырлады маған ішкі сайтаным,— маған қарар беті болмай жатыр да, шымылдыққа содан тығылып жатыр!»

Соңғы сөз ойымды жеңіп кеткендей болған мен, жалма-жан төсегімнен ұшып тұрдым да, шамды тез сөндіре сап, костюмімді шешіне сап, көйлек-дамбалшаң шымылдық ішіне кіріп бардым. Қараңғыда қай қыз қай жағында жатқанын біле алмай тұрғанда, біреуі:

— Мына жақта!— деп сыбыр ете қалды да, қолымнан сипалай ұстап төмен тартты. Бұл, әрине, Қәкен болу керек. Төсектен тұрып тоңазуы ма, немене, қолы сұпсуық.

Қәкеннің икемдеуімен қолым тисе, Бәтес жұқа шәйі көрпеге балаша бөленіп апты. Көрпеден оның екі қолы мен басы ғана шығып жатыр екен. Қасына қисайған менің мойнымды ол ыстық құшағына қайта қысты да, бетіме ыстық бетін тақай берді. Мен енді манағыдай құрғақ қана бет тақаспай, ерніне ернімді жапсырып ем, Бәтес маған сүп-сүйір тілін тосты... Ал кеп сор, ал кеп сор!...

Сол қалпымда қанша жатарымды құдайым білер еді, егер Қәкен арқамды бұрай, қатты ауырта шымшып алмаса!..

— Не болды?— деппін жаным ышқынып кетіп, аузымды Бәтестің аузынан жұлып а..

— Мен сенің төсегіңе жата тұрайын,— деді Қәкен басын көтеріп.

— Е, сонда шымши ма екен?!.

— Шыдамыңнан айырылсаң, сен де шымшырсың!..

Қәкен тұрып кетті.

— Ол бейшара солай!— деді Бәтес.— Махаббат туралы оның түсінігі де солай.

— Сеніңше қалай болу керек!..

Одан әрі екеуміз сырласып кеттік. Ұзақ әңгіменің қысқасы:

— Мен сендікпін,— дейді Бәтес.— Сен жоқ жерде маған өмір жоқ. Менің барлық бақытым сенімен ғана!..

— Менің де ойым осы!— деймін мен.— Бар арманымыз осы болса, бақыт сапарына бүгіннен бастап бірге аттанайық.

— Мен оған бейілі!..

— Ендеше, жаз, бөленген көрпеңді!..

— Барлық бақыт сонда ғана ма екен?..

— Әрине, емес: Бірақ ой біріккенде, бойды неге іркеміз?

— Оның да күні алыс болмас...

— Қашан, сонда?

— Екеуміз де шетсіз-шексіз кең далада туып өспедік пе? Қыстың қыспағында асығатын неден қысылыппыз, біз?.. Жарқырап жаз тумай ма ертең? Кең даланың гүлбәйшешегі жайнамай ма? Ақ үкілі селеуі ырғалмай ма? Ақ сағымы толқымай ма? Тоғайда бұлбұлы сайрамай ма? Көлде аққуы сұңқылдамай ма? Қырда жылқышы ысқырмай ма?.. Сонда, бүкіл торғайлық даланың ашық аспанынан тұна қарап күлімдеген сансыз жұлдызды куә етіп қосылмаймыз ба?.. Бұл қараңғы үйде жанымызға жанымызды, тәнімізге тәнімізді біржола тұтастыра қосқанымызды екеуміздің басқа кім біледі?..

— Қажеті не, ол кімдердің»?

— Неге қажет емес? Шын махаббатта ұрлық бола ма? Көпке әйгілейтін шаттық емес пе ол..

— Сонда, не?.. «ЗАГСке барайық» дегенің бе ол?

— Емес!.. «ЗАГС» деген не ол?.. Қағаз!.. Ешбір молданың дұғасы, ешбір мекеменің қағазы сүйіспеген жүректерді жалғастыра алған емес. Ал сүйген жүрек болса, ешбір дұға да, ешбір қағаз да бөле алған емес...

— Ендеше, не айтып жатқаның?

— Айтып жатқаным: екеуміздің де тәніміз бен жанымыз Торғайдың табиғатынан, ендеше қосылуымыздың куәсы сол ғана болсын?..

Осы сөзінен танбаған Бәтесті жеңіп көр!.. Мен оны сөзбен жеңе алмаған соң, бөленген көрпесін күшпен ашайын деп ем:

— Бөкенжан!— деді көрпесін жаздырмауға тырмыс-

қáн Бәтес.— Махаббатқа күш жүрмейді!.. Сөз оған кеткенде, менде де өз ар-ұятымды қорғарлық күш бар!

Екеуміздің алысып жатқан ойымызды шымылдық ішіне кіріп келген әлдекімнің елесі бөліп жіберді.

—Бәтес! Бұ не істеп жатқаның?!—деді ол даусын шығарып (Қәкеннің даусы).—Баяғыдан бері өліп-өшіп күтіп жүрген жігітіңе көрсеткен сыйың осы ма? Тағы да ұл болмақпысың, сонда?.. Адыра қал!.. Таста әрі, орынсыз тырмыспай!.. Айдай әлемге белгілі іс істейсің де, енді көнбеген боласың!.. Кімге дәрі, орынсыз бұлтағың?!.

Қәкен шымылдықтан шығып кетті. Бәтес екеуміз не дерімізді білмей, үн-түнсіз жатып қаппыз. Сол сәтте біз жатқан бөлме терезесінің сыртқы қақпағы ашылып кеп кетті. Таң атып қапты, дала жап-жарық...

— Сөзім осы, Бөкенжан!— деді Бәтес қатар жатқан менің кескініме тура қарап.— Сенің жазғы каникулға келер шағыңда Қәкеңді ұзатады. Соның тойына кел. Одан әрі айтарым,— әлгі сөздерім!..

Сөзі дәлелді болғанмен, «бұл араға философияның қажеті жоқ» деп ойладым да, өкпелегендей бетпе-бет жатқан орнымнан теріс айналып кеттім. Сол қалпымда Бәтес мойнымнан айқара құшақтап бауырына басты да, біздің елдің тиыштылау бір қоңыр әнімен:

Өсіреді сал жігіт мұртын қаулап,
Москал жігіт болады шықса қаулап.
Егер мені сүйгенің рас болса,
Өз қолыңнан өсір де, ұшыр баулап!

деп ыңырсыды.

Бұрын да естіген бұл халық өлеңінің мағынасына да, Бәтеске де енді ғана түсінгендей боп, мен бетімді оған қайта бұрып, құшақтап сүйе бастадым. Ол да мені сүйді. Сол сәтте ауыз бөлмеге кірген Текебайдың даусы естілді. Мен ытып төсегіме бардым да, ұйықтап қалған Қәкенді оятып жіберіп киіне бастадым.

— Ә, тұрып жатыр екенсің ғой,— деді төргі бөлмеге кіре берген Текебай.— Айғырды таңға жақын отқа қойып ем, тынығып қапты. Қазір жегіп қойдым. Аманшылық болса, ертеңгі шайды үйден ішеміз. Тез шық, далаға!

Біз жүріп кеттік. Әкемді қора ішінде, малдарды жабдықтау жұмысында жолықтырдық. Ол адамның ішкі жай-күйін қабағынан байқайтын адам болушы еді. Текебаймен екеуміздің жәйсіз келгенімізді қабағымыздан таныды ма, немене, сәлемімізді салқын ғана қабылдады да, жұмысына кете барды. Мен үйге кіріп кеттім.

Малды жайғастырып таңертеңгі тамаққа келген әкем-

нің кескініне қарасам, әлем тапырық!.. Ол, әрине, сыртта қалған Текебайдан болған халдің бәрін есітіп кеп отыр. Біздің үйдің бір салты, әкемнің қабағы түйілді-ақ береке-дуасы кетеді: ол күні ешкім дұрыстап ас та іше алмайды, ойын күлкі болса-болмаса да жоқ, әкемді жеңіп алдым деген шешем де ондай халде ашуына тимеуге тырысып, айтарын ашуын өткізіп барып айтады, әкемнің ашуы басылғанша, үйдің өзге жандары әртүрлі жабдықтарына тарап, көзіне көрінбейді.

Бүгін олар сөйтті. Әкемнен «астан кейін тараңдар деген әмір болғандай, шетінен біртіндеп сөгілген үй ішінің аздан кейін біреуі де қалған жоқ. Әрі жол соқты болған, әрі өткен түнде көзімнің шырымын алмаған менің, асқа тойып жылынғаннан кейін бойым маужырап ұйқым келе бастаған соң, әкем үйде тас-құдайдай үн-түнсіз қадалып отырып алған соң, қора ішіне өткен жазда салынып «Текебай отауы» аталған кішкене үйшікке барып тынықпақ боп орнымнан көтеріле беріп ем:

— Отыра тұр, балам!— деді, даусы сүзетін бұқаның ыңырана өкіргеніндей боп естілген әкем.

— Ал, балам,— деді ол, орныққан маған, суық даусын өзгертпей,—«ұлы сөзде ұяттық жоқ» дегендей, жобаларыңа қарағанда, келінді боп келген түрлерің бар ғой, қайырлы болсын!

— Айтсын!— дедім мен, «келінді» дегені Бәтес деп жорып, кекетіп айтып отырғанын көріп.

— Ал, енді бұның тойын қашан жасайсың?

— Өзім айтам.

— Қашан?

— Уақыты келгенде...

— Енді не «уақыт» керек, болары болып, бояуы сіңген соң?

— Әке, сондай сөздің керегі қанша?— дедім мен де кейіген дауыспен,— жастардың төсегін аңдудың қанша қажеті бар?

— Болмағанда шё?— деді әкем даусын көтеріп.

— Көтерме, әке, даусыңды! Өзің айтпайтын ба едің, «өтпес жарлық, бойға қорлық» деп? Қуатсыз айғайдың керегі қанша?..

Ақылды әкем өз жайын түсінгендей, даусын бәсеңдетті де, маған қабағын түйе қарап ап.

— Қыпшақ Ізбасты би мен керей Тоқсан би бір дауда жолыға қалған екен,— деді салмақты, сабырлы дауыспен.— Бірінші кездесулері екен. Ізбасты аса ірі денелі екен де, Тоқсан кішкене кісі екен. Ол заманның әдетін-

де билер құшақтасып көріседі. Екеуі сол көріскенде, Ізбасты Тоқсанға: Тоқсан-Тоқсан дейтін еді, томашадайақ[1] екенсің ғой?» депті. Сонда Тоқсан: «Оның несі бар? Томаша тоғыз жұмыртқалайды, біреуі ғана бұлбұл болады, өрмекші сегіз жұмыртқалайды, біреуі ғана бүйі болады. Томаша болсам — бұлбұлы шығармын, өрмекші болсам — бүйісі шығармын» деген екен. Сол айтқандай қалмақ тұқымынан тарағандардың ендігі бұлбұлы да бүйісі де сен болар деп дәмелі едім, ол үмітім алдады, балам.

— Неге, әке? Неден күдер үздің әлі?..

— Үзбегенде ше? Ақаң:

Қалтылдақ қайық мініп ескегі жоқ,
Дарияда жүрміз заулап кешпесі жоқ.
Жел тұрса, құйын қуса жылжи беру,
Болардай қолға тіреу еш нәрсе жоқ,—

деп зарланса, біздің қазіргі халіміз дәл сол емес пе?

— «Ақаңы» кім?—дедім біле тұра, білмегенсіп.

— Ақмет Байтұрсыновты айтам да...

— Солай деу оған қонымды. Дарияға ғарық болғысы келмесе, қалтылдамай тиыш жүрсін!

— Патша заманында шығарған өлеңі екенін білемісің?

— Білем. Ол кезде қонымды-ақ екен дейік. Ал, совет заманында неге тиыш жүрмейді?.. Халыққа бостандық болған заманда?..

— «Бостандық!»— деді әкем теріс қарап.— Тиыш жүрмей не істепті?— деді маған қарап.

— Сен оқымаған боларсың, оның советтік құрылысқа қарсы жазған сөздерін. Совет өкіметі оның алашорда болғанын, революцияға қарсы оқ атқанын кешіріп, жазаға тартпады, қызметке де, партияға да алды. Соның бәріне түкірді де, совет құрылысын ашық жамандауға кірісті...

— Қоя тұрайық оны!— деді әкем, бұл сөзден жеңілерін көргендей,— өз әңгімемізге кірісейік.

— Мен бе бастаған, Байтұрсынов әңгімесін? Өзің ғой? Қылығына қарағанда абақтыға жауып қоятын адам. Совет өкіметі сонда да қызмет беріп отыр. Тек, партиядан ғана шығарды...

— «Қой!» дедім ғой оны!

— Жарайды, қояйық оны. Өзіне келейік. Сенің де халыққа, оның үкіметі — советке көрсетпегенің бар ма?

[1] Томаша — шымшықтың ең кішкене түрі. Б.

Сол істерің үшін алдақашан атып тастайтын адам емессің бе?..

— Ол атпаса, сен аттыр!— деді әкем тікіленіп.

— Не қылам мен, сені аттырып. Жаным ашып айтқан сөздің біреуін тындамайсың. Былтыр ғана айттым: «Әке, қой осы сауданы!.. Халықты жеме тағы да!.. Бәрібір құсасың тағы да!.. Тиыш отырсаң ешкім де тимейді саған!..» дедім. Тындамадың. Тағы да былыққа белшеңнен батасың да, өзің күйетін отқа мені тастамақ боп, Майлыбайдың қызына телімек боласың. Қанша айтқанмен балаңмын: мен-ақ күйе қалар ем отыңа, егер онымен сен тірі қалатын болсаң. Бәрібір өртенесің ғой, бейшараау!.. Не болды саған, өлеріңді білмейтін?.. Былай ақылды-ақ адамсың. Совет өкіметіне ешкімнің де әлі келмейтінін көріп отырсың, өйткені ол, халықтың қалың бұқарасына арқа тірейді. Патшаны да, байды да, ақты да, шет елдегі дұшпандарды да жыққан сол бұқара. Осының бәрін көре, біле тұра, отқа ұмтылған көбелектей жарбаңдап ұшасың кеп!.. Сөйтесің де, Байтұрсыновтың өлеңін көлденең тартасың менің алдыма? Неменеме керек менің, ол өлең?.. Байтұрсынов пен сені теңізде ескексіз қалқытып қойған Совет өкіметі емес, өздерің!..

Мен қызынғандай орнымнан тұрып, бөлмеде жүріп кеттім, әкем тұнжырап отырып қалды. Аздан кейін:

— Сөздерің рас, балам!— деді ақырын дауыспен.— «Шешінген судан таймайды» дегендей, революцияға басынан қарсы боп алдық та, қайтып ол жолдан бұрыла алмадық. Қазір хал шынында да қиындады. Өкімет шынында да күшейді. Енді жан сақтауды ғана ойлайтын уақыт туды. Майлыбаймен құда болам дегенім де жан сақтаудың қамы еді. Әрі тірі отырған соң күн көріс керек. Майлыбайдың баласы Саудабаймен достаспасам, қазіргі азынаулық дәулетті жинай да алмас ем. Дәулеттің күн көру үшін ғана емес, жан сақтауға керегі бар көрінеді. Алдақашан сотталып кететін Сасықты дәулет қана сақтап отыр. «Совет өкіметі әділ» дегенмен, заң орындарында әлі де жең ұшынан жалғасатындар бар сияқты...

— Кім десең де отыр ғой...

— Олар ескінің қалдықтары...

— Тез құритындар, олар...

— Құрығанша жеп үлгеретін...

— Тоқтай тұр, балам!— деді әкем маған, тағы да бірдеме дей бергенімде,— шешендік салыстыратын жер емес бұл. Әуелі мені түгел тыңдап алшы!..

— Ал, тыңдадық!— дедім мен отырып.

— «Басыма екіталай күн туса, ақша керек болар» деген оймен де араласып ем бұл саудаға. Ол үмітімді кестің сен. Өйдемегенде не дейін?.. Майлыбаевтан қол үзудің кесірі маған ғана емес, анау қайынатам болады деп жүрген Мәмбетіңе де тиеді: қарындасын алмасаң, қолымыздағы сауда дүкенін сыпырады да алады Содан кейін, бойыңа сіңген борышты өтеп көр, шашың да жетпейді!.. Одан әрі абақтыда шірігеннен басқа жол жоқ!..

— Ертерек ойлау керек еді оны.

— Ал, сотқа іліктің бар ғой, құтылар жерің жоқ. Жуық арада Қазақстанның жоғарғы сотына бастық боп Сасықтың туған жиені — Әзімбай Қыдырбаев барыпты. Күніміз түссе бізді оңдыра ма ол. Сен мені «алашорда болдың» деп жазғырасың. Әзімбай алашорданың көкесінің бірі болған адам. Ол неге қойылады жауапты қызметке?

— Уақытша нәрсе ол. Оның да ініне су құйылады...

— Құйылғанша құрытып үлгереді біз сияқтыларды...

— Сонымен, әке, істе деп отырғаның не маған?

— Тілді алып жүрмісің сен, «мынаны істе» дейтін? Әйтпесе, Майлыбайдың қызын алсаң, бізге төніп келе жатқан пәленің бұлты ауып-ақ кететін!.. Әке ақым бар ғой, балам!— деді әкем аз кідіргеннен кейін,— ойланшы осыны!.. Кейінірек болса да ойланшы!..

— Ойлағанмен не істей алам?— дедім әкемді енді ғана аяғандай.— Сенің халіңді түзеу үшін, Майлыбайдың қызын алумен ғана іс бітпейді. Ол үшін Совет өкіметін құлатып, саған қолайлы өкімет құрып беру керек. Оған әлім келе ме менің?

— Оны қоя тұрып, әлгі сөзімді ойланшы, балам!..

Айтар сөзім таусылған мен, үйден шығып кеттім де, ертеңіне Торғай, Ырғыз арқылы, Шалқарға жүкке барады деген осы елдің ылаушыларымен жүріп кетуге әзірлендім. Тоқтатқысы келмеген әкемнің аттанарда айтқаны:

— Кешегі сөзді ойлан, балам!..

Жазғы каникулға қайтып келгенде, «ойланып келген болар» деп жорыған әкем, жылы қабақпен қарсы алды. Ол әлдекімнен, ұшқырлығы құсты шалатын жирен жорға алған екен. «Саған арнап алдым» деп қойды әкем оны көрсетіп. «Жаңа заманның салтын құрсын деп, бір қазақ-орыстан су жаңа әскерлік ер-тұрманын алып қойдым» деп, жирен жорғаға ерттеп көрсетті. Онысы да жақсы екен.

— Биыл он сегізге толдың,— деді ол маған.— Жігіт-

шілік құратын жасың енді келді. Еш нәрседен бетінді қақпаймын. Ертіп жүрем деген жігіттерің болса, оларға да әдемі ат-тұрман тауып берем. Қайда барам десең де, қанша күн жүрсең де еркің.

Өткен қыс беті қайтып қалудан болу керек, Майлыбай қызының жайынан өзі жұмған аузын ашпайды, жобасын байқасам, Қайрақбай арқылы сөз салады. Оның айтуынша, Майлыбайдың сұлу қызы үйінде әлі отыр. Өзі маған «ғашық» көрінеді. Дәмелі әкесі мен ағасы, биыл жаз маған берем деп, ақ отау даярлатып, жасау-жиһаздарын мөлдіретіп қойса керек. Егер қызды ала қалсам, бір байдың мал-мүлкін қоса беретін сияқты.

Сөз жобасына қарасам, Бәтес жайында сақтана сөйлейтін Қайрақбай, ептеп көңліме күдік туғызатын сөздердің пернелерін басып қояды. Өткен қыс ол үйден менің аман аттанғанымды естіп алса керек, әуелі «солай болып па еді?» деп сұрап алады да, мен «рас» десем,— «осы қыз сені созбаққа неге сала береді?! деп күдіктендіреді де, ар жағын,—«ұялып қалатын жайы болмағай еді!» деп тереңдете бастайды. Мен «оны көреміз» деймін де қоям. Шыным да сол: Мүсәпірдің сөзі бар, Қайрақбайдың мына сөзі бар, анығына жетуім керек емес пе? Өз ойым: «Адал болсаң жарадың, Бәтес. Арам болсаң, маған емес, өзіңе өкпеле!»

Бұл күдікті анықтаудың сәті түсе қалды. Мен ауылға кеп аз күн тыныққан шақта, Бәтестің апасы — Қәкеннің ұзатылатын тойы болды. Бұл тойға өзге бозбалалардың қатарында мен де бардым. Байып тұрған Мәмбет, дәулеті өзінен де артық бір байға құда боп, тойын ұлан асыр ғып жасаған екен. Біз барсақ, Қызбелдің ол ауыл жақ ылди-өрі тойға жиналған адамға сыймайды.

Біз Қиқымның үйіне түстік. Мен ретін тауып сапырылысқан қалың адамның ішінен Қалисамен тілдесіп қалдым. Қысқы оқиғаға ол Бәтестен қанған екен. Маған асығып айтқаны:

— Көп сөйлесуге көз көп. Аңдушы да аз емес. Сәті түссе, бүгін таңға жақын Тобылғылыда жолықтырам.

— Осынша құжынаған топтан қалай ұрланып?..

— Оны істей алмасам, мен «Қалиса болам» ба?.. Бірақ қалауым әлі бітіп болған жоқ!..

— Ойбай, Қалеке!.. Айтқаным айтқан: өзімнен басқамның бәрін ал!..

Қалисаның сілтеуімен, сайдың тереңіне өскен қалың тобылғының ішінде отырмын. Таңның жақындауын, шығыс жақта жарқырай қалған шолпан көрсетіп тұр. Кеше

басталып бүгін аяқталатын тойға қатынасушылардың түн бойғы шабысы мен гуілі қазір үдей түскен сияқты. Бәтес пен Қалисаны күтуіме биенің бірер сауымы болған сияқты. Маған енді, олар уәделі уақыттан кешіккен сияқты. «Неге кешігеді?!» осы ой сабырымды тауысуға жақындаған кезде, сырт жағымнан әлдене сыбдыр ете қалған сияқтанды. Қаннан-қаперсіз тұрған басым, жолбарыстан үріккен киіктей ыршып түстім. Жалма-жан артыма қарасам, бір шапанның астында екі адам қарандайды!.. Мен «Бәтес!» деп қалғанда, шапан ашылып кетті: Қалиса мен Бәтес!..

— Бәтес!— деп құшақтай аппын...

Одан кейін не болғанымды білген жоқпын... Білгенім:

— Таң білініп қапты ғой, Бөкенжан!— деп, құшақтасып жатқан Бәтес маңдайымнан сипаған шақта көзімді ашсам:—«енді бөгелулерің ұят болады» дегендей, әлі көленкелеу аспанның биігіне бұлдырай көтерілген бір бозторғай дәл төбемізде шырылдай ғапты!.. Сол сәтте тұрғысы келген Бәтесті құшағыма қаттырақ қыса түстім де:

— Ақботам!— дедім құшырлана сүйіп,— біздің осы өмірлік айқасқан құшағымызды енді кім айыра алар екен?

— Қайдам!— деді Бәтес, демін соза алып,—«тағдыр» деген де пәле бар емес пе?..

— Ол пәленің де әлі келмес!..

Одан әрі сөйлесуге, әлдене сыбдыр ете түсті. Шошынғандай басымызды көтеріп алсақ, шапанын бүркеніп кеп тұрған Қалиса!..

— Енді де риза емеспісің, Бүркіт?— деді ол, ұшып түрекелген маған.

— Ризамын!.. Бір емес, мың емес, миллион емес, анау аспанда бұлдырай бастаған сансыз жұлдыздар қанша болса, соншама ризамын!..

— Ал, ендеше, көзге түспей тұрған шақта тез бытырайық. Әуелі шапанын бүркеніп Еркежан кетсін. Біз сайдың кемерінен бақылап тұрайық. Одан кейін — мен!.. Одан кейін — сен!..

— Мақұл!

Қалисаның жібек желеңін бүркеніп Бәтес сайдың кемерінен көтеріле бергенде, төменде қалып бара жатқан мен, ықтиярымнан тыс оның кестелі ақ көйлегінің жерге сүйретілген етегінен ұстап аппын. Тартып қалған екпініммен Бәтесті шалқасынан құлата жаздағанымда:

— Түрекелген әйелдің етегінен ұстамас болар!.. Тарт қолыңды!— деп, Қалиса қағып жіберді. Содан ба, әлде

сусып кетті ме, қолымнан етегі босай бергенде, құлай берген Бәтес тез оңалды да, әрі қарай жүгіре жөнелді... Ол киіктің жыртқыштан шошыған лағындай аяқтарын жылдамдата аттап жүгіргенде:

— О несі?!— дедім мен Қалисаға.— Анау қараңдап жүргендердің көзіне түсіп қалады-ау, байғұс бала бұл жүрісімен!.. Аяңдап жүрсе, көзге түссе де елемес пе еді, қайтер еді!.. Жападан-жалғыз жүгірген кісіге, кім де болса амалсыз қарайды ғой!.. Дыбыс беруге болмайды!..

— Ойбай, қой! Онда тіпті бүлдіресің!..

Бұның арты неге соғар екен деп, Қалиса екеуміз тын боп жатқан шақта, ұзаңқыраған Бәтес, бір тұста шоқтала өскен қалың және биік тобылғының арасынан өте беріп еді, әлдекім ұша түрегеп үн қатқан сияқтанды. Жалт қараған Бәтес, одан қорыққандай қымсына қашты, анау тұра қуды. Бұл көрініске қадала қарағаң менің есіме, қасқырлардың қоянды қақпақылдап ұстауы түсіп кетті: бір қасқыр әлдене бұтаға тығылып жатады да, өзгелері қоянды жан-жағынан қақпайлап соған қарай айдайды; қоян үстіне келіп қалғанда, тығылып жатқан қасқыр қағып алады... Мынау, Бәтесті қуған да сондай қасқырдың біреуі!.. Ол да Бәтесті қағып ап жейтін сияқтанып, қорғау мақсатымен, жатқан жерімнен тұра ұмтылдым.

— Ойбай, тоқта!— деп етегімнен шап берген Қалисаны сілтеп ұшырып жібердім де, бар қимылыма баса жүгірдім. Қуған адам Бәтесті ұстай алуға жақындағанда, артынан мен де жетіп, желкесінен қапсыра ұстаған қалпыммен жерге алып ұрып, көкпардың лағындай сүйретіп апарып тастадым. Сонда ғана бетіне қарасам,— Жұман!

— Қап, әкеңнің...— деп жұдырықпен құлақ-шекеден тапсыра бергенімде:

— Өй, жындымысың?— деп қолымды ұстай алды ол.

— Сен жындымысың?

— Мен не істедім, жынды боп?

— Қызды неге қуасың?

— Ақылды жігіт пе десем, тасырқой жігіт екенсің ғой, тәйірі!— деді Жұман қолымды босатып, түрегеп.— Алдыңнан ойда жоқта қыз қашса, сен қумай тұрарсың!..

Сол кезде қасымызға ентіккен Қалиса да келіп жетті.

— Жақсы жолғастыңдар!— деді ол, демін зорға ап, сонда да бойынан, кескінін күлімсіретететін қуат тауып.— Екеуіңді қалай жолғастырам деп жүргенде, сәтінің түсуін-ай!.. «Ер шекіспей, бекіспейді» дегендей, екеуіңнің шекісетін де, бекісетін де жерлерің осы!..

— Сен ол шешендігіңді қоя тұр, Қалиса!— дедім мен.

— Осы секундте ажыраспасақ, бұл екеуміздің біреуміз мерт боламыз. Жоғал, жаның барда!— дедім Жұманға.

Түсімнен сескенген адамдай ол жылжи берді...

— Жарайды, бар!— деді оған Қалиса,—«сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма?» дегендей, барлық жабдығыңды өзім реттеймін...

Жұман кетіп қалды. Біз аз уақытқа кідіріп қалдық.

— Айтып ем ғой, жігітім,— деді Қалиса,—«көмекейін алыммен бітесек, бұл Жұман туған қарындасын да тосады» деп. Ана жылғы өзің жарып тасайтын құнанды алғанда, бұл сені аңдымайтын да еді, үнін де өшіретін еді. Әлі де кеш емес, бұны құмықтыруға...

— Қалиса!— дедім мен, арғы сөзін тындамай,— бүгінгі түн, аз ғана өмірімдегі ең бақытты түнім болып еді. Одан жұтқан балымның аузымнан әлі де тәтті дәмі кеткен жоқ. Айтарың болса кейін айтшы маған!.. Сол тәттімді аузымнан кетірмеші қазір!..

— Қояйын!.. Жұма тұрайын аузымды, «аш» дегенше! Бөлмейін, сәтті түннен татқан тәттілігіңді..

— Иә, Қалиса, бұл менің сәтті түнім!

8. СӘТСІЗ ТҮН

Бәтестің періштедей тазалығына, көңілі шынымен маған берілгеніне көзім жеткеннен кейін әкеме, «енді құда түсуіне болады» деп кісі салып ем, «қайтеді құда түсіртіп,— депті әкем,— қызды сүйсе болғаны емес пе? Менің әлім келе ме, ол екеуін қоспауға, қызға әкесінің әлі келе ме? Молдаға апарып некесін қидыртып жататын уақыт емес. Совет заманы. Загске апарды — бітті. Үйге алып келсе, тойын жасап берем. Менен одан басқа не тілейді?»

Әкемнің бұлайша қынырланғанын көргеннен кейін, мен енді ашық кеттім. Бұрынғыдай бүгежектеп ұялуды қойып, ат ізін Мәмбет ауылынан суытпай, жиі қатнасе беретін болдым. Қарағыз бен Мәмбет те маған қабақ бермейді. Онысына қарамаймын. Бәтес сеніскен қалпында. Оның маған қойған жалғыз шарты:

— Оқуға бірге кетеміз деп уәделестік қой. Үйден аттанғанша, күндіз ғана келіп жүресің де, түнде бұл ауылдың маңайына жоламайсың.

— Неге?

— Қала қызының салтын әлі білмеймін ғой. Ауыл қызының салтында, әке-шешесінің көзінше уәделі жігітімен түнде кездесу тірі масқара емес пе?..

— Ескі ауылдың ұғымы ғой ол.

— **Мен сондай** ауылда туған адам емеспін бе? Ендеше, оның әдептік салтын, қашан аттанып кеткенше сақтай тұрайын да. Одан арғы өмір де жетпей ме, қай мезгілде жолғасамыз десек?

Бұл шартқа көнбейін десем, Бәтестің көңлін қимаймын. Оны ренжітпеу керек. Егер ренжи қалса қайтып қалпына түсіру оңай емес. Ал, көнейін десем, әнеугі Тобылғылы сайда жолғасқаннан кейін, құмарым қанып бір де құшақтаған емеспін. Ондағы құшақтасуым — түсім ғана сияқты. Сүйген жарды өңімде де құшақтамауға қалай шыдармын!..

Осындай әуре-сарсаң болып жүрген күндердің біреуінде, Қалисаға ақылдаса ғап ем:

— Алдағы жұмада әке-шешесін алысырақ ауылдағы бір ағайыны қонаққа шақырып кетті,— деді ол.— Сол күні түнде, жұрт ұйықтады-ау деген кезде келіп, атыңды алысырақ сайға тұса да, өзің жаяу жет. Қеле жатқан тықырынды білдіретін қара қаншық бар. Сол кезде тысқа шығайын да, Молда-ағам үйіне кіргізіп жіберейін.

— Бәтес бәле жасап жүрмей ме, «өзімнен ұлықсатсыз неге келесің?!» деп.

— Оның ретін өзім табам ғой.

— Қайран, Қалиса-ай!— дедім мен қуанып кетіп,— бұл қызметіңді не сыймен ақтайын сенің?..

— Енді жаныңды қанша ауыртар дейсің,— деді ол күліп,—«бір жылға қоян терісі де шыдайды» дегендей, бірігіп аттанамыз деген күндеріңе бір-ақ айдай уақыт қалды. Оған дейін шыдарсың?

— Не алсаң да.

— Не алып қиратар дейсің. Әнеугі қолыма қыстырған бес жүз сомдық червонсыңа бір алақанымды толтырып кеткесін. Енді екінші алақанымды толтырып, бір жұдырыққа жеткізсең, менің есем бітіп жатыр.

— Бітпейтін есе кімдікі?— дедім мен, «беретін алымым осымен аяқталған шығар» деген оймен.

— Жұмандікі!— деді Қалиса салмақты дауыспен.— Оның өкпесін бекерге жеңіл көріп жүрсін, Бүркіт шырағым. «Қашқан қасқырға қанден ит те бөгет болады» деген. Қашқын болмағаныңмен, сен де әлі бұл ауылға жасқана келудің жолында жүрген жігітсің ғой, қапыңды тауып тақымыңнан қауып қалса, жаныңды ауыртып жүрер. «Сұраншының тілін кес» дегендей, сол шіркіннің де көңлін неге аулай салмайсың?

Жұманның адресіне менің аузымнан жаман сөз шығып кетіп еді:

— Ақылды жігіт бола ма десем, сен де тасырқой болайын деп пе едің?— Қалиса кейіп.— Жақсыдан жығылсаң да оқасы жоқ, теңің. Ал жаманнан жығылсаң, жарасы етіңе емес сүйегіңе түседі де, өмір бойы сырқырауы кетпейді. Мен айтар достық сөзімді айттым, ендігісін өзің біл.

Мәмбет аулына уәделі күнде жету үшін, көзге бадыраймау үшін, мен алыстан орағытуға бекіндім. Уақытты көңілді өткізу үшін, биыл жаз мен жаңа бір кәсіп тауып алғам. Оным — қаршыға салу. Осы жазда біздің үйде әдемі бір қаршыға отыр екен. Мені алғаш жақсы қабақпен қарсы алған әкем:—«Ішің пысқан уақытта, қасыңа Қайрақбайды ертіп, қаршығаның да қызығын көр!» деген. Аңшылыққа әуестігім аз мен, бұл ұсынысқа немқұрайды қарап қызыға қоймаған едім. Қайрақбайға еріп көрсем, бұдан қызық ермек дүниеде жоқ екен. Қаршыға да «қаршығам-ақ» екен, шіркін!.. Өзінің денесі кіші-гірім бүркіттей. Әрі, көктемде түлеген қанат-құйрығының шалғылары әлі еркін жетіліп те болмай, қауырсындарының түбі көк-аязданып тұр. Сол қалпымен үйрек, қазға ұмтылғанда, жерден арқан бойы көтерілмей қағып түседі. «Бабындағы кезінде, топтанған қаздың біреуін де құтқармайды» дейді Қайрақбай. Қазіргі күннің өзінде, топтала ұшқан үйрек, қаздың ең кемінде екеу-үшеуін іліп үлгереді. Жаздың алғыр құсына, тек, дуадақ қана қиындықпен алдырады екен: құс адамнан бұрын жетсе, басына саңғып жіберіп, басұр ғып отырғызып кетеді екен. Дуадақтың сол дағдысын білетін Қайрақбай, әуелі мені жұмсап, алыста деңкиіп отырған, үлкендігі құнан қойдай дуадақтарды үркітіп ұшыртады да, қолындағы қаршығасын, дуадақтар жерден көтеріле бергенде сілтейді. Сонда, әуелі жер бауырлай зымыраған қаршыға, биіктей ұшып бара жатқан дуадақтарға деңгейлесе беріп аспанға тік атылғанда, дуадақтардың біріне қалай жармасып қалғанына көзің де ілеспейді. Алып денені дуадақтарды үйрек пен қаз сияқты, жеткенінше жыға беруге шамасы келмейтінін білетін қаршыға біреуін-ақ жарқ еткізіп аударып түсіреді, өзі соған жабыса бірге түседі. Егер адамнан алыс жер болса, өзге дуадақтар, ілінуге ұшырағанын құтқарып әкетпек боп, жапыр-жұпыр үстіне қона қалады да, қаршығаны қанаттарымен сабап талдырып тастамақ болады. Қу қаршыға ол кезде ілген дуадағының қанатын жамылып тығылып қалады да, дуадақтар өз серігін ұрады...

Қаршығаға шыққанда да, мен үнемі жирен жорғаны

ғана мінем. Жазық жерде дедектей ұшқанда, ол жануар да жылқы баласына шалдырмайды. Басының қаттылығы темірдей. «Ал!» деп жарыса жөнелгенде, ауыздықты азуына басып ап тартқан ол, қолың қанша қайратты болғанмен, бой бермей, бар екпінімен жұлдыздай ағады да кетеді. Сол екпінімен тымық күнде алдынан дауыл тұрғызған ол, көз жасыңды барлатып, жібереді... Сүзе тартып, бой бермеген басы, екі қолыңды қарыстырып тастап, тоқтағанда әрең деп жазасың.

Ауыл тұрмысына мені еліктіріп, көңілімді аулау арқылы маған сөзін өткізгісі келді ме, немене, жирен жорғаны да, өзімді сәндеуден еш нәрсесін аяған жоқ. «Қаланың киімін қалаға барғанда киерсің, ауылда ауыл жігітінше киін» деді де, үстіме ұсақ шибарқыттан (орыстар оны «вильвет» деседі ғой), бір шеберге әдемі қамзол шалбар тіктірді. Сыртыма үйде ақ ботаның түбітінен тоқылулы жатқан өрмектен қазақша шекпен тіктіріп, қарала батсайымен астарлатты да, жағасын, өңірін, етегін айналдыра, жалпақтығы төрт елідей құндыз ұстатты. Аса шебер деген бір етікшіні үйге әдейілеп алдырып, өкшесін көк-сауырлатып, тігістерінің арасын кестелетіп, қазақша биік өкшелі шоңқайма етік тіктірді. «Атқа мініп түсуге ыңғайлы болады» деп, «өзің сияқты серілеу болған аталарыңның біреуінен қалып еді» деп, бұтыма кестелеген жырық балақ ойран шалбар кигізді. «Жаздыгүнгі ыстықта іші салқын болады» деп, көйлекті шәйіден жасатты. Басыма, өзіне арнап жігіт кезінде жасатып, сәті кеп кие алмаған, жасыл пайымен тыстатқан, су жаңа қара пұшпақ бөркін берді.

Ал, атты ше?. «Баяғының салдары осылай сәндейтін» деп, кекілін үзіп үстіне шоқпардай үкі тақтырды, құйрығының үстіңгі жағын өріп қыздың шолпысын тақтырды, басына «тізгінін қаңтаруға жақсы» деп жүген, «шылбырын байлауға жақсы» деп ноқта кигізді; «шалбарыңның құйрығын қажайды» деп, жалпақ басты қалмақы ердің үстіне бұлғарымен тыстаған мамық көпшік салдырды; «ер аттың арқасына батуы мүмкін» деп, тоқым мен арасына жырна салдырды; «аттың теріне шалбарыңның балағы сатпақ болып қалар» деп, үлкендігі етектей тебіңгіні таралғының астынан, аттың қапталдығына дейін салбыратып жіберді; ылдиға қарай шапсаң, ер аттың мойнына кетер» деп артына құйысқан, «өрге шапсаң жаясына кетер» деп, алдына өмілдірік байлады. «Жәй жүріске төсайылы да жетеді, шабыста шабайылын да тартпай

болмайды» деп, ерді қос айылдады. Тұлабойы түгелімен күміспен әшекейленген бұл ер-тұрманды:

— Кешегі сені жанындай жақсы көретін әжең,— деп таныстырды әкем,— жаны сүйіп қосылған атаң Жәутікке қыз күнінде арнап жасатып, қолынан сәндеп шығарған ұстаның ақысына қырық тұсақ берген екен. Жәутік өлгеннен кейін, әжең бұл ер-тоқымның үстіне жан адамды шығармай, сандыққа салып қойған. Кеше, аумалы-төкпелі заман болғанда, бұл ер-тұрманнан айырылып қалам деп қорыққан әжең, өзі сенетін бір кедей қоңсының кебежесіне, қара құрымға орап тыққан екен. Оны үй ішінде ешкімге айтпаған. Ұшқын артелінде тұратын сол қоңсы, әнеукүні сен үйде жоқта, осы ер-тоқымды әкеп берген!..

— Апырай, не деген жақсы кісі еді!..

«Әжеңнің қолынан көп жыл дәм татып ем» деді, «Бүркітіңді жақсы көретінін білуші едім» деді, «егер тірі болса, жігіт болған шағында Бөкенжанымның өз қолына табыс етерсің деген еді» деді...

Әжемнің бұл сөзіне мен жылап жібердім де:

— Әке-ай, не бердің сонша сақтаған ақысына!— дедім.

— Бір көйлек-дамбалдық мата, бір қадақ қағаз шәй...

— Сол-ақ па?!..

— Аз ба ол?

Ар жағымнан тығылып кеп қалған ауыр сөзді, «әкемді ренжіте бермейінші!» деп айтпадым.

Қысқасы, осы ер-тоқыммен безендіргенде, былай да сұлу денелі жирен жорға картинка болды да кетті. Бұндай ер-тоқымды сұлу аттың үстіне отыру үшін, қолға қаршыға алу керек, өйткені қазақ өлеңінде:

Әннің сәні келмейді қалшылдамай,
Жігіт сұлу көрінбес қаршыға алмай.

демей ме?.. Қаршыға ауыр құс емес. Оны қол да талмай көтеріп жүре алады. Соны біле тұра, сері қазақтар ерінің басына, ауыр бүркітке ғана арнап емес, жеңіл қаршығаға да арнап қонып отыратын балдақ істеткен. Бұл тақырыпта айтқан өлеңінде, «бір қызық — ит жүгіртіп, аң ауласа» деп кеп:

Итті ертіп құсты алып шықса біреу,
Еріне күміс балдақ етіп тіреу,—

деген. Әжем сүйген жары Жәутікке арнап жасатқан ерінің алдына, бүркітке деп бірін, қаршығаға деп бірін, алмалы-салмалы екі күміс балдақ істетіпті. Әкем маған

соның қаршығаға арнаған балдағын ғана берді де, бүркітке легенін «қыс аңға шықсаң аларсың» деп көрсетті де, сандыққа салып қойды. Екі балдаққа да әжем тамаша тастардан мөлдіреген көздер орнаттырыпты. Олардың бәрі де әжемнің қыз күніндегі өз көздеріндей мөлдіреп тұр!.. Шіркін, әжем өз жарын қандай сүйген!..

Өзімді де, жирен жорғаны да сәндеп жүрген мен, Бәтеске барам деп шығар алдында, киім-кешегімді, ер-тұрманымды түгелімен жарқырата тазарттырып алдым да, қаршыға ұстаған Қайрақбайды қасыма ертіп аттандым. Сол бір шақта өз салтанатыма өзім риза болғандай: «Шіркін-ай, осы түрімде Бәтеске тағы бір көрінер ме едім!» деп арман еттім. «Әсіресе, қанжығама бірнеше үйрек, қаз, дуадақты салбырата байлап!..» Бірақ оны істеуге болмайды, Қалисамен уәдеміз олай емес!..

Мәмбеттің аулына жеткенше, ойда жоқта аса бір үлкен сәтсіздікке ұшырадым. Қайрақбайдың жұмсауымен шауып барып үркітем деген дуадақтың біреуі қалың селеудің арасына жасырынып қалар ма?!.. Тегі, көрмей өтеді деп ойлады ма, немене, бейшара, нақ үстіне келіп қалғанша тығылып, төніп кеп қалғанда, далбақтай жөнелуі бар емес пе?.. Қаннен-қаперсіз келе жатқан атым, омырауының астынан дуадақ қанаттары сытырлай жүгіре жөнелгенде жалт беріп үрке қалғаны! Мен үстінен жалт беріп түстім де қалдым!.. Қызынып шапқан ат, әрі үріккен ат, басы босағаннан кейін ал кеп тула!.. Қайрақбай ұмтылып жеткенше, ер-тоқымын бауырына алған ат, сатыр-күтір тебінгенде, пәрә-пәрәсі шыққан ер-тоқым бәлініп ұшып кетті... Ат тебіне тулаған қалпымен, қуған Қайрақбайға жеткізбей, қарасын бір-ақ үзді. Мына халден құс екеш құс та шошыды ма, немене, Қайрақбайдың қолынан босаған қаршыға дуадаққа ұмтылмастан, аспанға шырқап шығып, бетімен лағып кетті. «Сендерге сол керек!» деп табалағандай, бытыраңқы түрінен қосылып ұшқан дуадақтар да аспанның әлдеқайдағы алыстығына жоқ болды...

— Енді қайттік? — деді амалы құрыған Қайрақбай маған оралып кеп.

Біздің бұл жолғы жол шетіміз Мәмбет ауылы екенін ол білетін. Уәде: ол сайда ат ұстап қалатын да, мен ауылға жаяу ұрланып кіретінмін.

— Мен бәрібір барам! — дедім аз ойланып.

— Қалай?

— Қисаң, астыңдағы атыңды бер. Өзің жақын жердегі ауылдан ат ал да, ер-тоқымның сынығын жинап үй-

ге қайт. Әкемді бұл шығын сөзсіз күйзелтеді. Ашуы басылғанша көзіне көрінуім қиын. Сәті түссе, Мәмбет аулына соғайын да, түспесе, жолдағы елдерді аралап-қырап, әкем сабасына түсе бастаған кезде барайын.

— О да мақұл екен,— деді Қайрақбай.

Екеуміз жақын жерден ауыл таптық та, сол ауылдан астына керік тапқан Қайрақбай, ер-тоқымның бөлшегін жинап ауылға қайтты, мен бетіме жөн тарттым.

Уәделі күнде, уәделі уақытта, уәделі жерде Қалисаны күтіп отыр ем, дәл айтқан шағында келе қалды. Қазақтың «ұзын құлағының» шапшаңы-ай, жирен жорғадан жырылған хал-жайымды дәл болған түрінде бұл ауыл да естіпті. Әнеукүні Жұманмен арамызда болған жанжалдан кейін Мәмбет пен Қарағыз Бәтесті мен алып кетер деген қауіппен, қонаққа шақырған жерге бармауға бір толқыған екен. Енді жирен жорға оқиғасынан кейін, мені жуық арада келе қоймас деп жорыған болу керек, өткен күні ертемен аттаныпты.

— Ақботаң да атыңның жәйін естігеннен бері қайғыда,— деді Қалиса,— ол оқиғаны естігенге дейін, «біліп қалады, ұят болады» деп үйіне келтіргісі келмей зыр қағушы еді, естігеннен кейін «сағы сынып қалған екен ғой Бөкеннің, келсе келсін, бірақ жан адам сезбейтін болсын» деді. Әзірге ешкім сезбеген сияқты. Сонда да қорқақ жүрек аласұрып тұр. Екеуміз шапанды бүркенейік те, тез жетейік. Тоқал есіктің кілтін салмаймын деген. Қанша айтқанмен туған шешесі емес пе? Қызының теңін табуына өлердей қуанышты бейбақ!.. Жанынды үзіп бер десең де даяр. Ендігі тілегі — екеуіңнің қол ұстасып кетуің.

— Өзге жаны біле ме екен осы үйдің Бәтес екеуміздің бұл сертімізді?

— Білуге тиісті емес. Және білмейді де ғой деймін. Оны Молда-ағамның қабағынан байқаймын. Оның қабағы аса жадыраңқы. Ал, жүр, уақыт өткізбей!..

Қалиса айтқандай, Мәмбет үйінің есігі бөгетсіз боп шықты. Іздеген орнымды да, іздеген жарымды да бөгетсіз таптым...

Таңның білінуі, ауыл маңындағы малдардың қозғалуынан аңдалған соң:

— Ал, Бөкенжан, көз байланыңқы кезде жөніңді тап! — деген Бәтеске:

— Сонымен бір жұма ғой уәдеміз? — дедім.

— Иә!

— Болыстық кеңсеге алдырам ғой сені?

— Қол алыстық қой оған. Нанбасаң, тағы да кел!

Қолымды ыстық және жұмсақ қолымен қайта қысқан Бәтесті құшақтай тағы бір сүйіп, тысқа шыға келсем, сиырлардың алды өріске беттей бастаған екен. Жанжағыма сақтана қарасам, жан адам сезілмейді...

Өрген малдардың арасын тасалай, атымды тобылғысына байлап кеткен сайға келсем, қаранданған атымның орнында танымайтын бірдеме тұр!.. Өз көзіме өзім сенбегендей, уқалап жіберіп қарасам, атым!.. Әлдекім құйрық-жалын түгел тақырлай күзеп, бөксесінде сабаудай боп құйымшағы ғана қалған!.. Ер-тоқымына қарасам, оның тұрманына тимепті де, тек басын кейін қаратып теріс ерттеп қойыпты... Жігіт үшін, қазақ өміріндегі ең масқара жұмыс осы!..

Не істеуді білмей басым айналып кетті. Есімді аздап жиғаннан кейін ойласам, жыра-жырамен жасырынып болыстық кеңсеге тез жету керек те, Бәтесті тез алдырту керек. Одан басқа шара жоқ.

Еркін кеңседе екен. Ойымды ол мақұлдай кетті.

— Бірақ өзің де барам дегенді қой,— деді ол.— Қасында милиция болғанмен, «ауыл итінің құйрығы жуан» дегендей, жанжал көтерілсе жақсы болмас. Одан да «кеңсе шақырып жатыр, неге екенін білмеймін» десін де алып келсін. Өзіңнің досың Нұрбекті жіберейін. Ол айтқанды қалт қылмайды.

Нұрбек босқа барып қайтты. Әкесі: «алып кетем десең қарсылық жоқ. Әне, бала! Ал да жүре бер!» деген екен, қыз неге барам мен кеңсеге? Онда жұмысым жоқ!» деп сазарып отырып апты. Нұрбек оңашалап менің жайымды айтса, «маған оның ешбір қатынасы жоқ!» депті. Нұрбек «не деп тұрсың өзің?» деп, Бәтес пен менің арамда болған оқиғаны және соңғы уәдесін айтса, олардың бәрі де өсек, болмаған оқиға!» деуінен бір де танбапты. «Бұнысы несі?! деп таңданған Еркін:

— Ал, енді қайтеміз? — дегенде:

— Өзім барам! — дедім мен.— Милиция бермесеңіз жалғыз барам. Өз құлағымнан естімей, бұл сөзге нанбаймын.

— Онда мен де барайын! — деді Еркін.

Нұрбек, Еркін үшеуміз пар атпен Мәмбет үйіне жетіп барсақ, бар жаны үйінде екен. Бәтестің қабағы қатып, қанын ішіне тарта сұрланып алған. Бізге ол қараған да жоқ. Мәмбет бізге жадыраңқы жүзбен амандасты да, Еркінге:

— Жол жайларыңды сезіп отырмын; бұл — бас бос-

тандығының заманы. Кімді сүйсе де адамның еркі. Балалар сүйіссе, бізде қарсылық жоқ. Мына баламның көзі отыр,— деді Бәтесті нұсқап, жасы жетті. Оң қол, сол қолын таниды. Жат жұрттыққа жаралған бала. Сырт естуім басқаша еді. Ұялып ештеңе демеуші ем. Қеше милиция келгенде ренжіді ме, немене, бармаймын деп шалқасынан түскені!.. Ал, біз, өзге жанымыз шыға тұрайық, өздерің баламен сөйлесіңдер. Барамын десе, батамды бергеннен басқа айтарым жоқ.

Бұл үйдің Мәмбеттен басқа жаны шығып кетті. Сол кезде:

— Ақбота! — деп жақындай беріп ем:

— Жолама! — деп қолын көтерген Бәтестің түсі, маған қауып алатын қаншықтай көрінді.

— Өй, Ақбота, есің дұрыс па?!— дедім мен кідіре қалып.

— Дұрыс!— деді ол сазарып.

— Ендеше, мынау істеп тұрғаның не?!

— Біздің арамызда болғанның бәрі, көл бетінің көбігіндей желге ұшты. Біз енді бөтен кісіміз!..

Құлағыма ыстық қорғасындай құйылған бұл сөзден есеңгіреп кетсем керек, Нұрбек:

— Саған не болды?!— деп сүйей берді.

— Бәтес! Не айтып тұрсың?— деп жылап жібердім.

— Айтқаным сол,— деді Бәтес,— келген ізіңмен қазір қайт!

— Ойпырай, шырағым-ай,— деді Еркін,— мен араласпаған жұмыстарың еді ғой бұл. Мен, тек совет заңын ғана орындап, зорлықтың құрбаны болмауыңды ғана бақылап жүр едім ғой. Екеуіңнің аранда болып жүр деген оқиғаның керісінше ғой, мына айтып тұрғандарың?..

— Бұрын кіріспеген іске әлі де кіріспеңіз, ағай!— деді Бәтес.— Мен өз өлмесімді білетін жасқа жеткен адаммын. Айтқаным айтқан: Бүркіт пен менің арамды жалғастырған жіптің бәрі үзілді. Енді ол да, мен де боспын. Әркайсымыз енді қалаған жағымызға кетуге ерікті-міз!..

— Сен едің ғой, Ақботам, менің қалағаным!— дедім мен Бәтеске.

— Мен айтарымды айттым. Сіздер аттанғанша бұл үйге кірмеймін!— деді де, Бәтес шығып жүре берді.

— Ағай-ау!— дедім мен Еркінге сандалған дауыспен,— не болды бұл?!..

— Менімше ештеңе де болған жоқ,— деді Еркін.— Бұл ашудың қалың астары болуға тиісті...

— Қандай?.. Аттың күзелуі ме?..
— Одан әлдеқайда қалың болуға тиісті.
— Не деп ойлайсыз, сонда?
— Оны білуге тырысу керек.
— Қалай?
— Ақылдасармыз ол жәйді. Қазір Бәтестің тілін ап, ізімізбен қайта тұрайық...

Сол кезде ымырт та жабыла бастады. Біз кейін ораддық. Атымыз да ілгері басқан сайын қараңғылыққа сүңгі берді, біз де сүңгі бердік.

Міне қайда сәтсіз түн!..

Екінші бөлімнің аяғы.

Үшінші бөлім

АДАСУ

(Бәтестің дәптерінен)

Талайлар түзеледі жолдан жазса,
Ал, ғашық жөн таппайды бір
адасса.

Әбілқасым Фердаусиден

БЕТАШАР

Бұрынғы қазақтың ұғымында «Беташар» деп жаңа түскен жас келіншектің бетіндегі пердесін сырған шақта жырланатын өленді айтады. Ондай беташардың шет жағасын өзіміз де көріп қалдық.

Келіншектің көбі, әдетте жазғы жайлауда түсер еді. Жаңа адамның және өркендеуге, өсуге қажеті бар адамның келуіне бүкіл ауыл боп қуанып, оны қарсы алуға әзірленер еді. Бұл қуаныш әсіресе балаларға қызық боп, келіншек түсердің алдындағы бірер күнде ұйқы, күлкіден қалар еді де, қалғыса қызық өтіп кетердей, көз шырымын алмас еді, ғайыптан сап ете түсетіндей, үйіне де кірмес еді, екі көзін келіншек келеді деген жақтан айырмас еді.

Ауыл салтында келе жатқан келіншектің көшінен күйеу озып кетіп ауылына бұрын кеп хабар айтар еді. Сол кезде, келіншектің алдынан жастар жағы аттылы-жаяулы шұбырып шығар еді. Жері белесті біздің Қызбелдің ауылдарына келе жатқан келіншек таянып қалғанға дейін көрінбес еді, сондықтан келіншекті көруге асыққан аттылы жастар жарыса шауып, «Алты қырдың асты» дейтін жерден қарсы алар еді. Бес-алты жасымнан атқа шауып үйренген мен де осы топтың ішінде болар едім...

Қарсы алған жастар жеткен шақта, жас келіншек атынан түсіп, болашақ достарына иіле сәлемдесер еді. Қоршап амандасқан жастар барар ауылдары жырақта қалса келіншекті атына мінгізіп, жақында болса жаяу қолтықтап алып жүрер еді. Ауылға жақындағанда, келіншектің алдынан шымылдық құрылып, керілген бауынан ұстаған екі жігіт я екі келіншек алып жүрер еді. Келіншектің бетіне жұқа перде жабылар еді...

Ауылға таяна, жақын абысындарының бірі кеп жас келіншектің бет пердесін ашар еді де, жастар дауыстарын қосып, жаңа достарына құттықтау өленін айтар еді.

«Беташар» аталатын өлең осы болушы еді. «Келіннің бетін кім ашса сол ыстық» деген мақал да осындай әдеттен туған еді...

Келіншекті қарсы алу, жас келіншектің бетін ашқанын көру, беташар айтқанын есіту маған өлшеусіз қызық сияқты еді. Өзім де сондай келіншектің бірі боп түсуді арман ететін күндерім де аз емес еді...

Енді ержете бастаған шақта байқасам, ауылдың ондай салты мен үшін өтіп кеткен дүние екен. Әке-шешем бала көріп жүргенмен, өзіме де кейде өзім бала сияқтанып кеткеніммен, келіншек боп түсудің заманы қалай өтіп кеткенін сезбей де ғаппын!.. Ақылыма жүгініп көрсем, үйде қыз салтын құрып отырғаным болмаса, қазір бетім де ашылыпты менің... беташарым да айтылыпты!.. Сонда бетімді ашқан да Бүркіт, беташарымды айтқан да Бүркіт!.. Ендеше, менің Бүркіттен ыстық кімім бар?.. Жоқ ондай адам!..

Сонша ыстық көрінген Бүркіт, Қәкенді ұзатқаннан кейінгі күндердің біреуінде оңаша жолығып, асықпай кеңескен бір шағымызда:

— Ақбота!— деді маған.

— Әу?

— Сен орыстың «драма» деген сөзін естідің бе?

— Жоқ. Ол не сөз?

— Мысалмен айтпасам түсінбессің оған. Мысалы, сен екеуміз ғой бір-бірімізді жас күнімізден сүйдік?

— Сүйдік!..

— Біздің бұған ертерек осындай жақын болуымызға ғой, көлденең біреулер бөгет жасады?

— Рас!..

— Біз ғой, ол бөгеттерге қарамай, бірталай қиын кезеңдерді өтіп, ақыры табыстық?

— Тек осының байсалды болуын тілейік!

— Әрине, «драма» дегеніміз осы, яғни, екі ғашықтың бөгеттерден өтіп қосылуы.

— Жақсы сөз екен онда?

— Жаман да бір сөзі бар оның.

— Иә?!..

— Егер әлгі бөгеттер ғашықтарды айырып, аяғы қайғымен бітсе, оның аты «трагедия!».

— Мысалы, Қозы Көрпеш пен Баян сияқты ма?

— Иә!

— Ендеше, айта көрме, оны!..

— Онда қызық бір сөзді айтайын: егер бөгет жасау-

шылар жұрт алдында күлкі боп қалса, оның атын «комедия» дейді.

— «Театр» деген сөзді естідің бе сен?

— Мынау бір жақсы сөз екен!..

— Естідім. Бірақ көрген жоқпын.

— Әлгі «драма» деген де, «трагедия» деген де, «комедия» деген де театрда, ойын-сауық ретінде көрсетіліп жатады...

— Оны естимін. Бірақ көрмеген соң түсінбеймін.

— Орыста және бір қызық нәрсе бар.

— Қандай?

— Орыстың кейбір оқыған адамдары басынан кешкен оқиғаларын дәптерге күн сайын жазып жүреді де, «дневник» деп атайды. Енді біреулері, күнде көргенін емес, бірақ уақытта көргендерін теріп жазса, оның атын «мемуарлар» дейді. Онысы «естелік» деген сөз.

— Жақсы әдет екен ол.

— Солардан үлгі алған қазақтар, жазып жүрген дәптерлерін «естелік» деп атайды.

— Өзіңде бар ма, ондай естелік.

— Бар.

— Қазір бар ма?

— Бар.

— Көруге бола ма?

— Неге болмасын,— деп Бүркіт, қамзолының ішкі қалтасында бүктеулі жүрген жұқа былғарымен тыстаған қалың дәптерін суырып берді.

Оқып қарасам — қызық!..

Түгел оқып шығуға, Бүркіттің аттанатын уақыты таянып қалған еді. Ол сонысын ескерткеннен кейін:

— Тастап кетесің бе маған, қайтып оралғанша?— дедім.

— Ал! Бірақ мұндай дәптер менде екеу.

— Екіншісі қайда?

— Етігімнің қонышында,— деп Бүркіт тағы да суырып берді. Екі дәптердің түсі де, қалыңдығы да бірдей.

— Осындай былғарымен тыстаған дәптерлер бола ма?— дедім мен, аударыстырып көріп.

— Орынборда әдейілеп жасаттырып алып едім, қажеті боп қалар деп. Бастапқы дәптерді Орынборда жүрген күндерде толтырдым. Екіншісін өткен жаз елге келгеннен кейін бастадым.

Екіншісін ақтарып көрсем, жартысынан аз-ақ артық беттері толтырылған; біріншісі — түгел толтырылған.

— Мынау неге толтырылмаған?— дедім екінші дәптерді көрсетіп.

— Ондағы оқиға да әлі аяқталған жоқ,— деді Бүркіт жымиып.

— Не оқиға ол?

— Оқығанда көрерсің. Әзірге айтарым: бірінші дәптерде өз өмірімнің кезеңдері ғана жазылған; екінші дәптер екеуміздің жайымызда...

— Қойшы?!

— Рас!

— Онда оқу керек екен.

— Оқысын деп әдейі көрсетіп отырмын. Сүйсінетін де, сөгетін де жерлерің болуы мүмкін. Қайсысына болса да шыдаймын. Бір ғана шартым: ренжитін жерлерің болса, сөгуіңе бейілмін. Араздасуыңа жол жоқ.

— Мақұл.

— Әкел қолыңды осыған!

Екеуміз қол алыстық. Бүркіт дәптерлерін маған тастады да аттанып кетті.

Ол оралғанша, екі дәптерді де әлденеше рет оқып шықтым. Содан кейін ойлап қарасам, Бүркітті бұған дейін тануым, ендігі тануымның жүзден бірі ғана сияқты. Азғантай жасында не деген бай өмір кешкен!.. Жас басынан өмір талқысында қалай шыңдалған!.. Не деген шыншыл адам өзі!..

— Түгел оқып шықтың ба? — деді ол маған, оралғаннан кейін.

— Бір сөзің тастамастан!.. Әлденеше қайталап!..

— Ренжіген жерің жоқ па?

— Жоқ!

— Майлыбай үйінде қонуымды сипаттаған жерін оқығанда ше?

— Ол арасы менің саған деген сенімімді бекіте түсті!..

— Сені тануым рас болса, өзім де «сөйтер» деп сенген ем, Ақботам!..

— Бұл дәптерлерің Қәкеннің тойына келуіңді сипаттауыңмен ғана аяқталыпты ғой. Ар жағын жалғастырасың ба?

— Екеуміз ЗАГС үйінен қолтықтасып шыққанға дейін!..

Өмірінен мен білмейтін көп мәлімет бергеніне алғыс айттым да. дәптерлерін өзіне қайтарып бердім.

— Ал, Ақбота, сенен бір өтінішім бар,— деді Бүркіт, естеліктерін қалтасына салып жатып.

— Иә?

— Осындай естелікті сен де жазсаң қайтеді?

— Жаза алам ба мен?

— Мен білетін Бәтес екенің рас болса — жазасың!.. Менен артық та жазуың мүмкін!..

— Неге?..

— Маған сенің сезімталдығың менен әлдеқайда күшті сияқты көрінеді. Күнделік пен естелік сезім дүниесінің ісі. Ендеше, сенің жазғаның менен әлдеқайда терең болуға тиісті.

— Келістіре алмасам ше?

— Шамаңның келгенінше жаз!

Мен Бүркітке «жазам» деп ауызша уәде бермегенмен, іштей уәде бердім. Өйткені аз жасымда көрген бейнетім одан әлдеқайда аз болғанмен, сезім дүниесіне шомуым артық болмаса, кем емес сияқты. Және екеуміз бір киім сияқтымыз: ол — тысы, мен — астары; өз жағын мейлінше жақсы байқап, әдемі сипаттайтын Бүркіт, менің жағымды да біраз шолғанмен, астардың бүктесініне бұғып жүрген кейбір сырларымызды байқай да алмаған сияқты; ендеше, өз қабатымның сырын неге ақтарып, жұрт алдына жәйіп салуға тырыспаймын? Бүркіт өз дәптерінің беташырында айтқандай, күндердің күнінде менің де бұл жазғандарым кәдеге аспауын кім біліпті?

Осы оймен бүгіннен бастап, мен де қалың бір дәптерді шимайлауға кірістім. Бүркітке еліктеп, кіріспе сөзімді мен де «беташар» деп атадым...

1. ЕРКЕКШОРА

Менімше, жыныстық табиғатын жас шағынан-ақ, яғни ес кіре бастаған күннен-ақ сезінбейтін адам баласы болмауға тиісті. Адам түгіл хайуанат да бұны сезінеді ғой деймін, оған мал шаруашылығымен шұғылданған, ояу өмірінің бәрі баққан малдарының арасында өтетін ауылдан талай мысалдар келтіруге болар еді, оның бұл арада қажеті жоқ. Кейін тіршілік заңынан аз да болса мәлімет беретін сабақтық кітаптарынан көрсем, «жанды» дейтін хайуанат былай тұрсын, «жансыз» дейтін өсімдіктер де (ғылымның ұғымында олар да «жанды» ғой) жыныстық табиғатын өте нәзік сезінеді екен!..

Бұны айтып отырған себебім — қазақша «ес біліп», «етегін жиған» аталатын жасқа келгенге дейін өзімді өзім де «ұлмын» деп жүргенмен, жұрт та мені «ұл» деп

жүргенмен, «қыз» екенімді аяғымды апыл-тапыл басқаннан-ақ сезінген сияқтымын. Оған дәлелім, кіп-кішкене еркек балалар асыққа, бәкіге қызыққанда, мен ине мен қуыршаққа қызығып, «ұлмын» деп жүрген күндердің өзінде солармен ойнайтын ем. Ендеше, неге «отау иесі» атанатын жасқа дейін «ұлмын» деп жүрдім?..

Бұлай деуіме мен кінәлі емеспін, қазақ аулының салты кінәлі. Үлкендерден естуімше де, өзімнің байқауымша да, қызды қазақ, тіршілігіне жәрдемші мағнасындағы «бала» деп түсінген емес. Қалай түсінеді ол? Қазақтың «қыз» атаулысы түгелімен қалың малға сатылады. Қалыңды кім көп төлесе, қыз сонікі. Сатып алғанның аты «сатып алған», яғни күң, сондықтан жаратылысында адамгершілік қасиеті бар біреу болмаса, сатып алған қызды, сатып алған мал я мүлік сияқты көреді де, қалай ұстаса да өз еркі болады.

Оның бір мысалы, туған шешем Жәния. Мен ес біліп ержеткен уақытқа дейін әкем Мәмбет оны таяқ астында шірітті. Сонда, тым болмаса жазығы болсайшы-ау!.. Не шаруа бағуда, не тұрмыс салтында ешбір жазығы жоқ!.. Шаруашылықта, осы үйдің «отымен кіріп, күлімен шығады» дейтін күні; тұрмыс салтында, мол дәулеттің ішінде отырып, не жарқырап киім киген емес, өзгелеріміздің қатарымызда отырып ас ішкен емес. Киім жағынан кедейдің әйелінен ешбір айырмасы жоқ, астан ішетіні бізден қалған сарқыт. Жасы отызды жаңа орталағанмен, өз аулымызда я көрші ауылдарда болып жататын ойын-тойдың біреуіне барғанын көрген де, естіген де емен!..

Жұрттың айтуынша, «оның көңілі дүниеден қалған кісі». «Неге?» деген сұрауға: «бір кедейдің қызы еді, деп жауап береді олар, әкеңнің бәйбішесі пезент көтермеді де, қалың малын жығып беріп, бұны бала үшін алды. Жасы сол жылы он төртте еді. Сол уақыттың өзінде «Мәмбет қожа» деген дардай аты бар әкең, кедейдің қызын өзі барып әкелуді ар көріп, бәйбішесі Қарағызды жіберіп алдыртты. Бұнда келе, әрі әкең, әрі бәйбішесі бірдей қожаңдап, «отырса басқа, тұрса аяққа» дегендей, таяқ астында ұстады. Оның үстіне күні-түні салпылдаған жұмыс!.. Дүниеден, тұрмыстан осынша тепкі көрген кісінің көңілі қалмағанда, кімнің көңілі қалады?»

— Сондай қорлығын көре тұра,— деседі шешем туралы аянышты сөз айтатындар жас әйел боп желіккенін, ерінің «көзіне шөп салғанын» көрген де, естіген де жан жоқ.

— Шешең,— деседі олар,— алғашқы баласын он бес

жасында босанды. Онысы ұл еді. Бала көтермеген бәйбіше, ерінің көңілі ұл тапқан тоқалға ауып кетеді деп қорықты да, сол баланы кішкене күнінде өлтіртті.

Осы елдегі делқұлы біреуді жалдап, есік алдындағы жерошақта қайнап тұрған құртқа түсіріп жіберген!..

Одан кейін шешем, ұлы-қызы аралас жыл сайын бала көтереді де, алғашқылары бірер жаста өле беріп, он тоғыз жасында — Қәкенді, жиырма жасында — мені туады. Бәйбіше мені кішкене күнімнен бауырына салады да, кімнен туғанымды жұрттан естігенше, содан туған боп жүре берем.

— Қыз бола тұра, «ұл» дегені несі мені?! — деп сұрасам:

— Байғұс бала-ау, білмеймісің қазақтың ғұрпын? — деп жауап береді әңгімелесуші адамым,— жат жұрттыққа жаралған емес пе, қыз байғұс? Бойжеткесін малға сатылып кетпей ме ол? Одан кейін әке-шешеге пайдасы бар ма.. Ендеше, балам деп қайтеді оны? Әлденеше қызы бар, ұлы жоқ біреуден «балаң бар ма?» деп сұрашы, «жоқ» деп жауап берсін!.. Немесе қызы әлденешеу, ұлы біреу-ақ адамнан «балаң нешеу?» десең, «жалғыз-ақ десін!..

— Түсініктi,— деймін мен,— сонда «қызды ұл» деуден не пайда?

— Уақытша болса да өзін өзі алдауы ғой!..

«Ұл» болуымның тарихы осыдан басталған мені, әжем кішкене күнімнен ұлша киіндірді. Біреудің «жалғызы» әрі «мырзасы» болғандықтан, мен, әрине өте сәнді киінем бірақ, кейбір шын ұлдардың да үстіне қадайтын алтын, күміс, асыл тас сияқты жылтырауықтың ешқайсысын әжем денеме жолатпайды. Ауылдағы еркек балалардың да еркелері мандайына кекіл, шекесіне айдар қояды. Ал әжем маған оны да істемей, жаз түгіл қыстың суық айларында басымды ұстарамен тап-тақыр ғып қырғызып тастайды. Кішкене күнімнен мәпелеп өсіруден болу керек, мен өте аяншақ едім: бір жеріме қитықандай шөгір кірсе найза сұққандай, терімді әлдене жырса балтамен шапқандай бақыратынмын; тырнағымды алудың өзі маған саусағымды кескендей көрінетін; ал шашымды алу, басымды алу сияқтанып, қолы күшті әжем құшағына катты қысып отырмаса ұстара тигізбейтінмін, сонда да бақыра тыпыршып басымды бұлғақтата бергендіктен шаш алуға ең шебер деген адамның өзі, құйқамның әлденеше жерінен қан шығармай қоймайтын...

Сырт бейнемді сондай ғып ұстайтын әжем, «қызға

жолама, қызы жұғады» деп қатарлас қыздарды маңыма жолатпай қуатын.

Ұлдың да, қыздың да өз табиғатына сәйкес сөздері бар емес пе? Ескі ауылдағы ұлдың, әсіресе, ерке ұлдың жас күнінен аузы дағды алатын сөзі — боқтау. Қыздың аузынан боғауыз түгіл, әдепке жатпайтын сөз шығу, ауылдың салтында мүмкін нәрсе емес. Ал, «еркек орнында» дейтін кейбір жасамыс, би әйелдер, еркекшілеп те боқтап жібереді. Мысалы, менің әжем. «Боғауыз» аталатын сөздердің қайсысын болса да айтуға және еркекше айтуға, ол қандай жағдайда болса да қымсынған адам емес.

Мені де сол әдетіне салғысы келгені ме, әлде «ұлдық» есіміме жұрттың құлағын үйреткісі келгені ме, әжем тілім шыға, маған тентек ұлдар айтатын боғауыздың бәрін де айтқызып үйретті. Мен байғұс не сөз екенін түсінбей, ұятты аңғарған шағыма дейін, «боқташы!» деген адамның бәрін сыбай бердім. Сонда, әжемнің ұйытқуымен, ерекше сыбайтын адамымның бірі, туған шешем — Жәния. Неге боқтаймын сонда? Жазығы не оның?.. Түк те жазығы жоқ!.. Сөгіс сөзге еті өліп кетуден бе, әлде іштен шыққан баланың сөзін ауыр көрмеуінен бе, қалай сыбап жатсам да шешем ұрсу түгіл қабағын да шытпайды.

Әжем мені шешемді боқтатып қана емес, ұрғызып та үйретті. Бірақ ол таяқтың әкесін менен емес, әкем мен әжемнен жейді. Әжемнің жайын өздеріңіз білесіздер. Әкем «көзі ашық» адам бола тұра, бертінге дейін шешеме аса қатал боп, таяқтан көзін ашырмады.

Менің өтірік ұл боп жүруімді бетіме басатын балалар, сөз аңғаратын кезге жеткен шағымда, туған шешемнің де кім екенін дәттетіп беретін еді. Бұл сөзге алғаш жылағаныммен, кейін сенетін болдым; өйткені енді ғана байқасам, түр-тұлғам шешемнен айнымай, аузынан түсіп қаппын!.. Өңге кескінімнің дәл тартуын былай қойғанда, оң жақ ұртымның үстіне тарының дәніндей ғана боп біткен қап-қара меңім дәл шешемдікі. Осы сенім бойыма бекігеннен кейін, шешеме көрінеу көзге болысып, өзім бар жерде әкеме де, әжеме де ұрғызбай, араша түсетін болдым.

Менің болысуымнан ба, әлде мен жеті жасқа шыққанда, шешемнен ұл туып, атын «Сейіл» қойған бала аман өсуінен бе, әкем шешеме енді қол түгіл тіл де қатпайтын болды. Ерінің ау-жайына қарағандықтан болу

керек, ескі дағдымен ара-тұра шапылдап алғанмен, әжем де шешеме одан кейін қол жұмсамады.

Сыртқы түрін ұл ғып керсетем дегенмен, қыздың аты, «қыз». Қызға «ұлмын» деу, есін білгенге дейін ғана жарасады екен, одан кейінгі «ұлу» болғаның құрысын!... Не ұлдардың, не қыздардың тобына кіріп, ойынына қосылмаған өмірдің несі қызық!..

«Ұл» кезімде менің көрер бар қызығым, әкемнің я әжемнің қасына еріп, ауыл-үйді де, шетті де аралау еді. Жалған ұлдың жәйін түсінгеннен кейін, бұл қызық та мені бұрынғыдай еліктірмей, әкемнің де, әжемнің де қасына сараң еретін болдым. Сондағы сылтауым сабақ.

Біздің ауылда қазақ мектебі 1918 жылдың күзінде ашылды. Ол жұмысқа басшы болушылардың бірі — әкем. Он алтыншы, он жетінші жылдардың дүрбелеңінде атқа мініп, Амангелдіге қарсы шыққан топтың ішінде жүрген ол, біздің арада Совет өкіметі орнай сала ауылға қайтты да, мектеп ашу ісімен шұғылданды. Алғашқы кезде, ол мектепте сабақ та оқытып жүріп, келер жылы босанды, содан бері үй шаруасының жабдығымен шұғылданады. Бірақ «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі», «Шолпан» сияқты журналдарды, «Еңбекшіл қазақ», «Ақ жол» сияқты газеттерді үйге алдырып, бос уақытта қолынан тастамай оқып отырады.

Оқу жасындағы Қәкенге мектеп есігін аттатпаған ол, мені өз қолынан жетектеп апарды. Сабақты мен алғашқы күннен-ақ жақсы алып кеттім, соған қуанған ол:

— Егер осылай жақсы оқи берсең,— дейтін болды, бертінде,— жоғарғы жаққа қарай жіберіп, әуелі Торғайдан, одан кейін Орынбордан оқытам!

Мұғалімдердің бағалауынша, егер сабақ жарысындағы тізгінімді еркіне жіберсе, бұл мектептің «төрт жылдық» аталатын мерзімін, мен екі жылда тауысып кететін сияқтымын. Тізгінімді солайша тежегенмен, барлық класта да, барлық сабақтан да мен үнемі алда отырам, сондықтан үшінші класқа барған шақта, мұғалімдердің кейбірі әлдене себеппен мектепке келмей қалса, кластағы балалардың сабағын, оның орнына мен үйрете салам.

— Тек, тіл, көзден аман боп, дені сау боп, алдағы жылда төртінші класты бітірсін,— дейді мектептің меңгерушісі Балқаш,— содан кейін, әке-шешесінің ұлықсатын алам да, Орынборға апарып, үлгілі тәжрибе мектебіне өз қолымнан орналастырам. Онда екі жыл оқып, алты класты тәмамдағаннан кейін, институтқа жүйрік аттай

шауып өтеді. Жасы ол кезде де бәлкім жетіңкіремегенмен, бойшаң бала, ретін тауып өткіземіз!..

Балқаштың бұл жобасы іске асар ма еді, қайтер еді, егер, төртінші класты аяқтар жылы, ойда жоқ бөгет кездесе қалмаса!.. Ол бөгетім — Бүркіт.

Мен онымен ең алғаш өзінің үйінде кездестім. «Сыр бойына көшіп келген осындай жақын адамымыз бар, ерулік апарамыз» деп аттанған әжем, мені қасына ерте кетті. Соңғы бірер жылда бұндай жүрістен бойымды тартыңқырағандықтан, барғым келмеген қалпымды көрсетіп ем, әжем апаратын үйінің мән-жайын айтып, ықтияры ма қараған жоқ. Ол жолшыбайғы кеңесінде, бара жатқан үйіміздің адамдарын жекелей сипаттап отырып:

— Бұл арадан Сырға көшкенде, Бүркіт деген баласы кішкентай еді. Өзі шідер үзген тентек еді. Әлі де солай ма екен, әлде есейіңкіреген соң басылды ма екен?— деп қойды.

— Егер бұрынғы қалпы болды бар ғой,— деп қойды әжем бір сөзінде,— мазаны кетіреді ол!.. Бұрын не оның үйіне біз барсақ, не ол біздің үйге келсе, құтылғанша асық болатынбыз.

— Рас,— деп жүптеді Қиқым,— талай тентек баланы көре жүре бұндай тентекті ешқайда кездестірген емен!.. «Айтып сөз, ұрып таяқ өтпейді» дейтіннің нағыз өзі!.. Әке-шешесі де өзін тым шолжаңдатып, бетке қақпай жіберген!..

— Бопашжан,[1] байқа! — деп сақтандырды мені Қиқым,— маңына жолама!..

Бұл сөздерге құлағым елеңдеді де, мен сол тентекті көруге асықтым. Ал көрсем, әжем айтқандай, қазір есейіңкіреуінен бе, әлде жұрт бұрынғы қылығын, өсіріп айта ма, тентектік түгі де жоқ!.. Әсіресе — маған!.. Қонақ деп сыйлады ма, әлде «ұл» боп жүрген мен байғұсты мүсіркеді ме, әп-сәтте менімен үйір боп ойнап кетті. Әжем «Бүркіттің жасы биыл он үште» деген. Ал, бойына, қарасам, бұндай жастағы баладан әлдеқайда ірі. Мінезі ақкөңіл, аңқылдақ ойыншы!..

Үйінде төрт-бес күн мейман боп жатқанда, ол екеуміз бірге туған баладай және тату баладай дос боп кеттік. Ояу кезде жұбымыз жазылмай, қайда жүрсек те бірге боламыз. Кейде әдейі қытығына тиіп ашуландырайын десем, кеюдің орнына күліп жауап береді. Бойым үйрен-

[1]. Әжем мені солай деп атайтын. Б.

геннен **кейін** басының қырап, кейбір жағдайда жәбірлік көрсетсем, тулаудың орнына ырқыма көне береді.

Осылай достасқан біз, алғаш жолығып ажырасқаннан кейін, көріспесе тұра алмайтындай болдық. Әсіресе, Бүркіт. Толып жатқан сылтаумен, ол біздің үйден ат ізін құрғатпайды. Аса жақсы көргендіктен, оңаша кездескен шақтарда, неге екенін кім білсін, ол мені кейде «бота», кейде «ақбота» дейді; мен оны, әкесінің атауына қарап, кейде «Бөкенжан», кейде өз жанымнан қосып «Ақ Бөкен» деймін.

Сүйтіп жүргенде күз басталып, қыстауларына беттеген ауыл арасы алшақтап кетті. Енді не істеуге білмей жүрген шағымда, Таңатар аулында ашылған алты жылдық мектептің оқуы басталды да, Бүркіт төртінші класына оқуға келіп түсті, салығы біздің үйде. Екеуміз бір класта оқитын болдық.

Жырақ жердегі ауылдың мектебіне көлікпен бірге барып, бірге қайтатын Бүркітпен екеуміздің бұрынғы достығымыз сол қалпынан айныған жоқ. Әдетте, біз Таңатар аулына түйеге жеккен шанамен барамыз. Біздің ауылдан сабаққа баратын балаларды шанамызға кейде мінгіземіз де, кейде жеке кетеміз. Баланың ойынсыз күні жоқ. Біз де жолшыбай алысып-жұлысып, бірімізді біріміз шанадан құлатып, қарға аунатып, қар лақтырып дегендей... асыр саламыз... Сондай ойындардың ешқайсысында Бүркіт маған «сен қыз, мен ұл» деген ешбір белгі көрсетпейді...

Дағдылы күндердің біреуі. Күндізгі сабақты бітірген Бүркіт екеуміз, күн мезгілі кешкіріп, бұлыңғыр ауа қоюлана түскен шақта, түйеге жеккен жайдақ шанада, қалың қамыстың ішін аралаған жылтыр жолмен ауылға беттеп келеміз... Тымырсықтау аязды ауа райы, күн еңкейе шаңытыңқырап тұр. Кешке қарай жер бетін қалың жапқан тұманнан қаракүреңденген күн келбеті, сөніп бара жатқан шоқтай әлсіз ғана жылтырайды. Бұндай күндерде, далаңқы жерлерде «үрлесін» атты борансымақ боп, қар бетіндегі қырау ала-қаншықтана сырғи жүгіріп жатуға тиісті. Мектеп пен ауыл арасындағы жол, қалың қамыстың арасымен жүретіндіктен, көлдің беті тымық. Қимылсыз қалпында үстіне қалыңдай үйелеген қыраудан, әрбір қамыстың жуандығы сырғауыл боларлық қайыңдай көрініп, ауыр салмақтан белдері бүкірейіп, бастары төмен иіліп кеткен. Соңғы жұмада боран болмағандықтан, қары мен мұзы араласқан көкала жолдың беті майлаған қайыстай жып-жылтыр.

Балалардан оңашаланған Бүркіт екеуміз шана үстінде ойнап барамыз. Әуелі соқтығатын менмін. Бүркіттің бір мінезі ызғырық суықта өзге балалардай оранып-шымқанбай әрі ықшам, жеңіл киінеді де, қамзолша күзен ішігінің де, кеңірдек барқыт қамзолының да, көйлегінің де жоғарғы түймелерін салмай, омырауын далита ашып жүреді. Денесінің қызуы өзгелерден күштірек пе, терісі өзгелерден қалыңырақ па, өзгеміздің ашылған жерімізді үскірік аяз темірдей қарығанда, Бүркіттің аяз сүйген жері, жүнін жұлып отқа қақтаған құстың денесі сияқтанып, күреңдене бөртіп тұрады!.. Аяғына ол жеңіл ғана байпағы бар етік, бұтына жеңіл ғана сырмалы шалбар киеді. Басындағы түлкі малақайының бауын ешуақытта байламай екі құлағы салпақ құлақ ешкідей селтеңдейді де жүреді. Шешесінің қой терісінен жүнін ішіне қарата тігіп берген биялайын ол ешуақытта қолының басына ілмей, белбеуінің алдыңғы жағына қыстырып қана қояды. Белін әкесінің тұрқын қысқартып берген жалпақ кемер белбеуімен тас-түйін ғып байлап алады. Осы белбеуді ол, қысқы киімін шешкенде де тастамай, қамзолының сыртынан буынып жүреді. Өзге баланың беті аяз сорғанда қызара қалса, Бүркіттің қоңырсұрлау өңі сол қалпынан өзгермейді.

Мектептен күн сайын көңілді қайтатын Бүркіт, бүгін Таңатар ауылынан ұзағанша, әлдене себеппен үн-түнсіз бола қалды. Ол осындай күйге әр кезде түсетін, сонда мен, жадыратуға күшім жетпесе, қол күшімді жұмсап, сүйкеніп, қытықтап... дегендей, ілезде ырқыма көндіріп алатынмын. Қандай қылжағыма болса да, ол ешуақытта ашуланбайтын...

Бүгін де осы әдісіме бағып, жым-жырт келе жатқан Бүркітке, әуелі әлденемелерді айтып қылжақтап ем, әуліге қоймады. Қытықтап көріп ем, «қойшы, Бәтес!» деген сөзді салқын кескінмен ғана айтып отырып алды. Бір қызығы, мен өте қытықшыл адаммын, егер біреудің қытықтарын білсем, қолы тимей-ақ зәрем ұшып тұрады да, қолы тие қалса, кішкене баладан да жеңіліп, жанымды қайда қоярлық жер таба алмаймын; ал, Бүркіттің қалай қытықтасаң да қымсыну түгіл, бүйрегі бұлк етпейді!..

Бұл жолы да сол әдетіне баққан Бүркітті қайтсем де қозғау, көңілін өзіме аудару мақсатымен, жанаса берген бір күртіктен екі уыс қарды жентектеп алдым да, бейғам отырған Бүркіттің ашық омырауынан көйлегінің ішіне салып кеп жібердім. Жаланаш етіне суық қар тиіп шошынған шақта маған жалт қараған ол, ұстағысы кел-

гендей ұмтыла беріп еді, шанадан түсе қаштым, ол тұра қуды!.. Біздің ойынымызға көңіл бөлгендей, үсті басын қалың қырау жапқан түйе тұра қалды да, «ойындарыңнан от тұтанбасын» деп сақтандырған кескінмен «ауф» деп дыбыстап ақырын аяңмен жөніне жылжыды.

Қуған Бүркіттен қашқан мен, жол жиегіндегі қалың қамысқа үймелеген биік күртікке сүріне-қабына бұрын шықтым да, қарды уыстай жентектеп, Бүркітті атқылай бастадым. Оныма ызалана түскендей, лақтырған қардан бетін ғана қорғаған Бүркіт, бір биік күртіктің құлайберіс жарында қуып жетіп ұстады да, жас баладай көтеріп ап, кеудемді кеудесіне, бетімді бетіне тақай қатты қысып, ерніме ерні қадала қалды!.. Мен есімнен танған адамдай, не халге ұшырағанымды білмей қалдым!.. Сондай халімде, әлдекімнің: «Сүйер көбейсін!» деген даусы құлағыма сап ете түскенде, шырт үйқыдағы адамның үстіне мұздай суды құя салған сияқтанып, жалт қарасам Жұман!.. Мен жанталасқан жандай бұлқынып Бүркіттің құшағынан әрең босандым да, күртіктің ойпатынан домалай түсіп, таса-тасамен әрі қарай жүгіре жөнелдім!..

Сол бетіммен қаңғырып өлер ме едім, қайтер едім, егер аздан кейін артымнан «Бәтес!» деген Бүркіттің даусы естілмесе!.. Оған да тоқтамас па едім, қайтер ем, егер қуып жетіп ұстай алмаса!.. Оған да көнбес пе едім, қайтер ем, егер жалбарынышты сөздеріне жауап бермей бұлқынып ағыл-тегіл жылаған мені, Бүркіт ықтиярымнан тысқары тағы да құшақтай көтеріп ала жөнелмесе!.. Содан кейін бұлқынған жоқпын. Бірақ шанаға әкелгенге дейін де, отырғызғаннан кейін де, ауылға жетіп, үйге кіргенге дейін де, Бүркітке тіл қатқан жоқпын... Тіл қатуға күшім болған жоқ. Ызаға булығудан ба, ұятқа өртенуден бе — мана, Бүркіттің күштеуімен шанаға отырғаннан бастап көтерілген денемнің қызуы аздан кейін үдеп, тұлабойым жалындай лаулады да кетті.

Үйге жетіп қора ішіне кіргеннен кейін, шанадан тәлтіректеп әрең көтерілдім де, құлап кете жаздап әрең оңалдым. Бір жақсысы, бұл кезде мезгіл алакөлеңке боп қалған екен және ол маңда адам жоқ екен. Үйдің есігіне қарай сенделе басып жөнеле берген мені, даусында қорқу мен аяу үні сапырылысқан Бүркіт қолтығымнан дегемек боп жақындай беріп еді:

— Ұстама!..— дедім мен ыршып кетіп,— тәтем үйіне бар!.. Құдай үшін біздің үйге келе көрме!..

Не дерін білмегендей, Бүркіт аңырып тұрып қалды,

мен үйге кіріп кеттім. Шамы жағылмаған көлеңкелі үйдің ауыз бөлмесінде ешкім жоқ екен. Дуылдаған денем мен дірілдеген аяғыма әрең ие боп, қабырғаға сүйеніп төргі бөлмеге кірсем, бұрышта намаз оқыған әжемнің елесі көрінеді. Намазының сәлемі ме, әлде үйге кіргеннің кім екенін білгісі келді ме, босағадағы ағаш төсекке беттей берген маған әжем одырая бір қарады да, ғибадатымен шұғылдана берді... Мен үстінде көрпелер жиюлы, тапалтақ, кең ағаш төсекке әрең жетіп, үстіне созыла әрең шықтым да, бетімді мамық жастықтың ішіне көме, етбетімнен жата кеттім. Сол кезде қызуы тағы да күшейе түскендей болған денем, отқа қақтаған қорғасындай балқып бусады да кетті. Аспаннан түскен қалың жаңбырдың тамшылары жыраға жиналып су боп ағуы сияқты, денемнен көтерілген бу көзіме жиналғандай, ал кеп ағылтегіл жыла!.. Тегі, жылау үстінде өзіме өзім ие бола алмай, өксіген даусым шығып кеткен болу керек, онымды әжем намаз үстінде-ақ естіп қалған болу керек, аздан кейін нақ қасыма кеп, «немене, Бопашжан?» деп сұрады. Мен жауап бермеген соң, өксуімді доғармаған соң, әжем әуелі басымды, одан кейін тамырымды ұстап көріп:

— Құдай-ай, сақтай гөр!.. Ауырып кепті ғой, мына бала!.. Не болды, қалқам?! — деп еді, мен тағы да жауап бермедім, жатқан қалпымды өзгертпедім...

Әжем өте қарулы кісі еді. Мықты жігіт әрең көтеретін жүкті, қолы тисе жұлып алатын. Қайраты сондай әжем, менен тіл ала алмауына, ырқына сөзбен көндіре алмауына көзі жеткендей, не халге ұшырағанымды алдына өңгеріп ап білігісі келгендей, тырмысуыма қарамастан, төсектен құшақтай суырып алды да жерге отыра ғап бауырына басты. Сол шақта ауыз бөлмеден әлдекім кіре берді.

— Жапашпысың? — деді оған әжем.

— Иә! — деген даусы естілді шешемнің.

— Мына бала ауырып кепті,— деді әжем үрейленген үнмен,— денесі өрт боп күйіп барады. Үшкіртіп жіберетін әкесі де үйде жоқ! Пұшық шешейді шақыра қойшы, ұшықтап берсін!..

Пұшық шешей де тез келіп жетті. Денемнің қызуын көрген ол: «Мана үйге ұшықтап кіргізу керек екен!» деп өкінді де, «қорықтық құяйын» деп, ауыз бөлменің пешінде жанып жатқан отқа темір шабаланы қыздыртты. Қып-қызыл болған шабаланы шешем алып кеп төбеме ұстағанда, үрейленген мені әжем құшағына қаттырақ қысып алды да, пұшық шешей, қызған шабаланың үстіне

суды борылдата құйды. Зәрем кеткен мен, әжемнің кең омырауына басымды қалай сұғып жібергенімді білмей де қалдым...

Бірақ қорықтық құюмен, денемнің күйіп-жануы басылудың орнына үдеп кеткен сияқтанды. «Бәтес ауырып қапты» дегенді есітіп көрші-қолаңнан көңілімді сұрауға келгендерді, «түнде көңіл сұрамас болар» деп, әжем ауыз бөлмеден бері аттатпады.

Жолаушылаған әкем ол түні келе қоймады... Өкпем алқынып, жүрегім өрекпіп... дегендей түні бойы дөңбекши аунап, көрер таңды көзімнен атырдым. Сонда, қасымда отырған әжем ара-тұра қорылдай қалғып кетсе, есік алдына қисайған шешем қит еткен қимылымның бәрін, сезіп, жастығынан басын көтеріп алады. Әжемнен қорқатын байғұс сонда да жолай алмай: «Не керек еді?» деп дыбыс қана береді, сол дауыстан әжем де оянып кетеді...

Бір сәтте қалғи қаппын.. Әлдене дыбысқа оянып кетсем, есіктен Қалиса кіріп келеді екен. Терезеге қарасам, күн түске тармасып қапты. Мен үйдің төрге жақындау бұрышында жатыр едім, бұл үйдің келіні болғандықтан, ол араға келуге хақысы жоқ Қалиса, босағада тұра ғап:

— Қалайсың, Еркежан? — деді.

Сырқат адам ондай сұрауға, әдетте «тәуірмін» деп жауап беру керек. Мен оны айта алмадым, себебі бірінші ден, ку Қалиса неге сырқаттанғанымды алдақашан білуге тиісті, сондықтан не деймін оған жауап бергенде? Екіншіден, тұлабойымды байқасам, түндегі күйіп-жануы бәсеңдегенмен, қызуы әлі де күшті және ауыр ойдан ба, әлде қызудың салдарынан ба, басым қатты зеңгіп қапты.. Кезерген сияқты ернімді тіліммен жалап көрсем, қағы кепкен шақат жердің бетіндей тілімдене жарылып кетіпті... Осындай халде, сұрауына жауап бермей кескініне жаутаңдай қараған маған:

— Бәрін де естідім,— деді Қалиса, жаны ашыған кескінмен,— байқамаған екенсіңдер, байғұс балалар!.. Қайдан байқасын! — деді ол өзіне өзі,— қауызынан жаңа ашылған бейшаралар, үстіне кеп қай шыбын-шіркейдің қона қаларын қайдан білсін!..

Қалиса бетін теріс бұрды да, жаулығының бұрышымен көзін сүртті.

— Бөкен қайда?— деп қалдым мен оған, ықтиярымнан тысқары.

— Үйіне кетті.

— Үйіне?!

— Иә, үйінеl.. Жұман иттің жемсауын тығындамаса, айдай әлемге жәйіп масқара қылмай ма?.. Соған бірдеме алып келуге кетті..

— Онда айтпас па екен?

— Қайдам. Көмекейі кең ит еді. Тойымдығы да аз болушы еді. Жалмауыз ит тоймай сілені қатырып жүрмесеl..

Бұл сөз көңліме тағы да қобалжу сала бастады.

— «Отыз тістен шыққан сөз, отыз ру елге жайылады» депті, шырағым,— деді Қалиса кейіген қабақпен.— Қайткенде де ел естітін сөз бұл. Жастарыңның жетіп тұрған да шағы емес: «Ести берсін, совет заманы, еркімізбен қосылсақ, бізде кімнің не жұмысы бар?» дей салатын. Ондай жасқа жеткенше, бірталай уақыт бар әлі. Ескі заман болса, бұл хабар жетісімен-ақ, қайын жұртың сойылын сүйретіп қалың қолмен келіп қалар еді де, дүмді неме шаңырағыңа қобыз ойнатып зықыңды шығарар еді. Әкең оған төтеп бере алмас еді. Қазір оны істей алмайды, совет заманы!.. Әйелге бостандық берілген заман! Бірақ олай екен деп, бұғып та жатпас сасық ит. Көрінеу шаппағанмен, астыртын жұмысын жүргізіп-ақ бағар. Әлі де байлыққа сатылатындар жоқ емес. Ақшасы көп ит, әркімдермен жең ұшынан жалғасып, талай саққа жүгіртеді бұл жұмысты!..

— Осы сөздерді неменеге айтып отырсың, маған? — дедім Қалисаға.

— Жәй, әншейін, сөздің сырағысы да,— деді Қалиса,— әйтпесе, совет заманында кімді кім жей қояр дейсің. Тек, құдайдан, бұл істе сенің әкең мен Бүркіттің әкесінің өзара ауыз біріктіруін тілейік!

Қалисаның соңғы сөзі көңліме ұялай ғап, ішімнен мен де соны тіледім.

— Сонымен,— деді, кескіні әлі де тілек үстінде сияқты болып отырған Қалиса,— еркекшора боп далдандайтын дәуірің басыңнан өтті. Сен енді «ұл» емессің, қызсың!

Мен үндемедім. Несіне үндеймін, рас!..

2. БОЙЖЕТКЕН

Сырқатымнан мен жұмаға жақын уақытта әрең айықтым. Онда да ыстығым қайтып төсектен тұрдым дегенім болмаса, сүзек болған адамдай сұлдерім құрып, тәлтіректеген аяғымды әрең басам. Кескін-кейпімнің қандайлығын көргім кеп, бір күні айнаға қарасам, өңім сақарға

салған сүйектей құп-ку; жағымның еті суалып, екі ұртым ішіне кіріп кетіпті; көзімнің қарашығы бозарыңқы тартқандай өлеусіреп, бұрын әппақ сүттей кіршіксіз көрінетін ағы, қарғаның қабығы аршылған жұмыртқасындай қаракөк түске айналыпты; қаны кетіп кезерген ернімнің түсі, қайнап тұрған суға малып алған еттей боп-боз; кеше ғана топ-толық, жұп-жұмыр мойным қылдырықтай боп, біреу басымды қаттырақ қозғаса үзіліп кетерліктей боп тұр!..

Бұл қалпыммен төсекте әлі де жата тұрар ем, егер үй ішіндегі естияр жандардың қабақтары аса қатыңқы болмаса. Оның себебін Қалисадан сұрасам, Бүркітпен арамызда болған оқиғаны әкем де, әжем де, шешем де естіпті. Ол ол ма, Бүркіттің құнанын жарып тастауы да: сол себепті біздің ауылға келе алмауы да әке-шешелеріме жетіп қапты. Үміт еткен алымы қолына тимегеннен кейін, Жұман және оның өсекші қатыны — Бике, Бүркіт пен менің жайымда ел арасына нелер сұмдық сөздер таратыпты. Осы әңгіме қайын жұртыма да жетіп, не боп жатқанын білуге, біздің үйге Сасық жіберген жігіт те келіп кетіпті. Осынша қаулаған өсекті есту әкем мен шешелеріме оңай боп па?.. Бойжеткен қыз болсам бірсәрі, мен әлі он екі жастағы баламын ғой!.. Әкем мен әжем бұл әңгімеге жандары ауыратындығын бетіме айтпағанмен, «бала басыңмен осынша атаққа таңылатын не болды саған?!» дегендей кескін-кейіптерінен аңғартады да, мен одан ұялып жерге кіре бастаймын. Ұялғанмен амалым не? (Кейін кітаптардан көрсем, бұндай халге түскен адам, өзін-өзі өлтіреді екен. Ондай «үлгі» барын білмейтін бала басым, өсектің салмағы жанымды да, тәнімді де қанша басып езгенмен, өліп қалмаған соң шыдай берем. Әке-шешемді де аяймын. Бірақ амал қанша?!.)

Өлмешінің халімен инеліктей қатып жүрген күндердің біреуінде, әкем бір жаққа жолаушылай қалды да, ол аттана сала, біздің үйге ауылдың қатындары жинала бастады. Сөз әлпеттеріне қарасам, бұрын ұлша киініп жүретін мені, енді қызша киіндіріп, абысын-ажынның ғана тойын жасап, су-суан ішпек. Бұл тойды туған шешем Жәния жанжал шығарып жасатпады. Әжем мен оның кешеден бері ілінісіп, қабақтары келіспей жүргенін сезгем, бірақ неге екенін білмегем. Үйге бірнеше қатын жиналып келгеннен кейін:

— Ал, тоқал, тұр, шай қой!.. Қазан көтер! — деді әжем шешеме.

— Немене, бастаңғы жасайын деп пе ең байыңа? — деді шешем ұнатпаған дауыспен.

— Сөзді қойсайшы!— деді әжем бұйырған дауыспен.

Әжемнің ондай даусынан ығысуды шешем алдақашан қойған. Соңғы бірер жылдарда ол әжем «е» десе «ме» деп, бетін қайтарып тастайтын; әкем де әжемнің уытқыттауымен шешеме бұрынғыдай міне түспей, кейде, көзін ғана алайтатын; ал кейде: «Сендер-ақ сиыспайтын болдыңдар-ау, осы! Бірің өл де бірің қал!» деп шығып кететін; сөзі өтпейтінін аңғарған әжем, бұрынғыдай бейпіл тіліне ерік бермей: «Құрық алып кеттін-ау, қу тоқал!» деп кіжінетін де қоятын.

— Неге қоям?— деді шешем әжемді жеңіп алған дағдысына бағып, өршеленген дауыспен,— немене боп қапты, сонша асығатын? Қазақ аузына келгенін оттай береді. Сүттен ақ, судан таза баланы жасына жетпей жұлмалап қызша киіндіретін не қысыпты бізді?

— Сен олай деме, Жәния!— деді, Құба-екемнің[1] бәйбішесі Салиқа, сабырлы ақырын дауыспен,— «Он үште отау иесі демей ме? Бір-ақ жыл қалған жоқ па, Бәтестің ол жасқа жетуіне?.. Енді еркек балаша сидандатып қайтесің оны?.. Ер баладан қолдарың құр отырған жоқ. Тілаузымыз тасқа. Сейілжан да жігіт болып келеді. Ата-анасының жоралғысы. Енді Бәтесжанға қызша киінгені жарасады.

— Дұрыс сөз! — деп ду ете түсті өзге әйелдер.

Салиқа шешемнің сыйлайтын адамы болушы еді, сондықтан оған қатты жауап қайырмай:

— Құдай қыз ғып жаратқан соң, қыз болмай қайда кетер дейсің,— деді шешем, көніп қалған бейнемен,— бірақ не кигіземіз сонда? Өзіне арнап тігілген киім жоқ. Көкеннің ескісін кигіземіз бе?..

— Мен оны кимеймін!—дедім де шығып жүре бердім.

Артынан Қалисадан естісем: «Баланың өзі де көнгендігін білдіріп кетті ғой,— депті қатындар,— Көкеннің ескісін кимеймін деуі дұрыс. Бар кісінің баласы бола тұра, неге кисін ондайды? Киімдерді арнап тіктіру керек те, жол-жоралғысын содан кейін жасау керек.

Осыған көнген әжем, қатындарды таратады да, әрі түрлі маталар салынған сандықты Қалисаға аштырып, жаздық киімдерге лайықтыларын алдына қояды да, мені шақыртады. Қашқалақтамай Қалисаға еріп үйге кірген маған:

---

[1] «Құба-еке» деп әкемнің ағасы — Қоцыр қожаны айтамыз. Б.

— Келе ғой, күнішегім, — деді әжем өзеуреп, құшағын жайып,— мына маталардан көңліңе ұнағандарын айта ғой. Қалиса жеңгең әдемілеп пішсін де, жақсылап тігіп, үстіңе кигізе қойсын.

Өзгеруге қажет болған шақта, адам тіпті тез өзгере ме, немене бұған дейінге дағдымша, әжемнің кең жайған құшағына кіріп кетпей, селтиіп үнсіз тұр едім:

— Келін! — деді ол қылығымды ұнатпағандай болған әжем, Қалисаға,— баланың қай ұнатқан матасын ал да, анау ситсалардан екі көйлек, сәтеннен бір көйлек, биқасаптан жеңді-жеңсіз қамзол піш, содан кейін үйіңе апар да тік!

— Қайсысын таңдайсың? — деді Қалиса маған.

— Бәрібір!

— Ендеше бойыңды ғана өлшеп алайын,— деп Қалиса көйлектік ситсаның енін жаза бергенде, үйге көнек ұстап шешем кірді. Матаны иығымнан төмен қарай салбыратып өлшеуге айналған Қалисаға:

— Етегін асығынан төменірек түсіріп піш! — деді әжем.

— Қайтетін едің сонша төгілдіріп?— деді шешем, көнегін жалма-жан жерге қойып, маған қарап,— тізесінен аз-ақ төмен түссе де жетеді.

«Қайсыңның тіліңді алайын» дегендей, Қалиса әжем мен шешеме кезек қарап еді:

— Менің айтқанымды істе! — деді шешем.

— Сонікі-ақ болсын! — деді әжем.

Қалалық жерді білмеймін, біздің маңайдағы ауылдық жерде, киімді Қалисадан пішкіш те, тіккіш те адам жоқ деседі. Елдің әдемі киінгісі келетін мырзалары ат жетер жерден кеп Қалисаға киім тіктіріп әкетеді. Қызын ұзататын байлар да Қалисаға жалынышты. Пән мінезді Қалиса олардың ілуде біреуіне ғана барып, үйінде жұмалап жатып, қыздың салтанатты киімдерін сәндей тігіп, бітіріп қайтады.

Сондай міністер қолды Қалисаның қолынан пішіліп тігілген киімдер, денеме түгелімен қона кетті. Сөйтіп мен, бір күннің ішінде ұлдан қызға айналды да кеттім... Бірақ әп-сәтте сыртым қыз бола қалғанмен, «ұлмын» деп жүрген мен сияқты бейбаққа, іштей қыз бола қалу қиын екен. Қыздың киімін кигенмен, әуелгі кезде сол киіммен көптің көзіне көріне алсамшы!.. Бірталай уақытқа дейін, өзімнен өзгенің бәрінен жерге кіре жаздап, қаракөлеңке шаққа дейін тысқа шықпай, мешел адамдай үйде отырып алатын болдым.

Сөйтіп жүрген күндердің біреуінде, іңір арасында тысқа шығып, алыста шөгерілген шоғыр түйенің ішіне барып ем, ауыл жақтан қаранда көрінген екі кісі бері қарай беттей берді. Үйде бір қонақтар бар еді. Екі адамды мен соларға жорыдым да, ербие қалуға ұялып, түйелердің арасына бұға қойдым. Жақындап келген олар менің нақ қасыма кеп отырды. Дауыстарынан таныдым: бірі — әкем, бірі — Жұман.

— Сасық құданның сәлемін айтайын деп шақырдым,— деді Жұман әкеме.— «Дүние осы бетімен кете берсе амал жоқ,— деді құдаң,— өйтпей, біздің қолға да қарға қонар заман болса, жесірімді жіберіп тірі отыра алмаспын. Тіпті совет заманы бекіп қалған күннің өзінде, бұл намыстың жолына, жетсе малды төгермін, жетпесе басты берермін».

— Сонда не қыл дейді, Сасық нағашың?

— Оның айтатыны: «Әбеумен және Жақыпбекпен ішін-ара келістім. Әбеу баласын («баласы» деп отырғаным Бүркіт қой) Жақыпбекке қосып, Орынборға оқуға жіберетін болды, Жақыпбек баланы көндіріп алып кететін болды. Бала нағашысының сөзіне көнген де сияқты. Бірақ ол «Бәтесті ала кетеміз» дейтін көрінеді, бала айнып қала ма деп, нағашысы «сөйтсек сөйтерміз» дейтін көрінеді.

— Иә, хош?..

— Сасық пен Жақыпбек ақылдасып былайша келіссе керек: егер Бүркіт үйінен аттанғанннан кейін бұл үйге соғам десе, Жақыпбек «қарсы болмаймын» депті, «бірақ сол кезде әке-шешесі қызды алып қалудың, Бүркітті оқу жолынан тоқтатпаудың амалын тапсын депті. «Ол амалды Мәмбет қожаның өзі тапсын,— деді Сасық нағашым,— кесір баланы арандатып алмасын, қызын көндірсін де, салмақты соған салсын!»

— Қандай салмақ бар оған? — деді әкем.— Бойжеткен бала емес сөз көтеретін. Жап-жас балаға мен не айта алам, жұмсаған адамым не айта алады?

Екеуі де ойланғандай, аз уақыт үнсіз отырып қалды.

— Мәке! — деді Жұман, әлден уақытта, әкеме.

— Әу.

— Мынадай бір амал қолданса қайтер еді?

— Қандай? — деді әкем елеңдеп.

— Құба-екеңнің ғой, мінезінің қаттылығын осы емпеніядағы дүйім жұрттың бәрі біледі?

— Солай деседі ғой жұрт.

— Бұл салмақты соған салсаң қайтеді?

— Қалайша?

— Мысалы, Жақыпбек пен Бүркіт осында келеді екен дейік. Қашан келерін білдіріп тұрайық. Олар келген күні Құба-екең Бәтесті үйіне алсын да, тұсағандай ұстап отырсын. Жақыпбек алып кетем деген болсын. Сен де «жіберем» деген бол. Сонда, Құба-екең пышағын қолына алсын да, «мен тіріде әкете алмайсың» деп қасарсын да отырсын. Не істейді оған?.. Жаманатты Құба-екең болады да қояды. Милициямен тартып әкететін бойжеткен қыз емес.

— Тапқан ақыл болар, осы! — деді әкем Жұманға.

— Ендігісін Құба-екеңмен ақылдасайық,— деп екеуі түрегелді де, ауылға қарай кетті. Ол кеңестер алғаш менің сезімімді ауырлатудың орнына, тыңдауға қызық сияқтанды. Бәрінің жиналып, қаршадай екі баламен күресуін-ай!..

Сөздерінің ауырлығын олар ұзаңқырай бергенде сездім. Жақыпбек пен Бүркіт біздің үйге әнеукүні келіп түстеніп кеткен. Сонда Бүркіттің Орынборға оқуға кететінін естігем де, елеусізде «мені де ала кет!» деп тіл қатып қалғам. «Жарайды» деген Бүркіт. Сонда, балалық байғұс бағымызға алдымыздан мынадай бөгет кездеседі деген ой келіп пе? Енді, бұзып көрейік, мықты болсақ бұл бөгетті!.. Жоқ, қиын оны бұзу!.. Өңгені емес, Құба-екеңді көндіру қиын!.. Неге?

Оның жаратылысына біткен бір мінез, үлкені болсын, кішісі болсын, әйел жыныстағы адам атаулының бәрін де иттің етіндей жек көреді. Оның үстіне жеңгелері сияқты немесе атақты бәйбішелер сияқты қартаң біреулер болмаса, әйел батып кіре алмайды. Алдажалда өзінен жас біреу-міреуі кіре қалса, Құба-екең шығып жүре береді де, ол үйдің арнап асқан тамағына да келмей қояды. Бақайшағына дейін діншілдік ағып тұрған ол, Мұхаммет пайғамбардың «қыз тоғызға жеткен соң балиғ болады», яғни «ержеткен әйел саналады» деген шариғатын қатты қолданып, жасы тоғыздан асқан қызды да үстіне кіргіздірмейді. Оның әйелді жек көретіндігі сондай: өзінен туған жалғыз қыздың өмірінде мандайынан иіскеген, я маңына жолатқан кісі емес дейді. Он үш жасында біреуге беріп жіберген сол қызына өзі де бармаған, үйіне де келтірмеген...

Қызға осылай қарайтын оның өлердей таяқ жегені де бар. Бұдан он бес-жиырма жылдар бұрын Құба-екем Арақарағай аталатын жердегі қайнына көшіп ба-

рып, молдалық құрса керек. Бір күні іңірде, әлдекайдан салт келе жатқан ол, ағаш жиегіндегі сайда жидек теріп жүрген бір топ кішкене қыздарға кездеседі. Оларды шайтан деп ойлаған Құба-екем иманын үйіріп кеп, кішкене қыздарды қамшының астына алады. Таяқ батып бақырып жылаған қыздар, Құба-екемді таниды да:

— Бізді неге ұрасың, Құба-еке? — деп шуласады.

— Япырай, мына малғұндардың атымды біліп алуы-ай! — деп сояды Құба-екем.

Сол маңайда пішеншілер жатыр екен дейді. Бақырған балалардың даусын естіп жүгіріп келген олар, Құба-екеңе:

— Бұның не? — деседі.

— Осы маңай шайтанға қаптап кетті! — дейді Құба-кең.— Көздерің көре ме?..

— Қәне? — десе:

— Міне! — деп балаларға қамшы үйіріп тағы ұмтылады.

Сол арада пішеншілер Құба-екемді ұстап алады да, «мәссаған шайтан!»» деп, аттан аударып алып, өлердей сояды. Балалардың біразы қатты таяқ жеп өлермендік халге жеткен екен дейді: Соны көрген қайыны, «басыңның аманында кет бұл елден!» деп, Құба-екемді туған ауылына қайтарып жібереді. Одан кейін ел аралап бала піштіруден басқа кесіп істемейді.

Оқымаған надан ауыл оны ғұлама көргенмен, бертінде байқасам, өзге түгіл құранды да дұрыстап оқи алмайтын, дін кітаптарының қарасын танығанмен, өз қолынан өз атын да жаза алмайтын қараңғы кісі екен. Сол қалпымен діншілдігі сұмдық: ас ішкеннен, ұйқыдан, жиынға барғаннан басқа уақыттарда, жайнамаздың үстінен түспей шоқаңдайды да отырады. Жайшылықта оң қолынан тасбиғы түспейді. Екі сөзінің бірі — «Сұбхан алла!». Ол ешкіммен де шүйіркелесіп сөйлеспей, қайда болса да қабағын қарыс жауып тұнжырайды да отырады. Түсі де суық-ақ өзінің: кескіні қап-қара, қабағына біткен қастарының өзі көсе адамның сақалындай желкілдейді, орағыта біткен қоңқақ мұрны кіші-гірім келісаптай, екі шықшытына және иегіне шоқтала біткен үш тарам көмірдей қап-қара ұзын сақалы, таңқита қырған мұртының ұртынан төмен созыла салбыраған ұзын сапары, топтала қадалып тұрған сүліктерге ұқсайды, үлкен қара көзінің үстінгі еті топ-томпақ боп үнемі ісіп жүреді, қара бұлт-

тай жабылған қабағы ешуақытта көтерілмейді, адамға сүзетін бұқадай қарайды... «Ұл» боп жүрген кішкене шағымда, осы Құба-екеме еркелеп барып қалам деп, «кет, малғұн!» деп ақырғаны бар. Содан қайтып маңайына жолаған емен... Әйелі Сақпан жұмсақ мінезді адам. Бірақ ерінен қорқа ма, әлде сыйлай ма, бетіне қарсы келмейді, ырқына көне береді, сондықтан ғой деймін, мені үйіне, тек ері жоқта ғана шақырып, кейде қондырып, ері барда маңайлатпайды. Неге екенін кім білсін, әкем де ағасының алдында құрдай жорғалап, айтқанын екі етпейді... Осындай адамның еркіне салса, мені оқуға өлсе жібере ме? Бұрын «сені ілгері жіберіп оқытам» дейтін әкемнің түрі анау!.. Енді не істеймін?

Басым осындай оймен дал болып жүрген шақта Жақыпбек пен Бүркіт кеп қалды. Бүркітке мен оңаша жолықтым да әкем мен Жұманның мені оқуға жібермеуге құрып жүрген айлаларын айтып бердім. «Нағашым күш салмаса, басқа күшіміз жоқ» деді Бүркіт. Біраздан кейін әкем мен Жақыпбек оңаша шығып сөйлесті. Бүркіттен содан кейін сұрасам: «Билік ағамда еді,— депті әкем Жақыпбекке, сөйлесіп көрейін, көндіруге тырысайын».

Ол күні біздің үйге қонатын Жақыпбекті, жақын жердегі ауылдың бір байы қонаққа шақырды. Бүркіт те бірге кетті. Олар жөнеле салысымен, қолына аса таяғын ұстаған Құба-екем үйге түтене кіріп келді де, әкеме ақырған дауыспен:

— Бәтесті оқуға жібермек болдың ба? — деді.

— Сондай сөздің болғаны рас! — деді әкем, қаһарлы түспен қасына жақындаған Құба-екеме, асамен салып қалар дегендей, отырған жерінен әрі қарай ығысыңқырап. Құба-екемнің әкемді ашуы келгенде ұрып тастайтыны болатын, әкем оны көтере беретін.

— Кім ол сөзді шығарған?

— Әлгі Жақыпбек «әйел балалар да оқып жатыр... ала кетейін...» деген соң...

— Неге ала кетеді ол, әке-шешесі бар, күн көретін дәулеті бар жап-жас баланы?..

— Енді... айтқан соң...— деп әкем күмілжи беріп еді:

— Мәссаған, «айтқан!» — деп Құба-екем әкемді асасымен иыққа салып кеп қалды. Жасқанған әкемді тағы да ұрмақ боп асасын көтере бергенде, үйде отырған бір шал, «араша!» деп қолынан ұстай алды.

— Жібер! — деді Құба-екем шалға, бұлқынып,— жоқтауын бір-ақ асырайын!.. Өзің ғой, бұл сұмдықты ойлап шығарған!.. Жақыпбек айтатын,— кімнің қызын мінгізіп келе жатыр арбасына?.. Қызды айдаладағы біреуге ертіп, әлдеқайда оқуға жіберу деген не сұмдық?.. Бойжеткен қыз болсайшы, тым болмаса!.. Қаршадай баланы қалай жібермексің?.. Қәне, жіберіп көр, мықты болсаң!..

— Әй, қатын! — деді Құба-екем, сол мезетте үйге кіріп келген Сақпанға,— апар, анау Бәтесті біздің үйге!..

— Неге?

— Не әкеңнің құны бар «неге» екенінде! Апар, «апар» деген соң.

Құба-екем әйелін жарбаңдап ұра бермейтін, ал егер анда-санда бір ұра қалса, талдырып тастамай тынбайтын. Долы мінезді ол ешкімге араша бермейтін. Арашалаймын деген адамның өзін бассалып сабайтын болған соң, «өз қатыны, өлтіріп тастаса да мейлі!» деп, әйелін айғай-ұйғай шығарып сабап жатқанда жан адам бармайтын.

Мына жолы, әдейі бізге көз ғып істеп тұр. ма, әлде расы ма — «апар!» деп ақырғаннан кейін, «айтқанын орындамасам ұрып тастар» дегендей, Сақпан маған ұмтыла беріп еді, мен қашып барып әжеме тығылдым.

— Қарағыз!.. Бер баланды! — деді Құба-екем әжеме ақырып.

— Бара ғой, қарағым! — деді маған сыбырлап,— әйтпесе, шетіміздеп қырата сабайды..

Сақпан мені әжемнің артынан сүйреп алды да шықты. Зәрем ұшып кеткен бе, немене, тұлабойым безгек болған адамдай қалтырап, жылағым келгенде, көзімнен жас та, даусым да шықпай қалды. Қасқырдың қалың қойдан лақты ала қашқан аш қаншығындай, қолыма тиген Сақпан, «аяқ-қолымды жерге тигізбей» дегендей, дедектете сүйреп үйіне алды да кетті...

Сақпан ол күні мені қасына алып жатты. Күндегі дағдысы ма, әлде қауіп күткен адамдары мені ұрлап я тартып әкетер деп қорқудан ба, Сақпан жатар алдында, есікті ішінен қыл арқанмен шандып байлап тастады. «Одан да қапы болармыз» дегендей, фонарь шам жағылып, ағаш төсектің бас жағындағы адалбақанға ілінді де, төр алдына төселген жайнамаздың үстінде Құба-екем намаз оқып отырып алды.

Мен олденеге елегізіп, таң атқанша көздің шыры-

мын алған жоқпын. Неге екенін кім білсін, сол күні түнде ауылдың иттері де мазасызданып түні бойы шәуілдеп үріп шықты. Олар өзара таласып қалысты ма, әлде қасқыр кеп таласты ма, анда-санда шаң-шұң, арсұрс етісіп те қалады. Иттерден бе, қасқырдан ба, қотандағы қойлар да бірер рет үркіп, ауылдың әлдекімдері иттерді айғайлай айтақтап дүбілді. Мына мазасыздыққа елегізгендей, сиырлар мен түйелер де ыңылдасып, кейбірі үйге де сүйкеніп кетіп жатты... Бұған намазға ұйып отырған Құба-екем де мазасызданып, үйге сүйкенген малдарға: «Һа, былай!.. шөк!..» деп дыбыс та беріп қалды... Бірақ бұндайда далаға жұрттан бұрын жүгіріп шығатын Құба-екем, есіктің байлауы шешілсе-ақ, хауіп күткен адамы кіріп келердей отырған орнынан ыңыранып қана қозғалғаны болмаса тырп етпейді....

Таң ата қалай қалғығанымды білмей де ғаппын. Әлдекім оятқанға көзімді ашсам — Сақпан.

— Кісі келеді, тұр, шырағым! — деді ол.

— Кім?

— Жақыпбек...

Неге екенін кім білсін, тұлабойым қалтырап кетті. Орнымнан тәлтіректей тұрған қалпыммен, жеңіл киімдерімді үстіме әрең іліп үлгерген шағымда, құман ұстаған Құба-екем кірді де, маған заһарлы көзбен бір қарап қойып, дағдылы орнына отырып, тұнжыраған түспен төмен қарап тасбиғын тарта бастады. Мен жұынбастан ағаш төсек пен жүктің арасындағы қуысқа шөке түсіп отыра қойдым, Жақыпбек пен Бүркіт кіре берді. Денемнің қалтырауы күшейе түсті... Сондай халде Жақыпбек пен Құба-екемнің не сөздер айтысқанын ұқпай да қалдым. Жалғыз ғана ұққаным, бірдеме деп қалған Бүркітке Құба-екем ақырып қап, пышақ жұмсауға қозғала бергенде, Бүркіттің үйден шыға қашуы. Содан кейін Құба-екемнің Жақыпбекке айтқаны:

— Ендігі сөзіңді шырын қылма, шырағым. Бала оқуға бармайды да, мен жібермеймін де. Ертең ержетіп, оң қол, сол қолын танығаннан кейін, қайда барам десе де еркі. Оған дейін бұл бала қолда болады.

— Оған енді амал жоқ! — деді де, Жақыпбек Құба-екеммен хоштасып шығып кетті. Бүркіт пен оның тез аттанғанын естігеннен кейін:

— Енді бара ғой үйіңе! — деді Сақпан маған.

Үйге келсем, әкем мен Сақтаған отыр екен. Олар-

дың өзара кеңестері мен барғанша аяқталған болу керек. Мен бара Сақтағанның әкеме айтқаны:

— Сөз осы, Мәмеке! Егер бұл айтқанды орындамадың бар ғой, маған өкпелеме. Содан кейін үстеме салықпен сенің де сіленді қатырам.

— Уәде бердік қой енді! — деп әкем күлген болды. Бірақ кескінінде қорқыныштың бұлты ойнап тұр.

Сақтаған шығып кетті. Артынан сол кеңестің ішінде отырған шешемнен білсем, екеуінің әңгімесі мен туралы екен. Сақтаған әкеме: «Аға боп, өзің боп, құдаң Сасық боп айнала тор құрып қызыңды оқуға жібермей алып қалдың. Бірақ онымен арам ойларыңа жете алмайсыңдар. Сасықпен құдамын деген сөзді бүгіннен бастап қоясың. Одан сағаң залал келмеу міндетін өзім алам. Қызыңды бүгіннен бастап Бүркіттің қалыңдығы деп есептейсің. Жастары жеткен соң қолымнан қосып неке қиярын өзім алам. Оған дейін бұл қызыңның бақылаушысы мен болам!» депті. Қорқуы ма, шыны ма, әкем «жарайды» деп уәде беріпті.

Сақтаған сөзінде тұрды. Ол біздің ауылға ай сайын бір кеп кетеді де, келген сайын Сасық пен біздің үйдің арасында қарым-қатынас бар-жоғын сұрастырып кетеді. Бір сәтте, әлдеқайдан келе жатып, Сасық біздің үйге қонып еді, мен ол күні Құба-екемнің үйінде болып едім. Осы қондырудан әкем пәлеге қап, артынан келген Сақтаған, «неге қондырасың?» деп жанын шығара жаздады. Ел ішіне тараған сөзге құлақ түрсем, менің мәселеме байланысты ма, әлде үкіметтің байларға қолданып жатқан саясатынан ба, Сақтаған Сасықты иектеп ап, «үстеме салық» дейтінмен, шынында да сілесін қатырыпты. Әлдене салықтарын төлемегені үшін Сасық бір қыстай Торғайдың абақтысында жатып, көп малы қазнаға алыныпты. Содан кейін тұралап қалған жайы бар сияқты.

Мен алдағы қыста оқуға барып, бесінші класқа түсуге тиісті едім. Оған әке-шешемнің жібергісі келмеді. Мені оқуға баруға ұялсын дегендей, тізеден аз-ақ төмен түсетін көйлегімді әжем күзге қарай ұзартты-рып, тобығымнан төмен түсіртті. Бұрын тік етекті көйлек киюші едім, енді ұзарған көйлектің төменгі жағын қос-етектетіп жібертті. Бұрын әйелше формамен тіктірген жеңді-жеңсіз қамзолымның үстінде тана-моншақ жоқ еді, енді өңіріне, етегіне айнала күміс қадатып, әртүрлі тастар тақтырып, бар бойын шұп-шұбар ала етті. Құндыз бөркімнің де сайларына күміс қада-

ғып, төбесіне шоқпақтай үкі тақтырды. Кішкене күнімнен ұстарамен қырдыра берген шашым, биыл көктемнен еркіне жібергеннен кейін, шұбала өсіп, күзге қарай ұзын екі бұрым ғып өруге жарап қалған. Бірақ оны, батсайыдан ызған баумен ғана өретінмін. Күз бола әжем бауды тастатты да, үзбелері, салпыншағы көп ауыр шолпымен өргізді. Зыр қағып қашқалақтағаныма болмай, екі құлағымды да тескізіп қотыры жазыла, үлкендігі үзеңгідей дерлік күміс сырға кигізді. Осынша безендіруге бойы қысқарақ болар дегендей, аяғыма өкшесі табан қарыс шоңқайма етік тіктірді. Енді тез өсудің қажеттілігін түсінгендей, былай да сұңғақ бойым тез серейіп кеткен сияқтанды. Сөйтіп мен, аз уақытта еркекшорадан бойжеткен болдым да қалдым!.. Осы түріңмен мектепке барып, кластың партасына отырып көр!.. Сондықтан әке-шешемнің сабаққа жібергісі келмеуіне орай, өзімнің де барғым келмеді. Бірақ бұнымды Бүркіттен жасырып, келер жаз оған хат жазғанымда, «мен де оқып жүрмін» дедім. Ондағы ойым, Бүркітті артына аландамасын дегендік.

«Қыз көздің құрты» деседі ғой қазақ. «Қымызды кім ішпейді, қызға кім қызықпайды» дегенді де айтады ғой ол. Бойжеткенше киінгеннен кейін мен де жұрттың көзіне түсе бастадым. Ауыл әдетінде «қызға сөз айту» деген болады екен ғой, ондайда қыз бен жігіттің арасына жеңгелері жүріп, егер жағыстыра алса, алымға молығып қалады екен ғой.

Менің жеңгем — Қалиса. Қыз боп көзге түскен күнемнен бастап, «қайынсіңлімменжақындастыр» дегенді әркім-ақ айтатын көрінеді. Қалисаның қызығы, сол сөздердің біреуін де менен жасырмайды. Сонда айтары:

— Алам десем, бермейтіні жоқ жігіттердің. Өйтпей қайтсін бақырлар!.. Аққудың көгілдірігі сияқты боп өсіп келе жатқан саған қолы жетуден артық не бар оларға? Егер азғырғым келсе, басынды айналдырып алу маған түк те емес. «Болмаймын» деп кергіген талай қыздар, мойнының астына түскенін аңғармай да қалатын. Сілтеген құрығымның түспегені жоқ. Бірақ саған ол айламды қолданбаймын. Бүркітке: «Сары балдай сақтап, қолыңа періште күйінде тапсырам» деген уәдем бар. Сол уәдеме жетем. Оған дейін, сөз айтқан жігіттерді қылжақ қып, қалталарындағы тиынсиынын қаға тұрам.

Расында да сөйтіп біраз жігітті ыза қыла ма, әлде

«жігіт» дегендердің кейбірі аузымен орақ орған мақтаншақ келе ме, немене, біреулер ел ішіне «Бәтеспен солай болдым» деген сөзді де таратып жүретін көрінеді. Ондай сөздердің кейбірі үй ішінің құлағына да шалынатын сияқты. Кейде не әжем, не шешем: «Бұл не сөз өзі?» деп Қалисадан сұраса, Қалиса: — «Былшылдай берсін! Тек, аманшылық боп Бүркіт келсе, ақ-қарасын бір-ақ көресіңдер. Егер сонда қара боп шықса, Еркежанды ғана емес, менің де бетіме түкіріңдер» дейтін көрінеді...

1925 жылдың жазында Бүркіт Орынбордан елге келеді деген хабар естілгеннен кейін мені алып қашқысы келгендей, әжем алыстағы төркініне баруға жиналып, әкем мені ала кетпек болды. Бүркітті сағынған мен, бармау жайын Қалисаға ақылдасып ем:

— Бар,— деді ол,— еркекке бұлдана білмесең қадырың кетеді. «Арзанның жілігі татымайды» дегенді аталарың босқа айтпаған. Сүйген адамыңа болса да арзан берілмеу керек, діңкесін құртып барып қосылу керек. Сонда ғана бұлды боласың. Зарыға түссе, сүйе түседі. Егер сені сүюі рас болса құмары күшейе түссін. Тек, көңілін ғана аулайтын тілдей қағаз таста да, аттана бер!..

— Мінезі қатты еді, өкпелеп кетпей ме?

— Өкпеге қиса да, өлімге қимайды, оның аты «айрыла алмайды» деген сөз. Өкпелесе мейлі. Тарта берсін. Шын сүйсе, оралып келмей қоймайды.

Қалисаның сөзіне балды да, балсыз да болмаған қалпыммен, әкем мен әжеме еріп бардым. Оның сөзі растығына алдағы қыста ғана көзім жетті. «Бүркіт елге келе жатыр дейді» деген хабар естілгенде:

— Айтпадым ба,— деді Қалиса маған оңаша жолығып, шүйінші сұрап,— «сүйгені рас болса оралады» демедім бе? Ол өзге үшін емес, сен үшін келе жатыр. Саған айтарым: құмартып келді екен деп ақтарыла салма. Әлі де бойыңды ірке тұр. Құмарлығы арта түссін. Балуан Шолақ деген кісі, сен сияқты жеңгесінің ақылымен бе, әлде құдай өз зердесіне құйды ма — қыз «әне кел, міне кел» дей берсе керек. Соған шығарған өлеңінде Балуан:

Әуелі бір барғанда «қыста» дедің,
«Сөзімді менің бекем ұста» дедің.

. . . . . .

Тағы да бір барғанда «көктем» дедің,
Бұртаңдап бұл сөзіңе өкпеледім

. . . . . .
Онан соң бір барғанда «жазда» дедің,
«Уағада сөзім саған аз ба?» дедің...
Тағы да бір барғанда «күзде» дедің,
«Бұл жолы күдеріңді үзбе!» дедің,—

дейді. Сен де Бүркітті осылай біраз сүйретіңкіре. Шыдаса шыдасын, шыдамаса барсын!..

— Оған мен шыдаймын ба?

— Ол да шыдамайды!.. Бүркіт қысты күні әдейі келе жатқанмен, «жазға» деп уәде ет. Ар жағын өзім жайып-шуамын.

Ол сапарында солай аман аттанған Бүркіт, жаз Қәкеннің тойына келгенде, Қалисаның мені оған жолықтыруы ғажап болды.

Той күні ел жата ма? Күні бойы сапырылысып ойнаған топ, түні бойы да сапырылысты. Осындай қыбырлаған қалың жиынның арасынан ұрланып көр!.. Оның үстіне, Бүркіттің барын көрген аңдушыларды қайда қоясын? Олардың көзін қалай алдайсың?.. Тыншызданған маған:

— Жата бер, төсегіңе,— деді іңір арасында Қалиса,— құдай бойыма берген ебін алып кетпесе, ауыл жатқан шақта үйіңнен ұрлап алып шығам.

— Қалай?

— Оны уақытында бір-ақ көрерсің. Әке-шешең «ерте неге жатасың?» десе «басым ауырды» дей сал.

Сол сылтаумен төсегіме ерте жатып қалғанмен, іңірден бастап, біздің үйде дамыл болған жоқ. Қазақ ғұрпында, ол күні түнде қалыңдықты, яғни, біздің Қәкенді жеңгелері күйеуіне оңаша жолықтыру керек те, күнәсіздігін көрсетіп күйеуден: кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, есік ашар, кол ұстатар, шаш сипатар, көрпе қимылдатар... сияқты кәделерін алуға тиісті.

Бұның бәрі де дұрыс-ау. Егер апам байғұс күнәсіз болса!.. Жеңілтек мінезді сорлының алдақашан ашылып-шашылып қалғанын білетін мен: «Күйеуі безіп кетсе қайтеміз?» деп қорқам. Оны Қалисаға айтсам: «Иіс алмас жаман күйеуіне осы қалпы да татып жатыр» деп күледі де қояды.

Неге екенін кім білсін, қазақ ғұрпында күйеуіне апаратын қалыңдықты да жеңгелері үйінен түнде «ұрлап» әкетуге тиісті, оны туыстары білсе де білмеген боп жата беруге тиісті. Үйінде осындай «құлия» іс болатынын білетін әкем, «ыңғайсыздық жасамайын» дегендей кешке қарай әлдеқайда кетіп қалды. Өзге жаны-

мыз үйде болдық та, түнде өзге үйлерден ертерек жатып, шамымызды сөндірдік. Қалиса мен менің іңірдегі сыбырымды естіп қалғандай, соңғы жылдарда бөлек жатып жүретін әжем, бүгін мені қасына ап, ірге жағына, бір көрпенің астына жатқызды: «Біреу іргеден қол жүгіртер» дегендей, кереге жағыма Сейілді салды, сонымен: «Мен енді мықты қақпанға түстім, Қалисаның бұған қандай ептілік жұмсарын кім білсін» деп жаттым мен.

Әжем ол күні есікті де байлатып тастар ма еді, қайтер еді, егер түнде жеңгелері Қәкенді «ұрлап» ап шығатын болмаса. Қаймығатын әкемнің үйде жоғынан ба, әлде қалыңдықты алып кетудің қажеттілігінен бе, шам сөнгеннен көп кешікпей, әлдене әйелдер үйге сыбырласып кірді де, төсегі төрге салынған Қәкенді «ұрлап ап» жөнелді... Есік ашылған шақта байқасам, іңірде алабұлттау аспаннан сығалаған айдың сәулесі, әлі де жап-жарық... Қәкендер кете, әжем шешеме:

— Жапаш, есікті байлап қал! — деп еді:

— Не жау тиер дейсің? — деп шешем орнынан қозғалған жоқ. Байғұс, бүгін менің Бүркітке кездесуге бел байлағанымды сезіп жатыр ма екен, сезбей жатыр ма екен?..

«Ұйқы мен тамақ дұшпан» демей ме қазақ? Екеуі де қажетті уақытында шыдата ма?..

Соңғы бір күндері тойға әзірленген үйде мазам кетіп шала ұйқылау болып жүрген мен, Қалисаның қашан және қалай келуін тосып жатқанда қалғып кетіппін. Әлде не аяқ жағымда жыбыр ете қалуынан оянып кеткенімде, «дыбыстама!» дегендей, әлдекімнің салқын алақаны, көрпе ішіндегі ып-ыстық табанымды қаттырақ қысып қойды. «Қалиса болар» деп төсектен басымды көтере бергенде, «жүр!» дегендей қолымнан тартты. Әжемнің дыбысына құлақ тіксем, қорылдап ұйықтап жатыр. Сейілдің де мұрны пысылдайды.

Төсегімнен буыным тәлтіректей түрегелген мені, аяқ жақтағы адам қолына балаша көтеріп алды да, тышқан ұстаған мысықтай еппен, ешбір сыбдырсыз үйден алып шықты Қалиса!..

Іңірде жұқа түскен шықтың қалыңдауы ма, әлде тұман түскен бе, дала бозамықтана бұлыңғырланып тұр екен. Мені жерге түсірген Қалиса, «бұл арадан біреу-міреу көріп қалар» дегендей, қолымнан жетектей жөнелді. Қалың буалдырға сүңгіген екеуміздің көзімізден, аздан кейін қарандаған малдар да, үйлер де

ғайып болды. Біраз жер жетектеп барғаннан кейін:

— Аздап дем алайық,— деді Қалиса, көтеріңкі дауыспен, әлденеге отыра беріп.

— Бұл қай жер? — деп ем:

— Тобылғы сайдың кемері,— деді Қалиса. Қасына құшақтай отырған маған,— өлең бар еді ғой, Еркежан,— деді Қалиса:

Баянауыл басынан бұлт байлансын,
Жаның шығып бара ма көз байлансын.
Екі жастың тілеуін беріп алла,
Айдың жүзін бұлт басып қараулансын! —

деген.

— Бар! — дедім мен, тоңазудан ба, денем қалтыраңқырап.

— Енді қорқатын іштеңе жоқ,— деді Қалиса, қалтырауымды көріп, шапанын иығыма жаба, бауырына қыса түсіп.

— Апатай-ай,— дедім мен,— осы жақсылығыңды да ұмытар ма екем мен?

— Ол ерік өзіңде. Мен саған деген жақсылықты Бүркіт пен екеуің үшін ғана емес, өзім үшін де жасап жүрген адаммын. «Неге?» дейсің ғой? (Мен үндемедім).— Расымды айтқанда, мен өзім жар сүйіп көрген жан емеспін. Өзім ешкімді сүймеген соң, әке-шешеңің мал берген жеріне кете барған соң, ешкімнің де «сүйістік» деген сөзіне сенбеуші едім, шын сүйіскенді көру арманым еді. Сол арманыма енді жеткен сияқтымын, Еркежан!.. Бүркіт екеуің маған шын сүйіскен адам сияқтысыңдар...

— Оған сенуге болады,— дедім мен.

— Еркежан!— деді Қалиса,— бір сөз айтсам, көңліңе ауыр алмаймысың?

— Алмаймын.

— Не сөз болса да ма?

— Не сөз болса да?

— Әкел қолыңды.

Екеуміз қол алыстық.

— «Ұлым үйде ұлығы түзде, қызым үйде қылығы түзде» деген мақал бар, шырағым. Менің байқауымда, сен «сүттен ақ, судан таза періште» сияқтысың. Бүркітке осындай болсаң ғана жолық, әйтпесе өзіңді де, мені де, Бүркітті де өлтіресің!

— Апажан-ай, не деп қарғанайын?— дедім мен жылап жіберіп.

— Тек, Бүркіттің ризалығымен ғана!..
— Болсын!..

3. ҚАНДАЙ ӘЗӘЗІЛ ЕКЕН?

Бүркіт пен менің қалтқысыз сенісуімізге, Қалисаның қуануында шек болған жоқ. Менің оқуға баруды сылтау ғып, Бүркітпен осы жазда еріп кетуімді де ол қатты ұнатты.

— Енді қарайлайтын іштеңе жоқ,— деді ол,— ұялатын да іштеңе жоқ. Әке-шешесінің ошағына тас болған қызды көрген де, естіген де емен. Жат жұрттыққа жаралған баласың, кемелді жасыңа да келіп қалдың, не бар ұялатын?.. Оқуды сылтау қылғанын да дұрыс. Былайша бірге кетемін десең, амалсыз көнген әке-шешең, «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу жоқ» деп, «той жасап жөнелтем» деп ырың-жырың қылар еді. Оның да оқасы болмас еді, егер Бүркіттің әкесінің бұл игілікке құлқы шауып тұрса. Ол да сексеуіл сияқты, қисайған жағынан икемге келмей сіресіп жатқан бірдеме. Той жасауға ол өлсе де көнбейді. Бұндағылар «тойсыз бермейміз» дейді. Сөйтіп, Бүркіттің де, сенің де басыңды қатырып, әуре-сарсаң етеді. Не ақыларың бар, ондай азаптың ноқтасына бастарыңды сұғатын?» Көп сөз — боқ сөз» депті аталарың. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» депті. «Оқуға барамын» дедің — бітті. Әке-шешең көлденең тұрып көрер. Өздерінің күші жетпесе, тағы да Құба-екеңді салып байқар. Кішкене шағың емес. Енді көнбе оған. Елден оқуға кетіп жатқан қыз жалғыз сен емессің. Екінің бірі кетіп жатқан уақыт. Енді саған Құба-екең де, басқа да бөгет бола алмайды.

Қалиса екеуміз де осыған келістік. Мен әке-шешеме елеусіз түрде жинала бастадым. Сол бір күндері Бүркіттің біздің ауылға мініп келген атының күзеліп қалу хабары дүңк ете түсті. Бұған зәрем кетіп Қалисаға барсам, естіп отыр екен. Бірақ оның қабағында қатулану жоқ. Мен «осылай да осылай» деп үрейлі дауыспен жылдамдата дәттеткеннен кейін:

— Абыржыма! — деді Қалиса,— үйіңнен тезірек аттануға жақсы болды бұл!..

— Қалай?!

— «Ашынған тілді болады» дегендей, Бүркіт енді аянбайды. Құдай біледі, ол үйіне кеткен жоқ, болыстық кеңсеге кетті. Болысымыз Еркінмен көңілі жақын

ғой Бүркіттің. Ол Еркінге шынын айтады да, милиция әкеп, сені алады да жөнеледі. Сен енді тартынба. Бет ашылғаннан кейін, ауылда қалуыңның сәні жоқ.

Менің де осыған бел байлағаныма көзі жеткеннен кейін, Қалиса құшақтап бетімнен сүйді де:

— Бекіндік қой осыған! — деді қайталап.

— Бекіндік.

— Ендеше, сенен бір өтінішім бар, Еркежан!

— Ие?

— Аманшылық болса, Бүркіт әрі салса, бүрсігүні, әйтпесе, ертең келіп қалар. Ол келгенде менің үйде болмауым жөн.

— Неге?

— Қазақшылықты білесің. Сен кететін болсаң, үйіңде жылау-сықтау көбейеді. Әрі намысқа шапқан, әрі сені қимаған әке-шешең, «тоқтатар-ау» деген амалдың бәрін қолданып бағады. Екеуміздің жандай дос, сырлас екенімізді олар жақсы біледі. Сондықтан өзге амалдары таусылғанда, саған мені жұмсауы мүмкін. Ауылда қалатын адам болғандықтан, мен олардың тілін алмай тұра алмаймын. Бұның арты өзімді де, сені де қинауға соғады. Неміз бар, олай қиналатын?..

— Сен қайда барасың, сонда? — дедім бұл сөзі де көкейіме қона кеткен Қалисаға.

— Осы арадан қоналқаға жететін жерде апам бар. «Қызымды ұзататын едім» деп әнеукүні шақырып кеткен. Соған ертең ертемен кетем де қалам.

Ертеңіне оянсам, шаңырақтың күлдіреуішінен сығалаған күн түске тармасып қалған екен. Бүгін бір аса жақсы ұйықтаған күнім екен: бірер күннен бері зеңгіңкіреп жүрген басым да жазылып қапты, бойым да мейлінше сергіп қапты. Үйде жан адам жоқ... Керіліп-созылып... дегендей, төсекте құрысқан бойымды жатқан қалпымда аз уақыт жазып ап, басымды жаңа ғана көтере бергенде үйге інім Сейіл кіріп келді. Оны мен жанымдай жақсы көрем. Қанымның біргелігінен бе, жынысы басқа болғанмен, кескін кейпінің аумай маған тартуынан ба, әлде біздің үйдегі еркек кіндікті бала жалғыз осы болғандықтан ба. Жасы биыл сегізге толып, алдағы күзде мектепке барғалы жүргенмен, тұқымымызға тартып, бойы да серейіп қалғанмен, маған Сейіл әлі күнге дейін бесіктегі баладай көрінетін, сондықтан мен оны үйде көрейін, далада көрейін, кездескен жерде құшақтай ап бауырыма қысып, құшырлана сүйетінмін. Ол да мені жанындай

жақсы көріп, өзге тентек мінезінің бірін көрсетпейтін, күндізгі үйірлігі былай тұрсын, түндердің де көбінде менің қасыма жататын. Мені ол, тілі шыққан күннен бастап «Бота» дейтін. Бүркіт те содан үйреніп, «Ботаның» алдына «ақ» деген сөзді қосып, «Ақбота» деп кеткен. Маған Сейілдің «Ботасы» мен Бүркіттің «Ақботасынан» жылы сөз дүниеде жоқ сияқтанатын. Сейілді сонша жақсы көретінім Бүркітке аян да. Соңғы рет жолығып оқуға бірге кету жайын кеңескен шағымызда:

— Мен бәрін де қиям,— деген Бүркітке-,— жалғыз ғана қимайтыным,— Сейілжан. Ол жылап жабысса айырылып кетуім қиын.

— «Айырылып», сен өлімге барамысың? — деген Бүркіт күліп,— бақыт сапарына аттанбаймысың? Олай солқылдауды қой сен!.. Биыл мектепке баратын жылы. Әзір сонда оқи тұрсын. Екеуміз оқуымызды бітіріп алайық. Сонан кейін Сейілді қолға алып оқытамыз.

— О да дұрыс екен! — дегем мен, көзіме жас ап.

Аз жылға болса да айырыларым есіме түссе, ішім уылжып, оңашада жылап алатынмын, кісі көзінше күрсініп алатынмын. Өткен түнде де есіме осы түсіп, жастығымды біраз шылап алғам...

Сол Сейіл есіктен кіре бергенде:

— Күнім! — дедім оған.

— Әу! — деді ол тоқырай ғап.

— Қелші! — деп құшағымды жайдым.

Дағдылы қалпымен жүгіріп кеп құшағыма енген оның қолында, әлдене қағаз жүр. Бауырыма басып сүйгеннен кейін қағазына қарасам, ішінде томпайған бірдемесі бар үлкендеу конверт... Адресіне қарасам — маған арналған...

— Бұны кім берді? — дедім баланың қолындағы конвертті алып.

— Почта тасушы.

Конвертті ашсам, ішінде қатырмамен тыстаған қалыңша кінешке жүр. Кінешкенің сыртына қарасам — «Бүркіттің альбомы» деп жазылған. «Альбом» деген сөзді естігенім де бар, оның не екенінен де хабардармын.

Кінешкенің ішіндегі қатырма қағаздарды саусағыммен сыдырта қарап қалғанымда, ішіне жапсырылған бірнеше фотокарточке сылдей кетті. «Неткен карточкелер екен?» деген оймен мен енді басынан ақтарып қарай бастадым. Әр беттегі карточкенің астына «Фото 1... 2...

3... 4...» деген сияқты цифрлар қойылған. Ол уақытта ашулана қарап, лақтырып тастаған альбомның фотоларын енді ретімен санап көрейік:

Фото 1: Жеңсіз, омырауы ашық, етегі әрі тар, әрі шолақ жазғы жұқа көйлекті, шаштары дударланған бірі орыс, бірі қазақ екі қызды қолтықтап Бүркіт және бір орыс жігіті келе жатыр; төртеуінің де езулері құлақтарында...

Фото 2: Жемісті қалың бақшаның ішінде тығылынбақ ойнағандай, Бүркіт пен орыс қызы бір ағаштың түбінде жасырынып отыр, оларды аңдыған адамдай, қазақ қызы екінші ағаштың түбінде жапырақ арасынан сығалап тұр...

Фото 3: Әлдене судың жағасы. Тегі, шомылуға әзірленген болу керек, жағада өскен бұтақты ағаштардың бір саясында қыздар, екінші саясында жігіттер шешініп жатыр. Қыздардың ішінде манағы орыс қызы мен қазақ қызы; жігіттердің ішінде — Бүркіт пен манағы орыс жігіті.

Фото 4: Труси[1] ғана киген әлгі жігіттер мен шомылу костюмін[2] ғана киген әлгі қыздар, араласа су жағасында тұр; Бүркіт пен орыс қызы бір-біріне ыржиысып қарайды, ал, қазақ қызы, тегі, Бүкітті орыс қызынан қызғана ма екен, қалай, анадай жерден бұртия қарайды...

Фото 5: Су ішінен бастары ғана қылтиып бір топ жастар (қызы да, жігіті де бар) жарысып келеді, солардың ішінде бір-біріне күлісе қараған орыс қызы мен Бүркіт қатар келеді...

Фото 6: Судың жағасы, құмның үсті болу керек, әлгі шомылған киімдерімен, манағы қыз-бозбалалар, біреулері етбетінен, біреулері шалқасынан, біреулері қырынан, енді біреулері сүйеніп... дегендей, араласқоралас жатыр!.. (Алда, ұят-ай!..) Манағы орыс қызы, қырынан жатып біріне бірі қарсы қараған Бүркіт пен манағы орыс жігіттің ортасында, «қайсыңа болса да әзірмін» дегендей, күлген кескінмен шалқасынан жатыр...

Фото 7: Тегі, бірталай жігіт және бірталай қыз, әлдене үйде қонақта отырған болу керек: кең бөлме, ортада стол, оның үстінде ыдыстар мен тамақтар, бөтелкелер... Столды айнала отырған қыздар мен жігіт-

---

[1]. Бұндай дамбалдың барын және атын кейін білдім.
[2]. Бұл да кейін естіген сөзім. Б.

тердің ішінде, ерекше сәнденген манағы орыс қызы отыр, бір жағында манағы орыс жігіті, бір жағында Бүркіт. Ол екеуі осы қызға талас па екен, қалай екен, өзеурей қарай қалысыпты; қыздың көңілі, тегі, Бүркіт жақта ма, қалай, күлімсіреген беті соған қарай бәлкім бұрылыңқыраған.

Фото 8: Неге екенін кім білсін, орыс қызы мен орыс жігіті сүйісіп жатыр, Бүркіт оған ыза болғандай, қастарында түрегеп қарап тұр.

Фото 9: Екіқабат боп іші шермиген манағы орыс қызы...

Фото 10: Мандайшасында арабша «Босану үйі» деген, орысша «Родильный дом» деген айқын жазуы бар, есік алдына ағаш және гүлдер өскен, ұзынша, көркем, бір қабат үй...

Фото 11: Сол үйдің есігінің алдында, ақ жөргекке оралған кішкене баланы көтеріп Бүркіт, оның қасында іші жіңішкерген манағы орыс әйелі, оның қасында мұртын өсірген манағы жігіт тұр..

Фото 12: Тегі, қырқынан жаңа ғана шыққан болу керек, шашы бұп-бұйра, кескіні қазаққа тартқан бала стол үстіне төсеген әппақ шүберекке, ақпен тысталған кішкене жастықты кеудесіне басып, басын көтере етпетінен жатқан қалпында қатпарланған семіз денесімен жалаңаш сүгіретке түсіпті; ар жағында басын ғана көрсетіп мұртты орыс жігіті отыр, Бүркіт баланы алдандырып өзіне тартқандай, бас жағында түрегеп тұр!..

Фото 13: Мойны бекіп пісіп қалған, үстінде тілдей ғана ит-көйлегі бар, балтыры бесіктей семіз ұлды, үстінде майкесі ғана бар Бүркіт, кескініне құмарлана қараған түрмен қолына көтеріп тұр...

Осы фотолардың аяғына өте шебер қолмен, «Бүркіттің қазіргі бақытты өмірі осындай» деп жазылған...

Жұртым-ау, айтыңдаршы өздерің: көңілді ауладағы карточкелер ме, бұлар, жоқ па?.. Басынан аяғына дейін қарап шыққанда, бұл карточкелер жүйелі әңгіменің жеке бөлшектері сияқты емес пе?.. Бәрін алғанда, тұтас бір оқиға және өте ашық, түсінікті оқиға емес пе?.. Бұндай оқиғаға Бүркітті шын сүйетін адам қалайша салқын қанмен қарай алар? .

Карточкелерге тесіле қарағанда, есіме әлдекімдерден тараған «қатын-өсектер» де түсіп кетті. Мен ол өсектердің де кейбір негізділерін номерлей санап көрейін:

Өсек 1: Сақыпжан деген жігіт Метрөпке деген қалаға барып, Метрей деген тамырының үйіне қонып отырса, сол үйге кешке орысша киінген бір қазақ жігіті келіп, қонуға ұлықсат сұрайды. Аты-жөнің кім десе, «Әбдеудің баласы Бүркіт деген жігітпен, оқудан келем» дейді жігіт. Қонуға ұлықсат алып, нәрсесін сол үйге кіргізеді де, «қарным ашты» деп тамақ сұрайды. «Шошқа етін жемесең, басқа ас жоқ еді» дейді Метрей ойнап. «Шошқа болса қайтеді, құдай бір, дін ғана басқа, реті келсе кәпір де болып жүре береміз. Шошқа болса да әкел!» деп Бүркіт үстелдің басында жалақтап отырып алады. Метрей әлгі сөзді ести сала қатынына «әкел» деген екен, шошқаның сүбесін табаққа салып алып келеді. Төрт елі боп туырылып тұрған майдан Бүркіт жиренбей қолына ұстай бергенде Сақыпжан тұрып: «Жарықтығым, мұсылман емеспісің, мен ойнап айтады екен десем, о не қылғаның? Өзің орынды жердің баласы екенсің, мынауың ұят!» деген екен, Бүркіт оған жауап бермей, орысқа «қазақ былшылдайды» деп нанға қосып, майды соғып алыпты. Артынан кекіріп отырып: «Жарықтықтың қабырғасы шидей екен!» деп күледі дейді.

Өсек 2: Әуелбек дейтін жігіт Бүркіт оқып жүрген қалаға барып, әдейі амандасқалы кірсе, ол орыстың сары шаш қызымен төсекте құшақтасып жатыр дейді. Ортадағы үстелдің үсті толған арақ, және шошқаның шұжығы дейді... Қыз да, Бүркіт те бырылдап ұйықтап жатыр дейді... Әуелбектің көзі Бүркіттің мойнына түсіп кетсе, байлап алған кіреші бар екен дейді... Әуелбектің көзі Бүркіттің мойнына түсіп кетсе, байлап алған кіреші бар екен дейді... Әуелбек жағасын ұстап далаға шығып, сол үйдің қатынынан сұраса, ноғай қатын шүлдірлеп: «Орыстың қызын алды, кеше шеркеуге барып мойнына кіреш тағып келді» дейді... Онысы бойынан иманын қашырғаны болса керек... Елге сәлем айт. Әкесі алып кетсін» депті дейді...

Өсек 3: Орыстың сол қызын алыпты дейді, одан қазір бала туыпты дейді... қатын, баласымен еліне келе жатқанда, Әбеу алдынан кісі жіберіп кейін қайтарыпты дейді...

Өсек 4: Бірдеме деген елге төре болып барып, бір байдың жалғыз қызын алып қашып, қалаға апарыпты. Шошқа етін же, арақ іш десе қыз көнбепті. Айтқанымды істемедің деп күнде көк-ала қойдай қып сабап, екі-үш айдан кейін, киім-кешегін тонап алып, тұлы-

мын кесіп, қайыршы сықылдандырып біреудің арбасына салып еліне қайтарыпты дейді.

Өсек 5: «Бәтеске орыс қатынымды айтқам жоқ. Алып болғаннан кейін тоқалдыққа көнеді ғой. Көнбегенде қайда барады» деп біреуге айтып отырғанын осы елдің ертеде ұзатқан қызы естіп қалып, елге хабар айтыпты дейді.

Өсек 6: Құс келгенде еліретін ауруға ұшырапты. Сол аурудың аяғы қояншыққа айналыпты. Өткен жаз, Бегембет деген бір жігіт, Бүркітке амандасамын деп пәтеріне барса, аузы көпіріп, шиқылдап, талып жатыр екен. Қояншығы ұстағанда қасындағы кісіні тарпа бассалып, шайнап тастайтын әдеті бар деседі. Сол аурудың салдарынан қазір шыжыңға айналыпты. Бір жақтан келе жатып Алдайбай деген кісінің үйіне қонған екен, түнде төсегіне несебі жүріп, ұялғаннан таң біліне аттанып кетіпті.

Өсек 7: Қалада қызға таласып, бір жігітті пышақпен жарып өлтірген екен. Адам қаны жіберсін бе? Ауруға шалдығуы соның салдары болса керек. Әкесі Алакөз деген бақсыны алдырып қаратқан екен, ол: «Сұм-қара деген жын жабысқан екен, сүйегімен бірге кетеді» депті...

Бүркітпен әнеугі күндері жолыққанда, мен оған бұл өсектердің біреуін де айтпағам. Несіне айтам? Ең алдымен, иланатын өсектер сияқты емес, ондай халге түсті деуге Бүркітті қимаймын; екіншіден, Бүркітті сынап байқасам, есі дұп-дұрыс; қазір бұрынғыдан да байсалданып, ақылды, парасатты, білімді боптыі; үшіншіден, ол өсектерді айту, Бүркіттің көңліне жарықшақ түсіруі мүмкін ғой, оның кімге пайдасы бар? Төртіншіден, өсектердің шет-жағасын, жандай досым көретін Қалисаға айтып байқасам, «оттай берсін — дейді ол күліп,— дұшпандардың өсегі бұл. Аманшылық болса, Бүркіт ертең келеді ғой. Бұл сөздердің жалған екеніне көзің сонда жетеді».

Мына құлағымнан кіріп, ана құлағымнан алдақашан шығып кеткен бұл өсектер, «альбомды» көргеннен кейін екі құлағымнан да қайтадан сарылдай құйылып, бар бойымды тасқыны биледі де кетті. Сол тасқын көзімнен жас боп саулап, бетімді баса қалай еңіреп жібергенімді білмей де ғаппын Онымнан қорқып кеткен Сейіл, «Бота, не болды?!» деп құшақтай алды. Мен де оны құшақтай ап, екеуміз ал, кеп көріс!..

Осындай халде қаншалық отырарымызды құдайым

білер еді, егер құлағыма Қайназардың «ыңғайсыздау шапқын келе жатыр!» деген сөзі сап ете қалмаса. Басымды жұлып ап, оған жалт қараппын.

— Рас айтам,— деді Қайназар,— бір пар атты, екі салт атты. Өте қатты келеді!

«Бүркіт болар ма?» деген ой сап ете қалды басыма. Оған кектеніп үлгергемін ғой деймін,— суық суға малып алған қызу темірдей ілезде қатая қалдым. Осы кезде әжем үйге кіре беріп жыламсырады да:

— Қарағым-ай, тұршы тезірек! — деді маған.— Қиінші жылдамырақ!.. Өкімет адамдары ма, немене, осы үйге қатты шапқын келе жатыр. Жәй келе жатыр деймісің олар? Қағынып тұрған заман емес пе?.. Ала келе жатқан пәлелері болмаса жарар еді. Өзге пәлесі болса, көріп алар ек, саған келе жатпаса не қылсын. Ондай болған күнде, анау сорлы әкең мен мен бейшараны тірідей өлтіріп кете көрме, қалқам!.. Қімге барам десең де қолымыздан берейік!.. Балалық қып еріп кете барып бізді досқа күлкі, дұшпанға таба қыла көрме, күнім!.. Әсіресе, әкеңді! Сенен басқа кімі бар оның?!..

— Жылама, әже! — дедім, жеңіл киімдерімді үстіме тез арта сап.— Мен ешқайда да бармаймын...

— Садағаң кетейін! — деп әжем жылап жіберді. Сол кезде үрейлі кескінмен үйге кіре берген әкеме,— қорықпа, бейшара,— деді әжем.— «Ешқайда бармаймын» деді Бопашжан!

— Өзің біл, балам! — деді әкем жыламсырап,— өлтіретін де, тірілтетін де жерің осы!..

Сыртта салдырлаған тарантас пен дүсірлеген ат аяғының дыбысы сап бола қалды. Үйге Бүркіт, Еркін және болыстық милицияның начальнигі Найзабек Самарқанов кіріп келді. Ашудың ой-санамды буып тастауы болу керек, келгендердің әкеммен немесе, менімен не сөйлескені есімде жоқ. Менің есімде қалғаны: «Сендер кеткенше бұл үйге кірмеймін» деп шығып жүре беруім. Сол бетіммен Құба-екемнің үйіне қалай кіріп кеткенімді өзім де аңғармай қаппын. Ол үйде Сақпан, Құба-екем және Жұмаш отыр екен. Бүркіттің кіммен кеп біздің үйге түскенін Жұман хабарлаған болу керек:

— Ойпырай, қарағым-ай, келдің бе? — деді Сақпан жылап жіберіп,— өзіміз де: «Әулие атамның аруағын сілкіндіріп қалай кете қояр екен!» деп ек, сілкіндірмесең аруақ та риза, біз де риза!..

Құба-екем де риза болғанын білдіргісі келгендей: «О, тоба, жасағанı» деп сақалын сипап қойды.

— Жұман, сен бар сол жаққа! — деді ол.— Біздің үйге де кіреміз деп әуре болмасын. Менің өлігімді аттамай, бұл үйдің босағасынан аттай алмайды...

Шығып кеткен Жұман, біраздан кейін қайтып келді. «Кетті!» деп келді ол. Қиядағы сыбдырды естітін құлағым ашудан керең боп қалса керек, кеткендердің аттарының дүбірін де, арбалардың салдырын да сезген жоқпын...

Аздан кейін, ал кеп ағыл-тегіл жыла!.. Сол қалпыммен төсегіме бүктетіліп жаттым да қалдым. Менің бұл халімді көлденең кісілерге көрсеткісі келмегендей, әлдекім бауына асулы тұрған шымылдықты түсіріп жіберді...

Біраздан кейін жылаудан шаршағандай боп жасымды тыйдым да ойға кеттім. Ойым Бүркітпен арамыздағы қарым-қатынас қана. Ол қарым-қатынастың барлық егжей-тегжейі шұбалған көштей көз алдымнан ағыл-тегіл өтіп жатыр, өтіп жатыр... Не деген қызғылықты, сәнді көш!.. Бір кезде сол көшім, бір тұйыққа кеп тірелген сияқтанды. Өте тар тұйық боп көрінді ол маған. Тұйықтың жан-жағы түпсіз терең жар. Қимылдасаң құлап кететінсің. Кейін қайтарлық орам жоқ!.. Не істеу керек!

Бұдан былайғы өмірдің керегі жоғына мен іштей бекіндім. Онда не істеу керек? Бұл араның құлап өлетін жары жоқ, тұншығып өлетін суы жоқ, ішіп өлетін уы жоқ, асылып өлетін ағашы жоқ. Тек қана бары — бауыздалып өлетін пышақ, немесе, асыла қоятын шаңырақ.

Маған қолайлысы соңғысы көрінді. Оған жағдай да бар: әкем мен шешемнің отау боп шыққан үйі көбінесе бос тұрады, егер әкем жолаушылап кетсе, ол үйге ешкім де қонбай, есігін сыртынан байлап қана қояды.

Бүркіттен қалып қойған менің ауыр халіме жаны ашыды ма екен, болмаса, басқа бір себебі болды ма екен, әкемнің салбыраған қабағы жазылмай жүрді де, ертеңіне атқа мініп, әлдеқайда кете барды... Енді «құдайым бергендей боп», күндіз отауға кірсем, кеше жел болғанда қазыққа байлаған желбауы тұзақталып, қашан асылам десең де даяр тұр екен. Бұл үйде үстіне шығып тұзаққа бойың жететін тікшіл үстел де тұр, тұзақты мойныңа кигеннен кейін теуіп жіберсең бол-

ғаны, асыласың да қаласың!.. Бірақ бұны күндіз көз барда істеуге болмайды. Ал, кешке не шешем, не Қайназар бұнда жатам десе қайтпекпін?

Бұған да қауіптене тұра, түнді күттім. Ол маған «сәтті» түн болды: шешем де, Қайназар да үлкен үйге қонып, отаудың есігі сыртынан ғана байланды. Оған қуанғанымды көрсең!..

Ертерек жатқан үйдің іші ілезде ұйықтап та үлгергені, пысылдаған я қорылдаған дыбыстарынан сезіліп тұр. Мен төсегімде ояу жатырмын. Мұрны үлкен Қайназар қорылдағанда, танауына бүкіл дүниені тартып ап жұтып жіберердей болады. Іңірде көтерілген жел түнде қатайып ап, үйдің кигіздерін желпе сабалап тұр. «Оны азсынсаң мынауым бар» дегендей, біраздан кейін жаңбыр жауып, даланың шуын үдетіп жіберді... Бұның бәрі, өлімге бел буған маған, табиғаттың жәрдемі сияқтанды.

Бір кезде төсектен басымды көтеріп ап аз уақыт отырдым. Үйдің жандары қор-қор, пыс-пыс... Қасыма жатқан Сейіл де шырт ұйқыда. Төсектен түстім. Сезген адам жоқ сияқты. Сейілді маңдайынан иіскегім кеп кетіп еді, «жүйем босар да, мақсатыма жетуге бөгет жасар» деген оймен қатая қалдым... Үйдегі көрдей қараңғылықтан ба, буындарымның босауынан ба, шелек, ләген, құман сияқты әлденелерге сүрініп, салдыратып та алдым, бірақ онымды да сезген жан жоқ сияқты.

Жалаңбас, жалаңаяқ, көйлекшең ғана қалпыммен тысқа шықсам, жаңбыр да нөсерлей төпеп тұр. Аяғым басқан жер шылпылдаған саз. Өлімге асығуым ба, салқын жел мен жаңбырдан тоңуым ба, отауға қарай жүгіре жөнелдім. Есіктің жібі шие боп байланған екен. Және, суға малшынып шиыршық атқан қыл арқан тіпті қатайып, байлауын шешкізбейді. Оны шешем деп біреу тырнағымның көбесі сөгілгендей боп, саусақтарымның басы удай ашыды. Шиеленісіп қалған байлауға қолым батпайтынын көргеннен кейін, тісіммен шешпек боп, түйінге азуымды баса бергенімде, ту сыртымнан:

— Өй, оның не?! — деген дауыс құлағыма сап ете қалды.

Шошып кеткен мен, «алла!» деп ыршып түсіп артыма жалт қарасам, қарандаған біреу ұмтылып келе жатыр. Бар денемді қорқыныш билеп алған адам, қаша жөнелуге ыңғайлана бергенде:

— Еркежан! — деген даусы естілді Қалисаның.

Оны бассалып, бауырына қалай тығылғанымды аңғармай да қаппын.

— Күнім-ау, не істегелі жүр едің?! — деді ол, тоңудан ба, қорқудан ба, қалшылдап ұшып кете жаздаған мені желбегей киген желеңінің ішіне орап, денемді жылы бауырына қысып.

Жылаудан басқаға шамам жоғын түсінген ол, қолына балаша көтеріп алды да, үйіне кеп, есігін сыбдырсыз ашып, қараңғы үйде ағаш төсегін жазбай, ешнәрсеге соқтықпай тауып үстіне жатқызды, құп-құрғақ, жып-жылы әлденені айқара жапты. Содан кейін төс жағымды бауырына ала, қасыма құшақтай отырған Қалисаға:

— Кіші-ағам[1] қайда?— деппін.

— Ол жолда балаларымен қайнында қалды.

— Сен қашан келдің?

— Түйемнен жаңа ғана түскенім сол. Жолаушылап шығар алдынан ыңғайсыз көзім тартып, жаманат бірдеме боларын жорамалдаған едім. Одан апамның үйіне барып қонған күннің ертеңінде ыңғайсыз түс көрдім: екеуміз тасқұдыққа суға барған екеміз деймін, сен құдық аузынан үңіле бергенде, ішіне күмп беріп түсіп кеткен екенсің деймін, мен жанталасып шелекті тастасам, сен одан ұстайсың да, су бетіне басыңды шығарасың, ал, мен сені тартып ала алмай мықшыңдаймын да, «жәрдем!» деп айғай салам; өз даусымнан өзім шошып оянсам, тіпті қатты айғайласам керек, үйде ұйықтағандардың бәрі үрпиісіп түрегепті... Содан кейін апама сенің мән-жайыңды айттым да, сол бейшара аман болса игі еді деп, тойына да қарамай қайтып кеттім. Әуелгі жобамыз, қайтарда менің төркініме соға келу еді. Апама да солай дегеніммен, былай шыға, Кіші-ағаңа: «Жүрегі құрғырым өрекпіп барады, Еркежан тегін болмау керек. Қайның жолдан бұрыстау екен, үйге тура тартсақ қайтеді?» деп ем, ол: «Кеше хабарлап қойдық қой. Күтініп отырған жандарға соқпауымыз ұят емес пе?» деді. «Ендеше жиендерін ерт те сен бар» дедім. «Сені қайда деймін?» деп еді, «биыл баяғыдан ұстаған безгегінің қайталап жүргені, тіпті қатты ұстайды, апасының үйіне де тоқтай алмаған себебі сол, хабарласып қойған соң жиендерің мен маған барып қайт деді» дей сал дедім.

Қалисаның ұзағырақ айтқан кеңесіне көңілім бөлін-

[1]. Қиқым. Б.

ді ме, жамылтқыдан жылындым ба, денемнің қалшылдауы басылып, жүрегім орнына түскендей боп, аздап жадырай бастадым. Онымды сезгендей,— «ал не болды, шырағым?» деген Қалисаға, ол жолаушылағаннан кейін басыма түскен халді айтып бердім. Сөзімді үн-түнсіз тыңдаған Қалиса:

— Бұның бәрі әлдене әзәзілдің әдейі ұйымдастырған ісі екен, шырағым! — деді.

— Солай-ақ болсын дейік. Сонда да Бүркіттің бұлтара алмайтын ісі ғой бұл?

— Әй, олай болмас!..

Одан әрі сөйлесуге, әлдекім есіктен сыбдырлап кіре берді. Біз тын бола қалдық.

— Қалиса, әу Қалиса! — деді кірген адам, қалтырай шыққан даусынан тани кеттім,— шешем Жәния.

— Әу! — деді Қалиса!

— Қашан келіп ең?

— Жаңа ғана!

— Сұмдық болды, Қалиса! — деді шешем жылап жіберіп. «Дыбыс бермей жата тұр!» дегендей, Қалиса мені төсімнен қолымен ақырын басып қойды да:

— Не сұмдық? — деді шешеме.

— Бәтес жоқ!..

— Қойшы?! — деді Қалиса қорқып қалған боп,— «үндеме!» дегендей, мені кеудемнен қысып.

— Рас! — деді шешем. Мұнда жоқ па?

— Жоқ!..

— Рас па? — деді шешем, даусы қалтырай түсіп.

— Ондай ойын бола ма?

— Енді қайтейін, құдай-ай! — деп шешем жылап жіберді.

— Ақырын! — деді Қалиса.

— Не деп отырсын, Қалиса?! — деді шешем жасқа бұлығып,— ақырын дауыстайтын іс пе бұл?.. Бетімді жыртып, ауылды басыма көтеріп дауыс қылатын іс емес пе бұл?!..

— Мүмкін, ұрланып Бүркітпен кетіп қалған болар?..

— Кетпейді, ойбай, кетпейді!.. Кететін қылық болған жоқ!..— деп жылаған шешемнің даусы көтеріліп бара жатқан соң, әрі оны аяп кетіп, әрі айғайынан ауыл шошып оянар деп:

— Мен мұндамын! — деппін.

Көрден шыққан дауысты естігендей, шешем «не дейді?!» деп шошып кетті де:

— Не естіп тұрмын, Қалиса? — деді дыбысын ақы-

рын шығарып, жасқа булығып.— Өңім бе бұл, түсім бе?

— Өңің! — деді Қалиса.— Еркежан осында!.. Кел, бері!..

Сыбдырлап төсекке жақындаған шешемді мен құшақтай алдым.

— Тәуба, жасаған, тәуба! — деді шешем мені бауырына басып, ықылық аттырған өксігін әрең жеңіп,— енді жыламаймын, құлыным!.. Мың бір шүкір, құдайға!..

— Кемпірі құрысын!— деді шешем.— Тумағанның Қалиса қалжыңды дауыспен.

— Кемпірі құрысын! — деді шешем,— Тумағанның аты — тумаған. Бәтестің орнында жоғын айтып мені оятқан сол. Өзі абыржудың орнына, «тысқа шықшы, білші қайда екенін!» деді де жатқан жерінен қозғалмады. Мен ойға-қырға жүгіріп таба алмай барсам, қорылдап ұйықтап жатыр. «Несіне оятам» деп тысқа тағы шықсам, үйіңнің қасында шөккен түйе қарандайды. Келсем, сен мініп кеткен түйе. «Ә, келген екен ғой!» деп кіріп ем...

— Қалжыңдап айтам,— деді Қалиса,— туғанның аты «туған», тумағанның аты «тумаған». Сен осы Еркежанның жолына құрмалдыққа шалынуға әзір боп жүгіріп жүргенде, ол қақбас қара албасты, бір рет сабырсызданған емес. Жақсы көрем дегенінің бәрі жалған. Реті келген жерде Еркежанды ол өкпе түгіл өлімге де қияды...

— Рас! — деді шешем ауыр күрсініп.

«Ал, енді, сенен жасыратын іштеңе жоқ!» — деп, Қалиса шешеме көрген-білгенін түгел айтып берді. Альбомның жайын шешем Сейілден естіген екен. Әжем де естіп Бүркіт пен меңің айырылуыма ол альбомның себеп болуына қуанған екен. Альбомды ол көрмек боп іздесе керек. Бірақ қайдан тапсын, жан адам білмейтін жерге тығып тастағам.

Альбомды Қалисаның «әзәзілдің ісі» деген пікіріне шешем де қосылды: Екеуінің маған берген ақылы: Бүркіт бұл манайдан кетіп қалмаса, іздеп барып жолығу керек те, сүгіреттердің не нәрсе екенін анықтау керек. «Егер елден кетіп үлгерсе?» деген сұрауға, әйелдердің пікірі екіге жарылды.

— Соңынан қуып баруы керек Еркежанның,— деді Қалиса.

— Қыздың жігітті іздеуі ұят болмай ма? — деген шешеме:

— Түк те ұяты жоқ! — деді Қалиса,— ғашық екені рас болса, қыз жігітті іздеді не?.. Жігіт қызды іздеді не?.. Әсіресе мынадай, қыз бен жігіттің теңеліп тұрған шағында?

— Сонда, сен Бүркітті артына алаңдамай тарта береді деп ойлайсың ба?

— Әйтуіне де мүмкін, мінезі қатты жігіт оның. Бірақ жуық арада не өзі, не сөзі келмей қоймас!

Әңгімелері осыған тұйықтала қалған әйелдердің айтқан өкініштері: «Тілеуі құрғыр, қандай әзәзіл болды екен, сүйіскен екі жастың арасын айыратын от жаққан!»

«Иә, қандай әзәзіл екен!» дедім мен де ішімнен.

4. МӘЛІМСІЗ САПАР

Ол күні де жақсы ұйықтап қаппын. Әлдекім оятқанға көзімді ашсам, Қалиса! Түндік жабулы. Үй іші қаракөлеңке.

— Қай мезгіл? — дедім оған.

— Күн түске тармасып қалды. Ұйқыңды қандырып тұрсын деп түндікті ашқан жоқ ем. Әлі де оятпас едім, егер үйге кісі кеп қалмаса. Болысымыз ғой деймін, тегі, Еркін!.. Ат-арбасының жобасы соған ұқсайды. Екпіндетіп қатты келеді. Беті тура біздің үй.

— Шымылдықты түсіре қойсаң қайтеді, жеңеше? — дедім мен, бойым қалтырай ғап.

— Неге?!

— Оған көрінбесем қайтеді?...

— Қайдам...— деп Қалиса толқыңқырады да,— түсірсем түсірейін, шымылдықты. Бірақ сен киін де даяр отыр. Әуелі Еркін бе, жоқ па, соны білейін. Одан кейін, оған көрінуя көрінбеудің ретін байқайын. Жеңіл киімдеріңді мана төсектің аяқ жағына әкеп қойғам. Әне, арбасының салдыры мен атының дүсірі таянып та қалды. Мен түндік ашайын да, кім де болса қарсы алайын.

Қалиса шығып кетті. Түндік тез ашылып, аспанның бетүстігінен күлдіреуіш арқылы сығалай қалған күн көзінен үйдің іші жарқырады да кетті. Мен төсегімнен тез тұрып, қалтыраған денеме киімдерімді тез іле бастадым. Сонда дауыл толқытқан судан басымда сапырыла қалған ой: «Өзі ғана ма екен, әлде қасында Бүркіт те бар ма екен?.. Қайсысы болса да неге келе жатыр екен?!»

Мен киініп үлгергенше, жүргінші де үй сыртына кеп тоқтап үлгерді.

— Уа, Қалиса жеңгей, аманбысың?— деген еркек даусы естілді, Еркіннің даусы! Ауыл әйелінің ер адамға самбырламай, сыбырлап қана амандасатын әдеті. Қалиса, тегі сол салтына бақты ғой деймін, сәлемдескен үні естілмеді.

— Түндікті жаңа ашып жүрсің бе? — деген даусы естілді Еркіннің.

— Көбірек ұйықтайтын күніміз боп...—деді Қалиса,— жолаушылап кеткен жерімнен таңға жақын қайтып...

— Жуық арада келгенде жолаушы кеткеніңді естіп ек. Қатты өкініп ек оған!.. Әсіресе, Бүркіт.

Бұл есім аталғанда, жүрегім дір ете қалды. «Оның да даусы естілер ме екен?» дегендей сыртқа құлақ тіктім.

— Ендігі сөзді үйде кеңесейік,— деді Қалиса қонақтарына.

Үйге беттеген аяқ сыбдырларына қарағанда, қонақтар екі-үш кісі болу керек. «Еркіннен басқалары кімдер екен?!». «Іштерінде Бүркіт те болар ма?» деген үмітпен, олар есіктен кіре бергенде, шымылдықтан сығалай қарасам, іздегенім жоқ!.. «Кетіп қалғаны ма?» деген ой кеп кетті басыма. Ол ойдан басым айналып кеткендей боп, ұйықтаған ағаш төсегіме төлтіректей әрең жеттім де, үстіне қисая кеттім.

— Шымылдық не? — деді төрге отыра берген Еркін Қалисаға қалжыңды дауыспен,— Қиқаң жатқан жоқ па ішінде?

— Не бопты оған шалшы түске дейін шымылдық ішінде жататын? — деді Қалиса да қалжыңды дауыспен үйі жаңа түсіп пе?

— Енді кім жатқан?

— Жәй бір, балалар!..

— Ал, Қалиса! — деді Еркін,— біз өте асығыспыз. Қымыз болса ауыз тиеміз де аттанамыз.

— Неге олай асығасың?

— Бір тығыз науқан боп қап, ел аралауға шығып ем. Соқпай да кететін жайым бар еді, егер соғуды қажет ететін бір жағдай болмаса.

— Шабыншылықсыз жүретін күндерің болар ма екен!— деді Қалиса кейіп.— Немене бола қалды дейсің, атыңды борбайлайтын?.. Азар болса, байларды бұрынғыдан да қыса түсудің жабдығы шығар. Қыспасаң да қайда кетер дейсің ол байлар. Азар болса,— деді Қалиса салмақты даусын қалжыңға аударып,— биенің бірер сауыны кейінірек қысарсың оларыңды. Мен көп болса биенің бір-ақ сауынындай уақыт бөгеймін. Бұл үйден дәм

татпағаныңа бірталай уақыт болды. «Ойда жоқта келе қалса» деп, әдейі саған сақтап жүрген мейіздей тәтті сүрім бар еді, өзі азғантай. Аттарың сарығын басқаша соны бұлкілдете қоям да аттандырам. Қымыздың тәттілігіне кепіл бола алмаймын: жолаушылап кеткен соң аз ғана биені Молда-ағамның үйіндегі тоқалға сауа тұр, сабаңа құя тұр дегем. Ол үйдің қымызды салақ ұстайтынын білесің. Егер алып келген қымызым тіліңді үйіре қоймаса, кіналамассың. Оның орнына, ақ қылшық орман түлкідей құлпырған қызыл-күрең шай берем!..

— Асыңның дәмді болуында дауым жоқ,— деді Еркін,— талай рет татып жүрген дәм ғой ол. Бұл үйдің шәйін өзге жұрттың етіне бермейтініміз рас. Жұмысымның аса тығыз екені де рас. Сондықтан тәтті астарыңды кейінге қалдыра тұрсақ қайтеді.

— Болмайды ол. Аттарыңды жігіттерге қазір доғартам да тастаймын. Төбелесіп жегемісің сонда? Сақтағаған дәмімді татырмай, не десең де жібермеймін.

— Қап, мынау қиын болды-ау! — деді Еркін.

— Қарамауымызға амалымыз қанша,— деді қасындағы біреу қалжыңды дауыспен,— жеңгейдің беті қатты. Тамақ жемейміз деп таяқ жеуіміз қиын болар. Қарайық.

— Онда, тез! — деді Еркін.

— Айттым ғой, «биенің бір сауынында» деп. Одан да тез боп қалуы мүмкін.

— Ал, жігіттер, сендер онда аттарды ағытып, сарығын азғантай басқаннан кейін отқа жібере тұрыңдар!..

Еркіннің қасындағы екі адамның тысқа шығып кеткен сыбдыры естілді. Босаға жақтағы әлдене ыдыстар салдырлай қалысты. Тегі Қалиса да ас жабдығына тысқа шығуға ынғайланды ғой деймін.

— Сен тоқтай тұршы! — деді Еркін оған. Қалиса оның қасына жақындаған сияқтанды.

— Естідің бе, жоқ па,— деді Еркін оған, сыртқа естіргісі келмеген, ақырындау құмыққан үнмен,— қайын сіңлің бұлдірді!

— Неменені?

— Бұлдірген емей немене: балалық шағынан бері ғашық болдым деп жүрген жігітінің бетіне, жуық арада былш еткізіп бір түкірді де, енді қайтып көрместей ғып қоя берді.

— Қайда ол? — деді Қалиса.

— Бүркітті айтасың ба?

— Иә!

— Кетіп қалды.

Естігім келмей жатқан бұл сөз құлағыма шалынғанда, мен бетімді басып жылап жібердім. Тегі жылаған дыбысым естіліп қалды ғой деймін:

— Кім бар, мұнда?! — деді Еркін еленделеген дауыспен.

— Жәй... бір... сырқат бала...— деді Қалиса, сөздерін бөле айтып,— сонымен,— деді ол, ендігі сөздерін жылдамдатып,— қайда кетіп қалды Бүркіт?

— «Қайда» болсын?.. Оқуына!..

— Онысы қалай жаным-ау?!

— Не «қалайы» бар? Орыстың: «Зорлықпен сүйкімді бола алмайсың» деген мақалы бар. Сүйдім деп жүрген қызы айнып кетсе, не істей алады оған!.. Күш қолданатын емес бұл. Қыз бетіне түкірген соң амалы құрыды да кете барды.

— Іштеңе деместен бе?

— Жүрер алдында «жолың түссе тастай кетерсің» деп конвертке сап хат тастап кетті маған. Сыртқы жазуына қарасам, ғашығына арналған. Ішінде не жазылғанын білмеймін: ол айтқан да жоқ, мен сұраған да жоқпын. Соны, егер үйінде болсаң сол хатты саған тастап кетейін деп, тура жолымнан әдейі бұрылып кеп отырмын!

— Еркежан! — деген қуанғандай үні естілді Қалисаның.

— Әу! — деп қалдым мен, басымды төсектен көтеріп алып.

— Шық бері қарай!

Шымылдық ішінен шыға келген маған, «бұ қайдан?!» дегендей, Еркін одырая қарады да:

— Ә, осында екен ғой, бұл бала! — деді.

— Арнаулы хатты өзіне бер,— деді Қалиса, қолымен мені нұсқап.

Адам асығып күткен нәрсесін көргенде есінен айрылып қала ма, немене, «ұят-аятты қойып» дегендей, қойнындағы хатты суырып ұсынған Еркінің қасына кердеңдей басып бардым да, өйтпесем бермейтіндей, қолынан жұлып алдым. Ол қылығым, тегі Қалисаға ерсі көрінген болу керек, кескініме алая қарады да, Еркіннен жасырып, сол жақ бетін үсік саусағымен бір безеп қойды. Қолыма тиген хатты шымылдық ішіне кіріп оқуға беттей берген маған:

— Енді несі бар, жасыратын оның? — деді Қалиса,— мені мен Еркіннен жасырамысың? Сонда, кім деп бізді?

Таста, әрі, оны! Боғауыз жазбаған болар. Одан басқа не жазса да бізге естіртіп оқы қазір!

«Ішіне кіріп кетер» дегендей, Қалиса шымылдықты түріп тастады. Бұл үйде енді тығылар жерімнің жоқтығына көзім жеткендей аңырып тұрған маған:

— Оқы дедім ғой, саған анау хатты! — деді Қалиса бұйырған дауыспен.

— Сөйт, шырағым!— деді Еркін өтінген дауыспен.— Әуелі көзіңді жүгіртіп ал да, естіртерлік хат болса, оқып бер!

Конвертті ашып, ішіне салған бір тарақ қағаздың екі бетіне жазған сөзге көзімді жүгіртіп шықсам, кісіден, әсіресе Еркін мен Қалиса сияқты дос кісілерден жасыратын іштеңесі жоқ екен. Бірақ оны оқып бере алармын күшім жоқ: көзіме толып, алқымыма тығылған жасым, дыбыс шығарсам-ақ, саулай жөнелгелі тұр!.. Осындай халде, «бойда бар-ау» деген қуат атаулымды жинап, хатты Еркінге ұсынып, дірілдеген дауыспен күшім кеп айтқан сөзім:

— Ағатай, өзіңіз оқып беріңіз!..

Еркін дауыстап оқып берген хаттың сөздері төмендегідей екен:

«Бәтес!

Өмірімнің барлық гүлдері түгелімен шешек атып жайнаған жазында, «махаббат» аталатын кең, тұнық, мөлдір мұхиттың ортасында рахаттана жүзіп келе жатыр едім, не жел тұрмай, не нөсер құйып күн күркіремей, ешбір себепсіз аяқ астынан көтерілген сұрапыл толқын, мені тұншықтыра көмді де кетті. Қазекеңнің «сең соққан балықтай» деген күні басыма туып, есеңгіредім де қалдым. Өзімнің жаныма да, арыма да үнілсем, саған деген тазалығымда бір кіршік жоқ. Ал, сенің ойда жоқта осынша басқа теуіп талдырып кетуіңе қайранмын. «Жел болмаса шөп басы қимылдамайды» дейді қазақ. Әрине, сенің де босқа туламауың керек, тулатарлық себебің болу керек. Бірақ осы жайда сөйлесуге, түсінісуге болатын еді ғой. Сен оны істемедің де: «Сендер кеткенше келмеймін» деп, есікті тарс жауып кеттің де қалдың. Оныңа қарап, менің де аттанып кете бармай, айналақтауым, жолығуым, сөйлесуім қажет сияқты еді. Бұны істеуге, сол бір шақта лаулай қалған намысым мұрша бермеді. «Е, бұ несі?!— деп ойладым мен,— басыма бұлайша үн-түнсіз теуіп талдырып кетудің орнына, өлтірерлік дәлелі болса, айтып неге өлтірмеді?.. Айнып қалса неге ашып айтпады?..

Махаббатта зорлық бар ма еді? Екі жаққа тең бөлінбейтін махаббаттың керегі қанша?..» Намысым осылайша қоза қалған мен,—қой!—деп бекіне қалдым сол арада,—тілге келместіктей жазығым жоқ. Басыма теуіп кететін иті емеспін. Ендеше неге жығылам аяғына?»

Осы ашудың үстінде арбаға қалай мініп, қалайша жүріп кеткенімді өзім де аңғармай қаппын.

Міне, мен сенен алыс жерде отырмын. Неге тулауыңның себебін әлі де ойлап таба алған жоқпын. Не істеуім керек енді. Саған оралып баруым керек пе? Егер бара қалсам, сен әнеугі сертіңмен, сөйлесу түгіл көрінбей қойсаң, бір емес екі өлмеймін бе мен? Ондай итжандылықтың қайсымызға керегі бар?

Осыны ойладым да, оқитын қалама жүріп кетуге бел байладым. Мен өзімді, сенің сыныңнан түгел өткен адамға санаймын. Сен де солай сияқты боп жүріп, нақ пышақ кесер жерге келгенде, сертіңнен жалт бердің. Махаббаттың екі адамға бірдей екені рас болса, бұзған сертіңді өз қолыңнан түзеуге тиістісің. Ол үшін не істеудің керектігіне менің ақылым жетпейді. Оны өз қабырғаңа да, жаны шын ашитын достарыңа да ақылдасып көр!.. Әсіресе, Қалисаға!.. Мен соңғы барған жолы ол кісінің үйде болмауына қайранмын!. Сені мен менің арама өзге от жақса да, ол от жақпауға тиісті еді. Аса керекті шақта жолаушылап кетуі күдікті-ақ!..»

— Бұлай боларын біліппін бе мен?! — деп Қалиса жылап жіберді.

— Хаттың азғантай ғана сөзі қалды,— деді оған Еркін.— Бөгеме, жеңгей...

— Аяқта, аяқта! — деді Қалиса көзін сүртіп. Қалисаның жайын өзің білесің, Бәтес! Менің бұл елде ендігі сенетін жалғыз адамым, жолдас Еркін Ержанов оған ақылдасқың келсе, білгенін аямас деп ойлаймын.

Кіршіксіз көңілден Бөкенің!»

Соңғы «Бөкенің» деген сөз «басымнан біржола ұшты» деп жорыған бақытымды қайтадан әкеп қондырғандай, «өлгенім тіріліп, өшкенім жанғандай», өмірімнің аспанын түгел бүркеп алған қаһарлы қара бұлт айығып, күнім шыққандай, Бүркіт айтқандай, «барлық гүлдерім қайтадан түгелімен шешек атып, жазым жайнағандай» боп кетті. Соңғы күндері солып, сақарға салған сүйектей құп-қу боп кеткен ажарым да қазір бұрынғы бақытты бейнесіне түсе қалды ма, немене:

— Түсінікті ме хат? — деді көңілдене қалған Қалиса, бетіме жылы жүзбен телміре қарап.

— Түсінікті! — дедім мен.

— Еркін шырағым! — деді Қалиса,— осылар арамтер боп босқа бүлініп жүр. Араларындағы наразылық, үшкіргеннен қалмайтын жел-ұшық сияқты бірдеме. Егер осылар жүз көрісті бар ғой, түсініседі де кетеді. Соны істеуге не амал бар?

— Менің де бұл көп ойланған ісім, жеңгей,— деді Еркін байсалды дауыспен,— кімнің кімді сүюі, сүйісетін адамдардың өздерінің ғана ісі. Онда ешқайсымыздың қатынасымыз болмауға тиісті.

— Әрине,— деуі Қалиса,— біреумен біреудің жүрегін жалғап беруге ешкімнің де күші келмейтіні рас. Бірақ жалғасамын деген жүректердің бәрі жалғаса бере ме? Жалғасудың орнына жыртылатындары да бола бермей ме? «Арманда өтті» дейтін ғашықтар солар емес пе? Жалғастыруға да, айыруға да себепкер болатындар бар емес пе сүйіскен жүректерді?

— Рас, жеңгей!— деді Еркін күліп,— сіз кейде жазушылар сияқты бейнемен де сөйлеп кетесіз!..

— Әркім білген тілін айтады да,— деді Қалиса, Еркіннің қалжыңды сөзін ұнатпағандай.—Сөз жарыстырып жататын орын емес бұл, Еркін шырағым. Белгісіз біреулер, шын сүйіскен бұл екі жасты әзірге айырғандай боп тұр,— деп Қалиса оған қысқаша ғана маған келген альбомның тарихын айтып берді.

— Солай ма? — деп ойланып қалды Еркін. Қалиса оған:

— Алдыртсақ қайтеді сонысын? — деп еді.

— Қажеті болмас,— деді Еркін.

— Енді не істеуге болады? — деп бетіне үңіле қараған Қалисаға:

— Менімше,— деді Еркін маған қарап ап,— бұл баланың ауылда бұдан былай да тұра беруінің ешбір сәні жоқ.

— Менің де ойым сондай,— деді Қалиса,— сонда не істеуі керек.

— Оқуға кетуі қажет қой деймін.

— Қалай?

— Болыстық мекемелер орнаған жерге бұдан екі-үш күн бұрын Қостанайдан «Қызыл отау» деген келді.

— Ол не?

— Әліби Жангелдиннің ана жылы осы арадан өтетін қызыл керуенін көріп пе едің?

— Көргем. Осы ауылда бірнеше күн жатқан. Біреудің біреуде кеткен есесін алып беріп... қылмысты адамдарды соттап... аштарға жәрдем беріп... жетім балаларды оқуға әкетіп... басына ерік сұраған адамды босатып... ел бұйымнан тарығып тұрған шақта азынаулақ болса да керек-жарағын саттырып... халыққа ойын-сауық көрсетіп... жаңада құрылған Совет өкіметінің хал-жайын түсіндіріп... дегендей, көп жұмыстар істеп кеткен.

— Мынау «Қызыл отау» деген де сол «Қызыл керуеннің» бір түрі,— деді Еркін.— Айырмасы (Қазір тоқшылық орнағандықтан, ол жолғыдай ала келген астығы жоқ; қазір бұйым көбейгендіктен, алып келген саудасы жоқ. Өзгесінің бәрі бар. Бастығы — Бектасова Әсия деген әйел.

— Әйел?! — деп қалдық Қалиса екеуміз қосарлана.

— Ие, әйел!— деді Еркін нығарлап;— кеше ғана күндікте жүрген қазақ әйелдерінен қазір ел басқару жұмысына араласушылар да шыға бастады. Мынау әйел, Қазалы қаласындағы жұмысшы адамның қызы екен. Бала кезінде аздап орысша оқыған екен. Өзі ажарлы да, сымбатты да адам. Соған бір бай қызығып, тоқалдыққа алам деп жүрген шағында революция боп қалады да, көзі ашық қыз қызылдарға қосылып, туған жерінде Совет өкіметін орнату ісіне ат салысады. Совет өкіметі орнағаннан кейін Тәшкенге барып, заң жұмысын үйретететін бір жылдық күрске түседі де, оны бітіргеннен кейін бірер жыл зерттеуші боп, одан кейін аудандық сот боп тағайындалады. Соңғы екі жылда. Қазақстан Жоғарғы сотының коллегия мүшесі екен. Қызыл отау жұмысын басқаруға содан жіберіліпті.

— Ім-м-м, қызық екен!,— деп қойды Қалиса ыңырана сөйлеп, «қазақ әйелдерінен де ел басқарушылар шықты» дегенге таңданған кескінмен.

— Сол қызыл отау,— деді Еркін, қызметіне кірісе бастады. Әйел бостандығын да қолға қатты алып жатыр. Қалыңға сатылған қыздардан, сүймесіне еріксіз берілген әйелдерден, әйел үстіне барғандардан... дегендей, қызыл отауға жауған арызда қисап жоқ. Қызыл отау соларды шетінен шытырлата шақырып, сұраған бостандығын беріп жатыр...

— Сонда, сол қыз-келіншектерді шақырғанға жіберіп жатыр ма иелері? — деді Қалиса.

— Еркіне салса, әрине, жібермейді. Заңнан күшті емес. Жібермесе милиция жіберіп күшпен әкетеді.

— Не деген милиция шақ келеді оның бәріне?

— Милиция жетерлік. Сарықопада милиция штабы

құрылған. Начальнигі Самарқанов Найзабек. Қырыққа жақын милиционері бар. Жетпей ме сол?

— Әрине, жетеді! — деді Қалиса.

— Көлденең сөзге кетіп қалдық,— деді Еркін Қалисаға,— тақырыбымызға оралайық: мәселе, мына Бәтестің оқуға кетуі жөнінде еді ғой...

— Егер әке-шешесі жіберсе!— деді Қалиса, ауыр күрсініп.

— Еркіне салса, әрине жібермейді,— деді Еркін. — Бірақ енді, егер ақылы болса, бұл баланың әке-шешеге енді қарайлауының қажеті жоқ қой деймін. Несіне қарайлайды?. «Ұлы сөзде ұяттық жоқ» дегендей, Бүркітке байланысты атағы шықпау керек еді. Ал атақ шығып, ел-жұртқа тарағаннан кейін, үйде «қыз» боп отырудың не сәні бар енді?

— Түк те сәні жоқ! — деді Қалиса, мені шегелегісі келгендей,— ұл емес, қыз баланың көзге шыққан сүйелдей боп отыруынан масқара не бар дейсің. Өйтіп отырғаннан, не өлгені, не кеткені жақсы. «Жақсы ит те өлімтігін көрсетпейді» депті аталарымыз. Ит құрлы жоқ па бұл?

«Сырды шешкен соң түгел шешейік» деп, Қалиса Еркінге өткен түні менің басымнан кешкен оқиғаны қысқаша айтып берді.

— Бүркіттің мына хатынан кейін өлудің қажеті болмас. — деді Еркін қолындағы хатты көтеріп.

— Менімше де солай. — деді Қалиса.

«Менімше де» деп қойдым мен ішімнен.

— Сонымен,— деді Еркін маған,— бұл ауылда енді қалма. Оқуға кет. Сонда Бүркітіңді көріп кеңесерсің, түсінісерсің. Оқу көзіңді дүниеге кеңірек ашар. Ғашық болу өз жүрегіңнің ғана ісі болса, қалай өмір жасауды білу — оқудың ісі.

— Оған бел байладық қой деймін,— деді Қалиса.— Сонда қалай алдырады мұны қызыл отау?

— «Оқуға барғым келеді, әке-шешем жібермейді» деп Бәтес қызыл отау атына арыз береді.

— Қалай береді ондай арызды? — деді Қалиса,— «оқуға жібермейміз» деген жоқ қой әке-шешесі бұған?

— Барам десе жібереді деп ойлайсыз ба, сонда?

— Жібермейді! — дедім мен.

— Ендеше, арыз жазуың қажет емес пе, шырағым?

— Жазам!

— «Милиция» дегенмен,— деді Қалиса,— әкең мен әжең, әсіресе, әжең оңайлықпен жібере қоймайды сені.

Ұрыс-жанжал да боп қалуы мүмкін араларында. Тіл де, қол да жұмсалып қалуы мүмкін ашынған шақта. Шыдай аламысың соның бәріне?

— Шыдаймын! — дедім мен.

— Солқылдап, не айнып қалмаймысың? — деді Қалиса нығарлап.

— Солқылдамаймын да, айнымаймын да.

— Ә, онда арызыңды жаз, шырағым! — деді де, жазуға бөгет болғысы келмегендей, Еркін орнынан көтеріле берді.

— Қалай жазуын айтпаймысың?— деді Қалиса оған

— Не айтатыны бар? Көңлі нені тілесе соны жазсын, білгенінше жазсын! Еркін шығып кетті.

— Шын бекіндің бе, шырағым? — деді Қалиса Еркін кеткен соң.— Шын!..

— Ендеше, бетіңнен жарылқасын. Сапарың оң болсын!..

Бұндай тілекке қазақ «айтсын!» деп жауап беруі керек қой. Мен оны айтпадым. Несіне айтам туған ауылдан кетуге бекінгенмен, бұл сапарымның оң я теріс боларына кімнің көзі жетіпті?

Көңліме сондай күдік ұялай тұра, мен бекінген ойымнан қайтпадым да, мәлімсіз сапарға жетелейтін арызды жазу жабдығына кірістім. Ол ойымды түсінгендей, оған көңлі бұзылғандай, Қалиса көзіне жас алды да, үйден шығып кетті.

5. АҚЫЛШЫМ

«Ұрыс тұрған жерде ырыс тұрмайды» деген сөз рас екен. Қикілжің кірген күннен бастап, біздің үйде берекедуа болған жоқ. Бұрын да қара кескінді, түсі суық әжем, бұл күндері шағатын бүйідей күдірейіп, мысықпен арбасқан жыландай ысқырынып, жоқ нәрсеге байланысқыш, кім көрінгенмен ұрысқыш боп кетті. Оның керісінше, соңғы жылдары сөзуар боп кеткен шешемнің кейінгі күндері тілі байланып, әжем қисынсыз жерден тиіскенмен, кейде тілі түгіл қолы да тиіп қалғанмен, мылқау кісідей мізбақпай жүре беретін болды. Менің басыма түскен ауыр халге жаны аши ма, әлде Қалисадан оқуға кетуге бел байлауымды естіді ме, қайсысына болса да іші елжірегендей, оңашалана қалса-ақ, ағылтегіл жылаудан көз ашпайды. Биылғы көктемнен бері көбінесе үйде боп жүрген әкем, үй ішіне орнаған берекесіздікті көргісі келмегендей, әлдене сылтаулармен, әлдеқайда кетіп қап, үйге жөнді жоламайды.

Сондағы сылтауы, ағасы Қоңыр-қожаның жуық ара-

да «дін үгітін таратушы» деген айыппен тұтқынға алынуы. Көбіне ол «ағама барам, халын білем» деп кетеді. Кейін ол да менің әуелі асылып өлмек болған, одан кейін оқуға кетуге бел буған «құпиямды» сезіп қалды ма деймін, Еркін арызымды алып кеткен күннің ертеңіне үйге соқты да, әлдене сылтаумен, қонбастан аттанып кетті. Бұған дейін қайда жолаушы шықса да, қанша уақытқа шықса да мандайымнан иіскемей кетпейтін ол, мына жолы бетіме де қарамаған жоқ. Біздің үйдің «тәуір тұрмысы» аталатын күндерінде шет ауылдың адамдары болсын, өз ауылымыздың адамдары болсын, сапырылыса араласып, күн-түн демей қонақтан арылмаушы ек. Берекесіздік кіргеннен кейін, олардың бәрі ыдырап, өзгелер былай тұрсын, өз аулымыздың адамдары да, шешек шыққан үйдей біздің үйге жоламайтын болды. Бұрын үйде қонақ болсын-болмасын әлденелерді ермек қылған біздің үйдің жандары, жылдың қай мезгілінде болса да, түн ортасын өткізбей төсек басын тигізбейтін. Кейінгі күндерде ол әдет те қалып, іңір болған сон-ақ әрқайсымыз өз жататын жерімізге қисая кететін болдық. «Жұттың жеті ағайынды» болуынан ба, әлде «қорыққанға қос көрінуден бе», ереуілді бұл күндерде біздің ауылдың иттері де үргіш, малдары да үргіш сияқтанып, күні-түні мазасызданды да кетті. Ондай күндер адамда берекелі ұйқы бола ма? Шала ұйқы болудан ба, әлде ауыр ойдың қалжыратуынан ба, үй ішіндегі адамдардың түгелімен түсі қашып түнде түгіл күндіз де мең-зең боп жүрді. Осындай жағдайға душар болғаннан кейін, бұрын алтын бесіктей қызғылықты сияқтанатын туған үйім, енді үңірейген көр тәрізденіп, одан қашып құтылуға асықтым.

Осындай ереуілді күндердің біреуінде, іңір шамын жақпастан, іңір асын ішпестен, әрқайсымыз өз төсегімізге қисайып жата бастап ек, ауылдың бар иті үн қоса шәуілдей жөнелді. «Неменеге үрді?!» дегендей, тын бола ғап тысқа құлағымды тіксем, қатты келе жатқан бірнеше жылқының дүсірі естіледі. Басыма «маған келе жатқан адамдар болар ма?» деген ой келгенде жүрегім лүпілдей қалды. Тегі маған жақын жатқан әжем де иттердің үруіне, аттардың дүсіріне құлақ түріп жатқан болу керек, дүсір ауылға жақындап қалған шақта үрейлі дауыспен:

— Алла бұл кім болды?! — деп төсегінен басын көтеріп алды.

Босаға жаққа қисайған шешем де елегізген ғой дей-

мін, төсегінен үн-түнсіз түрегелген сыбдыры естілді. Ол ілезде кереге басында ілулі тұратын «жарғанат» атты фонарьды тұтатты.

Абалай, бір-бірімен таласа үрген көп иттің қамауында бір топ салт адамдар біздің үйдің сыртына кеп жапыр-жұпыр түсе бастады. Солардан қорқуы ма, басқа ойы бар ма, әжем мені құшақтай ап, бауырына қатты қыса бастады. Бұрын да қолы қатты әжем, бұл жолы қаусырған құшағына қысқанда, нәзік денемнің сүйектері бытырлап сынған сияқтанып, өкпе-бауырым езілген сияқтанып, тынысым тарылып кетті.

— Өлдім, әже! — деппін сасқанымнан.

Жарық үйге сау етіп он шақты адам кіріп келді. Біреуі аудандық милиция штабының начальнигі Найзабек Самарқанов, екіншісі кіші милиционер — Нұрбек Қасымов, үшіншісі болыстық қосшылар одағының председателі — Сақтаған Сағымбаев, өзгелерін танымаймын.

— Бәйбіше, баланы киіндіріңіз! — деді Найзабек. әжеме.

— Қайдағы баланы? — деді әжем қозғалмай.

— Құшағында отырған қызды.

— Неге!?

— Ол қазір бізбен қызыл отауға аттанады.

— Қызыл отау деген немене еді?

— Әйелдерге бостандық беретін жер! — деп қалды Сақтаған.

— Онда менің баламның не жұмысы бар?

— Оқуға шақырады,— деді Нұрбек.

— Зорлап оқытсын деген заң барма екен? — деді әжем.

— Сөзді қойыңыз,— деді Найзабек қатуланыңқырап,— біз өзімізден үлкен мекеменің жұмсауымен келіп отырмыз. Қызыңның оқуға барам деген арызы бар...

— Сөйтіп пе ең, Бопаш? — деді әжем маған.

Мен үндемедім.

— «Жоқ» деген жоқ қой? — деді Найзабек.—Қалай «жоқ» дейді. Өз қолынан жазған арызы менің қалтамда.

— Бола берсін! — деді әжем.— Болса да жібермеймін.

— Неге?

— Бала менікі!.. Әкесі үйде жоқ. Ертең келген соң, оқимын деген жеріне өз қолынан апарып тастайды. Айдаладағы көлденең жүрген көк аттыға баламды ертіп жібере алмаймын.

Үйге сырттан кірген әркімдер әжемді қолдап шыласайын деп еді:

— Қойыңдар!— деп ақырып қалды Сақтаған,— қарсылық қып үкіметті жеңемін деп тұрмысыңдар? Заңға әлдерің келе ме сендердің? Және өлімге я жаман жолға кетейін деп тұрған жоқ, оқуға әкеткелі тұр, оған қарсылық жасаудың керегі қанша?

— Жасамағанда...— деп Кіші-ағам (Қалисаның күйеуі Қиқым) көтеріліп келе жатыр еді.

— Саған не жоқ, қосарланатын? — деп, қолтоқпақтай кіп-кішкене байғұсты әйелі иығынан кейін қарай сүйреп әкетті.

— Бәрібір бермеймін! — деп әжем мені құшағына қыса түскенде:

— Қалай бермейсің? — деп Нұрбек қолымнан тартуға айналды.

Әжемнің құшағы мұндай қатты болар ма, атпен тартса да жазылар емес. «Жібер!» деп Нұрбек тартып тұр..

— Өлдім! — деппін, тағы да мен. Сонда шешем үстіме кеп түсе қалды да:

— Жібер, қу қақбас! — деді әжемнің мені қысқан құшағын жазбақ боп қолдарына жармасып. Үлкен, семіз денесі қара тастай жерге қатып қалған үнсіз әжемнің қолын жазуға әлі келмеген шешем, «қолыңды қиып жіберейін, ендеше!» деп, кебеже үстінде тұрған лөкет пышақты жалақтатып ұмтыла бергенде, қорқып кеткен әжем құшағын жазды да жіберді. Ұшып түрегелген мен, әжемнің қыспағында езіліп әлсіреуден бе, қорқыныштан ба, аяғымды аттай беріп етбетімнен түстім. Жерден жалма-жан құшақтай көтеріп алған Нұрбектің сүйемелдеуімен аяғымды әрең бастым. Расы ма, өтірігі ме, пышақтан қорқып шалқалақтаған әжем, талықсығандай демін ентіге алып төсегіне қылжия кетті. Ауылдың әлдекімдері оның басын сүйемелдей берді.

— Қарсылықтан пайда жоқ,— деді сығылысқан жұртты кимелеп келген Қалиса,— киіндіру керек баланы.

Жолға даярлап қойған киімдерімнің қайда екенін білетін ол, бір-бірлеп алып, қолынан киіндіре бастады. Мен сүлдерім құрыған халде сілейіп тұрмын!.. Қалиса «әзірге даяры осы» дегеннен кейін:

— Кеттік онда! — деді Найзабек. Үйден жұрт сөгіліп шыға бастағанда, Нұрбекке сүйенген мен, аяғымды әрең бастым.

— Тарантас табылмаған соң,— деді Найзабек сырт-

қа шыға,— ерттеулі бір атты бос әкелгеміз. Бәтес соған мінеді.

Атқа мінерде Қалиса көрісіп жылайын деп еді:

— Тарт әрі, түн ішінде барқырамай!— деді шешем. — Тілеулі жолға шыққалы тұрған балаға жамандық шақырма жылап!

— Жолың болсын, күнім! — деді шешем мені маңдайымнан сүйіп.— Ерсе Қалиса екеуміз, ермесе, жалғыз өзім артыңнан барам!..

— Ж-ж-жоқ, м-м-мен ермеймін! — деді жасқа булыққан Қалиса!

— Неге — деген біреулерге:

— Әйел азаттығының алғашқы жарқын сәулесін Еркежанның кескінінен көрермін деп үміттенген едім,— деді Қалиса бар қуатын бойына жинағандай ықылық ата жылдам сөйлеп,— ол үмітім де қараңғы тұманға батты!..

Ол демі бітіп талықсып кеткендей болды. Әлдекім оны сүйей берді... Енді кідірудің жөні жоғын көрген мен атқа қалай мінгенімді білмеймін. Білгенім, әлдекім «ал, тарттық!» дегенде, астымдағы атты шылбырынан біреу жетектей жөнелді. Әлсіз мені аттан құлап кетер дегендей, қатарласқан біреу белімнен құшақтап сүйей берді...

Талықсыған кісінің бетіне қазақтың су бүркетіні бар ғой, содан кейде адамның есін жинайтыны да болады ғой. Талықсыған адамдай, егер сүйеп отырмаса, аттан толықсып ауып кеткелі келе жатқан мені, туған жерімнің табиғаты аяғандай, бір өткінші жаңбыр бетіме тамшыларын себелеп кеп жібергенде, ұйқым қанып оянған адамдай сергіп сала бердім. Ердің үстінде толқыған түрімнен жиналып алғаннан кейін:

— Жібер! — дедім сүйемелдеп келе жатқанға құшақтаған қолын итеріп.

Ол босатты. Алдыңғы жағымдағы әлдекім ұстап келе жатқан атымның шылбырына ұмтыла беріп ұстадым да:

— Босат!— дедім оған да.

Ол босатпады.

— Босат!— дедім шылбырымды тартып.

— Босат!— деді сол жағымда қатар келе жатқан.

— Қашып отырса қайтесің? — деді шылбыр ұстаған оған.

— Қашса барсын,— деді анау,— зорлап әкеле жатырмыз ба біз, атының басынан айрылмайтын? Арыз

беріп сұранып келе жатқан өзі. Ол сөзінен айнығысы келсе, әлі де бара берсін!

Шылбырымды жинап ап, атымның басын да жинай ұстап, денемді ерге шегелей орнықтырғаннан кейін:

— Қамшы неге бермегенсіңдер маған? — дедім серіктеріме.

— Онымыз ұят болған екен ғой,— деп, манағы сүйемелдеген өз қамшысын ұсына берді. Қараңғыға үйренген көзбен қарасам, Нұрбек! Сол жағымдағыға қарасам — Найзабак. «Алдымдағы қайсының?» деп ем, «мен — Сақтаған!» деп жауап берді. Өзге адам көрінбейді. Жолда бытырасып қалғанын байқамағанмын ба?..

Өз атымның басы өзіме тиіп, есімді де, денемді де жинағаннан кейін байқасам, торғайлық табиғаттың бүгін аса бір маужырап тұрған тамаша түні екен. Жұлдыздары бүгін жыпырлай қалыңдаған аспанның астына әдейі ұстап қойған сүзгі пердедей, жұқа ғана алашабыр бұлт бар. Әлгі менің бетіме бүркіп өткен болу керек, аспанның теріскей жағына ауған қап-қара бұлттан үйірген қамшыдай ирелеңдеп қызғылт түсті найзағай жарқылдайды. Биіктеу бір тұста, қара қағаздың бетіне түсірген дөңгелек бозғылт сызықтың қақ жарымы сияқтанып, жаңа туған айдың жіңішке қырқа жиегі жылтырайды. Тыныс алған желсіз түнде бүкіл өсімдік атаулы бойындағы бар жұпарын бүркіп тұрғандай, ішіне тартқан тамаша иісті сыртқа шығарғың келмегендей боласың. «Түсі қашып, түн жортып..» дегендей қараңғы түнді, айдалада салт келе жатқан төрт адамды кезекпен іліп әкеткісі келгендей, бір жапалақ төбеміздеп құлия төніп келеді де, жақындай бере жалбаң етіп, қараңғы аспанға қайта көтеріледі. «Кімдер екенінді білгелі жүрміз» дегендей, зымырап ұшқан сұқсырлар да төбемізден зу етіп өте шығады. Кей кезде еліктей тып-тын бола қалған елсіз-күнсіз далада тіршілік барын білдіргісі келгендей, ара-тұра жылқышы құстар ысқырып қояды. Анда-санда бұлақ сияқты суы я сазы бар жерді жанап өте ме екеміз қайтеді екеміз, бізді балапандарын басып кетер дегендей, төбемізде қарандап ұшқан қызғыштар да зар қағып қауіпті жерден өткізіп салдым-ау деген шақта жалт беріп қалып қояды. Кісінеген жылқылардың даусы әлдеқайдан талықсып естіледі... Әлдеқайдағы алыстықта иттердің даусы шаңқылдайды, әлдеқайда қасқырлар ұлиды... Бұның бәрі жақын жерде ауыл жоқтықтың белгісі. Қай жерде келе жатқанымызды болжап білер белгі жоқ...

Осынша елсіздікте, осынша қараңғылықта, осынша тиыштықта, белгісіз жерде үнсіз жортқан адам іші пысудан жарылып өлер ме еді, қайтер еді, егер Сақтаған тізгінімді босатқаннан аз уақыт кейін, Найзабек:

— Нұрбек! — деп дыбыс бермесе Қенет естілген дауысқа мен селк ете қалғанда:

— Әу! — деді Нұрбек.

— Ішіміз пысып кетті ғой, достым.

— Пыстырмау үшін не істеу керек?

— Азырақ «Майраңа» басып көңіл көтерсек қайтеді?

— Болады. Бірақ естіген біреу, «жеті қараңғы түнде, айналадан ән салған бұл қай есер?!» деп жүрмесе.

— Баса бер! Бұл маңайда дауыс жетер жерде ел жоқ. Жете қалған күннің өзінде де, бұл маңайда сенің даусыңды, әсіресе, «Майраңды» танымайтын адам бола қояр ма екен?

— Сөйт, Нұрбек! — деп қойды Сақтаған.

— Мүмкін, маған Бәтес қосылар? — деді Нұрбек қалжыңды дауыспен.

— Еркі білсін! — десті ана екеуі.

— Қәне, онда?— деп Нұрбек атын тебініп маған таянайын деп еді:

— Айта беріңіз өзіңіз!— дедім мен, қосылмайтынымды, жақындауын ұнатпаған түрде шығарған үніммен сездірмек боп. Онымды түсінбегендей:

— Білем, Бәтес, өлең айтатыныңды. Былтыр жаз, аулыңда қыз-бозбала алтыбақан тепкенде, талай әнді тамаша ғып айтып, түн бойы қақсағаның қайда? Көңіл көтерейік те, үн-түнсіз жорта бермей!..

— Көтере бер, өз көңліңді!— дедім жекіңкіреп.

— Енді қозғама! — деді Сақтаған, «қозғасаң ши шығарып аларсың» дегендей дауыспен.— Баса бер өзің!

Нұрбек «Қызы едім мен Уәлидің атым Майра» деп бастап, жіңішке әдемі даусымен, «Майра» әнін шырқай жөнелді. Мен сол уақытта, қасымдағыларға білдірмей жылап жібердім.. «Неге» десеңізші!..

Өткен қыс осы Нұрбек әлдене жұмыспен біздің ауылға келіп еді, бірер күнде қайтпақ болған оны, әніне әсіресе, «Майрасына» қызыққан жұрт бірінен соң бірі қонаққа шақырып, жұмаға жақын уақыт ұстады. Нұрбектің әнін естіген жұрт «тамаша екен!» деп ауыздарынан сілекейін шұбыра мақтасып жүрді. Бұл сөзге мен де қызығып тыңдағым келгенмен, тым болмаса бір рет тыңдаудың сәті түскен жоқ. «Неге?» деңіздерші!

Әжем қызық кісі еді менің. Өзін «атақты жердің қызымын, атақты қожаның әйелімін, жасым егде тартып, бәйбіше болған адаммын, желігетін жастағы кісі емеспін» деп есептеуінен бе, жаратылысына біткен мінезі солай ма, әлде денесінің ауырлығынан ба, ар жағын білмеймін, мен есе білгелі осы кісінің ойын-сауыққа желікпегенін көрген емен. Желігудің орнына ол, ән-күйге тыжырына қарап, өз алдында ешкімге домбыра да тартқызбайтын, өлең де айтқызбайтын. Өлеңі, домбырасы бар думанға кездесе қалса, не әлдекіммен кеңесіп тыңдамай қоятын, әйтпесе, әлденені сылтау ғып шығып кететін. «Ұл» боп жүрген шағымда, мен домбыраға құмарттым. Сонда, әжем «көрсетпе көзіме, ыңылдағыңды!» деп ұрсып тастамаса, әлдекімнен үйге алып келген домбырамды, «шайтанды үймелетпе үйге!» деп мойнынан омырып жанып тұрған отқа тастай бермесе, менің жап-жақсы домбырашы боп кететін де түрім бар еді. Даусым да жап-жақсы менің. Әнді ұғуға да қабілетім тәп-тәуір. Сол бетіммен әнші де боп кетер ме ем, қайтер ем, егер әжем, «әлдекімнің қызы ма ең, сен, ән айтатын?... Әулиенің ұрпағысың!... Тұқымыңда «әу» деп көрген бір жан жоқ. Сонда, әнге даусы жоқтықтан емес, атасының аруағын сыйлағандықтан, дуалы аузын шайтан сөзімен былғамауынан!.. Өлең-жыр шайтан сөзі. Қиямет қайымда, жын-шайтан адамзатты тамыққа әндетіп, өлеңдетіп шақырады дейді. Таста, шайтанның ісіне үйір болмай!» демесе. Сондай тыйым салған әжемнен қорқатын мен, «қыз» болғаннан кейін ғана «алтыбақан», қызойнақ» сияқты жастар ғана бас қосатын жерде әнге қосылып жүрдім...

Ән-күйге осылай қарауынан ба, әлде «бойжетті» деген мені жас жігіттен қорғаштауы ма, ауылға Нұрбек кеп, «кезекпен қонаққа шақырған үйлерде ән айтып жатыр» дегенде, Қалисаға қоса мені де шақыра келген сол үйлердің біреуіне де жібермеді. Ауылдың жігіттері әжеме кеп:

— Сіз де шықырсаңыз қайтеді, Қареке! — деп әрі өтініп, әрі жалынғанда:

— Таста, ауыртпа басымды! Керегі жоқ маған, «жын-шайтаныңның!..»— деп ақырып тастады.

— Сөйтіп, мен ол қыста, біздің ауылда Нұрбек бір жұма жатып айтқан әндерімен біреуін де ести алмай қалдым. Міне, енді ғана естіп келем оның әнін. Әні шынында да тамаша екен. Ендеше, мен неге жылаймын?

Әжем есіме түсіп кетті менің. Өз аулымда, өз үйім-

де қызғыштай қорғаған балапаны, мен қайда келе жатырмын қазір? Ол қайда қалды қазір?.. Ол мені енемнен шырылдап түскенде, шаранаммен бауырына басып бетімнен сүйген екен, сонан бастап, бүгінгі түннің ортасына дейін бауырында өспедім бе мен оның?.. Мінезінің былайша қаталдығы болмаса, не қиянат көрдім одан?.. Өзінен тумадым демесем, туған шешемнен кем болып па еді ол маған?.. Егер мені уысынан шығармай өсірсе, залалыма ма еді ол менің?.. Пайдама емес пе еді?.. Қазақ «қызға қырық үйден тыю» дегенде, ең алдымен қыздың өз пайдасы үшін айтпады ма осыны?.. Алақанына сап сонша аялаған әжеме не көрсетіп кеттім бүгін?..

Бұл ойдан жасқа булыққан шағымда, туған шешем де түсіп кетті есіме. Мана әжем мені құшағынан босатпаған шақта ғой, ол «босат!» деп пышақ ала жүгірді. Онысы несі?.. Әжеме қолынан шығаруға қимағанда, оның қиғаны ма?.. Есіме әжемнен естіген бірер ертегім түсіп кетті.

Бірінші ертегі: Әлдекімнің ботасы жоғалады да, әлдекім оны тауып ап өз түйесіне телиді. Түпкі иесі бұны естіп келсе, тауып алған адам «өз түйемнің ботасы» деп бермейді. Екеуі биге жүгініске барса, екі түйені әкеліңдер де, көздеріңше ботаға тақымбұрау сап бақырғанда, туған енесі боздап үстіне түсе қалады да, тумаған енесі бақырайып қарап тұрады. Сонда би, «енесінің қайсысы екені айтпай-ақ мәлім болды» депті.

Екінші ертегі: Әлдекімнің баласы жоғалып, оны да әлдекім тауып ап, бала ғып асырайды. Осыны естіген әке-шешесі іздеп барса, асыраған әке-шешесі «өзімізден туған бала» деп бермейді. Бұл екеуі де биге жүгініске барады. Сонда би, баланы екі кісіге екі қолынан тартқызып ұстатады да, таласқан екі шешеге: «Екеуіңе қақ жарып бөліп берейін!» деп қылыш көтерсе, өгей шеше: «Оған мен бейілмін!» деп баладан айырылмайды, ал, туған шеше: «Қайда кетсе де тірі кетсін!» деп баланы қоя береді...

Өгей шешемнің мені жібергісі келмей, туған шешемнің жіберуі осы ма?. .

Бұл ойдың түбіне жете алмай тұншығып бара жатқан шағымда есіме жалғыз бауырым Сейіл түсіп кетті. Бесіктен шыға менің қойнымда ұйықтап келе жатқан ол, бүгін де қасымда еді. Үйге милиционерлер келіп, шаң-шұң шыға бастаған шақта, ініне кіріп кеткелі аузында қазықтай шаншылып отырған зорманға ұқсап,

төсек үстінде көйлекшең шоқия қалған еді. Сонан соң қайда жоғала қалды ол?.. Жаным бірге дейтін мені милиционерлер әкетуге айналғанда жылап неге бассалмады?.. Сонысы, жанының басқалығы болғаны ма?.. Әлде, шаң-шұңнан шошып оянып, есеңгіреген қалпында далаға шыға қашты ма екен?.. Содан кейін қайтті екен?..

Бұл ойға тұншыға бергенде, әкем түсіп кетті есіме. «Ұлым да сен, қызым да сен» деп жүретін байғұс әке, ақыры не боп шықты сол балаң?.. «Қыз — дұшпан» дейді қазақ. Рас болғаны ма сонысы?.. Өтірік болса оны жерге қаратып, мына істеп келе жатқаным не?..

Осы ойлардың салдарынан жасқа булыққан шағымда, өз даусыма өзім ие бола алмай еңіреп жіберіппін, Нұрбектің әні тоқтала қалды.

— Өй, Бәтес, мұның не?!— деді Найзабек жұлып алғандай. Мен одан жаман еңіредім.

— Шырағым, саған не болды?!— деді Найзабек,— ворлықпен бара жатырмысың, жылайтын?.. Өзің емес пе, осы сапарға тіленген? Екі жақсылық күтіп тұрған жоқ па алдыңнан?.. Бірі — оқуын, екіншісі сүйген адамына қосылуың?.. Оң сапарың емес пе бұл?.. Баяғыдан бері малға сатылып, күндікте келе жатқан сен сияқты қазақ қызына осындай тендік әперіп, сүйгеніне қосылуына, оқуына жол ашқан Совет өкіметінің ісіне жылаудың орнына қуанбаймысың?..

— Үй іші есіне түсіп келеді де!— деді Сақтаған, демін соза алып.— Бұрын бұндай сапарға шықпаған бала, жатырқап я жалғызсырап келеді де!..

— Жоқты айттың ғой, Сақа,— деді Нұрбек кейіп,— Бәтестің былай да босап келе жатқан жүйесін одан жаман босатқаның не қылғаның?!.

— Қой, Бәтес, өйтуді!— деді Нұрбек маған,— жақсылық жолға келе жатып, жаман әдетті көрсетпе!..

— Тұк те жамандығы жоқ,— деді Найзабек,— туған аулынан аттанғанда, әйел түгіл ердің де көзіне жас алатыны аз емес.

— Рас!— деді Нұрбек жұлып алғандай, көңілді дауыспен.— Алғаш Орынборға кетерде өзімнің де өлердей жылағаным бар. Ал, енді, былай етсек қайтеді?

— Қалай?

— Бәтестің көңілін әнмен көтере алмайтын болдық. Бұл өзі «ұл» боп, соңғы уақытқа дейін атқа да шауып келген қыз екен ғой. Бірде бәйге атының басына да мініп озып келді деген сөз бар. Тағы да үнсіз

шоқыта бергеннен, ептеп тақым жазып алсақ қайтеді?

— Қараңғыда ат сүрініп жүрмесе,— деді Сақтаған шабуға ниеті кеткенін білдіріп.

— Сақаңның да құлқы шаба қалды ғой,— деді Найзабек.— Аттың басын бірер шақырымға жіберсек жіберіп алайық. Осы арада туып-өскен жылқылар, қапыда інге аяғын тығып алмаса, ой-шұқырының барын біледі.

— Ал, ендеше, кел!— деп Нұрбек тарта жөнелді.

Менің астымдағы елпеңдеген жеңілтек жылқы екенін көріп келе жатқан. Мана бір әлдеқалай кісінеп қалған даусынан —«тегі, бедеу-ау, осы!» деп жорығам. Қараңғы түнде түсі қыландау көрінген.

Нұрбек «ал!» деп жөнеле бергенде дүсірге құлағын тігіп еліре қалған бедеуім, тірсегінен қапыда ит тістеп алғандай ыршып кеп түсті де, ауыздықты сүзе шаба жөнелді. Найзабек пен Сақтаған да қосарлана шапты... Серіктерім аттарының басын ірке ме, әлде менің бедеуім ұшқыр ма, жарысқандардан ілезде оздым да кеттім... Біраздан бері мінбеген салт атты сағынып қалғанмын ба, немене, тақымымды ерге қысыңқырап ап, басын бос жіберсем атым құлар дегендей, тізгінімді бәлкім теженкіреп, бірақ «бар шабысын көрейін» деп қамшыны сауырына басыңқырай сипап жібергенімде, бедеуім құс боп ұшып кетті... Екпінінің күштілігі ғой деймін, тымық түнде алдымнан жел тұрып, көз жасымды парлатып жіберді... Мына шабысқа желіккенім сондай, қалың топпен жарысып келе жатқандай қиқу сап, қамшыны аттың сауырына сипай түстім!..

— Ұш, жануар!..

Ұшып бара жатқан қалпыммен артыма қарасам, серіктерім қараңдап жырақта қалып қойыпты. Астымдағы бәйгеге шауып, үстіндегі адамға басын билетпеудің әдісін алып қалған бірдеме ме, әлде қолым әлсіз бе, ауыздықты азуына басып алған жануардың басын тежететін, шабысын бәсеңдететін түрі жоқ. Атқа шапқан адамның ондайда қолданатын әдісі, бір жақ шаужайынан бұра тартып, қиғаштай бұрып апарып тоқтату. Мен осы әдісті қолданам деп, шауып келе жатқан жазық жерден адырлау бір биікке көтеріле бердім...

— Айырылдық!— деген айғайы естілді, көлденеңдей шауып келе жатқан серіктерімнің біреуінің,— жеткізбейді, енді!.. Кетті!..

«Мені қашты деп ойлағаны ма?»— деген ой кеп кетті маған бұл дауыстан.

«Қашсам не істейді?» деген де ой кеп кетті. «Бірақ қайда барам, сонда?.. Үйге ме?.. Не деп?..»

Ойым осыған тұйықталғаннан кейін, қисая тартып басын билеп алған атымды әрең деп желіске, одан аяңға түсірдім де, бытырай шауып жақындаған серіктеріме оралдым. Нұрбек шапшаңдығын істеп:

— Біз сені тартып отырған екен десек,— деп келе жатыр еді, онысын ұнатпаған дауыспен:

— Таста, жоқ сөзді айтпай,— деді Найзабек,— өзі тіленіп келе жатқан бақытты сапарынан қашатын, жынды деймісің Бәтесті?.. Бала деймісің?..

Менің көңілімді қобалжып келе жатыр деп тұрақтатқылары келді ме, әлде менсіз де айтыла беретін кеңестері ме, аяң жүріспен қатарласа жөнелген серіктерім, қазақ әйелдерінің Совет өкіметінен бұрынғы халі мен қазіргі халін салыстыру төңерегінде әңгімелесе бастады. Мен үн-түнсіз тыңдадым да отырдым. Сөзді әуелі Найзабек бастап;

— Сақтаған, не ойлап келесің сен?— деді.

— Немене туралы дейсің?

— Мынау Бәтес қой, бізбен еріп, бақыт сапарына аттанып келеді?

— Талай рет айтпадық па ол туралы?

— Бұрын ғой, қызды өзінің қалың берген күйеуі ғана әкететін еді?

— Онда да ғой, егер әке-шешесі я туыстары қолдарынан бермей бұлтаққа салса?..

— Рас.

— Күйеуін қыздың өзі іздеп шығуын, бұл араның елінде бұдан бұрын естігенің бар ма?

— Менімше ол, ондай оқиға, бұл араның елінде ғана емес, бүкіл қазақта да болған жоқ.

— Дұрыс айтасың.

— Біз ғой, тап тартысының рухында тәрбиеленген адамбыз?

— Оған таласатын кім бар?

— «Тап» деген ғой, жынысқа бөлінбейді, саяси және шаруашылық күйіне қарай бөлінеді?

— Солай деп оқытты ғой бізді.

— Орыстар айтпай ма, «правила без исключения не бывает» деп?

— Естігенім бар. Қазақша не деген сөз сол?

— Дәл мағанасын табу қиын. Жалпы мағнасын алғанда, «түзетуге жатпайтын тәртіп жоқ» деген сөз ғой деймін.

— Мен де сол маңайда түсінем. Ал, осыны неге айтып келесің?

— Қазақтағы қанаушы тап — байлар ғой. Кедейлер мен жалшыларына ғой, олардың ері түгіл әйелінің де қожандағанын өзіміз көзімізбен көрдік?

— Көрдік.

— Сөйте тұра, қалыңмалға сатылып келмеген бір байдың әйелін көргенің бар ма?

— Ел ішінде болмаған оқиғаны қайдан көрем.

— Қазақтар айтпай ма, «өзіңнен тумай ұл болмайды, сатып алмай құл болмайды» деп?

— Айтады.

— Ендеше, малға сатылып келген соң, кедей былай тұрсын, байлардың әйелдері де күң емес пе?

— Солай екендігіне ешкімнің дауы болмауға тиіс.

— Қазақ арасында қай заманда шыққаны мәлімсіз, бірақ атамзаманнан атадан балаға мирас боп келе жатқан қалың малды тыятын закон ғой тек совет құрылғаннан кейін шықты?

— Бұған да ешкім таласа алмайтын пәкті ғой!

— Әрине. Совет өкіметі Қазақстанда құрылғанына ғой биыл алтыншы жыл? Бұл ғой, бірталай уақыт сияқты?.. Қалың малды жою туралы Қазақстан өкіметінің қаулы шығаруына, оны Бүкіл Одақтық Атқару Комитетінің бекітуіне биыл төртінші жыл. Заң солай бола тұра, қазақ арасында қалың мал тыйылды ма?

— Көрмей жүрмісің, тыйылмағанын? Мазмұны сол қалпында қалып, түрі ғана өзгерген жоқ па? Бұрын малдай төлейтін қалың, енді ақшаға айналған жоқ па?

— Ешбір қатесі жоқ. Ал, енді қалың малдың осы түрі қайткенде тыйылады деп ойлайсың?

— Қайдам?

— Шетінен шытырлата соттай беру керек!— деді Нұрбек.

— Өйтуге болмайды!— деді Найзабек.

— Неге?

— Ауылда қалың төлемейтін жан жоқ. Солардың бәрін соттағанда, аулында кім қалады?

— Сізше қалай?— деді Нұрбек тосылып қалғандай.

— Менімше, қыздардың өз санасы ашылып, қалынға өзі қарсы тұрғанға дейін, қалың жойылмайды.

— Ол рас,— деді Сақтаған,— сонда, қыздар саналы болу үшін не істеу керек?

— Шетінен оқыту керек.

— Оған бірталай уақыт бар ғой әлі.

Әрине. Қазақ: «Ауру батпандап кіреді де, мысқалдап шығады» дейді. Халқымыздың санасына ғасырлар бойы сіңген надандық дертін аз уақытта жұлып тастауға болмайды. Оған бірталай уақыт керек. Бізге қазіргі қуанышы — осы игілікті істің басталуы. Соның куәсы — мына келе жатқан Бәтес! Бұның бостандық жолына түсуінің алды осы.

— Тек жолы болғай да пақырдың!— деді Сақтаған.

— Менің де тілегім сол,— деді Найзабек, демін созып алып.— Бірақ жолға түсу бар да, оның шегіне жету бар. Жолдың да жолы бар: бұлтарысы, ойы-қыры көп көліктің жолы бар, тура аға беретін поездың жолы бар; ол жолдар қанша қиын және алыс болғанмен, түптеп жүріп шегіне шықпай қоймайсың. Өмір жолы олардан басқа. Оның қайда барып, немен тынарын күн бұрын болжау қиын. Ол тек, күреспен ғана және не үшін күресуіңді білумен ғана, күрестің әдіс-айласын табумен ғана, оған қоса, күш-қуатың жетумен ғана аяқтай алатын жол!..

— Не деген ақылды адам едіңіз, аға!— дедім мен, сөздері көкейіме қона кеткен Найзабекке.

— «Комплимент» деген сөзді білетін бе едің, шырағым?— деді Найзабек маған.

— Жоқ, аға!.. Ол не сөз?

— Біреуді көзінше мадақтау. Мені мадақтауыңа рахмет, айналайын. Жаңағы сөздерді айтып келе жатқан себебім: мен осы елде қызмет атқарып жүрген кісімін ғой және менің қызмет жайым, ел арасында болып жататын сөздерге, істерге құлақты түре жүруді тілейді. Мен ана бір жылдары «басмашы» дегендерді қуысып Памир тауында жүрдім. Ол басына мәңгіден бері қар мен мұз жамылған сұмдық биік тау ғой...

— Жағрапиядан оқығаным бар.

— Сол арадағы тұрғын адамдардың айтуынша, «ақиық» аталатын тау бүркіттері, жұмыртқасын ызғарлы қардың үстіне, желдің өтіне салады дейді. Онысы — «ызғар мен дауылға шыдаса шыдасын, шыдамаса жарылсын» дейтін көрінеді...

— Ғажап екен!— дедік өзгелеріміз.

— Одан да ғажабы, сол ақиықтар, қанаттанған балапандарын ылдиға емес, өрге қарай ұшырып, талып құласа, тыныққаннан кейін тағы да өрге айдайды екен. Онысы да қиындыққа үйретуі...

— Япырай, тамашасы-ай!— дедік тағы да өзгелеріміз.

— Мұны айтып келе жатқан мақсатым,-- деді Найзабек, маған қарап,— егер менің бұл елде көріп жүргендерім рас болса, сенің жиегіне аяғыңды жаңа ғана аттаған мынау өмір жолында, Памирдан кем түспейтін нелер қиын асулар бар сияқты. Соның ыстығы мен суығына ақиықтың жұмыртқасындай шыдай білмесең, биігіне балапанындай ұша білмесең мақсатты жеріңе жетуің қиын сияқты.

— Қорқыттың ғой баланы!— деді Сақтаған Найзабекке.

— Зәресін кетірдің ғой Бәтестің!— деді Нұрбек.

— Ағатай-ай,— дедім мен Найзабекке,— бұл сөзіңізге дейін, сіз туралы мен басқа пікірде едім ғой. Менің бұған дейінгі ұғымымда, мылтық пен қаталдықтың ғана иесі едіңіз ғой!.. Бұл уақытқа дейін, осынша әдемі және шын сөздерді ішіңізге қалай сақтап жүргенсіз?

— Тап жауларының ұғымы ғой, шырағым, айтып келе жатқандарың!— деді Сақтаған.— Бәрімізді де солай түсінеді олар. Мені, мысалы, байлардан салық жинаудан және өте қатал түрде жинаудан басқа іштеше білмейді деп ойлайды олар. Біздің де адам екенімізді, бізде де адамдық жүрек барын жауларымыз білмейді.

— Біледі!— деді Найзабек.— Біздің оларға көрсететін өктемдігіміз, тап тартысының ісі екенін де жақсы біледі. Сөйте тұра жамандайды, дұшпанын жақсылаған кімді көріп ең?

— О да рас!— деді Сақтаған.

— Сонымен, Наке, Бәтеске не істе дедің?— деді Нұрбек Найзабекке.

— Өзің берік болсаң,— деді Найзабек маған,— Совет өкіметі сені ешкімнің де қорлығына бермейді.

— Тырысайын, ағатай!..

6. ҚЫЗЫЛ ОТАУ

Бір өзбек айтқан екен дейді: Қазақтың «әне жер!» деген иегінің астында екі жыл жүрдім» деп. Сол айтқандай, үйде жүрген шағымда, болыстық кеңселер орнаған ауылды «жап-жақын жер» десетін еді; енді міне, соған қарай беттеп шыққанымызға қашан!.. Ауылдан аттануымыз қызыл-іңірдің аз-ақ арты сияқты еді. Бұлттың аспанда түні бойы сирей көшіп, енді жұлдыз-

дың бетін бүркеп қалыңдай бастауына, түні бойы тына қалған желдің енді қатая қозғалып, аспанда бұлтты, жерде өсімдікті сапыра есе бастауына, түндегі тұнық қарацғылықтың бозамықтана бастауына қарағанда, тегі, таң сіберлеп келе жатқан болуға тиісті. Іңірден бастап таң бозарғанға дейін салт, тың жүрдек атпен шоқыта жортқан адам қанша жерге кетпек?.. Аратұра ызғыта шауып та алған жоқпыз ба?.. Осының бәрін қосқанда, дүниенің жері! Ал, ала-сәулелене бастаған төңерегіме көз тастасам, қиядан-ақ шалатын қарашығыма, ауыл барлықтың ешбір белгісі білінбейді. Ендеше, «жақын жерде» деген кеңсесі қайда?.. Әлде, біз адасып, елсіз құла-дүзге кетіп барамыз ба?..

Көмекейімде тұрған бұл сұрауды серіктеріме айтқан жоқпын себебі — бозамық сәуледен айқын көрінген олардың кескіндері, сол сәуленің өзі сияқты сұпсұр; таңға жақын маужырап ұйқылары келе бастады ма екен, немене, түні бойы ауыз жаппаған сөздерін қазір түгелімен доғарып, әлсін-әлсін ауыздарын аңырайта ашып есіней береді; сондай адамдарды сұраумен мазалаудың қажеті қанша!.. «Ұйқы мен тамақ дұшпан» демей ме, қазақ. Ауыр ойда жаным жүдеп келе жатқан мен, соңғы түндерде шала ұйқы болғанмен де, маужырай бастағанымды сезем; кей уақытта қалғып кеткенімді білмей де ғап, жортып келе жатқан салт аттың үстінен ауытқып барып әрең оңалам!..

Сөйтіп жығылып кете жаздап, атымның шоқтығын құшып әрең оңалған бір шағымда, көзімді кеңірек ашып алдыңғы жағыма қарасам, өрлеп келе жатқан адырымыздың арғы еңісінен, қызараңдаған бірдеме қозғалады!.. «Бұ не?!» дегендей көзімді төне тіксем, жалпылдаған жалынға ұқсайды!.. Олай дейін десем, әлгінде қалыңдаған бұлт аз уақыттан бері сіркіреп жауа бастаған. Жауын астында жалын бола ма?!.. Не екенін қасымдағылардан әлі де сұрамай, көзімді тіге түссем, жаңағы «жалыным» әр жерде жылтыңдап көбейіп барады!.. «Бұ не?!.. Есеңгіреуім бе менің?!..» Бұл ойымды түсініп келе жатқандай:

— Қызыл отауға да келіп қалдық!— деді Найзабек.— Анау желбіреген қызыл жалаулар, соның және қасына қатар тігілген үйлердің төбелеріне тігілген тулар.

— «Қызыл отау» дейсіз бе?— дедім мен, сағынғанымымды жолықтырардай серги ғап.

— Иә, қызыл отау!.. Болыстық кеңселер де осы арада. Олар ілкім төменіректе.

Мен сияқты ол да қалғып келе жатып, ұйқысын Найзабектің «Қызыл отауға да келіп қалдық» деген сөзімен ашып жіберді ме, әлде есерлеу мінезіне бақты ма:

— «Майраға» басып жіберсем қайтеді?— деп Нұрбек ат үстінде қоқаңдай қалды.

— Таста, ұят болар!— деді Найзабек оған— Шырт ұйқыдағы жұртты өлеңмен оятатын жынымыз бар ма?

Ауыл салтында, ауылға жақындаған жолаушының ақырын жүретін әдеті бар ғой. Соған бақты ма, әлде ұзақ жерге қатты жортып ақ көбіктене бусанып келе жатқан аттар тыныс алсын деді ме, Найзабек:

— Енді аяндайық,— деді де атының басын тежеді. Біз де тежедік.

— Шырағым, Бәтес!— деді Найзабек,—«кеңсе» дегенге, сен оны көше-көше қала екен деп ойлама. Жұрттың шаруасы көтеріліп, тұрмысы түзелгенмен, ғасырлар бойы көшіп келген қазақ ауылдары, әсіресе, түгелімен көшпелі саналатын біздің торғайлықтар, әзірге қоныстанып үлгіре алмай жатыр ғой. Ел көшкен соң жергілікті кеңселер де көшіп, жайлауға бірге шығып жүр. Сарықопаның бойындағы «Ұшқын» артелінің қасына, кеңсенің тұрақты үйлері биылғы көктемнен бастап қана салынып жатыр. Әзірге іргесі қаланғаны: болыстық мекемелердің бәріне арналған көп бөлмелі бір үй, елу төсектің орны болатын, емдеу бөлмелері болатын дәрігерхана, мал дәрігерлеріне арналған алты бөлмелік бір үй, қырық кісілік монша, залына жүз кісі сыятын клуб, оның ішінде кітапхана болады...

— Көп қой, ағай-ау!— дедім мен.

— Одан да көбейеді, шырағым. «Ұшқынды» үкімет Торғай даласындағы мәдениет ошағының біріне айналдырмақ. Кірпіштен, ағаштан, саманнан өз бетімен, қала тәртібімен үй салам дегендерге үкімет «ссуда» аталатын жәрдем бере бастады. Биылдың өзінде артельдің мүшелері сексен мың сомдай ссуда алды.

— Дүниенің ақшасы ғой ол!

— Әлі азғантай ол. Алдағы жылдарда жақсы үй салғысы келгендерге одан әлдеқайда көп береді.

— Кеңселер қашан бітеді?

— Аманшылық болса, алдағы жылдың жазында кіреміз бе деген ойымыз бар...

Біздің Қызбелдің жері қызық: белестене біткен оның

«әне тұр!» деген тұсына атынды қарықтырып әрең жететінің болады. Біз де сөйттік. Әлгінде желбіреп көріне қалған қызыл тулар із тастай қашқан түлкінің құйрығы тәрізденіп, кейде бұлаң етіп көрініп қап, кейде зым-зия жоқ боп кетіп, жеткізбей әуре етті. Сонысына ыза болғандай:

— Ағай, осы Қызбел адырының ұзыны мен көлденеңі қанша жер екен?— деп сұрадым Найзабектен.

— Ел мөлшерін Сақан білетін шығар,— деді Найзабек Сақтағанды нұсқап.

— Землемермен кезгенім бар,— деді Сақтаған,— ойы-қырын түгел араладым. Сонда землемердің дәлдеп өлшеуінше, шығыстан батысқа қарай көсіле жатқан Қызбел дөңінің ең ұзын тұрқы сексен үш километр және жеті жүз алпыс екі метр екен!..

— Пай!— деп күліп жіберді Нұрбек,— Сақаңның метріне дейін ұмытпауы-ай!..

— Расында солай,— деп қойды Найзабек маған қарап, «күдіктенбе» дегендей,— бұл Сақаңның памяты деген сұмдық: көзі мен құлағына іліккеннің ешқайсысын ұмытпайды.

— Көлденеңі?— деп сұрадым Сақтағаннан.

— Азар болса, жеңілтек мінезді Нұрбек тағы да күлер,— деді Сақтаған,— қырық бір километр және бір жүз тоқсан метр!..

— Онда,— деді Нұрбек күліп,— ұзыны көлденеңінен екі-ақ есе артық екен ғой?

— Солай екен,— деді Найзабек.

— Ендеше, бұны «Қатынбел» демей, «Қызбел» деп несіне атаған?

— Неге?— деді Сақтаған күліп.

— Демегенде ше?— деді Нұрбек былай да ойнақы сұлу кескінін одан да бетер ойнақшыта түсіп,— көлденеңінен ұзыны екі-ақ есе артық қыз бола ма?..

Нұрбек бұл сөзімен Сақтағанның қытығына тиген сияқты болды, өйткені Сақтаған үйіндегі жеңгейді көргенім бар да: бартиған жуан денелі ол кісінің ұзындығы көлденеңінен екі есе емес, біржарым-ақ есе артық сияқты да; сондықтан Нұрбектің сөзін өз атына айтылғандай көрген Сақтаған, оған:

— Шайқымазақтана қалатыныңай, сенің!— деп ренжіп тастады. Серік боп келе жатуынан ба, сыйлайтын адамы ма, Сақтағанның ренішін ыдыратқысы келгендей:

— Мәселе өлшеп-пішуде емес қой, Нұрбек,— деді

Найзабек.—«Халық айтса қалт айтпайды» дегендей халық жер-суға білмей ат қоя ма?.. Жаздыгүні сағымға бөленген шағында, алыстан қараған кісіге, шалқасынан көсіле жатқан қыздың денесі сияқты көрінуі рас қой, Қызбелдің?

— Рас!— деді Нұрбек.

— Өзіміз осы арада туып-өскендіктен бе, әлде расы солай ма,— деді Нұрбек,— талай жерлерді кезе жүре, талай аласалы-биікті белестер мен тауларды көре жүре, дәл Қызбелдей жүрегімді тартып, көзімді қызықтырған жерді көрген жоқпын!.. Шіркін, туған жер, неткен ыстықсың!..

Менің көзімнен жасым ыршып кетті. Оны жеңімімен сүртіп үлгергенше, біз белесіне шыққан дөңнің арғы еңісінен төбелеріне қызыл ту тігіліп, ауыл салтымен дөңгелей емес, қала салтымен көшелене қонған кигіз үйлер жарқырай қалды!..

Ұмытып барады екем: манағы бозамықтанған, шынында да таң екен. Сол таң қазір айқын атып аспанның шығыс жақ жиегіндегі бұлт қызылкүрең түске боялған. Алдымыздағы үйлердің төбесіне тігілген, таңғы самалға желбірей құлпырған қызыл тулар, анау таң тіккен ұлы тудың бөлшектері сияқтанып, бәрі тұтаса жайнағанда, бүкіл дүние қызыл отаудың үстіне тігілген шетсіз-шексіз қызыл ту сияқтанды да кетті!.. Торғай жерінде атқан осы бір таңның әдемісін-ай!..

Алдымыздағы ауыл, мен бұрын көрмеген түрде екен. Бұған дейін мен көріп жүрген ауылдардың бұлай көшелене қонбай, дөңгелене қонуын былай қойғанда, бай ауыл болсын, кедей ауыл болсын, «ауыл» деген аты болған соң, бірінде көп, бірінде аз болғанмен, ішісырты жайылған я жусаған мал болатын. Алысырақ арқандалған бірер ат болмаса, мынау көшелене қонған үйлердің маңында ондай малдардың өзі түгіл исі де жоқ. «Онысы несі?!» деген ойымды айтпай-ақ түсінгендей:— Бұл ауылдың маңайында мал жоғы ерсі көрініп келе жатқан жоқ па, Бәтесжан!— деді Найзабек бетіме күлімсірей қарап.

— О несі?!— дедім мен, ойымды жасырмай.

— Қулардың бұған қойған аты,— «Қағаз ауылы». Бұнда отырған үйлердің қағаздан басқа бағар малы жоқ...

— Асты қайдан ішеді, сонда?

— Маңайдағы ауылдардан сатып алатыны бар. сыйлап әкелетіндер бар, тамақсыз болмайды...

— Тым болмаса, иті де жоқ екен, алдымыздан үріп шығатын!— деппін мен. Ол сөзімді ұнатпай қалғандай:

— Алдыңнан да үріп шыққан, артыңнан да үріп қуған иттер аз емес қой, енді үргізіп қайтесің оларды!

Одан кейін аз уақыт үндеспедік.

— Шырағым, Бәтес!— деді Найзабек ауылға таяна,— Еркін сені өз үйіне түсір деп тапсырған. Кеше жолаушылап кеткен еді, оралған-оралмағанын білмеймін. Әйеліне тапсырып кетем деген. Аты — Баршагүл. Газет-журнал оқырлық қана сауаты бар адам. Екі баласы бар. Қонақжай, бауырмал, жақсы кісі.

— Сақтаған, Нұрбек!— дері серіктеріне,— сендер өз үйлеріңе баратын шығарсындар. Мен Бәтесті Еркіннің үйіне апарып саламын.

— Құп!— десті аналар.

Мені қасына ерткен Найзабек, аумағы үлкендеу, түндігі жабулы қоңыр үйдің сыртына кеп, атының тізгінін тартқанда иығына биқасаптан тіккен қаптал желеңін жамылған, басына шашақты ақ бөртпе шәлісін орай салған, орта таразы денелі, көркемше кескінді әйел шыға келді.

— Ие, Баршагүл, аманбысың?— деді бізге қарай жүрген оған Найзабек.

— Бәтес деген сіңлің осы,— деді Найзабек Баршагүлге мені нұқсап.

Атымның шаужайынан ұстап, мені жерге қолтықтап түсірген Баршагүл туысқанның біреуіндей мені бетімнен сүйіп амандасты.

— Еркін келген бе еді?— деді Найзабек Баршагүлге.

— Жоқ.

— Онда мен түспей-ақ қояйын. Балалар ұйықтап жатқан болар. Бәтес те ұйықтайтын болар. Жолдан шаршап келді.

Өз ерінен басқа еркекпен сапылдасып сөйлесе қоймау бүкіл қазақ әйелінің дәстүрі. Сонысына баққандай, Найзабекке жауап қатпаған Баршагүл:

— Жүр, шырағым, үйге!— деп маған жол нұсқады. Түндігі жабулы кигіз үйге кірсек, іші көлеңкелеу болғанмен, не барын көрерліктей екен. Оң жақта шымылдық түсірулі тұр, оның ішінде балаларының ұйықтап жатқандығы мұрындарының жеңіл ғана пысылдауынан сезіледі. Сол жақта төсегі жиналған бір темір кровать тұр, оның алдында түрілген шымылдық тұр. Төрдегі жүкаяқта бірер чемодан және аздаған көрпе-жастық

бар, үйдің төріне кигіз, оның үстіне тықыр кілем төселген. Оң босағаға ақ ши қоршалған. Ыдыстары мен астары сонда болуға тиісті. Керегенің төр жақ басында азынаулақ киім ілулі тұр, осылардан басқа бұл үйде іштеңе жоқ.

— Ал, Бәтесжан,— деді Баршағүл,— мезгіл әлі ерте ғой. Жұрт тұрғанша тынық. Анау бос тұрған кроватқа төсек сап берейін де, шымылдығын түсіріп қояйын.

— Жарайды,— дедім мен, жатқым да, ұйқым да келмегенмен, ұйқыдағы үйдің мазасын алмайын деп.

Шымылдығы түсірілген оңаша төсекке жатқаныммен ұйқым келсінші, енді!.. Өзімді өзім зорламақ боп, көзімізді жұмайын десем, алдымда әлдене суреттер қаптай қалады да, кейбірі қорқынышты болғаннан кейін, үрейленіп еріксіз ашам. Не малы, не иті жоқ ауылда қызық болады екен: көзім бақырайып жатқан менің түрік құлағыма, қалғып үлгерген Баршағүлдің қаттырақ пысылы мен балаларының жұмсақ пысылынан ешбір дыбыс шалынбайды. Сөйтіп жатып қалғып кетсем керек, әлдекімнің есіктен кіре берген сыбдырынан оянып кеттім. Баршағүлдің де ұйқысы сақ қой деймін, ол да мендей оянып шымылдығының ішінен шықты ғой деймін. Әлде не еркек адамның:

— Бәтес келген ғой, тегі?— деген сыбырына:

— Келді!— деп жауап берді сыбырмен.

— Қалай?

— Қайдам, қалайын. Түн қатып келуден бе, кейістігі бар ма, кескіні құп-қу!..

Ұйқылары қанды ма екен, әлде әкелерінің сыбдыры мен сыбырына оянды ма екен:

— Әке!— деп қосарлана шуласқан екі баланың даусы естілді. Бірі кішкене ұлдың, бірі тіпті кішкене қыздың даусы сияқты. Әкелерінің оларды ақырын үнмен «айналайын!» деп аймалағаны да естіліп тұр. Бұл, әрине, Еркін. Сырттан да әлдекімдердің қаңғыр-күңгірі естіледі.

— Көбірек ұйықтапсыңдар ғой,— деді Еркін даусын ақырын ғана шығарып.

— Бәтес әлгінде, күн шығардың алдында ғана келді. Мен әрі сол ұйықтасын деп, әрі балалар да ұйқылары қанып тұрсын деп, ертерек оянсам да қозғалмай жатыр ем,— деді Баршағүл.

— Ендеше киін. Ас даярла. Биенің бас сауыны болып қалды.

Ұйқым тағы да ашыла қалған мен, одан әрі жата

беруді ыңғайсыз көріп, шымылдық ішінде сыбдырлап киіне бастадым.

Үй ішінің тұрып жайлануына бөгет болғысы келмегендей Еркін тысқа шығып кетті. Іле шымылдық ішінен шыға берген маған:

— Неге жата түспедің?— деді Баршагүл.

— Ұйқым келмейді.

Ойда жоқ адам шымылдық ішінен шыға келуіне таңданып, жатырқағандай, Баршагүлдің өзіне тартқан екі-үш шамасындағы бүлдіршіндей қыз бен жобасы Еркінге келетін төрт-бес жастағы семізше әдемі ұл, шешелерінің көйлегіне тығылып, бастарын ғана қылтитты.

— Мына «қалжырап келген адамды мазаламайын» деп іштеңе деген жоқпын,— деді Баршагүл,— жол жайынды білем, сапарың оң болсын. Бүркіт осы үйден аттанды. Тіл-аузым тасқа, теңіңді тапқан екенсің, өзінің жан-тіні сенің үстіңде, ағасы сені «артыңнан жіберем деп қалды, артына алаңдап кетті байғұс бала! Келмей ме деп қорқып ем, келген екенсің. Оның жақсы болған. Атағың шықпағай еді, шыққан соң не қарайлайтыны бар енді!.. Кідірмей аттанғаның мақұл!

Еркіннің тыста жұмыстары болды ма, немене, Баршагүлдің шәйі даярланғанмен, бірталай уақыт тостырып қалды. Баршагүл:

— Қарамай-ақ қойсақ қайтеді?— деп еді:

— Күтейік!— дедім мен.

Баршагүл адамға жұғысымпаз, кішіпейіл, кеңескіш кісі екен. Асын даярлап, бетін жауып қойған дастарқанның қасында отырып, ол екеуміз ілезде сырласып кеттік. Қысқаша айтқан өмірбаянына қарасам, ол байғұс та тоқалдыққа алғалы отырған бір байдың қалың төлеген жесірі екен. Амангелді жорығының кезінде бай оған қарсы болған да, соғыс күндері оққа ұшқан. Сол себептен бай алып үлгіре алмаған Баршагүлді, күйеуінің інісі (о да бай) алам деп қоқырандай бастағанда, Еркінмен көз таныс боп үлгеріп Совет өкіметі Торғайда орнаған жылы алған да қашқан. Оқу жобасына қарасам менен артық іштеңесі жоқ сияқты. Әйткенмен, жол-жоба көргендігіне бағып, ол да маған әйел бостандығы туралы, оны пайдалану туралы ақыл айтып жатыр.

Кешікпей Еркін де келді. Оның қасына қалаша киінген көрікті, сымбатты жас әйел еріп келді. Әдеп сақтап түрекелген маған туған ағаның дағдысын жасап,

Еркін де мандайымнан сүйіп амандасты .«Бұл үйдегі ерлі-зайыпты адамдар мені туысқан көріп алғаны ма, екеуі бірдей сүйіп амандасып?» деген ой келді маған.

— Бектасова Әсия деген апаңыз,— деп таныстырды Еркін қасындағы әйелді маған, өзі мандайымнан сүйгеннен кейін,— Қызыл отаудың бастығы!

— Бәтес дейтін сіңліміз осы екен ғой,— деді Әсия маған қолдасып.— Арызың бойынша шақырттық. Сапарың оң болсын.

Шәй үстіне менің балалық шақтағы мұғалімім Жидебаев Балқаш кіріп келді. Қасында шәлі бүркенген жас әйел, «тегі әйелі болар» деп шамаладым ішімнен. Озық шәкірті болғандықтан мені ол жақсы көріп «Бәтесжан» дейтін.

— Е, Бәтесжан, аманбысың?— дей кірді ол есіктен жылы қабақпен. Орнымнан көтеріле берген маған:— қазақ дастарқан үстінде қолдаспайды, отыра бер, шырағым!— деді.

Үй иелерінің өтінішімен төрге шыққан ол, қасындағы жас әйелге:

— Келінсің ғой, сен дастарқанның төменгі жағына отыр!— деді қалжыңды дауыспен. Төменнен орын алған келіншекті,—«біздің үйдегі жеңгең, шырағым Бәтесжан, аты Жаңыл» деп таныстырды Балқаш.

Алдына шәшкемен берген шәйді ұрттамай тұрып, тек дастарқаннан жұмсақ бауырсақтың біреуін ғана аузына сап шайнаған Балқаш:

— «Қартайғанда кәрі боз жорға шығады» дегендей, жас күнімізде көп оқи алмаудың есесін енді толтырып жүрмін, Бәтес шырағым; бұрнағы жылы Тәшкен қаласындағы мұғалімдер даярлайтын институтқа түсуге кеткенімді білесің. Оның бір курсын бітіріп, екіншісінен Қызылорда институтына көшкем, қазір оның үшіншісінде оқимын. Жаз каникулға шыққан соң, бір жағы табыс болсын, бір жағы халыққа пайда болсын деп, бірер айдай осында сауатсыздарды оқыттым. Енді оқу уақыты жақындаған соң жүргелі жатыр ем, сені осында келеді деген, ілгергі жаққа барып оқитын көңілі бар деген хабар естіген соң, өзімнің жақсы көретін шәкіртім болған соң, мына Бектасова жолдаспен және Ержанов жолдаспен келісіп, бірге ертіп ала кетуге әдейі жолымнан ғап тосып жатырмын.

— Осы кісімен жіберуді мақұл көргеніміз рас,— деді Әсия маған қарап.— Бұрын алыс жолға шығып көрмеген екенсің, дұрыс бастап апаратын адам табыл-

ғаны жақсы болды. Және жай адам емес, оқытқан мұғаліміңіз, жаны шын ашитын адам. Бұл жолдас сені қалаға апарып қана қоймай, оқуға тұратын жерге өз қолынан орналастыруға уәде берді.

— Рас,— деді Балқаш.— Сүйікті шәкіртім, бұған жәрдемдеспегенде кімге жәрдемдесемін?

— Ал енді, біздің кешікпей жүріп кеткеніміз мақұл болар,— деді Балқаш Еркінге.

— Бәтестің келерін тостық қой,— деп жауап берді Еркін Балқашқа,— аттар, әрине, әзір. Түу-түу, ит арқасы қиян жердегі Қостанайға салт атпен жету қиын. Арбасы құрғыр бар ма бұл елде. Өз арбамның әнеукүні арысы сынып, Сарықопадағы ұстаға жіберіп ем, бірер күнде келуге тиіс. Келе салысымен аттарынды жектірем де жөнелтем.

Менің ойымда, «осылар мені сыртымнан-ақ билептөстеп болған ғой. Егер «оқуға бармаймын» деп шалқамнан түссем не істемек?» деймін. Шәйдан кейін:

— Қызыл отау жаққа барсақ қайтеді?— деді маған Әсия.

— Барсақ барайық.

Тысқа шығып жарықта байқасам, беттесе қаз-қатар тігілген жиырма шақты кигіз үй екі ауылдың жобасына ұқсап, топтаса қонған екен. Бір тобы көбірек, бір тобы азырақ. Солардың ішінде тең жараға жақынның ғана төбесіне ту тігілген, өңгелерінде жоқ. Алысырақтағы үлкен бір ақ үйдің төбесіне тігілген туда өзге үйлердегіден қомақтылау, маңдайшасына айқыра керген қызыл шүберегі де кендеу, сыртында қызыл матадан жасаған әлем-жәлемі де көптеу. «Қызыл отау дегені сол болар» деп шамаладым ішімнен. Мені ерткен Әсия сол үйге қарай беттеді. Жолшыбай ол маңайдағы үйлермен таныстыра бастады:

— Екі ауыл сияқты боп жобаланып тұр ғой бұл үйлер. Бір жобасында болыстық кеңселер, олар көбірегі, азырақ тобы біздің қызыл отаудың қарамағында.

— Неше үй сонда қызыл отау қарамағында?— деп сұрадым.

— Алтау. Анау тұрған үлкен ақ үй — қызыл отау, онда түске дейін қыздар оқиды...

— Қыздар??!

— Ие!.. Бас бостандығын іздеп келген қыздардың сауатсыздарына хат танытып жібермек боп жатырмыз. Қазір олардың саны қырыққа жетті. Түстен кейін қызыл отауда сот мәжілісі болады. Оның жәйін кейін

түсіндірермін. Қызыл отаудың оң жағындағы боз үй — оқитын қыздардың жататын жері, сол жағындағы — сот қызметкерлерінің жататын жері. Бір үй шақырумен келіп-кетіп жататындарға арналған. Анау бір қараша үйде қызыл отау адамдарына тамақ пісіріледі. Соноу дөңесте оңашарақ тұрған үлкен қоңыр үй уақытша абақтымыз...

— Абақты?!— дедім мен шошығандай.

— Ие, шырағым, абақты!— деді Әсия нық дауыспен,— ырыққа көнбеймін дейтін қылмыстыларды қамап тастайтынымыз да болады Сот үкімімен абақтыда жату жазасын кесетіндеріміз де бар...

— Қаншаға?..

— Қылмысына қарай: үш айдан үш жылға дейін...

— Көп қой, апай-ау!..

— Одан да көбі бар, шырағым. Атылатындары да бар...

— Астапыралда!— деппін әжемнің дағдысымен...

— Ондай жазалыларды тергеу, жазалау жұмысын қаладағы Жоғарғы соттарға жолдаймыз... Бізде кімдердің жазаланатынын көруге болады. Бүгін демалысымыз. Ертең түстен кейін қаралатын біраз азаматтық және қылмысты істер бар!..

— Ол қандай істер?

— «Азаматтық» деп біреуде біреудің кеткен есесін әперуді айтамыз, «қылмысты» деп біреуге біреудің көрсеткен зорлық-зомбылығы үшін, қылмыстыны жазалауды айтамыз.

— Түсінікті.

«Қызыл отау» деген үйге жақындай берген шақта:

— Қыздардың үні шықпайды,— деді Әсия,— олар жатақ үйлерінде сабақтарын жаттап жатқан болар, әуелі соған кірейік.

Біз үйге кіріп келгенде, ортаға тақтайдан ұзын ғып жасаған столдың төңірегінде кейі жазумен, кейі оқумен шұғылданып отырған көп қыз, әлденеге селтиіп түрекелісті.

— Отырыңыздар!— деді Әсия оларға.

Бәрі шапыр-шұпыр отыра қалысты. Танып қарай ма, танымай қарай ма, бәрінің де көздері менде. Өз ойымда «құдай біледі, бәрің де менің кім екенімді жорамалдап я біліп, атақты Бәтес осы болар-ау!» деп таңдана қарап тұрсыңдар-ау?» деген сөз-тұр. Қыздардың неге қарауын Әсия да түсінгендей:

— Біреуіңе апа, біреуіңе сіңлі болар, шырақтарым,

бұл бала,— деді қыздарға мені нұсқап,— аты Бәтес...

«Сол осы ма?!» дегендей бәрінің де көздері бажырая қалысты.

— Бұл да өздеріндей бас бостандығын іздеген және өнер-білімге ұмтылған қыздардың бірі,— деді Әсия, қыздардың бажыраюын ұнатпағандай,— ескіліктің шырмауынан енді ғана құтылып, аяғын азаттық жолының шетіне жаңа ғана басқан беті.

Әсия маған «отыр, шырағым, таныс мына құрбыларыңмен» деп, сығылысқан қыздардың арасынан орын нұсқап еді, олардың көзқарастарын шамалаған мен, тезірек шығып кетуді ойлап, отырмадым. Сөйтіп тұрып, қыздардың жобаларын көзіммен шалып, олардың түр-тұлғалары туралы ойланып та үлгердім: «Иә қырық шамалы бар. Бірақ қыз ба осының барлығы? Ең алдымен, егер бәрі де қыз болса, жұп-жұқа көйлекпен неге отырады бәрі?.. Ауылдың қай қызы олай отырып көріп еді?.. Қашан шәлі астына түскенге дейін қыз байғұс төсін жан адамға көрсету түгіл, барын білдірмеуге тырысып, кеудесін тақтайдай тегіс қып таңып тастамайтын ба еді?.. Сонда да сезіліп қалар дегендей, төсегіне жатқанда ғана болмаса, төсі білінген қыз, жеңсіз төс қамзолын үстінен тастаушы ма еді?.. Ендеше, мына қыздардың төстерін едірейтіп көйлекшең отырғандары несі?.. Әлде бұл мен көру түгіл естімеген жаңа тәртіп пе екен?.. Не тәртіп болса да, мен мұндай ұятсыздыққа көне алман!..»

«Расында да осының бәрі қыз ба?— деп жалғастырдым ойымды,— әне біреулерінің кескін-кейіптері қызға келіңкірейді. Ал, мына бір беттері әжімделіп қалған, төстері иттің басындайы кімдер?.. Біздің елдің Орынбор жағына шектес отыратын Жағалбайлы — Жаппастар қыздарын отызға келтірмей ұзатпайды дейтін еді, сөйтіп отырып, кейбірі перзентті де боп қалады дейтін еді, әлде әжімділер, сондай кәрі қыздар ма екен?.. Біздің жерде «кәрі қыз» аталатын қурай өседі, қасына жанасып кетсең-ақ, қап-қара, ұп-ұсақ бүршіктері киіміңе жабыса кетіп, тырнап түсірмесең айырылмайды. Мынау кәрі қыздар да сондай пәлелер ме екен?..»

Қыздар мен менің көзқарасымның қабыспауын жобалағандай болған Әсия:

— Ал, шырақтар,— деді оларға,— сендер сабақтарыңмен шұғылдана беріңдер. Мен мынау Бәтеске қызыл отаудың өзге үйлерін де таныстырайын. Үйінен бұндай жолға шығуы бірінші рет болу керек, көрсін,

бұндағы жайларымызды білсін. Кім біледі, ертең өзі де осындай қызыл отаудың бірін басқарып шығар...

Әсия екеуміз тысқа шыққан соң:

— Апай!— дедім мен оған.

— Әу, Бәтесжан.

— Еркін ағайдың үйіне барсақ қайтеді?

— Неге?!..

— Біз өткен түні көз шырымын алған жоқпыз. Одан бұрынғы бірер түн де мен үшін тиышсыз болған. Мана ұйқым келмеген мен, енді маужыраңқырап тұрмын.

— Ә, болсын!— деді Әсия.— Мен апарып салайын.

— Өзім де барам ғой...

— Болмайды ол. «Шығарып салғанның жолдасығы жоқ» деген.

Еркін үйіне келе жатқан бетімізде, Әсия маған ауылдағы тап тартысының, әйел теңдігінің, советтік істердің кейбір өзгешеліктерін ұғындыруға тырысып, бірталай әңгіме айтты. Олардың ешбірі құлағыма кірген жоқ. Менің ойымды билеп келе жатқан нәрсе: «шөлдің дуадағы сияқты, ен далада еркін жайылған жан едім, енді, міне, тағдырым мені айдап әкеп, «Қызыл отау» аталатын көлге қондырды. Көлге қонған я мекендеген дуадақты ешкім көрмек түгіл естіген де емес. Ендеше мына көлді мен мекендей аламын ба, жоқ па?.. Я қонуын немесе жүзуін білмей, тұңғиығына батып кете барам ба?»

Әкеп салған Әсия Баршагүлге мән-жайымды айтқаннан кейін:

— Болады!— деді ол.— Түндікті жабам, іргені түріп самал соқтырып қоям. Шымылдықты түсірем. Төсегін жайлы ғып салып берем. Содан кейін тірі тышқанды жорғалатпаймын, тірі шыбынды ызындатпаймын. Балалар басқа үйде ойнайды. Ауылда мазалайтын мал, үретін ит жоқ. Босқа шулайтын бейсауат адам да жоқ.

Баршагүл жасап берген осындай жағдайда, манағы кроватыма шешіндім де жаттым. Одан кейінгі менің халім, туған жерімнің көктем кезіндегі аспанына ұқсады да тұрды. Ол кезде біздің аспанның құбылмалылығы ғажап: ап-ашық тұрған аспанға әп-сәтте бұлт үйіріле ғап, одан әп-сәтте ашыла ғап, торланған бұлт аспанның еш жеріне тоқырамай, кейде олай, кейде бұлай ауытқып, біресе сіркіреп, біресе нөсерлей құйып, біресе қаһарлана төніп келгенмен жаумай өтіп... дегендей, күніне әлденеше құбылады да жатады. Кроватқа

жатқаннан кейінгі менің ұйқым мен ойым да дәл сол аспандай құбылды. Бір рет маужырап, бір рет қалғып кетіп, бір рет ояна ғап, кейде шошып оянып... дегендей, ұйқым құбылды да жатты. Ойым да сондай: қалғып кеткен минуттарымда шым-шытырық түс көрем, ояна қалған минуттарымда әлдене бытықы-шытықы ойлар сапырылысады да кетеді. Сондай шатасулардың арасында, басыма ұялайтын жалғыз ғана дені дұрыс ой: өзімді ауылдан алып келген Найзабегін, Сақтағанын, Нұрбегін, бұндағы Баршагүлін, Еркінін, Әсиясын қосып бәрін тұтас алғанда, беттерінен бетіме, бұған дейін тиіп көрмеген жылы леп тиетін сиякты...

Біраз уақыт осылай өткеннен кейін сырттан:

— Баршагүл!— деген даусы естілді Еркіннің анадайдан.

— Әу!— деді сол тұстан Баршагүл.

— Әлгі Бәтес әлі жатыр ма, жоқ тұрды ма?

— Білмедім. Үйге кірген жоқпын.

— Асың ше?

— Ол даяр. Піскен еттің астындағы отын сөндіріп, суып қалмасын деп қазанның бетін қақпағымен бүркеп қойдым.

— Ендеше бар да, ұйықтап жатса оят Бәтесті.

— Ояу болса көрейін. Ұйықтап жатса оятпаймын.

— Неге?

— Қанып тұрсын ұйқысы.

— Қанады ғой ұйқы. Күн кешкіріп қалды. Біраздан кейін тағы да ұйықтамай ма? Күндіз көп ұйықтаса басы ісіп кетеді. Таңертең шәйға ғана ернін тигізіп, басқа ас ішпеген. Қарны да ашқан болар оят.

Баршагүл есіктен кіре бергенде, басымды көтеріп түрегелдім де, киіне бастадым. Сыбдырымды естіген болу керек, Баршагүл шымылдық ішіне кіре берді де:

— Ә, өзің де тұрып жатыр екенсің ғой,— деді маған,— ағаң оят деген еді. Ас даяр,

Киініп тысқа шығып, дөң астына кетіп қайтып оралсам, Еркіннің үйінде Әсия, Найзабек, Сақтаған, Нұрбек бар танымайтын тағы біреулер бар, бірталай адам отыр екен. Қазақ қызында қолдасып амандасу түгіл, сөйлесіп амандасу да бола ма?.. Амандасқан адамға ол ернінің ұшын ғана қыбырлатпай ма?

Үйге сол әдетті сақтай кірген мені: «Қарағым, мында кеп отыр!» деп Әсия қасына алды. «Бәтес деген бала

осы» деп таныстырды ол танымайтындарға. Манағы қыздардың көздері сияқты: «Ә, осы ма? дегендей, олардың да көздері маған түйіле қалысты. Мен жерге қарадым. Осы бір таңдана және тұтаса қарағаң көздер, ақыры, мені жеп тынбаса не қылсын!..

Сырттан әлдене жігіт, бетіне дастарқан жапқан ұзынша ағаш астауды көтеріп кірді де, оң босаға жақта отырған Еркіннің алдына әкеп, әуелі астауды жерге қойып, одан кейін бусаған еттің бетінен дастарқанды ашып, Еркіннің алдына жайып, астауды соның үстіне қойды. Содан кейін:

— Құрметті қонақтар,— деді ол қалжыңды кескінмен,— біздің үйде қой жоғын білесіңдер. Қанжығалы Асаубай шешен айтты деген сөз бар:

Бар болса, сойып бергеннің жөні бар,
Бір тоқтыда он кісінің құны бар.
Сойса қозы өледі,
Соймаса өзі өледі,
Соймаса қан шықпайды,
Құр тілден май шықпайды.

деп. Сол айтқандай, анау Бәтес бала үйімізге кеп түсе қалған соң, мал соймауға қиналып, қой баласын іздестіріп таба алмай, ұялсақ та мына бір тушаны біреуден сатып ап сойып, қонағасына тартқалы отырмыз...

— Бала ғой, баланың сыбағасына осы лайық қой,— деді біреу.

Алдымызға әкеп қойған астауға қарасам, тушаның еті семіз де екен, түгел де асылған екен және не қатаң болмай, не жиділ кетпей, бабында әдемі піскен екен. Асқа бапты Баршагүл жеңгей тұздығын да тамаша татытқан екен. Тұздыққа ол таулық жерде ғана өсетін тау жуаны, құмда өсетін көсікті араластыра турап, ыстық сорпаға бұқтырып қойып жасаған екен. Біздің араның үлкендігі қошқардың асығындай тау жуасының иісі бұрқыраған тамаша келеді; көлемі үйректің жұмыртқасындай буылдығын қоламтаға көміп я сүт пен сорпаның біреуіне сап пісірсең, ауызында үгітіліп, дәмі қант татып тұрады; ұзындығы табан қарыс, түбінің жуандығы тұтамға толатын көсікті де қоламтаға көміп, не сүт сорпаға қайнатып жесең, тәтті дәмі балқаймақ татиды... Бұлардың біріншісі — біздің арада жабайы өсетін сарымсақ, екіншісі — картоп, үшіншісі — маркоп. Осыларды араластыра турап, тұздығын татыта құйған жас малдың, әсіресе жеуге жеңіл ешкі баласының етінен дәмді не бар дейсің!..

Ешкі баласының етіне мен үйде жүргенде өте құмар едім. Әжем «жеме, жарамайды» деп тыйғанмен, кәрі жіліктің[1] жүрегіме тимейтін көк етін жеуді жақсы көруші едім. Одан соң жақсы көретінім: бүйрек пен тілі болушы еді. Сондай жақсы көретін еттерім бусанып алдыма келе қалғанмен, тұздығының бұрқыраған әдемі исі мұрнымды қытықтай қызықтырғанмен көңілсіздігім бе, әлде ұйқымның қанбауы ма, ет мені тартпай-ақ қойды. Бедірейіп жемей отыруға ұялып, бірер жапырағын аузыма салып көріп ем, жүрегім айнып құсқым келгендей боп әрең жұттым. Одан кейін, астау басындағылар: «Же, шырағым!» деп қайта-қайта айтқанмен, біреулері: «Түк те жемедің ғой» дегенмен, мелшиіп қаттым да қалдым!..

Менің көңілсіздігіме қарауларынан ба, әлде қызметтері бар ма, астан кейін, күн батар алдында, табақтас болғандар тарап кетті. Мен «басым ауырады» дедім де, тағы да төсегіме жатып қалдым.

Қас қарая мен бұрын аса қызыға қарайтын тағы бір нәрсе басталды. Тегі алтыбақан құрылып, соның төңерегінде жастардың сауығы басталды ғой деймін, қызыл отау жақтан дауыстарын қоса әндеткен қыз-бозбалалардың үндері естіле бастады. Бұндай сауыққа мен бір «ұл» боп жүрген кезде де, «қыз» бола бастағаннан бері де желөкпе адамның бірі едім. Әжем мені өзге ойындардан қақпайлағанмен, алтыбақанға жібермей қойған емес. Қатынасатын алтыбақанда, әткеншек тебушілер мен ән салушылардың жуан ортасында болатын едім, жұртқа да, өзіме де, бұл ойынның менсіз сәні жоқ сияқты еді...

Енді шаршап жатуымнан ба, әлде сауықтың қызуы кеудемде суып, я сөніп қалған ба, қызыл отау жақтан естілген тамаша әндер, ызың-шулар қызықтырудың орнына мазамды алып, мен қайткенде оны естімеудің айласын таба алмай әуре болдым... Аздан кейін мені алтыбақанға шақырушылар келген еді, «ауырып жатырмын» деп бармай қалдым. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіппін...

Балалардың шарылдасқан даусына оянып кетсем, түндік жабық болғанмен есік ашық екен. Басымды көтеріп шымылдықтың етегінен қарасам, далада жарық, күндіз. Қатты ұйықтаудан ба, қатты ойдан ба, басым зеңгіп қапты. Шарылдасқан, осы үйдің ойнап отырып

[1]. Кәрі жілікті қыздарға «кәртайғанша» деп жегізбейді екен. Б.

төбелескен екі баласы екен. Кеше күндіз байқауымша кішісі шақарлау сияқтанған, үлкенінің білегінен қыршып ап жылатып қойған. Және өзі «пәлекөр» сияқтанып, тістеп жылатуымен қоймай, «үлкені ұрып тастай ма» дегендей байбалам сап босқа бақырған. (Қәкен екеуміз де кейде өстуші едік, мына кішкене қыздай, мен де Қәкенге бұрын соқтығып жылатып қоятын ем. О да бір қызық дәуір екен-ау!.. Шіркін, қайта айналып келер ме еді!..) Қазір де кішкене қыз сонысын қайталап отыр ғой деймін: ағасын жылатып қойып, өзі босқа бақырып отыр?!..

Баршагүл даладағы жабдықтарында жүріп балаларының шарылдасқан даусын естіген болу керек:

— Қап, Бәтеске ұйқы бермеді-ау бұлар! — деп үйге кейи кіріп еді:

— Оянып жатырмын, апай! — дедім мен шымылдық ішінен,— қазір тұрып жуынам.

— Сөйтсең сөйт, шырағым!.. Әсия кеп кетті жаңа. Ол сені таңертегі шайға шақырды. Тосып отырмыз дейді.

Ол үйге мені Баршагүл ертіп барды. Әдейі жасағаны болу керек, жиналған он шақты адамның бәрі әйел екен. Олардың да көзі менде!..

Менің ең жақсы көретін асымның бірі, ішіне жаңа ғана іріткен ақ ірімшік сап аздап торталы сары май құйып пісіретін тұшпара болушы еді. Әсия қамырын ақ ұннан илетіп сондай тәтті тұшпара жасатқан екен. Бүгін ұйқым да қанған. Басымның манағы зеңгуі де басылған. Салт ат соққан денем де бүгін жадыраған. Кеше жатырқаған жаңа жағдайға бүгін бойым да үйреніп қалған сияқты. Екі күннен бері тамақ жемегендіктен, мана тұрғаннан кейін қарным да ашқан тәрізді еді. Енді мынау әйелдердің таңдана қарауына тағы да қитыға қалдым ба, немесе көзім қызыққан, исіне құмартқан тұшпараны тағы да мекілік атып жей алмауым бар емес пе?.. «Же, же» десе де іштеңені өндіріп жей алмаған соң, кешеден бері тамақты нашар ішуімді бақылап жүрген Әсия:

— Байғұс бала-ау, қалай тіршілік жасайсың, бұл тамақ ішкен түріңмен. Бұрлығып өлесің ғой бұл қалпыңмен! — деді.

— Ал, Бәтес!— деді Әсия, шәй жиналғаннан кейін,— кешікпей қызыл отауда қыздардың оқуы басталады. Ішінде болам десең еркің.

— Болайын,— дедім мен көргім кеп.

«Қыздар» дегендері — кешегі көргендерім. Оларға

сабақ берушілердің біреуі Әсияның өзі екен. Күндегі әдеті ме, әлде бүгін маған әдейі көз ғып тұр ма, оқу басталардың алдында Әсия оларға «Интернационал» әнін айтқызды. Бұрын біреулердің жеке айтқанын көргенім бар еді де көпшілік қосылып айтқанын көрген жоқ едім. Енді Әсияға қырық қыз қосылып айтқанда, тамаша боп естіледі екен. Одан кейін:

Ал, қазақ кедейі,
Ұйымдас жалшымен
Байларды, молданы
Қойдай қу қамшымен,—

дейтін өлең әнімен айтылды. Оған қосылып тұрған қыздар: «сен де сол байлар мен молдалардың бірінің қызысың ғой» дегендей маған қарап жымыңдасып қояды.

Әсия оларға «Саяси сауат» деген сабақты оқытады екен, онысы жаңа айтқан екі өлеңнің баяндауышы сияқты. Бұрын ондай сабақты оқымауымнан ба әлде Әсияның байларды даттап, кедейлері жақтап сөйлеуі құлағыма жақпағандықтан ба маған онша қызғылықты естілген жоқ.

Жағрапия мен жаратылыстан оқытқан тағы екі сабағын тыңдап көрсем, сұраған, жауап берген түрлеріне қарағанда, бұл қыздардың қайсысының болса да білімі менен әлдеқайда төмен сияқты. Олай ойлауымды айтпай-ақ түсінгендей үшінші сабақтан кейін:

— Сенің енді пәтер үйіңе барып тыныға тұруыңа болады,— деді Әсия маған.— Түстен кейін сот мәжілісін жүргіземіз, онда да болуыңды өтінем. Мына тыңдағандарың кітап сабағы болса, сот мәжілісінен өмір сабағын аласың.

Расында да солай екен. Ортасында жарты сағаттық үзіліс боп, бес сағатқа созылған ол күнгі мәжілістің алғашқы жартысында жалшылардың байлардан еңбек ақы даулаған арыздары, екінші жартысында әйелдердің теңдік сұраған арыздары қаралды.

Қазіргі заң бойынша, жалшылар байлардан бұдан бес жыл бұрын кеткен еңбек ақысына дейін даулай алады екен. Сондай заң барын естігеннен кейін, жалшылар қызыл отау атына арыздарын жаудырған да жіберген. Қызыл отау соты арызға емес, дәлелге қарайды екен. Дәлелі толық көп арыздың ішінде «байды жалшыға бәрібір жығып берді» деген дақпыртпен, бейкүна арыз бере салушылар да кездеседі екен. Ондай бірер «жалшы» сот алдында күлкі боп шықты. Ал, басым көпшілігінің арызы шын. Олардың біразы өз көзімізбен де кө-

ріп жүрген істер. Енді соның бәрі жиналып сот алдына кеп, дәлеліне қарай үкім шығарылғанда іштей риза боп та отырады екенсің. Өткен патша заманында байлар жалшыларды қалай қатты қанаған!..

Азаттық сұрап берген әйелдердің арыздарын қарағанда ішінде отыру, маған әрбір істен бір кітап оқып шыққандай қызғылықты білім берді. Әрбір көркем шығарманы оқығанда, ішінде қайғыратын да, қуанатын да, жылайтын да, күлетін де жерлерің болуы сияқты, мына істердің де әрбірін тыңдағанда сөйтеді екенсің. Бірнеше мысал:

Бірінші: Мәжен деген кісінің жеті әйелінің алтауы азаттық сұрап арыз беріпті. «Бұ не деген көп әйел?» деп ойласам аға-інілерінің әйелдеріне «әменгерім» деп неке қиғыза береді екен де, араларында өзі қонақтап жүреді екен. Қазақтың үйленген әйелін меншігі көріп, ұрып-соғуға ерікті болатын әдеті. Мына Мәжен шәлкес мінезді адам болады екен де, аяқ салған әйелдің басына қымс етсе қамшы айырмай сабай береді екен. Енді Мәжен Совет өкіметі орнап, әйелдерге теңдік тигеннен кейін кіжіндейін десе: «Жоқ, Мекалай заманы емес!» деп әйелдері қарсыласа кететін көрінеді. Бұрын бауырлап алған әйелдерін, Мәжен әлі де сол қыспақта ұстайын десе, әлдекімнің ақыл беруі ме, «құдай» өз көкейлеріне ұялатты ма, әйелдері азаттық сұрап қызыл отау сотына арыз береді.

Сот арыз берген алты әйелді де алдырған екен. Солардың сұрау-жауаптарына кейде шегің қата күлесің, кейде жаның ашып жылайсың. Мәженнің өзі жетпісті алқымдаған, бірақ сақал-шашы қап-қара түрінде сақталған, тілі шолжың кісі екен. Оның жауаптарын, әйелдерімен жауаптасуын тыңдағанда да, кейде шегіміз қата күліп, кейде жыламағанмен оны аяп та отырдық.

Өйтпегенде ше?.. Бұрын билеп-төстеп алдым деген әйелдері, енді сот алдында өзін арадай талаған шақта: «Қыздай алған қатыны жоқ кісінің күні осы ғой!» деп жылап жіберді. Онысы маған аянышты көрінді.

Екінші: Шалабай деген аса бай кісі сексен екі жасында қыздай әйел алған екен. Әйелі сымбатты да, көркем де кісі екен. Қазір ері тоқсан жаста, әйелі 25 жаста Ерімен арасында соншалық алшақтық бар жас әйел, ұрлық жолымен болса да теңін таппай қоя ма? Ол қылығын білген ері бұрын сабайды екен де, енді совет заманында сабаймын деп қожыраңдайды екен. Совет заңы құлағына тиген әйел, бір күні ұрамын деп ұмтылған

шалдың өзін төмпештеп тастаса, алды алпысқа келген, алты отау боп кеткен ұлдары жиналып алады да, әйелді сабайды. Осы іс қызыл отау сотында қаралғанда, бұл шалды да мен аяп кеттім. Тегі алжыған ба, немене, бейшара (бірақ жүрісі пысық, сөзі мығым), соттың хатшысы әйелін айыру туралы үкімді оқығанда шал әйеліне қолын созып: «Қыздай алған қатыным-ау, шыныңмен кеткенің бе?» деп еңіреп қоя берді...

Үшінші: Қалия деген біреу (әйелдің атын қоюын-ай!) орта дәулетті, өзі палуан адам жігіт шағында үйленеді де, егде тартқан кезде әйелі өліп, артында бойжетіп отырған сіңлісін «балдызым» деп алады... Біраз жыл отасқаннан кейін ол әйелі де өліп, оның сіңлісін тағы алады... Ол да бірер жылдан кейін өледі... Осы кезде жиырма бірінші жылдың ашаршылығы боп, қайын жұрты түгелімен қырылғанда, он бір жасар қызы ғана жан сақтайды. Осы кішкене баланы «балдызым» деп Қалия тағы алады... Бұл істі тындау жан түршігерлік жұмыс болды...

Төртінші: Өгізбай деген байдың жас тоқалы арыз беріп, қызыл отау соты оны босатқанда, қайқы мұрын қара жуан бәйбішесінің: «Құтқардың ба құдай-ау, құтқармадың ба құдай-ау!» деп байын бассап, үйді басына көтере жылағанын, байы оны кеудеге итеріп: «Өлсем де жібермеймін!» деп тоқалына ұмтылғанын көрсең!.. Бұған да сотқа қатынасушылар қыран-топан!..

Бесінші: Қартаңдау жастағы Қабанбай дейтін бай кісі өледі де, шамасы, сол кезде алпысқа таянып қалған әйелі, «әмәңгерім» деп, жиырма жастағы қайын інісіне қосылады. Жастығы ма, әлде байлығына қызықты ма ол кезде еркімен алған жігіт, енді желігіп, жуырда жас әйел алады. Басқа істері жоқ кемпір, жігітті еншісіз қумақ болады. Жігіт енші даулап қызыл отауға арыз береді. Осы іс қаралғанда да, қатынасушылардың шексілесі қатып бақты...

Өзгелеріне тоқтамай-ақ қояйық. Әсияның айтуынша, бұл араға қызыл отау келген аз ғана күннің ішінде, жүзге жақын әйел бас бостандығын алған. Ақысын даулап алған жалшылардың саны жүз елуден астам.

Аз күнде не деген көп жұмыс қаралып біткен! Баяғыда біреу бір үйдің ірі ботасын көріп, «бұның түйесі қандай екен?!» депті ғой. Сол айтқандай, қызыл отауы мынадай жұмыс атқарып жатқан Совет өкіметінің бұдан зор мекемелерінің атқарып жатқан істері қандай екен?

Бірақ мен осы қызыл отау маңынан тез кеткім ке-

леді. Өйткені расы солай ма, әлде қорыққанға қос көрінеме, бұл маңайда бетіме кім қараса, сол маған: «Елден, жұрттан шыққан бұзылған қыз!» дегендей болады да тұрады. Өйтіп «әй кәпір» атанып жүруден көрінбей жоғалсам болмай ма? «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» демей ме қазақ? Ит құрлы жоқпын ба мен?

Жүріп кетудің сәті де түсе қалды. Қызыл отауға үшінші түнердің кешінде, Еркіннің түзетуге берген тарантасы кеп қалды. Қостанайға дейін қажымай апаратын пар ат та даяр болды. Сол күні кешке Әсия мені өз қасына қондырып, ертеңіне таң салқынымен сапар шегетін болдық. Серігім болса-болмаса да Балқаш пен оның әйелі Жаныл.

Әсия үйіне барардың алдында Еркін: «Сен сыртта жүре тұр, үй маңына кісі келтірме!» деп әйелін шығарып жіберді де өзі менімен біраз уақыт әңгіме жасады.

— Ал шырағым, сонымен жүретін болдың ғой енді?— деп бастады ол сөзін.

— Солай ұйғардық қой.

— Жақсы тілектер бұрын да болған, қазір де бар, сондықтан ең алдымен айтар тілек-батам — сапарың оң болсын.

— Рахмет, аға.

— Екінші айтарым: біздің еліміздің дәстүріне аға мен қарындастың бірін бірі қатты сыйлайтыны бар. Біз екеуміздің арамызда туысқандық ешбір байланыс болмағанымен, әлдене себептердің салдарынан, туыс адам сияқты халге жеттік. Егер сен бұл ұсынысты қабылдасаң, бұдан былайғы уақытта, мені ең жақын, ең адал туысыңның бірі көруіңді өтінем.

— Оған мен әзір, аға!

— Туысқандық жөнінен айтатын аз ғана әңгімем бар, шырағым.

— Тыңдайын, аға.

— Ең алдымен, мен сені жақсы көрем, сондықтан жаным шын ашиды. Алдымен, жақсы көретін себебімді айтайын: Бүркіт деген бала бар, таптық жағынан ол менің жауым, өйткені оның әкесі Әбуталіппен екеуміз өмір бойы қандасып келе жатқан адамбыз. Қанша араздасты дегенмен, баланың аты бала, әке мен бала бірін бірі өкпеге қиғанмен, өлімге қимайды...

Өз әкем есіме түсіп кеткен мен, ауыр күрсініп алдым.

— Көрдің бе? — деді неге күрсінгенімді түсіне қалғандай болған Еркін,— өз әкең де есіңе түсіп, ішің уылжып кетті ғой?

Мен теріс қарап жылап жібердім.

— Жылама, шырағым!— деді Еркін,— бекіт буынынды!— Уақытымыз аз. Сөз тында.

Мен жеңіммен көзімді сүрттім.

— Әңгіме әке мен бала туралы еді ғой, шырағым,— деп жалғастырды Еркін сөзін,— дәлдеп айтқанда, Бүркіт пен Әбеу туралы еді ғой. Әбеу еңбекшілдердің, яғни біздің тап жауымыз, сондықтан осы күш, яғни Совет өкіметі осы қалпында тұрса, біз Әбеу және сол сияқты адамдарды тап ретінде құртуға тиістіміз, яғни еңбекші тапты қанауға қолданатын бар құралын қолынан сыпырып ап, одан әрі, егер мәңдай терін төгіп жұмысқа араласам десе, еңбекке араласуына мүмкіндік беріп, қарсылық көрсетсе жазалаймыз...

— Сен үшін қиындау кеңеске кетіп барады екем,— деді Еркін аз кідіріп,— тап тартысы деген өте ауыр мәселе. Ол да ғылым. Оны білу үшін мектебін өту керек. Мен саған бұл арада саяси сабақ оқытқалы отырған жоқпын, сөздің сырағысын ғана айтып отырмын. Оным:—әкесін дұшпан көретін Бүркіттің өзіне қалай қараймын мен?

— Жақсы қарайтыныңызды айтады.

— Себебін айта ма оның?

— Айтады.

— Айтса, сол!.. Бүркітті жақсы көргендіктен, ол сүйетін сені де жақсы көріп кеттім. Екі жақтан жақсы көрдім мен сені: біріншіден, жолында қандай қиындық кездессе де, бас бостандығына талмай ұмтылуың үшін, екіншіден, Бүркітке деген махаббатыңның айнымас беріктігі үшін. Белгісіз дұшпандарыңның араларына от жағу салдарынан, жуық арада екеуің айрылып кеттіңдер. Енді сол үзілген жіпті қайтадан жалғастыру талабына кірісіп отырсыңдар. Менің тілегім — осы жіптің қайтып үзілместей болуы!

— Рахмет, ағай!— дедім мен.— Бірақ шынын айтқанда, жалғаса қоюы да оңай емес, ағай! Өзіңізге мәлім альбомның қалай жасалуына және бұл істе Бүркіттің кінәсіздігіне көзім жеткенше, менің оған осы суыған көңілім суыған. Расымды айтқанда, мен бұл сапарға оқу үшін емес, альбомдағы сүгіреттердің анығына жету үшін шықтым. Ылайымда Бүркіт ақ болып шықсын!.. Онда бәрінің де реті табылады. Ал, егер қара болды бар ғой, аға, одан кейін маған оқу түгіл өмірдің де керегі жоқ.

— Бұл менің бойым сыймайтын іс,— деді Еркін,— менің тек қана: өтінішім: асықпа, саспа, не істесең де, істің анығына көзің күдіксіз жетіп алғаннан кейін істе!..

— Әрине солай болады!

— Әкел, шырағым, осыған қолыңды!

Екеуміз қол алыстық.

— Ертең сендермен бірге Найзабек пен Нұрбек те жүреді,— деді Еркін.

— Неге?

— Байлар осы күні құтырған қасқыр сияқты, өлеріне қарамай тұра шауып, тарпа бассаң, шамасы келсе талап жеуден қашпайды. Қостанай бұл арадан көп жер. Жолда да елсіз-күнсіз айдалада, ылдилы-өрлі белесте, жыныс орман да кездеседі. Қайын жұртың ба, басқа бір дұшпандарың ба, солардың бір жерінде тосып тұрып, шабуыл жасауы мүмкін. Ондай жерде қастарында қарулы адам болмаса болмайды...

— Ондай ниетке кірмесін,— дедім мен, жүрегім қобалжи ғап,— кіре қалса, екі милиция төтеп бола ала ма оларға?!

— «Бір мылтықтың аузына жүз адам сыяды» дейді қазақ. Мәселе атысуға келсе, Найзабектің жалғыз өзі жүздеген кісіге төтеп болады. Ол Памир тауында жападан-жалғыз, бір топ мылтықты басмашымен күн ұзын атысып, көбін қырып тастаған адам. Соғыста жүрегі тас сияқты, бір өзі құралды қалың қолға қойып кетуден тайсалмайды. Және өзі «құралайды көзден атады» дейтін мерген, атқан оғы мүлт кетіп көрген емес.

— Ал, шырағым,— деп қорытты Еркін кеңесін,— оңашада айтайын дегенім осы еді, енді анау шақырған үйіңе бар, жеңгең апарып салсын!..

Әсияның үйіне іңірде барсақ жалғыз өзі ғана отыр екен.

— Бүгін бір... оңашада... кеңесіп жатайын деп... басқа ешкімді шақырмадым, Бәтесжан!— деді ол.

Баршагүл даяр тұрған шайдан бірер шәшке ішті де кетіп қалды. Әсия екеуміз төр алдына қатар салынған төсекке қатар жаттық.

— Ұйқы келгенше кеңесейік,— деді Әсия,— сырттан ешкім тыңдайды деп ойлама, күзетке қойған милиция бар.

Әсия маған бақыт жолын қалай табу туралы, кездескен бөгеттерді қалай жеңу туралы, оқудың жайлары қаланың тәртібі туралы кеңестер айта бастады. Адал ниетпен, маған ақыл-ой салу ниетімен айтып жатқаны көрініп тұр. Бірақ мен ол сөздердің көбін сол құлағыммен тыңдап, ешбір мән берген жоқпын. Несіне берем?.. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды» дей-

ді қазақ. Біреудің ақылымен өмір жасай ма адам?.. Не істеуді өмірдің өзі көрсетпей ме?

Ұйқым қанбай жүруден бе, Әсияның кеңесін салғырт тыңдауымнан ба, қалғып оянып жатқан шағымда, далада екі адамның даусы шар ете қалды.

— Кім, әй! — деген еркек даусы естілді әуелі. Әсия әңгімесін доғарып, тыңдаған түрде үн-түнсіз жата қалды. «Тегі, бұл күзеттегі милиция болар» деп жорамалдадым, селт етіп ояна қалған мен. Оның көзіне шалынған адам жақындай берген болу керек:

— Тоқта!— деді еркек. Анау тоқтамай жақындай берді ғой деймін,— әй, не қылған адамсың, сөз тыңдамайтын? Мылқаумысың? Жақындама!.. Әйтпесе атам!— деді еркек. Тегі анау тоқтамаған соң, еркек мылтық ұсынды ғой деймін:

— Мә, атсаң! — деген әйел даусы шар ете түсті.

— Неге жақындайсың, «жақындама» дегенде?..

— Балам бар осында!..

— Шешем! — деп атып түрегеппін мен төсегімнен.

— Қайдағы? — деді Әсия да төсектен көтеріле берген даусыпен...

— Туған шешем... Жәния!..— деп, қараңғы үйдің ішінде әлденеге қақтығып-соқтығып, жығылған-сүрінгеніме қарамай, жалаңбас, көйлекшең, жалаңаяқ қалпымда далаға шыға жүгірдім.

Далада қарандап еркегі «жібермеймін» деп, әйелі «жібер!» деп, қарсыма-қарсы тұрған екі адамға жүгіріп келсем, еркек әйелдің кеудесіне мылтықтың ұңғысын тірердей боп көлденең ұстап тұр екен. Кім екенін танымаған мылтықтының қолын қағып жіберіп, әйелді «шешe!» деп бассалдым. Кім екенімді танығаи бейшара шеше, мені салқын киімді құшағына қатты қысып ап, бар даусымен ал кеп көріс!..

Бәйбіше өгей шешенің баласы боп, туған тоқал шешемді жатырқап, маңайына жоламай өскен мен байғұс, адамның құшағына бұдан бұрын дәл осындай жабыса кіріп көріппін бе?.. Күндік дәрежеде өскен бейбақтың жәй сөзі болмаса, мынадай айғай сап жылауын өмірде естіппін бе?.. Үні дәл құлақ түбімнен шыққандығы ма, немесе, шынында да солай ма, не деген өткір, күшті, дауыс еді?.. Және жай дауыс па ол?.. Сөздерін ұйқастыра жыр ғып айтқан дауыс!.. Сөздері қандай тамаша еді жырының!.. Бұрын естімек түгіл сезіп көрмеген бұнша өнер, бейшара шешенін бойына қалай жасырынып жүрген!..

Шешемнің кең даланы басына көтере бар даусымен

айтқан жыры, бүкіл жер шарындағы адам атаулыны түгел оятқандай боп, төңерегіміз адамға толып кетуі, шуласа басу айтқан үндерінен сезіліп тұрды. Олардың кімдер екенін байқауға өзімнің де, көзімнің де шамасы келетін емес. Даланың салқын ауасынан ба, сағыныштан ба, шешемнің құшағына қысылған денем, аузымды сөзге келтірместік дәрежеде қалшылдап ұшып барады; шешемнің бетінен сорғалаған көз жасы бүкіл денемді суға айналдырып ерітіп жібергендей, өз көз жасым да саулап тұр!.. Шіркін, туған шеше-ай!..

Әлден уақытта, қоршаған жұрт шешем екеумізді күшпен әрең айырды. Даладағы шудан бізді оңашалағысы келгендей:

— Үйге жүрейік,— деді Әсия шешеме.

— Бәтес, бастап жүр!— деді Әсия маған.

— Иә, сөйтіңдер!— деген даусы естілді Еркіннің топ ішінен,— таң ата аттанады ғой Бәтес, оған дейін көз шырымын алсын!

— Алар!— деді әлдекім кекеткен дауыспен,— шешесімен бұлайша көріскен қыз аттанар енді!..

Үйге Әсия, шешем, мен — үшеуміз ғана кірдік. Сыртта шуласқан жұртқа:

— Таранда!— десіп жатты әркімдер.

Аздан кейін шу сөнді. Әсия шам жақты. Шешеме енді ғана танысып амандасқан ол, менің жайымды айтып еді:

— Бір де бөгетім жоқ, шырағым,— деді шешем,— жамандыққа жұмсап жатпаған боларсыңдар, жақсылыққа жұмсап жатқан шығарсыңдар. Өкімет адамысыңдар ғой сендер. Бұл өкіметтің аялға деген көзқарасы жақсы екенін, қараңғы адам болсақ та ептеп түсінеміз. Мен бөгет болу үшін емес, іштен шыққан бала болғасын қимай, тым болмаса көріп, мауқымды басып қалайын деп келдім. Жолынан қалдырма баланы!.. Аттанатын уақытында жүргіз!..

— Таңға әлі біраз уақыт бар,— деді Әсия білек сағатына қарап,— оған дейін отырамыз ба, қисая тұрамыз ба?

— Жата тұрайық,— деді шешем,— әкесі «Бопашым» дейтін еді бұл баланы. Соған қарап үй ішіміз тегісімен «Бопаш» дейтін еді. Ұлықсат етсең, аз уақытқа болса да Бопашымды бауырыма басып жатайын!..

— Ұлықсат, апай!..

Шешеммен екеуміз менің төсегіме бір дене боп жабыстық та қалдық. Құрсағында жүргеннен кейін, біздің

осылай бір дене болуымыз бірінші рет шығар!.. Туған шешенің құшағы қандай рахат еді!..

Сыбырға оянып кетсек:

— Әсия!— деген ақырын дауыс естіледі.

— Әу!— дейді Әсия.

— Мен — Еркін. Таң білініп келеді...

— Шырт ұйқыда жатыр ғой деймін әлі...

— Оятқан жөн болар. Аттар да, серіктері де даяр.

— Біз ояумыз,— деді шешем.

— Ә, жақсы болды онда!— деді Еркін.— Күн кеше ашыққа байыды, сондықтан бүгін ашық және ыстық болуға тиіс. Ерте жүріп кетсе, күн ысығанша бірталай жерге барып қалады. Салқын-салқынмен жүріп отырмаса, аттар ағып кетеді ғой қазір.

— Тұрайық онда!— деді шешем.

— Түндегі жылауыңа жол, жеңгей,— деді Еркін.— Оған өзіміз де көзімізге жас алдық. Біз де әке-шешеміз болған, балаларымыз да бар адамбыз ғой. «Әркім өз мұңына жылайды» дегендей, жүйені босататын сөздер шықты түнде аузыңыздан. Бүгін өйте көрмеңіз.

— Алла сақтасын!— деді шешем.— Бала жақсылық жолға шығарда жамандық шақырып жылай ма адам.

— Онда жарадың, жеңгей!— деп Еркін шығып кетті. «Ыбыр-сыбыр кеңестері болар, бөгет жасамайын» дегендей, Әсия да тез киініп шығып кетті...

Ал, енді айырыла алсақшы шешем екеуміз!.. Ол да мені тапқанда осындай-ақ қиналған болу керек, мен де туғанда осындай-ақ қиналған болуым керек, денеміз әлденеге қалшылдап айырыла алмай жатқанда, сондай халімізді сезгендей, үйге дауыстай Еркін кіріп келді. Оның даусы, кіндік кесетін пышақтай шешем екеумізді бөліп жіберіп, төсегімізден көтеріле бастадық...

Баршагүл шай даярлап қойған екен. Оны ішу қайда!.. Жегілген арбаға тезірек отырмасам, дірілдеген денеме ие бола аларлық халім жоқ. Ал, шешеме қарасам, жауар алдында тына қалған бұлттай боп, қанын ішіне тартып сұрлана ғапты...

Бізге екі пар ат жегілген екен: екі милицияға бір пары, Балқаш пен маған бір пары. Мені арбама Әсия мен Баршагүл қолтықтап әкелді. Шешемді де әлдене әйелдер қолтықтап алған. Арбаның үзеңгісіне аяқ салардан бұрын шешеммен құшақтасып амандассам, мен даусымды шығармай солқылдап жыласам, ол манағы тастай қатып қалған қалпында, бойындағы бар қуатын жинап аузынан әрең шығарған сөзі болу керек:

— Жолың болсын, сәулем!— деп арбаға мінерде бетімнен сүйді. Кескініне көзім түссе, қайнар алдындағы сүттей бүлкілдей бастаған екен. Сол ыстық үстіме төгіліп кетердей, мен арбаға ырғып мініп аппын!

— Ал, тарттық!— деп аттардың божылары қағылып қалғанда, бабындағы аттар тарантасты жұлқи жөнелді.

Жиналған қалың жұрт «жолдарың болсын!» дегенді бір ауыздан айтты. Жасқа толған менің көзіме олардың ішінен, елесі ғана болмаса, айқын тұлғасымен ешкім де шалынған жоқ. Жүргіш аттардан ілезде алыстай берген шешем де бұлдыр көрінді маған!..

«Уа, сорлы шеше, хош!» деген сөзді мен аузыммен емес, жүрегіммен ғана айттым!..

7. ҚҰТЫРҒАН ҚАСҚЫРЛАР

Туған шешемнен жыртылып айырылғандай болғанға жанымның қатты ауруынан ба, әлде соңғы күндері шала ұйқы болудан ба, Қызыл отаудан сүлдерім құрып шыққан мен біразға дейін ессіз адамдай, даланың соқпақ сияқтанған әрі тар, әрі кедір-бұдыр жолының бойымен секеңдей зырылдаған тарантастың үстінде шайқалған денеме әрең ие боп отырдым да, біраздан кейін қалғып шұлғып, басыма ие бола алмайтын халге жеттім. Мені Жаңыл мен Балқаш орталарына ала отырған еді. Әлгі халімді көргеннен кейін:

— Шырағым,— деді Балқаш, қалғып кеткенде етпетімнен түсе жаздаған мені құшақтай ап,— отыра алмайтын болдың ғой өз бетіңмен. Сүйен маған, құшақтай отырайын.

Балқаштың өзіне қарай икемдей бергенін ғана білем, одан басқа түк те білмеймін...

Әлдекім: «Оян, Бәтес!» деп жұлқылағанға көзімді ашсам, екі арбадағы аттар да тоқтап тұр. Күн түске тармасып қалған. Серіктерімнің Балқаштан басқалары жерге түсіп, менің арбамның маңына келген, мен Балқаштың құшағында отырмын.

— Өлердей ұйықтадың ғой, шырағым,— деді маған Найзабек,— қалғығаныңа қашан. Одан бері дүниенің жерін жүрдік. Ал, енді түс жерге!.. Желпініп ұйқыңды аш!.. «Қасқа бұлақ» аталатын жерге кеп тұрмыз, салқын суға жуын, содан кейін ұйқың ашылады.

— Сен де құшағыңнан босат!— деді Жаңыл, басымды көтергеніммен, мені әлі де сүйемелдеңкіреп отырған

күйеуіне,—«сүйе» дегенге жабысып айырылмай қалдың ғой!..

Шала-шарпы ашылған үйқымды, Жаңылдың Балқашты менен қызғанған сияқты естілген сөзі тұманды қуған желдей серпіп жіберді де, арбадан қарғып түсе қалдым.

Тұрған жеріміз әлдене жыраның сағасы екен. Сағадағы тастақ қуыстан жылап қана шығып жатқан бұлақ, төмендегі аумағы отау үйдің жұртындай құмайт шұқырға сарқылып, теп-терең, мөп-мөлдір шұқанақ жасаған екен. Біздің Бұзауқақ маңында да дәл осындай бұлақ және шұқанақ болушы еді, аты «Қайнар». Әжемнің «суға кетесіңдер» деп ұрсуына қарамай, апыл-тапыл басқан соң-ақ кішкене бала біткен төңерегінде ойнап, шалпшұлп шомыла беруші едік. Мына шұқанақты көргенде, өз аулымның шұқанағы да, барлық балалық шағым да көз алдыма келе ғап, қасына қалай жүгіріп барғанымды сезбеппін. Есімнен айырылғаным сондай, басымдағы бөркімді лақтырып, сыртқы киімдерімді шешіне бастаппын.

— Уай, Бәтес, шомылғалы жатырмысың?!— деген дауысқа жалт қарасам, Нұрбек екен. Сонда ғана абайласам, үстімде көйлегім мен аяғымдағы етігімнен басқа іштеңе қалмайты. Оныма ұялғандай, төс камзолымды жалма-жан кие бастағанымда:

— Балалығы есіне түсіп кетті-ау деймін, осы баланың,— деді Балқаш.— Аулының жайлауында «Қайнар» атты бұлақ бар еді. Бәтес балалық шағында содан шықпай, ұзақ күнге шомыла беретінін көруші ем...

— Жүрген-тұрған жерін бала күнінен біледі екенсің ғой!— деді Жаңыл күйеуіне. Балқаш күмілжіп үндемей қалды. Маған мұнысы да қызғануы сияқты боп кетті. Қылжақбас Нұрбекке де солай көрінді ғой деймін, Жаңылды түрткілей түскісі келгендей:

— Бұл мұғалімнің көзінде сондай қарағыштық барын білмеуші ме едің, жеңгей?— деп қойды жымиып.

— Болды!— деді Найзабек, Нұрбекке ұнатпаған кескінмен қарап қойып.

Начальнигім» деп пе, жасы үлкен деп пе, жалпы сыйлап па, Найзабекпен сөз таластырмайтын Нұрбек, Жаңылға айтқысы келген әзілін одан әрі өрбіткен жоқ.

Су болса маңы көгал болатын әдеті. Біздің «Қайнардай», «Қасқа бұлақтың» да маңайы толықсып тұрған көкорай шалғын екен. Соған қызыға қарағандай боп тұрған Найзабек:

— Ал, жолдастар! Аттарды осы арада ағытып сарығын бастырамыз да, жақсылап шалдырамыз. Өзіміздің де қарнымыз ашқандай болды. Біздің бәйбішенің жолға берген азынаулақ азығы бар. Кішірек бір сүйретпе қымызы да бар, соларды жеп-ішіп қаужалып алайық.

— Кеше Еркін семіздіктен мамырлап қалған бір қазды, одан да семіз бір үйректі атып әкеп, Баршагүл олардың ішіне тау жуа мен буылдырық толтырып шар-дәрілеп пісіріп берген еді,—«жолда Бәтес жесін» деп, бір кіреңкеге піскен қаймақ та салған, «ашып кетпей жегізерсің» деп... Оны ертең жейміз бе?— деді Балқаш.

— Болар, дәмдендірмей!— деп алая қарап қойды Жаңыл.

Оның Балқашты менен қызғануына енді күдігім қалған жоқ. Балқаш пен Жаңылдың арасында жас жағынан он екі жылдық айырмасы барын кеше естігем: Балқаш отыз бірде, Жаңыл он сегізде. Қалияның айтуынша, Балқаш әйелге қырлы болмаған адам. Біздің елде бірнеше жыл мұғалімдік құрғанда, оның өсек-аяңын естіген кісі жоқ. Жұрт оның сонысына қарап, «осының дені сау ма екен?» деген күдік те шығарған. Солай қырсыздығынан ба, әлде кеш үйленуінен бе, дембелше, семізше, жалпақ бет, маймұрын, кескінсіз әйел болғанмен, Жаңылды ала салған; Жаңыл да түр-тұлғасы солай болған соң, әрі кескінсіз, аса қартамыш Балқашқа тие салған ғой деймін. Сол қалыптарына қарап, Нұрбек сияқты қалжыңбас бозбалалар, «ағама жеңгем сай» дегендей, «теңтеңімен, тезек қабымен» дегендей, «екеуін құдайдың тауып қосуы-ай!» деп күлісіп жүрген.

Бірақ ақыл кескін мен тұлғаға ғана біте бере ме? Ер болсын, әйел болсын, сырты сұлулардың ішінде, іші ақымақ талай адам кездеспей ме? Жаңыл маған кеше түр тұлғасы қораш көрінгенмен, ап-ақылды кісі сияқты еді, сонысынан бүгін қалай өзгере қалғанына ғажаппын. Әлде, Балқаштың мені құшақтап отырып ұйықтатуына әйелдің жүрегі ауыра қалды ма екен? Болмаса шағыстырған біреу бар ма екен?.. Қайсы болса да, мынадай мінез көрсеткен соң, мен енді Балқашқа сүйкенбеуге бекіндім.

Серіктерім де, мен де Қайнардың көздің жасындай мөлдір суына жуынып, тастай суын таза алақанмен іліп ап ішіп, ұйқымызды ашқаннан кейін, жұмсақ көгалдың кеңдеу бір тұсына отырдық. Кеше қапалау, ыстықтау болған күн, бүгін самалды қоңыржай екен. Нұрбек қалжыңға емес, іске де епті жігіт боп шықты. Ол:

— Осында менен кішің — Бәтес қана екен. Ол қонақ. Жақсы жеңгейдің жасы кіші болғанмен жолы үлкен. Қызметті, тегі мына Жолдыбай[1] екеуміз істемей болмас!— деп ұршықтай үйірілген қимылмен, дастарқанды да көгалдың үстіне ілезде жайды. Содан кейін, осында тамақтан көп нәрсе жоқ. Назиқа[2] жеңгей мен Баршагүл жеңгей пісіріп салған тамақтың өзі Қостанайға жеткенше бітетін емес. Ол жетпей бара жатса Бәтестің шешесі әкеп берген бір үлкен чемоданға толы: сүр, қозықарын сары май, бір дорбадай мейіз, құрт-ірімшік бар, ал, соның қайсысынан бастаймыз?— деді.

— «Біздің үйдің асынан» демедік пе?— деді Найзабек.— Бәтеске арналып сойылған семіз қозы еді. Ауылда дәм татырудың сәті түспеді. Сонан «жол азығымыз болсын» деп үлкен шұңқыр табаққа сала қойғамыз. Күнге ұрынса жас малдың еті бұзылып кетеді, әуелі соны жейік!

— Бақыр бар ғой, жылытсақ қайтеді?— деді Нұрбек.

— Қозы етінің салқыны жақсы!— деді Балқаш.

Балқашты жұрт «етке өштілердің» бірі десетін. Біздің елде бала оқытқанда, «ауыл боп тойғыза алмадық» деген сөзді құлағым шалған. Біздің үй бір семіз бие сойып, қалыңдығы середен артық, үлкендігі етектей телшікті тұтасымен асқанда, осы Балқаш жалғыз жеп кеткенін көргенім бар-ды. «Салқыны жақсы» деген түріне қарағанда, қозы етіне ол құмартып отыр.

Дастарқанын ашқан қара табақты алдымызға әкеп қойған қозының етінде кеспеге қара болсайшы!.. Сүбе майлары табандатқан төрт елі!.. «Ең арық мүше» дейтін көрі жіліктің көк етінің арасына да қыртыстана май кіріп кетіпті!.. Етінің семіздігін көрсеткісі келді ме, әлде расы ма, «неменелерін салды екен мұның?» деп Найзабек қозының жүйеленген мүшелерін чемоданнан дастарқанға аудартса, шек-қарыннан басқасы түп-түгел!.. Құйымшағын да алмастан тұтас салып жіберген құйрығының өзі кіші-гірім тегенедей!..

— Ә, жарадың, бәйбішем!— деп қойды Найзабек, әйеліне де, етіне де риза болғандай кескінмен,— ет түгел екен және сойғанда, асқанда, түсіргенде қолым тиіп байқай алмап ем, семіз де екен.

— Ал, Балқаш!— деді Найзабек, семіз етті дастарқанға ыдырата жайғаннан кейін,— сенен басқа өндіреріміз болмас, тегі. «Жақсы жейді деп естігем сыртыңнан.

[1]. Атшымыздың аты.

[2]. Найзабектің әйелі. Б.

Дастарқандас болып отырғанымыз осы. Қәне, жеші бір!..

— Онда көретін ештеңе жоқ,— деді Балқаш, әдеттегі сабырлы кескінін өзгертпей.— Басқа іштеңең болмаса, бұныңды жалап-жұқтап берейін.

— Қымыздан басқам жоқ,— деді Найзабек, шошынып қалғандай.

— Оны өзің іш. Еттен басқаға кінам жоқ. Қымыздан көп болса екі-ақ тостаған жұтам!..

Түнгі салқынға тобарсыған аппақ майлы етті жеуге кіріскенде, жұрттың екі көзі Балқашта болды. «Әуелі майды меңгеріп алайын» деп бастаған ол, Нұрбек алдына білемдеп тастаған құйрықты малжандай шайнап отырып, ілезде тауысып тастады. Содан кейін «ендігі еңсеретінім сүбе» деп екі сүбенің де туырлып тұрған, қалыңдығы төрт елі майын туратпастан, шетінен қалаштай тістелеп үзіп ап әп-сәтте оны да жеп қойды. Содан кейін «неге телміре қарай қалдыңдар маған? Ас көрмеп пе едіңдер, ас жеген кісі көрмеп пе едіңдер? Қалған мүшелердің де майын мен жейін, қара етін сендер жеңдер, әйтпесе аш қаларсыңдар!» деп, жіліктердің, омыртқа, белдемелердің қыртыс майларын түгелімен сыдырып соғып алды...

— Ал, енді өкпең бар ма?— деді ол Найзабекке, қозының бар майын түгел жеп болғаннан кейін.

— Тойсаң өкпем жоқ,— деді Найзабек.

— Ту қойдың етін көтере жеп кететін Балқаш, қозыңның етіне қайдан тояды?— деді Балқаш күліп,— жұмыршағыма жұқ та болған жоқ!..

— Астапыралда!.. Сенімен ерегісуге болмас?..

Біраз жайланып ілгері қарай жүрмек болғанда:

— Ағай, ұлықсат етсеңіз, мен сіздің қасыңызға отырам,— дедім мен Найзабекке.

— Неге?!

— Өтінем!

— Е, неге?... Анау Жаңыл жеңгеңмең екеуің сөйлесіп отырмаймысыңдар жолшыбай?

— Менімше, бұл Бәтес, ең алдымен, сол жеңгесінен қашып отыр!— деді шапшаңбай Нұрбек.— Мен сөздің турасын жақсы көрем: ұят та болса айтайын, осы жеңгей Балқашты Бәтестен қызғанып келеді.

— Астапыралда! — деп қорқып қалған болды Балқаш. «Рас» дегендей, Жаңыл бұртың етіп теріс қарады. Мен ішімнен: «Айта түссе екен, ақымақ әйелдің сорақы қылығын бетіне баса түссе екен деп тіледім. Найзабек те солай ойлады ма, немене, тіс жарып іштеңе демей,

«осыларың ұят қой» дегендей, Жаңыл мен Балқашқа кезек-мезек қарады да отырды. Нұрбек менің ойымды түсінгендей, Балқашқа өршеленіп кетті:

— Не «астапыралдасы» бар? Есуас па, немене мынау қатының? Төреңдей жігіті барда, баспа өгіз сияқты талпиған сені не қылады бұл Бәтес қызығып?..

— Жетер, Нұрбек, енді! — деп Балқаш Нұрбекке қоқиған болды...

— Түр-тұлғасына лайық, ақылы да шұнамдай-ақ екен қатыныңның! — деді Нұрбек өршелене түсіп.

— Енді болар, Нұрбек! — деді Найзабек.

— Е, қайдам, жынымды келтіріп! — деді Нұрбек бәсеңдеп.

— Жынданбақ түгіл қағынып кет! — деп Балқаш көтерілген болды.

— Қойыңдар ұрысты! — деді Найзабек.— Бәтес менің қасыма-ақ отырсын. Нұрбек, божыны қорапкенің алдына отырып ұста.

Біз солай орналастық та жүріп кеттік. Қызбелдің таныс белестері мен ылди-өрлері... Балқаштың құшағында ұйқым қанып қалудан ба, Қайнардың қасында жақсылап дем алудан ба, самалды қоңыржай ауаның желпуінен бе бойым қазір аса сергек. Менімен не жайда сөйлесудің ретін таба алмай ма, мінезі тұйық па, Найзабек үн-түнсіз отырып, ара-тұра қалғып кетеді. Ал, Нұрбек ше? Артына анда-санда жалтақтап қарап қоюынан оның менімен сөйлескісі кейде жымыңдай қарауынан әзілдескісі келетіні байқалады, бірақ Найзабектен қаймығатын түрі бар. Сондықтан ол ақырын ғана дауыспен толып жатқан әндерді бірінен соң бірін өте әдемі нақышпен кейде ысқырына, кейде сөзімен орындауға кірісті. Не деген әнші, не деген көңілді жігіт!..

Күн кешкіре тағы бір жерге кеп ат шалдырғанда бүгін қайда қонудың жәйі сөз болды.

— Мен бір ұсыныс айтайын, жолдастар,— деді Балқаш,— жолда Бүркіттің үйі бар. (Менің жүрегім әлденеге зырқ ете қалды. Б.) «Ұлы сөзде ұяттық жоқ» дегендей араларында түсінбеушілік боп уақытша айырылған Бүркітті Бәтесжанның іздеп келе жатуы мынау. Біздің ептеп бойымызда қазақшылығымыз да бар адамбыз ғой. Бәтес өз әке-шешесінен ұлықсат алмастан келе жатыр...

— «Әкесінен» деңіз, жолдас мұғалім,— деді Нұрбек, Балқаштың сөзін бөліп,— «шешесінен» демеңіз!

— Неге?

— Е, кеше Қызыл отауда өз көзіңізше қолынан шығарып салған жоқ па шешесі?

— Ол туған шешесі ғана. Тәрбиялаған шешесі үйінде...

— «Шешені» қоя тұрайық,— деді Найзабек,— айта бер, Балқаш, сөзіңді!

— Бүркіттің әке-шешесінен Бәтестің бата ала кеткені мақұл ғой деймін,— деді Балқаш.

— Сондай қазақшылықты қойсақ та болады! — деді Нұрбек кейіген дауыспен теріс айналып.

— Неге қоям? — деді Балқаш екіленіп,— сені мен маған бәрібір: сен мұнда қаласың, мен оқуға кетем. Аманшылық боп Бүркіт пен Бәтес табыса қалса, Бәтес «әке-шешеңнен бата алып келдім» десе, Бүркіттің қаншалық риза боларын білемісің?.. Қайдан білейін деп ең сен, винтовка ұстаудан басқаны!..

— Олай таусылма, Балқаш!— деді Найзабек, «винтовка ұстаудан» деген сөзді өз атына айтқандай көрген үнмен,— винтовка ұстау — ақылдан айырылу емес.

— Жөн сөзге көшіңдер!— деп қойды, ешбір сөзге араласпай келе жақан атшымыз Жолдыбай.

— Көңліңе ауыр алып қалдың ғой,-- деді Балқаш Найзабекке,— саған емес, Нұрбекке айтылған сөз. Ескертіп қоймаса, бұның өзі кейде аузына келгенін сөйлейтін далдың-дұлдың...

— Хош, барайық, Әбеудің үйіне,— деді Найзабек,— сонда жылы қабақпен қарсы алуларына көзің жете ме?

— Жетеді!.. Жетпесе түсіндіреміз!..

— Онда Бәтестің өзі білсін,— деді Найзабек.

Балқаш менен сұрап еді:

— Өздеріңіз біліңіздер,— дедім мен,— жол жүріп бара жатқан адаммын, маған қабылдаған, қабылдамағанның бәрі бір. Тек, кінә менде қалмаса болады...

— Дұрыс!— деді Балқаш, менің бұл сөзімді «көнді» санап.— Соға кетейік. Менімше, құшақ жайып қарсы алуға тиісті. Әбеу ағайдың қыңыраюы мүмкін, мінезі қатал кісі; ал, Асылтас жеңгей бар ғой, Бәтес үйіне әдейілеп соққанын көргеннен кейін, қолқ етіп түсе қалады, баласы Бүркіттің жан жолдасын көріп бауырына басады...

— Соқсақ соғайық!— деді де, серіктерім ілгері тартты.

Күн батып бара жатқан шақта, артымыздан айғай естілді. Алда отырған Нұрбек жалт қарады да·

— Балқаш бөркін бұлғайды, тоқтайық,— деп, кешкі

салқынмен қызына желіп келе жатқан аттардың божысын тежеп барып тоқтады. Артымыздан кеп тоқтай қалған Балқаш:

— Соноу бір бүйірлеу көрінген ақ ауыл Әбеудікі,— деді бізге.— Қаннен-қаперсіз отырғанда үстінен түсе қалмай, мен бұрынырақ барып хабар берейін. Ақырындау жүріп, сіздер де артымнан жетерсіздер.

— Мақұл.

Балқаштар жортып кетті де, біз іркіліп қалдық. Біздің аттар ақырындау жүріспен ауылға жақындағанша, күн байып, шығыс қаракөлеңке, батыс қаракүрең тарта бастады. Сол кезде беттеп келе жатқан аулымыздан әлдекім аттанып, әрі қарай шоқыта жөнелді.

— Әбеу!— деді, көзі қиядағыны шалатын Нұрбек.

— Кәне?— деді, алыстағыны бұлдырлау көретін Найзабек.

— Анау, ауылдан шығып жорта жөнелген.

— Қалай танидың сонша жерден?

— Мен, енді сізден жасырақпын ғой,— деді Нұрбек Найзабекке еркелей сөйлеп,— сондай жерден танымайтын, не болыпты менің көзіме?.. Астында қыландаған жылқы соның қарасұр аты.

— Құдай біледі, қашты бізден!— деді Нұрбек.

Алдымызда не күтіп тұрғанын білмей-ақ ауылдағы үлкен ақ үйдің нақ қасына ат тұмсығын тіреген шағымызда, ішінен қабаған қаншықтың ащы шәуіліндей құлақ жарарлық әйел даусы шаңқылдай қалды. Бәріміз де арбамыздан түспей, тын боп тыңдай қалдық.

— Балқаш!— деп айқайлады әйел,— жаумысың өзің, елмісің?.. Жау болсаң аларынды айт, ел болсаң, кетір салдақыңды көзіме көрсетпей!

Бұл шаңқылдап жатқан, әрине, Бүркіттің шешесі Асылтас. «Сонда салдақысы мен бе?» деген оймен бар қаным басыма атып шыға келді.

— Жеңеше, сабыр!— деген даусы естілді Балқаштың.

— Неменеге, «сабыр», ойбай!— деп көтеріліп кетті әйел,— екі айғырды шайнастырған қақ байтал емес пе оның?.. Екі елді бүлдірген «ала тай» емес пе?.. Әкетемісің, ойбай, Балқаш, қу қаншығынды әкетпеймісің?.. Әкетпесең пышақты оған да салам, өзіме де салам!..

— Мынау жынды қатын ба еді?— деді Нұрбек көтеріліп,— жынын қағып келсем қайтеді өзінің?

Ол түспек болып еді, Найзабек жауырынынан тартып «отыр!» деп қойды. Сол кезде, үйден ең алдымен — Жолдыбай, оған ілесе — Жаңыл, оған ілесе — Балқаш қашып

шықты... Арттарына жалтақтай, жүгіре басып арбаларына келген оларға Найзабек:

— Не болды?— деп еді:

— Құрысын, «не болғаны!»— деді Балқаш арбасына асыға мініп, қасындағыларға да «тез міндер!» деп,— басымыз аманында құтылайық, көпірден!..

Біз жөнеп бердік. Алдымызда келе жатқан Балқаш, ауылдан ұзай тоқтады да, ілесе тоқтаған бізге арбасынан түсіп кеп:

— Япырай, Найзабек-ай, талай долы қатынды көре жүріп бұндай көкдолыны көрген емен!.. Білемін деген адамын да білмейді екен ғой, кісі!.. Мен осы кісіні ақыл иесі адам ба деп ойлайтын ем. Мынау барып тұрған делқұлының өзі!.. Сендер енді аз уақыт кешіккенде тарпа бас сап, тырналап, тістелеп тастайтын да беті бар еді, арбаларыңның даусы шыққан соң аландап, әзер аман қалдым...

— Не қыл дейді сонда?— деді Найзабек.

— Қыл дейтіні көп. Бәрін айтып тауысар емес. Бір жағынан сынауға да болмайды екен, күйікті отыр екен өзі.

— Неге?

— Әбеуді кеше тығыз түрде Қостанайға шақырып әкетіпті. Үй іші «жауып қоя ма» деген қауіпте отыр...

— Жапса жабады да,— деді Найзабек.— Многолавканың мүлкін жеуі туралы жұмысы зерттеуде жүрген. Болыстан әнеукүні бір құшақ материалды өз қолымыздан жөнелткеміз... «Түйені түгімен, биені жүгімен» дегендей, халықты да жеп баққан екен сабаз!.. Енді солардың бәрін құсатын шағы жеткен сияқты.

Бұл сөзге менің жүрегім зырқ ете қалды: біздің елдің қазақтары «көп дүкен» атаған бұл сауда жұмысында менің әкемнің де ортағы бар ғой. Оның да жегені аз емес. Ендеше, Әбеумен екеуінің ілінетін қармағы біреу ғана. Менің бұл ойымды Нұрбектің:

— Сонда әлгі қарасұр атпен ауылдан қаша жөнелген салтты кім? — деген сұрауы бөліп кетті.

— Әбеудің баласы — Текебай,— деді Балқаш.— Әлдеқайда асығыс жұмысы бар ма, бізден қашты ма, қайтседе біз үйіне кіре бере, амандық-саулыққа келместен шыға жөнелді. Одан кейін атының дүсірін бір-ақ естіп қалдық...

— Түсінікті,— деді Найзабек,— ал, енді тұрмайық, ілгері жөнелейік.

— Қай жолмен сонда? — деді Балқаш.

— Тура жолмен.

— Ел жоқ жолмен жүргенде қарнымыз ашпай ма?— деді Балқаш,— одан да, бұрыстау болғанмен, қонар-түстенер ауылдары бар жолмен жүрмейміз бе?

— Сен тоятын тамақ арбада да бар ғой,— деді Найзабек.

— Қайда бар?— деді Нұрбек Найзабекке ойнақы кескінімен,— Қостанай әлі де бес-алты қоналқалық жер. Көрген жоқсыз ба Бала-екеңнің жесін мана?.. Арбада келе жатқан етіңіз бір қоналқада қылғуынан қала ма?.. Ең кеміне күніне бір семіз тоқты керек емес пе, бұл кісіге?

— Бұраландап жүруге Балқашта уақыт болғанмен, бізде жоқ,— деді Найзабек салмақты кескінмен,— саудаласып тұратын нәрсе емес бұл. Ал, тарт!..

— Қайда қонамыз, сонда?

— Ілгері барып. Өзім айтам.

— Қап, қайран тоқтылар-ай бұйырмаған!.. Маңырап қала берді-ау, бәрі де!— деп Нұрбек аттарды айдай жөнелді... Кешкірген күн қарауыта түсті. Бейуақ бұйықтырған біздің көңлімізді көтергісі келгендей, Нұрбек бар даусымен «Майра» әнін шырқады:

Қызы едім мен Уәлидің атым Майра,
Қызыл тіл көмекей мен тілім сайра,
Осы әнге бүлкілдете басқанымда,
Ертіп сонда маған жігіт қайда?
Майра, Майра,
Керекулік Майра,
Айра, райра,
Қызыл тілім сайра
Шіркін, осындайда
Әй!..

Не деген көңілді әйел еді Майрасы?.. Сөзіне, әніне қарағанда, әйелдің «Нұрбегі» ғой ол?.. Құдай мені де сондай ғып неге жаратпады екен!..

Нұрбек айтқандай, жолшыбайғы елсіз далада бізге төрт қонуға тура келді. Тағы да сол Нұрбек айтқандай, біз жолға пісіріп алып шыққан ет Балқаштың жұмырына жұқ болған жоқ. Баршагүл пісіріп берген қаз бен үйректі жеуге келгенде, Найзабек «маған бауырсақ пен құрт-май да ас болады, қазды да, үйректі де Бала-екеңе берсек қайтеді?» деп еді, «е», біз сонда бұ кісінің аузын жалаймыз ба? Мырзалық қылам десеңіздер өз сыбағаларыңызды беріңіздер, мен өзімдікін өзім жеймін!» деп, Нұрбек өз үлесін бөліп алды. Соған өкпелегендей

Балқаш өзге қазды да, үйректі де бәрімізге бөлдіртіп берді.

Тамақ әңгімесінен басталған бұл ырың-жырың, одан гөрі салмақтылау бірдемелерге соғып, аяғы жанжалсымақтау боп кетті. Одан әрі кеңесетін сөз біткендей, әркім жату жабдығына кірісті. Менің ойым, қай жерге болса да Жаңылмен бірге жату еді. Ол сорлы күйеуінен бөлінсе-ақ қасқыр жеп қоярдай мініп келген арбасына әуелі өзі жатты да, күйеуін:

— Мында кел! — деп шақырды. Ол:

— Бәтес ше? — деп еді:

— Қайтесің Бәтес-мәтесті!.. Өз арбасы бар емес пе?.. Жатар содан орын тауып. Кел, «кел деген соң!»— деп бұйыра айқайлады.

— Барыңыз! — дедім мен Балқашқа, тағы да жанжал туар деп қорқып, мен орын табам!

— Екі әйелдің бірге жатқаны жөн,— деп Нұрбек шаптаңқырап еді:

— Уа, қойсайшы, қылжақты! Ойнайтын кісіңмен ойнасайшы!.. Сенің құрдасың жоқ мұнда. Немене, мазақ қылғың келе ме?— деп Балқаш ақырып тастады.

— Тастаңдар, жанжалды! — деді Найзабек,— Бәтес біздің арбаның үстіне жатады. Нұрбек екеуміз жерге жатамыз.

Арба үстіне киімшең жата кеткен менің құлағыма аз уақыттан кейін:

— Бүгін сақ болу керек,— деген даусы шалынды Найзабектің,— бұл ара Сасық ауылдарының тұсы. Жесірі кетіп намыстан өлгелі жүрген оның атарман-шабармандары осындайда қимылдап қалуы мүмкін.

— Не істейді, қимылдағанда? — деген Нұрбекке:

— Бала екенсің ғой, тәйірі!— деп кейіді Найзабек,— аттарымызды ұрлап әкетсе, аз ба оларға қазір? Қолдарына тисе өткелектен өткізеді де жібереді. Содан кейін мықты болсаң тауып көр!.. Өзі түгіл исін де таптырмайды. Бүгін соны істеуге тырысады олар. Ұзақ жолдың үстінде жаяу қалдырса, емен-жарқы кегі сонымен де бітіп қалады.

— Сақтанғанда не істейміз?— деді Найзабектің сөздері көкейіне қонғандай болған Нұрбек.

— Аттарды таң атқанша арбаға байлап қойып, аяқтарына кісен сап тастау керек. Өзіміз де сақ жатуымыз керек.

— Кісен салған соң да ма?

— Жеңілтектігің-ай, сенің осындай!.. Егер күзет

болмаса, кісен дегенің немене ұрыға?.. Қілтін ашуы да оңай, шынжырын үзуі де оңай. Аттарды түнде кісенде ұстау керек те, таң атқан соң кезекпен күзетіп оттату керек. Көзің тайды-ақ жымқыра қашады. Ынбасаң ұйықтап көрші, оянған шағында атың орнында болса, мен мына мұрнымды кесіп берейін.

— Сонда осы маңда жүргені ме олардың?

— Қаптап жүр!.. Сай-салада толып жүр!.. Біздің қимылдарымызды бақылап жүр!.. Мана Текебай неге аттана жөнелді дейсің ауылынан? Хабар айтуға кетті қолдастарына!.. Адасқан қасқырлар бір бірімен ұлып табыспай ма? Текебайдың аттануы, ұлуы. Керекті кісілеріне содан бері хабарландырып болды. Қазір бәрі де осы маңайда!..

Мына сөзден менің тұлабойым қалтырап кетті де басымды көтеріп ап:

— Онда қайтеміз, аға? — дедім Найзабекке.

— Жата бер, шырағым! — деді ол.— «Сақтықта қорлық жоқ» дегенім ғой, әйтпесе ояу шағымызда, мен жатқан жерге мыңы болса да жолай алмайды олардың. Қазір олардың қолдарынан келері қараңғы ұрлық қана.

Мен орныма бүктүсіп қайта жаттым. Түнгі салқыннан ба, қорқудан ба, денем қалтырап барады. Құлағыма шалынған дыбысқа бақсам: аттар арбаларға байланды, аяқтары кісенделді... Нұрбек, Найзабек, Жолдыбай үшеуі екі арбаның ортасына отырып, маған естілмейтін әлденелерді күбірлесіп кеңесе бастады... Мен қайткенмен де қалғымауға тырысып жатырмын. Қалғысамақ жаулар бас салатын сияқты...

Олар сүйтті... Азан-қазан у-шу боп, қалың салтты қаптап кетті де, біздің адамдарды тарпа бассап, көкбардың лағындай сүйрете жөнелісті!.. Әрқайсысының «өлдім!» деген даусын бір-ақ естідім. Арбада бұққан мені шашымнан сүйреп алған адамның кескініне қарасам, Сасық!.. Көзіме албастыдай көрінген ол, «сені бауыздап өлтірейін!» деп бір қолымен шашымнан орай ұстап, екінші қолымен кісесіндегі қынынан сапысын суыра бергенде бар даусыммен шыңғырып кеп қалдым!..

— Не болды?! — деген дауыстарға жалт қарасам, әлдекімдер төніп тұр!.. Оларға шошына бергенімде:

— Бәтес!.. Біз!.. Найзабек, Нұрбек!..— десті. Сонда ғана есімді жиғандай, арбадан қарғып түсіп, екеуін құшақтай алдым... Біраздан кейін ақылыма келсем әлгі көргендерімнің бәрі түсім екен!.. Серіктеріме айтқанда:

— Ұйықтап қалсақ, ондай оқиғаның шындықта да

болып қалуға мүмкіндігі бар,— деді Найзабек.— Сайсаладан бұлаң еткен талайларын көзіміз шалды. Сандары бірталай көрінеді. «Ұрының арты қуыс» дегендей біз кезек-мезек ербеңдеп көрінген соң, бассалуға бата алмады...

Ол кешіміз сондай ырың-жырыңмен өтті. Келер кешке есіме шешем әкеп берген сүр түсті де, серіктеріме жегізу ниетімен тақтай чемоданды ашып қарасам: біздің үй өткен қыстың аяғына тақау сойған семіз жылқының шекке сыймаған соң бүйенге тыққан, жуандығы жеңді білектей, бүктегендегі ұзындығы кезден артық қазысымен сала құлаш қартасы екен. Олардың арасында қыртыс майының қалыңдығы төрт еліден асатын үлкендігі тоқымдай екі қақпыш жүр. «Олар да аз болар» дегендей, майы туырылған жүрегі мен қолқасын сапты, ұзындығы сала-құлаш, шылғи майдан жасаған шұжық сапты!.. Бәрі де мейіздей боп кепкен, бәрінің де ысталған әдемі исі аңқып тұр... Бір жапырақ май жүрегіме шық ете түсіп жей алмайтынымды білетін байғұс шеше, мұншама майды кімге және неге үйіп-төгіп салды екен!..

Тәтті сүрдің бұрқыраған исін сезген Балқаш қасыма жүгіріп келді де, ақтарған майды көріп:

— Уау, мал мұнда екен ғой! — деді қуанып кетіп.

— О не?— дегендерге:

— Арбамызда мұншама май келе жатқанда неге ашығамыз? — деді ол,— астыру керек те, шетінен кертіп жеу керек!..

— Шешесінің қалаға барғанда қорек қылсын деп берген асы емес пе? — дегендерге:

— Білмеймін бе мен Бәтесті? Лақтың асығындай майды да жей алмайды. Бұның бәрін қашан тауысады ол. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» дегендей, Бәтеске тамақ табылмас деймісің?— деді Балқаш.

— Асамыз, ағай!— дедім мен.

Найзабектің «қайтесіңдер!» дегеніне қарамай Нұрбек екеуміз семіз сүрді үлкен бақырға сыйғанша астық.

— Ішінде бөсірі болса да тауыса алмас бұны!— деді Нұрбек Балқашқа естіртпей.

— Тоқты еті бұдан аз боп па?— дедім мен.

— Мәселе аздығында я көптігінде емес қой. Мынау көкпеңбек мұз сияқты сүр ғой, бұны жеу қойдың жас майын жеуден әлдеқайда қиын.

— Енді оны жегенде көрейік.

Сүр жас жылқының еті болушы еді, сондықтан піс-

кенде екі есе өсіп кетеді екен, тоқты еті толмаған табақ-ка тураған шақта, ернеуінен асып тұрды.

Мана тоқтының қара етінен біраз жескен жұрт, мына көк майдан бір де асай алған жоқ. Балқаш картоп жегендей малжаңдай шайнап жүрегімізді айнытатын болған соң, біз маңынан қаштық. Біраздан кейін «келіңдер!» деп дауыстады ол. Барсақ бар сүрді жеп боп, алақаны әрең толатын май қалған екен. Балқаш оны асап алды да, кілкіген майлы тұздықты табақтың шетінен ұрттап қойды.

— Саған ден қойдық!— десті серіктері,— сен жегіш емес, обыр екенсің!..

Бұл жолымыздағы күндер мен түндерде, егер қанша айтса да қажымайтын Нұрбектің әндері болмаса, Балқаштың жаның түршігерлік жемпаздығы болмаса, елсіз-күнсіз далада біз іш пысудан жарылып өлер ме едік қайтер едік. Еркектердің өздері бірдеме сұрамаса маған олармен кеңесу қиын. Тағдырымның не боларын білмей дел-сал болып келе жатқан ойымды түсіне ме, әлдене тақырыпта сөйлесудің ретін таба алмай ма, өзім бірдеме демесем, олар да маған іштеңе айтпайды. Қасымдағы жалғыз әйел Жаңыл аттанған күні қоңыраюын әлі де тастаған жоқ. Сонда да, «әйел жынысты адам ғой» деп оған бірдемелерді айтып жақындасайын десем, бар білгені сол ма, әлде жақындағысы келмей ме, томсарып үндемей қояды да, кейде шошытқысы я сынағысы келгендей, еркек пен әйелдердің арасындағы тұрпайы бірдемелерді айтып, маңынан еріксіз қашырады... Осылай келе жатқан бетімізде алдыңғы жағымыздан бұлдырап орман көрінді.

— Аманның қарағайы!— десті қасымдағылар.

Білем ол қарағайды. Оның ішіндегі көлдерді де білем. Семиозерное аталатын орыс селосын да білем. Былтыр әжем төркініне алып барғанда жолшыбай бәрін де көргем, аралағам. Тамаша орман!.. Тамаша көлдер!..

Біз Семиозерноеге жақындағанда күн кеш боп қалды. Оған таяна бере, серіктерім аттарын тоқтатты да, қайда қонуды ақылдасты: Қалаға ма? Көл жағасына, қарағайдың ішіне ме?..

— Қаланың асы түгіл жамбасы да сатулы болады,— деді Балқаш.— Жалпақ жаздың ортасында неміз бар,— әрі жамбасқа ақша төлеп, әрі асты сатып ішіп? Аттар да ашығады қалада!.. Одан да, қалаған алыс кетіп, қалың қарағайдың ішіне, әулие көлдің жағасына қонайық. Қаладан нан-пұн, қалаш-малаш алармыз. Ет өзімізде бар.

«Бар» дегені менің сүрімнің қалдығы, одан Балқаштан басқа кісі тауыса алмайтын бір сүйем қазы, бір сүйем карта, жарты шұжық қалған. Бәрі де кеспеге қара жоқ шылғи май. Балқашқа ол жұқ болмауға тиісті. Әйткенмен, оны да жеп тауысуға құлқыны құрып тұр. Жесе жесін! Жемегенде неменеме үнем болады ол!..

Нұрбек далаға қонуға наразылық білдірді.

— Қала тұрғанда далаға қонып не сор қысыпты бізді?— деді ол.— Орман арасының шыбын-шіркейі көп болады, өзі түнде салқын болады; әрі «аңдушыларды артта қалып қойды» деуге болмайды. Орман арасы олардың құдайының берген жері және күн де бұлттаныңқырап тұр бүгін, түнде жауын жауып кетуі мүмкін, сонда жүреміз бе ағашқа тығылып? Тығылғаныңмен қайың мен терек емес қой, саясы пана болатын; сып-сидам қарағай пана бола ма кісіге? Балқаш ағайдың құлқынын құртып тұрған ет; оған уайымдамай-ақ қой, ағай! Орыстың бір семіз сарығын бүгін өз ақшама-ақ сатып әперейін. Құйрығы жоқ демесең, бұл арада сарықтың семіздігі шошқадан кем болмайды, тажал болсаң да тауыса алмайсың оның етін; төрт атқа түні бойы жететін шөпті Жолдыбай екеуміз көлдің жағасынан шауып әкелеміз.

Ендігі шешім Найзабекте қалған сияқты болып еді, «сен не айтасың» деген Балқашқа,—«көрерміз» деді де қойды ол.

Серіктерім әлдене орыстың үйіне тоқтап сұрастырып еді, не тамақ аламыз десек те әзір екен: нан ба, сүт пе, қаймақ па, май ма?.. Алғымыз келсе, ұзын құйрық семіз қара сарықтар да қорасында толып жүр.

Осы жәйді білген Найзабек орысты әлдеқайда оңаша алып кетті де, аз уақытта қайтып оралды. Оның қамзолының ішкі өңірі томпайып, қолына бір құшақ бөлке мен қалаш ұстап, қолтығына кішірек киреңке қыстырып, ішкі қалталарын да томпайтыңқырап қайтты.

— Ал, енді Нәкеңді қалаға байласаң да тұрғыза алмайсың,— деді Нұрбек, оңашалау тұрған маған жақындап, сыбырлап.

— Неге?

— Қойнындағы томпайғаны, құдай біледі самогон!

— О не?

— Қолдан ашытатын арақ және сұмдық күшті арақ.

— Қайдан білдің оны алғанын?

— Исінен және Нәкеңнің кескін-кейпінен сезіп тұрмын. Осы адамның мінезі де, ісі де алтын кісі. Жалғыз көмшілігі: қан төгісте, арпалыста көп болуынан ғой дей-

мін, қолына арақ тисе қатты ішіп қоятыны бар, Көптен арақ таба алмай жүр еді, самогон табылуына қуанып келеді. Бірақ жәй ішсе оқасы жоқ-ау. Іше қалса, кейде сандырақтап мазаны алады, кейде бойбермей арпалысып қасындағы адамды қалжыратады.

— Ішпеңіз десек қайтеді?— дедім мен.

— Айта көрме!— деді Нұрбек,— пәлеге қаласың онда. Одан да білмеген болу керек.

— Тамақ табылды!— деді Найзабек серіктеріне.— Нан мынау!— деді ол қышқылтым тәтті исі мұрынды қытықтаған бөлкелер мен қалаштарды жоғары көтеріп, пештен жаңа шыққан ып-ыстық!.. Бұны батырып жейтін шикі қаймақ мынау!— деді қолтығындағы кіреңкені көрсетіп,— қаймаққа батырып жеген жылы қалаштың қасында, өзге тамақтар садағасы кетсін!.. Мына қалталарды,— деді ол екі жан қалтасын қағып көрсетіп,— сарымсақ пен марковке сығарлай толтырып алдым... Енді не керек саған?— деді ол Балқашқа,— сарық ба, керегі? Қажет десең оны да сатып алайын.

Балқаш үндемеді.

— Жас ет жоқ деп уайымдама, достым!— деді Найзабек оған.— Бәтестің қалған сүрін бүгін түгел астырамыз. Оның үстіне мына тәтті қалаштарды қаймаққа батырып соғып алсаң, ішінде жеті басты жыланың болса да тоясың.

— Мен сенен тамақ сұраған жоқпын ғой,— деді Балқаш жәбірленгендей.— Сен асырап жүрген жоқсың мені. Қалаға қонайын, далаға қонайын, өз тамағымды тауып жей алам.

— Ойнаймын,— деді Найзабек.— Көңліңе ауыр алма. «Бұра сөйлеген күлуге жақсы, бұрыла қашқан түлкі қууға жақсы» деген.

— Оқасы жоқ,— дей салды Балқаш.

— Сонымен далаға кетеміз бе?— деді Найзабек серіктеріне.

— Ұлықсат етсеңіз, мен таң атқанға дейін қалада қалар едім,— деді Нұрбек.

— Неге?

— Көптен моншаға түскен жоқ ем, денем кірленкіреп, қышынып жүр еді. Түнде парға соғынып, тазаланып алайын да, қонған жерлеріңізге қай кезде кел десеңіз де жетейін.

— Қалсаң қал!— деп Найзабек көне кетті.

— Біз,— деді ол Нұрбекке,— қаладан ұзаңқырап, Аяққөлдің шығыс жақ шетіне түнерміз. Жалтыр жағы

ғой ол. Масасы болмайды. Сен оған таң сібірлей бергенде жет!

— Құп болады!..

Нұрбек қалды да өңгеміз жүріп кеттік. «Аяққөл» дегені көп жер екен. Қаладан екінді кезінде шыққан біз, қалың қарағайдың арасындағы құмдақ жолмен қатты жортып отырып, күн байып боп, дала күңгірттене бастаған кезде әрең жеттік. Оны «Аяқ» деп өзге алты көлден шеткері тұрғандықтан айтқан ғой деймін, әйтпесе ұланбайтақ кең, жалтыр көл екен. Біз түскен жағаның қайраңдығы төсеген тақтайдай, суының мөлдірлігі көздің жасындай. Тескіндіксіз айнала өскен қалың қарағайдың ортасында, көлдің бейнесі, сырлы аяққа құйған қымыздай. Өзінің тұлабойы құсқа тұнып тұр екен. Күндегі әдеті ме, әлде бізді көріп мазасызданды ма — қазы, үйрегі, шағаласы, қызғышы, тауқұдіреті, балшықшысы дегендей, араласа ұшып-қонып дүрліге бастады. Мылтық шалмайтын алыста көл бетінде деңкие ағаранданған екі аққу біразға дейін салмақтымсып отырды да, бір кезде әлденеден шошынғандай, көлдің бетін қанаттарымен сатырлата сабай, әлдеқайда көтеріліп кетті... Не деген әдемі жер еді бұл!.. Не деген тамаша көл еді мынау!..

Аттар ағытылып, қарағайларға байланды, аяқтарына кісен салынды. Содан кейін:

— Ал, Бәтесжан, қалған сүрді асамыз ғой?— деді Найзабек.

— Асамыз!— дедім мен.

Жаңылмен екеуміз көлден су әкеп, сүрді жуып, бақырға салғанша, қарағай арасынан жинаған отын да даяр болды. Ет асылып, өзіміз жайғасқан шақта:

— Ал, жолдастар!— деді Найзабек,— қойнынан үлкендеу екі бөтелкені суырып,— мынаның аты «самогон», яғни қолдан жасалған арақ. Қарағай арасының түні салқындау болғандықтан тоңып қалармыз деп әлгі орыстың үйінен ала салдым. Балқаш екеумізге жетеді бұл. Жолдыбайға сұраса да бермейміз, аттарды күзетеді. Жаңыл болмаса, Бәтес бұны әлі татып көрмеген болар...

— Мен де татқан жоқпын,— деді Жаңыл.

— Балқаш, сен қарсы болмассың?— деді Найзабек...

— Енді.. епте...— деп Балқаштың көмекейі бұлк ете қалды.

— Онда екеуміз ас піскенше мына сарымсақ пен нанды талғажау ғып, епте іше тұрайық.

— Оқасы жоқ,— деді Балқаш.

Сұйық асқа арнап жолға алып шыққан ыдысымыз үш

ағаш тостаған-ды; қымызды да, сорпаны да осы тостағандармен кезектесіп ішетінбіз. Найзабек екі тостағанға самогонды толтыра құйып еді, исі сордың суындай сасықтау екен. Мен «арақ» дегенді естігенім болмаса көрмеген адаммын. Сондықтан самогон ғана сасық па, өзгелері де солай ма, білмеймін. Қымызға мас болғанды көргенім бар, бірақ ол мастық: адамның кескінін күрең тарттырып, аздап қана қыздырғаны болмаса, ешуақытта естен тандырмайды, оның тандырғаны — ұйықтатқаны; сырт естуімше, адам арақтан өлердей мас боп, жынды сияқты бетімен сөйлеп, арпалысып кетеді. Ондай адамды көрген емен. Қайда көрем? Біздің елде «арақ ішеді» деген кісіні көрмек түгіл естіген жоқпын. Өсекшілердің «Бүркіт арақ ішіпті-мыс» дегеніне жанымның түршіккені де содан ғой.

Міне енді, сол арақ алдымда, Найзабектің қолында отыр. Найзабек менің ұғымымда ақылдың да, сабырдың да иесі. Егер арақ жаман нәрсе болса осындай адам оған неге жолайды?..

Найзабек пен Балқаштың арақты тезірек ішуін тіледі м, ондағы ойым, ішкеннен кейін не болғандарын тезірек көру. Самогон толған бір тостағанды Балқашқа ұстатып біреуін өзі алып:

— Ал, кәне, не үшін ішеміз?— деді Найзабек.

— Жолымыз болуы үшін де!

— Құп!

Екеуі тостағандарын түйістірді де қағып салды. Неге екенін кім білсін, бет-аузын тыржитып қатты шімірікken Найзабек, үлкендігі жұдырықтай сарымсақты танауына баса, қатты иіскеп отырды да, аузына тұтасымен тығып жіберіп, бытырлата шайнай бастады. Балқашқа қарасам мыңқ етер түрі жоқ. Арақ емес, су жұтқан адамдай, маңқиған қалпын өзгертпейді. Тегі, оның қанбай қалды ғой деймін.

— Ал, Нәке, тағы да бірді тартсақ қайтеді?— деді ол ащы арақтан ба, ащы сарымсақтан ба, шайнағанын жұтқанмен, әлі де тыржиыңқырап отырған Найзабекке...

— Боп-боп-болсын!— деді Найзабек, тілі күрмеліңкіреп.

Екеуі тағы да бір-бірден тартқаннан кейін; Найзабек кіреңкедегі қаймаққа қалаш батырып жемек болып еді, кең аузын қалтақтаған қолы таба алмай, сұйық қаймақты жарқыратып төгіп алды. Оған ыза болғандай, кіреңке-міреңкесімен қаймақты лақтырып жіберді.

— Өй, неге лақтырасың?— деген Балқашқа, тілі күрмеле сөйлеген Найзабек байланыса кетті...

— Немене?— деді ол түйіле қарап,— мас деп отырмысың мені?

— Жо-жоқ...

— Жоқ, сен мас деп отырсың мені!.. Тағы да құяйын, ендеше, бірін!.. Көрейін, кім бұрын мас болғанын!..

Толтырып ұсынған тостағанды Балқаштың алғысы келмеп еді:

— Ал, әкеңнің...— дей берген Найзабек маған жалт қарады да,— ойдолойын!.. Сен отыр екенсің ғой!.. Боқтамайын!.. Әйтпесе бұның ба?— деп Балқашқа тікілене қолын безеді.

— Сен, жеті атаңның аузын...— дей беріп, маған тағы да жалт қарап, «ойдолойын» деп қойды да,— жаның барда іш!— деді Балқашқа,—әйтпесе мына тоқпақ төбеңнен тоқ ете түседі!— деп жуан жұдырығын көрсетті. Ұрар деп қорыққандай, Балқаш тостағанды тағы көтере салды...

Одан кейін Найзабекте береке қалған жоқ: күрмелген тілімен, не сөйлеп, не қойғанын білмейді... Менен басқаларын сыпыра боқтайды да, мені ғана ара-тұра «ойдолойын!» деп қояды.

Найзабек сандырақтап отырып Балқашты жазғырады. Сондағы сөзінің ұзын-ырғасы: «Бәтес пен Бүркітке сен дос емес, қассың. Шамаңнан келсе, ниетің бұларды қосу емес, айыру. Байлардың, алашорданың құйыршығысың сен. Сенің Бәтес пен Бүркітке істегелі жүргенің солардың тапсырмасы. Бірақ істеп көр, не болар екенсің?.. Қожаларыңа қосып, сені де жерге қағып жібереміз!..

— Неге олай дейсің?— деп алғаш қарсы болған Балқашқа Найзабек өршеленіп кеткен соң, анау не десе де жым болды да отырды. Жаңыл да бұрын мас адамды көрмеген ғой деймін, иттен ығысқан ешкідей, тығылар жер таба алмаған сияқты. Өзі тимейтіндігіне көзімнің жетуі ме, әлде Найзабектің жат қылықтарын қызық көруімнен бе, мен онша тиышсызданбаймын.

Аздан кейін Найзабек қалғып кетті. Балқаштың: «Қайтесің, жата берсін, өлмесе өрем қапсын» дегеніне қарамай, мен басына жастық сап, үстіне шекпенін айқара жаптым.

— Естуші ем, «барып тұрған алкагол» дегенді, өзім ішкенін көрген жоқ едім. Мынауың бір ит екен ғой барып тұрған!— деді Балқаш.

— Ойбай, ояныл кетер, естіп қалар!— дедім мен.

— Енді балталасаң да оянбайды,— деді Балқаш.— Бірдей-ақ іштік қой екеуміз? Мен неге мас болмаймын сонда? Арақ әбден жеңіп алған екен сорлыны. Жаңыл, пісір тезірек асты. Жейік те жатайық.

Піскен шылғи майды Балқаш қалған самогонге қосып соғып алды. Әйелі «мас боласың!» деп еді, «бөшкесін ішсем де жұмырыма жұқ болмайды» деді Балқаш. Жолдыбайға да ішкізбек болып еді, ол «татып көрмеген нәрсем» деп жолаған жоқ. «Ендеше, түнде аттарға сен ие боларсың» деп, оған ұсынған арақты Балқаш қағып салды. Сонда да тілі күрмелмейді, сонда да мас болар түрі жоқ. Найзабектікі не?.. Бұнікі не?.. Бұл не ғажап?!

Күндегі дағдымен Балқаш пен Жаңыл өз арбаларының үстіне жатты. Жолдыбай: «Аттар суып болды, енді кісенімен көл жағасындағы шалғынға жіберем де, өзім бағам» деді. Мен: «Ағай, қасыңызда болайын» деп ем: «Жата бер, шырағым, өзім күзетем, тәуекел!» деді.

Мен өз арбама жаттым. Көпке дейін көзім ілінген жоқ. Басымда толып жатқан ойлар сапырылысады. Солардың ішінде ерекше тоқталатыным — Найзабектің Балқашқа мені мен Бүркіт туралы айтқан манағы сөзі. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіппін...

Дәл құлақ түбімнен мылтықтың даусы күрс ете түскенге атып түрегелдім. Тағы да шаңқ ете қалды мылтықтың ащы даусы. Найзабек те орнынан атып тұрып, есеңгірегендей жан-жағына аландап, жалпақ қайыс белбеуінің мықынында, бұлғары қабына салып жүретін наганын суырып алды... Айдың жарығы ма, таң ба, дала ала сәулеленіп қалған екен. Көл жағасынан әлдекім ербеңдей келеді екен.

— Тоқта, атам!— деді Найзабек оған мылтық ұсынып.

— Мен, Жолдыбай!— деді ол.

— Мылтық атқан кім?

— Білмеймін.

— Аттар қайда?..

— Кісенде, отта еді...— деді Жолдыбай күмілжіп.

— Қайда, «отта» болса?..

Әлдекім қарағай арасынан қаранда көріне бергенде:

— Тоқта, атам!— деді Найзабек тағы да.

— Мен!— деген даусы естілді Нұрбектің.— Құдай ұрды, Нәке!

— Не болды?!

— Аттардан айырылдық!..

— Қалай?!..

— Өй, неге лақтырасың?— деген Балқашқа, тілі күрмеле сөйлеген Найзабек байланыса кетті...

— Немене?— деді ол түйіле қарап,— мас деп отырмысың мені?

— Жо-жоқ...

— Жоқ, сен мас деп отырсың мені!.. Тағы да құяйын, ендеше, бірін!.. Көрейін, кім бұрын мас болғанын!..

Толтырып ұсынған тостағанды Балқаштың алғысы келмеп еді:

— Ал, әкеңнің...— дей берген Найзабек маған жалт қарады да,— ойдолойын!.. Сен отыр екенсің ғой!.. Боқтамайын!.. Әйтпесе бұның ба?— деп Балқашқа тікілене қолын безеді.

— Сен, жеті атаңның аузын...— дей беріп, маған тағы да жалт қарап, «ойдолойын» деп қойды да,— жаның барда іш!— деді Балқашқа,—әйтпесе мына тоқпақ төбеңнен тоқ ете түседі!— деп жуан жұдырығын көрсетті. Ұрар деп қорыққандай, Балқаш тостағанды тағы көтере салды...

Одан кейін Найзабекте береке қалған жоқ: күрмелген тілімен, не сөйлеп, не қойғанын білмейді... Менен басқаларын сыпыра боқтайды да, мені ғана ара-тұра «ойдолойын!» деп қояды.

Найзабек сандырақтап отырып Балқашты жазғырады. Сондағы сөзінің ұзын-ырғасы: «Бәтес пен Бүркітке сен дос емес, қассың. Шамаңнан келсе, ниетің бұларды қосу емес, айыру. Байлардың, алашорданың құйыршығысың сен. Сенің Бәтес пен Бүркітке істегелі жүргенің солардың тапсырмасы. Бірақ істеп көр, не болар екенсің?.. Қожаларыңа қосып, сені де жерге қағып жібереміз!..

— Неге олай дейсің?— деп алғаш қарсы болған Балқашқа Найзабек өршеленіп кеткен соң, анау не десе де жым болды да отырды. Жаңыл да бұрын мас адамды көрмеген ғой деймін, иттен ығысқан ешкідей, тығылар жер таба алмаған сияқты. Өзі тимейтіндігіне көзімнің жетуі ме, әлде Найзабектің жат қылықтарын қызық көруімнен бе, мен онша тыншсызданбаймын.

Аздан кейін Найзабек қалғып кетті. Балқаштың: «Қайтесің, жата берсін, өлмесе өрем қапсын» дегеніне қарамай, мен басына жастық сап, үстіне шекпенін айқара жаптым.

— Естуші ем, «барып тұрған алкагол» дегенді, өзім ішкенін көрген жоқ едім. Мынауың бір ит екен ғой барып тұрған!— деді Балқаш.

— Ойбай, оянып кетер, естіп қалар!— дедім мен.

— Енді балталасаң да оянбайды,— деді Балқаш.— Бірдей-ақ іштік қой екеуміз? Мен неге мас болмаймын сонда? Арақ әбден жеңіп алған екен сорлыны. Жаңыл, пісір тезірек асты. Жейік те жатайық.

Піскен шылғи майды Балқаш қалған самогонге қосып соғып алды. Әйелі «мас боласың!» деп еді, «бөшкесін ішсем де жұмырыма жұқ болмайды» деді Балқаш. Жолдыбайға да ішкізбек болып еді, ол «татып көрмеген нәрсем» деп жолаған жоқ. «Ендеше, түнде аттарға сен ие боларсың» деп, оған ұсынған арақты Балқаш қағып салды. Сонда да тілі күрмелмейді, сонда да мас болар түрі жоқ. Найзабектікі не?.. Бұнікі не?.. Бұл не ғажап?!.

Күндегі дағдымен Балқаш пен Жаңыл өз арбаларының үстіне жатты. Жолдыбай: «Аттар суып болды, енді кісенімен көл жағасындағы шалғынға жіберем де, өзім бағам» деді. Мен: «Ағай, қасыңызда болайын» деп ем: «Жата бер, шырағым, өзім күзетем, тәуекел!» деді.

Мен өз арбама жаттым. Көпке дейін көзім ілінген жоқ. Басымда толып жатқан ойлар сапырылысады. Солардың ішінде ерекше тоқталатыным — Найзабектің Балқашқа мені мен Бүркіт туралы айтқан манағы сөзі. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіппін...

Дәл құлақ түбімнен мылтықтың даусы күрс ете түскенге атып түрегелдім. Тағы да шаңқ ете қалды мылтықтың ащы даусы. Найзабек те орнынан атып тұрып, есеңгірегендей жан-жағына аландап, жалпақ қайыс белбеуінің мықынында, бұлғары қабына салып жүретін наганын суырып алды... Айдың жарығы ма, таң ба, дала ала сәулеленіп қалған екен. Көл жағасынан әлдекім ербеңдей келеді екен.

— Тоқта, атам!— деді Найзабек оған мылтық ұсынып.

— Мен, Жолдыбай!— деді ол.

— Мылтық атқан кім?

— Білмеймін.

— Аттар қайда?..

— Кісенде, отта еді...— деді Жолдыбай күмілжіп.

— Қайда, «отта» болса?..

Әлдекім қарағай арасынан қаранда көріне бергенде:

— Тоқта, атам!— деді Найзабек тағы да.

— Мен!— деген даусы естілді Нұрбектің.— Құдай ұрды, Нәке!

— Не болды?!

— Аттардан айырылдық!..

— Қалай?!..

— Осы маңайға келе жатқан пішенші орыстардың арбасына мініп, жақын жерден түсіп, ағаш арасымен жаяу келе жатсам, төрт атты жетектеген екі адам көл жағасынан қарағайға кіре берді. «Біздің аттар болар ма!» деп тоқтатпақ боп мылтық атып ем, атқа екеуі ырғып мініп, қалған екеуін жетектеп қалыңға сіңді де кетті... Жүгіріп ем, жете алмай қалдым...

— Сен қайда едің,— деген сұрауға:

— Түні бойы мізбақпай-ақ күзетіп ем,— деді Жолдыбай,— таң қараңғысына дейін отырып ем... Содан кейін қара басып қалғып кетіппін... Мылтық даусынан ояндым...

Балқашқа қарасақ бырылдап ұйықтап жатыр. Әйелі ояу болу керек, бірақ қорқып жатқан болу керек, Балқашпен бірге жамылған шекпеннің астында қозғалады.

Балқашты да ояттық. Таң да ағара бастады. Жанжаққа жүгіріп қарасақ, қарағайға кірген аттардың да, жетектеген адамдардың да іздері шыққа шұбалып жатыр.

— Қап!— деп өкінді екі милиция,— аттың жоғы-ай, әйтпесе мынау ізбен заматта табар едік-ау, ұрыларды!

— Апырай, қандай иттер екен ұрлаған?— деген Балқашқа:

— Білмей тұрмысың, қандай екенін?— деді Найзабек,— Сасықтың із-өкшемізден қалмай келе жатқан ұрылары. «Қарға тамырлы қазақ » дегендей, бұл маңайда да көп оның ілік-шатыстары. Соларына ұрлаттырып отыр.

— Ішімізде қарулы милиция барын біле тұрып, қорықпай қалай келді екен?!— деген Жолдыбайға:

— Құтырған қасқыр емес пе олар қазір?— деді Найзабек.— Неден қорқушы еді ондай қасқырлар?

8. ҚЫРСЫҚҚАН ЖОЛ

«Қырсыққанда қымыран іриді» дегендей, маңайдағы жолдардың бәрін тосқанмен, ол күні ешбір жақтан жан адам кездеспеді. Алыстағы Семиозерноеге Нұрбек жаяу кетпек еді, күн кешкіріп қалды. Ақыры, амалсыз қондық. Нұрбек ертеңіне ертемен кетті. Найзабек пен Жолдыбай жол тосуға шықты. Балқашқа да «жүр» десіп еді, «түнде денемді салқын ұстап, белім шойырылып қапты» деп барған жоқ. Өткен түні ренішпен ашқарын жатқан тамақсау байғұс, өзге еркектер кетіп қалғаннан кейін:

— Енді аштан өлетін болдық,— деп уайымдады.

— Неге, аға?— дедім мен,—орыстың наны да бар, кеуіп кеткенімен бауырсақ та бар, құрт-ірімшік те бар...

— Қатықсыз қара көже» дегендей, жылтырары жоқ, не ас болады ол?!

— Қозы қарын май бар, аға, соны жеңіз!..

Тегі, тамақсау кісінің ас дегенде ұяты болмайды ғой деймін, Нұрбек ертеңіне келгенше, Найзабек пен Жолдыбайдың жоқ уақытын аңдып, Балқаш қозы-қарынды еңсеріп жеп қойды:

Нұрбек қаладан төрт-бес ат жетектеп әкелді.

— Қаладағы милицияның аттары,— деп келді ол.— Осы аттарға жегеміз де, арбаларымызды Семиозерноеге апарып тастаймыз.

— Содан кейін Нәкең екеуміз қасымызға Бәтесті аламыз да, Қостанайға ылаулап кетеміз. Жолдыбай қала тұрады. Торғайдан Қостанайға кіре тартып бара жатқан түйешілер кездесті, Семиозерноеде тоқтатып қойдым. Балқаш пен Жаңылды соларға ілестіреміз.

— Немене, біз итпіз бе, кірешілерге ілесетін?— деді Балқаш жәбірленіп.— Бәріміз бірге неге кетпейміз ылаумен?

— Кім береді бәрімізге ылауды? Найзабек ағай мен менің ылау қағаздарымыз бар. Сізде жоқ қой ондай қағаз?

— Ылауды өздеріңе тапқанда маған таппасаңдар мейілдерің!— деді Балқаш бұртиып.

— Буынсыз жерге пышақ салу ғой оныңыз!.. Белден омыру ғой!..

Тікіленіп келе жатқан Балқашты Найзабек тоқтатты да:

— Аттарды жегіңдер, әуелі қалаға жетейік, қалғанын содан кейін көрейік,— деді.

Кірешілер бізді қалада тосып отыр екен. Сексеннен астам түйенің біреуін олар бізге деп жүктен босатып қойыпты. «Ал, енді қайтеміз?» деген сұрау туғанда, Нұрбек:

— Қайтуші ем? Милиция штабы берем деген пар атпен Нәкең, мен, Бәтес — үшеуміз тарта береміз де, Балқаш пен Жаңыл мына түйеге мінеді,— деді.

— Барсын, жолдары болсын!— деді Жаңыл өкпелеген дауыспен.

«Найзабек не дер екен?» дегендей, сүзіле қараған Балқаш төмсарып үндемей қалды.

— Осы маңайға келе жатқан пішенші орыстардың арбасына мініп, жақын жерден түсіп, ағаш арасымен жаяу келе жатсам, төрт атты жетектеген екі адам көл жағасынан қарағайға кіре берді. «Біздің аттар болар ма!» деп тоқтатпақ боп мылтық атып ем, атқа екеуі ырғып мініп, қалған екеуін жетектеп қалыңға сіңді де кетті... Жүгіріп ем, жете алмай қалдым...

— Сен қайда едің,— деген сұрауға:

— Түні бойы мізбақпай-ақ күзетіп ем,— деді Жолдыбай,— таң қараңғысына дейін отырып ем... Содан кейін қара басып қалғып кетіппін... Мылтық даусынан ояндым...

Балқашқа қарасақ бырылдап ұйықтап жатыр. Әйелі ояу болу керек, бірақ қорқып жатқан болу керек, Балқашпен бірге жамылған шекпеннің астында қозғалады.

Балқашты да ояттық. Таң да ағара бастады. Жанжаққа жүгіріп қарасақ, қарағайға кірген аттардың да, жетектеген адамдардың да іздері шыққа шұбалып жатыр.

— Қап!— деп өкінді екі милиция,— аттың жоғы-ай, әйтпесе мынау ізбен заматта табар едік-ау, ұрыларды!

— Апырай, қандай иттер екен ұрлаған?— деген Балқашқа:

— Білмей тұрмысың, қандай екенін?— деді Найзабек,— Сасықтың із-өкшемізден қалмай келе жатқан ұрылары. «Қарға тамырлы қазақ » дегендей, бұл маңайда да көп оның ілік-шатыстары. Соларына ұрлаттырып отыр.

— Ішімізде қарулы милиция барын біле тұрып, қорықпай қалай келді екен?!— деген Жолдыбайға:

— Құтырған қасқыр емес пе олар қазір?— деді Найзабек.— Неден қорқушы еді ондай қасқырлар?

8. ҚЫРСЫҚҚАН ЖОЛ

«Қырсыққанда қымыран іриді» дегендей, маңайдағы жолдардың бәрін тосқанмен, ол күні ешбір жақтан жан адам кездеспеді. Алыстағы Семиозерноеге Нұрбек жаяу кетпек еді, күн кешкіріп қалды. Ақыры, амалсыз қондық. Нұрбек ертеңіне ертемен кетті. Найзабек пен Жолдыбай жол тосуға шықты. Балқашқа да «жүр» десіп еді, «түнде денемді салқын ұстап, белім шойырылып қапты» деп барған жоқ. Өткен түні ренішпен ашқарын жатқан тамақсау байғұс, өзге еркектер кетіп қалғаннан кейін:

— Енді аштан өлетін болдық,— деп уайымдады.

— Неге, аға?— дедім мен,—орыстың наны да бар, кеуіп кеткенімен бауырсақ та бар, құрт-ірімшік те бар...

— Қатықсыз қара көже» дегендей, жылтырары жоқ, не ас болады ол?!

— Қозы қарын май бар, аға, соны жеңіз!..

Тегі, тамақсау кісінің ас дегенде ұяты болмайды ғой деймін, Нұрбек ертеңіне келгенше, Найзабек пен Жолдыбайдың жоқ уақытын аңдып, Балқаш қозы-қарынды еңсеріп жеп қойды:

Нұрбек қаладан төрт-бес ат жетектеп әкелді.

— Қаладағы милицияның аттары,— деп келді ол.— Осы аттарға жегеміз де, арбаларымызды Семиозерноеге апарып тастаймыз.

— Содан кейін Нәкең екеуміз қасымызға Бәтесті аламыз да, Қостанайға ылаулап кетеміз. Жолдыбай қала тұрады. Торғайдан Қостанайға кіре тартып бара жатқан түйешілер кездесті, Семиозерноеде тоқтатып қойдым. Балқаш пен Жаңылды соларға ілестіреміз.

— Немене, біз итпіз бе, кірешілерге ілесетін?— деді Балқаш жәбірленіп.— Бәріміз бірге неге кетпейміз ылаумен?

— Кім береді бәрімізге ылауды? Найзабек ағай мен менің ылау қағаздарымыз бар. Сізде жоқ қой ондай қағаз?

— Ылауды өздеріңе тапқанда маған таппасаңдар мейілдерің!— деді Балқаш бұртиып.

— Буынсыз жерге пышақ салу ғой оныңыз!.. Белден омыру ғой!..

Тікіленіп келе жатқан Балқашты Найзабек тоқтатты да:

— Аттарды жегіңдер, әуелі қалаға жетейік, қалғанын содан кейін көрейік,— деді.

Кірешілер бізді қалада тосып отыр екен. Сексеннен астам түйенің біреуін олар бізге деп жүктен босатып қойыпты. «Ал, енді қайтеміз?» деген сұрау туғанда, Нұрбек:

— Қайтуші ем? Милиция штабы берем деген пар атпен Нәкең, мен, Бәтес — үшеуміз тарта береміз де, Балқаш пен Жаңыл мына түйеге мінеді,— деді.

— Барсын, жолдары болсын!— деді Жаңыл өкпелеген дауыспен.

«Найзабек не дер екен?» дегендей, сүзіле қараған Балқаш төмсарып үндемей қалды.

— Өйтуге болмайды!— деді Найзабек Нұрбекке.

— Неге?

— Үйден бірге шықпағай ек. Шыққаннан кейін жолдасымызды жолда тастап кету ұят болады, әсіресе Бәтеске ұят, өйткені оның түп жолдасы біз емес, Балқаш қой...

— Сонда?

— Бәріміз де кірешілермен бірге кетеміз!

— Ат табылып тұрғанда түйемен ілбіп жүрмекпіз бе?!— деді Нұрбек кейіп.

— Реті келсе жаяу да жүрерсің!

— Не реті бар оның? Несі кетеді Балқаштың Қостанайға бізден бірер күн кейін жеткеннен?

— Мәселе күннің санында емес, тәртіпте.

Ішпесе не деген ақылды, тәртіпті адам Найзабек ағай!.. Әй, ішкілік-ай, сондай адамды да жындандырады екенсің-ау, сен!

Кірешілерге ілескен біз Семиозерноеден жүз жиырма шақырым деген Қостанайға арада үш қонып жеттік. Жақсы пар атпен ол бір-ақ күндік жер екен. Қостанайды естуім болмаса, бұған дейін көрген жоқ ем. Қаланың шығыс жағын ала Тобыл өзені ағады екен, қала соның батыс жақ биік жар қабағының үстінде екен. Өзен арқылы тал мен балшықты араластыра салған жіңішке көпір бар екен. Әдетте солай ма, әлде астық, шөп, отын сияқты жүктер көп тасылатын уақыт болғандықтан ба, көпірдің ар жағында да, бер жағында да жол босауын күтіп ошарылған халық илеуіндегі құмырсқадай қайнайды. Нұрбектің еркіне салса, мылтық асынуын пайдаланып кезексіз өтіп кету еді. Найзабек «оның керегі не?» деп ұлықсат етпеді. Кезек күтіп тұрған шағымызда, Қостанайда қалай орналасу жәйіміз сөз болды. Найзабек пен Нұрбектің түсіп жүретін пәтерлері болады екен. Балқаштың бір қалада туған қайнағасы бар екен. Мен туралы сөз болғанда:

— Әрине, Балқаштармен! — деді Найзабек. Жаңыл:

— Әркім мінген арбасымен жүйеленбей ме? — деп еді:

— Ондай ұят істі айтпаңыз,— деді Найзабек Жаңылға,— бір болыстың басшылары және қызыл отау басшылары Бәтесті маған емес, Балқаш екеуіңізге сеніп ертіп жіберді. Нұрбек пен мен Қостанайға дейін жөнелтіп салуға ғана келдік. Анау көрініп тұрған Қостанайдың көшесіне кіре, біздің міндетіміз бітеді... Одан әрі тиісті жеріне тапсырғанша, үкімет алдында да, аруятының алдында да жауапты адам — Балқаш.

«Тиісті жер» деп тұрғаны, Қызылордадағы «Совет партия мектебі». Әсияның шамалауынша, оған түсуге менің оқуым жарайды, мектептің «Совет құрылысы» деген бөліміне мен сияқты партияда жоқтар да алынады, кедергі боларлық жалғыз ғана нәрсе, менің байдың қызы екендігім.

— Оның да оқасы жоқ,— деген Әсия,— қазақ республикасының басқарушы партия ұйымын қазақша «Өлкелік партия комитеті», орысша —«Крайком» дейді. Оның әйелдер бөлімін Шамсия Күнтоқова деген адам басқарады. Ол әрі бірге оқыған мектептесім, әрі сырлас досым. Сол кісіге жайынды баяндап хат жазып берем. Сені Совет партия мектебіне сол кісі өз қолынан орналастырады. Жатақханаға барғың келмесе, соның үйінде тұрып оқуға да болады.

Не жазғанын кім білсін, Әсиянің «Шамсияға бер!» деп тапсырған үлкен конвертінің қалыңдығы кіші-гірім кітаптай. Мен оны баяғы жұмбақ альбомның қасына қосып, шешем киімдерімді сап әкеп берген, сұр кенеппен тысталған сәкпаяштың[1] түбіне салып тастағам.

Найзабектен ұялуы ма, әлде расы ма, әйелі бұртаңдаған кескін көрсеткенмен, Балқаш мені өзі түсетін үйіне ертіп апарды. «Ертең хабарласармыз» деп екі милиция бізден бөлініп кетті. Балқаштың қайнағасы да, оның әйелі де жайдары адамдар екен. Олар да менің хал-жайымды естіп қапты, Балқаш таныстырған соң-ақ, «ә, осы бала ма, сол?» деп біле кетті. «Жолың болсын, бетіңнен жарылғасын!» деген жақсы тілек айтты олар маған.

Кешкі шайды ішіп отырған шағымызда үйге: ортадан төмендеу бойлы, талдырмаш денелі, сопақ бетті, имектеу ұзын мұрынды, қалқан құлақты, орысша киінген жігіт кіріп келді.

— Ә, Мүсәпір!— деп ұшып түргелді Балқаш орнынан.

Құлағым бұл есімге елең ете қалды: Бүркіттің Мүсәпір атты бөлесі барын жұрттан да, өзінен де естігем, бірақ көрген жоқпын да, Қалиса маған Бүркіт пен Мүсәпірдің өткен жаз біздің ауылға кеп аттанғанынан кейін, далада төбелесіп қалғанын айтқан. Таластары

[1]. Орыстар оны «саквояж» дейді екен.

— Өйтуге болмайды!— деді Найзабек Нұрбекке.

— Неге?

— Үйден бірге шықпағай ек. Шыққаннан кейін жолдасымызды жолда тастап кету ұят болады, әсіресе Бәтеске ұят, өйткені оның түп жолдасы біз емес, Балқаш қой...

— Сонда?

— Бәріміз де кірешілермен бірге кетеміз!

— Ат табылып тұрғанда түйемен ілбіп жүрмекпіз бе?!— деді Нұрбек кейіп.

— Реті келсе жаяу да жүрерсің!

— Не реті бар оның? Несі кетеді Балқаштың Қостанайға бізден бірер күн кейін жеткеннен?

— Мәселе күннің санында емес, тәртіпте.

Ішпесе не деген ақылды, тәртіпті адам Найзабек ағай!.. Әй, ішкілік-ай, сондай адамды да жындандырады екенсің-ау, сен!

Кірешілерге ілескен біз Семиозерноеден жүз жиырма шақырым деген Қостанайға арада үш қонып жеттік. Жақсы пар атпен ол бір-ақ күндік жер екен. Қостанайды естуім болмаса, бұған дейін көрген жоқ ем. Қаланың шығыс жағын ала Тобыл өзені ағады екен, қала соның батыс жақ биік жар қабағының үстінде екен. Өзен арқылы тал мен балшықты араластыра салған жіңішке көпір бар екен. Әдетте солай ма, әлде астық, шөп, отын сияқты жүктер көп тасылатын уақыт болғандықтан ба, көпірдің ар жағында да, бер жағында да жол босауын күтіп ошарылған халық илеуіндегі құмырсқадай қайнайды. Нұрбектің еркіне салса, мылтық асынуын пайдаланып кезексіз өтіп кету еді. Найзабек «оның керегі не?» деп ұлықсат етпеді. Кезек күтіп тұрған шағымызда, Қостанайда қалай орналасу жәйіміз сөз болды. Найзабек пен Нұрбектің түсіп жүретін пәтерлері болады екен. Балқаштың бір қалада туған қайнағасы бар екен. Мен туралы сөз болғанда:

— Әрине, Балқаштармен! — деді Найзабек. Жаңыл:

— Әркім мінген арбасымен жүйеленбей ме? — деп еді:

— Ондай ұят істі айтпаңыз,— деді Найзабек Жаңылға,— бір болыстың басшылары және қызыл отау басшылары Бәтесті маған емес, Балқаш екеуіңізге сеніп ертіп жіберді. Нұрбек пен мен Қостанайға дейін жөнелтіп салуға ғана келдік. Анау көрініп тұрған Қостанайдың көшесіне кіре, біздің міндетіміз бітеді... Одан әрі тиісті жеріне тапсырғанша, үкімет алдында да, аруятының алдында да жауапты адам — Балқаш.

«Тиісті жер» деп тұрғаны, Қызылордадағы «Совет партия мектебі». Әсияның шамалауынша, оған түсуге менің оқуым жарайды, мектептің «Совет құрылысы» деген бөліміне мен сияқты партияда жоқтар да алынады, кедергі боларлық жалғыз ғана нәрсе, менің байдың қызы екендігім.

— Оның да оқасы жоқ,— деген Әсия,— қазақ республикасының басқарушы партия ұйымын қазақша «Өлкелік партия комитеті», орысша —«Крайком» дейді. Оның әйелдер бөлімін Шамсия Күнтоқова деген адам басқарады. Ол әрі бірге оқыған мектептесім, әрі сырлас досым. Сол кісіге жайынды баяндап хат жазып берем. Сені Совет партия мектебіне сол кісі өз қолынан орналастырады. Жатақханаға барғың келмесе, соның үйінде тұрып оқуға да болады.

Не жазғанын кім білсін, Әсиянің «Шамсияға бер!» деп тапсырған үлкен конвертінің қалыңдығы кіші-гірім кітаптай. Мен оны баяғы жұмбақ альбомның қасына қосып, шешем киімдерімді сап әкеп берген, сұр кенеппен тысталған сәкпаяштың[1] түбіне салып тастағам.

Найзабектен ұялуы ма, әлде расы ма, әйелі бұртаңдаған кескін көрсеткенмен, Балқаш мені өзі түсетін үйіне ертіп апарды. «Ертең хабарласармыз» деп екі милиция бізден бөлініп кетті. Балқаштың қайнағасы да, оның әйелі де жайдары адамдар екен. Олар да менің хал-жайымды естіп қапты, Балқаш таныстырған соң-ақ, «ә, осы бала ма, сол?» деп біле кетті. «Жолың болсын, бетіңнен жарылғасын!» деген жақсы тілек айтты олар маған.

Кешкі шайды ішіп отырған шағымызда үйге: ортадан төмендеу бойлы, талдырмаш денелі, сопақ бетті, имектеу ұзын мұрынды, қалқан құлақты, орысша киінген жігіт кіріп келді.

— Ә, Мүсәпір!— деп ұшып тұргелді Балқаш орнынан.

Құлағым бұл есімге елең ете қалды: Бүркіттің Мүсәпір атты бөлесі барын жұрттан да, өзінен де естігем, бірақ көрген жоқпын да, Қалиса маған Бүркіт пен Мүсәпірдің өткен жаз біздің ауылға кеп аттанғанынан кейін, далада төбелесіп қалғанын айтқан. Таластары

[1]. Орыстар оны «саквояж» дейді екен.

мен туралы болғанын естігеннен кейін, ішімнен «о несі?!» дегем де қойғам.

Сол Мүсәпір осы боп шықты. Маған ол жылушырай, шүйіркелесе келді. Балқаш мені «Бәтес!» деп еді:

— Таныстырмай-ақ қой,— деді Мүсәпір,— көрмесем де таныспын. Қәне, бөле, әкел қолыңды!

Мен ішімнен: «Бөлесі несі?! Бүркітке әлі қосылған адам емеспін ғой!» деп ойладым.

Үй иелерінің өтінішімен шайға отырған Мүсәпір сөзден ауыз жапқан жоқ. Әңгімесінің әлпетіне қарағанда, Қызылордадан ел ішіне газеттің тілшісі боп келген ол, елдегі талай зорлық-зомбылықтың бетін ашып, талай қиянатшыларды әшкерелеген. Сонысына қарағанда, әділеттің досы, қиянаттың қасы сияқты.

Балқаш пен ол көптен таныс, көптен әмпей адам сияқты. Өзінің қолында сүгірет түсіретін аппараты бар екен, онымен елден де көп сүгіреттер түсірген, стол басында шай ішіп отырған бізді де түсірді. Бұрын түсіргендері айқын да, жақсы да екен.

Біз поезбен ертеңіне жүретін болдық. Аттанар алдында Найзабек пен Нұрбек тарантасты пар ат алып кеп, бізді бағзалға алып барды. Балқаш «билет алам» деп бізден бұрын кеткен. Мүсәпір де бізбен бірге осы поезбен жүрмек болған екен. Балқаш пен ол билеттерін алып, бағзалда бізді күтіп тұр екен.

— Бірақ,— деді Балқаш Найзабекке,— үш ыңғайсыздығы болып тұр.

— Қандай?

— Бірінші — мына Мүсәпір бәріміз бір вагонге отырамыз деп ек, оның сәті түспей, яғни билет болмай, билетті екі-екіден екі вагонға алуға тура келді; екіншісі — бір вагонда купесі бар орын, екінші вагонда жалпы орын; үшінші — купеге кім-кім отырары қиын боп тұр...

— Не қиыны бар?— деді Нұрбек.— Қатының мен өзің купеге отырып, Бәтесті жалпыға жіберуің ұят. Оған Жаңыл мен Бәтес отыру керек те, Мүсәпірмен екеуің жалпыға орналасуларың керек.

— «Купе» деген не?— дедім мен түсінбей. Жаңыл да түсінбеді ғой деймін, екеуміз де Балқашқа қарай қалдық.

— Вагонның ішіндегі төрт я екі кісілік есігі жабық орын. Бізге екі орындығы кездесті.

— Ә, жақсы болды ғой, онда!— деп қуанып қалды Жаңыл.

— «Жалпы» дегені не?— дедім, Балқаштың екінші сөзі құлағымда қалып.

— Бөлшектерінің есігі жоқ вагон,— деді Нұрбек.

— Қайсыңызбен болса да, мен сонда мінем,— дедім Балқашқа.

— Қайсысына дейсің?— деді Балқаш.

— Ашығына.

— Жабығына неге мінбейсің?

— Кіммен?

— Мәселен, анау бөлең — Мүсәпірмен.

Бұл сөзі ерсі көрінгендей, Нұрбек мырс етіп күліп жіберді.

— Неге күлесің?— деді Балқаш оған.

— Е, күлмей,— деді Нұрбек,— қыз бен жігітті оңаша қамағанды қай атаңнан көріп ең?

— Қазақшылық қой айтып тұрғаның!— деді Балқаш кейіп,— Европада оның түк те ұяттығы жоқ.

— Немене, Европаның қызы — бітеу, жігіті — әтек пе екен?

— Қойыңыздар жанжалды!— дедім мен, ерік менде болса, мен жалпыға отырам.

— Ерлі-байлы кісіні айырамыз ба?— деді Мүсәпір,— мен де жалпыға отырам...

«Қолымнан орналастырам» деп, жүгімді арқалаған Нұрбек мені вагонге алып кірді. «Жалпы» дегенінің іші құмырсқадай құжынаған адам екен. Барлық халықтың барлық жастағы адамын осынан табарлық десе де болатын. Билетте көрсетулі орын болмағандықтан, бос орынға таласып ұрсысқан, кейі төбелескен адам ың-жың. Вагонның іші ысып, ауасы ауырлап кеткен. Бізге мұнда орын жоқ сияқты. Нұрбек төбеден екі орынды зорға тапты. Мүсәпір ортадағы орынға таласпақ болып еді, қоңқақ мұрынды, қара кескінді, зор денелі біреу оны жағасынан ап лақтырып жібергенде, мұрнын қанатып алды. Терлеп-тепшіген бізді орналастырғаннан кейін, Нұрбек:

— Нәкеңе амандаспаймысың?— деді маған.

— «Нәкеңі» кім?— деді Мүсәпір.

— Найзабек Самарқановты айтам, біздің начальникімізді.

— Оған несіне амандасады осындай абыр-сабыр боп жатқанда?

— Со да сөз бе екен?— деді Нұрбек ұнатпай,— ит арқасы қиянған, яғни түу-түу алыстағы Торғайдан

бастап әкелген серігі емес пе? Ол кісі «көппен бірге сығылыспайын» деп сыртта қалды.

— Барам!— дедім мен,— амандасам.

— Кәне, жүр, онда!— деп, сығылысқан жұрттың арасынан сынадай қысылып әрең жол ашқан Нұрбектің артынан мен де ердім.

Біз әрең деп есікке жақындасақ, иін тіресе қаптаған жұрт вагон есігінен әлі де қаптап кіріп жатыр екен.

— Берірек тұра тұрайық,— деді Нұрбек, мені есік алдындағы қуысқа қарай иығымнан тартып,— жұрт өтіп болсын. Жолдарын бөгемейік.

Қуысқа оңашаланыңқырағаннан соң:

— Бәтес, үш сөзім бар саған айтатын,— деді Нұрбек.

— Ие?

— Бірінші сөзім: мен өзім қалжыңқойлау адаммын, сол дағдыммен аузымнан артық сөз шыға қалса кешірім ет!

— Ондай сөзіңді естіген жоқпын.

— Екінші — менің тілімді алсаң, Қызылордаға тоқырамай, тура Бүркіт оқитын Тәшкенге тарт. Онда да оқу орны көп, Бүркіт біреуіне түсірер. Және, соңынан іздеп барсаң, ол саған бар өкпесін кешеді де, бұрынғыдан да тату-тәтті боп кетеді.

— Оны көрерміз.

— Көрме, істе соны!.. Үшінші — анау жылмаңдаған кемпіріңнен сақ болғайсың.

— Кімді айтасың?

— Мүсәпірді. Ол саған «Бүркітке бөлемін» деп, тағы бірдемелерді айтып жылмаңдап жүр ғой. Жобасына қарағанда жұлынқұрт сияқты адам болар, омыртқаңның ішіне қалай кіріп, жан тамырыңды қалай жеп қойғанын білдіртпейтін. Бір жерде тақыр мұзға отырғызып кетіп жүрмесін...

Сол кезде есік алдының адамдары сиреп, сыртта Найзабек көріне қалды. Қағылған қоңырау даусы естілді.

— Поезд жүреді екен, Найзабек ағайға тез амандас жерге түсіп!— деді Нұрбек.

— Айтпақшы,— деді вагон есігінің етегіндегі басқышқа қарай беттей берген Нұрбек құлағыма сыбырлап,— амандық болса, алдағы күзде қызметімді Қызылордаға ауыстырам ба деген талабым бар, уәде қылған кісі бар, бірақ бұл, Найзабекке әлі айтпаған сырым.

— Сағындырмай тезірек кел!— дедім мен.

— Ақырын!— деді Нұрбек,— Нөкең естіп қалар.

— Ал, аға!— дедім жерге түсіп, Найзабектің қасына барғаннан кейін, көзіме жас алып,— жас та болсам адам қадірін білем бе деп ойлаймын. Маған көрсеткен адамгершілік ісіңізге өмір бойы борыштымын!..

Әйелі құрғырдың ондайда босаңси қалатын дағдысы бар емес пе? Мен де сол салтқа басып, Найзабектің кеудесіне басымды сүйеп еңіреп жіберіппін!..

— Жылама, шырағым!— деді Найзабек мені арқаға қағып,— мемлекеттік міндетімді өтеуім бұл!

— Жоқ, аға,— дедім мен жасқа булығып,— ол ғана емес! Адамдық міндетіңізді де өтеуіңіз! Қандай жақсы адам едіңіз, сіз!..

Құлағыма үш рет қағылған қоңырау даусы естілді.

— Поезд жүреді!— деді Найзабек.— Ал, мін!

Найзабекпен қоштасып вагонның басқышына көтерілдім де, жақсы адамнан айырылғым келмегендей, әлдекімдердің «жол бер!» деуіне қарамай, есік алдында тұрып алдым.

— Абай атаңның бір сөзін есіңе салайын, шырағым,— деді, мені де қимағандай боп, есік алдында тұрған Найзабек:

Өмір жолы тар соқпақ, бір иген жақ,
Иілтіп екі басын ұстаған хақ,
Қисық жолда тегістік, тиянақ жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ!..

Поезд жылжып жүре берді.

— Әсіресе, соңғы екі жолын ұмытпа!— деді жылдамдата жүруге айналған поезға аяңдай ерген Найзабек, қолын бұлғап.

— Тырысайын, құрметті аға!..

— Менің достық сөздерімді де ұмытпа!— деді Нұрбек.

— Ойланайын, құрметті Нұрбек!..

Маған олардан айырылу, шешемнен айырылудан кем болған жоқ. Бұл жолы да жасқа булыққан қалпыммен жоғарыдағы орныма сенделіп шықтым да, онда ағаш басындағы ұясында қылқиып отыратын құзғындай боп мойыны сорая қалған Мүсәпірдің «не болды?» дегеніне жауап бермей, өксіген қалпыммен етбетімнен жата кеттім. Бір кезде бойымды шамаласам, басым айналып, жүрегім өрекпіп барады... Төменге түсуге әлім әрең жетті... Сол арада ал кеп құс!.. Ішімде барымды түгел

тауысып болғандай құрғақ лоқсып талықсуға айналған мені Мүсәпірі бар, басқалары бар, төсегіме әрең шығарып жатқызды. Содан кейін талықсығанымды, иә ұйықтағанымды білмеймін, тас боп қатыппын да қалыппын...

Сол қатқаннан, мен ұзақ қаттым. «Қаттым» дегенде, ұйықтай берген жоқпын мен. Әрине, ара-тұра ұйықтап та кетемін. Бірақ көбінесе бақырайып ояу жатам да қоям. Обалы не керек, Мүсәпір байғұс Қостанайдан шыға салысымен бәйек боп, әлденені кеңеспек болады, қызық бірдемелерді айтып күлдірмек болады, поезд тоқтаған жерде, «кәне, бой жазып далаға шығып келейік!» дейді, әлденелерді сатып әкеп, «мынаны жеші!» дейді; ал, мен шала-жансар адамдай тырп етпестен орнымда жатам да қоям, ораза ұстағандай аузыма нәр салмаймын, ең аяғы сусын да жұтпаймын, «ұлы сөзде ұяттық жоқ» дегендей, дәретке де бармаймын, «жоқтан» басқа сөз білмейтіндей, Мүсәпір не айтса да «жоқ» деймін.

Өзге сөзін өткізе алмаған ол, маған Бүркіт жағымнан кеп:

— Ақылды да, намысты да, өжет те жігіт!— деп мақтайды.

— Бар айыбы тентектігі мен бет алған жағынан бұрылмайтын тоқмойындығы,— деп кемшілік жағын да есіме салып қояды. Бір сәтте ол, Бүркітпен былтыр жанжалдасқанын айта кеп:

— Әдейі сынамақ боп қытығына тиіп ем, ертоқымын бауырына ала, жатып тұрып туламасы бар ма?!.. Өзім сасып қалдым!.. Көзіне қарасам қан толып қызара ғапты!.. Құтырған бурадай тарпа бассалатын қалпын көрген соң қаша жөнелдім!.. Қорқып емес, әрине!.. Бассалғанда не істейді бір еркекке бір еркек?.. Бұрын жүз жыртыспаған адаммен жанжалдасқым келмеді, көңлімізқалысар деп қорықтым... Артынан Қызылордада жолығып, «соның не?!» дегенде, жерге кірердей боп ұялды. Екеуміз қайтадан бұрынғыдай ауыз жаласып кеттік,— дейді.

— Сені жанындай жақсы көретіні рас!— дей кеп:— бірақ, әнеугі кетіп қалуы Бүркіттігіне ылайық қылық емес!— дегенді де ескертіп қойып:— Сенің де оны жақсы көретініңді білем,— дейді Мүсәпір,— бірақ адамның ең жақсы қасиеті, өзінің қадірін сақтай білуде. Бұрынғылар: «Малымды алсаң ал, қадірімді алма!» деген тілекті босқа айтпаған. Қадірі кеткен соң кісі ме — кісі?.. Сен де қадіріңді сақта. Өзгені қоя тұрғанда, Бүр-

кіттің алдында да қадіріңді төкпеуге тырыс. Ол үшін қашан өзі хат жазғанша жазба. Өзі іздеп келмей тырп етпе. Шын ғашық болса сөйтеді ол. Егер істемесе — айтып жүргендерінің бәрі «ал» тілі ғана болады.

— Бірақ өйтпес, мен білетін Бүркіт болса!— деп дәмелендіріп қояды Мүсәпір тағы да мені,— қыңырлығына бағып осылай біраз жатар да, көп болса қыс ортасына дейін шыдап, одан кейін каникул уақытында жетіп келер. Солай зарықтырып табыссаң тәтті боласың!..

Оқу мәселесіне келгенде:

— «Совет-партия мектебі» деген не?— дейді Мүсәпір маған,— онда саясаттан басқа түк те оқытпайды. Оқуын бітіргеннен кейін партиялық, не советтік қызметкерлердің бірі боп елге кетесің. Әйелге лайық қызмет емес ол. Одан да сен Қызылордадағы педагогика институтының даярлық бөліміне түс. Оған бірдеме ғып алдырамыз. Соны бітіріп мұғалім болсаң, қалаған қаладан қызмет табасың. Одан кейін ешбір күйеуге жалынышты болмайсың: сүйсе тұрды, сүймесе — мейлі!..

Мүсәпірдің соңғы сөздері көкейіме қонымқырайды.

Балқаш қызық адам екен. Поезға біз кешке қарай мінгеміз. Содан келер кешке дейін ол көрінген жоқ. Жаңылы болса болмаса да. Бірде поезд жүріп келе жатқанда, «вагон арасымен бардым» деп, бірде поезд тоқтағанда «барып келдім» деп Мүсәпірдің Балқаш туралы айтқаны: «Бұ заманның Зылиқасы мен Жүсібі осылар екен!.. Қосылғалы бірнеше ай болғанмен, құмарлары қанбаған екен: қашан барсам да сүйісіп-жаласып жатқандары!.. Қәртайғанда үйленгендіктен бе, әлде қатынжанды біреу -ме, ат құйрығына байлап сүйресең айырылар түрі жоқ, желімдегендей жапсырылып қапты!..»

Сол Балқаш екінші күні, поезд жүріп келе жатқанда келіп еді, Мүсәпірге ұстаған сақаулығым одан жаман ұстап, даусын естіген соң-ақ бақырайып жатқан көзімді тарс жұма қойдым да, не десе де естімеген боп, қозғаса оянбаған боп сұп-сұлық жаттым да алдым.

— Жап-жаңа ояу жатыр еді, бұнысы несі?!— деп таңданды Мүсәпір мені Балқашқа қосыла оятып. Мен қозғалмай, көзімді ашпай қойған соң:

— Япырай, ғажап екен бұнысы!— деді Балқаш. Қарын ұйқысын ұйықтағандай болып жатыр екен! Летаргиялық ұйқы болады деуші еді ғой ғылымда. Сол емес пе екен өзі?!..

— Қайдам,— деді Мүсәпір,— айттым ғой, екі рет

барғанда да «тұяқ серппестен жатыр» деп. Сол жатқаны әлі жатқан!.. Бітеу адам ба, немене, не дәретке шықпайды, не ас ішпейді, шөлдемейтін адам екен, сусын да татпайды!..

— Ол сенің жасықтығың!.. Бір қызды ырқыңа көндіре алмай...— деп келе жатқан Балқашқа, «тсс!» деп қалды Мүсәпір. Балқаш үнін өшіре қойды. Көзімді ақырын сығырайтып қарасам, «жап аузыңды!» дегендей Мүсәпір оған бармағын шошайтып тұр екен.

— Өтірік ұйықтап жатса қайтесің?— деген сыбыры естілді Мүсәпірдің.

«О не деген сөзі?!— деген ой кеп қалды маған,— менен жасыратын сөздері бар ма, әлі?»

«Тағы не дер екен!» деген оймен, өлік қалпымды өзгертпеп ем, мен туралы басқа іштеңе айтпай, өзара әзілдесіп кетті.

— Япырай, сен қатынжанды екенсің!— деді Мүсәпір Балқашқа.

— Неге олай дейсің?— деді Балқаш.

— Демегенде ше? Жіліктің майын соруға қажиды кісі. Сен қатыныңды аузынан сора беруге қажымайды екенсің!..

— Ойбай-ау, енді,— деді Балқаш күліп,— әйелім емес пе ол менің?.. Жаңада ғана үйленген жоқпын ба және?.. «Медовый месяц»[1] демей ме орыстар бұны?.. Қылауы түсетін уақыты болды ма?..

— Тіпті, сонда да өребетейсіздеу бұның.

— Неге?

— Қазақтық салтымызды сақтау керек емес пе?

— Қазақ қайтуші еді?— деді Балқаш күліп.

— Қашаннан шоқынған едің?— деді Мүсәпір ол сөзін ұнатпай,— қызды болмаса, қатынын көптің көзінше түгіл, төсегінде сүйген қазақты қайда көріп ең?

— Рас. Бірақ қазір оны «патриархалдық-феодалдық заман» деп жүрген жоқпыз ба?

— Бола берсін!.. Ең ірі марксистердің өздері айтпай ма, «пролетариат мәдениеті, бұрынғы мәдениеттердің заңды жалғасы» деп, «бұрынғылардың тәуір жақтарын аламыз» деп?

— Сонда некелі қатыныңды сүймеу, сеніңше, жақсы салт па?..

— Ең оңды салт!

---

[1]. «Бал айы» деген сөзі екен. Б.

— Неге?

— «Қатынға қадірім жоқ, етімді көреді, ағайынға қадірім жоқ, бетімді көреді» дегенді бұрынғылар босқа айтпаған. Адамның бағасы қадірі барда ғана. Қадірің кеткен соң бағаң да кетеді. Ендеше, шаманң келгенше қадіріңді кетірмеу керек.

— Ол үшін не істеу керек?

— Қатынды жалап-жұқтамау да керек, яғни жарбаң-жұрбаң сүйе беруді қою керек.

— «Мақұл-ақ екен» дейік. Сонда ескі қазақтар қатынының басынан таяқ айырмайтын, бізге де соны істеу керек пе?

— Ретті жерде оны да істеу керек, әйтпесе басынып кетеді.

— О-о-ой, фе-о-да-лым!— деді Балқаш күліп,— өзің қатын алсаң, істеймісің осы айтып отырғандарыңды?

— О-без-за-тельно![1]

— Неге алмай жүрсің сол қатынды?

— Орыстан алғым келмейді...

— Уай, коммунисім, не деп отырсың?— деді Балқаш күліп,— ұлтшылдық қой айтып отырғаның? Ондай сөзді коммунист сен түгіл партияда жоқ мен айтпаймын.

— Қатын алуда тұрған ұлтшылдық жоқ,— деді Мүсәпір салмақпен,— бұл — бір. Екінші — ұлтшылдыққа күлме сен!.. Неге күлесің өз аузыннан ұлтшылдық қанын ағып тұрып?

— Өй, сен алысқа кетіп бара жатырсың ғой,— деді Балқаш, бұл тақырыпта сөйлесуді доғарғысы келгендей,— қасында жүрген жолдасыңды да білмейді екенсің ғой!.. Осындай мәңкігіш пе едің сен?!

— «Таз қатын сау қатынды «таз неме» дейді» дегендей, не ақың бар, бұғып жүрген ұлтшылдықты түрткілеп? Онсыз да оның келе жатқан жоқ «ұлтшылдық дегенің күн сайын көзге шұқылып!..

— Рас!— деді Балқаш демін ауыр ап:—«Бұра сөйлеген күлуге жақсы, бұра қашқан түлкі қууға жақсы» дегендей, күлу үшін айтып жатырмын да. Әйтпесе «ұлтшылдық» деген пәледе не ақым бар?

— То-есть, как?!— деді Мүсәпір тікіленіп,—«ұлтшылдықтан таямыз» дегенің бе ол?

— Неге таямыз?— деді Балқаш шошып кеткендей,—

---

[1]. «Міндетті түрде» дегені екен

таймаймыз! Ақаң[1] мен Жақаң[2] айтқандай, бұл жолға басты беруге әзірміз!..

Ә, дұрыс!— деді Мүсәпір риза болғандай,— Әлекең[3] айтқандай, ендігі ұлтшылдықты жүргізетін олар емес, яғни, Әлекең, Ақаң, Жақаңдар емес, мына — бізбіз, яғни қазіргі терминологиямен айтқанда, неонационалистерміз, яғни ұлтшылдардың жаңа түріміз...

— Әй, осы біз тым ашық сөйлесіп кеткен жоқпыз ба,— деді Балқаш жан-жағына жалтақтап: «Үй менікі демеңіз, үй артында ұры бар» деп Шортамбай айтқандай, тыңдап отырған жоқ па, біреулер сөздерімізді?

— Оны мен сенен алдақашан бұрын ойлағам. Бұл вагонда қазақ түгіл, тілімізді түсінетін татар мен башқұрт сияқтылар да жоқ.

— Орыстан түсінетіндер болса қайтесің?

— Қайдам, ондайын!— деп Мүсәпір толқи бастады.

«Ендеше қойдық» дегендей, екеуі де аз уақыт тын бола қалды. Міне, қайда ұлтшылдар!.. Газетке көп жазатын сырларын тереңірек біле түсетін!..

— Мүсәпір!— деді Балқаш аздан кейін.— Әу.

— Сен ойынды-шынды маған біраз күліп алдың-ау, «қатынжандысың» деп?— Ойын ғой оным.

— «Ойынның түбі — шын, күлкінің түбі — жын» деген мақал бар.

— Қөңліңе ауыр алып қалған екенсің ғой, пардон!..

— Алған жоқпын. Білемісің менің әйелімді неге жақсы көретінімді?— Қайдам...

— Сен ғой, алты ағайындысың? Бәріңнің де жаныңа жамандық бермесін. «Жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей, бірің өлсең бірің қаласыңдар. Ал, мен, аяққа құйған астай жалғызбын, өлдім — біттім. Әйелді адам тілеумен, артыма ұрпақ қалдырам деп алады ғой?

«Сүйіп» емес пе?— деді Мүсәпір қылжақы дауыспен.

— Қоя тұршы, сол «сүюіңді!»— деді Балқаш, жаратпаған дауыспен — өзің айтқандай, қай қазақ сүйіп қатын алып еді? Малға сатылып келген жоқ па еді, қазақ атаулының қатыны? Әлі де сүйтіп жатқан жоқ па, жеңұшынан алатын ақшаға айналдырып?

— Өзің де сөйттің бе?

— Ырымы болады да,— деді Балқаш күліп.— Қоя

---

[1]. «Не деп отырсың» дегені екен.

[2], [3] — кейін білсем. «Ақаңы» — «Ахмет Байтұрсынов.— «Жақаңы» Бүркіттің нағашысы Жақыпбек, «Әлкеңі» — Әлихан Бөкейханов екен.

тұрайық қалжыңды. Тақырыбымызға көшейік. Мәселе, менің әйелім туралы еді ғой. Ұзақ жыл үйленбей жүрдім ғой мен. Олай кідірген себебім, өзің айтқандай, орыстан алғым келмеді. Татардан алайын десем, бұрын алғандарды байқасам, туыстары көп болады екен. Бір қызының артынан бір кора жан келеді екен. Оның бәрін қалай асырай алам мен?

— Менің де ойым сол,— деді Мүсәпір күліп.

— Қазақтан алуға, менімен тұстас қыз атаулының қалыңнан басы босы болған жоқ. Біреудің қалыңдығын тартып алуға бармадым, «ел бүлінер» деп ойладым. Сөйтіп жүріп жасаңқырап қаппын.

— Қаншаға келдің, «жасап»?— деді Мүсәпір,— кателеспесем, биыл отыз бірде ғана емессің бе?

— Рас. Паспортта бірер жасым кіші.

— Неге?

— Жәй, әншейін!— деді Балқаш күліп,— өзің дәлін жаздырып жүрмісің?

— Институтқа түсерде кәрі көрінбейін деп, менің аздап қымқырғаным бар.

— Сонда, сен, нешедесің қазір?

— Шын жасым ба?

— Әрине!

— Жи-ыр-ма же-ті-де!— деді Мүсәпір сөздерін бөле сыбырлап, «ешкім естіп қоймасын» дегендей жан-жағына жалтақтап.

— Ойбай-ау, сен де кәртайып қалған екенсің ғой,— деді Балқаш күліп.— Неге үйленбейсің енді?

— Әйел, яғни қатын ноқта емес пе, басыңды сұқсаң босатпайтын? Қайда жоғалар дейсің ол. Қажет болған шақта табылар. Отыз бірде үйленіп өлген жоқсың ғой сен. Нем бар, азат басымды ноқтаға ерте сұғатын. Сенің жасыңа келейін де тым болмаса.

— Тұқырта бердің ғой мені,— деді Балқаш,— кәрілігімді бетіме салық қып?

— Ойнаймын. Айта бер сөзіңді!

— Не туралы айтып отыр ек, өзі?

— Қатыныңды неге жақсы көруің туралы.

— Иә, айтпақшы, сол екен ғой. Биыл жаз-елге келгенде, бір досым маған «неге үйленбей жүрсің?» деді. «Қыз жоқ» дедім мен оған. Ол маған «тауып берейін» деді. «Қандай қыз?» деп ем, «қайтесің қандай екенін,— деді досым,— айта қалғандай сымбатты да, сұлу да қыз емес. Байдың да, атақтының да қызы емес. Момын, шаруа адамның ғана қызы. Әкесі қалың малды да көп

сұрамайды. Қызының азынаулақ киім-кешегі мен төсек орнының ақысын берсең болды. Бәрін қазір беруге күшің келмесе, несиеге қарайды. Бұрынғыдай емес, басын бесіктен қалың малға байлап қоятын. Қазір бос қыз көбейе бастады ғой. Саған да қызды әр жерден табуға болады. Мына қызды айтып отырған себебім: жалғыз жігітсің ғой сен. Әйелді «өсемін» деген ниетпен аласың ғой. Ал, мынау қыздың шешесі, «қойдай қозылап» емес, «иттей күшіктеп» отыр. Бауыры толған бала. Өлісі бар, тірісі бар, жиырма шақты жылда, жиырмадан астамын шығарып тастады. Мына қызы, ұмытпасам, үшіншісі болу керек. Бұның ұзатқан екі апасы да бала табу жағынан шешесінен қалысар емес. Басқа жаримын десең осы қызды ал!»

— Түсініктi!— деді Мүсәпір күліп,— үйленгеніңе қанша болды өзі?

— Екі айдан асыңқырап барады..

— Нәтиже қандай?

— Тәубасын қоса айтқанда, ырымы жаман емес. «Ұлы сөзде ұяттық жоқ» дегендей, жерігі жаңа ғана басылды...

— Құттықтаймын! Ұл болуын тілеймін!— деп Мүсәпір Балқаштың қолын алды.

Поезд да сол кезде тоқтай қалды.

— Бар енді, ғашығыңа!— деді Мүсәпір Балқашқа,— мазақтау сияқты күлкімен,— құмартып қосылған жарың ренжіп отырған шығар, «неге кешіктi?» деп. Көп бала табатын адам болса, ренжіте көрме!..

Шығуға беттеген Балқаш, саусағын маған қарай бір безеп, Мүсәпірге қарай бір безеп, жұдырығын түйіп алды да, «мықты бол!» дегендей белгі көрсетті. Онысы не екеніне түсіне алмадым...

— Оян, Бәтес!— дегенге көзімді ашсам — Мүсәпір. Поезд тоқтап тұр. Таң бозарып қалған.

— Кинельге келдік,— деді ол.— Түсеміз осыдан. Тәшкен поезына мінеміз. Тұр, киін!

Киінетін түгім де жоқ, төсегіме жолдағы киіміммен қисая кеткем. Төсегімнен басымды амалсыз көтеріп, «бірге алып түсейін» деген оймен, төсегімнен жоғарырақ қойған сәкпаяшыма қол созсам, орны тып-типыл!..

— Сәкпаяш қайда?— дедім Мүсәпірге.

— Орнында жоқ па?— деді ол.

— Жоқ!

— Е, қайда кетеді ол?

— Сіз төмен түсірген жоқсыз ба?

— Түсірсем, сұраймын ба?
— Қайда кетеді, сонда?— деппін аңқау басым.
— Қайдам... ұрланбаса!
— Кім ұрлайды?— деппін бейғам басым.
— Ойбай-ау, Бәтес-ау, не деп отырсың? Ұрының толған жері емес пе, поезд іші!..

Мүсәпір көршілерден сұрап еді, ауыз біріктіріп алғандай, «ақмақпысың, жоғалған чемоданыңды сұрап?» деп ұрысты. Сонымен, қысқасы, сәкпаяшым жоғалды!.. Үйден кетуге ниет еткеннен кейін жан адамға көрсетпестен мен оның ішіне жазғы-күзгі киімдерімнің ең тәуірлерін сыйғанша сығарлай салғам. Найзабек пен Нұрбек мені үйден жанжалмен алып шыққанда қалып қойған сәкпаяшымды, Қызыл отауға артымнан келген шешем әкеп берген. Әсияның үйінде екеуміз оңаша қарағанда, өз қолымнан салғандарым түгел болудың үстіне, әжемнің кілті өзіндегі сандығында жататын үлкен бір дорба моншақ та ішінен шыққан.

— «Бопашымнан қалдырып, бұл адыраны не істеймін» деп, әрең көзінен жасы сорғалап отырып салып жіберді,— деген шешем.

— «Тумады» дегенмен,— деген шешем жылап отырып,— туа сала бауырына басқан байғұсқа исің сіңіп қалса керек, сен кеткеннен кейін жастан көзі босамай еңіреуде. Осы дерттен құса боп өлмесе не қылсын!

Артыма емес, алдыма қарауға бекініп алған менің жүйемді шешемнің ол сөзі де босатпаған. Шешем дорбаны ақтарып, ішіндегісін маған көрсеткен. Атақты бай біреу болмаса (ондайларды өзім көрген емен), қазақ байғұстың қызға деп жиятын моншағының көбі күмістен және бағасы арзандау тастардан жасалады ғой. Әжемнің жинағандары сондай екен. Бірақ ішінде, бағасы арзан болғанмен, жасалуы өте әдемілері көп. Сақина, жүзік, қаптырма, ілгек, алқа сияқты көп сылдырмақтардың арасында, «қыз» болған алғашқы жылдарымда ғана шашыма тағып, кейін алып тастаған, екі алақанның әрқайсысында он-оннан «адал сөлкебай»[1] ілген үзбелері бар шолпым да жүр. Біздің Торғайдың даласында, қау шөпке байланатын «жылан түкірік» деген сырты әдемі бірдеме болады. Оны шөптен суырып алсаң, іші қуыс. «Жылан шақпайды» деген ырыммен, шешелері балаларының үстіне оны да қадап қояды. Өзі қылдан өргендей сынбайтын, тозбайтын, нәрсе болады. Менде

[1]. Бір сомдық күміс.

де сол «жылан түкіріктің» кішкене дорбаға салған бір уысы болушы еді, әлдекайдағы қалтамда жүруші еді. Қалай тапқанын кім білсін, әжем дорбаға оны да салып жіберіпті. Ең қызығы: «Бір жаска толғанына дейін кигіздік» дейтін кішкене жеңсіз камзолым бар-ды. Тұтас маталары бола тұра, әжем оны барқыт пен жібектің нелер түсті қиындыларынан құрап, моншақ атаулыны үстіне жыпырлата қадай берген. Қазақта «жын, шайтан жоламайды» деп, жас баланың бесігінің басына үкінің аяғын байлап қоятыны бар. Әжем де маған сөйтіп, бесіктен шыққаннан кейін, әлгі жеңсіз камзолымның жауырынына қадап, бертінге дейін төсегімнің басына жастап қоятын. Әжем кей кезде осы камзолды алатын еді де «кішкене күніңдегі исіңді сағындым!» деп, мұрнына қатты баса иіскейтін еді. Дорбаның ішіне әжем сол кішкене камзолымды да салып жіберген екен!..

Міне, соның бәрі де енді жоғалды!

Ғажапқа қараңыз: сәкпаяшыма ішім аши тұра, мен жыламақ түгіл көзіме жас та алған жоқпын!.. Несіне жылаймын?.. Өзім қашып бара жатқан ескі дүниенің мүліктері емес пе ол?.. Мүліктері түгіл өзі қайда қалды ол дүниенің?.. Ендігі тілегім: «Құдай артымнан емес, алдымнан жарылғасын!» емес пе?

Жоғалған дүниеден, ішімнің ең қатты ашығаны — Бүркіттің альбомы. Үйден кетуге ойлағаннан кейін, ол құрғырды жоғалтып алармын деген оймен, үстімнен тастамауға бікенген төс камзолымның астарына, бетіне берік шүберек сап, мықты жіппен айнала шандып тастағам. «Шығасыға иесі басшы болады» дегендей шешем сәкпаяшты алып келгеннен кейін, «шапанымды шешкенде ұрлатып алармын» деп альбомды сөгіп ап, ең терең түкпіріне тастағам!..

Міне енді ол да жоғалды!.. Енді мен Бүркіттің кінәлілігін немен дәлелдеймін?..

Қинельге Тәшкеннің поезы кешікпей келді де, біз жүріп кеттік. Төртеуміз бір вагонның аралары алшақ екі купесіне орналастық: тағы да Балқаш әйелімен бір купеде, Мүсәпір мен мен бір купенің орталық орындарында, қарсыма-қарсымыз. Мен тағы да бүктетіліп жатып алумен болдым. Серіктерім Қинельге дейін бүктетілуімді — поезды жатырқауға жорыса, ендігі бүктетілуімді жоғалған нәрселерімді қайғыруға жорыды. Неге жорыса да мейілдері!..

Қинель мен Қызылорда арасы «ит өлген» жер екен!.. Күндер де өтіп жатыр, түндер де өтіп жатыр!.. Тоқта-

ған жерлерінде болмаса поезд зымыраған жүрісінен бір де танбайды. Бұған дейін аттан басқа жүйрікке мініп көрмеген маған, поездың мына ызғындатуы желден де ұшқыр сияқты. Бірақ бұндай екпінге де үйренеді екен адам. Бастапқы күндерде басым айналған мен енді шетсіз-шексіз жазық, сұр далаға терезеден тесірейе қараймын да жатамын, оған басым айналмақ түгіл, түгім де құритын емес!.. Зымырап келе жатқан поезға қарап, Сәкен Сейфулиннің өзім мектепте жаттаған «Экспресс» атты өлеңін еске түсірем де, кей шумағын ішімнен жатқа айтып қоям:

«Айда, отарба, тынбай заулап айдап бақ!
Доңғалағың зырылдасын «тақ, тақ, тақ!»
Шаңқан жарық,
Шамға қарық,
Болсын халық,
Электр жақ, тынбай айда, жол ұзақ!..»

Осы ұзақ жолға мен де түсіп келем. Қайда барып тірелеріме көзім жетпейді. Қайда тірелсем де тезірек жеткім келеді.

«Ұра берсе құдай да өледі» дегендей, жүре берсе шетіне шықпайтын жол жоқ екен. Міне біз, жеткізбестей көрінген Қызылордаға да таянып қаппыз. Оны маған Мүсәпір хабарлады. Мезгіл түн ортасы алдақашан ауған шақ. Қызыл отаудан аттанарда «Шамсияға тапсырарсың» деп қолыма хат ұстатқан Әсия:

— Барар уақытыңды мөлшерлеп телеграмма да берермін, күйеуі қызмет істейтін жерде ат бар. Алдыңнан шығар. Алда-жалда, әлдене себеппен шыға алмай қалса, хат сыртындағы конвертте көрсетілген адреспен өзің іздеп бар,— деген.

— Балқаш, сізге де тапсырам,— деген ол үйден шығарда, менің Шамсия үйіне бару жайымды айта кеп,— егер тосып алмаса, арбакеш жалда да өзің апарып сап, көзіңше орналастыр!

— Мақұл,— деген Балқаш

«Қызылордаға жақындадық» дегеннен-ақ, «Шамсия қарсы алар ма екен, жоқ па екен?» деп қобалжи бастадым. Өзім іздеп баруға Әсияның хаты да сәкпаяшыммен бірге жоғалған. Ол жәйімді Мүсәпір білмейтін болу керек,—«ал, енді қайда түсесің?» деп еді, «Шамсияға» дедім мен.

— Қайтесің, танымайтын бөтен біреудің үйіне түсіп?— деді Мүсәпір.— Қала халқының сыпайылығы көп болғанмен, сыйы аз болады, еңбек ақыға қарап, өздері

зорға қалтырап отырады, сыйлағанына ғана бір қонағасы береді, сыйламағанына ол да жоқ, бірден артықты ауырлайды. Әсияң айтса, қарсы алуы — алар. Бірер күн сыр да білдірмес. Содан кейін құтылғанша асық болады. Оқу орныңа неше күнде реттелерің мәлімсіз. Оған дейін менің пәтерімде неге тұрмайсың? Қазақ үйі. Жәйлі үй...

— Уәделескен жерге барғаным мақұл ғой,— дей салдым мен.

Поезд Қызылордаға кеп тоқтады. Біз түстік. Мені іздеп жүрген ешкім көрінбейді. Енді не істеуге біле алмай келе жатқанымда:

— Шырағым, қайдансың?— деп, қалаша киінген бір орта жасты, қара мұртты еркек көлденеңдей кетті.

— Оны қайтесің?— деп Мүсәпір киліге қалды.

— «Қайтіп» жеп қояды деймісің?— деді анау Мүсәпірдің сөзін ұнатпағандай,— іздеп жүрген кісім бар.

— Қайдан?

— Торғайдан.

— Менмін Торғайдан!— дедім мен.

— Атың кім?

— Бәтес!

— Ендеше, іздеген кісім сен екенсің, шырағым. Әсия деген апаң, Шамсия деген апаңа сені қарсы ал деп телеграмма берген екен. Ол апаң үйде жоқ еді. Мәскеу, Ленинград жағына кетіп еді. Мен сол кісінің жұбайымын. Атым — Аманжол Амандықов.

Аманжол менімен қолдасып амандасты да:

— Апаңның орнына ат алып шықтым, шырағым,— деді.

— Қашан келетін апасы ол?— деді Мүсәпір.

— Әй, сен өзің, сөздеріңнің бәрі ілгішті жігіт екенсің,— деді Аманжол оған.— Апасы болмаса, апасының үйі бар, үйінің бір баланы асырай тұрарлық шамасы бар...

— Сіз мені қараңғыда танымай тұрсыз ба деймін, жолдас Амандықов. Мен Балқашпын!— деп Аманжолға Балқаш қолын ұсынды.

— Қай Балқаш?— деді Аманжол.

— Жидебаев!

— Ә-ә!.. Сіз қайдан келесіз?

— Торғайдан. Бәтеспен бірге. Айтып тұрған Әсияңыз, бұл баланы маған ертіп жіберіп еді, «өз қолыңнан орналастыр» деп.

— Орналастырсаң, жүр біздің үйге! Ертең барарсыңдар, баратын жерлеріңе.

— Өзара ақылдасайық, содан кейін айтайық, —деді Балқаш.

— Ә, жақсы!— деп, ақылдасуға бөгет болғысы келмегендей, Аманжол әрі қарай кетті.

— Өзің біл Бәтесжан,— деді Балқаш.— Алдыңнан Шамсия шыққанда жақсы болатын еді. Қызметін былай қойғанда, әйел жынысты адам. Еріне де рахмет. Әйелім үйде жоқ демей алдыңнан шықты. Ал, енді қалай болар екен бұл? Әйелсіз аңырап тұрған үйге еркекпен еріп кетуің қиын. «Бізге жүр» дер ем, тұрған бөлмем қуықтай тар еді, жаны көп үй еді, жатар қуысы жоқ еді.

— Сонда не қыл дейсіз?— дедім мен, бұл сөзді көп созғым келмей.

— Қайдам!.. Мүсәпірдің пәтері де кең еді. Үйі де, иелері де жәйлі еді. Оқуға орналасқанша сол үйге бара тұрмасаң?..

— Барайын!— дедім мен.

Демегенде ше?.. Қайбір жолым оңып келе жатқан адаммын мен?.. Қырсықтан қырсыққа шалынып келе жатқан бетім емес пе бұл?.. Азар болса, сол қырсықтың біреуі күтіп тұрған шығар ол үйде?..

9. ТОНАЛУ

— Сізге жіті-қараңғы түнде ат алып шыққандығыңыз үшін мың бір рахмет, жолдас!— деді Балқаш, анадай жерде қарандап біздің жауабымызды күтіп тұрған Аманжолға,— осы тұрған бәріміз де торғайлықбыз. Ақылдаса кеп, Бәтестің бізбен бірге барғанын мақұл көрдік. Бұл өзі елден оқуға келе жатқан бала. Аманшылық болса, ертеңнен бастап орналастыру жабдығына кірісеміз. Жайғасып болғанға дейін апасы да келер. Содан кейін апасына баланың өзі іздеп барып амандасып шығар.

— Оқасы жоқ,— деді Аманжол,— онда арбакеш жалдатқанша, өзім апарып салайын.

— Оқасы жоқ,— деді Балқаш,— біз екі жерде тұрамыз, бұл келе жатқан адамдар...

— Он жерде тұрсаң да мейлің,— деді Аманжол,— қайда бөлінсең де осы Қызылорданың ішінде шығарсың.

— Мен сыртқарырақ тұрам,— деді Мүсәпір.

— Ескертулерің көбейіп кетті ғой,— деді Аманжол күліп,— жалдағалы тұрған жоқпын атымды, «алыс-жақын, қисық-қиғаш» дейтін. Мінгілерің келсе жүріңдер!

Мен білетін қазақ ғұрпына қарағанда, бұндай сөз айтылғаннан кейін, серіктерімнің Аманжолға жармаспай, ат жалдап-ақ кетулері қажет еді. Олар бағзалдың оң жағындағы басқыштан төмен қарай түсе берген Аманжолға сүмеңдей ерді де, әлдеқайдағы қараңғы жерде, ағаш арасында тұрған арбасына бірге барды. Сол арада жайдақ тарантасқа жегілген ығы-жығы ат иелері —«маған мін!.. маған мін!» деп кес-кестеп жүргізбейді. Біреулері аттарын «жорға» деп, біреулері «желгіш» деп мақтайды. Сапырылысқан көп көліктің ішінде үлкендігі бұзаудан аз-ақ қалқыңқы, жылқы сияқтанған бірдемелер де көрінеді. Балқашқа:

— Мынау не мал? — деп сыбырласам:

— Көрмеп пе едің?— дейді ол.

— Жоқ.

— «Есек» деген осы!

Мен туып өскен Торғайдың құлақ естір жерінде есек болмаса, қайдан көрем есекті?..

Аманжолға ерген біз қаптаған көліктердің арасымен қақтыға-соқтыға келе жатыр ек, нақ қасымнан әлдене бақырып қоя берді. Бұрын естімеген бұл тұрпайы және қатты дауыстан қорқып кетіп, «алла?» деп Балқашты құшақтай алдым.

— Не болды?— деді Балқаш.

— Немене, бақырған?..

— Есек!.

Бақырған есек ілезде қатты даусын бәсеңдетіп, аяғын баяулатып барып, жылаған сияқты ғып бітірді.

— Неге бақырды?— дедім Балқаштан құшағымды жазып.

— Есек тауықтың қоразы сияқты: таң атарда, түсте, күн батарда осылай бақырады. Тауықтың еркегі ғана шақырады ғой. Есектің ұрғашысы да, еркегі де бақыра береді...

Қазақтың «естімеген елде көп, есек мінген сартта көп» дегені осы екен!.. Қітаптан атын ғана оқып, ақымақтықтың бейнесі саналатын есекті «қандай болады екен?!» деп көруге құмартушы едім. Енді оны да көрдім!..

Аманжолдың жадағай арбасына мініп жүріп кет-

тік. Ат жүргіш екен. Ол әуелі, анда-сандағы жерінің қақпасында жылтыраған панары, үстіне кедір-бұдыр тас төселген әлдене көшемен жұлқына жортып отырды.

— Ақырын!.. Ақырын!— деп отырды қатты жортқан аттың жадағай арбасының секеңдеп солқылдауына шыдай алмағандай болған Балқаш. Көшенің екі жақ жиегіне де қатарланған қалың ағаш өскен. Аласа үйлер сол ағаштардың арасынан әрең елеңдейді. Онымен аз уақыт жүргеннен кейін:

— Бұл қаланың ең үлкен және ең көркем көшесі осы,— деді Балқаш,— бұның бағзал жағы «Энгельс» боп келеді де, әлгі бір бұрылыстан бергісі «Карл Маркс» болады.

Әріректен барып бұрылған бір көшені Балқаш «Ленин» деді. Соны бойлай біраз уақыт жүргеннен кейін Балқаш Аманжолға «енді былай беттеңіз!» деп, одан «былай бұрылыңыз!» деп әлдеқайдағы қисық-қыңыр көшелерге бұрмалап кетті де, ақыры —«осы!» деп әлдене қақпаның алдына тоқтатты.

— Ал, түсейік!— деп Балқаш Жаңылды сүйеп түсірді де, одан кейін нәрселерін түсіріп:

— Жолдарың болсын!—деді бізге.

— Иранбақтың шығыс жағымен сыртына қарай,— деді Мүсәпір.

Жұлқынған атымен тағы да екпіндете жөнелген Аманжол:

— Әлгі жігіттің қасындағы әйелі ме, қарындасы ма?— деді.

— Әйелі,— деді Мүсәпір.

— Ә-ә... Әйелі буаз емес пе өзінің?

— Оны неге сұрадыңыз?— деді Мүсәпір күліп.

— Қайдам!.. Арбаға мініп көрмегендей, әлде буаз қатынның баласы түсіп қалардай, «ақырын!» деп маламды алды ғой әлгінде.

— Әйелінің жүкті екені рас!— деді Мүсәпір күліп.— Балаға зар боп жүрген адам. Зақым келе ме деп қорықса қорқады да.

— Ал, мынау қарындас қайсыңа жақын?— деп сұрады Аманжол.

— Екеумізге бірдей,— деді Мүсәпір.— Ру жағынан бәріміз де арғынбыз, оның ішінде өтейміз...

— Онда әлгі үйде неге қалмады Бәтес?

— Неге дейсіз?

— Әйелге әйел үйір емес пе, әдетте? Оқуға орна-

ласқанша Бәтестің әлгі әйелмен бірге бола тұрғаны мақұл емес пе?

— Ол рас қой,— деді Мүсәпір ыңғайсызданғандай.— Бәтестің маған, иненің жасуындай жақындығы бар еді, сондықтан бірге еріп келе жатыр...

Ар жағын қазбалағысы келмегендей, Аманжол —«ә-ә» деді де қойды.

«Айранбақ» дегені ит өлген жер екен: әлдене тар және қисық көшелермен бұраландап жүріп келеміз, жүріп келеміз... Міне тағы да бозарып, жолшыбайғы үйлердің кейбірінің қорасынан тауықтар да шақырып жатыр... «Ит» деген мұншама көп болар ма бұл қалада!.. Көшелерде шұбыра шауып жүрген, қора-қорадан үріп шыққан иттерде қисап жоқ сияқты... Қеңесетін тақырып таба алмай келеміз бе, немене, ешқайсымызда үн жоқ... Сөйтіп отырып, қаладан да шығып бара жатқан сияқтымыз... Бір кезде құман төмпелердің арасына кіріп кеттік... Ол төмпелердің кейбірінің астынан адамдар шығып жүр.

— Бұл не?— десем:

— «Кепе» деген үй осындай болады,— деп жауап береді Мүсәпір.— Төбе сияқты, жар сияқты биіктеу жер болса, іргесін жырады да, төбесін жауып, жарық түсетін шағырақ сияқты бірдеме орната салады. «Кепе» дегені сол.

— Көп пе мұндай кепелер қалада?

— Әдетте, қаланың шеткі жақтарында болады кепелер. Қызылорда халқының төрттен бірі осындай кепелерде тұрады деген сөз бар. «Дарияны» бұл ел «Дайра» дейді. Қигіз үйді бұл ел «қара үй» дейді...

— Онысы несі?!

— Жатақ жатып егін себушілер көп бұл елде. Олар, әрине, кедейлер. Кедейде ақ киіз үй түгіл, бозы да болмайды ғой. Көбі жыртық қара үйде отырады ғой. Сондықтан «қара» деп атаған болу керек. Кедейлердің көбінде қара үй де болмай, кетпеншілердің, яғни егіншілердің көбі жерден қазған кепеде тұратын болу керек. Дайраның осы тұстағы ар жағында, «қырық кепе» дейтін ауыл да бар. Алғаш «қырық» болу керек. Қазіргі саны жүзден астам сияқты.

Мүсәпір одан әрі Сыр елінің егіншілігіне, егінді қолдан суарудың қиындығына тоқтай кеп:

— Мал бағып күнелтетін біздің Торғай елімен салыстырғанда, Сырдағы егіншілердің бейнеті мың артық деуге болады,— деп қойды.

Қепелердің арасындағы жазықтау жерлерде жайпақ төбе, шағын үйлер де кездесіп отырған. Солардың біреуіне таяна:

— Менің пәтерім осында!— деді Мүсәпір, бір үйді нұсқап.

Ұзақ жүруден бе, әлде қала шетінің жолында есілген құм жатудан ба, Аманжол ақ көбіктеніп қарқындаған атын бұрды да, нұсқаған үйдің қақпасыз ашық қорасына кіргізді. Ат тоқтай, үйден қиясы ұзын қара мұрты бар, басында қарамен тыстаған түлкі бөркі бар, қалаша жобалғылау киінген орта жасты еркек шыға келді де:

— Ә, келіп қалдың ба, Мүсәпір?— деп, арбадан түскен оған қолдасып амандасты.

— Ие, мал-жан аман ба, Күзеке?— деп шүйіркелесе кетті Мүсәпір.

— Құдай-ау, Мүсәпір ме, мынау келіп қалған?— деп басына ақ орамалды шаршылап байлай салған, көйлекшең, орта жасты семіз қара бұжыр әйел шыға келді.

— Есеке, амансыз ба?— деп қолдасты оған Мүсәпір.

Ішімнен «анасы — ері, мынасы — әйелі болар» деп жорыдым. Екеуі де «мынау кім?» дегендей маған қараған соң:

— Біздің елдің қызы.— деді Мүсәпір оларға мені таныстырып,— оқуға келген қыз.

Тегі, мені Мүсәпірдің қалыңдығы деп жорыды ма, немене.— «Ә, түсінікті» дегендей, екеуі де жымиып қойды. Аманжолмен таныстықтары болмау керек және оны арбакешке санау керек, әйелі де, ері де амандасқан жоқ.

— Ал, Есектас,— деді еркек әйелге,— қонақ келерін білмей қалдық қой. Базарға мен-ақ барайын енді. Сен төргі бөлмеде жатқан балаларды ауыз бөлмеге шығар да, қонақтарды жайғастыр. Бол, тез!.. Бүгін күн жексенбі. Базар ерте басталады. Мен,— деді ол Аманжолды нұсқап,— нәрселерді мына кісінің арбасына сала қояйын да, базар тұсынан түсіп қалайын...

— Мен сені апармаймын,— деді Аманжол оған.

— Неге?

— Үйім базардан теріс жақта.

— Бола берсін. Жәй сұрап тұрған жоқпын, ақша төлеймін.

— Оған сенің ақшаң жетпейді.

— Не айтып тұрсың өзің? Кімге санап тұрсың мені?!— деп «Күзекең» (артынан білсем, шын аты — Күзен екен. Б.) едіреңдеп келе жатыр еді:

— Едіреңдеме!— деді Аманжол түйіліп,— мені де кім деп тұрсың өзің?

— Сен кім ең?

— Амандықов Аманжол деген кісіні естіп пе ең?

— Ә-ә...— деп Күзен сасқалақтап қалды...

— Ол кім еді?— деген әйеліне, Күзен теріс қарап ернін тістеп, «өшір үніңді!» деген белгі көрсетті.

— Едіреңдей түс, ендеше!— деп Аманжол күле қарап ед, Күзен одан жаман сасқалақтап:

— Жо-жоқ, ағат сөйлеп қалдым, кешіріңіз!— деп, «ұстап алар» деген адамдай артына жалтақтай қарап үйіне кіріп кетті. «Бұл бір пәле адам екен ғой!» дегендей, Есектас та ерінің артынан үйіне сып берді.

— Апырай, жолдас-ай,— деді Аманжол, мана, жолшыбай аты-жөнін сұрап алған Мүсәпірге,— мынау Күзен деген алаяққа қайдан үйір боп жүрсің?-

— Білетін бе едіңіз оны? — деді Мүсәпір.

— Неге білмеймін? Атақты жүлік емес пе бұл? Барып тұрған жалдап. Саудаға қатын-баласынан басқаның бәрін салады деп естимін. Өзі өлердей картожник деседі. Қартқа бір уақыт қатынын да ұтқызып, бірер айдан кейін қайта ұтып алды деген. Сонысы — әлгі «Есектас» дегені болу керек. Моншақ атаулының ең құнсызының атын қойған екен бейбаққа. Өзінің де атын тауып қойған «Күзен!» деп. Қішкенелігіне қарамай, ең жауыз, ең батыл аң емес пе ол?. Басқа жемтік табылмаса, өлген адамның көріне түспей ме?..

— Сізден неге қорқып тұр, сонша батыл адам болса? — деді Мүсәпір.

— Қызметімнен.

— Айтпақшы, сұрамаппын-ау, қызметіңіз қандай еді сіздің? — деді Мүсәпір...

— Шағын ғана,— деді Аманжол жымиып.

— Сонда да?

— Күзендерді қорқытарлық қана,— деді Аманжол күліп.

— Рас айтам, не қызметтесіз?

— Қалалық финанс бөлімінің бастығы...

— Ә, онда түсінікті,— деді Мүсәпір сабырлы кескінмен.

— Немене түсінікті? — деді Аманжол.

— «Саудагер» деп тұрған жоқсыз ба Күзенді. Сау-

дагерге салықпен дем алдыра ма финотдел? Бірақ бұл сіз ойлағандай саудагер емес қой деймін.

— Неге?

— Мен бұл үйде тұратын кісі емеспін. Ағасы Қарсақтың үйінде, қалада тұрам. Бұлар бізге жамағайындар, төртінші атадан қосыламыз. Арғы аталары Түлкі — Торғайдан осы Ақмешітке ақ-шөмші[1] боп келіп жүріп, қалып қойған екен. Күзен мен Қарсақтың әкесі — Борсық, менің кішкене кезімде Торғайға біздің үйге келіп кеткені бар. Менің әкем де ана жылы бұларға келіп кеткен. Содан таныс болған ағайын. Бұл үй қаланың шетінде, жәйлі жерде болғандықтан, маңайдағы елдің жүкшілері үнемі түсіп жүреді. Олар қысы-жазы үздіксіз қаптап жататын еді, бүгін неге жоғын білмеймін. Бәтесті ағасы Қарсақтың үйіне де апаруға болар еді. Онда апармаған себебім: қазыналық пәтерде тұратын ол, биыл талап қып, горкомхоздан жер алып, өкіметтен қарызға ақша алып, орталық тұстан өзіне баспана жасатып жатқан. Жаңа үйі әзірге бітпеген болу керек. Ескі пәтеріне бір танысы кірмек боп, мен елге кетерде ремонтқа кіріскен, өздері қора ішіндегі сарайда қалған. Сол ремонтының біткен-бітпегенін біле алмадым... Күзенде «сауда» дейтін сауда жоқ қой деймін: өзі де, қатыны да оқымаған адамдар. Қара жұмыс істеуге көксаулау адам. Әйелі үй жабдығынан босана алмайды. Малдары жоқ. Сонан кейін ескі-ұсқы бірдемелерді алып-сатып, тиын-сиын пайда түсіріп күн көретіні рас болу керек.

— Бұл ақтауын, не Күзенді білмеуін, білсең әдейі айтып тұруың. Ал, біз оны жақсы білеміз.

— Шын саудагер болса, ол неге сізді жақсы білмейді?

— Жақсы білмейтіні: Москвадағы үш жылдық финанс курсын әнеукүні ғана бітіріп келдім. Курстан бұрын да осы қалада финанс агенті боп істегем. Сонда байлар мен саудагерлер мен туралы: «Салықшы агент Аманжол, қолына түссең аман бол!» деген мақал да шығарған. Жаңа сырғи жөнелгені — бұл Күзен менің атымды, қызметімді білетін болу керек те, өзімді көрмеген болу керек. Бұрын Тәшкенде тұрып, бұнда мен оқуға кеткен соң келді деген.

— Өзі неге кешікті? — деді, бұл тақырыпта енді сөйлескісі келмеген кескінмен Мүсәпір.

---

[1]. Кірешілер.

— Аузында құрулы қақпан тұрғанын білетін аңның інінен шыққанын қашан көріп ең, жолдас! — деді Аманжол,— ал, нәрсе-қараларыңды түсір, мен кетем.

— Үй ішін жинастырып болған-болмағанын біліп шығайын,— деді, нәрселерін арбадан түсірген Мүсәпір маған.— Мыналарды қалдыра тұрайын, сен қарай тұр.

— Шырағым,— деді Аманжол, Мүсәпір кете, асығыс сөйлеп,— бір сұрау сұрайын, көңліңе ауыр алма!

— Айтыңыз!

— Бұл Мүсәпірмен байланысың жоқ баламысың?

— Алла сақтасын! — дедім мен шошып кетіп, «байланысың» дегенін «күйеуің» деген мағнада ұғып.— Оқуға бірге шыққан серік қана, басқа ешбір жақындығы жоқ.

— Ендеше, ойыма келгенімді айтайын, шырағым: «жорға жүрісінен бұл болады, жаман жүрісінен құл болады» депті. Мынау — Мүсәпір дегеніңнің жүрісі жаман екен, осынша үлкен қаладан, мынадай жаман адамның үйін іздеп кеп түскен!.. Тілімді алсаң мұнда тұра көрме, шырағым!.. Үйінде әйелі жоқ демесең, әлі де біздің үйге жүр!..

— Елден бірге келген жолдастан ұлықсатсыз бөлініп кеткенім ұят қой, аға.

— Қандай оқуға келіп ең, өзің?

— Аты жадымда жоқ, аға! Оны Мүсәпір біледі.

— Қасында жатақханасы бар оқу болса, бүгіннен бастап көшіп ал. Апаң келген соң біздің үйде тұрарсың. Ал мен кеттім! — деп Аманжол атын бұра берді. Қимаған сияқтанып, томсарып төмен қараған мені де қимағандай, Аманжол қақпаға қаратқан атын тоқтатты да:

— Ал, хош бола тұр, шырағым! Біреудің «бесік табы арқаңнан, емшек табы аузыңнан кетпеген» баласы сияқты екенсің!.. «Жолың оң болсын!» дегеннен басқа не айтайын,— деп жүріп кетті.

Осындай иман жүзді адамдар да дүниеде көп екен ғой!.. О, жасаған, мені сондайлардың арасында болдыра гөр!..

Аманжолдың кетуін аңдып тұрғандай, үйден Күзен мен Мүсәпір қосарланып шыға келді. Күзеннің иығында іші толы қап.

— Ал, Мүсәпір, мен кеттім! — деді ол қақпаға қарай жөнеле беріп.

— Ә, жақсы! — деп Мүсәпір маған қарай жақындады да,— әлгі Аманжол дегенің алымға тоймайтын адам

көрінеді. Біреуді «байсың», біреуді «молдасың», біреуді «саудагерсің» деп, жоқты сылтау ғып, пара берсе тимей, бермесе салықты үстемелетіп сілесін қатыратын көрінеді. Әлгі Күзен сияқты күнін зорға көріп отырғандарды да тіміскілеп тауып ап, пара бермесе, салықпен тұншықтырады екен. Манағы айтып тұрғандарының бәрі ықтырып алудың айласы екен. Мына бейшара оның көзіне түспей-ақ жүреді екен, әдейі алып келгендей, біз үстінен түсірдік. Енді күн көрсетпейді бұған,— деді.

— Ондай кісі сияқты емес қой,— дедім мен:

— Сөзіне қарама оның, ісіне қара.

— Егер бұл үй бейгүнә біреулер болса, біз айтармыз ол кісіге.

— Айтқаныңды тыңдаса!..

Біздің көңлімізді Есектастың дыбысы бөлді.

— Үй жиналды, келіңдер! — деді ол.

Кіріп көрсем, жинайтын да іштеңесі жоқ үй екен: ортасын шұбалма пешпен бөлген үлкендеу бөлме, төсеніші, жасауы жоқ ауыз бөлмеде қоқырсып жатқан ыдыс-аяқ пен самауыр, шәшкелер, олардың үстіне быжынай үймелеген шыбын; төргі бөлмеге кірсек, сәкісіз соққан балшықтың үстіне құрақ төселіп, оның үстіне қырық жамау ескі, кең кенеп тастай салынған; сол жақта тақтайдан тұрпайылау ғып құрастыра салған ағаш төсек, оның үстіндегі жамаулы кір көрпенің астында, кір жастықтың үстінде кескіні Есектастың аузынан түсіп қалған сияқтанған, ап-арық, қап-қара, дудар шаш кішкене қыздың басы қылтиып, көзі жылтырайды, басқаша жасау, жиһаз, киім-кешек көрінбейді, бұнда да құжынаған шыбын!..

— Түн қатып келдіңдер ғой,— деді Есектас бізге,— жатып біраз ұйықтап алыңдар. Әлгі біреулерің бізді «саудагер» деп тантыды ғой. Осындай бола ма саудагердің үйі, келген қонаққа салып берер төсегі жоқ?..

— Бәсе, деймін-ау!— деп Мүсәпір оны қуаттап қойды.

— Киімдеріңді жастанып жатасыңдар, ұят та болса! — деді Есектас.

— Енді, амал қанша, оған! — деді Мүсәпір, — «жоққа жұйрік жетпейді» дегендей, қайдан табасың жоқты. Қисайып көз шырымын алсақ болды...

— «Сыпайы сырын жасырмайды» дегендей,— деді Есектас,— расын айтқанда, бұл «саудагердің» үйінде қазір ішетін ас та жоқ. Сендер оянғанша жортып қала-

дағы базарға барайын да, сендерге жүрек жалғайтын бірдеме алып қайтайын.

— Үйтіп қысылмаңыз, жеңгей! — деді Мүсәпір.— Ұйқыны қандырсақ болды. Одан кейін қаладағы асханаға барып тамақ ішеміз.

— Жоқ... сонда да... «Қонғанша қонақ ұялады, қонғаннан кейін үй иесі ұялады» дегендей, үйге түсіп қалған соң дәм татырмауымыз ұят қой, әсіресе Бәтестен! (Менің атымды қайдан біліп қойған?!.. Б.) Бұрын біздің үйден дәм татпаған бала. Сені қойшы!.. Сен өз кісімізсің ғой...

Есектас жөнеле берді де, есік алдына тоқтап «Қодық!» деп еді, «әу!» деді төсекте жатқан кішкене қыз. «Ұйықта сен де, ұйықтамасаң, конақтардың мазасын алмай, қимылдамай жат!» «Жарайды!» деді қыз.

Есектас төргі бөлменің есігіне құрылған кір пердені түсірді де әрі қарай кетті.

— Сен, Бәтес, анау Қодықпен бірге жатсаң қайтеді? — деді Мүсәпір маған.

— Жоқ! — дедім Қодықтан да, төсегінен де жеркенген мен,— бұрышқа, жерге қисаям.

— Ендеше, кроваттың басындағы бұрышқа!

— Жоқ, оң жақтағы бұрышқа!..

— Мейлің. Ендеше, мен қисаяйын ол бұрышқа.

Мүсәпір кровать басындағы бұрышқа барды да, пальтосын басына жастанып, бетін іргеге қаратып жатып қалды. Өз бұрышыма барып отырған маған, манағы қалпында жатқан Қодық, мысық көрген жыландай қысық қара көзімен үн-түнсіз, қимылсыз қадалды да қалды. Жатқым келе қоймаған мен, сол тесірейе қарауға шыдай алмағандай, түйе жүн жеңді қамзолымды басыма жастап, бетімді іргеге бере қисая кеттім. Бірақ қалғи алсамшы көрейін!..

Біздің елдің шыбындары денеңнің ашық жерін жыбырлатқаны болмаса, шақпайтын еді. Бұл үйдің шыбындары адамды сонадан кем шақпай, тістеген жерін удай ашытады екен. Оның үстіне, қайдан кіргенін кім білсін, бұл үйдің ішіне ызындап қаптаған сары маса!.. Иіс-қоңысы көп үйде бүрге де көп қой деймін, әлденелер көйлегімнің ішіне кіріп ап, арадай талап барады!.. Тағы бірдемесінің шаққаны етінді ит тістегендей ауыртады!.. («Қандала» дегенді бұған дейін көрмек түгіл естіген жоқ едім, кейін білсем, мынауы сол екен).

Қандала, бүрге, шыбын, маса сияқты «жәндіктердің» талауына түскен мен, өз денеммен өзім арпалысып

жатып қалғып кетем де, дуылдаған денемді тырналап қайта оянам. Мүсәпірге қарасам, қорылдап ұйықтап жатады. Қызға қарасам басын көрпесімен бүркеп алған. Бірақ оны да жәндіктер шаға ма, немене, көрпе астында тыпыршып, бүлкің-бүлкің етеді. Осы бөлменің маңдайшасында, тықылдап соққан даусы төбеңді тескендей боп шынжырлы қаңылтыр сағат ілулі тұр. Былай қарасаң оның жүрісі шапшаң-ақ сияқты. Ал, қалғып оянып бетіне қарасам, тықылдауы жылдам болғанмен, тілдерінің жылжуы шабан сияқтанып, жүрісі өнер емес.

Мазамның бұл кетуі аздай-ақ, бір кезде бұл үйдің ішіне шақырайған күн сәулесі түсе қалды. Бет қарап жатқан қабырғадан ол сәулені көргеннен кейін артыма бұрылсам, қарсы терезеден көрінген күннің жоғарғы жақ қызғылт ернеуі көкжиектен жаңа қылтиып келеді екен. Түріне қарап, мен оны алғаш өрттің жалыны екен деп қалғам. Қадала қарап жатсам, көтеріліп келе жатқан күн!..

Біздің Торғайдың күні бұлайша шақырайып сирек күндерде ғана шығатын еді. Ол, әдетте, көкжиектегі тұмандау бұлттан көтерілетін еді. Егер ашыққа шыға қалса, жаңа түскен келіншектей, лезде бетіне жұқа бұлтты бүркеніп, төркінін сағынып оңашада жылап алатын келіншектей, жеңіл ғана жаңбырын сіркіретер еді... Ол, тек, сәске көтеріле қызар еді, сол қызуды жан-жануар ауырсынар дегендей ыстық күндердің көбінде салқын самал есер еді...

Қызылорданың күні басқаша екен. Көкжиектен жалыны лаулай шыққан ол жоғарылаған сайын қызына түсіп, биіктеп алған шағында, үйренбеген адамды дем ала алмастық халге келтіреді екен. Осылай қызына бастаған шақта, самалға желпінейін деп тысқа шықсам, самал орнына ыстық жел соғып тұншықтырып жібере жаздады. Үйге қашып кіріп, төргі бөлмеге барсам, ұйқы жеңген бе, әлде үйге бұрын да талай қонып дағды алған ба, бөлме ішінің қапа боп кетуіне, «үй жәндіктерінің» мазалауына қарамастан, Мүсәпір маңғы қалпымен қор-қор етеді!.. Қыз маңағы бүлкілдеген қалпында әлі жатыр...

Әрі пысынаған, әрі ұйқым ашылған мен, жуынып, таранып... дегендей, азырақ желпініп алуды ойладым да, әуелі үстімдегі төс қамзолымды шештім. Содай кейін, өрулі шашымды тарқатып тарайын деп, бұрымымды кеудеме қарай түсірсем, ұшындағы екі теңгелігі бар

шашбауым жоқ!.. Бұрымымның ұшы тарқатылып тұр!.. Әлгінде қисайғанда ғана бар шашбау!.. Оның Қалиса қара жібектен ызып берген ұзын бауын тұлымымның түбінен шашыма қоса өріп, шаштың ұшына таяна тас қып түйіп тастайтынмын... Ол байлауым ешуақытта шешіліп көрген емес!.. Ендеше, Қостанайдан поезға мінер алдында тас қып өріп тастаған, жолшыбай сол қалпынан былқ етпеген шашбауым, «қас пен қабақтың арасында» дегендей, қайда кетеді?.. Біреудің ұрлағаны ма, сонда?.. Жын ба, шайтан ба ол, «біреу» лезде біл-діртпей ұрлап алатын?.. Әлде қалғып оянған шақта-рымды біреу аңдып тұрды ма екен?!.. Сонда тастай қатты өріп түйген бұрымымды тарқатып шашбауымды алғанша оянбайтын өлікпін бе?.. Хош, ояна алмаған екен дейін!.. Сонда ұрлайтын кім? «Мүсәпір» дейін де-сем, жатқан қалпында қата қалған. Ұйықтаған түрі оянар адамдікі емес. Және ұрлап қайтеді ол шашбау-ды?.. Ұрлағысы келсе, жолшыбай қайда қалды?.. Әлде, анау бүлкілдеп жатқан кішкене қыз ұрлады ма екен?.. Қаршадай ол ұрлық дегенді біледі деймісің?.. Енді кім алады?.. Басқа жан бұл бөлмеге кірмеген сияқты еді ғой!..

Шашбауымның қалай жоғалуын біле алмай басым даң боп кетті. «Есім дұрыс па екен менің?» деп, өзімді өзім байқасам, дұп-дұрыс!.. Ендеше, бұл не?.

Қазақ қызына күміс жинайды. Сол күмістің ішінде «адал» және «арам» дегені болады. «Адал» деген күмістің он тиындығынан бастап, жиырма бес тиынын, жарты сөлкебайын (елу тиындық), бүтін сөлкебайын (бір сомдық) ішіне қоса, дөңгелегінің қырлары ирек-телген сызық болады және бір бетінде «қатын патша-ның» сүгіреті болады, ондай күмістердің даусы сың-ғырлап әдемі естіледі; «арам» аталатын күмістердің қырлары егеудің жүзіндей кертінді келеді, дауыстары адал күмістей емес, жездей қаңғырлайды, бір жағында «еркек патшаның» сүгіреті болады. «Адалды» қазақтар асыл күміс көреді де, «арамды»— жасық көреді. (Кейін білсем: «қатын патша» дегендері Анна Ионновна, Елизавета Петровна және I—II Екетериналар екен, олар шығарған күміс ақшаның сапасы, кейінгі еркек патшалар шығарған күміс ақшадан жоғары болатыны рас екен. Б.) Қыз-келіншектерінің киімдеріне күміс қадайтын, білезік, сақина, жүзік, шолпы жасататын қазақтар, әсіресе ауқаттылар «адал» күмісті ғана қол-данып, мүмкіншілігі жеткенше «арамын» жуытпайды.

Әжем менің шашбауыма жап-жалпақ, қап-қалың екі «адал» сөлкебай тақтырған еді... Қазір жоғалған шашбауымның маған күмісінің «адалдығы» емес, әжемнің өз қолынан жасатып бергендігі қымбат болды.. Сәкпаяшымда моншақтарым — анау!.. Олар жоғалғаннан кейін мына екі сөлкебай, маған екі шешемнің көзіндей, екеуін қосқан бауы — жақсы жеңгем Қалисаның көзіндей көрінген еді. Енді ол көздерден де айырылдым!..

Осы ойдан өртеніп кетердей боп, не істеуге білмей қалдым. «Алдырған анасының қойнын ашады» дегендей, «қыз ұрлады ма?» деген күдікпен қасына бардым да, үстіндегі көрпесін жұлып алдым. «Немене?!» дегендей, жап-жалаңаш жатқан қыз атып тұрып, орнында шоқия қойды да, маған бажырайып қарай қойды. Жасы алты-жеті шамасындағы бала екен. Талай арық баланы көре-жүре, бұндай арық баланы өмірде кездестірген емен: қайыстай қап-қара денесінде сүйегіне жабысып қалған терісінен, сүйек атаулысын да, тамыр атаулысын да санап аларын!.. Кескін түріне қарасам, ұйқысы алдақашан ашылған адам. Жыланның көзіне ұқсаған кіп-кішкене, қап-қара көздері маған қарап жаутаң-жаутаң етеді. Басында дударланған қап-қара көмірдей шашы сеңсең тоқтының жүніне ұқсайды... Аты есімде сақталған қызға:

— Әй, Қодық, шашбауымды алдың ба? — деп ем, жауап берудің орнына, өткір көздерін қадай түсіп басын шайқады.

— Бер, алсаң! — деп жекіп ем, қыз тағы да үн-түнсіз басын шайқады.

Менің даусыммен оянып кеткен болу керек:

— О не, Бәтес?!— деді Мүсәпір, былшық басып қызарған көздерін уқалай басын көтеріп.

— Ұрыдан құтылмайтын болдым ғой, қайда барсам да! — дедім мен жасқа булығып.

— Не болды?!.

Болған оқиғаны өксіген дауыспен Мүсәпірге әрен айтып ем, ол таңданғаннан басқа іштеңе дей алмады.

— Мен бұл үйден кетем! — дедім Мүсәпірге.

— Ұсқынынан қорқайын дедім осы үйдің.

— Қайда барасың, сонда?

— Көзім, тілім, аяғым бар кісі емеспін бе? Сұрай-сұрай табармын.

— Нені?

— Оқу үйін.

Шығып кетпек болған мені, Мүсәпір зорлағандай тоқтатып, күн түскен терезеге өз пальтосын, менің желеңімді құрды да, көлеңке бөлменің ішіне мені де отырғызып, өзі де жақындау тұсқа отырып, әңгіме айта бастады.

— Бетіңмен қаңғыруға болмайды, Бәтес,— деді ол маған,— Қызылорда Торғай емес, «пәленшенің үйі, түгеншенің үйі қайда?» деп кім көрінгеннен сұрасаң, «әне тұр!» деп айтып беретін. Мұнда баратын жеріңнің көшесі, номерін білмесең босқа адасасың. Өйтпе, сен. Айттым ғой жолда, «шаманқ келетін қай оқуға ниет етсең де, өз қолымнан апарып орналастырам» деп. Сол сөзім сөз. Қазір қалаға баруға, мезгіл тым ерте. Барлық оқу орындары да, мекемелер де бұл кезде жабық. Сағат жаңа ғана жеті болды. Тоғыз кезінде ашылады олар. Оған дейін көшені босқа шарлаймыз. Сегізге дейін шыдайық. Үй иелері де келер оған дейін. Бұл үйге кіргенде шашбауыңның бары рас болса, қайда кетеді ол? Қалғыған шағында, бөгде біреу қымқыра жөнелмеуін кім біліпті. Айтайық үй иелеріне, олар іздестірер, мүмкін, табар.

«Үміт дүниесі» деген қызық емес пе?.. Үміттен айырылса не болар еді адам?.. Мүсәпірдің «мүмкін, табар» деген сөзінен, сөнген сияқты болған үмітім тұтанып, мен енді «кетем» деп арпалыспадым. Мүсәпір:

— Үй іші көлеңкеленген соң салқындауға айналды. Әлде, қисайып мызғымысың? — деп еді:

— Жоқ, ұйқым келмейді,— дедім мен.

— Бұл үйдің іші бұндай жүдеу болмайтын еді,— деді Мүсәпір біраздан кейін,— жыл басынан бері кіргенім осы еді. Табысы жоқ байғұстар сатынып-сұғынып... дегендей, одан бері бар мүлкін ішіп-жеп қойған ғой. Уақытында жігіт-ақ болған жігіт. Совет орнағанға дейін бір байдың прикащигі де болған. Байсыз да күн көре алатын жігіт. Совет заманында еңбексіз күн көре ала ма адам. Еңбекке денсаулығы жарамаған соңақ шаруасы шайқалып, берекесі кеткен. «Жаңғырық жалап ит тоймайды» дегендей, базарда ескі-ұсқы сатумен канша табысы болады дейсің.

Одан әрі Мүсәпір Күзеннің «тәуір» деген күндерін сипаттап кетті. Ол кеңесі мені еліктіре алмағанын көргеннен кейін, «сырты қара болса да, іші сара» деп Есектасты біраз мақтады. Маған: «Бұларды босқа мақтап отырмаған боларсың, мені осында тұрғызудың

қаразы болар оның» деген ой келді де, Мүсәпірдің сөзін кесіп тастағым кеп:

— Қайтейін, бұрын кім болғанын. Қазір берекеден айырылған адамдар ғой, бұлар. «Ит байласа тұрғысыз» деген үй осы ғой! — дедім.

Мүсәпір одан кейін Күзен мен Есектас кеңесін доғарып, мені даярлық класына апарып түсірем деген институтты мақтап кетті.

— Бастығы Молдағали Жолдыбаев,—деп аяқтады бұл ұзақ кеңесін Мүсәпір.— Таныс адам. Өзі «бір» деген коммунист. Биялайға жуық жақсы да кісі. Тәубасын ішіне қосқанда, оған сені қабылдатам.

Сыртқы есіктен тықыр естілгенде, екеуміз құлақ түре бергенде, төсекте көрпесін жамылып қимылсыз жатқан қыз «апа!» деп бақырып қоя берді. Қыздың жылаған сияқты тұрпайы даусынан Мүсәпір екеуміз де шошып кеттік.

— Немене? — деген әйел даусы естілді ауыз үйден. Есектастың даусы сияқты...

— Ап-па! — деп жылаған қыз төсектен түсе берді.

— Немене, күнішегім? — деп төргі бөлменің есігінен Есектас кіре берді.

— Ұрды! — деп, шешесін бақырып бассалды қыз...

— Кім? — деді шешесі.

— Анау, келіншек! — деді қыз, мені қолымен нұсқап.

— Астапыралда, қашан?! — дедім мен шошып кетіп.

— Ұрдың, ұрдың! — деді қыз, бажылдаған даусымен баспалатып.

— Ұрмаса, неге жыласын? — деді Есектас.

— Олда-білде ұрған жоқпын, жеңгей! — дедім мен орнымнан түрегеп, қасына қарай беттеп.— Шашбауым жоғалып, соны сұрағаным рас.

— Не қылған шашбау? — деген Есектасқа мән-жайын қысқаша айтып беріп ем:

— Мұнда келгенше жоғалтқан шашбауың ғой ол,— деді Есектас,— поезда ұрлатқаныңды білмей қалғансың ғой...

— Олай емес, жеңгей!.. Бұл үйге келгенде бар, анау бұрышқа қисайып жатқанда бар...

— Қайда кетеді, ендеше?.. Тышқаннан басқа жан мақлұқ бұл үйге жоламайды. Сонда менің мынау шынашақтай балам ұрлады деп тұрмысың?

— Желге ұша ма, енді? — дедім мен.

— Ойбай,— деді Есектас, таңданған дауыспен,—

еліңнен неге шығып жүр десем, осындай пәлекорлығыңнан шығып жүр екенсің ғой...

— Олай деме, жеңгей! — деді Мүсәпір,— пәлекор кісі бұл емес. Мен де «қызың алды» демеймін. Жапжас бала, қайдан білсін ұрлықты. Көрші-қолаңның біреуі алған болу керек, Бәтестің қалғып жатқан шағында кіріп.

— Қояйық осы кепесті! — дедім мен. Шашбау менікі ғой. Барсын. Салауат. Кім алса аса айтарым: «Тамағына тас болып қадалсын».

— «Жаман қатын қарғысшыл» деп, жас басыңнан қарғысшыл екенсің! — деді де, қызын көтеріп қолына алған Есектас ауыз бөлмеге шығып кетті.

— Алған сол қыз екен! — дедім мен Мүсәпірге.

— Оны қайдан білдің?

— Әлгі «ұрды» деп жылауынан. Ұрмақ түгіл денесіне қолымды тигізген де жоқпын. Біздің ауылда дәл осындай ұры қыз болушы еді, жиын-тойда жанасып кеткен қыз-келіншектің үстіне қадаған моншағын үзіп ала қойып, «алдың ба?» десе, байбалам сап жылап қоя беретін, сонысынан қорқып, алдырған адам біле тұра үндемейтін. Егер үндемейін десе, әлгі Есектас сияқты жалақор шешесі «баламды ұры қылдың!» деп байбалам сап, жоқшы адамды «балағаттап, үйді басына көтеретін. Сонысынан қорқатын жұрт, «тимендер, кәпірге!.. Қызыл көзді пәлеге жуымандар!» десетін. Мынау қыз да, шешесі де дәл сол!..

Есектас бізге аздан кейін шай даярлап берген болды. «Базардан әкелдім» деп оның дастарқанға тураған наны,— «тандыр» аталады екен. Бірінші рет көрген наным. Жобасы біздің елдің таба нанына ұқсайды. Бірақ, негізі солай ма, әлде кеуіп қалған ескі нан ба, шайнасаң сағыздай созылады да, езілмейді. Кесеге құйып әкелген аппақ, қоп-қою бірдеменің атын «нишалла» дейді, дәмі тәтті болғанмен, ірің сияқты көрінген бұнысын аузыма салдым да түкіріп тастадым. «Құмшекер» деген сап-сары бірдемесін «қайнатқан ұсақ қант» деп ұсынып еді, дәмі күйік татиды екен. Қойдың тоғышар шегі сияқтандырып өрілген бірдемені «қауын шек» дейді. Ол да тәтті сияқты. Мен өзім тәттіге үйір емеспін де. Дастарқан үстінде қант тұрғанда, шайды онсыз іше беретінмін. Сондықтан, Есектастан дастарқанына қойылған, бұрын көрмеген тәттілерді де жемей, нанын да жемей, жалғыз кесе қара шай іштім.

Сағат тоғызға жақындай, Мүсәпір екеуміз институтқа кетпек болдық.

— Күн тіпті қайнап кеткен,— деді оның алдында тысқа шығып келген Мүсәпір,— көйлекшең жүрмесе шыдамас адам. Сыртқы киімдеріңді тастап кет мұнда.

— Жоқ, тастамаймын! — дедім мен.

— Неге!..

— Бұл үйге, мен енді сүйресе де келмеймін. Барлық киімдерімді ала кетем.

— Келмесең келмессің,— деді Мүсәпір,— кейінірек мен келіп алып кетермін. Ыстықта арқаламай, тастап кете тұр.

— Тастамаймын! — дедім мен,— «пәледен масайық қашыпты дегендей, бұл үйден менің қайтып оралмастай боп қашқым кеп тұр. Шашыма өрген бауымды ұрлап алған бұл үй, киімдерімнен тұк қоймас. Үйде қолдан тіккізген киімдерім еді, тіккен адамдарды көздеріндей көре тұрайын. Бұған дейінгі тоналуым да жететін болды ғой, енді тоналғым келмейді.

10. БҰЛ НЕ ТЫМ-ТЫРЫС

Желеңім мен жеңді қамзолымды қолтықтап, көйлек сыртынан жеңсіз қамзолымды киіп, Мүсәпірмен тысқа шықсам, «әуе айналып жерге түсті» дегендей, бұлтсыз аспанда шаңқыған күннің күйіп тұруы сұмдық екен!.. Басымда жекейлеу құндыз бөркім бар-ды. Аяғымда шұлғаулы етік. «Күнге күйсе шашыңның түсі кетеді» деп әжем бөркімді басымнан алдырмайтын. «Бәтеңке» дегенді ол кездегі ауылдың қызы кимейді. «Қызға аяғын көрсетуге болмайды» деп, «қыз болғаннан» кейін әжем етігімді де төсекке жатқаннан басқа уақытта тастатпайтын. Елде жүрген уақытта күн қанша ыстық болғанмен, бөркім басымды, етігім аяғымды пысынатпайтын еді. Енді, Күзеннің үйінен шыға, төбемнен төмен қарай сорғалай жөнелген тер бақайшағыма бір-ақ тоқтағандай боп, отқа қақтаған мұздай ерідім де кеттім. Сол халімді көрген Мүсәпір:

— Айтсам тіл алмадың, Бәтес!— деді маған.— Әлі де айтам: тастап кетші, қолтығыңдағы киімдерді!

— Жоқ, тастамаймын.

— Ендеше мен алып жүрейін! — деп Мүсәпір қолтықтағы киімдерімді еркімнен тысқары суырып алды.

— Жеңсіз қамзолың мен бөркіңді өз қолыңа ал! — деді ол маған.

— Алмаймын.

— Неге? Терлеп кеттің ғой.

— Оқасы жоқ,— дедім мен. Іштей ойлап тұрғаным: ертеректе біздің елден хажылыққа барған бір топ адам жұқа киімнен ыстық өтіп қырылып қалғанда, «Алдайбай» деген қазақы кісі, «жылы киімнен күн өтпейді» деп, аяғына байпақты етік, үстіне қалың жүн күпі, басына түлкі тымақ киіп ап елге өлмей келді десетін. Менің де сол Алдекең құсап, ыстықтан жылы киіммен қорғанғым келді де, денедегі киімді жеңілдетудің орнына, Мүсәпір қолтықтаған бешпентімді сұрап ап, сыртымнан киіп алдым. Мүсәпір:

— Жұрт күледі ғой бұныңа! — деп күліп еді:

— Күле берсін,— дедім мен,— күлгеннен өлген қиын болар!..

Мүсәпір бастаған жаққа қатарласып жүріп келем. Тұлабойымнан тер сорғалап келеді. Ішкі киімдерім денеме жабысып қалғандай боп, жүруіме бөгет жасайды. Қонышымнан су құйылғандай, аяқтағы шұлғауым да былжырап кетті. Ал күн жоғарылаған сайын қайнай түсіп, ішіңе тартқан ыстық леп, кеңірдегіңді күйдірген сияқтанады. Мүсәпірдің өзі мынадай ыстыққа үйреніп қалған адам ба, әлде терлемейтін кісі ме? Жылтыраған бетінде жалғыз тамшы байқалмайды.

— Киіміңді жеңілдетсең қайтеді? — дейді менің ауыр халімді көрген Мүсәпір. Оның сөзі көңліме ұялағанмен, термен денеме жабысқан ішкі киімдерімнен ұялам да.

— Іштеңе етпейді!— деген болам.

Қүзеннің үйінен «қала» дегені көп жер екен. Мүсәпірдің «ал, енді кірдік, қаланың шетіне» деген сөзінен бастап, тағы бір пәлеге ұрындық. Қызылорда жерінің боз топырағы бұрқылдақ келеді екен. Жолшыбай жолыққан бірен-саран көліктердің аяғынан көтерілген бозғыл шаңның өзі құмықтыра жаздап еді. Енді, қалаға кіре, ерсілі-қарсылы жүрушілер көбейіп, бұрқыраған шаң қалың тұман болды да кетті. Және жәй тұман ба ол?.. Аузы-мұрныңа толатын шаң емес пе?.. Ып-ыстық шаң!.. Мұндай шаңға үйренбеген мұрным әлсін-әлсін түшкіртіп мазамды алған соң, аузымды ашсам, қою, ыстық шаң көмекейіме құйылып, қақалып өліп қала жаздаймын. Содан кейін түшкірсем де аузымды ашпаймын. Шаңның толас жерінде маған көзі түскендер, «мына қызды қараңдар, күн күйіп тұрғанда оранып-шымқанып алған!» деп, «пысынамай қалай келеді?!»

деп, «қыстың масағы қалған қыз емес пе, өзінде!» деп, «елден жаңа келген бір сорлы да» деп, «есалаң қыз болмасын өзі!..» деп күлісіп өтеді...

Біраздан кейін шаңға да үйреніп жан-жағыма көз тіксем, есек мұндай көп болар ма Қызылордада!.. Ерсілі-қарсылы жосылған есекте қисап жоқ. Көбінің үстіне отындар, шөптер, толтырылған қапшықтар артылған. Кейбіреуіне өзінен үлкен добалдай кісілер мініп алған. Енді біреулеріне әлдекімдер мінгесіп алған. Соншама жүкті көтеріп, маймаңдай басатын есек, не деген мықты мақлұқ еді. Өз денесі сиықсыз есектің құлындары әдемі болады екен. Оның атын «қодық» дейтінін бір адамның екінші адамға «қодығың адасып қалды!» деген айғайынан, анау адамның, есектің адасқан құлынын алып келуінен білдім.

«Қаланың орталығы» деген тұста шаң бәсеңдеді. Мана Есектас «нишалла» деп атаған әппақ нәрсе, бұл көшенің әр бұрышында үлкен қазандарда лық толып тұр. Сатып алғандардың ыдысына иесі ожаумен іліп ап беріп жатыр. Жан-жақтан «нишалла!» деп шулағандар құлақты тұндырарлықтай. Базары жақын көше ме, әлде көшелерінің тәртібі сондай ма, қолдарына әртүрлі киім-кешек ұстап «алыңдар!» деп дабырласқандар қойдай өреді... Мүсәпір кідіріп:

— Киімдерің ұрланып кетті ғой, үстіңдегіңді ауыстырып киетін көйлек-көншек алмаймыз ба? — десе:

— Қайтесіз оны? — дей салам мен.

Тегі, менің ішкі ниетім сатып алуын жақсы көріп келе жатыр деп жорыған болу керек, Мүсәпір бірер жерде:

— Осыны алам! — деп етек-жеңі сымдай көйлектерге сөйлесе бастаса:

— Қимеймін, ондай көйлекті! — деймін мен.

— Ендеше матадай әперермін, біреуге тіктіріп аларсың,— дейді Мүсәпір.

Сөйтіп отырып, әлдене бақшаға кіріп кеттік. Ондағы ағаштардың көленкесімен жүріп отырып, әлдене алаңға жеттік. Соның шығыс жағында тұрған, терезелері көп, сұрғылт кірпіштен қаланып, төбесінің қаңылтыры қызыл бояумен боялған ұзынша үйді:

— Институт осы! — деді Мүсәпір.

Үйге кірсек, коридоры толған жастар екен. Ішінде ұлдар да, қыздар да көп. Кейі қалаша, кейі ауылша киінген.

— Өзіңдей оқуға келгендер! — деді Мүсәпір маған

сыбырлап, олардың арасынан өтіп бара жатып. Әлдене бөлмеге таянғанда:

— Жолдыбаевтың кабинеті осы,— деді Мүсәпір,— сен тұра тұр, мен кіріп шығайын.

Ол бөгеліңкіреп барып шықты да, «жүр, көрсетейін, таныстырайын» деп мені шақырды. Екеуміз кірсек, стол жанында, үстінде кенеп қамзолы бар, шашын да, сақал-мұртын да тақыр ғып қырыққан, семіз денелі, жалпақ бетті, қалың ерінді адам отыр екен. Столдың бер жағында бірер мосқал кісі отыр.

— Осы қыз ба? — деді жуан, мен есіктен кіре.

— Ие, Молдеке! — деді Мүсәпір. Маған «Молдағали Жолдыбаев осы» деп сыбырлап қалды.

Молдекең қасы қалың қабағын бір көтеріп, бір түсіріп, томпақтау үлкен көзімен денемді бастан-яқ шолып алды да:

— Бүлдіршіндей әп-әдемі бала екен,— деді күлімсіреген кескінмен серіктеріне,— бұндай қызды ауылдың қу белсенділері жолдан қағып ап, қаланың оқуына жібермейтін еді, бұдан қапыда қалай айырылып қалды екен?!.

— Бірталай мәні бар, Молдеке, оның,— деді Мүсәпір, — сізге кейін айтармын.

— Қайтесің айтып,— деді Молдекең,— жұрттың биографиясын жинап драма, я роман жазғалы жүрген кісі емеспін. Ауыл оқуға қыздарының шетке шығарған мегежіндерін ғана жібермей, мынау баладай сымбатты сұлуларын араластыра жіберсе болғаны. Әриңе, түртұлғасымен, кескін-кейпімен ақылды болмайды адам. Орыстың қазіргі әйелдерінде Лидия Сейфуллинадан сиықсызы және кескінсізі жоқ, ал жазуға одан күштісі жоқ. Анна Караваева да жақсы жазушы, бірақ ол сымбатты да, сұлу да адам. Қай елдің болса да әйелдерінде осындайлары аралас келеді. Орыстың қазіргі оқушы қыздарын алсаң да сондай аралас. Ал, әзірге оқуға келген қазақ қыздарын алсаң, көбі түрсіз! «Қыздарымыздың бәрі осылардай» дейін десең, осы Қызылордадан ауылға беттеп шықсан-ақ, нелер сұлу қызкеліншекті әр жерде кездестіре бересің. Соған қарағанда, ауылдың қулары оларды қалаға жеткізбей қағып алатын сияқты...

— Молдеке,— деді қасындағылардың мосқалдау біреуі, күлімсіреген кескінмен Молдағалиға қарап, мені қолымен нұсқап,— анау баланың аяғын талдырдың ғой, сұлулықтың философиясын айтам деп... әрі қала-

ға жаңа келген баланың сымбатына сын айтам деп ұялтып?..

— Немене ұялғаны бар?— деді Молдекең.—«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген. Біреудің бойында бар сұлулығын айту — ұялту емес.

— Отыр, шырағым!— деп Молдекең маған анадай жерден орын нұсқап еді, мен сыпайылық көрсетіп отырмай, рахмет айтқандай басымды идім.

— Ибалы бала болсаң, көп жаса!.. Бақытты бол!— деді де,— ал, шырағым!— деді Молдекең, маған енді байсалды кескінмен.— Түу-түу алыстағы Торғайдан келген қыз екенсің, сені алмағанда кімді аламыз оқуға. Институттың даярлық курсының біріншісіне түсетін. Оған да алты жылдық білім керек. Ал, сенікі төрт-ақ жылдық екен. Солай ма?

— Солай,— дедім мен.

— Ынта қойып оқысаң, бірінші даярлағыш курсты алып кетуің мүмкін. Жете ме, оған ынтаң?

— Тырысып көрем.

— Әкеңді Мүсәпір айтты. Білем ол кісіні. Енді азып кетпесе, бұрын зиялы адам болатын. Оқуға түсер алдында қояр шартым мынау болады: институтты бітіргенге дейін институттың қызы боласың, яғни, қамқорлығыңды институт мойнына алады. Оған дейін оқудан басқаны ойламайсың.

— Басқа не ойлар дейсің?— деді қасындағылардың жастауы күліп.

— Айтпа, сөз емес сөзді!— деді Молдекең оған жекіп,—«Ұлы сөзде ұяттық жоқ» дегендей, бойжетіп қалған қыз емес пе, бұл? Сұлуға құмарлар қалада да қаптап жүрмей ме?.. Солардың біреуі басын айналдыра қоймауын қайдан білесің?..

— Рас айтам, шырағым!— деді Молдекең маған қарап,— институтты бітіргенше жігітті ойлама, оқуды ойла! Жігіт ешқайда қашпайды, оқу қашады. Оқуды жасыңның осы бір шағында ұстап меңгеріп алмасаң, бірақтан кейін қандай жүйрікке мініп қусаң да жеткізбейді. Түсінікті ме?

— Түсінікті!— дедім мен.

— Ендеше, жаз, «қабылданды» деп!»— деді Жолдыбаев қасындағылардың жастауына.

— Экзамен ше?— деді ол жымиып.

— Қайтесің, түу-түу Торғайдан келген қыздан экзамен сұрап? Ала бер!.. Оқи алмаса өзінен көрер!.. Бара

бер, қызым!— деді ол маған.— Аты-жөніңді ертең кеп жаздырарсың да, тиісті қағаздарыңды аларсың. Бүгін қол тимей жатыр.

— Рахмет, аға!— дедім Молдекеңе басымды иіп, есікке қарай беттей беріп.

— Тұратын пәтерің бар ма еді?— деді ол артымнан.

— Жоқ!— дедім мен тоқтап, артыма бұрылып.

— Ендеше, ертең жатақханаға да аламыз!.. Бүгінше бара тұр!..

Тысқа Мүсәпір екеуміз бірге шықтық.

— Не деген жақсы кісі, әлгі Молдекең?— дедім мен.

— Иә, жақсы кісі! Әлгі сөздері — қалжыңы. Солай ойнап отыруды ұнататын адам. Көңіліңе ауыр алған жоқсың ба, ол сөздерін?

— Неге?— дедім мен,— ақыл сөздерді ауыр ап, жындымын ба? Ең жанашыр адамның сөзі емес пе, айтқандары?

— Ал, енді бір жерге барып тынығуымыз керек емес пе?— деді Мүсәпір.

— Әрине!— дедім, шаршаудан бойым салғырт тартып, ұйқы да торлай бастағандай боп есінеген мен.— Бірақ, қайда?..

— Күзеннің үйіне жайсыз кезінде апарам деп шошытып алдым ғой, өзіңді. Енді ғой, бармайсың оған?

— Басымды кессең де!..

— Ағасының үйіне барамысың, онда?

— Қайдағы?

— Айттым ғой таңертең, «бұның Қарсақ деген ағасы бар» деп? «Осы қаланың орталығында тұрады» деп?

— Айтқасың. Бірақ інісі анадай, ағасы қай жөнді дейсің.

— Олай деме. «Бір биеден ала да туады, құла да туады» демей ме қазақ? Бірге туған апаң — Қәкен мен өзіңнің араң қандай? Бұлар да сол сияқты. Ғажап жақсы кісі Қарсақ. Әйелі — Бөдене де қадірлі кісі. Екеуі де меймандос, қонақжай, барын қонаққа беретін, дастарқандары кең, қолдары ашық адамдар. Нанбасаң барып көрейік.

— Өзге таныс үйің жоқ па?

— Таныстар бар, бірақ, олардың бәрі бірдей пәтерші жібере бермейді. Және «үсті-басымыз кір-қоң» дегендей, бұл қалпымызбен қайда барамыз? Қарсақтың үйі иіс-алмастау. Ертең жатақханаға орнығатын болдың ғой. Бүгін сол үйде болайық.

— Оқасы жоқ,— дедім мен, Мүсәпірді бетке қаға

бермейін деп.— Ремонт болып жатыр деп ең ғой пәтерінде, онысы бітті ме екен?

— Бара көрейік.

Қарсақтың пәтері қызық жерде екен: кең орамды айналдыра салған тапалтақ, төбесі жайпақ, тұтас үйлердің біреуінде де көшеге қараған терезе жоқ. Төрт қабырғасының қай жағынан қарасаң да, сұр балшықтан тұтастыра соққан тескіндіксіз қорған сияқты. Қақпасы бір-ақ жағында, өзге жақтары тұтасқан қамау. Сырты тұтас қамаудың іші, ішкі қабырғалары да тұтасқан қаз-қатар үй. Сол көп үйлердің жиі жасалған есіктері мен терезелерін, алыстан қарағанда араның ұясы деп ойларлық. Осындай тұтас үйлер қоршаған кең қораның орталығында, есіктері ғана бар, терезелері жоқ, тағы бір кішірек тұтас қорған тұр. Ол, айнала отырған көп үйлердің отын-су сияқты қажетті жабдықтарына арналған сарайлар екен.

Қаз-қатар жасалған көп үйлердің біреуінде тұратын Қарсақтың пәтері бұл кезде ремонталып боп, иелері ішіне кірген екен. Қарсақ деген: салбыраған бұғағы кеудесіне түскен, сақал-мұртын қырған, бет бейнесі кіші-гірім табақтай, сол беттің үстінде, үлкен картопқа жабыса өскен түймедей боп қасқа басы шошая қалған, жуандығына анау-мынау кісінің құшағы жетпейтін семіз, саусақтары быртиған қысқа, бір-бір балағы бес пұт бидай сыятын қаптай кең кенеп шалбары мен қазақша кең ғып тіккен ақ-шұбар ситса көйлегінің, оң жақ шекесіне жантайта киген өзбек тақиясының кірден мәрі көрінбейтін, түйенің табанындай жалпақ аяғына әлдене шәркені іле салған, қолтығындағы қолансасы мен аяғындағы күсінің сасық исі бұрқыраған, мейлінше денелі, мейлінше салақ, нас адам екен.

Ал, оның әйелі — Бөдене десе — бөдене: кіп-кішкене, қап-қара, доп-домалақ, сеп-семіз, жылтиған біреу!.. Күйеуіне еліктеуіме, табиғаты солай ма, ол да кір-қоң боп жалаң-аяқ жүретін адам екен. (Біздің Торғай елінде, бай болсын, кедей болсын, кәрі болсын, жас болсын, жалаңаяқ жүретін әйелді кім көрген!..) Сол қалпымен дөп-дөңгелек, қоп-қоңыр кескіні әп-әдемі: кішкентай көздері мөлдіреген қап-қара, кішкене мұрны да пістедей қырлана қойыпты, бүрілген кішкене аузында тізбектелген тістері маржандай аппақ, жіңішке қою қара қасы да қабағында иіле ғапты. Осы кескінімен таза жүрсе, қаранның сүйкімдісі болар еді бұл әйел!.. Салақ әйелге қор болған қайран ажар!..

Мүсәпірдің айтқаны расқа шықты: Қарсақ та, Бөдене де менің кім екенімді білгеннен кейін — «бауыр екенсің ғой!..» деп жылы жүзбен шүйіркелесе кетті. Қарсақ біздің үйде болып сый-құрмет көрген, әкемді де, әжемді де жақсы білетін адам боп шықты.

— Жатақханасы құрысын!— деді ол маған,— біздің үйде тұрып оқи бер. Жаңа үйіміз күзге дейін бітеді. Оған дейін осы пәтерде тұра бер: кең сарайы бар, үйі бар, әзірге сиысып жата тұрамыз. Көп жанымыз жоқ. Екі-ақ баспыз. Бала болмаған жоқ. «Мал таппас жігіт болмас, құрарын айт, ұл таппас қатын болмас, тұрарын айт!» дегендей, анау жеңген ұл да, қыз да тапқан адам, бірақ ешқайсысы тұрған жоқ. (Жап-жас сияқты көрінген адам, сонша баланың анасы болғаны ма?!) Жақсы болсаң баламыздай да боп кетерсің.

Бұл сыпайылық сөздерге мен жауап қайырған жоқпын: жатақхананы да, бұл үйдің жайын да көріп, тоқтамға асықпай келуді ойладым.

Ремонты жаңа біткен пәтердің іші әлі жиналып болмай ыбырсып жатыр екен. Оған түпкілікті орнайтын жасаңдау ерлі-зайыпты адамдар, қонақты жаратпайтын кірбіңдеу кісілер екен. Оның үстіне, үйдің ішіне жаңада ғана жағылып, әлі көкшілденіп кеуіп үлгермеген ізбес көзді жеп жібере жаздайды екен. Есігін жапса тастай қараңғы сарайдың іші де былығып жатқанмен, ауасы үйден жеңілдеу сияқты. Сондықтан танысып болғаннан кейін, шайға қанып, нанға тойып алғаннан кейін, Бөдене мен Қарсақ маған:

— Енді тынық, шырағым. Үй мен сарайдың қайсысына тынықсаң да еркің!— деп еді, мен сарайды қаладым.

Есігін жапқан қараңғы, салқын сарайдың ішіне, жерге салып берген төсекке киімшең қалпыммен қисайсам, қатыппын да ғаппын... Біреу оятқанға қарасам, Бөдене екен.

— Жақсы ұйықтадың, шырағым,— деді Бөдене,— күні-бойы ұйықтадың. Күн намаздігерге таянып қалды. Қалған ұйқың болса, алдыңдағы түн бар. Ұйқыңды аш. Жуын. Ас та пісіп тұр. Мүсәпір де келді базардан.

— Ұйықтаған жоқ па, ол кісі?

— Кешке бір-ақ ұйықтаймын деп базарға кеткен. Саған көйлек-көншектік маталар әкепті, тағы бір киімдерді әкепті...

«О несі?!— деп ойлап қойдым ішімнен,— маған деп киім алма дегенім қайда?!» Бірақ бұл жәйда Бөденеге

сыр берген жоқпын. Киініп сыртқа шықсам, батысқа еңкейген күн үйдің тасасына түсіп, қораның көленкелі іші салқын тарта бастапты. Жақын жерде, көгілдір түсті шолақ дамбалмен ғана жап-жалаңаш жуынып жатқан, тыртиған арық денеге көзім түссе, Мүсәпір екен!.. Бұл қалпында ұсқынсызы-ай!..

Жуынып, желпініп... дегендей жайланған бізге, ас сарайға әзірленді. Әуелі Бөдене екеуміз оның ішінде ыбырсыған нәрселерді жинастырып, дастарқанды содан кейін төседік.

— Саған деп әдейі балау бастым,— деді Бөдене.

«Балау» дегенді естігенім болмаса көрген емен. Біздің елде, ауыл қыдырған біреу, әлдекімнің үйінде отырып қалса, «немене, сонша бөгеліп?.. Балау басып берді ме?» дейтін еді соған қарап, «балауды» тәтті бірдеме болар деп ойлаушы ем. Енді көрсем, күріштен жасап, ішіне тауықтың етін мүшелеп салған, өрік, мейіз қосқан кебір тамақ. Біздің ел күріш екпейді. Оның не нәрсе екенін біз ана жылғы аштықта, жәрдемге келгенде көргеміз. Сонда басқа тамақ жоқтықтан жеген біздің ел, тоғайғаннан кейін, «жемей жатып қарынды ашырады, өзі су татиды» деп қазына жіберген күрішті алмай қойған. Біздің ел оны ботқа ғып пісіретін. Бөдене пісірген балаудағы күріштің дәндері езілмеген түйіртпек қалпында жүр.

— Бұл қалай?— десем:

— Ең жақсы піскен балаудың дәні осылай түйіртпек болады,— дейді Бөдене.

Таңертең Күзен үйінде жеген «тандыр» атты нанның да қалай пісуін Бөдене көрсетті. Қорадағы төбесі қол шатырдай боп дөңгелене салынған пештің ішіне от жағып кірпішін қыздырады екен де, күлін де, шоғын да алып тастап, қызған кірпішке нанның камырын жапсырады екен. Ол лезде пісіп қап, орнына тағы да қамыр жапсырады екен. Илеуінен бе, жаңалығынан ба, бұл тандыр тамаша дәмді екен. Тегі, Күзен үйінде жеген тандыр қатып қалған ескі болу керек.

Балауға тойып, шайға қанғаннан кейін:

— Ал, Бәтес, күн кешкірді. Бақшаға барып қайтсақ қайтеді?— деді Мүсәпір.

— Бақшасы не?

— Жұрт серуендейтін орын.

— Мен не алам одан?

— Түк те алмайсың,— деді Мүсәпір күліп,— серуендеп көңіл көтересің

— Мен бармаймын,— дедім.

— Неге?

— Шаршап отырмын,— дей салдым.

— Ендеше өзім барып келейін,— деді Мүсәпір.— Сен тынықсаң тынық. Шаршадың ғой, ұзақ жолда. Күндіз жақсы ұйықтап алдың ғой. Біразға дейін жата қоймассың. Сен, Бөдене жеңгей, Бәтестің ояу уақытын пайдалан да, әлгі бір, базардан әкелген кездемелерді пішіп, үлгергеніңше тіге бер.

— Өзім піше де, тіге де алмаспын,— деді Бөдене,— менің олақ пішіп, тіккенім Бәтеске ұнамас. Көршіде шебер қатын бар. Аяқ машинесі де бар, лезде зырылдатып бере қояды.

— Ендеше, сөйт. Міне маталар!— деп алдымызға әкеп тастаса, бір көйлектік пай, бір көйлектік шәйі және бір көйлектік қара-ала жібек екен.

— Осынша несіне шығынданғасың?— деп ем:

— Қарызға!— деді Мүсәпір күлімсіреп,— оқуынды бітіріп, қызметке орналасып, ақшаны көп тапқанға дейін.

Ұзаққа қарайды екенсің, қайным!— деп қойды Бөдене де жымиып.

— Қалжыңдаймын, жеңгей,— деді Мүсәпір,— борыштанатын кісім емес бұл Бәтес менің. Жақын кісім. Оның жәйін кейін айтармын. Чемоданға салған киімкешектерін жолда ұрлатып алғанын айттым ғой мана. Қазір ауыстырып киетіні де жоқ. Мына көйлектер тігілсе, екеуің моншаға барып қайтарсыңдар.

— Мақұл,— деді Бөдене.

— Ал, мен кеттім!— деп Мүсәпір жөнеле берді де, артына қайта оралып.— Ұмытып барады екем ғой, Бәтес!— деді маған.— Бәтестің бөркі Қызылордада ауыр болған соң, бір әдемі кестелі тақия алып ем; етігі ауыр боп жүрген соң —«бәтеңке кимес» деп, «аяғына жеңіл болар» деп кестелі кебіс пен мәсі ала қойып ем.

Мүсәпір әкеп көрсетсе, тақиясы да, кебіс-мәсісі де сәнді екен.

— Қарадай шабылыпсың ғой, қайным!— деген Бөденеге:

— Демің ішіңде болсын!— деді Мүсәпір.— Ақша жетеді. Жақын кісіміз. Оқасы жоқ.

Мүсәпір шығып кетті... Қазақта бір әңгіме бар: әлдекім қойдың тұтас құйрығына у сеуіп, қасқырдың апанының маңына тастайды да, өзі жақын жерде тығылып аңдып жатады; апанына келген қасқыр құйрық-

ты көреді де, «бұ не деген батпан құйрық? Далада тегін жатқан құйрық!» деп қомағайланып асап қояды. Аздан кейін қасқыр уланып құлағанда, аңшы: «У салғаным батпан құйрық, қасқыр оны қапқан құйрық, сілесі содан қатқан құйрық» деп сорлы аңды соғып алады. Сол-айтқандай — Мүсәпірдің бұл мырзасуы қай мырзасу?!.

Бөдене маталарды көтеріп, мені ертіп, көршісіндегі тігінші әйелге апарып еді, мән-жайымды сұрастырып алғаннан кейін:

— Жақсы, айналайын!.. Қазір тігіп берейін!— деді де, көйлектерді өз өтінішіммен қазақша пішіп, биенің бір сауынында үшеуін де тігіп берді. Бұл да Қалисадай, қолы аса епсекті адам екен, көйлектері үстіме қона да, жараса да кетті.

— Ал, енді моншаға барайық,— деді Бөдене маған.

— Оңаша түсетін монша ма?

— Бұндай үлкен қалада ондай монша болмайды. Көпшілік түсетін монша ғана болады.

— Оған мен бармаймын.

— Неге?

— Ұялам!

— Кімнен? Бәрі де әйелдер болады.

— Сонда да.

Бөдене қанша түсіндірем дегенмен, мен көнбедім. Қалай көнем? Әжемнің бойыма сіңірген тәрбиясы бойынша, балалық жастан өткен әйел, өз ерінен басқа жанға, беті мен қолының басынан басқа ешбір денесін ашық түрінде көрсетуге тиісті емес.

— Денеңнің кірін қалай кетіресің?— деген Бөденеге:

— Оңаша жерге барып құманмен құйынып аламын,— дедім.

Іңірде сарайдың бір бұрышына солай жуынып алдым.

«Ұлы сөзде ұяттық жоқ» дегендей, маған ендігі қиыны дәрет болды. Қалада «дәретхана» дейтін орын барын Қостанайда көргем. Оның өзіне амалсыз барып, иісінен құсып өліп қала жаздағам. Ал, мына қорада ол да жоқ екен. Тұрғын әйелдерге қарасам, көрінген тасалау жерге отырып жүр. Ауылда «алты қырдың астына» дегендей, жан көрмейтін таза жерге кетіп қалатын мен, бұндай қыспаққа қалай отырмақпын?.. Оның үстіне, қонаның ластығын көргеннен кейін, исі мұңкіп кеткен сияқтанып, жайдан-жай, ал, кеп құс!..

Мүсәпір мен сарайға жатып қалған шақта келді. «Бұрын осы сарайда жататын ек» деген үй иелері, бүгін пәтерлеріне қонып, сарайға Мүсәпір екеумізді оңаша тастады. Қазақта, жігіт қонған үйінің бойжеткен қызы болса, қабылдасын, қабылдамасын, түнде, жұрт ұйықтағанда қасына бару әдеті барын білем. Біздің үйге қонған кейбір жігіт те сөйтем деп, менен шапалақ жегені бар. Қарсақ пен Бөдене Мүсәпір мен мені сарайға жатқызатын боп, екеумізге екі бұрышқа орын даярлаған соң, ішімнен «бұлары несі?» деп ойлаумен қатар, Мүсәпірді сынау ниетімен қарсы болған жоқпын. Мен оңаша жатқан сарайға, кешірек қайтқан Мүсәпір сөйлене кірді.

— Бәтес, ұйықтадың ба?— деді ол, сарайға кіре, ақырын дауыспен.

— Жоқ!— дедім мен.

— Неге?— деді ол қалтасынан алған сіреңкенің шырпысын бірінен соң бірін тұтатып.

— Күндіз ұйқым қанып қапты.

— Ендеше, мені ұйқы басып келді. Төсек бар ма екен, маған?

— Бар. Анау бұрышта.

— Қәне?— деп, Мүсәпір сіреңке жарығымен төсегін көріп алды да, есікті жауып,— ал, мен кеттім!— деді. Кешікпей оның қорылдаған дыбысы естілді.

Мүсәпірден сақтануымнан ба, әлде күндіз ұйқымның қануынан ба, мен таң әппақ боп атқанша бақырайып жаттым да, одан кейін тысқа шықтым. Айтпақшы, Қарсақтың сауын сиыры бар-ды. Бөдене ерте тұрып, сиырын сауып боп, қала шетіндегі табынға айдағалы жатыр екен. Мен оған ере кеттім де әлдене кең бақшаның ішіне кіріп, көкке аунап, желпініп, таранып... дегендей, мейлінше рахаттанып алдым.

Қайтқан жолымызда Бөдене маған жаңадан салып жатқан үйлерін көрсетті. Ертеректе әлдекімнің жұрты болған, бұзылған кең ауласының ішіне жеміс ағаштары өскен, ұңғыл-шұңғылы көп орын екен.

— Осы үй бітсін,— деді Бөдене.— Содан кейін, ағаң айтқандай, бізбен бірге тұрасың. Төргі бөлмені саған беріп қоярмыз. Ағаң екеумізге ауыз бөлме де жетеді.

— Оны көреміз,— дедім де қойдым мен.

Бөдене екеуміз қаланы аралаңқырай отырып, сәске көтеріле келсек, Қарсақ та, Мүсәпір де тұрып, Қарсақ самауырға шоқ салып жүр екен.

— Қалай, қайным, жақсы ұйықтадың ба?— деген Бөденеге:

— Өте жақсы!— деп жауап берді Мүсәпір.— Талай түн шала болған ұйқының есесін, салқын сарайда, бірақ түнде қайтардым!..

Шайдан кейін Мүсәпір екеуміз институтқа бардық та, қажетті қағаздардың бәрін реттеп болдық. Содан кейін, Мүсәпір маған:

— Жатақханаға барам десең де еркің, Қарсақ ағайдың жаңа үйі біткенше манағы пәтерінде тұра берем десең де еркің,— деді.

— Жатақханаға барайын,— дедім мен.

— Жалғыз ғана шартпен,— деді Мүсәпір.

— Қандай?

— Жаңа үй біткен соң, соған көшесің. Ұлықсат етсең мен де сонда тұрып, етпесең басқа пәтерге шығам. Маған сенің жайлы тұрғаның керек. Қалпыңды байқадым: сен жатақханада тұра алатын кісі емессің.

— Көрерміз,— дедім мен.

Орналасуын орналасқанмен, жатақхана дегені маған аса жайлы бола қойған жоқ. Ең алдымен, оның ұнамағаны — шуы. Оқуға биыл кеп түскендері бар, бұрынғы оқып жүргендері бар, біз бір кең бөлмеде жиырмадан астам қыз жатамыз. Менің ұғымымда, әйелдер былай да бірін бірі тыңдамай жамырай сөйлейтін берекесіз «халық» еді. Мен ондайларды «қатындар» ғана деп ойлайтын ем. Енді қарасам, «қыз» дегендерің де, шулауға келгенде олардан кем түспейді екен. Қыздың да ішінде талай түрлілері болып, ауыздарына түскен сөзді айта беретіндері аз емес екен. Оның үстіне, сол үйде асхана бола тұра, «қолдан пісіргеніміз тәтті болады» деп, астарын бөлмеде даярлайды; кір жуатын орын бола тұра, «ойдағыдай болмайды» деп кірлерін ертелі-кеш өздері шылпылдатып жуады да жатады; ойындары, әндері тасып бара жатқандай, бірін бірі түрткілеуден, сықылықтап күлуден, жеке де, қосылып та ән айтудан ауыз жаппайды; қой десең тыңдамай, қатты айтсаң ұрсысады!.. Мұндай шуға үйренген адаммын ба мен?.. Бір тауды жайлаған жалғыз киіктей таңы боп, тиыштықта өскен адам емеспін бе?.. Сондықтан мына шуға үйрене алмай әлек болдым.

Жатақхананың екінші ұнамағаны — асы. Асханада даярланатын тамақтың біреуі де аузыма тұшымай қойды. Қымыз, ет, айран, қаймақ, сүт, май, құрт ірімшік сияқтылардан басқа асты татып көрген адаммын

ба мен бұған дейін?.. Асхана тамағының көбі картоп, капуста сияқты шөп-шалам. Оны әрі менсінбеймін, әрі жесем де қарным ашады. Өзге қыздар: қауын, қарбыз, алма, өрік сияқты жемістерге де өліп-өшіп жатады, мен оларға да қызықпаймын...

Дегенмен, осы тұрмысқа шыдауға бекіндім де, айырылған сағаттан бастап, жатақханаға орныққан уақытқа дейінгі көрген-білгенімді, ақыл-ойым жеткенше толық жазып, Тәшкендегі Бүркітке жолдадым. Хатты почтаға Мүсәпір екеуміз қолдан апарып бердік. Қағаздан қиып қолымнан жасаған үлкен, жуан конвертті көрген Мүсәпір:

— Кітап емес пе, мынауың?— деп күлді.

— Мүмкін, болуы!— дедім мен.

Хатты почтада, Мүсәпірмен қылмыңдай қалжыңдасқан қазақ қызы қабылдады. Конвертті ол қызға қалдырып кеткеннен кейін, көп уақыттан бері жанымды жаншып жүрген ауыр ой жеңілденіп қалған сияқтанды...

Мен жатақханада сол жатқаннан жата бердім. Оған орналасқаннан бірер күн кейін, Жақыпбектің әйелі — Тәслима келіп пәтеріне ертіп әкетті де үй жағдайымен таныстырғаннан кейін, Бүркіт «жақсы көретін жиенім» деп мақтай кеп, «оны жақсы көрсең, мен де сені жақсы көрем» дей кеп, «біздің үйде тұрып оқуыңа болады» деді. Үйі — шынында да жайлы екен: төрт бөлме, біреуінде ас пісіріледі, біреуінде ас ішіледі, біреуі — Жақыпбек пен Тәслиманың жататын бөлмесі, кішірек бір бөлме, Гуля деп атайтын он үш жасар қыздың қарамағында екен, баларақ кезімдегі мен сияқты еркелеу қыз көрінеді, киімдері қалаша, өзі әке-шешесімен орысша сөйлеседі, орысша білмейтін менімен қазақша сөйлеспек болып еді, бұрын олай сөйлеп дағды алмаған болу керек, ретін келтіре алмады... Жақыпбек әлдеқайда кеткен екен. Сөз түріне қарағанда, Тәслима да орысша тәрбиеленген адам болу керек: киім киісі де, тұлымын күзеген шашын дударландыра қойысы да қалалық орыс әйелдеріне ұқсайды, қазақтың тілін білгенімен, сөйлеу түрі қазақша жатық емес. Жасау түріне қарағанда, бұл үй өте бай болу керек, нәрселерінің бәрі де әдемі және қымбат, олардың бөлмелерге орналасуы да өте қызғылықты. Тәслима мені осы салтанатты үйдің қызы тұратын бөлмесіне орналастырам деп еді, мен рахмет айттым, да жатақханамда тұра бе-

ретіндігімді білдірдім, дәлелім — кластас қыздармен бірге тұрып сабақ үйрену.

Мүсәпір екеуміз Қарсақтың үйіне де барып жүрдік. Мен қалаға келгеннен он бес шақты күндер шамасында оның жаңа үйі де бітіп, ішіне кіріп алды. «Тек, биыл шатырын жабуға ғана күшім келмеді,— деді Қарсақ,— қамыспен жаппадым. Қаңылтыр табылмады. Аманшылық болса, келесі жазда жауып алам оны!» Ол маған «біздің төргі бөлмеге тұрсаң қайтеді?» деп еді, «жалғыз тұрасың, оңаша бөлме» деп Мүсәпір де мақұлдап еді, мен Тәслимаға айтқан дәлелімді айтып ризаласпадым...

Көп ұзамай оқу да басталды. «Институт» деп көпірткенге, мен оны «адам аса алмайтын биік пе?» деп жүрсем, барлық институт сондай ма, әлде біздің институт қана ма — тырмысқан адамға ол шығып кететін тау екен. «Даярлағыш» аталатын курсының бірінші класы түгіл, екінші класына түссем де алып жүре алатын түрім бар. Оған да ниетім шапқан кезде Мүсәпір «асықпай оқыған жақсы, сабақ сіңімді болады» деген соң, өзімді өзім қамшылаған жоқпын.

Мүсәпір Қызылордада жөнді тұрақтамайтын адам екен. Қызмет атқаратын газетінің тапсырмасымен, жан-жақтағы қалалар мен ауылдарда шапқылайды да жүреді, қалаға соққан күндерінде, маған жолықпай қоймайды. Көрген сайын, амандықтан кейінгі сөзінде айтары: «Бүркіттен хабар бар ма?» «Жоқ!» деймін мен. Расында да жоқ. Алғашқы хатыма жауап берер деген оймен, өзімше тәкаппарсып, екінші хатты айға жақын жазған жоқпын. Одан кейін шыдай алмай, тағы бір хат жазып, тағы да айға жуық уақыт жауап күттім. Тағы да жоқ!..

Сол кезде Шамсия келе қалды. Мені ол жатақханама іздеп келді. Өзі сымбатты да, көрікті де кісі екен. Етейіп толығуы ол көркін тіпті шешіп тұр. «Біздің үйге барып әңгімелесейік» деп, ол мені үйіне алып кетті. Жақыпбектің үйіндей бай жасаулы болмағанмен, бұл да мәдениетті сәнді тұратын үйдің бірі екен. Мінезі маған ажарынан да жақсы сияқтанды. «Қарағым, шырағым!» дей сөйлейтін ол хал жайымды сұрап алғаннан кейін, пәтерге бармай, жатақханаға тұруымды мақұлдай кетті.

— Тұрам десең мына біздің үй де даяр,— деді ол.— Аса бай болмағанмен, орташа жақсы тұратын үйдің бірі екенімізді көріп отырсың. Бірақ бұған да тұрудың

қажеті жоқ. Мен де ауыл қызы боп өскен адаммын. Қызды ауылдың қалай ұстайтынын білем. Он жасынан бастап «отау иесі» деп, қызын үйінен шығара ма қазақ? «Қызға қырық үйден тыю» деп, бүкіл ауыл боп жүрген-тұрғанын андымай ма қыздың? Сондай жағдайда бұғып, бұйығы боп өспей ме ауыл қызы?.. Соған байланысты ма, қыздың ынсаптылығы? Қырық қақпаның ішіне жауып ұстаса да, ынсапсыз қыз өз дегенін істей бермей ме?.. Ынсапты қыз болса, еркектердің арасына қамап қойса да ұстай білмей ме өзін?.. Әсия маған жақында бір жазған хатында, сенің жайыңды айта кеп, «Жатақханада тұрып оқығаны мақұл» депті. Айтпақшы, оның сенен жіберген хаты қайда?

Мен жоғалтып алғанымды айттым.

— Қап!— деп өкінді Шамсия,— соңғы хатында, «бастапқы хатымда көп сөздер жазғам» деген екен.

Тұрақ жайындағы әңгімесін жалғастыра кеп:

— Оқушы кезінде әріптес қыздармен бірге тұрғаның жақсы,— деді Шамсия,— сабақ оқуына да жақсы болады ол, көпшілікпен араласып, өмір көруіне де жақсы болады ол.

«Әсияның екінші хатынан білдім» деп Бүркіт жайын сұрастыра кеп, менің ұялып төменшектей берген жауабымды естігеннен кейін:

— Сүю, әрине, жүректің ісі,— деді Шамсия,— оған көлденең кісінің араласпауы керек. Әсіресе, бостандықшыл біздің заманда. Дегенмен, мына біз сияқты, өмір тәжірибесін көбірек көрген адамның, сен сияқты тәжірибесі аз кісілерге достық ақыл айтуына да болады. Мен саған Бүркітке қосыл, қосылма деп іштеңе демеймін. Ол өз қарабастарының ғана шешетін мәселесі. Менің саған, тек қана айтарым, орыста «дистанция» деген сөз бар, ол — екі нәрсенің арасындағы алшақтық, яғни тұтасып кетпеушілік. Осы дистанция махаббат мәселесінде де керек сияқты, еркек пен әйел ғана емес, дос пен дос, әке мен бала... сияқты жақын адамдар да бір-біріне жапсырылып қалмай, араларында алшақтық ұстауға қажет сияқты, әйтпесе, адам өзінің «мендігін» жоғалтып алатын сияқты. Сенің де сөйтуің қажет қой деймін. Бүркітті сүйе тұра, оған тым жабысып қалмау керек. «Сүю» деген не ол? Ол — «жабысқан жерінде тас боп қатып қалу» деген сөз емес. Сүю екі жаққа бірдей. Оның шарты: «өзің сүйсең ғана сүйемін, сүймесең зорламаймын!», «өмірдің сәні таразысының екі жағы да тең басуда. Бір жағы шоңқиып жерде

жатқан, бір жағы көтеріліп аспанда жүрген өмір таразысының ешкімге қызығы жоқ. Осындай теңдестікті сақтау үшін, жігіт пен қыздың қай жағы болса да, «мен сені сүйдім, маған қосыла гөр!» деп екінші жағына жалбарына бермей, араларындағы алшақтыққа екі жағынан да бірдей жақындап , таразының тіліндей жерге жетіп, теңдесе қосылу керек. Өйтпесе, өмір теңдестігі де болмайды... Түсінікті ме, менің осы сөздерім?— Өте түсінікті!..

— Ендеше, жарбаңдап жаза берме хатты!.. Жауабы кідірсе асықпа!.. Сүйгені рас болса, түбінде бір жазбай қоймайды...

— «Түбі» дегеніңіз тым ұзақ боп кетсе қайтем, апай?

— Қанша ұзақ болар дейсің ол? Бір ай, екі ай, үш ай!.. Оған дейін жауап қайырмаса, «сүйдім» дегені жалған болғаны...

— Ондайдың кісісі емес ол!— дедім мен ауыр күрсініп.

— Қайдан білесің, «емесін?». «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» дейді қазақ. Сондықтан да Ақмолда ақын:

Әуелі тазалап ал іштің кірін,
Болмасын сыртың сұлу, ішің ірің,—

деген. Сен әлі жассың ғой, сондықтан «сырты сұлу, іші ірің» адамдарды кездестірдің бе, жоқ па, оны білмеймін; мен өзім талайын кездестірдім оның!..

— Махаббат мәселесінде емес,— деп түзетті Шамсия сөзін, мені «бұл өзі жер қарытқан әйел екен ғой» деп ойламасын деген кескінмен,— жұбайлық өмірімде бақытты адамның бірімін мен: Аманжол ағаға сүйіп қосылдым да, тату, тәтті тұрып келем. «Іші іріңдер» деп отырғаным, өмір кезеңдерінде, басқа мәселеде ұшыратқандарым.

Шамсияның үйіне мен демалыс күні түсте барған едім. Одан жатақханаға іңірде қайттым. Шамсия да маған қатты ұнады, сөздерінің де көбі көкейіме қонды. Дегенмен, бір жұмадан артыққа шыдай алмай, Бүркітке үшінші хатымды жолдадым... Одан жауап жоқ!.. Бұ не, тым-тырыс?!..

11. МЕНІҢ ЖЫНДАНУ ТАРИХЫМНАН

Күндер солай өтіп жатты... Бәрі де көңілсіз... Институттағы менен басқа қыздардың, мен сияқты сүйген-

дері жоқ па, әлде, бар бола қалған күнде, бәрі де ғашықтарына риза ма, іштерінде мендей санамен сарғайған біреуі де жоқ сияқты: бәрінің де «қағанағы қарқ, сағанағы сарқ» дегендей, оқудан басқа уақытта, ойын-күлкіден ауыз жаппайды, үйде де жыртың-жыртың, түзде де жыртың-жыртың!.. Оқудан, астан қолдары босаса-ақ, ұйқыдан басқа уақыттарын қыдыруға жұмсап, әлдекайларға кетеді де, ұзақ жүріп қайтады. «Пәлендей қызық, түгендей қызық көрдік» деп қайтысады олар. Мені де сол қызықтарға қызықтырмақ болады. Көрмегендіктен бе, көңілім шаппай ма, мен қызықпаймын. Қластағы оқудан, тамақтан, ұйқыдан басқа уақыттарымның бәрін түгелімен жатақханада өткізіп, екі нәрсені ғана ермек етем: бірі, пысықтайтын сабақтарым, екіншісі, жазып жүрген естелігім... Осылай қозғалмаудан ба, әлде Бүркітті өлердей сағынуымнан ба, семіз болмағанмен, Қызылордаға келгенге дейін толықша денем жараған аттай ысылып, қатқыл етім босап, қаны ойнап тұратын бетім қуқылданды да кетті. Бұл қалпыма бірге оқушылар да, мұғалімдер де, басқа таныс адамдар да көңіл бөліп «бұның не?!» десе, әуелі, «қой, олай болмас» деп танған болам да, «рас!.. солай!..» деп мойындатқаннан кейін, «оқуға келдім ғой, осы қалаға... Оқуым аз ғой, менің... Институтқа әрең деп түстім ғой... Ықылас қойып, ынта жұмсамасам үлгере алам ба, ауыр оқуды... Қадала көп оқимын, содан шығар...» дей салам. Олар маған «өйтпе!.. Ретсіз көп оқып зорығудың қажеті жоқ.... Ауруға шалдығып кетерсің!..» дейді. Мен ол ақылды сол арада тыңдаған болам да, артынан өз бетіме көшіп, жатақханадан шықпайтын қалпымды өзгертпеймін...

Сондай күндердің біреуінде, жатақханада жалғыз отырған шағымда Мүсәпір келді. Біраздан бері көрінбей жүрген ол, Шымкент жағына барып қайтқан екен. Қанша күндік уақытқа жолаушылап келсе де, маған қалаға келе сала соғатын ол, бүгін де сол әдетін істепті.

— Мынауың не?!— дей таңырқай келді ол маған.

— Ие, не боптың?— дедім мен, айтар сөзін жобалай тұра.

— Ойбай-ау, әнеугіден жүдеп қапсың ғой, шөлмектей боп қатып!.. Денің сау ма өзіңнің?

— Ауырған жерім жоқ.

— «Жоқ» деген сөз емес. Адамның ішінде өзі білмейтін сырқаты бола береді. Дәрігерге көріндің бе?

— Несіне көрінем, ауруым болмағасын?

— Түу, Бәтес-ай, қызық екенсің ғой өзің!— деді Мүсәпір кейіп,— дәрігерсіз қайдан білесің, бар-жоғын?

— Білем.

— Енді не, жүдеткен?

— Оқу!..

— «Оқу!» Жалғыз сен бе екенсің оқыған? Қағаздан бас алмайтын талайларды көргеміз. Дәл сендей жүдегенін көрген жоқпыз. Әлде:

Ғашықтық жеңсе егер бойыңды алып,
Жүдетер безгек ауру сықылданып,—

деп Абай айтқандай, ғашықтық па осылай жүдетіп жүрген?

Мен үндемедім.

— Хат бар ма, Бүркіттен?— деді Мүсәпір.

Тағы да үндемедім.

— Жоқ болғаны ғой!— деді Мүсәпір кейіп, теріс айналып кетіп, жүре сөйлесіп,— есі дұрыс па өзінің, әлде ақылынан адасқан ба?.. Біреудің жап-жас, сапсау қызының басын айналдырады да, әрі оны жұрт көзіне масқара ғып елге тастап кетеді, әрі іздеп шығып, жолда оқуға орналасқан қыз хат үстіне хат жазса, бірде біріне жауап бермей, тым-тырыс жатады да қояды!.. Осындай да адамгершілік бола ма екен?!

— Тұрпайы сөз айтқанға кешір, Бәтес!— деді Мүсәпір, тұнжырап отырған маған жақындап,— барып тұрған иттік, бұнысы!..

— Олай тілдемесең де болады!— дедім мен.

— Енді не дейін?.. Айтпайтын сөзді айтқызып тұрған қылығы!.. Енді ол итке хатты өзім жазам. Бөлелік правомды пайдаланып, ит терісін басына қаптап жазам. Содан кейін, көрейін оның қалай шыдағанын!..

— Ал, саған айтар ақылым,— деді Мүсәпір суық ажарын жылытып,— бұлай сіресіп жатып алуды қой. Кино бар қалада, театр бар, ойын-сауықтар бар, бақша бар — бәріне де өзің теңді қыздармен бірдей жүріп тұр. Олармен барғың келмесе, өзім апарып тұрайын. Бүгін бір қызық кино жүреді екен, барамысың соған?

— Жоқ.

— Театрда Бейімбеттің «Малқамбай» дейтін пьесасы ойналады екен бүгін, күлкіден шегің қатады, соған барамысың?

— Жоқ.

— Ресторанды білесің ғой?

— Сыртынан көргенім бар.

— Іші қызық болады оның. Әлдекайдан келген сыған артистері бүгін түнде концерт береді дейді сонда. Дүниеде одан қызық нәрсе болмайды: әрі музыка ойналады, әрі әндер айтылады, әрі билейді... Бәрі де сен бұрын көрмеген таңсықтар... соған барамысың?..

— Жоқ.

— Бақша ішіндегі эстрадада Өзбекстаннан келген артистер ойын көрсетеді дейді, оған ше?..

— Бармаймын...

— Циркте,— деді Мүсәпір, менің ешбір ойынға бармауыма көзі жеткендей, кейіңкіреген кескінмен, үмітсізденген дауыспен,— қытайдың артистері ойын көрсетеді дейді. Олардың ойыны, сиқырдан да қызық. Соған барамысың?..

Мен басымды шайқадым.

— Тyh!..— деді Мүсәпір қатты кейіп,— жасыңа жетпей кәртайған не қылған адамсың!.. Тысқа шығып келемісің менімен, тым болмаса ауа жұтып, желпініп?

— Рахмет.

— Не «рахмет?»

— Бармаймын!

— Қап, саған дауа болмас! — деді Мүсәпір,— бүгін зорламайын енді. Ал, ертең бар ғой, сүйреп шығарсам да әкетем көңліңді көтеретін бір жаққа!.. Ризашылығыңа қарамаймын.

— Оны көрерміз,— дедім, жабысқан Мүсәпірден құтылғым кеп.

— Көрмейсің, барасың!..

— «Көрерміз» дедім ғой.

— Ә, жақсы онда,— деді Мүсәпір, менің «көрерімізімнен» дәмеленгендей боп.— Ал, мен кеттім. Ертең күн бата жетіп келем де, алып кетем.

Ол шығып кетті. Ертеңіне айтқан уақытында жетіп келді. Бөлмеде менімен сабақтас бірталай қыз отыр еді, солардың көзінше сөйлене кірді. Қыздар оны танитын, мені жақын тартып жүретін себебін де білетін.

— Келдім! — деп кірді Мүсәпір есіктен,— бармауға болмайтын жер болған соң арбакеш жалдап әкелдім.

— Қандай жер ол? — десті қыздар.

— Дәмге шақырған жер. Қазақта дәмнен үлкен іштеңе жоқ. Өзгеге бармайтын қазақ, дәмге міндетті түрде барады.

— Ол рас! — деп шу ете қалды қыздар.

Мен де ішімнен «рас» дедім, өйткені — бүкіл ауыл

атаулының дәмінен үлкен іштене жоқ деп ойлауын өзім де білем. Елде талай қырқысқан ағайындар, дәм татысса-ақ тату боп кететінін көргем. «Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем» деген, «дәм-тұзымды тат, расыңды айт» деген мақалдар бары, «дәм ұрсын» деген қарғыс бары, «татқан дәмге қас қылған адам оңбас» деген өсиет өлең бары есімде. Бұл ұғым менің санама шешемнің сүтімен бірге кірген. Қазақтың ұғымында,— «сүтпен кірген, сүйекпен шығады...» Бірақ мынау Мүсәпір шақырып тұрған дәм кімдікі екен деп сұрап ем:

— Тысқа шыға білесің,— деді ол.

— Кімдікі болса да бар,— деп шуласты қыздар,— үйден шықпайсың. Дәмнің сылтауымен далаға шығып, желпініп бой көтеріп кел!

Қыздардың шуы әсер етуінен бе, әлде дәмді өзімнің де қасиетті көруімнен бе, сырттағы салқыннан қорғанғандай, өз киімдерімді өзім зорлап кигендей боп, Мүсәпірге еріп тысқа шықтым..

Бұл ноябрь айының орта кезі-ді. Қызылордаға бұрын бұл мезгілде қар жаумайды екен де, егер жауа қалса, еріп кетеді екен. Биыл тарының дәні сияқты қиыршықтанған бірдеме кейде ұшқындап түрды да, түнде жауып, күндіз еріп кетті. Күндердің көбі құрғақ болды. Бірақ сызы шекеңнен өтетін сұмдық қара суық. Жерді ол тобарсытып ат тұяғы батпастай сірестіріп тастады. Сол ызғар аз дегендей, теріскейден үздіксіз соққан бір қара дауыл, күні-түні басылмай-ақ қойды. Қара суық пен қара дауыл қабаттасқанда, ызғары өңменіңнен өтеді екен. Менің тысқа көп шықпауыма бір себеп осы болған. Тыста жұқа киіммен азғантай ғана жүрсең, суықтан қалтырап ұшып кете жаздайсың. Жылы киім менде жоқ. Жатақхана мен оқу үйінің арасы бірталай жер. Сол екі арада суықтан дірдектеп жүргенімді көрген Тәслима да, Шамсия да, Мүсәпір де жылы пальто алып бермек болған еді, «керегі жоқ» деп алмадым. Мүсәпір еркіме қарамай сатып әкелген қысқы пальтоны, ренжісе де алмай, Қарсақтың үйіне апарып тастадым. Сыртқы дәлелім — «өз киімдеріммен де тоңбаймын», «ішкі дәлелім — «кімі боп алам, олардың киімдерін? Бөтен біреуден тегін киім ап қайыршымын ба мен?.. Одан да осы жеңіл киімдерімнен жарылғасын!..»

Бүгінгі күні, күндіз сынықтау сияқтанған күн райы, кешке қатайып, біраздан бері дым тимеген даланың топырағын өкпек жел суыра қопарып, дала қара боран

боп тұр екен, ауа өте суық!.. Тоңазып кеткен мен, Мүсәпірге еріп, анадайда күтіп тұрған арбакешке жақындағанда:

— Бармай-ақ қойсам қайтеді?— дедім Мүсәпірге.

— Ойбай, болмайды ол.

— Неге?..

— Малын сойып, қазанына салып қойды...

— Кімнің үйі еді?

— Оны жолда айтам. Қәне, мін! — деп тартынып-қыраған мені, Мүсәпір арбаға көтеріп салғандай болды.

Арбакеш те тоңып тұр ма, немене, бізден «тез құтылайын!» дегендей атын айдай жөнелді. Аты да тоңып тұрған ба, әлде жүрдек ат па, немене, қамшы салдырмастан, божы қақтырмастан ыта жөнелді. Бұндай жүрдек ат болар ма, қатқағы кедір-бұдыр жолмен екпіндей жортқанда, жайдақ тарантастың тоқылдаған доңғалақтарының темірі жалтыраған табанын андасандағы жерден бір-ақ тигізеді. Ол қалпында мені арбадан ұшып кетер дегендей, Мүсәпір қыпша белімнен қымқыра қатты құшақтап алған...

Көше-көшеге бұрыла, жүрген сайын шапшаңдата жортқан ат, бір кезде қаладан шыға бастады.

— Қайда барамыз? — дедім Мүсәпірге.

— Барған соң көресің ғой.

— Жоқ, сонда да айт!..

— Қайтесің оны?

— Айт!..

— Барған соң бір-ақ айтам.

— Керегі не ол жұмбақтың? — дедім мен кейіп.— Айтпасаң түсем арбадан.

— Егер, мен жіберсем!..

— Немене, қылжақ қылғың келе ме? — дедім мен, Мүсәпірдің құшағынан бұлқынып,— жібер!.. Түсем!..

— Неге ашуландырасың? — деді атшы кейіп,— айтсайшы, өлімге апара жатпасаң!..

— Сөзің қалай жаман еді,— деді Мүсәпір.

— Ісің жақсы ма өзіңнің? — деді атшы. Айтпай апаратын қонақ бола ма екен? Айтпасаң кейін оралам! — деп, атшы көлігін қырын қарай шаужайлай бастады.

— Әй, жынды атшы екенсің ғой өзің,— деді Мүсәпір, аттың божысына жармасып,— өзің айтқандай, тапа-талтүсте өлімге апарады деп келесің бе? Айтпадым ба мен саған, «туған бөлемнің қалыңдығы» деп. Өтірік

десе айтсын мына қыз. Бөлеммен де қалжындастырмаймысың...

— Неге айтпайсың, баратын үйімізді? — дедім мен, божыға таласқан Мүсәпірге.

— Атшының не ақысы бар онда?

— Маған айт!.. Айтпасаң бармаймын!

— Күзеннің үйі!

— Ол қайдан шақыратын боп еді?

— Сені ғана емес, қатынымен Жақыпбекті, қатынымен Балқашты, қатынымен Қарсақты және біз екеумізді шақырған...

Атының басын бұрмалаудан доғарып, Мүсәпірдің еркіне көнген атшы, мырс етіп күліп жіберді.

— Неге күлесің? — деді Мүсәпір оған.

— Күлмегенде ше? — деді атшы,— сөзің тірі кісі түгіл, өлі кісіні күлдірер!..

— Не сөзім?..

— «Қатынымен пәленше, қатынымен түгенше» деп кеп, мынау қарындас пен өзіңді қоса айтқанда, жат құлаққа қалай естілгенін білемісің?

— Қалай?

— Өп-өтірік аңқаусымасайшы,— деді атшы Мүсәпірге,— бөлемнің қалыңдығы деп келе жатып, өзіңнің қалыңдығың ғып алдың ғой, әлгі сөзінмен бұл қарындасты?

Мүсәпір, «әй бір былшыл екенсің ғой өзің, жоқ нәрсеге жорамал жасай беретін» деп теріс қарады. Одан кейін екеуі сөз қатыспады. Күзен үйіне бармаймын деп тырмысудың ретін таппаған мен де, несі болса да бара көруге ойлап үн-түнсіз отырмын. Елден кеп түсіп, қонбай кетіп қалғаннан кейін, менің бұл бірінші келе жатуым. Артынан Күзенді де, әйелі — Есектасты да талай көріп, олар талай рет шақырғанмен, сылтау тауып бармай қойғам. Мүсәпірдің мына жолы мені жатақханадан барар жөнімізді айтпай алып шығуы да, «айтсам бармас» деп ойлағандық болу керек.

Арбакеш бізді Күзен үйінің қақпасының алдына әкеп түсірді де, ақысын алып боп:

— Мынау үй екен ғой, қонаққа келгенің,— деді Мүсәпірге,— «бір сұмырайға бір сұмырай қызыл іңірде жолығады» дегендей, қайдан тауып жүрсің, елден шыққан алаяқтың үйін?

— Оттама! — деді оған Мүсәпір едірейіп.

— Оттамасаң оттама! — деп арбакеш атын айдай

жөнелді де, «Мүсәпір қуып жете алмайды» деген түсқа барғанда:

— Қарындас! — деді маған, атын тежеп,— бұзық адам болсаң өзің білесің. Түзік адам болсаң, жоламайтын үйің бұл.

— Уа, әкеңнің...— деп Мүсәпір тұра ұмтылғанда:

— Менде, әкеңнің...— деп арбакеш тарта жөнелді. Мүсәпір оған жерден кесек балшық алып лақтырып еді, тиген жоқ. Арбакеш қарауыта бастаған кештің қара боранына сүңгіп алыстай берді.

— Чистый хулиган,— деді Мүсәпір, әлденеге ентігіп.— Қолға түспеді, сыбағасын беретін.

— Осы үйді сенен басқа жақсылаған кісіні көрген жоқпын,— дедім мен.

— Жаман түгі де жоқ,— деді Мүсәпір,— нашар тұрған шағына кез кеп қап жүрегің айнып жүр. Қазір көрші — қатардағы үй. Бұл өзі бір күнде кедей боп та, бай боп та үлгеретін нар жігіт.

— Көрейік,— дедім мен.

Екеуміз қатарласып қақпаға кіре бердік. Ендігі ойым, «мана атаған адамдары бар ма, жоқ па?»

Біз қақпаға кіре, үйден аузына папирос тістеген Тәслима жеңгей шықты. Оған ішім аздап жылығандай болды.

— Қайда жүрдіңдер, сонша күттіріп? — деді ол.

— Аздап кешіктік,— деді Мүсәпір,— ағай келді ме?

— Осында келгелі жатқанда, редакторы Елтай Ерназаров шақырып әкетті, газеттің ертең шығатын санына байланысты мәселе бар деп. Маған «сен бара бер, атпен; мен де тез босап жетудің амалын істермін» деді. Ат кетті. Қешікпей келіп қалуы мүмкін. Ал, кіріңдер үйге!..

Ауыз бөлмеде ешкім жоқ екен. Іші — қуырдақтың да, қайнап жатқан еттің исі шығады. Төргі бөлмеге кірсек: Қарсақ, Бөдене, Балқаш, Жаңыл, Күзен жерге жайған дастарқанды жағалай орналасып шай ішіп отыр, Есектас самауыр қасына шоқиып шай құйып беріп отыр. Қодығы қасында. Оның да киім-кешегі тәптәуір. Бәрі де бізді көре — «жоғарылатыңдар!» деп ду ете қалды. Мүсәпір екеуміз, дастарқанның бостау бұрышына барып орналастық. Балқашты институт үйінде күнде көрем мен. Жаңылды Қызылордаға келгелі көріп отырғаным осы. Әнеукүні іші білінбейтін бұйғұс, енді қарны қампиып, оны білдіртпеймін дегендей, үстіне батсайыдан кең көйлек киіпті. Онымен жүктілігін

жасыра алатын түрі жоқ. Қалай жасырады? Кескіні былай да түрсіз кісі, беті қара-жағалданып, ноқталана қойыпты. Үй ішіне ақырын көз жүгіртсем, Мүсәпір айтқандай, әнеугіден әлдеқайда жақсы. Қалай тез жиналған!..

Үйдегі жұрт бізден бұрын шайға қанып алған сияқты, өйткені алдарына қойған шәшкелеріндегі суыған шайға қолдарын созбайды. Күзеннің қасында бірі бос, бірі орта бөтелкелерге қарағанда, Күзен, Қарсақ, Балқаш үшеуінің қызулау сөйлеп отыруларына қарағанда, еркек жағы біраз ішіп алған сияқты.

Мүсәпір мен мен шайдан ауыз тиіп қана отырған шағымызда, сырттан Тәслима кірді. Оң езуіндегі шылым: манағысы ма, жаңадан тұтатқаны ма, аузынан алмастан сорып, түтінін сол езуімен екі танауынан бір-дей шығарады.

— Жақаң кешікті,— деді ол, сырт киімін босағаға ілгеннен кейін,— тегі, бөгелетін жұмыс болды ғой ол. Расын айтқанда, өзіміздің қарнымыз да аша бастады. Қуырдақты оған қаратпай жей берсек деймін. Ет піскенше келер.

— Сен ұлықсат етсең бітті, жеңгей! — деді Күзен Тәслимаға,— Жақаңның келмегені есеп емес. Татып жүрген дәмі. Бұл қойды анау Бәтеске арнап сойдым. Бір күн бай, бір күн кедей адам екенімді қайдан білсін, ол бала. Әнеукүні, аса жүдеу кезімде келе ғап, ұялғаннан жерге кіре жаздадым. Міне, енді байыдым, шырағым,— деді ол маған шалбарының қалтасынан қоқырай будақтаған бір уыс червонецты суырып көрсетіп,— ақша дегенің мынау, қалтаға сыймайтын. Мүлік дегенің — аналар!..

— Болды, мақтанбай! — деді Есектас.

— Несі бар, мақтанса? — деді Күзен.— Өтірік болса мақтанба! Шынға мақтан! Дүние дегеннің бұты бір-ақ тиын маған, Бәтес шырағым. Қашқалақтап жоламай жүрген өзің. Әйтпесе, сені де үлде мен бүлдеге орай салудан іштеңем кетпейді. Бүгін әдейі мал сойып шақырдым. Енді жирене қоймассың. Келгеніңнің алды осы болсын. Бұдан былай келіп жүр. Ал, қатын,— деді ол Есектасқа,— әкел қуырдағыңды, қаужала тұрайық!.

Шайға жайған дастарқанның үстіне екі табаққа салған, картопқа аралас піскен қуырдақ келіп қалды. Ол менің өте жақсы көретін асым. Тәслима менің қасыма кеп отырды. Әркімдердің алдына қасық тастал-

ды. Сол шақта күлімсірей қараған Күзен, Тәслимаға бірдемені ымдап еді:

— Әкел! — деді Тәслима.— Мен енді ақ ішпеймін. Екі рюмке қақтым, жетеді. Оны енді еркектерге бер. Әйелдерге бал-сыра әкел.

«Бал-сыра» дегені де арақ па екен?» деп ойладым мен. «Әйелдерге әкел» деуінен шошына қалдым. «Әйелдер де іше ме екен?!»

Күзен кроват астынан екі бөтелке ақ арақ суырды да, оны «сен құй мынаны!» деп Балқаштың қолына ұстатып, үлкен жез құманды «мынау, әйел жолдастар, сіздердің сыбағаларыңыз» деп Тәслимаға ұстатты. Бұл үйдің шайлық ыдысы да, басқа сұйық ыдысы да кесе екен. Еркектер жағы кеселерді толтыра ақ арақты құя бастады, әйелдер жағынан жез шәйнектен бозамық түсті бірдеме құйыла бастады.

— Бал-сыра осы, шырағым! — деді маған Тәслима.— «Бал» деген атынан көрініп тұр, не екені. Дәмі қышқылтым, өте тәтті нәрсе. Арақ емес бұл, қымыз сияқты сусын ғана. Ішсең тоймайсың өзіне. Және бөшкесін ішсең де мас болмайсың. Жұртпен бірге алып жібер!— деп бір кесені алдыма қойды.

— Өзін осы балаға арнап, қолымнан әдейі ашыттым,— деді Есектас.— Ұн мен қант. Одан басқа іштеге жоқ. Ашытқан кішкене бөшкені әлгінде ғана аштым. Бұлқысып бабында тұр екен. Балға бергісіз.

Өзгелері де, «ал, Бәтес, ұста!» деп өз кеселерін қолдарына алғанмен, мен кесеге қолымды тигізбеп ем:

— Қыстамандар,— деді Тәслима,— алады. Оның алдында айтар сөзім, Бүркіт те, Мүсәпір де біздің үйдің туған жиені екенін білесіздер...

— Білеміз!.. Жақсы білеміз!— деп ду ете қалысты бәрі.

— Екеуін де нағашысы жанындай жақсы көретінін білесіздер.

— Білеміз.

— Қазір мұнда Бүркіт жоқ, Мүсәпір бар, оған елден еріп келген анау Бәтес бар, осы кесені солардың денсаулығы мен бақытты болуы үшін жұтып жіберіңдер!..

— Бәрекелді! — деп ду етті бәрі.

Тәслима да, басқалары да қанша өтінгенмен, мен өз кесеме қол тигізбедім.

— Көрмеген нәрсесі, қорқып отыр! — деді Тәслима.— «Айшық мүйіз ақ серке қойды бастар» дегендей, ішіп көрген өзіміз бастап жіберейік, кәне, көтеріңдер!..

Еркектер де, әйелдер де кеселерін көтере салысты. Солардың ішінде Жаңыл да көтере салды!..

— Тәтті ме екен, Жаңыл келін? — деді Тәслима.

— Тамаша екен! — деді ол.

— Бал бұның қасында садағасы кетсін!.,

Аздан кейін кеселер тағы құйылып, қолдарына алған өзгелері, «ал, кәне, Бәтес!.. Осының бәрі сенің құрметің!.. Бірді алып көр, ұнамаса одан кейін ішпессің!..» деп шулап кеткен соң, «татып көрейін» деген оймен, кесені алып, ернімді тигіздім. Дәмі рас қышқылтым және тәтті екен. Сонда да татып қана қояйын деп ем, бәрі «іш, жұт!» деп шулап кетті. Кесемнің астынан көтеріп аузыма тосқан Тәслима, ішпесем үстіме төгетіндей болғасын, тәуекел деп жұттым да салдым.

— Ура! — деп қол шапалақтасты бәрі... «Не болар екен?» деп өзімді өзім шамаласам, бал-сыра ішіме жағып баратқан сияқты.

— Ал, кәне, тағы бірді! — құйылған кеселерді жұрт тағы қолға алғанда:

— Көрдің ғой, шырағым, жақсы екенін,— деді Тәслима,— ендігі бәлденуің ұят болады, мына жұртты сыйламағаның болады... Ала бер, жұртпен қатар!..

Ала берем деп, не болғанымды білмей ғаппын. Білгенім — әлден уақытта үй төңкеріліп бара жатқан сияқтанды... Одан кейін не болғанын білмеймін...

Бір кезде көзімді ашсам, әлдекімнің құшағында жатырмын. Шошып кескініне қарасам — Мүсәпір!.. Ол да тырдай жалаңаш, мен де тырдай жалаңашпын!.. Екеуміз бір кроваттамыз!.. Түсім бе бұл, әлде жындандым ба?.. Өзімді өзім байқап көрсем, түсім де емес сияқты, есім де дұрыс сияқты!.. Басым зеңгіп әкетіп барады... Төсегіміз былыққан құсық!..

Жан-дәрмен дегенде төсектен ұмтыла тұрып сәкіге түсе бергенімде, құсыққа тайғанадым да, әлімнің жоғы ма, етбетімнен жалп етіп құладым... Ұмтыла беріп тағы құладым... Енді тұрар дәрменім жоқтай көрінген соң:

— Кім бар, құтқаратын? — деп бар пәрменіммен шыңғыра айғай салдым.

Есіктен екі кісі жүгіріп кірді: Қарсақ, Бөдене!.. Бұлар қайдан?!.. Қарсақ жалаңаш менен қымсынғандай шығып кетті...

— Не болды?! — деп Бөдене мені құшақтай алды.

— Бәсе, не болды?! — дедім мен, Бөдене сүйегенмен, әлсіз буынымды баса алмай, жалп-жалп құлап...— Не ғана болды, ойбай?!..

Даусым аса қатты және тұрпайы шықты білем, Мүсәпір есеңгірегендей төсектен жаланаш қалпымен атып тұрды да, аздап есі кіргендей, кровать басына ілген көйлек-дамбалын үстіне кие сап, Бөдене ие бола алмай жүрген мені:

— Не болды, Бәтес?!— деп ұстай алды.

— Кет, шошқа!— деп итергеніме айырылмаған соң,— қарабет!— деп бетіне түкіріп ем, онда да айырылмады. Сол кезде оң жақ иығынан қыршып шайнай бастап ем:

— Өлдім!— деп айғай салды Мүсәпір...

— Өрем қап, бетсіз лағынат!— деп, бетінен тістегелі ұмтылғанымда, Күзен мен Есектас кіріп келді.

— Мынау жынданды!— деді тістетпей арпалысқан Мүсәпір.

Күзен одан күшпен айырып, мені көтеріп алды да, кроватқа алып соғып:

— Арқан әкел,— деді Есектасқа,— бұны көрпеге бөлеп шандып тастамасақ, бой бермейді...

Мүсәпір, Бөдене, Есектас үшеуі шығып кетті. Күзен тырп еткізбей басып жатқанда, сырттан Есектас арқан әкеп, арпалыстан әлім біткен, ентіккен демімді әрең алған мені, көрпеге бөлеп шандыды да тастады. Енді қозғаларлық халім жоқ мен, аз тыныстан кейін даусымды шығарып еңірей бастап ем:

— Үні шықпастай ғып, аузын мақтамен тығындап тастау керек!— деді Күзен. Есектас «қайда ол?» деп іздестірмек болып еді:

— Таста, іздеме!— деді, кіріп келген Бөдене жылмысыраған дауыспен оған,— осы қиналғаны да жетер!..

— Іздесін!.. Тапсын!.. Тығындасын!..— дедім мен ызалы күлкімен...

— Айттым ғой, «жынданды» деп,— деді Күзен.— Тиісті жеріне апарғанша аузын тығындай тұрмасақ, бақырып мазаны кетіреді. Жынданған адам барын білсе, жұрт та қаптап кетеді.

— Дұрыс, дұрыс!— деді Есектас.

— Әй, шош-қа-а-а,— дедім мен оған,— не айтайын одан басқа, саған!..

Күзен әлдеқайдан табан уыс мақта тауып әкеп, менің аузымды тығындамақ болып еді:

— Қойшы құдай үшін!— деді Бөдене оның қолын

ұстай ап, жалынып,— осы Бәтесті үндетпеудің міндетін мен-ақ алайын.

— Әліңнен келмейді ол.

— Келеді!.. Бәтес, сәулем,— деді көзінен жасы шұбырып кеткен Бөдене маған,— берші уәденді мыналарға, «бақырмайын» деп.

— Бақырмайын...— дедім мен.

— Қарған! — деді Күзен.

— Олда-білде...

— Онда, қояйын,— деді Күзен,— бақырсаң жағың айырылады,— деді маған.— Кеттік! — деді Есектасқа.

— Қайда? — деген Бөденеге:

— Жындыны сұлатып сап отырамыз ба, үйде? — деп жауап берді Күзен.— Жындыханаға апарсақ, жындылар бұны шайнап өлтіреді, одан да Көр-ишанға барып келейік, жынды қағып алады дейтін.

Қаланың сыртында, зираттағы көрдің ішінде жататын сондай бір ишан бар деп естігем. «Соны алып кеп үшіртеді екен» деп ойладым да, жындыханаға апарудан оны женіл көріп:

— Барыңыздар, тезірек! — дедім. Күзен мен Есектас шығып кетті. Қасымда Бөдене қалды.

— Мен қайда жатырмын? — дедім Бөденеге, анау екеуі кеткеннен кейін.

— Біздің үйде жатқан жоқпысың?! — деді Бөдене.

— Мен қалай кеп қалдым бұл үйге?

— Өзің сұранып келдің.

— Қашан?

— Түнде, қартшының[1] үйінде. Жақыпбек келе алмай атын жіберген екен. Мүсәпір сені сол атпен жатқан жеріне апарам деген екен, «сенімен бірге болам» деп көнбепсің.

— Өз құлағыңмен естідің бе, осы сөзді?

— Жоқ, ойбай. Кешегі бір «бал-сыра» деген пәледен өзім де мас боп құлап қаппын. Мені де саған қоса, арбаға көлденең салып әкепті. Осында келем деп болмағаныңды басқалар естіген...

— Ә-ә...— дедім мен «түсінікті» дегендей, сонда, мас болыппын ба, мен?

— Мас болмасаң осындай халге келемісің?

— Ол рас. Өзгелері ше?

---

[1] Күзенді ол солай атайды екен.

— Мен құлағанша, жәй қызып отырысқан, нақ сендей бүлінгендерін көрген жоқпын!..

— Иә, мен бүліндім!..

Күндіз әлдекімдер ауыз бөлмеге сыбдырлап кіріп, Бөдене олармен жауаптасып қайтып кеп жүрді. Мен манағы уәдеммен дыбыс берместен жаттым. Басым сынып кетерліктей боп зеңгіп барады. Ішім алау-жалау боп өртеніп барады. Жүрегім өрекпіп, әлсін-әлсін лоқсимын. Өзім шөліркеп барам. Өзгеге шыдасам да шөлге шыдамай, Бөденеден сусын сұрап ем, ол әкеп берген бір аяқ суды қақала-шашала әрең жұттым да, табан аузында құсып тастадым. Біраздан кейін дәрет қыса бастады. Сонда ғана Бөденеге:

— Аз уақытқа ғана шеш те, қайта бөлеп таста!— деп жалынып ем:

— Оны істей алмаймын, қарғам! — деді Бөдене,— мені өлтіреді онда, сені де өлтіреді...

— Кімдер?

— Қайтесің кімдер екенін!.. Толып жатыр олар... Шыдап көр, шаман келгенше!..

Шыдаймын дегеніңмен, табиғат өз ырқына ғана бағынбай ма?.. Шыдауға тырысқан мен бүліндім... О, сорлы Бәтес, енді не бүліншілік күтіп тұр екен алдыңда?..

Іңірде үйге асыға басып Қарсақ пен Күзен кіріп келді. Бөдене Күзенге:

— Бәтестің есі дұрыс,— деп еді:

— Жындының әдеті емес пе, солай алдайтын,— деді ол,— шешіп көрші, не істер екен!

— Тұқ те істемейді. Шешейік.

— Ал, шеше ғой, онда! — дегенде, Бөдене қуанып кеткендей шырмаған жіпке қол сала бастап еді, Күзен итеріп жібергенде ұшып кетті. Тұра беріп бірдеме демек болған Бөденеге — «өшір, үніңді! — деді Күзен,— әйтпесе сені де апарам, Көр-ишанға!»

«Мені Көр-ишанның өзіне апармақ болған екен ғой!» деп ойладым. Зираттан жаман қорқатын нәрсем болмайтын. Оның өзі түгіл маңына, жаяу түгіл атпен де жоламайтынмын... Сондықтан:

— Ағатайлар, апара көрмеңдер! Мен жынды емеспін! — деп жылап қоя бердім.

— Жоқ, сен жындысың! — деді Күзен.

— Не дегендеріңді істейін, ағатай!..

— Не істеуді біз емес, ишан айтады.

— Қайда ол?

— Мекенінде.

— Қайдағы?

— Оны бара көресің.

— Көрде ғой, мекені,— дедім мен дірілдеген дауыспен жылап,— апармандар мені оған!.. Ишансыз-ақ орындайын бар тілектеріңді!..

— Ойпырай, істендерші соны,— деп жылап жіберген Бөденеге:

— Аузыңды жабамысың, жоқ па? — деп, жеп қояр-лықтай қараспен Қарсақ ұмтыла беріп еді, Күзен көлденеңдей қалды да:

— Тұрамыз ба, осылай салғыласып,— деді ағасына,— әкетейік тез...

— Алла-ау, енді қайттім! — деп қаттырақ жылап жіберген менің аузымды Күзен алақанымен баса қойды.

— Аузын тығындайық,— деді Қарсақ, күндіз тауып ап, төсектің аяғына тыға салған мақтасын суырып ап,— әйтпесе, жолшыбай бақырып масқарамызды шығарады.

— Аш, аузыңды! — деді ол маған.

Амалым қанша, аштым. Аузым тығындалды. Күзен аяқ жағымнан, Қарсақ бас жағымнан ұстап, мені бөленген қалпымда сыртқа алып шықты. Дала тастай қараңғы екен. Әрі шаңы мен қары араласқан сұрапыл боран. Көтерушілер мені жегулі аттың жадағай арбасына ұзынымнан әкеп салды. Сол кезде:

— Міне, киімдері! — деген Бөдененің ақырын даусы естілді.

— Әкел! — деді Қарсақ ақырын.

Оған дейін, «мені ишанға емес, оңаша жерге шығарып өлтіруге барады ғой» деген ойда едім. Енді киімдерімді алғаннан кейін, «өлтірмек болса, керегі не еді оның? Ишанға апаруы рас болған ғой» деп жорыдым. Онда не болар екен?!..

Тескіндіксіз қараңғы және дауылды суық түнде аттарын қатты айдап, мазасыз жолмен ұзақ жорытқан жендеттер, бір уақытта, әлдене жерге кеп тоқтады. Сол арада сыбыр-күбірлер естіліп қалды. Қараңғыға үйренген көз қиығымды жүгіртсем, маған көрсетпеу ниетімен бе, әлде ұйтқыған қарлы бораннан қорғанудан ба, беттерін бүркеп алған қара киімді адамдардың елестері... жобасы... бесеу-алтау сияқты...

— Ишан күтіп отыр! — деп сыбырлады олардың біреуі менің жендеттеріме.

— Ал, түсіріңдер, онда!..

Арбадан мені көтеріп алғандар, ішінде білте шам сияқты жылтыраған бірдемесі бар әлдене үңгірдің ішін түсірді де жерге жатқызды. Шамасы, төрт-бес кісі отырып сөйлесерлік кең үңгір...

— Баруларына болады! — деді әлдекім.

— Құп,— деді біреуі,— киімдері де осында, хазірет.

Өзгелері кетіп, үңгірде жалғыз ғана адам қалған сияқтанды. Ол білте шамды қолына алып, менің кескініме тосты. Қарасам: қалың, бұйра, ұзын қара шашы дударланған, ұзын, қалың қара сақалы кеудесін жапқан; жоғарғы жағын таңқита қырыққан мұртының төмен салбыраған екі сапары, асылып тұрған кіші-гірім жыландай; көздері бақырайған үлкен, дөңкиген мұрны келісаптай, күңгірт сәуледен бе, шынында солай ма, кескіні аппақ, басы үлкен, иығы кең, дөңкиген зор адам!.. «Ишаны осы болар!» деп ойладым ішімнен.

— Ей, күнәһкар бейшара,— деді ол маған,— білемісің, қандай жерге келгеніңді?

Мен басымды шайқадым.

— Қабірстан! Қабірдың ішінде жатырсың сен. Менің мекенім, бұл!.. Есіміздің қажеті болмас. Лақабымыз — Көр-ишан. Неге келгеніңді білемісің мұнда?..

Мен жайымды қалтыраған дауыспен айта бастап ем:

— Оның бәрі жәй сөз,— деді ишан.— «Бүркіт» деген жігітің орыс кемпіріне дуа қылдырып, басынды айналдырған. Дуаның бәрі қазір сенің тас-төбеңде тұр.

Мен «ешбір дуа жоқ, хазірет!» деп ем:

— Таласпа!— деді ишан жекіп,— осы қабірстанда отырып, мен бәрін де біліп отырдым. Бүркітің қолынан кәмпит жеп көрдің бе?

Ойласам: жеген екем, Қәкеннің тойы кезінде, тобылғы-сайда түнде оңаша жолыққан шақта.

— Жедім.

— Сол орыс кемпірінің дуа ғып берген кәмпиті. Басың ауыра ма қазір?

Кейістікке ұшырағаннан бері, басымның кейде зеңгіп ауыратыны рас еді. Ишанға ол шынымды да айттым.

— Қәне, білмегенім? — деді ишан масаттанғандай.— Өзің білмегенсің, бейшара. Дуа бары анық.

Мен сене бастағандай болдым. «Бүркітке сонша құмартуым,— осы дуадан болу керек» деген ой кеп кетті маған.

— Дуаны кетірудің екі-ақ жолы бар,— деді ишан,— бірі — төбе шашынды түбірімен түгел жұлып алу (денем тітіркеніп кетті. Б.) Екіншісі — некені бұзу...

— Маған неке қиылған жоқ,— дедім мен.

— Таласпа!..— деді ишан,— баларақ кезінде Бүркіттің үйіне қонаққа бардың ба?

— Бардым.

— Қымыз іштің бе, сол үйден?

— Іштім.

— Сол қымызға молда некеңді оқып үшкіріп берген. Оны да білмегенсің. Мен осында біліп отырдым. Ал, енді қайсысын қалайсың? Төбе шашынды жұлуды ма?.. Некеңді бұзуды ма?..

— Соңғысын, хазірет!— дедім мен,— бірақ қалай?..

— Ол үшін, басқа еркек көру керек.

— Көрдім ғой, хазірет! — дедім мен жылап.

— Олай көру, «көру» болмайды. Оның аты — зина.

— Енді қайтем? — деп жылаған маған:

— Қазір сені босатам, содан кейін айтам,— деп байлауымды шешті.

— Мен теріс қарайын, киін! — деді ол.

Ішкі киімдерімді ғана үстіме іліп үлгерген шағымда:

— Жетеді! — деді ишан.— Басқаларын киме.

«Неге?» дегендей тоқыраған маған:

— Алла бізге некелі болуды қоспаған. Әйел бізге харам. Бірақ сені дуадан арылту үшін, сауап үшін, қасыма жатқызуға болады,— деді ишан.

— Мейіріміңізге рахмет, хазрет! — дедім, бойым үйреніп алған мен, нық дауыспен,— зорлыққа амалым таусылған адаммын!.. Әсіресе, қабір ішінде!.. Зорлаймын десеңіз еркіңіз. Мен сіздің қасыңызға жатпаймын!..

— Онда шашыңызға қоса, төбе құйқаңды жыртып алуға бейіл боласыз да? — деді ишан ашулана қалған кескінмен тесірейе қарап.

— Құйқам түгіл басымды жұлып алсаңыз да бейілмін!..

Айтар сөзі таусылып қалғандай, түсі де құтырған бура тәрізденіп, тісін де құтырған бурадай шықырлатып, даусы да құтырған бурадай гүрілдеп, мені бүріп тастардай боп, саусақтарын тарбита, құшағын қаусыра жайған ишан, кеудесімен басып өлтіргісі келгендей, жерді тізерлей, маған қарай төне берді... Аспаннан жылан арбап жерге түсірген бозторғайдың құтыла

алмасын көргеннен кейін, сол жыланның өзіне қарай жорғалай жүгіргенін көргенім бар еді. Мен де сөйтіп, төніп келген зор денелі ишанның баурына қарай тығыла беріп ем, басымды екі қолымен бірдей бүрген ол, саусақтарын бас сүйегіме ауыртқадап:

— «Жыртам, құйқаңды!» — деді.

— Жыртыңыз!.. Езіңіз!.. Өлтіріңіз!..— дедім мен, қысқан саусақтардан бас сүйегім шатынап ауырған соң ышқынған дауыспен.— Тәңірден басқа куәм жоқ!..

Діншіл ишан «тәңірі!» деген сөзден қорқып кетті ме, әлде, ышқынған даусым тым ащы шығып, содан сескенді ме, алақанымен аузымды баса қойды... Аузымнан шыға алмаған үнім, бауыздалған лақтың үніндей мұрнымнан қысыла шығуға айналғанда:

— Босатайын... аузыңды! — деді ишан сасқалақтаған дауыспен,— бірақ дыбыстай көрме, шырағым!..

— Мақұл! — дедім мен, аузым босағаннан кейін, демімді қатты ентіге алып.

Одан кейін екеуміз, қараңғы қабір ішіне таңның бозамық сәулесі түскенше үн де, тіл де қатысқан жоқпыз.

— Егер дуадан жазылам десең,— деді ишан таң ата,— кідіртпей некеңді оқыт, әйтпесе жазылмайсың!

— Болсын, хазірет! — дедім ишанға,— некемді кімге оқысаңыз да мейліңіз!

— Кім көрінгенге оқуға болмайды. Қеше бірге жатқан жігітіңізге. Тәңірінің лаухолмахфузда сізге жазғаны сол.

— Болсын! — дедім. Демегенде не дейін, мен енді өлексемін. Өлексені ит жесе де бәрібір емес пе?!..

— Жалған айтсаң, жаның жаһаннамда болады,— деді ишан,— өйтер болсаң сендей бұзық әйелді шариғат тірідей отқа қақтап өлтіруге қосады. Уәдеңді бұзсаң ол жазадан құтылмайсың.

— Бұзбаймын, хазірет.

— Үш айт!..

— Бұзбаймын, бұзбаймын, бұзбаймын!..

— Сөздеріңнің бекітімі болсын, мына құранды сүй! — деп ишан қасында беті ашық жатқан құранды ұсынды. Мен сүйдім.

Үшінші бөлімнің аяғы.

Төртінші бөлім

ШЕШІЛГЕН ШИЕЛЕР

(Бүркіттің соңғы дәптерінен)

Мен бір шарға ұстаған
Қара балта едім.
Шабуымды таппай кетілдім,
Қайрасаң тағы жетілдім.

Махамбет

1. ӘКЕММЕН АЖЫРАСУ

Бұл әңгімені бұрынғы дәптердің соңғы беттеріне араластыра бастайық: онда Мәмбеттің аулына қонған түні атымның күзелгені, одан кейін мен ашық кетіп, Бәтесті милиция күшімен бермеуге бекінген әкесінен тартып алуға кірісуім, бірақ бұл ниетім іске аспай, Бәтестің мені жерге қаратып жіберуі, құрметті оқушылар, сіздерге мәлім.

Осы түйінді бұрынғы (екінші) дәптерімде баяндаған шақта, сіздердің көңілдеріңізді өрбіп келе жатқан оқиғаның «қызығынан» бөлмеу үшін, мен көлденең бір жағдайды әдейі сипаттамай тастап кеткен едім. Ол — әкеммен ажырасуым. Енді осы оқиғаны қысқаша баяндауға ұлықсат етіңіздер.

Қазақша «көртышқан» аталатын мақлұқты, орыстар «крот» дейді екен. Қазақ оны «аң» деп аулаған емес: несіне аулайды, терісі әрі кішкене, әрі жұқа, жүні әрі жұмсақ, әрі сары-ала. Ал, европалықтар осы сары-ала жүнді бір түсті қараға бояйды екен де, кішкене терілерді машинамен шебер құрастырып, тұтасқан бөстектен, жүнін сыртына қаратып тамаша көркем тон жасайды екен. Сондықтан Европа үшін, көртышқанның терісі қымбат боп, көп аулаған...

Көлемі қолдың басындай ғана бұл тышқан, майдан баса алмайтын семіз келеді, сондықтан оған әлі келетін: күзен, қарсақ, түлкі, қасқыр сияқты жыртқыш аңдар; күйкентай, қаршыға, ителгі, лашын, бүркіт сияқты жыртқыш құстар өзгеден бұрын осы көртышқанды аулайды; менің балалық шағымда, әкем қысы-жазы қолынан кетірмейтін бүркітті, қаршығаны көктемде түлеп ұша алмайтын шағында, тез семірсін» деген оймен, үнемі көртышқанмен асырайтын еді, себебі, осы шақтар арықтай түлеген құс, қанды семіз ет жесе тез оналып, тез қанаттанады, ал көртышқан жоғарыда

айтқандай өте семіз; біз көртышқанды ініне су құю арқылы шығарамыз...

Аңдардың да, құстардың да, адамның да осылай қызығуын сезе ме, немене, көртышқан, ең алдымен, інді шым-шытырық қып қазып, су құйғанның өзінде де көбінесе алдырмай, іннің бір қуысына су барса, екінші қуысына тығылады; өзінен күшті аңдар оны інінен ешуақытта қазып ала алмайды; қазғанмен, бытықы-шытықы індердің қайсысынан табады; аңдардың босқа қазған індері адамға пайда боп, қазылған жыралардан көртышқанды тез табады...

Құрынға көп ұшырайтын осы көртышқанға, табиғат аса естігіш құлақ берген: ғылымның айтуынша, өзінен өзгелердің аяғынан шыққан дүсірді, қанаттан естілген суылды көртышқан қиядан естіп, жан сақтаудың қамын тез жасайды екен, сондықтан да, орыс халқында, саққұлақ адамдарды көртышқанға теңеу бар екен.

Көртышқанды көбірек сипаттап отырған себебім — құлағының сақтығы мен естігіштігі жағынан, менің әкем, дәл сол!.. Қішкене күнімнен байқауымша, алыста я жақында болып жатқан қай-қайдағы ешкім естімеген оқиғаны, жұрттан бұрын ол естиді. Сөз тасығыш біреулер оған кеп, «пәлен жерде пәлендей оқиға боп жатыр» десе, «алдақашан естігем» дейді әкем... Қайда не боп жатқанын, біздің арадағы жұрт көбінесе әкемнен біледі.

Осындай саққұлақ әкем, Мәмбет ауылында атымның күзелгенін, сондықтан Бәтесті алу ісіне ашық кірісуге ниет етуімді табан-аузында естіп қапты!..

Күзелген атымды мен, әлдекалай кездесе қалған жүргінші орыстарға іңірде арзанға сатып, ақшасын алғамын да, аты-жөнімді айтпағам. Содан кейін, сол орыстардың арбасына мініп біраз жер жүргем де, әлдене ауылға деңгейлес келген шақта түсіп қалғам. Орыстар ілгері жүріп кеткен. Мен кез келген ауылға барғам да, «атымды ұрыға алдырдым» деп, әлдекімнен ылау сұрап ап, болыстық кеңсеге барғам. Осының бәрі түн ішінде болған нәрсе-ді. Атымның күзелуі, сатылуы жайында жан адамға тіс жарып іштене деген жоқпын да. Ендеше, әкем қайдан білген оны!?.

Ал ол болған оқиғаны ноқатына дейін түгел және айқын білген!.. «Ғайыпты болжаймын» дейтін бақсыларды я әулиелерді қазақ «көріп келі бар» деуші еді, әкемнің «көріп келі» бар ма, немене?!.

Әкемнің бұл оқиғаны білуін, мен ең алғаш Қайрақ-

байдан естідім. Болыстық кеңсеге барып, Еркіннің ақылымен Бәтесті алып келуге милиция жіберген күні, қызыл отауға тігілген кигіз үйлердің бірінде қымыз ішіп отыр ек, үйге Қайрақбай кіріп келді. Жүрегім су ете қалды, себебі, Қайрақбай бұндай алыс жерге әкемнің жұмсауынсыз ешуақытта жүрген емес. «Атымның күзелгенін естіп қалған болар ма әкем?» деген ой кеп кетті маған. «Қой, қайдан естиді?» деп ойладым тағы да. Қайрақбайдың кескініне қарасам, әкемнен сөз әкелгендік ешбір белгі көрінбейді: әдеттегі ақжарқын, ойыншыл қалпы!.. Үйдегілермен қалжыңдаса кірген ол — «ас адамның арқауы» деген, әуелі тойынып алайыншы! — деп қымызды жұта, дастарқанға шашқан бауырсақты, табаққа тураған сүрді жей келді...

— Кеңеспей тамақ сіңбейді,— деп, үйде отырған әйел-еркектермен қылжақтаса, ойнай, боғауыз сияқты бірдемелерді айтып күлдіре келді...

Бұл әңгімелердің біреуіне де қатынаспаған менің екі көзім Қайрақбайда. Ондағы ойым, кескінінен неге келуінің себебін, ең болмағанда елесін табу. Бірақ Қайрақбайдың оны таптырар түрі жоқ: ойнақы кескінмен тамақты да соғып жатыр, ойынды да соғып жатыр!.. Ал жәй жүрмеуі, мен отырған жерге жәй келмеуі, «оллаһи» — анық!.. Ендеше, белгі бермеуі қалай?!

Қайрақбаймен кішкене күнімнен жолдас болған менің есіме, оның сырға беріктігін көргенде, әрдайым Абайдың Пушкиннен аударған «Онегиннің сипаты» түсуші еді:

Жасынан түсін билеп сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе білдірмеген.
Сенесің не десе де амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген...

Қайрақбайдың да сондайлығына қарап «қазақтың Онегині осы-ау!» деп ойлайтын ем. Сол «Онегинім» міне, алдымда жарқ-жарқ етіп отыр... Бұнысының арты неменеге соғар екен!..

Қымыз да ұзақ ішілді... қалжың да ұзаққа созылды... Сол мәжілістің қалың ішіне кіріп алған Қайрақбайдың асығар түрі жоқ...

Әлден уақытта, қызмет адамдары тарай бастады. Үйде Қайрақбайдың әзілдесуіне тұрарлық ешкім қалмауға айналды. Сол кезде одан сырғу реті келсе, көрмейтін жерге тығылып қалу ниетімен тысқа шыға беріп ем, артымнан:

— Бүркіт! — деген дауыс естілді, жалт қарасам, Қайрақбай.

— Иә? — дедім салқындау түспен, оны денеме дарытқым келмей.

— Іштеңе жоқ,— деді ол жайрандаған қалпын өзгертпей,— жәй, әншейін, амандық...

— Көрмей тұрмысың, аман екенімді?

— Көріп тұрмын!..

— Ендеше жұмыстарым бар еді,— деп түс бермей жөнеліп ем:

— Былай, сайға қарай шықсақ қайтеді? — деді, жүгіріңкірей басып, қатарласа берген Қайрақбай.

— Онда не шаруам бар менің?

— Шаруа көп,— деді Қайрақбай түсін салмақтандырып,— Текебай да бірге келген еді. Ол анау сайдың арғы басында, көзге түспейтін жерде қалып қойды.

— Неге?

—Аса бір қажетті жұмысы бар сенде. Мені де, оны да әкең жіберді.

— Не нәрсеге? — дедім мен, неге келгендерін енді жорамалдай бастап.

— Барған соң айтады ғой Текебай.

— Сен неге айтпайсың?

— Менің аузымның шамасы келмейтін сөз.

— Не қан жауып қапты сонша?..

— Қан әзірге жаумағанмен, енді жауып қалу қаупі бар сияқты. Ол өзгеге емес, саған жауатын сияқты. «Ағаш бойы қар жауса, жұтамайды сауысқан, найза бойы қан жауса, шыдамайды туысқан» деген екен бұрынғылар. Ағаң Текебайдың мал бағудан басқада жұмысы жоқ еді ғой. «Билік-ерлік» деген істерге сүйресе де бармайтын еді ғой. Ол сенің басыңа жауатын қанды көргендіктен, туысқандығын білдіріп кеп отыр. Қайталап айтайын, әкең әдейі саған жіберіп отыр оны. Мен оның атқосшысы ғанамын.

— Ондай қан жауатын болса, әкемнің пана болғысы келсе, Текебайды жібергенше, өзі неге келмеген?

— Келетін халі жоқ!.. Үйде құр сүлдері ғана отыр!.. Мен саған ешуақытта жамандық ойлаған кісі емеспін ғой, Бүркіт!.. Шамам келгенше жақсылық істеуге тырысып келе жатқан кісімін ғой. «Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» депті аталарың. Жасым сенен мүшелге жақын үлкен болғанмен, мен әкеңнің емес, сенің тұстасыңмын. «Қой асығы демеңіз, қолға жақсы сақадай, жасы кіші демеңіз, ақылы жетсе атадай» деп бұрын-

ғылар айтқандай, кішкене күніңнен-ақ «осыдан бірдеме шығар» деп дәмеленген едім де, жігіттік жасқа жеткеннен, қасында сұрқылтайың болуға бекінген ем,— деді Қайрақбай ауыр күрсініп,— ол үмітім кәзір бұлдырланып, мен жүрмейтін жолға түсіп кеттің!..

— Қандай жол ол?

— Оқу жолыңды айтам да,— деді Қайрақбай, тайғақтаңқырап,— ауылдағы жолың болмаса, ол жолыңа ере алам ба мен?

— Ол емес қой айтқалы келе жатқан сөзің?..

— Жүрсейші, анау сайдағы күтіп тұрған ағаңа! Не екенін сонда естірсің!..

— Сенен неге естімеймін?

— Айттым ғой, «менің аузымның әлі келмейтін сөз» деп. Өтінем, Бүркітжан! — деді Қайрақбай жалбарынған дауыспен,— қнылып өтінем!.. Жүр Текебайға!..

Қайрақбайды аяп кеттім де,— «жарайды, барайын!» дедім.

Сайға түскен Қайрақбай екеуміз, ұзағырақ жүріп, қалың тобылғының арасымен (Қызбелдің сайына өсетін тобылғы кісі бойынан асады, одан біздің ел кішігірім құрық та жасап алады) жақбар тасты жарқабаққа жетсек, бір қуыста қаңтарылған ат тұр.

— Текебайдың аты,— деді Қайрақбай,— өзі қайда болды екен оның? Әлде, дәретте отыр ма екен?

Жан-жаққа құлақ тіксек, адам сыбысы естілмейді, Қайрақбай ақырындау дауыспен «Текебай!» десе, жауап бермейді... Әріректе, жартастың төбесінде шықылықтаған сауысқан отыр екен. Қайрақбай соған қарады да:

— Жәй шықылықтап отырған жоқ, анау сауысқан, аң ба, адам ба, тірі бірдемені көріп отыр. Барайық, сол араға!..— деді.

— Әлгінде ғана бір ауылға түсіп, аш өзекке қымыз ішіп аттанған ек,— деді Қайрақбай, сауысқанға қарай келе жатып,—әрі түн қатып жүрген адам, тегі, сол тұста ұйықтап жатпағай еді!..

Біз жақындай сауысқан ұша жөнелді. Сол араға таянып барсақ, семіз беті күп-күрең боп кеткен Текебай, шалқасынан далиып, қор-қор етіп ұйықтап жатыр!..

Соңғы кезде Текебайдың орташа денесі жуандап, жоғарғы ерніне қап-қалың қара-сары мұрт өсіп, иегіне де қара-сары сақал тебе бастаған. Есейгісі келгендей, Текебай сақал-мұртына ұстара тигізбей, уызға

тойған қозыдай байдың бап-байсалды балпиған мырзасы болған да қалған. Толыққан денесін одан да семіз көрсеткісі келгендей, киімді де қазақша және мол піштіріп, «барын киіп, байлауышын салып» дегендей... бір жаққа шыға қалса, тәуір киімдерін бойына түгел артып, қобырайып кететін. Мырзалықтың сәні киімде тұрғандай, салқын уақыттар былай тұрсын, қайнаған жаздың өзінде үстіне күзен, түлкі сияқты аңдардың терісінен істеген камзолша ішігін киіп, аяғына байпақты саптама етік киіп, басына ақ бұйрадан істеген жекей тымақ киіп, терден быршыса да, оларын үстінен тастамайтын. Мен:

— Мұнысы несі?! — десем:

— Қисін! — дейтін әкем,— «таныған жерге бой сыйлы, танымаған жерге тон сыйлы» деген, киім адамның жарты бағасы.

Ұйықтап жатқан Текебайға қарасам, сол тымағы, сол ішігі, сол етігі!.. Бетіне шақырая қараған ыстық күннен бе, «ерте іштік» деген қымыздан ба, күп-күрең боп, бартиып жатқан бетінде тердің қалың тамшылары шықтай мөлтілдеп шып-шып тұр!.. Үстінен атпен шауып өтсең де оянар түрі жоқ!.. Оу, бейшара, бай!..

Қайрақбай оны ақырын оятуға ыңғайланып еді, жатқан түріне ыза болған мен, нақ құлақ түбіне,— а-ах!» деп, бар даусыммен ақырып кеп қалдым. Бейғам жатқан Текебай төбесінен жай ұрғандай орнынан шоршып түсті! Менің қылжақтай түскім келді де есеңгіреген Текебайдың желкесіне қона қап, басын желбегей киген түйе жүн шекпенінің түрген етегімен жаба сап, етбетінен алып ұрып, тұмшалаған қалпыммен астыма баса қойдым. Ол есеңгіреген қалпында мені тонағалы жатқан ұры деп ойлады ғой деймін, өз дәрмені жетпеуін байқағандай, әлдекімдерден жәрдем күткендей бар даусымен, «өлдім!» деп бақырып қоя берді.

— Босат, тұншығып кетер! — деді Қайрақбай.

— Барсын, тұншықса! — деп мен босатпап ем, Қайрақбай белімнен құшақтап ап, көтермек болды.

Оған да босатпап едім, үстімнен Қайрақбай, астымнан Текебай боп алысып, бәріміз де арпалысқан қалпымызда түрекелдік. Содан кейін босатқанда, есі кіргендей болған, алқынып ентіккен, тердің манағы тамшылары бетінен сорғалай құйылған Текебай:

— Өшің бар ма еді, осынша тұншықтыратын? — деді маған едірейіп.

Табан аузында Текебайдың ашулы сұрауына лайық-

ты жауап таба алмай қалдым ба, әлде, арпалыстан қатты алқынуымнан ба, мен үндемеп едім:

— Аға мен інінің ойындарының жарасуы-ай! — деді Қайрақбай күлген боп, бірақ «төбелесіп қалар ма?» деп шошығанын білдіріп, менің де Текебайды енді ашуландырғым келмей:

— Шақырған екенсің, ағай, келдік хұзырыңа! — дедім күліп.

— Осындай да ойын болады екен! — деді Текебай, әлгі ашулы дауыстың орнына, енді өкпелеген дауыспен,— өліп кетсек қайтесің, булығып?..

— Одан ауыр салмақ түссе қалай көтересің?

— Рас-ау! — деді Қайрақбай,— ал, енді отырайық, та, кеңес бастайық.

Бәріміз де отыра қалыстық. Ешкімде де үн жоқ. Бәріміз де тым-тырыс.

— Отырамыз ба осылай «үндемес» ойнаған адамша? — дедім мен аздан кейін.— Бастаңдар, кеңестеріңді!

— Текебай, сен баста! — деді Қайрақбай.

Бұрын да сөзге олақ Текебай, бұ жолы да көсемси жөнелудің әдісін таба алмады ма, әлде есеңгіреуден есін әлі де жиып болмады ма, былшық басқан қып-қызыл көзін уқалаудан қолы босамай, іштеңе дей қоймады.

— Сөздерің болмаса, мен кетейін,— дедім өп-өтірік қопаңдаған боп.

— Неге болмасын! — деді онымды рас көргендей Қайрақбай.— Сөзіміз көп. Қопаңдама, Бүркіт сен! Баста, Текебай, сөзіңді!..

— Өзің бастай бер,— деді ол бұйырған сияқты дауыспен, әлі де есіней түсіп.

— Ұйқың ашылғанша, бастасақ бастай берейік,— деді Қайрақбай тамағын кенеп.

— Тыңдадық! — дедім мен орнығып.

— Мен өзімнің емес, Текебайдың сөзін айтам,— деді Қайрақбай.

— Кімнің сөзін айтсаң да мейлің.

Ол сөзін, Текебаймен арасындағы сұрау, жауап түрінде бастады:

— Сен екеумізді ғой, Текебай, әкең жіберді! — деді Қайрақбай.

— Рас,— деді есінеген Текебай, аузын тіпті кең ашып.

— «Не өлер, не тірілер жерге жеттік» деп жіберді ғой әкең?

— Әрине..

— «Өлтірудің де, тіріltудің де тетігі Бүркітте» деп жіберді ғой?..

Текебай жауап берудің орнына қор етіп қалғып кетті.

— Өй, сені не албасты басып отыр?! — деді Қайрақбай, Текебайды нұқыңқырай түртіп қап...

— «Ha-ha!» деп шошып кетіп, қызарған көздерін бажырайтып кең аша қойған Текебайға:

— Ұйықта! — дедім мен кекетінді дауыспен,— өлерсің, ұйықтамасаң!.. Майға бөккен торай!.. Сенімен қай қырдан асам деп жүр екен әкең?..

— Тілдеме олай! — деп Текебай тағы да аузын баса есінеп, маған қоқырандаған болды.

— Қайтесің оған сұрау беріп? — дедім Қайрақбайға,— өзіме-ақ айта бер!..

— Бұған да кінә жоқ, әрі ойдан, әрі жолдан қажып...— деп Қайрақбай Текебайдың қалғып-шұлғуын ақтағалы келе жатыр еді:

— Қоя тұр оны! — дедім сөзін қатты дауыспен кесіп тастап.— Ұйықтай бер,— дедім Текебайға,— Қайрақбаймен сенсіз-ақ кеңесе береміз.

Ұйқы расында да жеңіп отыр ма, әлде, бәрібір, «бұл кеңестен іштеңе өнбейді» деп үмітсізденді ме:

— Сөйтсем сөйтейін,— деп Текебай қалыңдау, биік тобылғының көлеңкесіне жантая кетті де, қор ете түсті.

— Атасы Жаман осындай ұйқышы деуші еді, салт келе жатып ұйықтап кетіп, талай рет атынан да құлап түсті дейтін еді, сол марқұмға тартқан да қойған! — деді Қайрақбай, қорылдаған Текебайға қарап, жымиып қойып.

— Бәріміз де сол Жаманның нәсілі сияқтымыз ғой,— дедім, жаман да болса атамызды Қайрақбайдың мысқылдауын ұнатпай,— «нәсілі сияқтымыз» дегеннен, ел арасындағы «Қайрақбай менің әкем Әбеуден туыпты» дейтін өсекті есіне түсіріп.

— Жақсы болсын, жаман болсын,— әркімнің өз әкесі өзіне емес пе? Жаман әкесін, біреудің жақсы әкесіне кім айырбастайды?

Қайрақбай да сөйтіп, «жаман әкеден тудың» дегенге қатты қытықтанатын, кейбіреумен төбелесіп те қалатын. Менің оған «әкемнен тудың» дегенді бірінші ескертуім, сондықтан қатты кідің алған сияқты кескін

көрсетті де, менімен бұрын қатаң сөзге келмеуінен бе, әлде кеңесіп отырған тақырыптан шыққысы келмеді ме:

— Кеңесімізді бастайық! — деді.

— Мақұл.

— Әкеңнің тапсырған сөздері көп. Оның бәрін қайтадан езгілемей, мен түйінді жерлерін ғана айтайын.

— Маған да керегі сол.

— Әкең айтады...

— Қоя тұр «әкең» дегенді. Өз сөзің ғып айта бер!

— О да болсын. «Совет өкіметі орнады, бұрынғы рушылдықтың тамырына балта шабылып, тап тартысы ашылды» дегенмен, елде әлі «қазақшылық» деген, атап айтқанда «рушылдық» деген әлі басым жатыр ғой, Бүркіт!

— Білем, оны.

— Өзге дау-дамайды былай қойғанда кеше, советтің ауылдағы бірінші адамы боп, байларға қас, кедейлерге дос боп, ру тартысының орнына тап тартысының туын көтеріп шықты ғой Амангелді?

— Рас.

— Сол Амангелдіні ғой, алашорда мен ақтар боп бірігіп қапыда өлтірді? Және «анау-мынау» боп жүрген шағында емес, Торғай уезінде қызылдардың аузынан жалыны атқан комиссары боп тұрған шағында!

— О да рас.

— Қазақшылықпен бітпесе осы дау бітпеуге керек еді ғой?

— Рас. Бірақ қазақшылықпен біткен бе еді ол дау?

— Дәл солай!..

— Естімеген нәрсем!

— Қойшы?

— Оллаһи!..

— Нағашың да, әкең де айтпады ма?

— Ешқайсысы да!

— Апырай, ә!..

— Өзің айт, білсең!..

— Жиырма үшінші жыл еді ол. Сол жылдың жазында біздің елге, нағашың Дәуітов Жақыпбек келген еді ғой, білдің бе сонда, Орынбордан одан басқа тағы кімдер келгенін?

— Жоқ! — дедім мен құлағымды тіге ғап.— Кімдер келді?

— Ахмет Байтұрсынов — бір, —деді Қайрақбай саусақтарын бүге бастап, Мыржақып Дулатов — екі, Сей-

іт-әзім Қәдірбаев — үш, Ахмет-сапа Жүсіпов — төрт, Мырзағазы Есполов — бес...

— Мен қалайша көрмедім, оларды? — дедім Қайрақбайдың сөзін бөліп.

— Сен көрмейтін нәрсе көп,— деді Қайрақбай жымиып.

— Қайда жиналды сонда?

— Нағашың ел аралап қонақтап жүрген шақта, олар Әулиекөлде, яғни Семиозерноеда жатты. Бірақ бәрі бірдей қозғалмай жатқан жоқ. Ахмет Байтұрсынов қана қалада отырды, өзгелері ағайын арасын бүтіндеу жабдығымен ел аралап кетті. Біреулері, нағашыңмен де талай рет табақтас болды деседі, сонда неғып көрмедің?

— Көрген жоқпын!..

— Қой!..

— Илан!

— Апырай, ә! — деп Қайрақбай нанарын да, нанбасын да білмегендей боп, тенселіңкіреп отырды да,— қазақша киініп жүрді деп еді, оларды. Сонысынан байқамай қалған боларсың? — деді.

— Мүмкін,— дедім мен,— біздің Торғайда не көп, оқыған «қаратаяқ» көп емес пе? Қазақша киіну сән болған жоқ па, оларға сол бір тұста?

— Ол сәнді бастаған нағашың — Жақыпбек емес пе? Қазақша киініп жүрген жоқ па ол, елге шыққан соң?

— Қазақша киінген қаратаяқтар, нағашымның қасында бірталай болды.

— Кейбіреулерін түстеп көрші, жобалар ма екем!

— Аласа бойлылау, кескінсіздеу, қайқы мұрындау біреу болды; саңырықтанып мұрнынан сөйлейтін еді және ақырын сөйлейтін еді...

— Ол Ахмет-сапа Жүсіпов,— деді Қайрақбай,— Мыржақыптың бажасы... Көзге момақан көрінгенмен, барып тұрған жұлынқұрт!..

— Сақал-мұртын қыратын, алтын жақтаулы көзілдірік киген, жылпылдап сөйлейтін, күлегештеу біреу болды...

— Мырзағазы Есполов!.. Ие, тағы?

— Қалың қара мұртын ернінің ернеуіне тақай қиып зор денелі, қоңыр кескінді, күрілдей сөйлейтін біреу болды...

— Ол Сейіт-әзім Қәдірбаев...

— Тағы бір сойдақ тіс, құлағының мүкісі бар сары болды...

— Ол кім екен? — деп Қайрақбай ойланыңқырап отырды да,— «қостанайлық қыпшақ» деп еді, ұмытпасам, аты Елдес Омаров шығар?

— Ие, ие!.. Елдес!..

Одан әрі түстеуді қажет көрмей:

— Ал, осылардың бәрін қайдан біліп жүрсің? — дедім Қайрақбайға.

— Білгенім,— деді ол,— нағашың мен сен ел аралауға аттанғанның ертеңіне, әкең бір үлкен саба қымызды нар түйеге арттырып, оны маған жетектетіп, Текебайға бір семіз байтал жетектетіп, «Әулиекөлде осындай қонақтар жатыр, мынау солардың қонағасысы» деп жөнелтті. Текебай екеуміз қонақтарды Әулиекөлден емес, Аманның қалың қарағайының ішіндегі жан бармайтын алаңға тіккен ақ кигіз үйден таптық. Манағы атаған кісілер бар, басқалары бар — қаратаяқтың бәрі жиырмадан астам кісі екен. Ал сәлемдесуге келген қонағасы әкелген адамдарда қисап жоқ. Бәрі де байлар мен шонжарлар. Әкеңді жақсы біледі екен олар. Саба мен байтал оларға екі-үш күн азық болды. Атап отырған адамдармен сонда таныстым.

— Осының бірін білсем бұйырмасын! — дедім мен қайран ғап,— менен де жасырғандары ма сонда?!

— Қайдам,— деді Қайрақбай иығын көтеріп,— егер, әкең де, ешкім де айтпаса, солай болғаны да!..

— Өзің неге айтпадың?

— Менде өзімдікі деген ауыз бар ма,— деді Қайрақбай күліп,— менің аузым — әкеңнің аузы емес пе?.. Соның айт дегенін ғана айтпаймын ба, мен?.. Айтпа дегенін қалай айтам?

— Маған «айтпа» деді ме, сонда?

— Олай деген жоқ. Қай уақытта тура айтушы еді әкең бұйрығын?.. Айтайын дегенінің алыстан ғана салқынын салып қоймайтын ба еді?.. Түсінікті болмайтын ба еді сонысы, досқа да, дұшпанға да?..

— Ол рас.

— Әлгі жайда да сөйтіп, «ауыздарыңа берік болыңдар!» деді де қойды. Одан кейін босатып көр аузыңды; мықты екеніңді көрейін!..

— Сөзіңе көш! — дедім мен, ішімнен «менен жасырғаны несі екен?!» деп ойлап, оларына ренжіп.

— Қандай?

— Неге кепті, сонда, солар?.. Бірақ маймандатып ұзатып әкетпей, қысқаша ғана түйінін айт.

— Айтсам, он алтыншы жылғы көтерілістен бастап, он тоғызыншы жылы Амангелді өлтірілгенше, бұл Торғайда қандасу ісі басылда ма?.. Сол қандасуда талай адамдар өлген жоқ па? Ол өлімдердің ізін тегістемесе, ел ішінің ұрыс-жанжалы, дау-шары біте ме?.. «Алашорда» дегендер осы дау-шарды бітіріп, ел мен елді, ағайын мен ағайынды татуластыруға кепті...

— Әлдері келе ме, оны істеуге? Мәселен, менің әкем мен Еркін Ержановты татуластыру қай құдайдың қолынан келеді?

— Әрине, келмейді,— деді Қайрақбай,— бірақ олардың татуластырғалы келіп жүргендері Еркін мен Әбеу сияқтылар емес...

— Енді кімдер?

— Совет тілімен айтқанда, елдің байлары мен бектері, яғни тағы да совет тілімен айтқанда,— қанағыштары!..

— Әй, өзің бірталай саяси сауат та біліп қапсың ғой,— дедім Қайрақбайға күліп,— «қанағыштар» деген сөзді біліп!.. «Қаналушылар» дегеннің кімдер екенін білемісің?

— Білем.

— Кімдер?

— Күнін зорға көретін кедейлер, жалшылыққа жүретіндер...

— Дұрыс! — дедім мен қарқылдап күліп.— Қайдан біліп жүрсің бұл сөздерді?

— Білмей, көз бен құлақ жоқ деймісің менде?.. Елде талай жиналыстар болып жатады. Қатынаспайды деймісің соларға?

— Қайдан қатынасатын боп жүрсің? Бұрын қашатын ең ғой, ондай жиналыстардан?

— «Қаналушылар» дегендікі емес пе, совет кезіндегі жиналыстар? Оларға әкеңнің зорлауымен «біліп кел, не десіп жатқандарын!» деп жіберуімен баратын болдым.

— Не деседі сонда? — дедім жымиып.

— Белгілі емес пе, ондай жиналыстардың сөзі: «Байларды құртайық, өзіміз өсейік!»

— Бірталай мектеп өткен екенсің, онда! — дедім салмақты дауыспен.

Ол ғана емес өткен мектебім...

— Тағы қандай бар?

— Сенің әкең газет-журнал алғыштардың бірі емес пе?

— Ондай әдеті бар.

— Маған әкең, әуелі үйіне келген газет-журналды «Біліп отыр, дүниеде не боп жатқанын!» деп еріксіз оқытты да, артынан дағдыланып кеттім...

— Е-е-е, Қайрекем-ай, бұғып жатып өндіріп жүр екенсің ғой бәрін!.. Саған «қысқа сөйле» деп, өзім сұраулар беріп ұзартып әкеттім ғой, сөздеріңді... Сонымен, әлгі, Әулиекөлге жиналды деген алашордашылдардың не тоқтамға келіп тарасқанын білесің бе?

— Білем.

— Ие?

— Өзара ұзақ сөйлесе кеп, әр елден де талай кісілер өлгенін айтыса кеп, жалғыз ғана адамға, өлтірушілер жағынан құн төлетті.

— Кімге?

— Амангелдіге!

— Неге?

— «Амангелдіге де құн төлейміз» деп өлтірушілер жағы ырын-жырың болған шақта, Мыржақып отырған орнынан ұшып түрегелді де, «төлейсің! — деді ақырып,— төлеттірем!.. Саған ғана төлеттіріп қоймаймын, өзім де үлес қосам, құнға!.. Осында, Әбдіғапарды, басқаларды айтып отырсыңдар, «оларға неге төленбейді, құн?» деп. «Әбдіғапар», уақытында «Әбдіғапар». Оның бүкіл Қыпшақтың байы болғаны да, бұрын болыс, кейін ханы болғаны да рас. Бірақ кімге керек сенің Әбдіғапарың қазір?.. Сондықтан құн төленді не оған, төленбеді не?.. Ал, Амангелдіге келсек, оның құнын төлемей көріңдерші, не болар екенсіңдер?.. Туысқандары күліңді көкке ұшырады!.. Жермен-жексен ғып жібереді!.. Бүкіл арғын-қыпшақтың игі жақсылары түгел жалынып, туыстары оны істетпей отырғанда, шалқая кеп шіренесің!.. Өңгені білмесең де, өлеріңді білсейші!.. Өзгеге жаның ашымаса да, өзіңе ашысайшы!.. Егер, өсер мал, өсер бас керек болса, тастандар ондай тонмойындықты!.. Беріңдер, ел ақсақалы кескен құнды!» деді. «Жарайды» десті өлтірушілер, бұл сөзден тосылып.

— Не құн кескен екен сонда? — дедім мен.

— «Қасым ханның қасқа билігінен, Есім ханның ескі билігінен, әз-Тәукенің жеті-жарғысынан» деп кескені үш ердің құны.

— Бір ердің құны қанша болады екен?

— Абай айтпай ма: «алты жақсы, жүз жылқы болған құны» деп? Қазақта «ердің құны» деген сол екен ғой.

— «Жүз жылқы» дегені түсінікті. «Алты жақсы» дегені не екен?

— Қілем, ішік, құндыз сияқты асыл нәрселер екен.

— Аһа.. Сонда он сегіз «жақсы», үш жүз жылқы төлегені ме Амангелдіге?

— Айтылуы сол болғанмен, алынуы бір-ақ ердің құны болды. Бір ердің құнын аруаққа кешті. Енді бір ердің құнын «алаш» азаматтарына кешті... Сөйтіп, басы таудай болғанмен, аяғы шонтиып қалды.

— Шонтимайды,— дедім мен.— Таудан да үлкен болады әлі, оның арты.

— Қалай! — деді Қайрақбай түсінбей.

— Амангелдінің кегін туыстары кешкенмен, манағы өзің айтқан қаналушылар кешпейді. Олар саналана түскен сайын, Амангелді сияқты адал және ер ұлдарын өлтіргендерге кектене түседі, оның аты — қанаушыларды түп тамырымен түгел құртуға барып соғады...

— Ол менің ақылым жетпейтін нәрсе,— деді Қайрақбай,— өз сөзіме көшейін мен.

— Ие, сөйт!

— Көшсем: сол бітімнен кейін, бұрын шабысып отырған ел арасы тиышталып кеп еді, енді қайтадан бүлінгелі тұр.

— Неге?

—Ашығын айтқанда, оған себепкер — сенсің!..

— Қалай?

— Бәтесті аламын дегенің пәле болды. Анау Сасық дегеннің үй іші де, өзі де сасық болғанмен, салмағы сасық емес екен. О заманда байлық әкете беретін еді, бұ заманда да байлық әкете береді екен. Бай неме, байлықпен ауыздарын алып тастаған ба, немене, аз руы — тоқсан екі баулы қыпшақ түгіл, алты арыс арғынның да игі жақсыларын Сасық қаратып алып, бәрі жиналып, Бәтес жайында әкеңе салмақтарын са-ле-е-еп жатыр.

— Не дейді, салмақ салғанда?!..

— «Баланды Мәмбеттің қызын алам деген райдан қайтар, содан кейін арғын-қыпшақтың бар қызынан таңдау береміз және қалыңсыз бергіземіз; оны істей алмасаң бізге өкпелеме» дейді.

— Хош, мен «ақсақалдардың тілін алайын» дейін, «Бәтестен безейін» дейін, сонда, әйелдің басына бос-

тандық боп тұрған заманда, менен айырылған Бәтес, «Сасықтың баласына бармаймын» десе не істейді?

— Тіпті, сол қызды баласына алдыруға Сасық құмар да көрінбейді, баласы да құмар көрінбейді.

— Ендеше, немене істеп отырғандары?

— Сол қызды саған алдырмау, содан кейін кімге кетсе де бейіл сияқты.

— Ә-ә!..— дедім мен түйіліп ап,— олар қарысса, мен де қарысам, сонда не істейді?

— Ойбай, оны айта көрме! — деді Қайрақбай шошып кетіп.— Әкең Текебай екеумізді, саған осы сөзді айттырмаудың амалын істеңдер деп әдейі жіберді. Сақалынан жасы шұбырып отырып саған жолдаған сәлемі: «Өзін емес, мені аясын, шешесін аясын, момын ағасын аясын!— деді; егер Мәмбеттің қызын алса, арғын-қыпшақтың бар ақсақалы жиналып, бізді түп-тұқиянымызбен құртып жібереді» деді; «осы апатқа Мәмбет те ұшырайды» деді...

— Не істейді дейді, сонда?

— Қызық екенсің ғой, Бүркіт, сен! — деді Қайрақбай кейіп,— «не істейдің» не?!.. Жалғыз «көп дүкенді» жеудің өзі, әкең мен Мәмбетті су түбіне кетіріп жатқан жоқ па?.. Нанбасаң, Бәтес екеуің қосылып көріндерші, не болар екен, олар!..

— Не болады?

— Әкеңнің де, Мәмбеттің де үстінен арыздар жауады да кетеді. Бәрі де дәлелді арыздар болады. Сол арыздардың өзі-ақ екеуін тұншықтырады.

— Оған амалым қанша! — дедім мен демімді ауыр ап,— Бәтесті алмағанмен де жауғалы тұрған арыз ғой ол. Қазір де жауып жатпағанын қайдан білесің?

— Жоқ, жауған жоқ. Әр елдің ақсақалдары, өз аулындағы арыз берем деушілерді, «істің артына бағайық» деп ұстап отырған көрінеді: «Іс» дегені,— Бәтес пен сенің қосылу, қосылмауың. Қосылмадың тиыштықты, ал, қосылдың бар ғой, ұшынды!.. Одан әрі ешкім ешкімге ие бола алмайды, барлық салмақ Әбекең мен Мәмбетке түседі де, екі сорлы жаншылады да қалады. Осыны ойланшы, Бүркіт!..

— Бұл менің алдақашан ойланған нәрсем, Қайреке! Бұрын да айтқам, әлі де айтам, шын сүйіскен Бәтесті, қанаушылардың талап жеуіне бере алмаймын!..

Тегі, манадан бері икемге келіп отырған менің түсім суып кетті ме, немене, сөзіне көндіруге шамасы келмеуін байқағандай, Қайрақбай:

— Текебай, ояншы! — деп жұлқылай бастады. Ыңырсып оянғысы келмеген Текебайды Қайрақбай еріксіз тұрғызды.

— Есің дұрыс па? — деді, әлі де есінеп ұйқысын аша қоймаған Текебайды, иығынан ұстаған Қайрақбай қаттырақ сілкілеп.— Сөзге кеп пе ең осында, ұйқыға кеп пе ең? Күнісіп отыра береміз бе, далада? Сөзімізді тиянақтайық та кетейік!

— Тиянағы сол,— дедім мен,— арғын-қыпшақ түгіл, бүкіл қазақтың ақсақалы жабылып айтса да, бүкіл Россияның, тіпті, бүкіл жер жүзінің ақсақалдары жиналып кеп айтса да, Бәтесті алу ниетінен қайтпаймын!

— Өй, не дейсің?! — деді Текебай, үстіне суық суды құя салғандай ұйқысы ашылып кетіп.— Әкесінің сөздерін түгел жеткіздің бе? — деді ол Қайрақбайға.

— Жеткіздім.

— Қайрақбайдан сөз қалған жоқ,— дедім мен.— Менің енді, әлгіден басқа айтарым жоқ.

— Болмас ол! — деп келе жатқан Текебайға:

— Болғаны да, болмағаны да осы! Әкеме осы сөзімді айта барарсыңдар!— деп тұрып жүре бердім.

— Әй!.. Қайда?!..— деп Текебай етегіме жармаса кетті. Ол да тірі жан: тартынғанымa босатпап еді:

— Тартпа! — дедім мен, жекіп,— айтқым келмеген сөзді зорлап айтқызамысың?

— Зорламаймын!.. Жалынам!..— деп Текебай аяғымнан құшақтай алды.

— Құшақтама! — дедім Текебайды итеріп жіберіп.

Шалқасынан түскен Текебай, оңала сала, жылмысыраған кескінмен:

— Қарағым!.. Бауырым! — деп келе жатыр еді.

— Жылама да, жолама да! — дедім мен ақырып,— өлсең ұл боп өл, құл боп өлме!..

Бұл сөзім Текебайдан гөрі Қайрақбайға батты ғой деймін, маған ұмтыла берген оны ұстай алды да:

— Рас айтады Бүркіт!.. Қабың да бір, сабың да бір, қаны бірге туыссыңдар. Көнбейтінін көре тұрып, несіне құл боп жалбарынасың?..— деді.

Мен жөнеле бердім. Қайрақбайдың сөзін тыңдағандай, Текебай оның құшағында қалшиып қатты да қалды.

Мен «бұл сөз осымен бітті» деп ойласам, бітпеген екен. Жіберген милициямыз Бәтесті әкеле алмағаннан кейін, Еркінді, Найзабекті, тағы біреулерді ертіп Бәтеске өзіміз жүргелі жатқанда:

— Былай шығып кетші! — деді маған бір таныс адам. Оңашаланған маған:

— Әкең күтіп отыр анау сайда! — деді ол.— Жүр, алып барайын!..

Мен не дерге білмей кідіріп қап ем:

— Басқа емес, әкең,— деді ол,— бармауың ұят болар!..

— Жақсы, барайық,— дедім.

Сайда жалғыз отырған әкемнің сөзі қысқа болды.

— Текебай мен Қайрақбайға айтқан сөздеріңді түгел естідім,— деді ол,— бұрынғылар айтқан екен: «Ораза, намаз болмаса, бейісті қайдан көресің, ұл мен қызың болмаса, кейісті қайдан көресің» деп. Сол айтқандай, талай кейісті көрсеттің, балам. Әйткенмен, менің атым — «әке», сенің атың — «бала». «Әкенің көңілі балада, баланың көңілі далада» депті. Сенің көңлің далада жүргенмен, кеудеме талай рет тепкеніңмен, әкелік жүрегім шыдамай келіп отырмын. Ырайға келсең келдің, келмесең, ақтық көрісуіміз болар бұл.

— Тағы не айтарың бар? — дедім мен келтесінен.

— Бар, айтарым.

— Естиік, оны да!

— Естісең: «Құс баласы үшін торға түседі, балық ауға түседі» депті. Мен-ақ құрмалдық болайын, жолыңа. Сонда мені құрмалдыққа шалғаныңмен, мақсатыңа жете аларыңа көзің жете ме?

— Қандай мақсатты айтасың?

— Сенің қазір Мәмбет-қожаның қызын алудан басқа мақсатың бар ма?

— Бар болсын, жоқ болсын, екеуміздің бұл арада сөйлесер тақырыбымыз ол емес, әке. Айтатын сөзіңе көш.

— Көшсем, әке-шешені, туысқанды, ағайынды, досжаранды жолыңа құрмалдыққа шалуға бел байлағаныңмен, бұл қызды сен ала алмайсың!

— Неге?..

— Сен алам дегенмен, қыз саған тимейді.

— Неге тимейді?

— Тисе, кеше жіберген милицияңа еріп келе қалар еді ғой?

— Келмеуі, қазақшылықтан. Яғни, әке-шешесінен шыға алмауынан...

— Қашан шығады деп ойлайсың, ол қазақшылықтан?

— Өзім барсам шығады!

— Мәһ, «шығады!» — деп әкем маған қолын шығарды.

— Ондай әдепсіздікті көрсетпе, әке! — дедім мен ашулана ғап.

— Күйіп кетсем, көрсетпегенде қайтейін! — деді әкем.

— Неден күйесің?

— «Неден?» — деді әкем ызалы күлкімен,— мені қойшы! Мен асарымды асап, жасарымды жасап... дегендей, өз өміріме қажетті сыбағамды алған кісімін. Баланы адам «ұрпақ» болсын деп тілейді, оның ырысты, бақытты болғанын көксейді. Мен де соны көксеп, теріс кетіп бара жатқан бетіңді оңға бұрайын десем, құдайдың сені неден қыңыр ғып жаратқанын қайдан білейін, қиқайған жағыңнан оңалмайсың, ырыққа көнбейсің!..

— Көнгенде не қыл дейсің, әке?

— Қыл дейтінім, жаным ашып айтам, бұл сапарыңа барма сен!

— Қай сапарға?

— Мәмбет үйіне.

— Неге?

— Ол қыз өзің барсаң да ермейді...

— Неге?.. Мүмкін бәрің жиналып қорқытып қойған шығарсыңдар?..

— Қорқытты ма, жоқ па, онысын білмеймін мен. Менің білетінім: жердің үстімен барасың да, астымен қайтасың!.. Ел алдында қара жүзді боп қаласың!.. Өзіңді өзің салма ондай қорлыққа!..

— Осы ма, әке, айтайын дегенің?

— Осы.

— Ендеше, жаныңның ашығандығы үшін рахмет, әке!.. Бірақ мен Мәмбет үйіне барам!..

— Өкінесің, балам!

— «Өзі жығылған өкінбейді» демейсіңдер ме? Жығылсам өз обалым өзіме!..

— Қап, мына баланы-ай! — деді әкем қатты кейіп,— ақылды бала ма десем, бұл да өлерін білмейтін ақымақ екен ғой!. Шынымен тіл алмағаның ба, сонымен?

— Алуға амалым жоқ, әке!.. «Ұлы сөзде ұяттық жоқ» дегендей, ашығын айтқанда, қыздың маған берген, менің оған берген сертіміз қатты, оған жетпей тына алмаймын.

— Сен жеткенмен, қыз жетпесе ше?

— Онда амалым қанша?

— Балам! — деді әкем, аса қатты азырқанған дауыспен,— ешбір мақлұқ баласына қастық ойлаған емес. «Ең қанішер» дейтін қасқыр да өз бөлтірігін жемейді. Жемеу былай тұрсын, сол бөлтірігі үшін отқа да түсуге, оққа да ұшуға әзір!.. Жорғалауық мақлұқтардың ішінде, біздің ең қорқатынымыз жылан!.. Оның да мен өзім ғана білетін балажандылығынан бір кітап жазуға болар еді!.. Тіршілік дүниесінде осындай мысалдар мыңмиллион!.. Ол мысалдардың бірталайын өзің де білуге тиістісің, сондықтан бұл арада санап жатудың қажеттігі жоқ...

— Рас.

— Менің одан айтайын дегенім, шынымен сор қысып кетпесе, әлі де ойлансаң қайтеді, балам? — деді әкем көзіне жас ап.

— Ойланатын іштеңесі жоқ,— дедім мен.— Ескі заман емес, жесір дауынан қорқатын; «қайын-жұрты жиналып кеп шауып әкетеді» дейтін; совет заманы: қай жігіт қай қызды алам десе де, қай қыз қай жігітке тием десе де еркі; ендеше менің қай қызды алғанымда, Бәтестің қай жігітке тигенінде кімнің не жұмысы бар?

— Тоқта, әке, сабыр ет! — дедім, көз жасын бармағымен сілкіп жіберіп, сөйлеуге ыңғайланып келе жатқан әкеме.— Әуелі мені тыңдап ал! Айтатыныңды содан кейін айт!..

— Мақұл, тыңдадық.

— Тыңдасаң, менің қамым емес, әке, жеп жүргенің...

— Енді кімнің қамы?

— Өз қамың!..

— Не деп отырсың?

— Тыңда, не дерімді! (Әкем сабырсызданғанмен, кідірді). Мысалы, өзіңе сөз келмейтін болса, осы қызды алуға ешуақытта да қарсы болмас ең...

— Әрине,— деп қалды әкем.— Сөзіңді аяқта.

— Аяқтасам,— «хош, тіліңді алдым» дейін, «қыздан безейін» дейін, сонымен, ауыр тағдырыңды жеңілте алам ба мен?

— Қандай тағдырымды?

— Мен туғаннан арғы жақтағы қылықтарыңды қоя тұрайын, одан бергі қылықтарыңның бастыларын санап өтейін...

— Сана, сана! — деді әкем, отырған орнында, су бетінде толқын соққан қайықтай теңселе бастап.

— Доңыз жылы жұт болды ма, біздің арада?..

— Біздің арада ғана емес, барлық жерде де болды ол жұт...

Со жылы жұтарыңды біліп, қара малдарыңды күйлі кезінде маңайдағы елге үлестірің бердің бе?

— Оның несі айып? Аштан өлетін талайларды аман сақтап алып қалуым ба?

— Сол жұттан кейін, «бір қараңды бесеу ғып» дегендей, жылатып отырып, аттының атын, жаяудың таяғын сыпырып алдың ба?

Әкем үндемеді.

— Одан кейін, он алтыншы жылы халық көтерілісі болғанда, патша әскерін бастап әкеп, елді қырдың ба?

— Мен қырмасам, олар мені қыратын еді...— деді әкем, шағар жыландай жиырыла бастап,— бітір, сөзіңді!

— Бітірсем,— Сыр бойында істегендерің есіңде ме?

— Сыр жоқ қой, бұл жерде. Осы елге байланысты әңгімені айт! — деді әкем тығылыңқырап сөйлеп.

— Айтсам, «многолавка» дегенді ашқан боп, осы елдің ырысынан тағы сыпырдың ба, бір ширек шайға, я бір көйлектік шытқа, жарлының жалғыз сиырын еңіретіп отырып тартып ап?

— Тағы айтарың бар ма? — деді әкем, ендігі сөзді тындағысы келмеген кескінмен.

— Осы елде жаңалықтың, яғни, социализмнің алғашқы сәулесі сияқты боп құрылған «Ұшқын» артелінe, атарман-шабармандарың арқылы іріткі сап, Еркін оқудан қайтқанша быт-шыт қып таратып жібердің бе?

— Болдың ба? — деді әкем тырсылдап.

— Болдым! — дедім мен.

— Ендеше...— деп, ашуы түтеген кескінмен көтеріле берген әкеме:

— Бір ауыз ғана сөз! — дедім...

— Айт! — деді ол жекіп,— бірақ қысқа!..

— Өзім де қысқа айтам. Жоғарыдағы сөздерімнің түйінін ғана айтам.

— Тез!..— деді әкем асығып.

— Ел саған өшіксе, мен Бәтесті алады деп емес, өзіңнің әлгі санаған қылықтарың үшін өшігеді. Сені және сен сияқтыларды ондай өштесуден аман алып қалу үшін Совет өкіметін құлату керек те, орнына баяғы патша өкіметін қайта отырғызу керек, оған мен түгіл ешкімнің де әлі келмейді!..

— Біттің бе? — деді әкем шарта жүгініп ап.

— Біттім...

— Ат құйрығын кесіскен жеріміз осы ма?

— Ол ерік сенде.

— Енді қанжығада көрісуіміз-ақ қалған екен ғой?

— Ол ерік те сенде?

— Менде болса,— деді әкем, тұлабойына тола ғап, тырсылдап кеткен ашу уытын қайда төгуді білмегендей, бүктей ұстаған қамшысымен жердің шаңын бұрқырата салып-салып жіберіп, орнынан ұшып түрегеп,— мені уайымдама, сен! Мен қуғын көрген түлкідей құйрығым буырылданып болған кісімін .«Қыранның қиялауын түлкі байқар» дегендей, өзімді шалғысы келетін жауды алыстан көретін кісімін...

— Онында дауым жоқ...

— Көріп қана қоймай,— деді әкем айғайлап кетіп,— жан сақтаудың да амалын қарастыра білетін кісімін...

— Оның таусылуға таялған амал, әке!..

— Ендеше, бар да, мені Ге-Пе-У-ге айтып ұстата ғой! — деді әкем, қамшысымен тартып жіберерліктей боп кеп.

— Менсіз де ұстауы қашпас! — дедім тайсалмай.

— Мәһ, мынаны ұстар! — деп, әкем шығарған қолын тұмсығыма тақап еді, түйген жұдырығы танауымды ауырта қадалғанмен, қозғалған жоқпын. Одан артық қимылға бармаған әкем, танауыма тақаған жұдырығын төмен түсірді де, бар ашуы сонымен тарқағандай, бәсеңдеткен даусымен:

— «Өлетін бала көрге жүгіреді» дегендей, алдына аңырайып қазулы тұрған көрді көрмейсің, балам!.. Көрген кісі сақтандырса, тоқтаудың орнына өршелене жүгіресің. Өйтіп барғанда, қыз ермей қалса, тірі қайтқаныңа қара жер!.. Одан да өлгенің жақсы. Осыны әлі де болса ойлан, балам! — деді.

— Ойланатын іштеңем жоқ, әке. Бұл менің мың ойланып жүз толғанып, ақылымның таразысына сан рет өлшеп тоқтаған пікірім.

— Онда, амал қанша! — деді әкем ауыр күрсініп,— «Бетіңнен жарылғасын» дер ем, жарылғамайтынын көріп тұрмын. Өз өліміңе өзің қол қойып тұрсың!..

— Онда, жаназама келмей-ақ қоярсың...

— Әрине, келмеймін. Шіріген жұмыртқасын құс та шайқамайды!.. Бұрын өлсем, менің жаназама сен де келме!..

— Мақұл! — дедім де жүре бердім.

Әкем тас-құдайдай қақырайып сол орнында тырп етпестен тұрды да қалды!..

Өзімен кеңескенде жеңіл сияқтанған әке сөздерінің салмағы қандайлығын, мен Бәтес өзіме де ермей қалғаннан кейін ғана байқадым. Іштей жоруымша, Бәтес маған берген сертінен танған жоқ. Оны тандырып тұрған, советтік заманның тілімен айтқанда, қазақ ауылында тұнығы әлі түгел шайқалып болмаған, әлі де орнықты отырған рушыл-патриархалдық тұрмыс. Ішіне менің әкемді, өзінің әкесін қоса, ауылдағы бүкіл ру басылары мен олардың құйыршықтарын түгел алғанда, бәрі жиналып салмағын түсірсе, жалғыз Бәтес қалай көтермек?..

Совет өкіметінің ауылдағы өкілі көріп, бірден-бір таянышым көріп, Бәтес ермегеннен кейін Еркінді оңашалап:

— Тартып әкетуден басқа шара жоқ. Милиция күшіне олар қарсы келе алмайды, бір винтовканың аузына мыңы сыяды да, жолынан ысырылады. Арбамызға отырғаннан кейін, Бәтес біздік. Шын сөзін ол сонда ғана айтады,— деп едім:

— Күш-қуатының қандайлығын өзің жақсы білетін Совет өкіметі,— дейді ол,— бір ғана мәселеде әлсіз, ол — өзі шығарған заңның ешбір сөзін бұза алмау. Революцияға қарсылық жасамаған азаматтың жеке басының правосы совет заңында өте күшті. Совет өкіметі ол правоны бұзуға ешкімге де ерік бермеуі былай тұрсын, қатты қорғайды. Совет заңында қыздың кімге барам десе де еркі. Біреуге бармақ боп, артынан айнып қалса және де еркі. «Айнысаң да барасың» деп ешкім де зорлай алмайды. Егер Бәтес саған қосылам деген сөзінен танбаса, бүкіл Торғай елі боп жиналып келсе де, алып жүре берер ек, онда бізге ешкім де бата алмас еді. Қыздың «ермеймін» дегенін де естідік. Оған қолданар ешбір айла, амал жоқ.

— «Тек, үйінен ғана шығарсаңыз!» деп отырмын ғой! — дедім мен жалбарынған дауыспен.

— Қалай шығарасың, шықпаймын деген кісіні?

— Өзің шақырып неге әуре етесің? Әке-шешеңнен қорқып отырсың, оңаша сөйлесеміз деген сылтаумен.

— Заңсыздық болады ол, адамның жеке басына совет заңы берген правосына қол сұғу болады...

Қалай түсіндірмек болсам да. Еркін осы сөзінен танбағаннан кейін, не істерге білмей ыза болдым да:

— Бұныңыз қалай, Еркін ағай-ау?!— дедім кейіп,—

көңіліңізге келсе де айтайын, бұныңыз, орысша айтқанда, барып тұрған буквоедство[1] ғой!.. Қыздың бектер мен байлардан қорқуын көре тұра, заңның әріптерінен табан аудармаймын деуіңіз, барып тұрған формализм емес пе?..

— Не десең де еркің. Оған мен ренжімеймін. Менің әлі де айтарым — заңды бұзуға болмайды...

— Қанаушы таптың ісі екенін көріп тұрсаңыз да ма?!..

— Ондай іс болмау үшін, ең алдымен, сол таптың өзін жою керек. Оны да заңсыз істеуге болмайды.

Еркіннің осыдан басқа айтары жоғына көзім жеткеннен кейін, осы арадан айырылып кетуге бір ойлап тұрдым да, ашуымды ақылға жеңгізіп, енді не істеуді ақылдаспақ боп, кеңсеге бірге қайттым.

— Тартып әкетпеді деп ренжіп келесің, Бүркіт!— деді Еркін былай шыға,— ренжісең де амал жоқ. Біздің отан партизандық дәуірден өткелі қашан. «Революциялық ардың атымен» деп жазалай салу да қойылғалы көп болды. Қазір ешбір қылмысты және азаматтық істі заңмен, яғни өзіне лайықты статьямен ғана қарай аласың, ол статьяны бұрмалауға күшің жетпейді. Ал, ауылдағы қанаушы тапқа келсек, оның ескі қаймағы бұзылмай, қаз қалпында отырғаны рас. Орыстың я Россиядағы басқа отырықшы елдердің капиталистері мен помещиктері революция жылдары құрып кеткенде, қазақтың ірі байлары мен феодалдары әлі де үйінде.

— Неге?

— Әр нәрсенің уақыты бар. Қазақ байлары мен феодалдарын тап ретінде жоюдың әлі уақыты жеткен жоқ.

— Қандай уақыт ол?

— Отырықшы елдердің көбінде, әсіресе орыста, революциядан бұрын жұмысшы табы болды да, оның алдынғы қатардағы отряды — коммунист партиясы, сол тапты және еңбекші шаруаларды революциялық істерге көтерді. Октябрь революциясын солар жасады. Саналы түрдегі тап күресі дегеніміз осы. Ал, қазаққа келсек, революциядан бұрын жұмысшылардың саны өте аз еді және революциялық іске олар шын мағнасында тартылмаған еді, сондықтан қазақ халқының

---

[1]) Әріпке табыну.

арасында, шын мағнасындағы саналы тап күресі де болған жоқ.

— Неге? Өзіңіз қатынасқан Амангелді қозғалысын қайда қоясыз?

— Амангелді қозғалысы — шаруалар қозғалысы. Революциялық істерде шаруалар, тек пролетариатқа арқа сүйегенде ғана мақсатына жетеді. Қазақ шаруаларының көтерілісі, өз пролетариатының емес («ол өте аз еді» дедім ғой), орыс пролетариатының бастауымен ғана мақсатты жеріне, яғни ұлт азаттығы мен социализм құру ісіне араласуға жетті.

Қызғылықсыз көрінген бұл саяси сауат жалықтыра бастаған соң, мәселені келтесінен қайыру мақсатымен:

— Сіздікі дұрыс екен дейік,— дедім Еркінге,— хош, революция болды... Отырықшы елдердің капиталистері мен помещиктері конфискацияға ілікті... Сонда осы конфискацияға ілікпейтін қазақ байлары кімнің шікірасы?

— Мәселе оларды конфисковать етуде емес, қазақ еңбекшілерінің таптық сана-сезімін көтеріп, социалистік іске белсендіре араластыруда. Біз Қазақстанда бұл жұмысты әлі ойдағыдай іске асыра алмай жатырмыз...

— Неге?

— Біріншіден, бұл жұмысты ойдағыдай ұйымдастырарлық қазақ еңбекшілерінің өз арасынан шыққан саналы қызметкерлері әлі жеткіліксіз, екіншіден, еңбекші көпшіліктің таптық санасын ойдағыдай көтеріп үлгере алмай жатуымыздан. Осы екі мәселені шешсек, ауылдағы қанаушы тапты жою өзінен өзі болып жататын нәрсе.

— Түсінікті,— дедім мен бұл әңгімені ілгері созғым келмей,— ауылдағы қанаушы тапты жою алдағы күндердің жұмысы екен дейік. Сонда мына мені мен Бәтестің басымыздағы ұсақ істерде қанаушы тапқа ерік беріп қоюға бола ма?

— Болмас еді,— деді Еркін,— егер Бәтесің «басыма ерік керек» деп зарлап тұрса. Оны айтпай, уәдесінен танып қалса, не істейді оған үкімет?

Еркін тағы да «заң», «право» деген сөздерін қайталайды екен деген оймен, сұрауына жауап берген жоқпын.

— Ауылдағы қанаушылар ғана емес,— деді Еркін даусын байсалдандырып,— олардың қаладағы идеологтері де әлі қозғалмай отыр. Қазақ байларының партиясын «алашорда» дейміз ғой біз. Алашорданың бас-

тығы Әлихан Бөкейханов қазір Москвада, қызметте. Батыс алашордасының бастықтары — Жиһанша және Халел Досмұхамметовтер де Тәшкенде қызмет істеп отыр. Солардың бірі — өз нағашың Жақыпбек Дәуітов те қызметте. Оқып жүрген институтыңдағы директор — Мауытбаев Жұнысбек те алашорданың адамы...

— Оны білем.

— Қалай білесің?

— Күн сайын жолғасып жүретін кісінің мінез-құлқын аңғармаймын ба? Басынан бақайшағына дейін ұлтшылдық исі аңқып тұрған адам!.. Сондайларды мектеп жұмысын басқаруға неге қояды екен?!..

— Айтып келе жатқанымыз сол емес пе?

— Оның үстіне, ана жылы аштарға жәрдем ретінде келген малды бұнда кімге қалай үлестірмек болғанын өз көзіңізбен көрдіңіз!..

— Сен өзің аузыңа берік баламысың?— деді Еркін маған жымия қарап.

— Берік емес деп естідіңіз бе?

— Жоқ, жәй әншейін...

— Ендеше неге сұрайсыз?

— Бір сыр айтсам, сыртқа жаймайсың ба?

— Сенбесеңіз айтпаңыз!..

— Сенбейтін іштеңе жоқ. Былай да жұртқа мәлім болған нәрсе.

— Ендеше, айтыңыз!

— Мауытбаевтың сол мәселесін былтырдан бері зерттеуде жүр. «Сыртқа жайма» дейтін себебім, осы мәселені қозғаған — менмін. Оны бұл елде ешкім білмейді.

— Ендеше, менен де шашыла қоймас ол сыр!

— Елде көп адамнан жауап алынып, материалын Қазақстанның жоғарғы сотына бірер ай бұрын жолдадық. Соты жақында болып қалар деген сөз бар.

— Егер ол сотқа кездесе қалсам, бірінші айыптаушы мен болам.

— Оны өзің білерсің, есіңде болсын: бұл соттың төңірегінде қатты күрес болады,— жаңалық пен ескіліктің, яғни революциялық күш пен кертартпа реакциялық күштің арасында... Көрерсің, өз нағашың — Жақыпбек те бұл күрестің жуан ортасында болады...

— Қай жағында?— дедім мен әдейі.

— Реакциялық жақта болады да. Түсінемісің, ол сөзді?

— Түсінем! Айқын түсінем!..

— Сонда нағащыңды да айыптаймысың?— деді Еркін жымиып.

— Мен, қазір, кім ескілікті жақтаса, соның бәрін айыптаймын.

— Онда жарадың!— деді Еркін риза болғандай.

— Ал, енді, Совет өкіметінің осы ескілікті жоюға күші келе тұрып, жоймай отырған себебі не?

— Саясат!..

— Қандай саясат?

— Ол көп сөз,— деді Еркін,— мен, тек, тұжырымдысын ғана айтайын: қазақ байларын тап ретінде жоймай олардың идеологтері де түгелімен ауыздықталып болмайды, ауыздықталғанша, олар әлі талай істерімізге бөгет жасайды, біразын бүлдіріп те үлгереді. Сол бүліншіліктерінің бірі — Бәтес пен сенің арана түскен іріткі. Ешбір нақтылы дәлелім болмағанмен, осы жұмыстың да жуан ортасында жүрген адамның бірі — нағашың Жақыпбек!

— Мақсаты не, сонда?— дедім мен, Еркін өз көңілімде де түйткіл боп ойдың пернесін басып қалғаннан кейін.

— Мақсаты,— қожаларының, яғни қанаушы таптың тілегін орындау. Оның тілегі — ескі феодалдық-патриархалдық тұрмыстың қаймағын бұзбау. Осы тілегін орындамай көрсін, ауылдың байлары, яғни: Сасық, өз әкең — Әбуталып, Бәтестің әкесі — Мәмбет не істер екен оған?

— Не істейді?

— Күлін көкке ұшырады! Жақыпбектің революцияға қарсы жасаған талай сұмдығын біледі олар. Тату жүргенде жасырады ол қылықтарын. Араздасып көрсінші, қалай құстырар екен қоясын?..

— Арыз бере ме сонда?

— Өздері бермейді. Беретін кісілер табады. Олардың кім екенін «құдайыңның» өзі де айыра алмайды.

Бәтес жайында не істеуді ақылдасқанда:

— Атаң қазақ айтпай ма,— деді Еркін,— «қайта келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» деп. Не себеппен болса да, бұл Бәтес саған қатты ашуға кірген кісі. Ондай ашу — өрт сияқты. Өртті қарсы тұрып соғуға болмайды. Оны жанапайлап соғу керек. Бәтеске бұл жолында айналып соғам десең, ашу өртіне бұдан да жаман шарпылып қалуың мүмкін. Тілімді алсаң өйтпе сен. Осы бетіңнен бұрылмай, оқуыңа тарта бер. Менімше, Бәтес ашудың ғана емес, ой-сананың да ада-

мы. Қазір әлдене дүшпандарыңның шағыстыруына еріп лапылдап отырғанмен, біраздан кейін ақыл сабасына құйылады да, ренжітіп жібергеніне өкінеді, қайтадан табысуды тілейді...

— Мен қайдан білем, ондай ойға келгенін?— дедім, Еркіннің мына сөзінен сөнген сияқты болған үмітім тұтана ғап.

— Тек, келсін деп тіле, ондай ойға!— деді Еркін.— Келе қалса, елдегі достарына білдірмей отыра алмайды. Мен де бақылап жүрермін. Игісін сөзін естісем-ақ, ар жағында не істеуді өзім білем.

— Қалай тездетуге болар екен осыны?— дедім мен.

— Қалай тездетесің?— деді Еркін,— ат емес, айдай жөнелетін; машина емес, тетігін бұрап жылдамдататын; адам!.. Адамның көңілін күшпен жылдамдатуға болмайды, түсіндіру арқылы ғана жылдамдатуға болады... Сен асықпа оған. «Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» депті аталарың. Бәтестің сені сүйгені рас болса, ерте ме, кеш пе, райынан бір қайтады...

— Әке-шешесі біреуге беріп жіберсе қайтеміз?

— Оның заманы емес және Бәтес ондайдың қызы емес. Ол өз заманының жәйін жақсы білетін адам, сондықтан зорлауға да, қорлауға да көнбейді. Біз де сыртынан бақылап отырамыз. Райынан қайтар күн болса, саған қарай аттандырып жіберуді мен-ақ міндетіме алайын.

— Бүркіт!— деді Еркін,— аз кідірістен кейін.

— Әу!..

— «Тәкаппарлық» деген сөз бар ғой. Жақсы мағнасында алсақ, ретті жерде оны сақтамай да болмайды. Бұл сөзді айтып отырған себебім,— Бәтеске де осы тәкаппарлықты қолдануың керек!

— Қалай?

— «Осы бетіңмен оқуыңа тарта бер!» дедім ғой саған. Бірақ сен үн-түнсіз тарта берме. Оған хат тастап кет. Өзім-ақ апарып берейін сол хатты. Өз қолына тапсырайын. Сен, айналып соқпай кетуіңді өкпелеуіне аудар. Егер шын сүйген адам болса, сол сөзіңнен толқып қалуы, ашуынан да сонда қайтуы мүмкін...

— Мақұл!— дедім мен.

Болыстық кеңсеге келе хатты жаздым да, Еркінге оқып бердім.

— Жақсы екен,— деді ол.

Хатты Еркінге тапсырып, сапарлас болатын жолау-

шылар іздеп жүрген шағымда, күтпеген бір жаңалық естіле қалды: Мауытбаев Жұнысбекке августың басында сот құрылатын болыпты да, куәлікке біздің елден көп кісі шақырылыпты, тізімнің ішінде Еркін Ержанов пен болыстық қосшылар одағының председателі Сақтаған Сағымбаев та жүр.

Сот мәжілісінің күніне азғантай ғана уақыт қалғандықтан, куәлар жүруге жинала бастады. Олар Торғай, Ырғыз арқылы жүріп, поезға Шалқардан мінетін болды, өйткені жолшыбайғы елдерден де куәлар барады екен, барлық куә жиналып, Қызылордаға бірге жүруге тиісті екен. Мен де соларға еріп кететін болдым. Біздің елдің куәларынан жалғыз Еркін ғана бармайтын боптты. Себебін сұрағанымда:

— Біріншіден,— деді ол,— мен өз пікірімді зерттеушілерге толық жазып та, айтып та берем; екіншіден, егін, шөпті жинаудың және мемлекет салығын түгендеудің уақыты боп қалды, ол науқандарды тастап кетуге болмайды; үшіншіден, «жәрдем» малының бұл елде қалай тарағанын, Сағымбаев Сақтаған менен кем білмейді. Біздің елдің куәларын бастап апаруды соған тапсырып отырмыз.

Куәлар кеңсеге жиналып, ертең аттанамыз деген шақта, елден шешем Асылтас келіп қалды. Онымен қызық жағдайда кездестік. Куәлікке баратындардың бәріне сенім қағаз керек екен. Біздің болыстан қырыққа жақын куә жүреді. Қағаз басатын қазақша машинистка ол кезде ауылдық жерде жоқ, сондықтан кеңсенің барлық қағазы қолдан жазылады. Болыстық атқару комитетінің секретары іске жүйрік адам болғанмен, қолжазбасы тануға болмастықтай нашар, ал, менің жазуым әрі айқын, әрі сұлу. Осы жәйімді білетін Еркін, куәларға берілетін сенім қағаздардың бәрі менің қолымнан өтуді мақұл көрді. Мен оған қарсы болған жоқпын.

Революциядан бұрын, елде кеңсе деген болмаған ғой, елдің болыстары мен ауылнайлары, аумағы азғантай ғана кеңселік қағаздарын қоржынына салып жүрген ғой. Кеңсе қағазын осылай қолтықтау, советтік құрылыстың алғашқы жылдарында да болып кеп, кейінгі екі-үш жылда тұрақты үйге орналасқан екен. Сондай жаңа нәрсені қызық көре ме, әлде жұмыстары көп пе, болыстық кеңсеге қызмет уақытында жан сыймай, бірі кіріп, бірі шығып... дегендей топырласады да жатады.

Мен куәлардың сенім қағаздарын жазуға кіріскен шақта, болыстық кеңсеге арналған кең кигіз үйдің ішіне адам тіпті сыймай кетті. Бұрын қағаз жазған кісіні көрмегендей, бірін бірі итермелей анталаған, әлденелерді сұрап, әлденелерге таңданысып... дегендей шуласқан олардың ішінде қызмет атқару қиын болғандықтан, милиция тысқа шығарайын деп еді, сөзін ешкім тыңдамады, күш қолдана алмады.

Тағы бір қызығы — куәларға жазып беретін сенім қағаздарда иесінің аты мен фамилиясы болмаса, өзге сөздері түгелімен бірдей екенін көре тұра, біз куәның сенім қағазын оқып беріп қолына ұстатсаң, екінші, үшінші, төртінші... дегендей, бәрі де «естіртіп оқы!» дейді де, тілегін орындамасаң, сенім қағазын алмайды. Бұған әрі күлесің, әрі ашуланасың. Қайсысын істесең де өтінішін орындамай амалың жоқ...

Осындай қатты әбігер боп жатқан шақта:

— Жібер! — деген әйел даусы шаңқ ете қалды құлағыма. Шешемнің даусы сияқты боп кетті маған. Мен елендеп, орнымнан ұшып түрекелдім.

— Қайда барасың, кимелеп? — деген еркек даусы естілді.

— Балама! — деді әйел...— Жібер!

«Шешем!..»

Қарсы алмақ боп ілгері ұмтылайын десем, тоғытуға иірген қалың қойдай сығылысқан адам жылжытар емес.

— Жібер! — деп айғай салдым мен жұртқа, кимелеп...

Шешемнің даусын естігенде жүрегімнің тулай қалуынан ба, әлде ыстық күнде қалың адамның қыспағына түсуімнен бе, тұлабойымнан тер сорғалап, өкпем алқынып кетті. Сонда да жанталаса кимелеп, тың жерді тілген өткір соқаның тіліндей, жыртылып айырылған топтың арасынан суырыла өттім де, жол аша алмай қамалып тұрған шешемді «ап-па!» деп құшақтай алдым...

Қуанған я қайғырған шағында, сол сезімін білдіріп көзіне жас алмайтын адам, әсіресе, әйел сирек болуға тиісті. Бірақ жылаудың да жылауы бар. Мәселен, мен өзім, бар даусын жеткен биігіне дейін көтеріп, оның үстіне, сөйленіп, және жәй ғана сөйленбей, өлеңдей үйлестіре, ырғақтай сөйлеп жылаған әйелді, қазақтан басқа елде көрген емен.

Білетін жұрт менің шешемді «жас күнінде әнші де, жыршы да болған еді» дейді. Ондай қасиетін, балалық шағымда өзім де көрдім. Жаздыгүні ауылдың қыз-келіншектері алтыбақан тебуге шыққанда, қой күзетуді сылтау ғып, кейбір түнде шешем де шығатын еді. Оның әнші екенін білетін қыз-келіншектер «әң айт!» деп жалынса, әуелі «қатын басыммен ұят қой» деп пәлденіп, артынан «айтсам айтайын,— дейтін еді ол,— бірақ маған қосылыңдар, үйде жатқан жұрт даусымды білмейтін болсын!..» «Жарайды!» деп қыз-келіншектер қосылатын еді, бірақ олардың даусын шешемнің биік даусы басып кетіп, өзге даусы жер бетінде жалпаңдаған жапалақ сияқтанғанда, шешемнің даусы қияға өрлеген қырандай шырқап кететін еді. Және де нелер тамаша әндерді білетін еді ол!.. Әнші шешем ертерек кезде атақты жыршы да болған. Бұндай қасиеті, әкесі — Дәуіт өлген шақта көрінген. Сол кезде бойжетіп отырған шешем, бір жылдай басына қара салып, әкесін жоқтап жырлаған екен. Жырын Торғайдың атақты ақыны Қарпық шығарып берген екен. Сонда жұрт шешемнің биік және әдемі даусына қайран ғап, ат жетер жердегі елден тыңдауға келеді екен...

Болыстық кеңседе, қалың топтың арасында мені құшақтап көріскен шешем, осы биік даусына шырқай басып, ананың балаға деген мейірімі мен сағынышын, менің басыма түскен халді жыр ғып айтқанда, менің тұлабойым қорғасындай еріп, көз жасым сорғалады да кетті. Оның жырына, мен түгіл көлденең жұрттың да жүйесі босап, кейбіреуі: «Мына көрісуге жан шыдап болмас!» деп, жылап та жіберді...

Жылап тұрып өз ойыма келген нәрсе — біреуді қанша жақсы білем дегеніңмен, ешуақытта да түгел танып болмайды екенсің ғой!.. Осы шешем, менің «өте жақсы-ақ білемін» дейтін адамым еді. Енді, мынау жырлап жылаған түріне қарасам, білмеген сырлары да толып жатыр екен!.. Бұған дейін, мен бұл адамды «бар тетігі аузында тұратын, ол тетігін ағытса, ішкі сарайы түгел көрінетін, көрінген сарайының ішінде қымбаты азғантай, бары сүреңсіз, жұқалаң кісі ғой» деп бағалайтын ем. Енді байқасам, аузынан шыққан сөздерінің бәрі әрі ақылды және бояулы, әрі жүректің терең түкпірінен ақтарылып жатқан ыстық және шын!.. Егер жырлата берсең, осы ақылды, бояулы, ыстық, шын сырлар, тасты жарып аққан қайнар бұлақтың көзіндей таусылар емес!..

Осы сырларын қаншаға дейін ақтарарын тәңірім білер еді, егер қоршаған қалың топ, үндерін қоса: «Жеңгей, жетер енді!.. Мауқыңды басқандай болдың!.. Шешенің балаға деген мейірімді сөзі ешуақытта сарқылмайды!.. Тілеулі жолға шыққалы тұр балаң!.. Жамандық шақырып жылама!.. Жақсы тілекпен аттандыр!» деп шуласпаса.

Осы сөздердің ішінде, шешеме ең тоқтамдысы,— «жамандық шақырма!» дегені болды ғой деймін. Сол сөз құлағына шалынғаннан кейін, «қойдым!.. қойдым!» деп, шырқап тұрған даусын бәсеңдете бастады. «Жақсы тілекпен аттандыр» деген сөзден кейін, шешемнің лапылдаған жалыны су құя салғандай сөне қалды. Содан кейін құшағын да жазған шешемнің кескініне қарасам, астынан отын ысырған қазанның ішінде бұлкілдей қайнаған сүт сияқты; егер, тағы да азғантай қызу берсең көпірші жөнелейін деп тұр ол; қызуды ілкім күшейтсең бұрқан-тарқан қайнап тасымай, тасыса түгелімен болмай басылмайтын сияқты. Осындай қалпын көргеннен кейін, «оңашалап апарып желпіндірейін, өксігін бастырайын, айтарымды содан кейін айтайын» деген оймен:

— Апа, тысқа шықсақ қайтеді? — дедім.

— Ие, сөйтіңдер! — деп шу ете қалды көпшілік,— үй іші қапа. Және «бала» боп, «шеше» боп оңашада ғана айтатын сөздерің де болар. Барыңдар тысқа, желпініңдер!

Тысқа шығып, ауылдан оңашарақ жердегі сайдың тасасына отырғаннан кейін, шешем екеуміз, «не сөйлесеміз?» дегендей, бір-бірімізге сүзіліп қарай қалдық. Шешем көрісіп жылағанда, маған арнаулы сөзінің бәрін де айтып тауысқан сияқты. Ал мен не айтам оған?

Әкеме айтқан қайраттарымның ешбірін де шешеме айтудың қажеті жоқ, өйткені бұл кісі ескілік әдет-ғұрпының тереңіне жан-тәнімен түгел батқан, одан ешуақытта шыға алмайтын адам. Ескі ауылдың ұғымында: «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа»; ерге шыққан, яғни «қатын» деп атайтын әйелге берер бағасы: «Қатын қайраттанса, қазанды ғана тез қайнатады»; «қапқа түскен қатындікі», яғни ол өз үйінің ішіндегі ас-суға ғана қожа, одан басқада жұмысы жоқ... Осындай шешеме, әлеуметтік, қоғамдық мәні бар сөздерді айту, тасқа шапқан балтадай майырылып қалатын, ешкімге де ешбір пайдасы жоқ сөздер.

Әкемнің үстінен шағым айтудың да пайдасы жоқ,

өйткені шешемнің оны өз бетінен бұрып алар шамасы жоқ.

Ешкімді айыптамай-ақ, шешемді «ана» деп, өзімді «бала» деп, ішімді бөрідей жалап жатқан мұң-зарымды шағайын десем, былай да құр сүлдері отырған шешемді одан жаман қинау болады...

Ендеше, не істеуім керек?

«Ішім өлген, сыртым сау» деп Абай айтқандай, ішкі сарайымның тас-талқан боп қирап жатуын шешеме білдірмей, сыртымды еріксіз жайрандатып, көңлін көтеретін ғана сөздер айтқым келді.

— Апа,— дедім кескініне күлімсірей қарап,— неге бүлініп жыладың, соншама? Мәмбет қызының ермей қалуы ма сонда қайғыратының?

— Аз қайғы ма ол?..— деп шешем кемсендейін деп еді:

— «Азын», «көбін» қоя тұрып, ең алдымен соны «қайғы ма, десейші? — дедім сөзін бөліп.

— Е, қайғы емей...— деп келе жатқан шешемді тоқтатып:

— Емес! — дедім кесіп тастап.— Ұят та болса айтайын,— «қымызды кім ішпейді, қызға кім бармайды» дегендей, жігітке қызбен жақын болу, қашаннан бері қайғы болып еді?..

— Жәй жақындық емес қой бұл?

— Енді не? Қыз «сүйдім» деді, мен де сүйдім. Қыз «сүймеймін» десе, мен де сүймеймін, сонда ел көзінде ұятқа мен қалам ба, қыз қала ма?

— Әрине, қыз қалады! — деді, «қыздан жігіт артық» деген ескілік ұғымдағы шешем.— О жағынан саған келетін ұят жоқ. Алтын басыңды еңкейтіп барғанда, сонша шалқайып ермей қалған қаншық, отырсын енді, өз абыройын өзі ашып, алатын әмеңгері жоқ жесір қатындай боп!.. «Қыз» деген абыройы төгілгеннен кейін, кәрі-құртаңның, кем-кетіктің, жаман-жәутіктің біреуі болмаса, дені дұрыс қай жігіт ала қояр дейсің оны?..

— Ендеше, маған қояр кінәң не?

— Тек қорлануым ғана болмаса, кінәм жоқ!

— Неменеге қорланасың?

— Өзі айырылуымен ғана қоймай, сені ел-жұртынан, ең ақыры — туған әкеңнен айырып кетті, күйлеген қаншық!..

— Неге олай дейсің, апа?

— Демегенде қайтейін! Жалғыз мен ғана келер ме

едім артыңнан, егер ел-жұрттан айырмаса?.. Батыр атаңның тұқымы түгел жиналып келмес пе еді?

— Неге істемеді оны?

— Бұрынғы заманы болса істер еді!.. Батыр атаңның тұқымы бұндай қорлыққа қашан көніп еді бұрын?.. Қожаның тұқымы кім еді, менің тұқымыммен салыстырғанда? Елдің баласын піштіріп, зекет, құшырын жинаудан басқа, өлігінің жаназасын шығарып, педия-садақасын алудан басқа не келіп еді, олардың қолынан?.. Бүкіл арғынның мықты белінің бірі — Шақшақ-Жәнібекпен де белдесе түсіп, жығып кеткен емес пе еді, аруағыңнан айналайын, батыр-атаңның тұқымы?..

— Өзіңді алып қашуын айтасың ба, апа? — дедім күліп.

— Саған күлкі көрінгенмен, ел-жұртқа күлкі болмаған ол оқиға. Қалың ел. «Шақшақ-Жәнібекке мынаны істеген қалмақ тұқымына шара болмас!» деп таңданған...

— Соны енді неге істемейді — дедім шешемнің әңгімеге елігіп, сынаптай толқыған сезімі бекігенін көргеннен кейін, сол сезімін әлі де қатайта түсейін деген оймен.

— Сәбет өкіметі ерік беріп отыр ма, оған?— деді шешем шап ете ғап,— «теңдік» деген заң шығарған жоқ па? «Кедей мен бай тең» деп?.. «Жақсы мен жаман тең» деп?.. «Әйел мен еркек тең» деп отырған жоқ па, сәбет?

— Жаман ба онысы?

— Несі жақсы?.. Осы ма, жақсылығы? Жақсы болса, осындай қорлыққа шыдар ма едің сен? Сен шыдағанмен, әкең шыдар ма еді? Әкең шыдағанмен, батыр атаңның тұқымы шыдар ма еді?.. Ендігі, анау жүзіқара қызды, ат жаясында өңгеріп алып та келмес пе еді?.. Қожа тұқымының іргесін түріп шауып та алмас па еді?..

— Пау! — дедім мен күліп жіберіп.

— Немене, өтірік пе? — деді шешем.

Шешемнің осы бір шақтағы кескініне қарағанда, баларақ кезімде көрген бір оқиға есіме түсіп кетті: біздің үй Қарақұм бойына көшіп барған жылдың көктемінде, қасына мені ертіп аңшылап жүрген әкем, қаскырдың құм арасындағы апанына кездесе қалды. Апанды көзі алыстан шалған әкем: «Арланның қазір тышқаншылап алыста жүрген шағы, қаншығының бөлті-

ріктерін емізіп апан түбінде ұйықтап жатқан шағы; оны оятып ап, айырылып қалмау үшін, атымызды тасаға байлап кетейік те, өзіміз исімізді сездірмейтін ық жағынан барайық; мен апан аузына жақын жерде мылтығымды құрып, жасырынып отырайын, сен ін үстінен аяғыңмен тебініп дүсірлет, сонда шошып оянып шыға келген қаншықты мылтықпен басып салайын» деген. Мен әкемнің бұйырғанын істеген шақта, емшектері салақтай, көздері алақтай, апаннан қашып шыға берген қаншықты, әкем мылтықпен басып кеп салған. Кенет гүрс ете қалған мылтық даусынан шошып та, әлде оқ тиіп пе, етбетінен жалп ете құлаған қаншық, жан-дәрменде түрегеп, ілгері қарай қаша жөнеліп, «құтыла алмаймын» деуінен бе, бөлтіріктері есіне түсе қалудан ба, жалт беріп кейін бұрылғанда, апан аузында селтиіп тұрған әкеме тура шапқан. Әкемнің сұмдық бір қайратын сонда көргем: жаралы аңның жалт беріп ұмтылуынан оның да сасып қалуы ма, әлде, жақын келтіріп ап соққысы келді ме, аузын аңырайта ашқан қаншық таянғанша қалшиған қалпын өзгертпеген!.. Басының барлық етін жоғары қарай қатпарландыра жиырып алған, қалқайған құлақтарын желкесіне қарай жымитып алған, екі көзі қып-қызыл шоқтай жайнаған, аңырайта ашқан аузындағы тістері қатар сүйеген найзаның ұштары сияқтанып сүйриген, қып-қызыл, ұп-ұзын тілі сол жақ ұртынан салбырап ұмтылған қаншықтың қаһарлы келбетінен зәрем кетіп, әкемнің артына тығыла қалғам. Қаншық қабарлық жерге таянып қалғанда, мылтық тағы да гүрс ете түскен. Маңдайға темір тоқпақпен соққандай қаншық тағы да жалп ете қалған. Әкем мені желкемнен қапсыра ұстап, сыртынан суырып алған да: «Жаман болайын деп жүрмісің, жаудан қорқып? — деген жекіп,— көр, анау қаншықты!.. Жаны әлі шыққан жоқ!..» Қаншыққа қарасам, құлақтары дірілдеп, құйрығы шоршаңдап өлгелі жатып, отты көздерін әкемнен айырмай, қабырғасымен жылжымақ болады!.. Бұл не деген қайрат!.. Бұл не деген өшпенділік!..

Шешемнің кескініндегі Совет өкіметі ауылға әкелген жаңалыққа өшпенділік белгісі, маған сол қаскыр қаншығының адамға деген өшпенділік белгісі сияқтанып кетті. Осы арада «тәрбие» деген сөздің күш-қуаты есіме келе қалды. «Сүтпен кірген, сүйекпен шығады» дейді қазақ. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді. Екеуі де рас сөз ғой деймін. Адамға жасынан сің-

ген тәрбиені шығару, кейін қиынға түсе ме деп ойлаймын. Әйтпесе ,«атақты феодалдың қызы», «атақты феодалдың әйелі» дегені болмаса, ескі заманнан, яғни патшашыл, рушыл заманнан осы шешемнің қара басының көргені рақат емес, қорлық. Сонда да ескі заманды көксеп отырғаны мынау!.. Әлгі екі мақалдың шындығына айқын кепілдің бірі — осы!.. Шіркін, тәрбияның күші ай!..

Тақырыбымызға оралайық: шешемнің ақылы сабасына түсіп, қайрат-күші бойына жиналғанын көргеннен кейін, ендігі сөзді келтесінен қайырмақ боп, бірақ сөз салмағын әлі де өзіне арта сөйлегім кеп:

— Іздеп келгеніңе мың да бір алғыс, сүйікті апа! Саған туған балаң ретінде былай да өмір бойы қарыздар адаммын ғой. Енді тіпті де қарыздармын!

— Ешбір қарызың жоқ,— деді шешем.— Құдай риза, мен риза!.. Маған деген борышыңның бәрін де кештім, күнім!..

— Енді не айтарың бар маған?..

— Не айтайын? — деді шешем күрсініп ап,— айта келген сөзім: «Қожаның қызына бас ие көрме!» деу еді, оның жауабын алдымды орап өзің айтып қойдың. Ендігі айтарым: сол сөзіңе берік бола гөр, сәулем!..

— Әрине, апа!

— Қайталап айтты деп сөкпе, күнім: «Батырдың ажалы маржадан» дегенді бұрынғылар босқа айтпаған. Талай қамал бұзған батырларды, жауына әйел ұстап берген. Адам түгіл хайуан да сондай:

«Дүниеде бір қақ байтал екі айғырды
Желкеден шайнастырып ащы қылған!» —

дегенді ақындар босқа айтпаған. «Мақлұқтардың ең жуасы» дейтін қой екеш, қойдың да қошқарлары ұрғашысына таласып сүзіседі де, бірінің бірі басын жарады. Біздің үйде сен туардан бұрын Құлқара деген ұры тұрған. Оның кесібі мал ұрлау емес, ит ұрлау болған.

— Ит?! — дедім мен күліп.

— Ие, ит! — деді шешем сабырлы кескінін өзгертпей.

— Қалай?

— Құлқара «пәлен жерде бір жақсы ит бар» деп естісе, күйлеген қаншық тауып, жетектеп әкететін де, соған «жақсы» деген итті ертіп әкелетін...

— Ө, қойшы, апа!..— дедім мен күліп.

— Күлме, балам! — деді шешем, түсін ызғарландыра түсіп,— күлетін сөз айтып отырған жоқпын мен.

— Рас шығар,— дедім мен де салмақтанып,— бірақ мен қошқар да, төбет те емес, адаммын ғой?..

— Адамнан да талайлар өлмеді ме, әйелге таласып? Солардың ақылы да, білімі де сенен кем деп отырсың ба?

— Рас,— дедім мен, шешемнен жеңіліп қалғандай,— ұзын сөздің қысқасы, «Мен Біржан қызға барман аяғымнан» дегендей өзі іздеп келмесе, мен енді Бәтесті іздемеймін.

— Іздеп келсе де жоламасаң қайтеді!

— Неге, апа? «Қайтқан малдың қайыры бар» демейсіздер ме?

— Дейміз. Бірақ аталарыңның: «Қайта келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» деген де мақалдары бар!.

— Қысқасы, бұл сөзіңді қатты ескеремін, апа! Тағы не айтарың бар?

— Не айтайын! — деді шешем қаттырақ күрсініп,— «үйге жүр» дейтін, әкеңмен көріспестей боп айырылғаның анау!.. Енді, «бетіңнен жарылғасын!» дегеннен басқа не айтам!..

— Рақмет, апа!— дедім, шешеме риза боп кетіп, құшақтай ап,— әжемнің ғана аузынан күтетін сөздерді айттың ғой, апа!.. Сен де осындай ақылды ма едің, жан апа?

— Ақылдың емес, жүректің сөзі, сәулем! — деді шешем, бетіме бетін тақап.

— Ризамын, апа!.. Шынымды айтқанда, сені көргенде, «жібермеймін деп аяғыма оралса қайтем?!...» деп сасып қалған едім. Ол қамаудың бәрінен де құтқардың. Ендігі өтінішім: аттанарда, манағыдай айғай сап жылай көрме!..

— Айғайлап жыламақ түгіл, көзіме жас та алмаймын,— деді шешем.— Айтқан жоқ па, жұрт маған,— жылап жамандық шақырма, балаңа!» деп?

— Апа! — дедім, бұрынғыдан да қатты қуанып,— көңліңе ауыр алмаймысың, бір сөз айтсам?

— Айт!

— Ауыр алмауға уәде берсең ғана айтам.

— Әуелі естиік те.

— Естігеннен кейін серт бола ма ол?

— Ендеше, айта ғой!

— Уәде бересің ғой?

— Берейін!

— Әжемнен туған боп жүрдім ғой мен, ол кісі опат болғанға дейін?

— Ол кездің ғұрпы солай еді ғой, тұңғыш немересі атасы мен әжесіне бала бола қоятын?.. Қазір сөйтші, әуселенді көрейін?

— Әуелі үйленейін де, апа,— дедім күліп,— балалы болайын да, содан кейін көр әуселемді.

— Барын көріп, жоғы қап па? — деді шешем.— Текебай алған жаман жеңгең, көңілді жүрсе ғана шорам-борамын сүйгізеді де, көңілсіздене қалса, сүйгізбек түгіл иіскетпейді де!

— Мен өйтпеспін, апа!

— Өйт-өйтпе, мейлің. Құдай өз құрсағымнан шыққаннан жарылғасын. Немере, тек бар болсын. Құдай күнімді оларға салмасын. Айтам деген сөзіңді айт!

— Айтсам, «әжемнің баласы» боп жүрген шақта сенен туғанымды білуші едім де, кейбір шалғай қылықтарың мен мінездеріңді көргенде, сенен туғаныма өкінуші едім. Енді ғана ризамын, туғаныма!..

— Ойбой, балам-ай, сен де солай келте ойлаушы ма едің? — деді шешем жымиып,— мейлі қандай бала, қандай шеше болса да бір-біріне жаман көрінуші ме еді?

— Қателестім, апа! — дедім мен, шешемді бетінен сүйіп,— бұл сөзіңмен де мені жеңдің!..

Шешем уәдесіне жетті: аттанарда ол қанын ішіне тартып сазарып алды да, «төсіңнен ғана иіскейін» деп, көйлегімнің омырауын өз қолымен ашып қатты иіскеп:

— Батыр-атаңның жолын берсін, сәулем! — деп, қолын жайып бата берді.

Жастығымнан ба, әжемнен мұра боп қалған, ырымға сену дерті бойымнан әлі де арылып болмауынан ба, шешемнің батасы көңіліме дық боп тие қалды. Оның «батыр-атаң» дегені, ар жағын алғанда — Сүбітей болу керек те, бер жағын алғанда — Жәутік болу керек. Екеуі де жаугершілікте өлген адамдар. «Мен де солай өлмегей едім!» деген ой кеп кетті, ырымшыл маған. Бірақ шешеме ол ойымды білдірместен аттанып кеттім.

3. НАҒАШЫММЕН АЖЫРАСУ

Суыт жүрген біз, Қызылордаға тез арада жеттік. Мен онда серіктерімнен бөлінбей, өзім тауып берген пәтерлеріне бірге түстім. Кісі жұмсап білдірсек, Мау-

ытбаевтардың соты құрылуға үш-ақ күн қалған екен. Оған дейін көптің көзіне түспеуге, пәтерімнен шықпауға бекінген ем, саққұлақ нағашым тығылған жерімнен тауып алды. Бір күні сәкі үстіне жасалған дастарқанды жағалай отырып, іңір шайын ішіп жатқан шағымызда кіріп келген ол:

— Мәс-са-ға-а-ан!— деді табалдырықтан аттай бере тұра ғап, ешкіммен амандаспастан.— «Осы үйге торғайлықтар түсіпті» деген қауесетпен, кімдер екенін көруге, елдің амандығын білуге келсем, жиенім де бар екен ғой мұнда!..

— Осындамын! — дедім мен де, сәлем берудің орнына күтпеген кісім кіріп келуіне сасып қалғандай болып.

Нағашымды таныған серіктерім, орындарынан ұша тұрысып, шулай сәлемдесіп, жапыр-жұпыр қолдаса бастады. Неге өйткенімді кім білсін, жүртпен бірге түрегеп, нағашыма жақындамастан орнымда қақиып қатыппын да ғаппын!..

— Ие, сәлем қайда, Бүркіт? — деді маған өзі жақындаған нағашым қолын ұсынып.

Үнсіз салқын түспен қолдасуымды ұнатпауын қабағынан байқаған нағашым, «жоғары шық!» деп араларын аша берген көптің ішіне отырмай, бұрышта тұрған сандық үстіне отырды. Онысын менің сәлемдеспеуіме өкпелеуі деп жорыдым. Серіктерім «асқа отыр!» деп шуласып еді, нағашым түрегелді де, дастарқандағы наннан асықтайын ғана сындырып ап аузына сап, сандыққа қайтадан отырмай:

— Қашан келіп ең? — деді маған.

— Екі күн бұрын.

— Поезбен бе?

— Әрине.

— Жалғыз ба?

— Мына кісілермен.

Серіктерімнің бәрін де танитындай, нағашым «бұларың кім?» деп сұраған жоқ.

— Келеріңді неге хабарламадың? — деді ол маған.

— Серіктерім көп болған соң, бөлінгім келмей... «бәріміз сіздің үйге сыймаспыз» деп...

— Ә-ә! — деді нағашым, ұнамсыз даусын өзгертпей.— Ал, біздің үйге бармаймысың енді?

— Бұнда орнығып қалдық қой...

— Ә-ә!.. Сыртқа шығайық онда!

— Егер қажетті болса...

— Болса болар, болмаса серуендеп қайтарсың, жүр!..

— Мақұл!..

Жақыпбекті танитын серіктерім, менің оған еріп тысқа шығуымды ұнатпаған кескіндерін көрсетті. Бірақ «барма» деуге амалдары жоқ, сондықтан шуласа айтқандары, «ас тез пісер, кешіге көрме!».

Қазақ әдетінде, дос адам болсын, қас адам болсын, үйіне кірген адамға «асқа отыр!» деп өтіну бар. Серіктерім Жақыпбекке ондай өтіл айтпады.

— Біздің үйге барайық та! — деді нағашым былай шыға.

— Рақмет, нағашы! Нағашы-жеңгейге ертең амандасып шығармын. Түнде баруым ыңғайсыз болар. Қазір, не көшеде жүре тұрайық, немесе, бақша сияқты бір жерге бара тұрайық.

— Көшенің де, бақшаның да қажеті жоқ. Адам көп болады ол жерлерде. Бізге оңаша сөйлесу қажет.

— Онда қайда апарамын десеңіз де өзіңіз бастаңыз!

Қызылорданың төңерегінде, әсіресе, күнгейі мен батысында «пәленнің бауы, түгеннің бауы» дейтін жеміс бақшалары көп болады. Бұрын қала байларының мүлкі боп тұрған шағында қоршалған баулардың, иесіз болған жылдарда дуалдары қирап, ішіне күндіз мал жайылатын боп кеткен. Бірақ адам аз барады, себебі кейінгі жылдарда қарамағына ап, бұзылған дуалдарын түзеуге, күтіп ұстауға кіріскен қалалық шаруа (горкомхоз), «бейсауат адам кірмесін, ағаштарын бұлдірмесін, жемістерін алмасын» дей ме, әлде көлденең жұрт таратып жіберген қауесет пе, «баулардың іші толған тонаушылар» деген қауесеттен, күндіз болмаса, түнде кіруге жұрт қорқады.

Мен де баяғы коммунада оқыған шағымда, бұл бауларға түнде кіруге қорқатынмын. Бір сәтте, бірге оқитын әлденеше бала «Мамат байдың бауы» деген бақшаға кіреміз деп, күзетші ме, ұры ма, тұра қуған адамнан әрең қашып құтылғамыз...

Енді, «өзіңіз бастаңыз» деген нағашымның бет алған жағына қарасам, сол бақша!.. Мен оған қорқыныш сөздер айтып ем:

— Балта руынан шыққан Тұрсынбай батырдың бір әңгімесін естігенің бар ма? — деді нағашым.

— Қандай?

— Абылай хан бір жорықтан қайтып келе жатады да, қабірлерінің үстін қиған ағашпен қоршаған, ел-

сіз жердегі қалың зираттың маңына іңірде кеп түнейді. Күн күзгі суық мезгіл болу керек, тоңған жорықшылар ыстық жасап ішпек болу керек. Ет те бар, бақыр да бар, су да бар, жоғы — отын. Сонда Тұрсынбай батыр тұрып: «зираттың ағаштарын әкеп жағайық» десе керек, Абылай оны мақұлдаса керек.

— Бірақ,— депті Абылай, өзге батырларына,— біреуің Тұрсынбайдан бұрын барыңдар да, қабірдің ішкі жағына жасырына қойыңдар. Тұрсынбай зират ағашын алып жатқанда, дыбыс беріңдер. Оның жайшылықта шайлықпайтын жүрегі, сонда шайлығуы мүмкін!

Бір батыр зиратқа барып, опырылған қабірдің ішіне жата қояды да, адам қорқарлық үн шығарады. Сонда Тұрсынбай: — «тәйт, әрі жата бер!.. Өлі сен түгіл, тірі Абылай да аштан өлгелі жатыр!» депті...

— Сол айтқандай,— деді нағашым күрсініп ап,— ұрыдан қорқатын заман боп тұр ма, қазір!.. Көрінбей келетін ұры түгіл, көз алдымызда бақырайып, алқымымыздан сығып жатқан большевиктерден де қорқып қайда барып жатырмыз?.. Азар болса, «Жақыпбекті ұры өлтіріп кетіпті» деген атақ болар, қорқатын іштеңе жоқ.

— Сіз қорықпағанмен, мен қорқам,— дедім мен күліп,— сізден гөрі жасырақпын. Менің әлі де жасай тұрғым келеді...

— «Жасап», сен де қанша ұзаққа барармын дейсің? — деді нағашым.

— Неге жасамаймын? — деген сұрауыма, нағашым жауап бермеді.

Аз уақыт тым-тырыс жүргеннен кейін, ол екеуміз көрдей қараңғы бақшаның ішіне кірдік. Сол шақта, мені «қорқып келе жатыр» деп, дем бергісі келді ме, әлде, есіз бақшадан өзі де сескене бастады ма, нағашым мені сол жақ қарымнан қапсыра ұстап қолтықтап алды да, бұрын да бұл мезгілде талай кеп кәнігі боп алған адамдай, алшаң басқан адыммен ілгері қарай тартты... Әлден уақытта, қараңғы бақшаға бойы үйреніп алғандай, немесе, мақсатты жеріне жеткендей:

— Ал, енді отырып кеңесеміз бе, жүріп кеңесеміз бе? — деді нағашым, кідіріп.

— Ол ерік те өзіңізде.

— Жүріп сөйлескеніміз мақұл болар. Түн салқын, әрі желкем, тоңазып қалармыз.

— Өзіңіз біліңіз.

— Осы күні кісіге кісі сеніп болмайды,— деп бастады нағашым әңгімесін, көзіміз үйренген бақшаның ішінде, үңірейген көр сияқты аллеяда мені қолтықтай жүріп,— жау деген адамын бақылау, қоғамдық қандай құрылыстың барлық шағында да болған. Ол бақылау қазір де бар. Совет үкіметінің тың орнын алғаш Ве-Че-Ка дейтін еді, қазір Ге-Пе-У дейді ғой. Ол мекеменің сақтығында қисап жоқ...

— Маған неге айтып келесіз оны?

— Айтып келе жатқаным: Ге-Пе-У байды да, кедейді де, басқаларды да пайдалана береді.

— Сонда мені де тыңшы дегіңіз келе ме?

— Алла сақтасын!..

— —Сенбесеңіз, айтам деген сөзіңізді айтпаңыз!

— Неге сенбеймін? Бір әке, бір шешеден жаралған туған апамның баласы — қанымыз бір. Саған сенбегенде, кімге сенем?

— Ендеше, әлгі сөздерді неге айтып келесіз?

— «Сақтықта қорлық жоқ» депті ғой. Жәй сақтық та.

— Сенсеңіз неге сақтанасыз?

— «Аузыңа ие бол» деп жатқаным да. Әйтпесе, туысқандар бірін бірі жауына ұстап берсе, дүниенің не болғаны?

— Сенсеңіз болды,— дедім нағашымның көңілін аулай салғым кеп,— мақсатты сөзіңізге көше беріңіз.

— Түйінді сөзім түсінікті болу үшін, алдына кейбір бөгде әңгімелерді сала айтам, оныма асықпа!

— Мақұл.

— Сөзімді Совет өкіметі құрылудың ар жағынан емес, бер жағынан бастайын...

— Сол мақұл болар.

— Өзіңе шет жағасы аян: совет тілінде «байшылұлтшылдар» деп аталатын біз, ашық майданда жеңіліп қалғаннан кейін, алғашқы бір жылдарда, үмітімізді интервенттерге[1] жүктеп ек қой?

— Бірақ бос үміт болды ғой ол?

— Рас. Одан кейін бір үмітіміз НЭП еді ғой?

— Ол үміттің де арты сұйылып келеді ғой қазір?

— Солай боп келе жатқан сияқты.

— Енді қандай үміттеріңіз бар?

— Айтайын,— деді нағашым, кескініме қарап қой-

---

[1] Шет елдің басқыншылары.

ып,— сен саяси сауатың да ашық баласың, сондықтан қазіргі саяси терминологияларды да білесің...

— Бәрін біле бермеспін...

— Білетіндеріңді ғана айтам. Мәселен, большевиктердің «оңшылдық» және «солшылдық» деген терминдері саған таныс. Солай ма?

— Түсінем.

— Соңғы бір жылдарда, біздің қазақ оңшылдарына үміт жүктететінімізді өзіңе айтқам.

— Есімде.

— Қазір бұл үмітіміздің де арты сиыр-құйымшақтанып бара жатқан сияқты...

— Неге?

— Бұған дейін қазақ байлары салықтың ғана қысымын көріп келген еді ғой. Енді тағы бір қатты қысымға түсетін болпы.

— Қандай?

— «Егіндік және шабындық жерді бөлу» деген декрет даярлана бастаған көрінеді. Ол декрет бойынша, Қазақстандағы егіндік және шабындық жерлер байлар мен кедейлерге бірдей бөлініп берілетін сияқты, оңшылдар осы декреттің жоспарына қарсы шығамын деп, алды қуылып, арты таяқ жеп отыр.

— Онда, өлмесе жаны шықсын!

— Неге? — деді нағашым шошып кеткендей.

— Неменесіне қарсы шығады оның? «Жер крестьяндікі» деген декретті Совет өкіметі шығарғалы қашан!.. Бұл декреттен отырықшы елдер пайдаланғалы қашан!..

— Ол отырықшы елдер!.. Қазақ, көшпелі...

— Қазақта да жердің шұрайын бектер мен байлар пайдаланып келеді. Солардың бірі менің әкем!..

Әкемді атауым құлағына жат естілгендей:

— Не дедің? — деді нағашым.

Мен сөзімді қайталап айттым.

— Немене сонда? — деді нағашым кекеткен дауыспен,— өз әкеңді де аямаймысың?

— Аяғанмен амалым қанша? Мен аяйды екен деп, Совет үкіметі жер турасындағы заңдарын өзгертпек пе? Менің әлім келе ме, оған?.. Сіздің әліңіз келе ме?.. Оңшылдардың әлі келе ме?..

— Келмейді! — деді нағашым.— Бірақ «балта көтергенше, ағаш жал табады» дегендей, уақытша болса да, айла-әдіс қолдана тұруға бола ма?

— Нені көздеп?

— Айтайын,— деді нағашым, толқыған үнмен,— саған айтпағанда кімге айтам?..

— Толқымаңыз!.. Аузымнан шығарады деп ойламаңыз!..

— Неге ойлайын!..

— Ендеше, айта беріңіз.

— Онда, былайырақ барайық! — деді нағашым, мені қолтығымнан жетектеуге айналып, сыбырлаған дауыспен.

— Қайда?

— Алаңқылау тұсқа.

— Неге?

— Бара айтам!

Жетектеген мені нағашым бақша ішіндегі алаңқы тұсқа алып шықты да, әр жерге шоқита үйген тезек тәрізді томпайған бірдемелерге қарай сүйреді...

— Ойбай, бармаймын ол жаққа! — дедім мен тартынып.

— Неге?

— Анау томпайғандар, «есек-мия», «түйе-қарын» аталатын құрайлар. Арасы толған жылан-шаян болады олардың. Қорқам.

— Онда отырайық! — деді нағашым жан-жағына қарап ап.

— Бұндай жерде қарақұрт пен бүйі көп болады.

— Бәрінен қорыққанда қайда барамыз?

— Бәсе, деймін-ау! — дедім күліп.— Осы аланға неге келдік, әлгі ағаш арасында сөйлесе бермей?

— «Жау жоқ деме — жар астында, бөрі жоқ деме — бөрік астында» деген емес пе, шырағым? Ағаш арасында кімдер жүргенін қайдан білеміз? Тыңдағысы келген кісіге **қол**айлы жер емес пе ол?

— Көңліңізге ауыр алсаңыз да айтайын, нағашы, сіз де өз аяғыңыздың дүсірінен өзіңіз үркетін қоянжүрек қорқақтың бірі боп болған екенсіз!..

— Заман соны тілесе...— деп келе жатқан нағашымның сөзін бөлдім де:

— «Заман!.. Заман!..» — дедім кекетінді дауыспен,— не қылған «заман» ол, қараңғы түнде, есіз бақшаның ішінде ұрланып жүрген?.. Кімге керегі бар, ондай бұқпа «заманның?..» Советтік заманды солай түсінсеңіз — қателесесіз, нағашы!.. Оның жауларымен ашық күресі де, жасырын күресі де сіздің түсінігіңізден әлдеқайда терең, әлдеқайда шебер болуға тиісті. Есіз, қараңғы бақшаның ішін түнде тіміскілеп жүретін жынды ма

ол?.. Менімше, өзгені былай қойғанда, бұл уақытта, бұндай жерде жындылар түгіл, аш ит те жүрмейді!..

— Жиен! — деген даусы қаттырақ шығып кетті, намысына тигендей болған нағашымның,— оскорблять етпе, олай!..

— Оскорблять етуім емес, шыны солай. Осы маңда, бізден басқа, уаллаһи, ешкім жоқ, нағашы!.. Сөзіңізді айта беріңіз!..

Отырмауыма көзі жеткен нағашым, мені алаңқы жерде қолтықтай, ақырын аяндай жүріп сөйлесе бастады.

— «Тіршілік» дегеннің үміт барда ғана мағнасы бар ғой, шырағым. Үміттен айырылғаннан кейін, тіршіліктің қызығы жоқ қой.

— Әрине.

— Қазір Россияның өз ішінде большевиктерді құлатар күш жоғы рас. Ендігі үміт, шет елде ғана.

— Мәселен?

— Америка! Оның байлығы мен күш-қуатына дүние жүзіне пар келер бір де мемлекет жоқ.

— Ана жылғы интервенцияға ол да қатынасқан жоқ па еді, нағашы?.. Мықты болса, сонда неге төңкеріп тастамайды, советті?

— Жағдай басқа еді онда.

— Мәселен?

— Ұзақ тарих қой ол.

— Сонда да?..

— Мен түйінін ғана айтайын.

— Мақұл,— дедім мен, нағашымның сұрауыма жауап таба алмауына көзім жете тұрып.

— Америка Совет Одағын әлі күнге дейін танымай отырғанын білесің ғой?

— Білем.

— Япония да солай ғой?

— Рас.

— Жәй танымаулары емес қой бұл?

— Неменені күткені сонда?

— Өткен жиһангер соғысында қанға малтыққан Европаның есін жинауын күтіп отыр. Орта Европада, яғни Балтық елдерінен бастап, Германияны ішіне қоса, революция жылдары Совет орнап қала жаздағанын білемісің?

— Естігенім бар.

— Советті құлатқанмен, «тап тартысы» дегеннің шырмауына түскен сол елдер, революция өртін бертін-

де ғана сөндіріп боп, берік құрылысын енді ғана жасауға кірісе бастаған жоқ па?

— Қандай құрылысын айтасыз?

— Мәселен, фашизм. Европадағы ең жаңа және ең күшті идеология кәзір сол!..

— —Ол менің әлі түсінбеген нәрсем.

— Түсінбесең, түсін! Ендігі үміт, сонда ғана.

— «Америка мен Японияда» деп едіңіз ғой, әлгінде?

— Екеуінде де, яғни империализмде де және фашизмде де!.. Түптеп келгенде,— екеуі бір ағаштың ғана бұтағы.

— Нағашы! — дедім мен.

— Әу?

— Сіз мені тым алысқа жетектеп кеттіңіз. Дүние жүзілік саясаттың маған керегі аз. Сіз маған тоқ етерін ғана айтсаңыз қайтеді?

— Ұзын сөздің қысқасы, фашизм де, империализм де күн санап күшеюде. Совет Одағы олардың темір құрсауының ішінде отыр. Осы құрсау тарыла кеп, бір шақта сығып өлтіруінде дау жоқ.

— Аты бар ма сол «шақтың?» Яғни, күні, жылы бар ма?

— Қесіп айту қиын. Бірақ тым алыста болмауға тиісті.

— Сонда да? Мөлшермен?..

— Көп болса жиырма жыл!.. Әйтпесе, одан да бері!..

— Оған дейін Совет те күшейіп алса қайтеді?..

— Қалай күшейеді ол? Несімен? Қазір барлық мәселені техника шешеді. Совет техника жағынан Америка түгіл европалық мемлекеттердің көбінің артында!..

— Нағашы! — дедім мен кейіген дауыспен.— Қойсақ қайтеді осыны?

— Нені?

— Саясатты мыжғылауды?.. Екеуміз үшін соның түкке керегі жоқ!

— Неге керегі жоқ? Заман жайын түсініп алмай, алдымызға мақсат қоюға бола ма?

— Ендеше, сол саясаттың өзіме арнаулысын ғана айтыңызшы!.. Өзгесінің керегі жоқ!

— Айтсам, алдымызда, жоғарыда атағандай үміт тұрған шақта, халықты ренжітпеу керек!

— Кім ол «халқыңыз»?

— Кім болушы еді? «Ел ағасыз, тон жағасыз болмайды» демей ме аталарың? Елдің ағалары!..

— Мәселен?

— Өзіңнің әкең!.. Мәмбет!.. Тағы сондайлар...

— Оларға не істеппін мен ренжітіп?

— Ашығын айтқанда, қиян-кескі араз ғып келіп отырған көрінесің соларды.

— Кімнен естідіңіз? — дедім мен еленделп.

— «Ел құлағы елу». Естідім. Елді олай араздастыруға болмайды!

— Татуластыру үшін не істеу керек? — дедім мен, іштей жиырыла түсіп.

— Ырқына көну керек!

— Ол үшін?

— Белгілі тұрған сөздің несін сұрайсың менен?

— Немене «белгілі?» — дедім мен, нағашымның қолынан қолтығымды суырып ап, түйсіліңкіреген дауыспен,— Мәмбеттің қызын алмау ма?

— Бәрібір айырылған көрінесің ғой онымен.

— Оны қайдан естідіңіз? — дедім тікіленіп.

— «Ел құлағы елу» деген жоқпын ба жаңа? Жұрт естігенді мен де естімеймін бе?..

— Осы ма?— дедім мен, әрі кейіген, әрі кекеткен дауыспен,— мені қараңғы түнде есіз бақшаның ішіне алып кеп, арғы шеті Америкаға дейін барып, дүние жүзінің саясатын қопарғанда айтайын дегеніңіз?..

— Ол саған жеңіл көрінгенмен, әкең үшін де, мен үшін де ауыр сөз.

— Әкемдікі түсінікті екен дейік,— дедім мен, кернеп келе жатқан ашуым алқымыма жақындаңқырап, тұтығыңқырай сөйлеп,— сізге неге ауыр болады бұл сөз?

— Ел бүлінгелі тұрған іс емес пе? Сол «ел, жұрт» деп жүрген адам емеспін бе мен?

— Маған не қыл дейсіз сонда? — дедім тіпті тығылыңқырап.

— Ел көзінде масқара ғып ермей қалған қызға енді түкір де, оқуыңды алаңсыз оқи беріп, үйленуді содан кейін ойла!.. Көрген қыз да ол. Айырылмастай жабысып қалатын іштеңесі жоқ та!.. Оқуыңды бітіргеннен кейін, ондай қыздың көкесін табуыңа мен-ақ кепіл болайын!

— М-м-мүмкін... өз-і-і-іңіз, тауып берерсіз? — дедім мен, ашуыма ие бола алмастай халге жақындап, кекештеніп.

— Мүмкін!..— деді нағашым.

— Т-т-телірсіз, өз-өз қ-қ-қолыңыздан?..— дедім мен, бойдағы бар қуатымды жинап, бұл үш сөзді әрең айтып.

— Не деп тұрсын? — деді нағашым намыстана қалғандай,— кім деп тұрсын мені, қыз бен жігітті телитін?

— Мені — бұқа, қызды — сиыр көріп тұрған жоқсыз ба? — дедім мен ызалы күлкімен.

— Сені есті жігіт пе десем, осындай есерсоқ па едің?

— Өзің кімсің сонда? — дедім, нағашыма деген іштегі бар сыйым сарқылып қалғандай боп, аузымнан бұрын айтып көрмеген «сен» шығып кетіп.

Нағашым да ашуға булығып қалды ғой деймін, сұрауыма жауап бермей, кескініме бадырайып қарай қалды. Оның бойынан қашқан ақыл маған кеп тығылғандай боп, дағдылы қалпыма қайта бастаған мен:

— Әй, нағашы, нағашы! — дедім, ашусыз сөйлеуге тырысып,— мен сізді ешуақытта да бұндай адам деп ойламаған едім ғой!..

— Қандай адам деп?..

— Осынша төмен адам деп!..

Нағашым тағы да мылқаулана қалды. Мен тіпті салқындана түстім де, сөзімді жалғастыра бердім:

— Әркімнің саяси пікірі әртүрлі болатынын жас та болсам білем, нағашы!.. Мейлі қандай пікірді жақтаса да, саясат адамын, мен ең алдымен, таза жанды деп, адамгершілік қасиеті жоғары деп есептеймін...

— Рас! — деп қалды нағашым, бұл сөзімді өзіне де арнаулы көргендей.

— Бірақ сіз ондай адам емес екенсіз!..

— Дәлелің? — деді нағашым, шыраған ашуын аздап болса да тарқатқан сияқтанып, сабырмен сөйлесуге тырысқандай боп.

— Айтып тұрған сөздерің!..

— Не сөзім?

— Бір қыз бен бір жігіттің сүйісіп қосылуына елдің оқымаған қаражүрек атқамінерлері қарсы болғанмен, оқыған, саналы, саясат адамы — сіз қарсы болмасаңыз нетті?.. «Әйел бостандығы, бас бостандығы» дегенді. бір кезде өзіңіз ұран ғып жүрген адам, мұнша төмен құламасаңыз етті!..

Дәлелді сөзден тосылды ма, әлде бойынан қашқан ар-ұяты орала қалды ма:

— Құлаған емес ол, шырағым...— деп жұмсақ даусыспен маймандатып келе жатыр еді:

— Тыңдамаймын, ендігі сөзіңді! — деп жөнеле бердім.

— Тоқта! — деді орнынан қозғалмаған нағашым, бұйырған үнмен.

— Тоқтамаймын! — дедім мен алыстай түсіп.

— Тоқ-та!..

— «Өтпес жарлық, бойға қорлық» деген,— дедім мен тоқтамай.— Бұйырма!..

— Бәрібір құтылмайсың!— деді, тоқтамасыма көзі жеткендей болған нағашым, соңымнан ілесіп,— одан да тоқта!

— Тоқтамағанда не қыласың? — дедім мен, ілгері жылжып.

— Қызды бәрібір бұйыртпаймын.

— Онымен не қиратасың?

— Бүкіл өміріңді!..

— Одан бұрын өзің қирасаң қайтесің?

— Неңмен қиратасың? Әлгі сөздеріңмен бе? Оны, бәрібір, мойныма сала алмайсың!.. Қуәң жоқ!..

— Ә-ә,— дедім мен, тоқырап, бетімді қарсы бұрып,— мені осынша алыс және қараңғы жерге оңаша алып келгенде, куәсіз сөйлескің келген екен ғой?..— О-ос-сор-лы!.. Заманыңның өткенін білмеген бейбақ!..

— Қай заман?

— Совет заманы!..

— Одан өзім де жақсылық күтпеймін,— деді нағашым,— мен жазалансам, идеям үшін жазаланам!.. Ал, сен не үшін жазаланасың?

— Кім жазалайды мені?.. Не үшін?..— дедім жақындақырап, тікіленген дауыспен.

— Жұдырық жұмсар деп қорықты ма, немене, жасқанған сияқты болған нағашым шегіншектей берді де:

— Сені емес, әкеңді айтам!.. Сен де «ол», ол да «сен» емессіңдер ме?

— Емеспіз!.. Онымен біз жігімізді айырып болған кісіміз.

— Ә-ә, солай ма?.. Білмеген едім оныңды!.. Бір-бірінді «өкпеге қиса да өлімге қимас» деп ойлайтын ем...

— Өлімге қиған мен емес, ол!..

— Сонда, совет тілімен айтқанда, «тап жаулары» болғандарың ба, біріңе бірің?

— Қалай деп айтсаң да, болдық!

— Мүмкін, әкеңді өз қолыңнан ұстап бересің онда?

— Кімге?

— Ге-Пе-У-ге!

— «Ге-Пе-У!»— дедім мен күліп.

— Неге күлесің?

—« Тышқанға мысықтан күшті аң жоқ» дегендей, сендердің ең күшті көретіндерің Г-П-У екен ғой?

— Сеніңше күшті кім?..

— Пролетариат диктатурасы!.. Ге-Пе-У оның қолындағы көп құралдардың бірі ғана!..

— Коммунист партиясына неге кірмей жүрсің, бұл сөзіңмен?

— Оны сенен сұрамаспын.

— Алады деп ойлайсың ба сені сонда?

— Неге алмайды?

— Мә, мынаны алып жатыр!— деді нағашым қолын шығарып, кекеткен дауыспен.

— Неге алмайды?— дедім мен, аузыма келіп қалған ауыр сөздерімді әрең бөгеп.

— Коммунист партиясына сен сияқты, әрі байдың, әрі контр-р-революционердің баласы керек деген!..

— Оны кезінде көрерміз!.. Мен кеттім!— деп жөнеле бердім.

— Тоқта!..

Үндемей тарта бердім.

— «Тоқта!» дедім ғой!— деді нағашым тағы да соңыма ере беріп.

— Ерме!.. Жөніңе тарт!.. Әйтпесе өкпелеме!

— Не істемексің сонда? Боқтамақпысың? Ұрмақпысың?..

— Одан да жаманға баруым мүмкін.

Бұл сөзімнен қорыққандай, нағашым кідірген сияқтанды да, ұзаңқырай берген маған:

— Шынымен айырылысқанымыз ба бұл?— деді.

— Менікі — шын, сенікін — өзің білесің.

— Онда өкпелеспейміз ғой бір-бірімізге?

— Жауыққанына өкпелегенді қайда көріп ең?

— Тұрдық онда, осы сертке!— деді, арамыз алыстанқырай түскен нағашым.

Мен жауап берместен ілгері тарттым. Біраздан кейін артыма қарасам, алыста, қою қараңғылықта қалып қойған нағашымның қарандаған бұлдыр елесі ғана көрінеді. Бұлай бұлдырап алыстау, нағашымнан тәнімнің ғана емес, жанымның да алыстауы сияқтанды маған. Мен енді, онымен де біржола ажырасқан сияқтымын...

4. АДАЛ ТӨГІЛГЕН ТЕР

Қызылорданың ол кездегі ең үлкен залы, қазақ халқының тарихында, шымылдығын сол жылдың көктемінде бірінші рет ашқан қазақ драма театрының үйінде ғана екен. Революциядан бұрын, бұл үй — Пе-

ровскийдегі[1] уездік әкімшіліктің мінгі аттарына арналып салынған ұзынша сарай екен. Кейін (1925 жылы) Қазақстан орталығы Орынбордан Ақмешітке[2] көшетін боп, республиканың советтік бесінші съезін өткізуге жиналғанда, осы сарайдан басқа, бүкіл Ақмешіттен, делегаттар сыйып отырарлық орын табылмаған, сондықтан республика басшылары ат сарайын тез клубқа айналдырып, төр жағына тақтайдан сахна жасатқан, алдына шымылдық құрғызған, орындықтар табыла қоймағандықтан, сәкісі салынбаған залдың ішіне, тақтайдан ұзын скамейкалар қойғызған... Келер жылы, Қызылордада қазақтың бірінші театры ұйымдасқанда, қалада осы «клубтан» басқа лайықты үй табылмай, сарайдың ішіне сәкі ғана төселіп, «театр үйі» боп кете барған... Оның да залы өте шағын: ең сығарлағанда үш жүздей ғана адам сыяды, номерлеген орны — екі жүз елу-ақ; зал ішіне сәкі төселгенмен, скамейкалары бұрынғыша — тақтайдан; әдетте, театр залындағы сәкінің сахна жағы төмен, кейінгі жағы көтеріңкі боп, спектакльді залдағылар түгел көріп отырады ғой; Қызылорда театрының залындағы сәкі тегіс жерге төселгендіктен, сахнада не боп жатқанын көру, арттағы қатарларда отырғандарға өте қиын екен, сондықтан «көрмедік» деп шуласқан халықтың даусынан спектакльдің сөздерін тыңдап болмайды.

Мауытбаевтарға құрылған сот мәжілісі осы залда ашылды. Жұрт бұрын бұндай сот мәжілісін көрмеген бе, әлде мына мәжіліс әрі ашық, әрі қызық болады деп естіген бе, жиналған халықта қисап болған жоқ. Оның бәрін сыйғызу үшін, залды бұдан әлденеше рет кеңіту керек. Ондай мүмкіншілік жоғын көрген өкімет орындары, залға сырлық адамды, театрдың билетімен ғана кіргізді. Одан артылғаны «біз де кіреміз» деп шу шығарған соң, жәй адам ие бола алмаған соң, қаланың барлық милициясы осында келіп, есіктерді әрең ұстап тұрды. Адам бұнша көп боларын білмей бейғам жүрген маған билет тимей ғап, «ендігі билік, ішкі істер комиссариатының комиссарының өзінде ғана» деген соң, кабинетіне сұраусыз кіріп бардым да, өткел-қағаз (пропуска) сұрадым. Ол да «орын жоқ» деп бермеуге айналған еді, қылмыстыларды айыптауға келуімді дәлелдеріммен айтқаннан кейін, әуелі сенім қағазымды

---

[1] Қызылорданың революциядан бұрынғы орысша аты Б.

[2] Қызылорданың бұрынғы қазақша аты осылай екені есімізде.

көріп алды да, «қап, болмас» деп, «азғантай ғана резервымнен» берейін деп әрең берді. «Бірақ,— деп сақтандырды ол,— басқа біреуге берем деп, өткел-қағазынан айырылып қап жүрме!.. Бұл санаулы және белгілі қағаз. Егер айырылсаң, қайтып берілмейді».

Сот мәжілісі үш күнге созылды және күндіз бір мезгіл, кешке бір мезгіл, күн сайын кеміне он сағаттан, әйтпесе одан да артық уақытта өтіп отырды. Мезгіл — августың орта шені болғандықтан, күйіп тұрған залдың ішіне адам отыра алмастықтай қапа болды. Оның үстіне быршыған адамның терінің иісінен бе, әлде бұрынғы ат сарайының бұғып жатқан исі көтеріліп кетті ме, мұңкіген демнен залда сығылыса отырған қалың жұрт тұншыға жаздады. Тұмшалап тастаған есіктерді ашайын десе, сыртта ошарылған жұрт, жолын ашқан судай, залға лақ етіп құйылып кеткелі тұр!.. Өйттірмеуге, ешбір милицияның шамасы келер емес!..

Залдың іші соншалық тиышсыз болғанмен, мәжіліс уақытында өзге жұрт та тырп еткен жоқ, мен де тырп еткен жоқпын. Басқалардың не ойлап отырғанын білмеймін. Өзімнің қозғалмауымды сіздерге қазір баяндайын.

Мен ойын-сауықтардың былайғы түрлеріне шошаңдап жүгіре бермейтін едім де, спектакль көруге құмар адамдардың біреуі едім. Орынборда ертерек уақыттан бері жасап келе жатқан орыс театры бар. Үйі де жақсы оның, спектакльдері де қызық, сондықтан Орынборда тұрған күндерімде, орыс тілін жөнді түсінбейтін шақтарымның өзінде де, осы театрдың бірде бір ойынын құр өткізген емен. Кейін, орыс тілін тәуір түсіне бастаған шағымда, бұрын көрген спектакльдеріме әлденеше рет қайталап баратын едім, кейбір спектакльдің геройларын ерекше сүйіп, сондай адам болуды алдыма мақсат қып қойғаным да бар, мәселен — Гамлет!..

Мауытбаев сотының маған қызғылықтылығы, сол спектакльдердің қайсысынан болса да кем көрінген жоқ. Оның да басы, кейбір спектакльдердей солғын, оқиғасы шабан басталды. Сот председателі әуелі «айыптау қорытындысы» дегенді оқып береді екен. Дәл бір сағатқа созылған оның өзі ұзақ, тыңдауға қызғылықсыз тілмен жазылған екен. Сондықтан залда пысынаған жұрттың біразы, тысқа кіріп-шығып, мәжілістің тиышын кетірді. Мен «қалай айыпталуын біліп алайын»

деген оймен, денемнен терім сорғалап, жүрегім қатты қағып отырса да шыдадым.

Мәселенің қызығы, сот мәжілісінің сұрау-жауапқа көшуінен басталды. Нығыз екі күнге созылған бұл мәселеде, «куә» аталатын адамдар екіге бөлініп, көпшілігі айыпкерлерді кіналаумен, азшылығы жақтаумен болды. Жақтаушылардың ішінде менің қағашым — Жақыпбек Дәуітов те жүр. Олардың саны он шақты адам. Кіналаушылар жүзден астам, олардың да әрқайсысы рулы елдің атынан келген!..

Кіналаушылардың дәлелдері жақтаушылардан әлдеқайда күшті жатыр. Дәлелсіз көптірме сөздерді, сол бір шақта «демагогия» десетін еді, оны қазақшылап алған қулар «демеукөк» десіп, көпіре сөйлей бастаған біреу болса, «мін, демеу-көгіңе!.. Борбайла!.. Шап!» деп күлісетін. Жақтаушылардың сөздері осы «демагогия» боп, байлау-матаусыз «ел... жұрт... адам... халық... қазақ...» деген сияқты жалпылама боп шықты. Ал, кіналаушылардың әрбір сөзі төбеден тоқпақпен ұрғандай, дәлелді де, дәл де тиеді, сондықтан өте ауыр соғылады!..

Кіналаушылар мен жақтаушылардың сөздері, біраздан кейін шуласа жанжалдасуға айналып кетті. Алғаш олар соттың қоңырау қағып, қол көтеріп бөгеуіне тоқтағанмен, кейін оны да тыңдауды қойып, азан-қазан болды. Онымен де қанағаттанбай, жақын отырған біреулері қол салысып төбелесіп те қалды... Ақыры, сот үзіліс жасауға мәжбүр болды да, одан кейін жақтаушылар мен кіналаушыларды залдың екі жақ шетіне отырғызып, араларына милиция қойды...

Тіпті қызық әңгіме қорғаушы мен қоғам айыптаушысының сөзінен басталды. Қорғаушы — Садақбай Қылышбаев (орысша аты — Сергей Сергеевич Клинков) деген адам екен. Көтермелеп сөйлеушілердің сот мәжілісінен бұрын жұртқа таныстыруына қарағанда, ол біздің ғасырдың алғашқы жылдарында, Қазан университетінің заң факультетінде, Керенскиймен бірге оқып бітірген. Содан бастап адвокаттық қызмет атқарған ол, Россиядағы ең ірі юристің және ең ірі шеннің бірі саналып, патша уақытында Петербург, Москва, Киев, Варшава сияқты қалаларда, аса үлкен істерді қорғауға алған және көбін қорғап та шыққан...

— Бағасының соншама зорлығын түсінген ол,— деседі қошеметтеушілер,— істі сирек алады екен және алған ісіне алтынмен жүз мың сомнан кем бағаға ке-

ліспейді екен. Киевтің банкрот болуға айналған бір миллионері екі жүз мың сом беріп, айыбы мойнына қойылғалы тұрған ісінен Садақбай көрінеу көзге сүйреп алып шыққан!.. Осындай фактылары толып жатыр...

— Совет уақытында не істеген?— деген сұрауға:

— Алғаш Жымпитыда Убьюстта[1], одан Текеде Губьюстта[2] регистратор ғана болып отырып, кейінгі жылдарда Москваға барып, сондағы комиссариаттардың біріне юрист-консультант[3] болып орналасқан,— деп жауап береді анау.

— Адвокаттық істі неге тастаған?— деген сұрауға:

— Керенскийдің өмірлік досы екен және сонымен бірге эсерлердің партиясына кірген екен. Бірақ қорқақ адам болса керек те, революция жылдары, алыстағы көшпелі ауылына барып тығылып жатса керек. Совет өкіметі оны 1920 жылы арестке алған да, революцияға қарсы әрекеті болмағандықтан босатып қызметке қосқан,— деп жауап береді ол.

— Тиыштық қызметті жақсы көргендігі сондай,— деді Қылышбаевты мақтаушы,—1924 жылы Москвада эсер Савинковқа сот болғанда, айыпталушы Советтің Жоғарғы сотынан,—«мені қорғауға Сергей Сергеевич Клинковты беріңіздер» деп өтінген. Сот ол өтінішін қабылдағанда, «адвокаттық тәжірибеден қол үзіп, тотығып қалдым» деп Садақбай ризаласпаған. Артынан достарына «ризаласар едім, егер іс оңға басады-ау деген дәмем болса. Саяси мәселеге шешендік жүрмейді, қанша қорғағаныңмен, ол атылатын адам, сондықтан арам тер боп не ақым бар» депті.

— Ендеше Мауытбаевтың ісін қорғауды қалай алған?— деген сұрауыма:

— Біріншіден,— деп жауап береді мақтаушы,— бұл саяси іс емес, қылмысты іс; екіншіден, Жақыпбек Дәуітов осы мәселеге байланысты, Москваға әдейі барып, Садақбай Қылышбаевқа өтініш айтқан. Оған көнбеген соң, Әлихан Бөкейхановты жұмсап әрең көндірген.

Қылышбаевты мақтаушы, Мауытбаевтың тілегіндегі адам сияқты, сондықтан ақталуына жұрт арасында сенім туғызғысы келгендей:

— Былай да ақталатын іс,— дейді жұртқа,— Садақ-

---

[1] Заңның (юстицияның) уездік бюросы.
[2] Заңның губерниялық бюросы.
[3] Заң жұмысындағы ақылшы.

бай Қылышбаев қорғауға алғаннан кейін, тіпті де ақталды дей бер!..

Түріне қарағанда, Қылышбаев сұсты кісі екен: биік еңкек, арық денелі, кең жауырынды, орақ мұрынды, сүйір иекті, жүйрік тазыдай ұзынша арық басты, шүңірек кіші көзіне қалыңдығы бір елі, үлкендігі шәшкенің табағындай пенснэ киген, саусақтары жіңішке және ұзын, сидам денесін одан да сидам көрсеткісі келгендей, қамзол-шалбарын тар ғып киген, адымдарын итіне жылдам аттайтын, аз және ыңырана сөйлейтін, суқараңғы кісідей, көздерін алдыңғы жағынан алмайтын, адамға жұғыспайтын кісі екен.

Осынша көтермелеген Қылышбаевтың қасында, «қоғам айыптаушысы боп тағайындалды» деген Қорғанбеков, танымайтын адамның көзіне де, көңіліне де қораш сияқты. Талдырмаш, орта ғана бойы бар, калмақ кескінді, қара мұрт бұл жігіт, өте жобалғы киінеді екен және кім көрінгенмен қылжақтасып сөйлесе кететін, ойыншыл, күлегеш адам екен. Арғы тегін сұрасақ,— «Ақжал» аталатын рудникте[1], шахтердің семьясында туыпты. Орысша екі-ақ кластық оқуы бар көрінеді. Қазір кәсіпшілер одағының «Рабземлес»[2] аталатын орталық комитетінде председатель екен. Заң мектебін өтпеген, заң орнында қызмет істемеген. Соңысына қарап, Мауытбаевқа өшігіп жүрген біреулер:

— Жаным-ау, бұндай адамды қоғам айыптаушысы ғып тағайындап жүрген кім?!.. Анау азулы қасқырдың бір қауып тастауынан қала ма бұл?!— деп кейісе, Қорғанбековті білемін дейтін адам:

— Аптықпа!— дейді оларға,—«шын жүйрікте сын болмайды» дегенді есіңе сақта. Бұның шабысын жарысқа түскенде көресің!..

Бұл сөзге өзгенің көңлі дауалана ма, жоқ па, білмеймін, өз көңлім толмай-ақ қойды,— «анау адымы кең ұзын сирақ неме шыға тартып, қарасын көрсетпей кетпесе не қылсын!» деп қауіптенем... Бірақ оны өзгерттіретін күшім жоқ, сондықтан іштей жеңіп шығуын тілеймін де, Қылышбаевтың да, оның да сөйлейтін сағатын асыға күтем.

Ол сағат та туды. Совет председателі —«қорғаушы Қылышбаевқа сөз беріледі» дегенде, залда отырғандардың кескініне көз тастасам, қылмыстылардың да,

---

[1] Жер астының кенін қазатын орын.

[2] «Жер және ағаш қызметкерлері» деген сөз.

оларды жақтаушылардың да жүздері жайтаңдап, көздері күлім қағады, ал кінәлаушылар жағы, келе жатқан дауылдан қорқып үйлерін бастыруға кіріскен адамдардай томсара қалысқан. Енді не болар екен?..

Қос-үрей боп күткенімізбен, Қылышбаев тарапынан қиратып кетерлік дауыл соға қойған жоқ. Менің маңайымда отырған кейбіреулер. Қылышбаев сөйлеп тұрған уақытта,— «паһ, шіркін!.. Сүмірейтті!.. Айтты!.. Бұдан артық не десін?! Білгіш екен-ау, сабаз!.. Осынша заң талдырмаш бойына қалай сыйған?!..» деген сияқты сүйсінулерді ара-тұра екпіндете айтып қалғанмен, оның сөзіне қалың көпшілік те, мен де қызыға, сүйсіне қойған жоқпыз. Көпшіліктің не ойлағанын, кейін үзіліске шыққанда ғана білдім. Олардың Қылышбаевқа берген бағасы, менің іштей беріп отырған бағаммен бірдей шықты.

Менің бағам: біріншіден — білгіштігін көрсеткісі келгендей, ең алдымен, «Рим правосы» дей ме? «Орта ғасырдың правосы» дей ме? «Франция революцияларының кезіндегі праволар» дей ме?— әйтеуір, көбін өзім оқымақ түгіл, естімеген де бір праволарды шолып, сағаттан артық уақыт кетірді. Онысына залдағы көпшілік түгіл сот мүшелерінің өздері де жалығып, «қаралып жатқан іске байланысты сөйлеңіз!..» дегенді ескертті. Ескертуді кідік алғанын қабағынан көрсеткен Қылышбаев, сөзін бөлместен, ескі тарихты тағы да біраз мыжыды да, ақыры совет заңы қалай жасалудың тарихына түсті. Тыңдауға қызықтау болғанмен, онысы да қаралып жатқан іске байланысқан жоқ.

Бұл тақырыпта да сағаттан артық сөйлеген Қылышбаев, соттың да қайта-қайта ескертуінен кейін, әрі, «мынау мылжыңды қашанғы тыңдаймыз?.. Қойғызу керек!.. Іске байланысты сөзді ғана айттыру керек!..» деп, залдағы халықтың шулап кетуінен кейін, шаужайынан сіресе тартып әрең бұрған алып-қашпа аттай, зорға дегенде Мауытбаев мәселесіне оралды.

Басып тұрған топырағы — советтік болғандықтан, қата адымдасам құлармын деп қорқуынан ба, әлде айқын қылмысты ақтарлық дәлелі болмаудан ба, онда да дәлелге сүйенген мардымды іштеңе айта алған жоқ. Ыңырси айтқан сөзін қаншама әдемілеп созбақтағанмен, құлақта қаларлығы, «өзі үшін емес, елі үшін... ашыққандар үшін қылмысқа тартылып отыр... Ал, қылмыстың жағдайы — жазалауды емес, ақтауды тілейді!» деу ғана.

Үш сағат, қырық екі минут, он бес секундке созылған бұл сөз (әдейі есептеп отырдым), менің түсінігімде қылмыстыларды қорғау емес, Қылышбаевтың заң тарихына білгіштігін көрсету ғана болды. Сонымен түскі мәжіліс тарады.

Тараған жұртпен бірге келе жатқан мені маңымдағы адамдар сиреңкіреген шақта, әлдекім иығымнан түртіп қалды. Жалт берсем — нағашым!.. Әнеукүні жанжалдасып қалған ол, сот мәжілісі ашылудан бастап үздіксіз қатынаса жүре, менімен жолығыса жүре амандаспайтын да, қарамайтын да, тіл де қатпайтын; қарсы кеп қалса, не көрмеген боп өтіп кетіп, не бұрылып кететін. Сөйтіп жүрген нағашымның енді иығымнан түртуі таңқаларлық іс сияқтанды да, үндемей қараған қалпыммен, сөзді өзінен күттім.

— Бала, былай қарай шығайықшы!— деді ол, маңайдағы сиреген адамдардан оңаша жаққа, сәулет ағаштарының арасына қарай иегін көтеріп.

Жасы үлкен адамды сыйлайтын қалпыма бағып, мен «бармаймын» деген жоқпын.

— Екеуміз ауыр сөздерге барып қалдық-ау, жиенжан,— деді ол, оңашаланғаннан кейін,— ашу үстінде, аузымыздан ағат сөздер көп шықты. «Түбі бірге тұтпейді» дегендей, мен кештім, айтқан сөздеріңнің бәрін!.. Сен де кеш, шырағым.

— «Айтқан сөз, атылған оқ» демейсіздер ме, нағашы? Оны қайтаруға бола ма енді?

— Болады!.. Өзгеге болмағанмен, сені мен мен сияқты туыстарға болады. Әзірге ел бүлініп, Ертіс бұзылған іштеңе жоқ. Бұл кикілжіңді қояйық, тағы да тату-тәтті боп кетейік. Ар жағы өзінен өзі түзеле береді.

— Оны, енді, уақыт көрсетер,— дей салдым, нағашыммен бұл жолы сөз таластырғым келмей, татулыққа емексіткен сияқты боп.

— Әрине!— деді нағашым да ақырын, жұмсақ дауыспен,—«жиеннің жолы үлкен» дейді қазақ. Сонына бағып, жасың балам шамалас болғанымен, үлкен басымды кішірейтіп кеп отырмын. Оның қадырын біл, шырағым.

— Уақыт көрсетер» дедім ғой.

— Мақұл жауап. Әнеукүні ойда жоқта қызба-қызбаға түсіп кетіп, саған мақсатты бір сөзімді айта алмай ғаппын...

— Ие?

Біздің үйге түспеуіңнен қорқып ем, артынан естісем, елдегі Еркін Ержановтың өтірік жылмаңдауына алданып, ыңғайсыз бір іске ұрынғалы келген түрің бар.

— Қандай іске?

— Торғайлықтары боп, басқалары боп, Мауытбаев тобын сотта айыптап жатыр ғой. Бірақ солары басқа терлеу.

— Неге?

— Ол топты, әсіресе Мауытбаевты төменнен емес, жоғарыдан да жақтаушылар көп...

— Ендеше, сот неге құрғызады оларға?

— Осы мәселе төңерегінде болып келген өсек-аяңның ініне су құю үшін, халық алдында ақтап алу үшін.

— Оның несін айтып келесіз маған?

— Айтып келе жатқаным: торғайлықтардың азғыруымен, осы жұмыста сені де Мауытбаевқа қарсы деп естимін және жәй ғана қарсы емес, сот мәжілісінде сөйлеуге даярланып жүр деп естимін...

— Кімнен естідіңіз?

— Оның саған қажеті жоқ, шырағым. Даярлануына дәлел болатын фактілерді қажет десең айтып берейін.

— Әрине, қажет!

Нағашым айта бастады. Мен оған алғашқы сөзінен-ақ қайран қала бастадым. Молдалардың айтуынша, әр адамның екі иығында екі періште көрінбей отырады да, не істегенінің бәрін жаза береді... Нағашымның сөзіне қарағанда, сондай бір «періште» менің иығыма көрінбей қонып, Мауытбаевтың қылмысы жайында, елде де, қалада да не айтып, не қойғанымды, ешбір қатесіз, дәл айтылған түрінде жазған да отырған!.. Бұлардың бәріне қайран қалған менен, нағашым:

— Рас па?— деп сұрағанда:

— Рас!— дедім, бұлтара алмасымды көріп.

— Ендеше, Мауытбаевты да, тобын да сот алдында айыптаймын деген пікірден қайт. Айыптағаныңмен сотталмайды олар. «Өнбейтін дауды, өспейтін ұл қуады» депті аталарың. Жеңілетін дауға басыңды сұқпа! Жұрт алдында жаман атты болма! Бұл, өзге ешкімге де емес, туған жиенім болғандығыңнан, өзіңе ғана жаным ашып айтқан сөзім.

— Көреміз,— дедім мен толқынқырап.

— Көрме, таста бұны!.. Әкел қолыңды осыған!

Ол маған қолын ұсынды. Мен ұсынбадым.

— Жаны ашыған сөзді ұқпадың ба, жиенім?!— деді ол кейіп.

— «Көреміз» дедім ғой, нағашы,— дедім мен,— әлі де нағашыммен ерегіскім келмей,— ойланайын, көрейін!..

— Қатты ойлан, жиен!.. Бұдан жығылсаң өте қатты жығыласың!

— Ойланайын...

Өз ішімде «осынша айқын қылмыстан қалай құтылады?» деп бір ойладым да, нағашымның «Жоғарыдан да жақтаушылар бар» деуінен секем алып, істің ақырын күтуге бекіндім...

Екі сағаттан кейін сот мәжілісі тағы да басталды. Жұрт жиналардан бұрын, мен сот председателіне жолығып, сөйлеуге әзірленгенімді барлық дәлелдеріммен қысқаша айтып едім:

— Соттың атына арызыңды беріп қой,— деді ол,— әуелі қоғамдық айыптаушыны тыңдап ал. Мүмкін, одан соң сөйлегің де келмес.

Мен сот атына қысқаша арыз жазып бердім.

«Қорғанбековке сөз беріледі» дегенде, менің денем қалтырап кетті. Санама әжем сіңірген діншілдік әлі де түгел тарқап болмаған мен, қалтыраған денеме әрең ие боп, қатты дауыспен «ә, құдай, жәрдем бере гөр!» деп қаппын. Ол даусымды естіген қасымдағылардың біреуі, ойын сөзі ме, шыны ма:

— Тыныш отыр — деп түртіп қалды мені.— Білмейміcің, Совет өкіметінің дінге қалай қарауын?.. Жағыңды айырып, тіліңді суырып ап жүрмесін!..

Трибунаға шыққан Қорғанбековке, мен алғашқы минуттерде риза болған жоқпын. Менің ұғымымда, бұл орын, өте байсалдылықты тілейтін орын. Қорғанбеков өйтудің орнына, қылжақбастығы ұстап кеткендей, көзілдірігін сыпырды да, көздері күлімдеп, кескініне төнген жұртқа, жымия жағалай қарап қойды. «О несі?!— деген кейісті ой келді маған,—«салмақты сөзім болмас, жеңіл сөзімді кешірерсіңдер!» дегені ме?..»

Бірер секундтен кейін, сахнада ойнаған артиске ұқсап, кескініндегі күлкіні тез жинай қойды да, көзілдірігін қайта киіп, сөйлеуге кірісті. Ауызша сөйлей бастады ол. «Әттегене-ай,— деп өкіндім мен, ол сөзін бастай бергенде,— қағазға жазып ап оқымаған екен, айтар сөздерін!.. Онда пікірлері ұйымдасқан түрде сөйленер еді!..»

— Құрметті соттың председателі!.. Құрметті сот

мүшелері!.. Құрметті қорғаушылар, кінәлаушылар!.. Залда отырған құрметті азаматтар және азаматшалар!— деп бастады ол сөздерін. Бұлары байсалды естілді. Одан әрі, тағы да мұртынан жымиып ап:

— Заң жұмысын білуде, бізге қорғаушы азамат — Қылышбаев Садақбаймен теңдесу қайда!— деп жалғастырды сөзін,— ол — тау да, біз — төмпешік!.. Ол — дария да, біз — шұқанақ!..

— Тастаңыз, ондай сөзді!— деп айғайлап қаппын, жыным ұстап кетіп,— мақсатты сөзіңізді қылжақсыз айтыңыз!..

— «Әлім алдында аузыңды тый» дейді қазақ,— деді Қорғанбеков, менің айғайымды естімегендей, естісе мән бермегендей,— «дария қасына құдық қазба» дейді...

— Тақырыбыңа!— деп қалды залдан әлдекім.

— Заң сабағын оқып көрмеген өзіміз,— деді Қорғанбеков оның да айғайын естімегендей, естісе де мән бермегендей,— азамат Қылышбаевтың заңдардың тарихы туралы оқыған үш сағаттық лекциясын тыңдап заңға қараңғы көзімізді біраз ашып, сәуле көріп қалдық. Ол еңбегі үшін өз басым көп рақмет айтамын!

— Мақсатты сөзіңе!— деді тағы да әлдекім.

Қорғанбеков оған да қың етпестен, қылжақты сөзін жалғастыра берді:

— Азамат Қылышбаев аспанда, бұлттың ар жағында шарықтап жүрген кісі, сондықтан ол, алыстағы аспанның буалдыр хикаяларын ғана сөйлеп кетті. Ал, біз фақырың, жерде ғана жүрген кісіміз, сондықтан жерде көрген-білгендеріміздің төңерегінде ғана сөйлейміз...

Содан кейін тақырыбына кіріскен ол, әуелі жылжи жорғалап, аздап кейін жылдамдата бастап, артынан ағыза жөнелген поездай зымырады да кетті. Енді ғана айызым қана бастаған мен, кескініне үңіліп қаттым да қалдым. Сол шақта, «осы залда осылай тыңдап отырған мен ғанамын ба, басқалар да бар ма? дегендей, жан-жағыма көз қиығын тастасам, олар да дәл мендей, шешенге қадала қалысыпты.

Өзі айтқандай, бұл шешенде аспанды кезу, яғни, атам-заманда өліп, көміліп, шіріп қабірінің үстіне үйілген топырағы ғана оба боп сақталған, кәрі аруақтың сүйегін ақтару болған жоқ. Ол «жер бетінде, яғни Қазақстан топырағында, советтік дәуірде болып жатқан жалпы саясатты қысқаша ғана шолды да, одан әрі конкретті мәселеге, яғни 1921 жылы Қазақстанда ғана

емес, бүкіл советтік Россияда болған аштықтың салдары мен себебіне тоқтады. Содан кейін, Россияның бар жерінде «аштарға жәрдем комитеті» құрылғанын, қазақ аулының байлары осы комитетті тап тартысының құралы есебінде пайдаланғанын толып жатқан дәлелдермен баяндап кетті.

— «Қазақ аулының байлары» деп тұрған себебім,— деді ол,— мәселен, орыс деревнясында құрылған бұл комитетті, орыс байлары, яғни кулактары пайдалана алған жоқ, оған бір себеп — таптық сана жағынан орыс деревняларының кедейлері мен батырақтары қазақтың кедейлері мен батырақтарынан әлдеқайда биік тұруы болса, екінші себеп — орыс деревняларының жергілікті советін пролетариат революциясын жасауды белсене бастаған бұрынғы майданшылар мен крестьяндар басқарып отырды. Ал, егер, сол кездегі қазақ аулына келсек, ең алдымен, ауылдағы кедей-батырақтардың басым көпшілігінің таптық санасы ол уақытта қалың ұйқыда еді; екіншіден — ауылдағы советтердің көпшілігін байлар я солардың құйыршықтары басқарып отырған еді.

— Тырнақшаның ішіне ала сөйлейтін ол «басшылар»— деді Қорғанбеков, құрғаңқыраған тамағын, қасында тұрған стаканның суымен жібітіп ап,— аштарға жәрдем комитетін тап тартысының құралы есебінде пайдаланды дейтін себебім: біріншіден — жәрдем жұмысымен ел аралаған олар, аштықтың өзін өткен екі соғыста шаруаның бүлінү салдарынан емес, Совет өкіметінің саясатының салдарынан деген үгіт таратты. Оны сот мәжілісіне куәлікке келген адамдардың сөзінен естіп отырсыздар. Алашорданың я оған тілектестердің совет баспасөзіне қызметке орналасып алған кулары тіпті ашық кетіп, осы тақырыпта, Семейде шығатын «Қазақ тілі» газеті мен Қызылжарда шығатын «Бостандық туы» газетінің бетінде советке қарсы мақалалар жазды...

Қорғанбеков ол мақалалардан бірталай үзінділер оқып берді. Не деген сұмдық мақалалар!.. Турасын айтқанда — қаны ағып тұрған контрреволюция!..

— Осы тап тартысы ма, емес пе?— деген сұрау қойды Қорғанбеков залдағыларға.

— Дәл өзі!— деп ду ете қалады зал.

— Жаулардың ауылдағы жәрдем комитетін таптық мақсатына пайдалануының бір дәлелі осы болса, екінші дәлелі,— деді Қорғанбеков, бірінші дәлелін айтқан-

да қызыңқырай кеткен даусын бәсендетіңкіреген үнмен,— мәселен, Семей облысының Қарқаралы уезінде Ақайдың Хасені деген атақты бай бар. Мен де сол елдің адамымын, сондықтан өте жақсы білем. Бұл адам ақылды да, ку да, айлакер де кісі. Ол революциядан бұрын бүкіл Қарқаралы уезін ашса аясында, жұмса жұмырында ұстады.

— «Семей облысын!» демейсіз бе?— деп айғайлап қалды біреу залдан.

— Олай деуге де болады,— деді Қорғанбеков.

— Сөзіңді бөлме!— десті әркімдер.

— Мақұл!— деді Қорғанбеков.— Сөзім Ақайдың Хасені туралы еді ғой. Ол революциядан кейін Алашорда партиясының елдегі дындай таянышының бірі болды. Совет орнағаннан кейін, бұрынғы атарман-шабармандарының пысық және ептілерін партияға кіргізді де, жергілікті советтерді солардың қолына ұстатып, үйінде астыртын басқарды да жатты...

— Семей губерниясынан аштарға жәрдем жиналғанда,— деді Қорғанбеков тағы да қызыңқырай сөйлеп,— осы жұмысты басқаруға, айыпталып отырған Мауытбаевпен жемтіктестері барғанда, Хасен Ақаев оларға арнап Қарқаралы тауының өте бір көркем жеріне, мөлдір бұлақтың жағасына, қалың орманның ішіне ақ үйлерді тіккізіп, ішіне оттай жайнаған кілемдерді жайғызып, жібек көрпелерді төсетіп, мамық жастықтарды салдырып, жұмақтай жайнатып қойды. Күн сайын әлденешеуін соятын семіз бағландар сол үйдің алдында көгендеулі жатты. Күймелі арбаның кебежесіне толтырып әкеп қойған мейіздей тәтті сүр өз алдына. Үйдің сыртында нығыз екі айғырдың үйірі — бие байланып, оның қымызына қара саба инеп тұрды... Рас па, осы айтып тұрғаным, айыпталушы Мауытбаев?— деген сұрау қойды Қорғанбеков.

— Қазақтың ата-бабасынан бері арылмай келе жатқан қонағасысы!— деп жауап берді Мауытбаев,— бөлінбей келе жатқан еншісі. Мықты болсаң Хасен Ақаевты емес, бүкіл қазақты тый!..

— Бірақ қазақ, «қазақ» емес-ау, байлар сол қонағасыны не мақсатпен беретінін білесіз бе?

— Не мақсатпен?

Абайдың:

«Келіңдер, шақыралық, ет берем» деп,
«Ет берем» сен мендік бол деп берем» деп —

деген сөзі есіңізде ме?

— Бай ғана бере ме тегін қонағасыны қазақта? Кигіз туырлықты қазақтың қайсысының үйіне барсаң да, қонағасы бермейтін бе еді?

— Береді. Бірақ біріншіден ол— рушылдық дәуірден сақталып келе жатқан әдет; екіншіден — кедейдің қонағасысы сатусыз, байдың қонағасысы сатулы. Оны бізден бұрын Абай айтты:

Бір асым ет, бір аяқ қымыз берген,
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа,—

деген емес пе еді?..

— Абайды түсіне білу керек! — деді Мауытбаев, тосылып қалғандай.

Сот председателі де солай ойлады ма, әлде көлденең әңгімелерді қойдырғысы келді ме:

— Тақырыбыңызға көшіңіз! — деді, Мауытбаевқа жауап беруге ыңғайланған Қорғанбековке.

— Мақұл,— деді Қорғанбеков.— Тақырыбымыз — Хасен Ақаевтың Мауытбаевқа жасаған құрметі туралы еді ғой... Әуелі осы тақырыбымды аяқтап, басқаларына содан кейін көшейін.

— Қоя тұр, Хасен Ақаевты!.. Сотқа байланысты сөзіңді айт! — деп айғайлап қалды, жобасы, Мауытбаевқа іші бұрып отырған біреу залдың кейінгі жағынан.

— Өзім де соған келем,— деді Қорғанбеков,— мынау айтып жатқаным: шығар, биігіме қойып жатқан басқышым.

— Хасен Ақаев сотқа тартылып отырған жоқ! — деп айғайлап қалды анау.

Оған сол маңайдағы біреу:

— Сенікі не, босқа итаршы боп? — деп, екеуі жанжалдаса бастап еді, председательдің «қойыңдар» дегенін тыңдамаған соң, милиция барып айырды.

— Хасен Ақаевтың Мауытбаевқа деген құрметі қол қусырып, қонағасы берумен ғана доғарылмай, жүйрік жорғаларды белдеуіне байлап, қаршыға, ылашынды босағасына қондырып, құр-р-метті қонақтар-р-ры қалаған кезде саятқа шығып тұрды.

— Онда қылмыс жоқ! — деді сот председателі.

— Бәсе, дейім-ау! — деп манағы арттан айғайлаған адам дауыс көтеріп еді, оған қасындағы адам бірдеме деп, екеуі тағы жанжалдаса бастап еді, төңірегіндегілер:

— Қойыңдар шуды!.. Қорғанбековтың сөзін тыңдаймыз!..— деп басып тастады.

— Рас, аңшылауда қылмыс жоқ,— деді Қорғанбеков,— егер оның астары қалың боп жатпаса. Олай дейтінім: жәрдем комитетінің адамдары аңшылап жүргенде, жәрдем малын елден жергілікті Ревком адамдары жинады. Олар Ақаевтардың құйыршықтары. Не істеген деңіз сонда? Үш мың жылқысы, бес мың қойы бар, жүзден астам сиыры, отыз-қырық түйесі бар Хасен Ақаев жәрдемге бір бие бергенде, сіңірі шығып отырған қонсы кедейлері бір-бір қойдан берген!.. Онда да ризашылығымен бермей, Хасеннің құйыршықтары, тізімдерін сырттан жасаған!.. «Қолымда қой жоқ» деген кедейге, Хасен «мен-ақ өтеп жіберейін, түбінде еңбегіңмен төлерсің» деген!.. Сөйтіп,— деді Қорғанбеков мысқылды күлкімен,—«Жәрдем комитеті» Хасен Ақаевқа тегін жалшылар тауып берген!.. Жалпы алғанда, жәрдем комитетінің Ақмола және Семей губерниялары-нан аштарға деп жинаған малдарының басым көпшілігі байлардан емес, кедейлерден жиналған!..

— Оның несі айып? — деді Мауытбаев,— кедейлердің өкіметі... Аш кедейлерге ток кедейлер жәрдемдессе айып па?

— Жәрдемдесу емес, тартып алу айып!

— Дәлелің?

— Іс зерттеуде жүрген шақта, мыңдаған куәнің берген жауабы!.. Ондай жауаптар жоқ десе, айтсын сот председателі!..

— Бар,— деді председатель,— айыптылар да, қорғаушы да ол жауаптармен толық танысқан!..

— Осының аты Совет өкіметіне қарсы үгіт жүргізу емей немене?

— Дәл сол! — деп ду ете түсті залдағы көпшілік.

— Ақмола, Семейден «жәрдем малы» осылай жиналса,— деді Қорғанбеков,— тиісті жеріне жетуі қалай болған?

Жұрт тын бола қалды.

— Торғайға айдалып барған барлық малдың саны,— деді Қорғанбеков, алдына қойған қағазға енді ғана қарап,— 1643, ал Семейдегі «Қазақ тілі» газеті мен Қызылжардағы «Бостандық туы» газетінде, сол кезде жарияланған мәліметтер бойынша — 2 189. Сонда, жалпақ жаздың ортасында, жолшыбай өріп, аяғынан оттап келген малдардың 546 басы қайда кеткен? Егер жалықпасаңыздар, қай түліктен қанша мал шығып, жолда қаншасы жойылған мәліметін де оқып беруге болады.

— Тыңдаймыз! — деп ду ете қалды жұрт.

— Тыңдасаңыздар, түйе — 21 бас екен, олар Торғайға түгелімен келген; сиыр —371 екен, оның 364 жеткен, бұл да жаман цифр емес. Жаманы — жылқы мен қойда, әсіресе қойда...

Тыңдаушылар қобалжи бастады да дыбыс шығармады.

— Құлыны, тайы аралас,— деді Бек қағазына қарап,— жылқы тұяғы 556 екен, содан Торғайға келгені — 442, келмегені — 114.

— Сонша жылқы қайда жойылған?! — деген сұрауға:

— Асықпаңыз,— деді Қорғанбеков,— әуелі қойдың жәйін айтып алайын жауабыңызды сонан соң берейін. Қойдың саны — 1241 екен, содан Торғайға келгені — 816, яғни, жолшыбай 425 бас қой жоғалған!..

— Мынау сұмдық қой! — деп ду ете түсті залдағылар.

— Жала! — деп айғайлап қалды Мауытбаев.

— Бәріне де документ бар! — деді Қорғанбеков.— Сонымен,— деді ол шуласқан жұртты председатель әрең тоқтатқаннан кейін,— екі айға жақын айдалған жәрдем малынан, сиырдан жеті бас, жылқыдан жүз он төрт бас, қойдан төрт жүз жиырма бес, барлығы — бес жүз қырық алты бас шығын болған, яғни барлық малдың төрттен біріне жақыны!..

— Қайда кеткені белгілі ме, сол малдардың? — деген сұрау туды залдан.

— Белгілі,— деді Қорғанбеков. Зал тағы да тын бола қалды,— Хасен Ақаевтың үйінде жатқан шағында, Мауытбаев аңға шықпаған күндерін сауық,-сайранмен өткізген: сол маңайдағы елдің сері жігіттері, сұлу қыз-келіншектері жиналып, бірге жатып, бірге тұрып дегендей... (залдағылар күліп жіберді. Б.) ойнағанкүлген де жатқан!..

— Оның қылмысты іске не қатынасы бар? — деп сұрап қалған біреуге:

— Қатынасы,— деді Бек,— Қарқаралыда басталған осы ойын-сауық Торғайға дейін созылған...

— Оның қылмысқа не қатынасы бар?

— Қатынасы — жаңағы атаған 546 бас малдың бәрі, сол ойын-сауықтардың қажетіне жұмсалған!..

— Масқара! — деп ду ете қалды зал.

— Жала! — деп айғайлап жіберді Мауытбаев.

Шулап кеткен залға сот председателінің айғайы

да, қоңырауы да тоқтау бола алмады... Сондықтан ба, ұзақ сөйлеген Қорғанбеков шаршады деп ойлады ма, әлде уақыты боп қалды ма, председатель үзіліс жариялап жіберді.

Бұл түскі ұзақ үзілістің шағы еді. Әдетте, бұндай үзілістің кезінде халық тарап кетіп, түстен кейінгі мәжілісі ашыларда бір-ақ келетін. Бұл жолы олай болған жоқ. Қорғанбековтің әлгі сөздерін талқылаған көпшіліктің біразы театр үйінің түкпір-түкпірлерінде қалып, біреулері қора ішіне шығып, тағы біреулері сол маңайдағы ағаштардың көлеңкесіне паналап дегендей, отырып алып сот мәжілісінің жәйі туралы әңгімелер соғып кетті. Сондағы кеңестерінің көбі Қорғанбековтің сөзі туралы.

— Мынауың бір керемет боп шықты! — деп таңданысты оған жұрт,— «шын жүйрікте сын болмайды» дегендей сыртқы түрі көзге қораш сияқтанғанмен, «ертеден шапса кешке озған, ылдидан шапса төске озған» тұлпар сияқты боп кетті бұның!.. Анау Мәскеуден келгеніңді «кәрі тарлан» деп, «шаппай бер!» деп мақтағаныңмен, мынаның шаңына да ілесе алмай, арбаңдаған арық мәстектей, айдалада қаңғып қалып қойды!.. Оның сөзі, мылжың ертегі сияқты бірдеме боп шықты... Мынаның әрбір сөзі, балуан адамның қолымен шегеге дәл соққан балғадай, тиген жерін қадала бекітті де отырды. Айыптылар нелер Ділмағамбет болғанымен, бұның бекітуінен босана алмас енді!..

Қалың көпшілік осындай сөздер айтып жатқанда,— «аптықпаңдар әлі!.. «Сүт көп, көмір аз» деген!.. Әліптің артын бағыңдар!» деп көптің «айыптылар жазаланады» деген сеніміне күдік түсіруге тырысқандар да болмай қойған жоқ. Сөз таластырып шуласқандар, өзара қатты жанжалға да кеп: «оттама!.. Былшылдама» деген сөздерге де, боқтасуға да барып, біреулері жұдырық салысып та қалысты... Мен бұл талас-жанжалдардың ешқайсысына араласпай, халықтың көңіл күйін сынаумен ғана болдым. Сонда ұққаным: Мауытбаевтың да, оның шәріктестерінің де еңбекші көпшілік алдында, Совет өкіметінің алдында айыпты екеніне ешбір күмәні қалмаған; ендігі күтетіні — айыптылардың жазалануы ғана...

Осы дырдудың арасында, үзіліске арналған екі сағаттың қалай өткенін аңғармай ғаппыз. Жұрт залға жиналғаннан кейін Бек Қорғанбековке тағы да сөз берілді. Ол енді, Торғайға айдалып келген малдың әуелі

атқамінерлер арқылы тоқтарға үлестірілмек болуына, одан кейін, жергілікті совет адамдарының араласуымен, арнаулы адамдарына берілмек болуына, сонда да, атқамінерлер жармасып қалмай, бірталай мал иесінің қолына тимеуіне тоқтап, бұл мәселеде тап тартысы қатты жүргенін, көптеген дәлелдермен, таласа алмайтын түрде дәлелдеп берді. Бұл тақырыпта да сағаттан артық сөйлеген ол:

— Қорытарда айтарым,— деді жұртқа,— пролетариаттық революцияның жаулары, ашық күресте жеңілген соң, қалған амалын жасырын жаулыққа жұмсады ғой. Сонда, олардың қатты үміт жүктеген бір нәрсесі — аштық еді ғой. Жаулар аштықты Совет өкіметін құлататын құралдың бірі етуге тырысты ғой. Бұл күндерде, сот мәжілісінде қаралып жатқан осы іс, яғни, Мауытбаев пен оның компаниясының ісі, сол жаулықтың айқын бір бұтағы. Ондай қылмысқа не жаза қолдануды, советтің әділ заңы дұрыс шешер деп сенем!..

Залда шапалақ ду ете қалды... Сол жағымда отырған білгіш біреудің айтуынша, бұлай қол шапалақтау, сот тәжірибесінде, ешуақытта да болған емес!.. Оң жағымда отырған сырлас біреуім, жұртқа қосыла қол шапалақтай отырып:

— Сен енді сөйлейсің бе, жоқ па? — деді маған, құлағыма сыбырлап.

— Несіне сөйлеймін,— дедім мен,— мен айтатын сөздің бәрін, жолдас Бек Қорғанбеков айтып қойды!..

Қорғаушылардың да, айыптаушылардың да, куәлардың да қосымша айтатын сөздері болмағаннан кейін, сот председателі айыпкер Мауытбаевқа сөз берді. Ол айтар сөздерін түгелімен қағазға жазып алған екен. «Осыны ғана оқып шығам» деген ол, ұзынша қалың, бас жағы түптелген қағазын трибуна үстіне қойды да, асықпайтын сабырлы адам сияқтанып, ақырын ғана қимылмен, жұқа ақ жібектен тігілген қамзолының қалтасынан көзілдірігін алды, жұқа, сұр кенептен тігілген шалбарының қалтасынан бүктелген таза орамалын суырып, көзілдірігін баптап сүртті. Одан кейін көзін сүртті де, көзілдірігін мұрнының үстіне қондырып, жылтырауық сабақтарын құлағына қыстырды, содан кейін, орамалымен мұрнын жауып тұрып, екі танауын кезек-кезек пысқырынып, қатты сіңбірді... Бұл қылықтары залдағылардың ішін пыстырғандай боп, қобалжи, күбірлесе бастады...

Асықпай жайланған Мауытбаев, «енді болдым» де-

гендей, трибуна үстіне қойған қағазын қолына алды да, оқуға кірісетін адамдай тамағын кенеп қойып, бетіне үңіле беріп, көңілі бұзылған бейнемен қалтасынан орамалын суырып, кемсеңдеп жылап жіберді. Онысы ұзаққа созылып бара жатқан соң, сот председателі түрегелді де, жылауды доғарып, қағазын оқуды өтінді. Мауытбаев оған тыйыла қоймаған шақта, сырт жағымнан:— Талықсып кетуі мүмкін, дәрігер алдыру керек!— деп қалды біреу.

Жалт қарасам, көк желкеме таяна отырған нағашым екен. Оның сөзіне жүйесі тіпті босап кетті ме, немене, Мауытбаев жылауын үдетіп, кеңкілдеп кетті.

— Айыпкер Мауытбаев! — деді, орыннан тағы да түрегелген сот председателі,— егер сөйлеуге шамаңыз болмаса, халіңізді жинағанша, сот мәжілісін қажетті уақытқа дейін ұзуге болады.

— Оның қажеті болмас,— деді Мауытбаев көзін сүртіп, ықылық атқан дауыспен, «қасқырдың ұлығаны — жеймін дегені» депті ғой аталарымыз. Бәрібір жазаланатын болғасын, ертесі не, кеші не?..

— Қайдан білесіз, жазаланатыныңызды? — деді сот председателі,— сізге сөз беріліп отыр. Сөйлеңіз. Ақталыңыз. Бірақ жалпылама сөзбен емес, дәлелмен ақталыңыз. Тағылып отырған айыптарды дәлелмен жоққа шығарсаңыз, сізді ешкім де жазалай алмайды. Дәлелдей алмасаңыз, өзіңізге ғана өкпелейсіз!..

— Дәлелдер ем, егер сот орындығында отырмасам,— деді Мауытбаев.— Кіріптар адамға дәлелдеді не, дәлелдемеді не?

— Олай демеңіз!.. Оқыңыз, жазғаныңызды!.. Ауызша қосарыңыз болса тағы айтыңыз!.. Қайталап айтам: бұл дауда көз жасыңызбен жеңе алмайсыз, дәлелдеріңізбен ғана жеңесіз!..

— Рас! — деп ду ете қалды зал.

Мауытбаев жазған қағазын сағатқа жақын уақыт оқыды, сонда өзіне тағылып отырған айыпты қате дегізетін шұнамдай дәлелі болсайшы!.. Дәлелдің орнына, сөздерін ол, тыңдаушылардың көңілінде өзіне аяушылық туғызуға құрған. Сонда айтары: ел қамын, халық қамын ойлаған, бейкүнә біреу...

Зал оның сөзіне екі түрлі көңіл білдірді: ұнатпағандары: «Құрғақ сөз боп кетті!.. Дәлел керек!.. Әйтпесе, доғарту керек!» деп шулауға айналды; ұнатқандары: «сөйлесін!» деп шуласты. Сот председателі қоңырау қағып шуды тоқтатты да:

— Айыпкерді бөгемеулеріңізді өтінем!.. Оның өзіне берілген мүмкіндікті толық пайдалануға хақысы бар. Тек, Советке қарсы үгіт айтуға хақысы жоқ, одан басқа не десе де еркі,— деді.

— Манадан бері бейқұнамсып, момақансып айтып тұрғанының бәрі — советтік құрылысқа қарсы сөздер! — десті әркімдер. Біреулері «дұрыс айтады! Енді сөз бермеу керек!..» деп шуласты. Оларды тағы да қоңырау қағып тоқтатқан председатель:

— Сөзіңізді аяқтаңыз! — деді Мауытбаевқа,— жұрттың шуын естіп отырсыз. Қайталап айтам: тағылған айыптан дәлелмен ақталуға тырысыңыз! Әзірге дәлелсіз сөйлеп тұрсыз!..

Мына сөзді тоқтаулы көрді ме, әлде жазған сөзі таусылып қалды ма, Мауытбаев оқып тұрған қағазынан көзін алды да, ауызша сөйленіп кетті. Қағазда сылбырлау жазылған сөздері, ауызшада ширап, әдетте бұйығы сөйлейтін ол, қыза және шешен сөйлеуге айналды. Істің барысынан ба, председательдің соңғы сөзінен бе, «әйтеуір жазаланатын болдым, айтарымды айтып қалайын» дегендей, Мауытбаев ашық түрде, советтік құрылысты айыптауға кірісті. Мауытбаевтың сөзіне шыдамаған зал, «тоқтату керек!» деп даурығып кетті. Мен де жұртқа қосыла, «тоқтату керек!» деп қаттырақ айғайлап қалып ем, желкемнен біреу шап беріп ұстай алды. Жалт қарасам — нағашым. Қатты ашуланған шақта оның екі көзі қанталап, жасаурай қалатын еді. Қазір нақ сондай екен.

— Сенікі не?! — деді ол маған.

— «Неменені» дейсің?

— Неге айғайлайсың?!

— Онда сенің не ақын бар?

— Жап аузыңды!

— Жабудың орнына, үдетсем қайтесің?

— Істеп көр!..

— Онда не қыласың?

— Көрерсің, не қылғанымды!..

«Ерегіспе» жыным ұстап кетті де, ұшып түрегеп, жұдырығын түйген оң қолымды жоғары көтеріп, бар дауысыммен «тоқтат!» деп айғай салдым. Ылай да күшті даусым, тіпті қатты шықты ғой деймін, шулаған жұрт жым болып, маған қарай қалысты.

— Маған сөз беріңіз! — дедім председательге.

— Бұнысы кім еді?! — деген күңкілдер шалынды құлағыма.

— Айыптаушымын! — дедім мен,— атым — Бүркіт. Фамилиям — Жәутіков. Торғайлықпын. Осы жұмысты басынан аяғына дейін жақсы білетін адаммын.

«Беру керек», «бермеу керек!» деген дауыстар сапырылысып кетті. Председатель сол шақта, екі жағында отырған кезекті билермен сыбырласты да, қоңырау қақты. Шу семді.

— Азамат Жәутіков Бүркітке сөз беріледі! — деді ол,— бірақ айыпкер Мауытбаев сөзін бітіргеннен кейін.

Сөйлер сөзі таусылып қалды ма, әлде шуға ерегесті ме, Мауытбаев:

— Қазағым үшін, елім үшін құрмалдыққа шалынуға бейілмін. Менікі — бәйгеге тігілген бас! Енді айтарым жоқ! — деді де орамалымен көзін сүртken ол отыра кетті.

Ол сөзге нағашымның жүйесі босап жылап жібергенін, мұрнының пысылдауынан сездім. «Тағы да жылағандар бар ма екен?» деп жан-жағыма қарасам, «дындай коммунист» деп жүрген біреу, орамалымен көзін сүртіп отыр!.. Оған жыным тіпті де ұстап кетіп:

— Сөз! — дедім председательге қол көтеріп.

— Сөйлеңіз!..

Орнымнан тұра берген мені, түп-етектен ұстай алған адамға қарасам — нағашым!

— Отыр! — деді ол зілдене, ақырын дауыспен жекіп.

— Жібер! — дедім мен ақырып,— ит емессің сен, етекке жабысатын!..

Нағашымның уысынан жұлқына шықтым да, трибунаға барып, сөйлей жөнелдім... Үйдің іші қапа болуынан ба, әлде, қызына сөйлеуімнен бе, басымнан сорғалаған тер, аяғымнан бір-ақ шықты. Мен мандайымнан көзіме құйылып, иегімнен саулаған терді де сүртпестен, айтайын деген сөзімді екпіндете соға бердім. Сонда не сөйлегенім және қанша сөйлегенім есімде жоқ. Есімде қалғаны, сөйлеп боп, трибунадан түсе бергенімде, залдың ду етіп қол шапалақтауы.

Мен орныма жетпей, председатель ертеңге дейін үзіліс жариялады. Далаға топырлай шыққан жұрт, мені есік алдында қоршап тұра қалды да, «тамаша сөйледің!.. Бәрінен сенің сөзің өткір болды!.. Шапқан жеріңді қидың да түстің!.. Өлтірдің!.. Бәрекелді!.. Өркенің өссін!..» деген сияқты сөздер айтып шуласты. Қоршаған қалың жұртты арасынан мені көре алмаған біреулер әлдене биіктерге көтеріліп, жастау жақтары, маңайдағы ағаштардың бұтақтарына шығып қарасты.

Бұлай қоршап мадақтауға іштей қатты көтерілдім де, «адал төгілген терім болды бұл!» деп ойладым.

Бірақ ол ойым алдаған сияқтанды. Соттың үкімі жарияланатын болар деп, ертеңіне ертерек жиналған жұрт, театр үйінің қасында, шалшы түске дейін тұрды. Сот жоқ! «Неге?» деген сұрауға әркімдер толып жатқан жорамалдар айтты. Солардың ішінде, жұрттың қатты еленделп қалғаны,— «Жоғарғы орындарда қаралып жатыр» деген сөз.

— Қай «Жоғарғы орын» сонда? Қазақстан Атқару Комитеті ме? (Каз. ЦИК). Халық Комиссарлар Кеңесі ме? (Каз. Совнарком). Әлде Қазақстан Өлкелік партия комитеті ме? (Каз. Крайком).— деп сұрағандарға.

— Қайсысы екенін білмеймін,— дейді анау, қайсысы болса да үкімет қорасының[1] ішінде. Қайда болса да, бастықтар екі дай боп, бір жағы Мауытбаев тобын жақтап, бір жағы айыптап, мейлінше сілкілесіп жатса керек!..

Осы «сілкілесу» үш күнге созылды. Сол күндердің бәрінде де, халық ертемен театр үйінің қасына қаптай келеді де, мезгіл түске тармасқанша, даурыға сөйлесіп тұрып, содан кейін тарқасады. Жиналған шақтарында, «Жоғарыда» не сөздер болып жатқаны әңгімеленеді. Оның бәрін тізе берсе үлкен бір кітап, сондықтан түйінді жерін ғана айтайын.

Үшінші күні ертемен, тағы да жиналып тұрмыз. Жұрт тағы да даурыға кеңесіп тұр. Бұдан бұрынғы күндерде, жиналған жұрт сот мәжілісін жалғастырған сияқтанып, біреулері Мауытбаев тобын ақтап, біреулері кіналап... дегендей тақырыпта кеңесуші еді. Бүгін «Жоғарғы жақтың» ғана жәйін кеңес қып, Мауытбаевтарға сонда кімдердің неге болысып, кімдердің неге қаралауын талқылайды. Бұл мәселеде де осы жиынның ішінен білгіштер табылып, әңгімесін терең саясаттан толғап кетеді:

— «Тап тартысы» дегеннің көкесі сол жоғарыда болып жатқан көрінеді,— дейді ол.

— Неге? — деген сұрауға:

— Қазақ ұлтшылдарына, яғни алашордашыларға: — деп жауап берді анау,— бұған дейін идеологиялық соққы ғана болмаса, физический соққы берілген жоқ еді

---

[1] Бұрын дәрігерханалардың бірі болған, төңірегі қорғанмен кең қоршалған, ішінде әлденеше корпусы бар бұл үйге, 1925 жылы республикалық барлық басқарушы ұйымдары орналасқан.

ғой. Мынау, Мауытбаевтарға арналған сот, оларға алғашқы физический соққы болғалы тұр. «Бізге деген пәле осыдан басталып кетер» дегендей, алашорданың транспорт жетер жердегі адамдары, түгелімен осы Қызылордаға жиналған. Өзгені былай қойғанда, Россиялық Географиялық Қоғамның жұмысымен келген болып осында алашорданың көсемі Әлихан Бөкейханов та жатыр. Қаланың белгісіз жерлерінен алған олардың пәтерлерінде күні-түні жиналыс. Маңайдағы байлар оларға сабалап қымызын, сойыстық малын ағыл-тегіл әкеліп жатыр. Мауытбаевты жоғарғы жақта жақтаушылар, демалыс кездерінде сол пәтерлерге барып, алдағы мәжілісте не айту туралы алашорда бастықтарынан ақыл алады.

Біреулер: «мынауың барып тұрған тайная организация[1] ғой!»— деп күлсе.

Енді біреулер: «несіне күлесің оның?!» деп жекіп тастайды да, білгіштен: «осы құпия жиналыстарды шын коммунистер біле ме?» деп сұрайды.

— Біледі,— дейді анау,— білгенде, қандай дәл біледі.

— Қайдан біледі?

— Қызық екенсің ғой өзің! Көз алдында өзіне қарсы жүріп жатқан істі білмейтін үкімет, үкімет бола ала ма? Алашордашылардың пәтерінде болатын жиналыстарға кімдер қатынасып, не кеңесетінін жоғарғы жерлер алақанындағыдай біліп, қатынасқан ұлтшыл, яғни оңшыл «коммунистерге», «бұларың не?» деп ескертетін де, ұрсатын да көрінеді. «Шешінген судан таймайды» дегендей, оңшылдар ашық кетіп, «болғанымыз рас» деп мойындап ап, Мауытбаевты ашық жақтайтын көрінеді...

— Осының арты не болатын сонда? — деген сұрауға:

— Оны болжау қиын,— дейді анау.— Мүмкін, оңшылдардың дегені болып кетуі де. Өйткені сол «Жоғарғы жер» дегеніңнің өзінде, әлі де бірталай азулы оңшылдар немесе солардың әгенттері отыр. Басқару жұмысынан қуып жібергенше, үкімет олармен есептеспей отыра алмайды!..

Білгіштің сөзі расқа шықты. Театр алдында жиналған қалың топтың ішін жара өте берген біреу:

— Енді неғып тұрсыңдар! — деді, тоқтамай сөйлеп,— болар іс болды. Сот мәжілісі аяқталды!

---

[1] Жасырын ұйым.

— Қалай? — деді жұрт, оны қоршай бөгеп.

— Мауытбаевтардың жұмысы — отказ!..[1]

— Қойшы! — деп ду ете қалысты халық.

— Нанбасаң, мейлің. Кешке қарай Жақыпбек Дәуітовтың үйіне баршы, Мауытбаевтың сонда қонақта отырғанын көресің!..

— Не дейді?! — деп шуласқан жұртқа:

— Әй, менде нелерің бар бөгеп? — деді анау, кідіртken адамдардың арасынан шықпақ боп бұлқынып,— «естіген құлақта жазық жоқ» дегендей, Мауытбаевтардың орнына мені қамамақсыңдар ма? Мықтылығың болса, оншылдарға көрсет!..

Ол бұлқына шығып кете барды. Салы суға кеткендей болған жұрт, қабақтарын қарсы жауып тарай бастады. Сондай халге түскен мен де, Торғайдан бірге келген серіктеріме еріп қайтып келе жатыр ем:

— Бүркіт! — деді біреу. Жалт қарасам — Сақтаған Сағымбаев екен. Күннің ыстығынан ба, ызадан ба — тер құйылған беті бартия ісіп, күп-күрең боп кетіпті, көзі өлусірей ғапты.

— Әу! — дедім мен оған, мына халіне жаным ашығандай дауыспен.

— Ең алдымен, өзіңе қатты ризамын, шырағым! — деді ол.— Совет тәрбиясында өскендігіңді осы жолы мейлінше ақтадың!.. Енді ғана айтайын расымды: сотта айтқан сөзіңе дейін, сені қанаушы тапқа, оның көсемі — алашордаға осынша ашық және адал түрде қарсы шығады деп ойлаған жоқ ем!..

— Біз де! — десті өңгелері.

— Содан кейін сендім!..— деді Сақтаған,— партия қатарында әзірге болмағанымен, сен шын мағнасындағы коммунист екенсің!.. Рақмет, айналайын!.. Көп жаса!.. Бақытты бол!..

— Біздің де тілегіміз осы! — десті өзгелері де.

— Рақмет, аға! — дедім мен.

— Қуанышым осы болса,— деді Сақтаған,— ренжішім: сен де, мен де, Мауытбаевқа қарсы шыққан адамдардың бәрі арам тер болдық!..

— Неге, аға?

— Олай демегенде, не дейін, шырағым! — деді Сақтаған қабағын қатты шытып,— арам істі жақтауға келсек, өз обалымыз өзімізге. Адал істі жақтауға келдік қой?.. Және жақтап шыға алдық та!.. Әсіресе, сен!..

---

[1]) «Ақталған» мағнасында. Б.

Осының бәрін көре тұра, Мауытбаевтардың қылмысты екенін біле тұра, жоғарғы жақтың бұл істеп отырғаны не?!..

— Манағы бір білгіш айтпады ма, не екенін?..

— Айтты!.. Бірақ жәй сөз ол!.. Революцияға қарсылардан алашорданың әкесіндейлерді жойып жібергенде, бұларды әлдилейтін іштеңе жоқ!..

— Менімше де солай сияқты! — дедім мен,— бірақ өз терімді де, менімен бұл мәселеде пікірлестердің терін де, арам тер емес, адал тер деп санаймын!..

— Қалайша?..

— Мәселе тап жауының көзін жойып жіберуде ғана емес, соның жау екенін еңбекші көпшілікке танытуда. Содан кейін, жаулардың көзі де, өзі де жойылмай қоймайды. Менімше, Мауытбаев сотында, бұл мәселе тамаша айқындалды!..

— Солайы солай!— деп қалды Сақтаған.— Бірақ...

— Ендеше, бұл жолда төгілген теріміз арам емес, адал! — дедім мен, Сақтағанның сөзін бөліп.

— О да дұрыс екен! — деді Сақтаған.

5. АЖАЛ АУЗЫНДА

Егер ақталған Мауытбаев бұрынғы қызметіне баратын болса, мен Тәшкент институтындағы оқуыма оралмаған болар ем. «Абақтыдан шыққан ол, әуелі, туған жері — Семей облысына барып күзге дейін елін аралайды да, одан кейін Қырым, Кавказ жағына саяхатқа кетіп, Қызылордаға жылдың аяғында келеді-мыс» деген хабар естілді.

— Сонша ұзақ және алыс жүріске ақшасы қалай жетеді? — деген біреулерге:

— Сені мен мен деп отырмысың оны, еңбек ақымен ғана күн көретін? — деп жауап береді, білемін дейтін адам,— бір пьесасына бәйге беріліп, гонорарын қосқанда, он бес мың сом алатын бопты. Одан басқа өз жазғаны бар, аударғаны бар — төрт кітабы басылатын боп, оларға сексен мың сомдай алады екен. Мұншама ақша, бір саяхат түгіл, он саяхаттан да артылып қалар!..

— Онда дұрыс! — деседі жұрт.

— Аз күннен кейін, Мауытбаевтың жүріп кеткен де хабары естілді. Содан кейін мен Тәшкендегі оқуыма аттандым. Оған бармағанда, қайда барам?..

Оқу дағдылы қалпымен жүріп жатты. Күздігүні институттың директоры боп маған бір таныс адам келді. Мен оны сыртынан жақсы білем: «Ескі Қазақстанның»[1] тұсында «оңшыл-ұлтшыл» атанып жүретін ол, басқарушылық қызметке көтеріле алмайтын. Кейін Түркстандағы қазақтар ескі Қазақстанға қосылып, орталық Орынбордан Қызылордаға көшкенде, қызмет жағынан жоғарылап, әрі «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, әрі оқу жұмысының республикалық комиссары болған. Осы қызметінде, республика басшыларының ең үлкендерінің бірі саналып жүрген ол, осы 1926 жылдың көктемінде, Өлкелік партия комитетінің пленумінде оңшылдық-ұлтшылдық пікірлері үшін қатты соққы жеген. Содан кейін бағасы түскен ол, енді Тәшкен институтына жіберіліпті.

Біздің елдің бір сопысы: «менің атымды шайтанның бәрі де біледі» деген екен. Сол айтқандай, директорды мен білгенмен, ол мені білмейтін шығар деп жүрсем, институттағы кабинетіне кіре қалған бір шағымда, кім екенімді айтты да берді.

— Қайда не айтып жүретініңді, әсіресе, Мауытбаев сотында не айтқаныңды жақсы білем,— деді ол,— біақ бұның бәрі босқа терлеу сияқты. Совет өкіметіне, сен сияқты, әрі байдың, әрі контрреволюционердің баласы дәрі емес. Керекті кезінде сені ақмақтандырып пайдаланады да, керексіз кезінде лақтырады да тастайды. Ертең осы институтқа тазалау жүрсінші — ең алдымен, сен ұшасың!

— Сонда не қыл дейсіз маған?

— Ешнәрсе де қыл демеймін. Бұған дейінгі тентектік істерің бойыңа құт. Енді оның бәрін қой да, ынтаңды оқуға сал. «Тек жүрген тоқ жүреді» дейді қазақ; «үндемеген үйдей пәледен құтылады» дейді. Артында «тегің жаттық» қоңырауың салдырлап жүріп, белсенділік жасаймын дегенді қой енді!

Одан кейін де бірталай «өнеге» айтқан Садуақасовтың сөзін бөлген жоқпын. Несіне бөлем?.. Өзге таласатындарымды жеңіп, енді осы ғана қалып па?..

Сөзіне мен ешбір реакция жасамай, басымды салбыратып үн-түнсіз отырып алғаннан кейін, айта беруге жалықты ма, әлде айтар сөзі бітіп қалды ма:

— Не шаруаң бар еді? — деп сұрады Садуақасов, өнеге сөздерін айтып болғаннан кейін.

---

[1] Орынборлық дәуірді солай десіп жүреді. Б.

— Ешбір шаруам жоқ.
— Ендеше неге келдің?
— Жәй, сізбен дидарласайын деп...
— Мақұл, бар онда! — деді Садуақасов, маған көп мағналы көзбен қарап қойып, тұрып жөнеле берген маған:
— Әлгі айтқандарды ескер! — деді ол.
Мен оған қарамай да, үндемей де шығып кеттім. Одан кейін көңіл қойғаным — оқу ғана.

Өткен сабақ жылының кезінде, мен мектепте шығатын қабырға газетінің ісіне араласып, материалдарын редакциялауға, құрастыруға коллегия мүшелеріне жәрдем беретін ем, өзім де ара-тұра әңгімелер, сықақтар, өлеңдер жазатын ем. Биылғы оқу маусымы бастала, ол жұмысты доғардым. Редакцияның шақыруына бармағаннан кейін, партком шақырып, коллегияға мүше болуымды ұсынып еді, оқуды сылтау ғып ризаласпадым.

Өткен жыл институт қабырғасында әдебиет үйірмесі құрылып, оған «Алқа» деген ат қойылып, қыстай қызмет атқарып шыққан. Одан бұрын білетінім: Қазақстан жазушылары екі дай боп айтысып, бір жүйесі — «Қазақстан пролетариат және қарашаруа жазушылары» деген ұйым құрамыз, оған совет тілегіндегі жазушыларды ғана мүше ғып, ұлтшылдарды алмаймыз» деген, ал, екінші жүйесі — «қазақта тап жоқ, ендеше, таптық әдебиет те жоқ және болмайды да, олай болса «ұлтшыл» я «ұлтшыл емес» демей, аты «қазақ» жазушыны ала берейік деген. Бастапқы жүйесі, 1926 жылы июнь айының басында, Қызылорда қаласында Каз. АПП» деген атпен ұйым құрылғанын жариялап, «Жыл құсы» атты альманах шығарып, қызметіне кірісе бастаған. Ал, «Алқа» деп аталамыз деген ұлтшылдар, ұйымдарын ресми түрде жарияламаған, бірақ Тәшкенде шығатын «Шолпан» және «Сана» журналдарын әлі де ықпалынан шығармай, советтік құрылысқа қарсы шығармаларын бастыра берген. Біздің институтта құрылған «Алқа» атты үйірме, сол ұлтшыл жазушылардың жиналатын, пікір алысатын, іс-әрекетін белгілейтін орны болған. Белсендісі саналмағанмен, мен де үйірме жиналысына үздіксіз қатынасатындардың бірімін. Биыл оған араласуды да қойдым. Тартқысы келгендерге сабағымды сылтау қылдым.

Сабақпен жақсы шұғылданып жүрген күндерімнің біреуінде Бәтестен хат кеп қалды. Оның Мүсәпірмен

бірге келуіне іштей аздап ренжіген мен, «оқуға орналастым, жатақханаға кірдім» деген сөзі көңілімді көншітті. Бірақ мен оған жауап жазбадым; сондағы ойым — «несіне жалпақтаймын, каникулға дейін шыдайын, оған дейін ау-жәйін байқаңқырай түсейін, егер кінәсын мойнына алуына көзім жетсе, каникулда барып табысайын!»

Аздан кейін, Бәтестен екінші хат келді, одан кейін үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші хаттар келді де, солардың ешқайсысына жауап бермеуімнен болу керек, хат деген доғарылды. Мұнысын өкпелеуіне жорыдым. Сонда жауап бермей, кейбір күндері өзімді өзім зорлап қаламымды қолыма алсам, кежегем кейін тартты да тұрды. Бірақ өзім жазбағанмен, Бәтестің хатын сағынуға айналдым. Әлдекімнің үйретуімен, әлде өзі білді ме ,ол маған деген бірінші хатын ғана институт атына жолдап, «осыдан кейін довостребование ғып жазам» деп Тәшкеннің үлкен почтасына жіберетін еді... Ондай хаттардың алғашқыларын сирегірек барып алатын ем. Бәтестен хат келмегелі, құдайдың құтты күні почтаға барам, кей күні әлденеше рет барам... бірақ хат жоқ!

Менің ата-бабамда «ерегіспе ауруы» сияқты бір әдет болған. Қыңырайған жағынан түзелмеу, жатқан жағынан тұрмау, аталарымның көбінің салты екен. Бесінші атамыз — Қисық деген кісі, атын әкесі тауып қойғандай, сұмдық қисық болған деседі. Бірнеше мысал:

Бірінші: Қисық қаршыға салымпаз адам екен дейді. Бір жазда қаршыға салып жүріп, танымайтын елдің тұсына бара қалса, қалың жиын жапа-тармағай төбелесіп жатыр екен. Жанжалқұмар, төбелескіш Қисық, қолдағы қаршығасын лақтырып жіберіп, атын борбайлай, төбелескен топқа кіріп кетеді де, кез келгенін қамшымен осқылап сабай береді. Таяқ жегендер «Мынауың кім?» десе, ешкім білмейді. «Ендеше, бұл неге төбелесіп жүр?!» деп, жұрт оған жабыла кетеді. Қалың көпшілікпен шартта-шұрт төбелесіп жатқан шағында, артында қалған жолдастары келіп айырайын десе:

— Ойбай, айырмаңдар!.. Желіні қиыңдар! — деп айғай сапты Қисық. Жолдастары:

— Неге? — десе:

— Төбелес әлі қызған жоқ!.. Желіні қиса ғана қызады! — депті.

Екінші: Сарықопаның жағасында, пішеншілер шөп

шауып жатады. Ол кезде сіреңке деген болмайды екен де, жұрт отты шақпақ таспен тұтатып, шаласын қоламтаға көміп қояды екен. Пішеншілер де сөйтеді екен. Бір күні Қисық от жағайын десе, көмген шаласы сөніп қапты. Ол алысырақта жатқан пішеншілер қосына, астына ала байталын мініп, от алуға барса: әлдекімдер қоламтадан шала алып беріп:

— Мұны қолыңа алатын шығарсың? — депті.

— Енді қанжығама байлайды деп пе едің? — депті Қисық. Анау:— Тәйірі, сен қанжығаңа шала байлай алушы ма едің?— деп қалжыңдаса, Қисық ерегісе кетіп:

— Байласа қайтесің? — депті.

Ерегіскен Қисық, анау енді «байламаймын» десе де зорлап байлатып, бүйіріне ыстық шала басылған ала байтал өкіріп туласа:

— Ала байтал, ақылың болса көлге шап! — деген екен .

Үшінші: күздігүні, судың беті қатқан шақта, Сарыкопаның арғы бетіндегі ауылдан бір адам өледі де, жаназасына біздің ауылды да шақырады. Соған Қисық та бармақ боп, атын ерттеп, көпшілікпен бірге шыққанда, біреу:

— Шіркін, осы көлді айналып жүргенше, төтесімен тартар ма еді?— депті. Екінші біреу:

— Көкпеңбек мұздың үстімен қалай төте жүресің?— десе, Қисық:

— Жүрсе несі бар?— депті.

Осыған тағы да ерегіскен де Қисық «ендеше мен кеттім!» деп, тақыр мұздың үстінен тарта жөнеледі. Тағасыз ат тайғанақтап отырып, көл ортасына жақындап барады да, тайып жығылып, тұра алмай қояды. Атының тұруынан күдер үзген Қисық, құлаған қалпында тастап кетеді де, жаназалы ауылға жаяу барады. Ол жеткенше жаназа өтіп кетеді. Сонда жұрт:

— Атың қайда?— десе:

— Мықты келді, осал қалды!— деген екен.

Қисықтың осылар сияқты қисықтық мінездерін түгел тізсе, бір кітап боларлық. Ақыры, оның түбіне осы қисықтығы жетіп, кәртайған шағында, күздігүні кигіз үйдің ішіне маздата жаққан отқа арқасын қыздырып жатса, үстіне қып-қызыл шоқ ұшып түсті. Анадай жерде жұмыс істеп жүрген келіні, «ата, шоқ түсті!» десе, «көріп тұрып алып тастамады» деп келініне ере-

гісіп, күйдірген шоққа шыдап жата берсе керек... «Қисекең жарықтық сол күйіктен өлді» деген сөз бар!..

Аталарымның қисықтығын еске алып отырған себебім, солардың «ерегіспе ауруы» маған да жұғып, қисайған жағынан түзелмейтіндігім бар. Осы «ауруымды» өзге түгіл өзім де көріп, басында арындағанмен, артынан, ақылыма келе, «неге сөйттім?!» деп өкінетіндігім де бар. Бірақ қанша өкінгеніммен, «ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей, бадырайып тұрған бұл кемшілігімді жоя алмай-ақ келем!..

Ерегіспе ауруымды есіме алып отырған себебім, Бәтестің елде ермей қалуына ерегіскен көңілім, бұл жәйда талай ойланып, әсіресе Қызылордаға келген онан хаттар жауа бастаған шақта ойланып, жауап бермеуімнің дұрыс емес екенін біле тұра, бұл кінәма іштей мойындай тұра, қолыма қалам мен қағазды ала тұра, «ал, жазайын» дегенде, кежегемнен кейін тартады да қалады!.. Бұл қисықтығымды түзеуге күшім келмеуін көргенде, айыпты өзім емес, қалам мен қағаз сияқтанып, талай қаламды быт-шытын шығарып сындырам, талай қағаздың күл-паршасын шығарып жыртам!.. Сонда да, өзімді өзім хатқа мойындата алмаймын!.. Уа, құрып қал сен, құрып қалғыр, ерегіспе ауру!..

Бұл ауруым, Бәтестен хат келуі доғарылған шақта да жазылмай-ақ қойды. Хат келмеуін өкпелеуіне жорып және онысын дұрыс көріп, қағаз бен қаламды тағы да талай рет қолға алғаныммен, атаңа лағнат ерегіспе ауру, қояншықтай қылғындырып буады да тастайды. Өзімді қанша зорлағаныммен, кейде «Бәтес!.. Бота!.. Ақбота!..» деген сөздерді, қағазға еркімнен тыс қондырғанмен, оған дейін Бәтеске не жазарым басымда сайрап тұрғанмен, жазуға кіріспек болғанда бар сөзім бет-бетімен бытырап қашады да, бір де біреуі маңайына жолатпай қояды!.. Бұнама қанша қынжылып қиналғаныммен, игеруге әлім келмейтініне көзім жеткеннен кейін, «каникулға барғанда сырды түгел ақтарысып, түсінерміз» деймін де қоям!..

Бірақ өйтуге тағдыр жазбады!..

Қаникул жақындап қалған шақта, қолыма сұмдық бір хат кеп түсті. Оны маған, жатақханада ұзынша столдың төңірегінде жолдастарыммен сабағымды пысықтап отырған шағымда почтальон әкеп берді...

Былтырғы қыста маған келетін хаттар көп болушы еді. Әсіресе, үйімнен жұма сайын хат келетін. Тағы басқалардан да келіп жататын. Биылғы оқу басталғ-

ғалы, Бәтестен басқа кісіден хат келуі доғарылған... Сондай жағдайда мына хаттың келуі... және... конвертінде жазылған адреске қарағанда, қолжазбасы таныс емес біреуден келуі... және... конверттің төменгі жағында, хат жазған адамның адресі болмауы... мені таңқалдырды да, хатты әуелі қасыма қойып серіктерім «кімнен екен?» дей берген соң, жалқаулана аштым...

— «Бүркіт!— деп басталыпты хат,— бұны саған жазып отырған адамды сен танымайсың, ал, ол сені өте жақсы таниды және саған өте тілектес адам. Осы адам, саған аса көңілсіздік туғызатын бір жәйітті хабарлағалы отыр...»

Жүрегім әлденеге зырқ ете қалды да, жазған адамның атын көрейін деп, хаттың аяғына қарасам,—«Жанашырың» депті де қойыпты. Басқа аты-жөні жоқ. Хаттың жазылған күні — 1926 жыл, 17-декабрь. Қай қаладан жазылғаны белгісіз... Конверттің сыртына қарасам, Қызылорда почтасының штампы тұр, ондағы дата —«18—XII—1926»; хат менің қолыма 20-декабрьде келіп отыр...

Хаттың іші-сыртын осылай аударыстыра бастауыма мән бергендей, маған қарай қалған мектептестерім:

— Не хат екен, Бүркіт?— десті шуласып.

— Ж-ж-жәй...

— Жәй хат емес қой,— десті олар,— оқи бастағанда бейғам отырып, тоқтаған жерде кескінің құбылып кетті ғой?!.

Бұл сөздерге жауап берместен, хатты әрі қарай оқуға оңтайланған шағымда, «дауыстап оқышы өзің!» деп шуласты серіктерім. Мен оны тыңдамай, хаттың ілгергі сөздерін сыдырта оқи бастадым да, бір тұсында:

— Не дейді?! — деп ақырып қалған дауыспен ұшып түрегеп, хатты тастай беріп, оң қолымның бар пәрменімен столды салып кеп жібердім... Тағы да сөйтуге қолымды көтере берген болуым керек:

— Бүркіт, саған не болды?! — деп қасымдағы біреу қолыма жармаса кетті.

Қарулы қолыма оның ие болмауына көздері жетті ме әлде олар да ребетейсіз айғайым мен қимылыма шошынып қалды ма, бірнеше серіктерім, анау студентке бой бермей, столды ұрмақ болған мені қоршап құшақтай алысты...

— Жібер! — деппін мен, бар даусыммен айғай сап.

Мені «жынданды... үй ішін бүлдірер...» деп санады ма, немене, бұлқынған қалпымда көп адам күштеп, ор-

ныма әрең дегенде отырғызды. Сонда ғана халімді түсінгендей болған маған:

— Бүркіт!.. Не болды саған?!.. Есіңнен адаса жаздадың ғой сен?.. Келші, ақылыңа!..— десті серіктерім шуласып. Аздап болса да есім кіргенін көргендей болған олардың кейбірі маған:

— Не хат өзі? — деп еді:

— Не хат екенін айтуға күші боп отыр ма? — деді біреуі,— одан да, егер ұлықсат етсе, өзіміз оқиық!..

— Босатыңдар! — дедім мен, әлі де құшақтап отырған серіктеріме.— Есім дұрысталды.

Олар босатты.

— Хатты оқуларыңа ұлықсат!..

Біреуі жылдамдатып оқи бастады: «Бүркіт!.. Бұны жазып отырған адамды сен танымайсың. Ал, ол сені әте жақсы таниды және саған өте тілектес адам. Осы адам, саған аса көңілсіздік туғызатын бір жәйтті хабарлағалы отыр...»

Оқушының өзі де хаттың осы тұсында шоши бастаған кескін көрсетіп, «ар жағын оқиын ба, жоқ па?» дегендей маған қарап еді:

— Оқи бер! — дедім сазарған кескінмен.

Оқушы жалғастыра бастады: «Бәтес деген қызды сүйгеніңді бүкіл жұрт та біледі, мен де білем. Ол жәйда басыңнан өткерген халден де мәліметіміз бар. Ел аузында осынша аңыз болған қыз, «Қызылордаға оқуға келіпті-мыс» деген хабар естілгенде, «қандай қыз екен бұл?» деп көруге құмартып, жұрт та, мен де қырылып қала жаздадық. Ақыры, іздеп барып көрсем, қырып кетерлік сұлулығы жоқ, бірсыдырғы кескіні ғана бар көркемше ғана қыз екен...»

Сипатталып отырған қызға көңлі толмады ма, әлде менің жәй-күйімді байқағысы келді ме:

— Рас па, осындай қыз екені? — деді маған оқушы.

— Оқи бер!

— «Сол қыз Қызылорданың педагогикалық институтына түсті,— деді оқушы, хатты жалғастырып,— бәріміз де соған қуандық: «сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» деген, өзі сүйсе, біздің не ақымыз бар?» дестік; «екеуі де бірдей оқып, қажетті білім ап қосылса, тіпті жақсы болады» дедік...»

— Дұрыс қой олай ойлаулары! — десті серіктерім.

— Әрі қарай оқы! — дедім мен.

— «Аты шыққан адамға, жұрт көзінің түсімпаздығы, құлағының түріктігі қандай!.. Біз де сөйтіп, көрмеген

шақта, көрдім деген кісілерден «қалай жүр екен со қыз?» деп сұрастырсақ, «тамаша ақылды және әдепті қыз екен... Өзі зирек екен... Оқуды жақсы әкетіп барады...» дседі... Ал, көрген шақта байқасақ — сипаттаушының сөздері рас!.. Соған қарап, біз «Бүркіт ақылды жігіт боп өсіп келеді... жар болар қызын таңдай білген екен... тек, аман-сау қосылғай-ақ та!..» деп тілейміз...

— Хаттың сөздері әзірге жақсы ғой,— десті серіктерім.

— Әрі қарай оқы! — дедім мен қалың дауыспен. Ол даусымнан, «жаман сөзі енді келер болар ма» дегендей, серіктерім тын бола қалды.

— Сондай дәмеде жүрген шағымызда,— деп жалғастырды хатты оқушы,— құлағымызға «ойбай, жаман қыз екен!» деген сөз шалына қалды. «Неге?!» десек, «бұзылған қыз екен!.. Қайда үйренгенін кім білсін, ішкіш қыз екен!..» дседі...

— Сұмдығы жаңа басталды ғой,— десті студенттер,— ар жағын оқымасақ қайтеді?

— Жоқ, оқыңдар!.. Тыңдаңдар!..— дедім мен,— менен енді жат қылық шығар деп қорықпаңдар. Мен ақылыма келіп болдым. Өздерің қалай тыңдасаңдар, мен де қазір солай тыңдаймын!..

— Ендеше оқы! — десті студенттер.

— «Бекер болар деп бұл сөзге нанбай жүрген шағымда, бір адамның өз көзімен көрген сұмдығын естідім: қала шетінде тұратын әлдекім қонаққа шақырады, ішінде Бәтес те болады... Сонда Бәтестің бал-сыраны кеселеп сіміргенін, көзімен көрген адам айта алмайды!.. Оның айтатыны — «ішкен әйел, есінен жаман айырылады екен: кім көрінгенмен құшақтаса кетіп, сүйісе бастауы былай тұрсын, аузына келген боғауызды сөйлейді екен...»

— Бұнысы былшыл болар,— десті кейбір студент.

— Өзі ішетін бе еді? — деп сұрады біреулері менен.

— Хатты аяқта! — дедім мен оқушыға, аналардың сұрауына жауап бермей. Ол оқыды:

— «Қыздың ол күні қайда кетіп кіммен болғанын анау адам білмейді. Оның білетіні: Горкомхозда қызмет атқаратын біреу болады екен. Сенің бөлең,— Мүсәпір Пұсырманов сол үйде пәтерде тұрады екен. Қыз бір күні ішкілікті сол үйге ұйымдастырады да, Мүсәпірді мас қып, қойнына жатып алады...»

— Мынау не деп кетті?! — десті студенттер ызаланған дауыспен.

— Дегені сол,— деді оқушы, хаттың ар жағына көзін ғана жүгіртіп, ендігі сөздерін өз сөзімен айтып,— ақыры, қыз сол Мүсәпірді қармағына біржола ілектіріп, соның қатыны болған!..

— Тіфу, сайқал-ай! — деп оқушы хатты лақтырып жіберді.

— Сұмдық-ай!— десті студенттер бір ауыздан.

— Ұғымды ма? — деппін мен, студенттерге айнала қарап.

— Ұғымды! — десті олар, менің бұл сұрауыма таңқалғандай, «енді не болар екен?!» дегендей кескінмен.

Мен орнымнан созыла түрекелдім де, аяғымды ақырын, сүйрете басқан қимылмен кроватыма барып, етпенімнен сұлап жата кетіп, ал кеп жыла!.. Кроватымды қоршай тұра ғап, басу сөздер айтқан студенттерге көпке дейін жауап бермедім де, біраздан кейін, «шуларын тоқтатайын» деген оймен:

— Достарым! — дедім жас шайған бетімді сүртпестен, кескіндеріне қарап,— сендерден менің өтінішім: қашан өзіме өзім келгенше, маған жақындамаңдар да, үн де қатпаңдар!..— Дұрыс!— десті біреулері.

— Ақылыңа келгеніңді қайдан білеміз?

— Оны өзім айтам!..

Бетімді тағы да жастығыма басып, жаттым да қалдым. Бірақ енді жылаған да, өксіген де, қимылдаған да жоқпын. Сыбырлап сөйлескен студенттер, бұнымды дамылдауыма... біраздан кейін ұйықтауыма жорыды.

— Мазаламайық,— деп келісті олар сыбырмен,— тиыштығын бұзбайық. Ұйықтасын. Тынықсын. Айтар ақылымызды содан кейін айтайық.

— Бірақ бұны бақылауымыз керек,— деді біреуі. Ол мені ұйықтап қалды деген болу керек. Сөздерін ақырын дауыспен сыбырсыз айтты.— Жазым болып жүруі мүмкін осы жігіттің.

Сыбырласа сөйлескен студенттер, тынығып тұрғанға дейін, мені екеу-екеу боп күзетуге ұйғарысты.

Мен үн-түнсіз, қимылсыз жатырмын. Бірақ ұйқым келер емес. Басымда «енді не істеу керек?» деген ой бұрқанып жатыр. Қимылдамайтын себебім, сапырылған ойдан тиянақ табуыма, серіктерім бөгет жасар деп қауіптенем... Сол ойда жатып сыбдыр-сыбыстарға құлақ түрсем, әлгінде кешкіре бастаған күн, енді іңірге айналып, жарты жылдық «оқудың жауабын дайындаумен басы қатып жүрген студенттердің көпшілігі дамылдау жабдығына кірісіп жүр. Олардың кейбіреуі

ақырын сыбырмен, мені «ұйықтап қалды» деседі де, манағы күзет жабдығын ескертеді.

— Оған қапа болма! — деседі біреулері,— әлгі жасаған тізіммен, түні бойы кезектесіп күзетеміз. Ертеңге дейін тынығар ол. Ақылына да келер. Басқа жәйді содан кейін ақылдасармыз...

Тағы біраздан кейін, бөлме ішіндегі сыбдыр, сыбдыр да басылды. Сол кезде, қимылымды білдірмей қарасам, жатқандардың бәрі шырт ұйқыда сияқты. Стол басында араларына қойған кәресін лампасының жарығын өздеріне ғана түсіріп, өзге жағын қағазбен көлеңкелеп, қарсыма-қарсы екі студент үн-түнсіз, қимылсыз сабақтарын қарап отыр...

Әлден уақытта есікті сықырсыз ақырын ашып, аяқтарын тықырсыз ақырын басып біреу кіре берді. Көзімнің қиығын қадай қарасам, қимылы әбігер сияқты біреуі! Үйге ентелей кіре берген ол, бөлме іші тиыштықта екенін көргеннен кейін, есік алдында аз кідірді де, күзеттегі екі жігіт бірдей: «дыбыстама!» дегенді ыммен білдіргеннен кейін, аяқтарын ұштарынан басып, оларға таянды. Сол кезде кескініне шамнан түскен көмескі сәуледен тани кеттім: Орынборда, бір класта бірге оқыған, Тәшкен институтына бірге кеп түскен, шын сенісер досымның бірі — Ақтай Ақылбаев!.. Тегі, менің басыма түскен оқиғаны жаңа ғана естіп, жүгіріп келген болу керек: ентіккен демін зорға алады, үрейлі кескіні әлемтапырық!..

— Ақырын! — десті, жақындай берген оған, екі күзетші қосынан сыбырлап, неге келгенін айтпай-ақ аңғарғандай боп,— әзірге тиыш!.. Ұйықтап жатыр!.. Күзетіп отырмыз!..— Ойпырай...— деп келе жатқан Ақтайға, «жап аузыңды!» деген бұйрықтарын, екі күзетші өз ауыздарын өз қолдарымен басу арқылы білдірді.

— Оятып ап масқара болармыз! — деді оған, екі күзетшінің бірі, түн ішінде дүрлігерміз, онда!.. Одан да, не де болса, таң атқасын көрейік!..

— Мен де отырайын күзетке! — деді Ақтай, күзетшілердің сөздерін мақұл көргендей.

— Сен сыр білдірмей отыра алмайсың, одан да, бөлмеңе бар да, таң атқанша тынық. Содан кейін кел! — деді бір күзетші. Ақтай оған:

— Жоқ, мен де күзетем! — деп еді, бір күзетші:

— Сенбеймісің бізге? — деп ренжіді де, енді біреуі:

— Дос десек, қаспысың өзің Бүркітке, тиышталып жатқан адамның мазасын кетіріп?.. Оянып кетсе — оба-

лы саған. Онда түзеудің орнына бұлдіруің мүмкін, істі!.. Оны істегің келмесе, бар!— деп кейіді.

— Макұл! — деді Ақтай,— барсам барайын. Бірақ қапы боп жүрмендер!.. Басына түскен оқиғаны жаңа ғана естідім. Жаман жұмыс!.. Бүркіттің не жамандыққа болса да батылы жетеді. Бір тындаса, мені тындайды ол. Оянғаннан кейін жолығуым керек. Оған дейін қапы болмайық.

— Айттық қой саған,— деді екі күзетші қосарлана сөйлеп,— «таң атқанша аман сақтауға біз кепілміз» деп?.. Біз ғана емес, осы бөлмедегі студенттердің бәрі де кепіл. Қапы болмау үшін кезекпен күзетеміз. Тізімі міне!..— Ақтай тізімді көрді де:

— Мен де қосылсам қайтеді осыған? — деді.

— Сенбеймісің бізге? — деді екі күзетші қосарлана кейіп,— сен досы болғанда, біз қасы деймісің? Немене, жоқ, жерде өзеурей қалғаның?.. «Бар!» дедік қой үйіне Ақтай сөзден жеңілгендей:

— Барайын,— деді күзетшілерге.— Бірақ мені бүгін ұйқы көреді демеңдер. Осы манда жүрем де қоям.

— Ол ықтияр өзінде!

Ақтай аяқтарын сыбдырсыз басқан күйінде шығып кетті... Қиығынан қараған көзім екі күзетшіде. Олар да маған ара-тұра қарап қойып, үн-түнсіз қағаздарына шұқшия түседі. Олардың ойында жаттаған сабағынан басқа не барын қайдан білейін. Ал, менің өз ойым талай саққа жүгіріп жатыр!..

Неге екенін кім білсін, белгісіз адамның хатындағы сөздеріне, мен іштей сеніп болдым. Бәтеспен арамдағы оқиғаларды, ол оқиғаларға араласқан адамдардың әрекеттерін талдап көрсем, бұл істің аяғы — осындай бір сұмдыққа кеп тірелуінде сөз жоқ!.. Солай болған күнде, енді не істеуім керек?.. Бәтесті өлтіруім керек пе?.. Мүсәпірді өлтіруім керек пе?.. Тағы кімді өлтіруім керек?..

Осы ойлармен басым қатып жатқанда қалғып кетіппін... Сыбдырдан оянсам, бөлме іші сәулеленіп қапты, студенттер күндегі дағдысымен тұрып жатыр... Нақ қасымда Ақтай тұр!.. Төсегімнен атып тұрдым да, оны бассалып көрістім!..

Студенттердің басу сөздерімен әрең тоқтап, Ақтайдан құшақ жазған шағымда:

— Бәрін де естідім! — деді Ақтай,— бірақ бұның бәрі шіп-шикі өтірік!.. Бұл — дұшпандарының саған жасап жүрген қастықтарының бір бұтағы!.. Нанбасаң

барайық Қызылордаға бүгін!.. Осы сөз өтірік болмады бар ғой,— «тіфу!» де бетіме!..

— Мақұл!.. Барайық!..— дедім мен,— рас болса да бетіңе түкірмеспін мен!.. Бірақ күн бұрын айтарым: егер адамда оқиғаны алдын ала сезу қасиетінің бары рас болса, интуитивно түсінуім бойынша, осылай екені — хақ!..

— Оны бара көрейік!..

— Мақұл!

Бізде өткен жарты жылдық сабақтан бірер зачет қалған еді. Оны тапсыруға халім жоғын көрген Ақтай, зачеттық кінешкемді алды да, мұғалімдеріме «өтті» деген қол қойғызып әкеп берді. Қаникул бастала, Ақтай екеуміз поезбен Қызылордаға жүріп кеттік... Онда шетірек, елеусіз пәтерге түсіп, астыртын біліп көрсек, бәрі де рас: «Көр-ишан» аталатын адамға некесін қидырған Бәтес пен Мүсәпір, Қарсақ дейтін адамның үйінде пәтерде тұрып жатқан көрінеді; білемін деген адамдардың айтуынша, бұл жас ерлі-зайыпты адамдар сүйіспендікпен қосылып, тату-тәтті жүріп жатқан жәйі бар. Мүсәпір бұрынғы қызметінде, Бәтес — оқуында... Бұған да нанғым келмеген мен, өз көзіммен көргім кеп, Ақтайға Қарсақтың үйіне баруды ақылдасып ем:

— Сен өйтпе,— деді ол маған,— қапыда үстінен түсем деп, арандап қап жүрме. Бірінші берер ақылым,— аныққа айналған бұл оқиғаны, осымен тындырып, «өткенге салауат, қалғанға берекет» дегендей, тіршілігіңнің алдағы күндердегі рақатын ойласаң қайтеді?..

— Жо... болмайды ол! — дедім мен, кесіп айтқан дауыспен,— кімнің айыпты екенін анықтамай, мені тынады екен деп ойлама! Одан кейін не істеуді ақылдасуым мүмкін. Оған дейін тыйым сөздер айтпа маған!.. Айтқанынмен тындамаймын!..

— Мақұл! — деді Ақтай,— екінші берер ақылым: ретін тап та, Бәтеске оңаша жолық. Содан кейінгісін тағы да ақылдасармыз.

Ол күні ізін қалай қуыстырғанымменен, Бәтесті кездестіре алмай-ақ қойдым. «Бірдемеге арандап қала ма» дегендей, қайда барсам да, Ақтай мені маңайлады да жүрді. Күндіз одан құтыла алмаған мен, кешке адастырып кеттім де, түнде қараңғы көшелермен ұрланып отырып Қарсақтың үйіне бардым. Түбі торғайлық ол, маған таныс та. Ескі пәтерінде бірер рет болып, дәмін де ішкенім бар. «Салып жатырмын» деген жаңа үйін де көргенім бар. Қазір ол үйі бітіп, өзі де сонда көш-

кен екен. Айтушылардың сөзіне қарағанда, Қарсақтың өзі ауыз бөлмесінде тұрады да, жаңада үйленгендер төргі бөлмесінде тұрады.

Түнде аңдып кеп қарасам, ол сөз рас екен. Мен ол араға түн ортасы жақындаған кезде барғам. Қора ішінде бірталай көлік тұр, тегі, жүргіншілердікі болу керек. Шамы жағулы үйдің терезелерінен сығаласам, ауыз бөлмеде, бірталай қонақтардың ішінде Қарсақ пен Бөдене шай ішіп отыр. Төргі бөлменің перде құрылған терезесінен жағалай сығалап, әрең көрсем, жас келіншектің сәнді жиналған кроватының алдында, басына ақ бөртпе шәлі жамылған қалашалау көйлек киген Бәтес, аузы ашылған үлкен әбдіреден әлденені алғалы жатқан Мүсәпірдің қасында тұр.

Мүсәпір әбдіреден көгілдір түсті темір қобдишаны суырып алды да, аузындағы кішкене замокты ашып, ішінен бірдемені суырып қалтасына салды. Содан кейін жаппақ болғанда, Бәтес қобдишаны көргісі келетін бейне көрсетіп, әлденені айтып қолын созды. Екеуі қобдишаға таласты да, Мүсәпір жеңіп әбдіраға салды. Қосқабаттап салған терезе қалың ба, әлде ақырын сөйлесті ме, олардың не дескенін ести алмадым. Әбдіренің кілтін Мүсәпір Бәтеске берді. Бәтес оған өкпелеген кескін көрсетті. Енді не боларын күтіп тұрған шағымда, Мүсәпір кровать алдына құрылған масаханаңы түсірді де, өзі шешініп ішіне кірді. Тұнжыраған Бәтес әбдіре үстіне отырды. Аздан кейін Мүсәпір масаханадан шығып, Бәтеске іштеңе деместен, қарамастан жарығы көмескілеу электр шамын сөндірді. Жас үйленген жігіттің бұл қылығы маған ерсі көрінді. «Сүйісіп қосылғандары осы ма?»! деп ойладым мен ішімнен. Дегенмен, «Бәтес те масахана ішіне кірген болар» деп ойлаған шағымда, жүрегім қызғаныштан тулап кетті. Не істеуге білмегендей, ауыз бөлменің терезесіне барсам шамы сөніпті. Ол жақтан кіруге болмайды — кісі көп!.. Жүгіре басып төргі бөлменің терезесін байқасам, тас қып бекітіп тастаған, қозғалар емес!.. Шұқылап көруге қалтамда сайман жоқ!.. «Рахатта» деп жорыған «жұбайлардың» жатқан жеріне дәлдеп-ақ тигізуге болар еді, қалтамда мылтық жоқ!.. Енді не істеу керек?

«Таспен я темірмен ұру керек!» деген ойға келдім де, жан-жақты сипалап іздей бастадым. Ұзақ іздеп, қолыма әлдене кесек темірді әрең түсірдім де, терезені сонымен қойып жіберіп, шынысын қиратып ішіне кір-

мек боп оңтайлана бердім. Сол кезде қолымды ұстай алған адамнан шошып кетіп, бұлқына бастасам:

— Мен, Ақтай! — дейді.

Рас сол!..

— Не істегелі жатырсың? — дейді ол.

Мен шынымды айтсам:

— Осындай ақылсыз ба едің сен? — дейді.

— Неге? — десем:

— Мана осы араға сенің ізіңді шала келгенмін,— дейді ол.— Сен мені көрген жоқсың. Ал мен сенің барлық қимылыңды да сыртыңнан бақылап тұрдым. Терезені сындырғанда не бітіресің? Осында қонып жатқан жұрт сені үйге кіргізе ме? Зәуі-сайтан кіре қалсаң, күшің келе ме, соның бәріне?.. Өзіңді жауыңның қолына сонша оңай және арзан түсіріп бергенде не болды?..

Мен ызаға шыдай алмағанымды айтып ем:

— Ондай пайдасыз тасырқойлықтың керегі жоқ,— деді Ақтай.— Болар іс болған соң, енді не істесең де ақылмен істе. Айтқан ақылды ал. Әуелі Бәтеспен сөйлес.

— Мақұл! — дедім мен жеңіліп.

Ертеңіне Бәтестің ізін андысам, тағы да таба алмай қойғаным бар емес пе?! Енді тіпті жаман ызаландым да, ішке бүккен арамдығымды білдірмеуге бекініп, кеш ке қарай, осы қаланың қызметіне жуық арада келіп орналасқан Нұрбек Қасымовтың пәтеріне бардым. Келерімді күндіз телефонмен хабарлап қойдым. Жанымнан қалмайтын Ақтайға, «бүгін күдіксіз болайын» деген оймен, «осындай бір туысым бар еді, қызметі — милицияда» деп, Нұрбектің жәйін түсіндірдім де, «бүгін кешке үйіне қонаққа шақырған еді, мен сонда қонам, барам десең бірге жүр!» дедім. Милиционердің үйіне бірге баруға ыңғайсыз көрді ме, әлде «достар онаша мәжілістессін» деп ойлады ма,— «рақмет!.. Мен бармай-ақ «қояйын» деді де, ондай үйге қонаққа баруыма көзін жеткізгісі келгендей: іңірде пәтеріне дейін апарып салды. Нұрбек есік алдында күтіп тұр екен. Қарсы алған ол, «жолдасым еді» дегеннен кейін, Ақтайға да «жүріңіз» деп еді, ол «жұмысым бар еді» дегенді сылтау ғып, рақмет айтты да кетіп қалды.

Нұрбектің пәтері — қуықтай ғана кішкене бөлме екен. Өзге бөлмелерінде үй иесі және басқа бір пәтершілер тұрады екен. Өткен айда Нұрбектен алған хатымда, ол «үйлендім» деп хабарлаған. Келіншегі үріп ауызға салғандай, мөлдіреген жап-жас біреу. Жеңіл-

тек мінезді Нұрбек, «бұл кемпіріме төлейтін қалың малым жоғын білесің, бар берген қалыңым — әнім, әніме елтіттім де, алып қаштым!» деп мақтанады маған. Қолға түскен ақшасын жұмсап бітіргенше асығатын Нұрбектің, дәл осы бір күндері қолында ақша болмау керек, сондықтан шайға овощ, жұмыртқа, нан сияқты арзан азықтан жеңілдеу тамақ жасатып, бір литр арақ қойыпты. Ішкі ниетім бүгін ішуді тілегендіктен, көптен бері қойып жүрген арақты, закускасыз-ақ біраз ыңқытып алдым. «Ал, іш!» дей отыра, Нұрбек онымa таңданған сияқтанды. Астан кейінгі оның сыйы — ән!.. Шіркін, Нұрбектің әні-ай!.. Не деген тамаша!.. Бірінен соң бірін айтқан аса нақышты әндерін тыңдап отырғанда, маған барлық сән-салтанатымен алдыма бүкіл Торғай көшіп келгендей болды!..

Түннің біраз уақыты еңсерілгеннен кейін, әнді бірге тыңдаған көрші бөлмелердің адамдары ұйқыға бейімделгеннен кейін, қонуға бөлмесінің тарлығын айтып, мен Нұрбектен ұлықсат сұрадым. Ол —«жеңгеңді ортаға ала, құшақтасып бірге жатпаймыз ба?» деп қылжақтап еді, мен қылжақсыз байсалды жауап беріп, қонбай кетуіме Нұрбекті көндірдім.

— Онда пәтеріңе апарып салайын,— деп еді.

— Қайтесің,— дедім қалжыңдаған боп,— жас жеңгейдің қасынан алып кетуім обал да. Тапаншаңның біреуін бере сал. Ертең кеңсеңе апарып берейін.

Қеліншегін шынында да қимады ма, әлде маған сенетіндігін білдіргісі келді ме — «біреу көріп қалмасын» деген кешіріммен, кабурынан суырған наганын ұстата берді. Оны ішкі қалтама салып, сыртқа шыққан Нұрбекпен қоштасып жөнеле бергенде, қуанышымда шек болған жоқ.

Сол бетіммен тағы да қараңғы көшелерді тасалай отыра, Қарсақ үйіне келсем, шамдары сөніп, жатып қапты. Қорасын қарасам кешегі көліктер жоқ, оның аты «қонақтары кетті» деген сөз!.. «Құдай берді!» деппін, қонақтардың жоғына қуанғаннан. Даусым шығып кетіпті. Аузымды алақанымен баса қойып, «тағы бір Ақтайы торып жүр ме?!» деген қауіппен жан-жағыма жалтақтасам, ешкім сезілмейді. Айтпақшы, ұмытып барады екем: менің бүгінгі ойымның орындалуына табиғаттың да жәрдемдескісі келгендей, мана Нұрбектің үйінен шығарда қатты жел көтеріліп, оның үстіне қар жауып, топырақпен араласқан қарлы боран түтеген де

кеткен... Енді терезені ашу маған оп-оңай: қалтамда күндізден даярлаған тістеуік қышқашым жүр...

Жалма-жан төргі бөлменің терезесіне келіп (ол біреу-ақ та), жақтауға бекіткен шегелерінің кейін тістеуікпен қайырып, кейін суырып, сыртқы қабатын ыңшыңсыз қопардым да алдым. Ішкі қабаты одан да оңай алынды. Содан кейін наганымды қолыма ұстай, ақырын жылжып, үйдің ішіне түстім де, үйге гүілдеп кірген желді-боранға ықтасын болсын деп, терезенің ішкі қабатын орнына сүйей қойдым. Содан кейін, бөлме ішіне құлақ тіксем, жалғыз ғана адамның ұйықтаған пысылы сезіледі!.. Бұл қайсысы?.. Бәтес пе, Мүсәпір ме?.. Қайсысы болса да, екіншісі қайда?..

Қалтамда кішкентай ғана электрлік панарым бар еді. Соны қолыма ұстап, қараңғы бөлмеде сипап тапқан масахананың етегін ақырын түріп, панарды жағып көрсем, жалғыз Бәтес қана ұйықтап жатыр!.. Оның ояна қоймауына көзім жеткеннен кейін, мысықтай сыбдырсыз қимылмен кеп, әбдіренің аузын тістеуікпен ақырын аштым да, кешегі түнде терезеден көрген темір қобдишаны ішінен суырып ап, терезе алдына апарып қойдым!.. Содан кейін ақырын басып, Бәтестің қасына тағы да жақындап, шамын жаққан панарды бетіне тоса бергенімде, жастығынан басын жұлып ап, үрейлі кескінмен маған бақырая қалды!.. Ана бір жылы, Орынборда, хайуандар паркінде, ұзындығы үш құлаш, жуандығы адамның санындай айдаһардың темір торына кіргізіп жіберген қоянның қорыққаннан қалшылдап ұшып кете жаздағанын көріп ем... Мынау Бәтес те нақ сол қояндай селкілдеп кетті. Осы халінде сөз айтудың қажеті жоғын көрдім де:

— Киін! — дедім оған.

Ол жауап берудің орнына басын изеген сияқтанды. Мен ендігі қатерді ауыз бөлмеден күткендей, мылтығымды кезеген қалпыммен есік алдына барып тұрдым да, төсегінен төлтіректей түсе берген Бәтестің киінуіне жағдай жасамақ боп, панардың жарығын түсірдім.

Қысқы жеңіл киімдерін киініп болғанша, буындары дірілдеп денесі қалшылдаған Бәтес, әлденеше рет құлап түсті. Бірақ оған деген рақымым сөніп біткен бе, әлде далаға алып шығуым қажет деп бекінгендіктен бе, мен оған аяушылық та жасаған жоқпын, жәрдемдескен де жоқпын. Біраздан кейін, «болдым!» дегендей ишарат көрсетті ол. Мен ақырын адыммен терезеге келдім де, сүйеп қойған қабатын алып, «сыртқа шық!»

дегенді ымдадым. Терезеге асылған Бәтес, әрі қарай құлап түскен сияқтанды. Мен темір қобдишаны қолыма ұстай сыртқа қарғыдым да, терезенің сырткы қабатын орнына қойдым. Боран түтеп тұр...

— Мүсәпір қайда? — дедім, сыртқа шыққан соң еркінсіңкіреген дауыспен.

— Жолаушылап кетті! — деді Бәтес те, сыртқа, суыққа шыға есін жинағандай, «неге болса да шыдадым» дегендей ширақ үнмен.

— Қашан?

— Бүгін кешке.

— Қайда?

— Орал облысына...

— Поезбен бе? — деппін мен.

— Әрине! — деді Бәтес, бұл сұрауыма таңқалғандай.

— Қай жеріне кетті ол облыстың?

— Білмеймін!..

— Қанша уақытқа?

— Білмеймін.

Оны қуып жете алмайтынымды көргеннен кейін:

— Еркінмен тидің бе оған, еріксіз тидің бе? — дедім.

— Қайсысы болса да болған нәрсе ол.

— Шыныңды айт! Әйтпесе ажалың жетті.

— Одан мен қорықпаймын.

— Расың ба?

— Барлық қымбатыммен қарғанам!..

— Ендеше жүр!..

— Қай жаққа дейсің?

— Сырдарияға қарай!..

— Жолы қайда болушы еді оның?

— Мен сілтеген жақта.

— Сілте, ендеше!..

— Оңға қарай тарт!..

Бораны ұйтқыған қараңғы көшемен Бәтес жөнеле берді. Мен наганымды сыртқы қалтама сап, қобдишаны қолыма ұстап, соңына түстім... «Оңға... солға...» деген екі сөзбен ғана, қалай жүруіне команда беріп келе жатып, менің есіме бала кезімде көрген бір нәрсем түсе кетті: жаздыгүні Қайрақбай екеуміз бір жақтан салт келе жатыр ек:

— Болды қызық! — деді Қайрақбай.

— Ие?..

— Соноу бір сайға, марқа қозыны айдап келе жатқан қасқыр түсіп кетті!..

— Қойшы?!

— Рас!... Табыннан ұрлап қашқан болу керек. Бөл тіріктеріне тірідей апарып талатпақ екен. Бізді көріп бұрылып кетті ғой деймін. Жүр енді, сол қозыны талатпай алып қалуға тырысайық!

— Апанын қайдан табамыз?

— Білемін, қайда екенін!..

Қайрақбай алдымда, мен — артында, екеуміз шаба жөнелдік. Бірер дөңестен өте бергенде:

— Әне кетіп барады! — деді Қайрақбай.

Қолымен нұсқаған жағына қарасам — алдында томпаңдап жортқан қозыны, қасқыр айдап барады екен!.. Мен қызып кетіп, айғай сап жіберіппін. Сонда қасқыр бізге жалт қарады да, қозыны алдыңғы жағынан бассап, бөксе жағын арқасына қондырып ап, тоңқаландай шапқан қалпымен, қалың тобылғылы сайға сіңді де кетті.

— Қозыға обал жасадың! — деді Қайрақбай, атының басын іркіп.

— Неге?

— Апаны жақын еді. Айғайламасаң бізді көрмес пе еді, қайтер еді!.. Көрмесе, апанына жеткенше, біз де екінші саймен алдынан тосар ек. Енді мына қалың тобылғылы сайдан таптырмайды!..

Қасқыр расында да таптырмады!..

Мынау алдымда жүріп келе жатқан Бәтес, маған қасқырдың айдауында жортып келе жатқан сол тоқты сияқтанып кетті. Ал өз көңілімді байқап қарасам, қазіргі сағатта, қасқырдың қараулылығынан кем сияқты емес...

Бір кезде дария бетіне де шықтық. Оны тоғайдың арылуынан, қараңғыға үйренген көзіме, мұздың үсті сияқты тегіс жер көрінуінен, панасыз тұста жел мен боранның үдей түсуінен аңғардым. Ендігі жауыздық ойым: қаланың малы су ішетін ойықтың қасына апару да, ернеуіне тұрғызып қойып ату, сөйтіп денесін суға ағызып жіберу!..

Осы ниетімнен қайтпаған қалпыммен, кеше ғана «қырық кепе» аталатын ауылға күндіз барып қайтқанда, жолда көрген ұзын және кең ойықтың қасына алып келдім де:

— Тұр, мына жерге! — дедім Бәтеске, бір жерді нұсқап. Бәтес тұрды. Ойықты барып қарасам, қардың үрлесіні жапқан судың беті, аязға қабыршықтана қалған екен, оны өкшеммен теуіп түсірем дегенде, аяғым тай-

ып кетіп, ойыққа өзім кетіп қала жаздап, әрең оңалдым.

— Мында тұр! — дедім Бәтеске, ойықтың ернеуін нұсқап, қобдишамды жерге қойып, наганымды қолыма алып. Ойыққа таяна берген Бәтеске:

— Тоқта! — дедім тағы. Тоқтады.

— Шыныңды айтпадың,— дедім оған,— тағы бірдеме сұрасам айтар ма едің?

— Егер білсем!..

— Білесің!..— Білсем айтайын!..

— Осы, мынау не қылған қобдиша? — дедім көтеріп.

— Қайдам, не екенін!..

— Бұл сенің үйіңнің әбдіресінен алынған темір қобдиша!.. Түсі көк!..

— Қойшы?! — деді Бәтес нанбағандай.

— Рас!.. Әлгінде, сен ұйықтап жатқанда алдым әбдіреден.

— Ондай қобдиша барын қайдан білдің?

— Кеше... түнде... терезеңнен сығалап көрдім... Мүсәпір екеуің оған таластындар!..

— Рас! — деді Бәтес.

— Ал осында не бар?

— Білмеймін!..

— Өтірік айтасың!..

— Уоллаһи!..

— Білмесең неге таласасың Мүсәпірмен?

— Ол менен осы қобдишаға салғандарын жасырады... Кілтін мен таба алмайт жерге ұстайды...

— Рас па осының?

— Барлық қымбатыммен ант етем!..

«Сұмдықтың бәрі осының ішінде болмаса игі еді?!.» деген ой кеп кетті маған. Сол оймен кідіріп қалған маған:

— Мені бұл араға неге әкелдің? — деді Бәтес.

— Атуға!..

— Неге атпайсың ендеше?..

— Ойлануға тура кеп тұр...— дегенімде:

— Несі бар ойланатын? — деді Бәтес, қай жерде атарымды түсінгендей, ойықтың ернеуіне қарай артымен жылжып,— мен бәрібір өлген кісімін!.. Ат!..

— Жоқ... Бәтес...— дей бергенімде, аяғы тайып кетті ме, әлде, әдейі құлады ма, Бәтес ойыққа шалқасынан құлады.

Мылтығымды лақтырып жіберіп, тұра ұмтылғанымда, қолыма Бәтестің аяғының ұшы ғана легіп, денесі

суға батып кетті... Мен оны судан суырып алдым да, қақалған-шашалған күйінде, тез шешілмейтіндерін күшпен жыртып, өзімнің сыртқы жылы киімдерімді, мұздай суға малшынып дірілдеген денесіне кигізе бастадым.

Сонда ғана шашалуы тоқталған Бәтес, дірілдеген дауыспен, тоңудан тісі тісіне тимей:

— Жібер! — деп бұлқынды қолымнан.

— Қайда?

— Кетейін суға!..

— Жоқ, Бәтес!..

— Жібер!.. Арам денем қайда шірісе де мейлі!.. Адал жаным судың ішінде шықсын!..

— Не дедің, Бәтес?.. «Адалмын» дедің бе?..

— Енді бәрібір араммын!..

— Ақботам, не деп тұрсың?..

— Бо-с-сат, Бө-ке-нім-м-м!..

6. АШЫЛҒАН СҰМДЫҚТАР

Әуелі тазалап ал іштің кірін,
Болмасын сыртың сұлу, ішің ірің.

Ақмолда

Бәтесті үйіне әкеп салғанымда, қараңғы түннен, түтеген бораннан, қақаған суықтан басқа ешнәрсе білмеген сияқты. Біздің жүрісіміз сыбдырсыз болды ма, даладағы ұлы соққан жел мен жындана соққан боран барлық табиғаттың құлағын тұндырып жіберді ме, өзгенікі өзге болсын, төргі бөлмесінің терезелерін әлденеше рет алып-салып, екі бірдей адам әлденеше рет кіріп-шығып жүргенде, тым болмаса, осы қимылдардың бірде бірін Қарсақ пен Бөдененің біреуі сезсейші!.. Қалай өліп ұйықтаған олар!.. Мұншама қалың ұйқыда жатқан адамдарды басындым ба, немене, соңғы келгенімде, аяғымның тықыры да қаттырақ шығып, бір рет, тамағымды кенеген даусым да шығып кетті. Одан өзім де селк ете түсіп Бәтеске жалт қарасам, масаханасының ішіне тығыла қойыпты!.. «Нелер керең болса да осы даусымды естіген болар!» дегендей, сезгендіктері білінсе жан-сауға қамын ойлағандай мылтығым бар қалтамды сыртынан ұстай ап, бұрышқа шегіне ғаппын... Онда да ауыз бөлмеден сыбыс жоқ!..

Бір қызықты тағы да айтайын: судан суырып алған Бәтеске, сулы киімдерін шешіп, өзімнің сыртқы құрғақ

киімдерімді кигізіп жатқан шағымда, дірілдеген дауыспен бар айтқаны:

— Өзің қайтесің?!.

Менің оған берген жауабым:

— Еркекпін ғой!..

Қиіндіріп болғаннан кейін айтқаным:

— Жүр!..

Оның айтқаны:

— Қайда?

Менің айтқаным:

— Үйіңе!

Оның айтқаны:

— Неге?!.

Менің айтқаным:

— Онда жұмысың болмасын!..

Тағы да қасқыр қуған тоқтыдай алдыма сап айдаған Бәтес, барар жерін білетіндіктен, менен команда күтпей, бастағы бөрік, үстегі көйлек-дамбал, аяқтағы етіктен басқа киімім жоқ мені аяғандай, жылдам жүрсе тоңбас дегендей, томпандап жортты да отырды. Мен де соңынан, жақындап қалмастай мөлшерде, жүгіре бастым да отырдым!..

Менің «бойыма бітті» деп мақтанатын жақсы қасиеттерімнің бірі — суыққа да, ыстыққа да шыдағыштығым еді. Әуе айналып жерге түскен ыстықта, өзге жұрт жұқа көйлегін көтере алмай пысынаған шақта, мен қалың костюммен тарта беретінмін, ерегіссем, үстіме пальто да киіп алатынмын; Қызылорда түгіл, Орынбордың елу градустық аязында, өзгелер жылы киімге оранып-шымқанып әуре болғанда да, жалғыз костюммен жалаңбас оқуға барған талай күндерім болған. Суыққа сол беріктігім әлі де сақталған екен. Бәтесті Сыр бойына алып барғанда, ашумен және жылы киіммен ауа райының қандайлығын байқамаған екем. Енді, көйлекшең қалпымда шамаласам, бұл да бірталай күшті аяз!.. Ал, өзіме қарасам, аяғымды жылдам басып, денем қаттырақ қимылдаудан ба, әлде «еркектік» атты намыстың буына пісуімнен бе, мұздай судың ішінде шомылып жүрген адамдай, аяздың бар денемді орай жалаған суық тілінен сескенудің орнына рақаттана түсем!.. Және бір рақаты,— Европаның рыцарлық романдарының біразын оқығаным бар... Мен өзімнің мына қылығымды, сол рыцарлардың кейбірінің қылығына ұқсатам. Сонда білетін геройларымды көз алдыма тізбектеп көрсем, Сервантестің «Дон Қихоты» емес,

Гетенің «Жас Вертердің азабындағы» Вертер сияқтанам... Сонымды түсіне ме, әлде сөз қатуға қорқып келе ме, Бәтес үн-түнсіз жорта береді...

Ол пәтер үйінің мана өзін алып шыққан терезесінің қасына келді де, «енді не істеуім керек?» дегендей бейнемен, үн-түнсіз тұра қалды. Мен де үн-түнсіз терезенің мана қолымнан қондырып кеткен терезесін орнынан алдым да, Бәтеске «үйге кір!» деген ишарат білдірдім.

— Киімдерің? — деді ол кірместен.

— Ішке кіре алам!..

— Ойбай, кіре көрме! — деді ол шошынған ақырын дауыспен, екі қолын бірдей көтеріп, басын шайқап.

— Сөзді қой, кір! — дедім мен зілденіп.

Бұйрығымнан қорқып қалған байғұс, ар жағы көрдей үңірейген терезенің қуысына кіре бастады. Мен бөлме ішіне фонарымнан жарық түсірдім де, Бәтес бөлмеге кіре, артынан ақырын қимылмен өзім де түсіп, терезенің ішкі қабатын жаба тұрдым. Содан кейін фонар жағайын деп ем, «жақпа, масахана ішіне кірем де шешінем» дегендей ымдады Бәтес. Көрдей қараңғы бөлмеде, масахана маңында, Бәтестің шешінген сыбдыры естілді. Аздан кейін:

— Мен болдым!.. Киін! — деп сыбырлады Бәтес.

Ол біріндеп қолыма ұстатқан киімдерімді үстіме артып болғаннан кейін:

— Ал, Бәтес, мен кетем! — дедім сыбырлап,— манағы уәде бойынша, ішінде не бары екеумізге де жұмбақ сандықты ала кетем...

— Ол қайда?

— Сыртқа қойып кеттім...

— Қайтарасың ғой өзіме?

— Қайтарам.

— Ертең?.. Мамад байдың бақшасының ішінде?..

— Ие!..

— Терезенің ішкі қабатын орнына сен қой, сыртқы қабатын мен қояйын!.. Ішкі жақтаудағы мына бір шегелерді таңертең сен бекіте сал, сырттағы шегелерді мен бекітейін. Содан кейін, бұл терезелердің ашылғаның ешкім де сезбейді...

— Мақұл!..

Терезеден секіріп сыртқа түстім де, сыртқы қабатты орнына қойып, темір қобдишаны қолтығыма қыстырып кете бардым...

Әлдене таныстың үйіне барып, «бір жерден қонақ-

таң келе жатыр ем, боран үдеп кетті, осында жатайын» дегенді сылтау ғып, оңаша тұрған бөлмесіне жаттым. Бірақ ол түні өлсем ұйқым келсін бе?!.. Есі-дертім темір қобдишада... Оны ашайын... үйдің шамын жағайын... немесе, фонарымнан жарық түсірейін... сөйтіп, несі барын көрейін десем, бала-шағасы көп, тиыштықта жатқан үйдің мазасын кетірермін деп қаймығам...

Осы толқумен жатып, қалғып кетіппін. Шақырған кораздың даусы құлағыма сап ете қалғанда, көзімді ашып жіберсем, таң білініп, үй іші бозамықтана бастапты... Қілтті ашқыш болушы ем... Сол ептілікпен темір қобдишаның қақпағын, кілтін бұзбастан ашып, ішін ақтара бастадым: сыртында «күнделік» аталатын жазуы бар, қалталық қалыңша екі кінешке, буылған бір топ хат, фото-альбом және біраз фото-карточкелер...

Көз қарашығым өткір болушы еді, көмескі жарықта да, ірі әріптер былай тұрсын, ұп-ұсақ әріптермен жазылған я басылған қағаздарды оқи беруші ем... Сондай қырағылықпен, әуелі «Күнделікке» қарай бастадым: Мүсәпірдің қолы (оның жазуы ұсақ және сұлу болатын), 1925 жылдың бірінші күнінен басталған «Күнделік» жыл бойына қалыңша кінешкенің тең жарасын алыпты да тоқтапты. Екінші қалың кінешкеге 1926 жылдың оқиғалары толтырылыпты...

Жіті көзбен жақсы оқи бастаған және қызыға оқи бастаған бірінші күнделіктің бір тұсына келгенде, ішінен қарағұрт, шаян сияқты, шағатын бірдемелер көтеріле бергендей, көзімді жұлып кеп алдым!.. Қауіпті нәрсені тез өлтіруге тырысу сияқты, күнделіктің көзімді шаққан тұсына қайта төнсем, расында да шаян сияқты сөздер:

«1925—15—VII. Нағашым — Жақыпбектің үйіне барсам, кеше «келіп кетсін» деп хабар айтқан, күтіп отыр екен. Бәтес пен Бүркіт жайында бұрын айтып жүретін сөздерін ол бүгін түйіндеп, маған «қайткенде осыларды араздастырып айырасың!» деді. «Бірақ,— деді ол,— Бүркіт екеуің Мәмбет қожаның үйіне барған шақта, Бәтес үйінде болмас. Ол үлкен шешесімен, Тройцкі жағына кетер. Сендер елден кеткенше, үйлеріне оралмас олар. Бүркіттің тұқымына біткен ерегіспе ауруы ұстаса, нағашысына кеткен Бәтестің соңынан қуып баруы да мүмкін. Оны істетпеу үшін, араларына от жаға біл. Қалай жағу әдісін өзің тап!»

Бәтес пен мені айыру жайында осыдан басталған сұмдық әдістердің бәрі, екі күнделіктің бетіне тізілген

де қойған!.. Бұл зұлымдыққа, нағашым мен Мүсәпірден басқа белсене қатынасқан ауылдағы «геройлар»: Бәтестің өз әкесі — Мәмбет, үлкен шешесі — Қарағыз, әкесінің інісі — Қиқым, әкесінің ағасы — Қоңыр қожа, оның әйелі — Салиқа, ауылдағы Жұман мен оның әйелі — Бике, өз әкем — Әбуталып, Қайрақбай, Бәтеске қалың берген — Сасық және толып жатқан басқа атқамінерлер; қаладағы «геройлар»: Жақыпбектің әйелі — Тәслима, Балқаш, Жидебаев, Қарсақ пен әйелі Бөден, Күзен мен әйелі — Есектас, Қазақстанның заң ісіндегі наркомы — Әзімбаев Қадырбай, Мауытбаев Жұнысбек... тағы-тағылар...

Мүсәпірдің күнделігіне жазған сөздеріне қарағанда, жаңағы аталған адамдар да, олардың аталмаған серіктері де, соңғы екі жылдың ішінде, күні кешеге дейін, яғни 1926 жылдың 28 декабіріне дейін Бәтес пен менің арамды мәңгілік айырудың әрекетінде болған!..

Дәл кеше, Орал облысына жүрерде, Мүсәпірдің күнделігіне соңғы жазған сөзі: «Сұмдық естідім: кешке қарай нағашымның үйіне бара қалсам, кескін-кейпі жоқ!.. «Бұныңыз не?!» десем, «масқара болдық!» дейді, «неге?» десем, «кеше, поезбен осы қалаға Бүркіт кеп түсіпті. Шеткерірек пәтерге орналасыпты. Тіс жарып іштеңе демегенмен, түсі өрт сөндіргендей көрінеді... Значит Бәтеске сенің үйленгеніңді естіген!.. «Бұл кенет хабардан қорқа қалған мен, «енді не істедік?!» десем, «саспа! — дейді нағашым.— Өзім іздеп тапқалы отырем, жақсы келдің. Сен бүгін түнде жүретін поездан қалмай аттан!..» «Қайда?». «Алыстағы бір облысқа кеткенің мақұл болар, мәселен Орал. Тез аттанбасаң, ол сені жазым қылады. Орныңды сипағаннан кейінгі жағының ретін өзім табам!..» Осы ақылмен билетімді алдым. Түнгі он екі сағат, қырық жеті минутте Москва поезымен аттанам да, Москвадан Оралға кетем. Одан әрі «Орда», «Жаңа қала», «Маңғыстау» сияқты алыс жерлерге кетейін, Бүркіт қалай табар екен!.. Мен оралғанша, өзі де «жайғасар» онын!..»

Күнделікке қызығып оқығандығым сондай,— «фотоальбомды» қарауға ұмытып кетіппін. Күнделіктің ішінде ол альбомның да қалай жасалу тарихы жүр:

1926—29—IV. Нағашымның жұмсауымен, бүгін Тәшкенге келдім. Міндетім — Бүркітпен жолғасу да табысу. Жатақханасына барсам жоқ екен. Жылы сөздермен записка жаздым да, кешке пәтеріме келуін өтініп, жолдасына тастап кеттім. Жатағына кеш оралды

ма, әлде, мінезі қатал шіркін, бұрынғы өкпелерінен арыла алмай, келгісі келмеді ме, түн ортасы ауғанша тостым, келмеді...»

«1926—30—IV. Өзім іздеп барсам, сабағында отыр екен. Әдейі және ұзақ тосып, үзіліс уақытында жолықсам, солғын ғана амандасады да, жампандай қоймайды. Қонаққа шақырсам — «уақытым жоқ» дейді...»

«1926—1—V. Ертемен барсам, демонстрацияға әзірленіп жатыр екен. Бірге жүруді өтініп ем, «пожалуйста!» деді. Күн де тамаша болды, демонстрация да жақсы өтті. Одан кейін, «кешірім ет, Мүсәпір,— деді Бүркіт»,— мені бір жолдасым қонаққа шақырған еді, соған баратын ем». «Ол кім?» деп қадағалай берген соң, «баяғы,— Орынбордағы үлгілі тәжірибе мектебінің карт учителі, шоқынған қазақ — Анцуферьевті білесің ғой?» деп сұрады Бүркіт. «Білем». «Соның Асан дейтін баласы, осы қалада, шыршық құрылысында инженер. Орынборда да білетін ем. Мұнда тіпті жақын боп кеттік. 27 апрель күні, больницада әйелі босанып, ұл тапты. Бүгін, демонстрациядан кейін, әйелі мен баласын үйіне апармақ. Соның тойына шақырған еді». «Тамаша!— дедім мен,— менің іздеп жүргенім осы материал!.. Фотоаппаратым да бар. Мен бұдан бір қызық фото-сюжет жасап, альбом құрайын!..» «Мақұл» деді Бүркіт».

«1925—25—V. Қолым тимей кетіп, Тәшкентте түсірген фотоларымды бүгін ғана дұрыстадым. Күннің әдемілігі болу керек, көбі тамаша шыққан. Ең тамашасы — құрғым келген сюжетім дұрыс шыққан: инженер Анцуферьевтің баласына жасаған тойы емес,оның әйелі Валяға Бүркіттің «үйлену» тойы сияқты!.. Бүркітті туған інісіндей жақсы көреді екен. Бүркіт те оны туған апасындай көреді. Екеуі біріне бірі қатты еркелейді. Инженер де бұл қылықтарына туысқандық көзбен қарайды... Осы жағдайды пайдаландым да, баланы больницадан алып шыққан (Бүркіт көтеріп шықты)' шағынан бастап, сол күні де, ертеңіне де, үйде де, түзде де (бақша ішінде, көл жағасында), барлық позада да фотоға оларды, әсіресе Бүркіт пен Валяны баса бердім, баса бердім...»

«1926—26—V. Бүркіт пен Валяға байланысты фотоларды құрастырып көрсем, ғашықтар арасындағы қарым-қатынастың кепілдігі болған да шыққан!.. Ха-ха-ха!..»

«1926—27—V. Жасаған альбомымды нағашым мен

нағашы жеңгеме көрсетіп ем, сандарын шапалақтап қуанды. «Керемет енді болды! — деді нағашым,— егер осы альбом қыздың қолына тисе, қала тұрмысын білмейтін ол, ертоқымын бауырына ала тулайды. Әрі ауыл қызы, әрі намысты қыз!.. Осы альбом қолына тисе, Бүркітке ол қатты өкпелейді де, бері салғанда бір жылға дейін ажар бермейді, әрі салғанда айрылып кетеді. Осыны енді жеткізу керек. Альбом, каникулда еліне баратын Бүркіттің алдынан шығу керек!». Почтаға саламыз ба?». Почта деген сөз бе? Жолдағы біреу қағып алмай ма?.. Одан да елге өзің бар. Сол кезде газет редакциясынан жібертейін. Альбомды өз қолыңнан бермей, біреу арқылы жеткіз». «Сол болыстың почтальоны досым». «Тіпті жақсы! Ол почтамен келді деп апарсын!». «Құп».

«1927—17—VII. Почтальон салақ кісі еді. Сол салтына бағып, «Бәтеске кісі арқылы жеткіз» деп конвертімен тастап кеткен альбомды, бір айдан кейін қайта соқсам, әлі апармапты. Елдің хабарына қарасам, оқуды сылтау ғып, Бәтесті Бүркіт жақын арада ауылдан қалаға алып кетпек. Қыз да оған риза. Екі жағының да әке-шешелері бұған наразы. Бірақ олар болыстық кеңседен, әсіресе волатком председателі Еркін Ержановтан қорқады. Сырлас почтальонға, осыны айтып ойбай салдым да, тез жеткіз дедім.

«1926—21—VII Жолым мұндай болар ма!.. Альбом Бәтестің қолына тиген де, нағашымның болжалы дұрысқа шығып, тас-талқан боп тулаған!.. Сол ашумен, милиция алып барған Бүркітке ермей қалған!.. Ха-ха!

1926—19—VIII. Қостанай — Москва поезы. Бір альбом үшін, Бәтесті қалың шығынға ұрындырдым. Әнеугі мен жасаған альбом, оның чемоданында келеді. Қызылордаға барған оған, Бүркіт сөз жоқ қатынасады. Сонда мына альбомды көрсе ғой, мен тірідей масқара болам. «Қой, одан да ұрлатайын бұл чемоданды!» дедім де, вагонда келе жатқан ұры тәрізді біреуге ұсыныс жасап ем, ол қуанып кетті де, «маған альбомың керек емес. Оны өзіңе берем де, өзім жолда поезданн түсіп қалам!» деді. Ұры уәдесіне жетті. Ұрланған чемоданның ішінде не барын көргеннен кейін, альбомды қолыма беріп алғыс айтты да, өзі ағып келе жатқан поездың есігінен, түнде бір-ақ қарғыды!..»

«1926—27—VIII. Альбомды және күнделіктерімді салып, кілтін өз қалтама ұстайтын, бейғам шақтарда ешкім таппайтын жерге қоятын темір қобдишамда не

барына, Бәтес көрген күннен бері құмар. Мен оған «журналистерде, мемлекеттік құпиялар жазылатын кейбір қағаздар болады, бұнда одан басқа ештеңе жоқ» деймін. Соған нанып жүретін Бәтес, бүгін «көрсетпесең ренжимін» деп қатты қысқаны!.. «Оралдан орала көрсетейін!» дедім сасқанымнан... Одан орала, темір қобдишаның ішіндегі қағаздарды отқа ұрмасам болмас!..»

Мүсәпірдің күнделігінен бұл сөздерді оқып алғаннан кейін, альбомды ақтарсам — күнделікте жазғаны рас: бұл альбомға қарағанда — Валямен екеуміз ғашық боп қосылып, арамыздан бала көрген кісілер болғамыз да шыққамыз!.. Оған Бәтес туламағанда кім тулайды?..

Альбомнан да, Мүсәпірдің күнделігінен де, ескіліктің темір торына Бәтестің шыға алмастай шырмалуы айқын көрініп тұр!.. Уа, бейкүнә бейшара, сені атпағаным да, судан суырып алғашым да дұрыс болған екен!.. Әйтпесе... мына күнделіктер мен мына альбомды, сенің көзің жойылғаннан кейін оқысам, өмірден көзім жұмылғанша, өкініш азабынан құтылар ма едім!.. Енді маған, бұрын шешусіз жұмбақ көрінетін сұмдықтардың бәрінің де беті ашылды!..

7. КЕК ҚАЙТАРУ

Қасарысқан жауына,
Қанды көбік жұтқызбай
. . . . . .
Ерлердің ісі бітер ме!
Махамбет

Бәтес пен мені айырған қылмыстың беті айқын ашылды. Әрбір қылмыс, оны жасаған адамды жазалауды қажет етеді. Бұл — адам адам болып өмір сүргелі бұлжымай келе жатқан заң.

Бәтес пен менің кіршіксіз махаббатыма сасық нәжіс жағуда бас қылмысты — ескілік. Әділет оны түгел өртеуді тілейді. Бірақ, ол мен түгіл, дәл осы бір күндерде, адам баласының тарихында ең жаңашыл саналып отырған және бұл бағытта ең күшті саналып отырған Совет өкіметінің де қолынан келмейді, өйткені халықтың санасына ғасырлар бойы сіңіп келе жатқан ескілік, жұлып тастайтын шөгір емес, оны халық санасынан түгел аршуға, көптеген жылдың көптеген жылдардың тәрбиесі керек.

Жалпы ескіліктен конкретті қылмыстыны бөліп алғанда, менің бас айыптым —«патриархалдар», «фео-

далдар» аталатын ауыл ақсақалдары, олардың маған соғып отырған шоқпары өз әкем. Мен қазір осы шоқпарды да күл-талқан ғып сындырып, жаңқасына дейін өртеп, күлін желге ұшыруға бейілмін. Бірақ бұл да қазір қолымнан келмейтін іс. Қыс басында Тәшкенге келіп кеткен Қайрақбайдың айтуынша елден қашқан әкем мен Мәмбет, қазір Иран мен Афганстанның біреуінде жүру керек.

Аузымды бір басатын және басқанда, анау-мынау емес, етін ғана емес, бар денесін мылжамдап шайнап түкке жарамайтындай етіп тастайтын адамым — нағашым. Ол қолымда сияқтанып, астыртын білсем, менен қашты ма, әлде расы ма — «Жазып жүрген қазақ тарихыма материал іздеймін, архивтарды ақтарам» деп, кеше ғана аттанып кетіпті. Беталысы: Москва, Ленинград, Томск, Омбы, Семей... деседі... іздегіш болсаң тауып көр!..

Мүсәпір болса-болмаса да қалада жоқ. Оның да қайда жүргені, қашан келері мәлімсіз: ендігі қолыма қазір түсері: Қарсақ, Күзен бе?.. Жеп тояр еті, ішің тояр қаны бар ма олардың?..

Енді не істеуді жалғыз ғана адамға ақылдастым. Ол Нұрбек Қасымов. Кеше алған мылтығын апарып беріп, «осылай да осылай» деп, кешеден бері бастан кешкен оқиғаларымды, сабақты инесіне дейін қалдырмастан айтып беріп ем, «қап, иттер-ай?» деп, ол да қатты толғанып кетіп:

— Енді не істемексің?— деп сұрады.

Мен оған дағдарысымды баяндап ем:

— Өлтіру керек!— деді ол, бірақ өзгені емес, Мүсәпірді!.. Қай дұшпанынды алсаң да, саған атар ағашоқ қып жұмсағаны осы болған екен. Оның көзін жойсаң, бәрінен де кегің қайтқан болады.

— Онда мағна бары рас,— дедім мен, көне бастағандай.

— Ал, ендеше,— деді Нұрбек,— осы бір ісіңді маған тапсырсаң қайтеді?

— Қалай?

— Мүсәпірдің келетін күнін бақылап жүремін де, жан білмейтін жерде қапысын тауып сұлатам да саламын!..

— Мен неге істемеймін оны?

— Біріншіден, сен жырақта, басқа қалада тұрасың, Мүсәпірдің келген уақытын білмейсің, саған оны хабарлап, мұнда сен жеткенше, тұрар-тұрмасын қайдан

білесің? Қонарын сай, көшерін жел біліп жүрген ит, бір жаққа жылт етіп тартып отырса, орнын сипайсың да қаласың: екіншіден, сен оны өлтіре алмайсың!..

— Неге?

— Кісі өлтіруді оңай деп ойлама! Дағдыланбаған кісі адам түгіл, малды да бауыздай алмайды...

— Мен бауыздай алам!.. Тек, жөнін көрсетіп берші сол Мүсәпіріңнің, содан кейін байқа, қалай бауыздар екем.

— Оны тілің ғана айтады. Өлтірерге келгенде қолың батпайды.

— Оны қайдан білесің?

— Азамат соғысы кезінің тәжірибесінен білем. Сен сияқты талай ерімсігендер, «ал, мынаны ат!» деп, алдына бандыны салып берсең, кейі атудың орнына жалбарынған бандыға қосыла жылап, кейі амалсыздан атқанмен қолы қалтырап, өлтіре алмай әуре қылатын. Ал, мына біз сияқты, талай бандыны өз қолынан Могилевская губерниясына аттандырған қасаптарың, тап жауларын «чік!» дегенде қалпақтай түсіріп, сеспей қатырады да, өлігін аттап жүре береді, оған бүйрегі де бұлк етпейді...

Қайсымыз өлтіруді ұзақ саудаласқан Нұрбек екеуміз мынаған келістік: ол Мүсәпірдің келуін және тұрақты келуін аңдып жүреді де, мені Тәшкеннен келіп үлгерер деп шамаласа, хабар жеткізеді. Сол шақта мен елеусіз келе қалам да, Мүсәпірдің қапысын тауып жайғастырам.

Осы уәдемен Тәшкенге қайтып кеттім. Аңсаудың бәрі де бірдей екен: өлімді, «өлім» емес-ау, өлтіруді аңсаған адам да асығады екен... Мүсәпірді өлтіруге аңсаған менің Қызылорда жаққа қарай-қарай көзім талды, сыбысына түре-түре құлағым талды!.. Бір ай өтті, Нұрбектен хабар жоқ, екі ай өтті — жоқ, үш ай өтті — жоқ!.. Бұ несі?!. Оның мені алдап шығарып салуы ма, әлде Мүсәпірі әлі де келген жоқ па?.. Әлде ол иті, сапар жолында бірдемеге ұшырап қалды ма?.. Қалай хабарлану керек енді?.. Хат жазуға, телефон соғуға, телеграмма беруге болмайды!.. Хабарсыз өзім-ақ барып қайтайын десем, үстінен түсе алсам жақсы. Егер түсе алмасам, босқа арам тер болам ғой!..

Сөйтіп жүргенде, Тәшкеннің көктемі де туып, диқаншы ел егінін де сала бастады, өсімдіктер де көктей бастады... Көктемнің лебі Сыр бойына да жетіп, Нарын мен Қара дарияның түйісуінен басталатын оның мұз

қатпайтын жоғарғы жағы тасып, қататын тұсының сеңдері сөгіле бастады деген де хабар шықты. Ал, Нұрбектен әлі хабар жоқ!..

Тәуекелге бел буып, енді Қызылордаға өзім бармақ болдым да, директорымыз Смағұл Садуақасовтан — «Қызылордада туысым бар еді, әл үстінде ауырып жатыр екен, барып қайтайын!» деп ұлықсат сұрап ем, көп жылдан бері сырлас адамдай, әуелі Бәтес пен менің арамда болған оқиғаны дәл өз қалпында айтып алды да:

— Сол емес пе барар жұмысың?— деп, мен:

— Жоқ, жоқ!— деп мойындамаған соң:

— Біріншіден,— деді ол,— оқу жылының екінші жартысына есеп беретін уақыт боп қалды. Осы шақта сені аз күнге болса да босату деген, биыл бітірген курсыңа ендігі жылы қайта отырғызу деген сөз, оған мен бара алмаймын; екіншіден, сен өзің ұрыншақ жігіт екеніңді ісіңмен дәлелдеп үлгерген адамсың. Ғашық болған қызыңнан жеген опырың, кеудеңе жазылмайтын жара түсіруі, көзіңнен байқалып тұр. Өшіккеніңнен кек алуға құныгып жүргеніңді де көз жанарыңнан оқып отырмын. Осындай жәйіңді көре тұра, сені аз күнге болса да босату — қылмысыңа жағдай жасау деген сөз. Ол үшін мен моральный жақтан ғана емес, уголовный жақтан да жауап берем. Ендеше, ұзын сөздің қысқасын айтсам, ұлықсат бере алмаймын.

Одан әрі сөйлеудің пайдасы жоғын көрдім де, шығып кеттім. Бірақ Қызылордаға баруым керек. Оның аз күнде сәті де түседі: жиырма екінші март, қазақ ғұрпында жыл басы, оны қазақтар «наурыз» немесе «ұлыстың ұлы күні» деп атайды; ауылдағы ескілікті адамдар осы «наурызды» үш күн мейрамдайды; кейінгі жылдарда наурызды мейрамдау қалада да басталып, оқу орындары үш күнге тоқтайтын болып жүрген; құлақ түруіме қарағанда, біздің институт та биыл наурызды мейрамдамақ; оның жетекшісі — Садуақасовтың өзі боп, тарих және этнографиямен де шұғылданатын ол, марттың жиырма бірі күні, кафедралық залда, наурыз тақырыбына лекция оқымақ. Одан кейін үш күн мейрам боп, оқу доғарылмақ...

Бұл мейрам менің тілегіммен жасалған сияқты болды да, Садуақасовтың баяндамасын кешке тыңдап ап, мейрамда жақын жердегі туыстарына кететін студенттерге араласа, мен де Қызылордаға тартып отырдым.

Таңға жақын барсам, Нұрбегім үйінде!.. Оны тысқа алып шығып:

— Ойбай-ау, бұның не, хабарсыз жатып ап?!— десем, бар айтар дәлелі:

— Бәтесті қимадым!— Неге?

— «Онсыз да соры қайнаған адам, мына ілдалдасынан айырылса тіпті сорлар» деп!..

— Ойбай-ау, онымен бақытты бола ма ол?

— Әрине болмайды!.. Дегенмен, Мүсәпір өлген күннен өлмеген күні тәуірірек!

— Ой-бо-о-ой, өзің бұлдіріп жүр екенсің ғой бәрін, босқа солқылдап!.. Ал, Мүсәпір қайда?— Кеше поезбен Қазалы жағына кетті деген.

— Қашан келерін білмедің бе?

— Бірер күннен қалмас деген...

— Әнеугіден бері ғой, Қызылордаға талай кеп, талай кетті?..— Әрине!..

— Ұзақ та тұрды ма, кейде бұл қалада?

— Әрине!.. Бір келгенінде айға жақын тұрды. Кей кезде жұмалап тұрып жүрді...

— Соның бірде бірін хабарламағаның, ә?!.

— Айттым ғой, неге хабарламағанымды...

— Қап, Нұрбек-ай, не дейін саған?!..

Мен іштей, қалада жасырынып жатып, Мүсәпірдің келуін тосуға бекіндім. Бірақ Нұрбектің солқылдап жүрген қалпына қарап, бұл сырымды сездіргім келмей:

— Қайтпексің енді?— деген сұрауына:

— Қайтем!— дедім күрсінген боп,— қайтам да мекеніме!..

— Сөйт, айналайын!— деді Нұрбек, сөзімді шын көріп, қуанып кетіп,—«қара жерге қара жылан кірсін!» депті аталарымыз. Кешегі қанды соғыс кезінде, жауларды амалсыз өлтірген мен де, қазіргі тиыштық орнаған шақта қан төгуге қарсымын. Әнеукүні саған, сенің кектенген сөзіңе елігіп, «өлтір!» деп ақыл беріп қап, бармағымды артынан тістедім. Сол күнәмнан аршылу үшін, сенімен жолғасуды тілеп жүр ем, өзің келе қалдың. Енді сол райыңнан қайт сен!.. Кісі қанын төкпе!.. Бәтесті де ая!..

— Мақұл! — деген болдым мен.

— Ал, осыған қол алысамыз ба?

— Оның неменеге қажеті бар? Өлтіруге келіскенде де қол алысқан жоқ едік қой?.. Енді неге алысамыз?..

— Солай-ақ болсын!.. Ауызша уәдеңе-ақ сенейін.

Екеуміз қоштастық та, айрылып кеттік. Енді мен қиын жағдайда қалдым: егер мақсатыма жетем десем, Нұрбектің көзіне түспеуім керек, түстім-ақ, аңдиды ол!..

Аңдыса, дегеніме жеткізбейді. Оның көзіне түспеу үшін, қаладан тысқары кетуім керек. Ондай жер бар: Сырдарияның арғы бетінде, ана жылы апаларымның біреуін айттырып алған жездемнің саудагерлеу, пысықтау ағасы тұрады. Өзі қалада тышқанның қыбырлағанына дейін біліп жүреді... Мүсәпір мен менің арамдағы жағдайды да жақсы біледі...

Нұрбектен айырыла, таса-тасамен, мұздың үстімен, құдамның кепесіне жетіп бардым. Одан басқа жәрдемшім жоқ болғандықтан, ниетімді қысқаша айтып ем, мақұлдай кетті.

— Сенің орныңа өзім намыстанып, өле алмай жүр ем,— деді ол,— бұл қорлыққа шыдағаннан, не өзің өлгенің, не жауыңды өлтіргенің жөн. Шаманқ келсе оны өлтір!.. Оған шаманқ келеді де. Осында тығыл да жат. Көршілерге де сездірмейік. Ай жат, күн жат, қашан келгенше жат!.. Келуін өзім аңдып жүрейін де, дереу хабар берейін. Байқаусызда, қапыда жәйін тап та тайып отыр. Өзіңе қанжар керек болса да, мылтық керек болса да тауып берейін.

— Мақұл,

Тауып берген мылтығы — «Смит Вильсон» аталатын тапанша болды: ұзындығы жарты кез, темірі қалың, салмағы ап-ауыр, кетпектей неме екен, өзінің ұңғысын тот басып, оқ орнаған гильзалары көгеріп кетіпті. Бұнымен кісі өлтіріп жаритын түрім жоқ, дегенмен «құрғақ қолдан тәуірірек қой» деп қалтама салып алдым...

Былай да жұмысы көп пе, әлде менің тапсырмамды орындағысы келе ме, құдам қалаға таң біліне кетеді де, ымырт жабыла келеді... Бір күні... және... күн болғанда,— қарлы жаңбыр төпеп, жердің миы шығып жатқан күні, құдам іңірде кепесіне жетіп келді де, оңаша отырған маған:

— Жауың жаңа кеп үйіне түсті. Бірақ оған өз мекенінде қастық жасай алмайсың: қай ел екенін білмеймін, Қарсақтың пәтері толған қонақ!..

«Пәтері» деп отырғаны,— көктемге қарай Қызылордада қарлы жаңбыр көп болғанда, Қарсақтың шатыры жабылмаған жаңа үйінің төбесінен сорғалаған су сылауын да түсіріп, қабырғасын да опырып, еріксіз қуып шыққан. Амалсыз бұрынғы пәтеріне көшіп барған Қарсақ, Бәтес пен Мүсәпірді де, сол қорадағы біреудің үйіне уақытша орналастырып, өзі жаңа үйін жаңбыр толастап жаз шыққан соң оңдамақ болып, қасына қа-

мыс, тақтай, тағы басқа құрылыс материалдарын үйіп қойған... Біреулердің айтуынша, уақытша орналасқан пәтерінен оқуға баратын Бәтес үнемі Қарсақтың осы бұзылып тұрған жаңа үйінің қасынан өтеді; қалада тұрған шақтарында Мүсәпір оны, көбінесе мектебіне дейін шығарып салады да оған қолы тимеген күні, сабағы бітер уақытта барып, қолтықтап алып қайтады. Егер рас болса, бұнысы, әрине, рыцарство!..

Құдам қызық кісі екен. Сөздеріне, қылықтарына қарағанда, менің намысымды ол, шынында да жыртып жүр!.. Мүсәпірдің қалаға келгенін білгеннен кейін, ол тіпті құтырынып:

— Қайталап айтам: осы ісіңді маған сеніп, өзің қызығына қара да отыршы, өз ойыңдағыдан асырып түсірмесем, «тіфу, бетіңе!» деп, бір емес, үш түкір!..— деп жалынады да, менің көнбейтінімді көріп:

— Ендеше, осы жауынды қанына құмықтырмадың бар ғой, жігіт болмай кет! — деп қайрайды. «Айдап салып, арандатқалы отыр» деуге дәлелім болмағандықтан, мен оның сөзінен сақтанудың орнына өткірлене түсем. Ұзын сөздің қысқасы, екеуміз таң қараңғысында қалаға барып, мен Қарсақтың бұзылған үйінің алдына, бастарын түйістіре шошайтып үйген қамыстың астына кірем де отырам; құдам мені алыстан бақылап, басыма қатерлі жағдай туса, аман құтқарудың қамын жасайды...

Ол түні ұйықтаған жоқпыз. Былай да ылайсаң күн, түнге қарай тіпті бүлініп, қарлы боран үдеді де кетті. Күнгей шығыстан шыққан өкпек жел, түнде тіпті қатайып ап, тыска шыққан адамды алып соғарлықтай халге жетті.

— Бүгін бір сұрапыл болғалы тұр,— деді, кештен бері қарай тиышсызданып, далаға әлсін-әлсін шыға берген құдам, түн ортасы таянған шақта бір шығып кеп,— жел де, қарлы жаңбыр да бет қаратпайды!.. Таң атқанша Сырдың суы тасып кетіп, кешу бермей жүрмесе не қылсын!

— Онда қазір кетсек қайтеді? — дедім мен де қобалжи бастап.

— Оған мен қарсы болмас ем, егер табан жолымызды таба алатын болсақ!.. Дала көрдей қараңғы!.. Түк көрінбейді!.. Жердің миы шыққан саз!.. Аяқты қия басып болмайды... Мүмкін, жаңбыр таңға жақын толастар!..

— Құдай берді! — деп қуанып кірді ол даладан, бі-

раз уақыттан кейін тағы да шығып кеп.— Жаңбыр басылыпты. Бірақ жел манағыдан да қатая түскен!..

— Жақсы ма ол, жаман ба?

— Екеуі де: жақсысы — жердің сазын ілезде дегдітіп тастайды; жаманы — дарияның былай да лықып кемеріне келіп тұрған суын көтеріп жіберіп, сай-саланы тасқын басып кетуі мүмкін. Одан өтуге болмайды.

— Не де болса тәуекел, енді кідірмейік! — деді.

— Оқасы жоқ,— деді ол,— қайратты болуымыз үшін бір жартылықты бөліп, тастап алсақ қайтеді?

— Сіз ішіңіз?!.. Мен ішпеймін!..

— Неге?

— Бүгін маған, өз денеме біткен жігер-қайраттан басқаның керегі жоқ.

Құдам төсегінің астына қойған жарты литрліктен бір стаканын қағып алды да, жұдырықтай сарымсақтың жартысын тісімен омырып ап, батырлана шайнап:

— Ал, жүр! — деді.

— Тапаншаңды ұмытпа! — деді ол үйден шығарда.

— Оным қойнымда!..

Ықшам, бірақ жылы киінген екеуміз тысқа шықсақ, желдің қаттылығы шынында да сұмдық!.. Егер денемді сақтана ұстамасам, «қарулы жаспын» дейтін менің өзімді ұшырып әкететін!.. Қараңғылық та сұмдық!.. Қасындағы бадырайған нәрсені көріп болмайды!.. Ал, саз бар ғой тіпті сұмдық!.. Аяқ басар жер жоқ сияқты!.. Басқан жеріңнің іріп жатқан батпағы, қопалы көлдің «құнан қойы» тәрізді, егер табан тіреп тұрсаң, бар денеңмен сорып әкететін сияқты.

— Ал, енді жүреміз бе?— деп сұрады құдам менен, кепеден шыға бере сазға тайғанақтап, бірер рет құлап тұрған маған.

— Жүреміз! — дедім мен.

— Ендеше, бастадым мен!..

Алдымда қаранғай, саздың сұлы тұсын шалпылдата, кейбір тұсын қорқылдата жөнеле берген құдамның соңына еріп, екеуміз дария жаққа бет қойдық. Екеумізде де үн жоқ. Қайдан болады ол үн?.. Ішін тарта, ышқына соққан қара дауыл, сыртқа шығарған деміңді аузыңа қайта қуып тығып тұншықтырып жібере жаздайды!.. Өзі темірдей суық!.. Іріген жерден, аяғыңды әрең алып жүресің!.. Сазбен алысқан аяғыңның екі қара саны талып қап, кейбір кезде, батып қалған жерден әрең суырып шығасың!.. Бұндай сазға көп жүріп дағды алып қалған ба, әлде кәрі сіңір адам қарулырақ

па, құдамның аяқ алысы, менен әлдеқайда пысық және екпінді...

Осылай қатты қиналып келе жатқан шағымызда, аспан сынып жерге түскендей бір күшті дауыс гүрс ете қалды. Күтпеген дауысқа селк етіп тұра қалғанымда:

— Жылдам! — деді құдам, менің тұра қалуымды сезгендей, жүрісінен кідіріп. Әлгі гүрсіл үсті-үстіне қайталап, үдеп кетті!..

Ентелей, ентіге басып қасына барған маған:

— Зеңбіректер! — деді құдам.

— Қайдағы?!

— Сыр суының жоғарғы жақтан қалқып келген сені, Қызылорда қасындағы иініне ошарылып, содан су биіктеп, қаланы басып кету қаупі туып тұрған. Сол сенді, осы қаладағы әскер бөлімі, жуық арада зеңбірек тобымен бұзып, суға жол ашады деген. Мынау атып жатқан солар болу керек. Сең жүріп кетсе, қалаға бара алмаймыз!.. Жылдамырақ басайық аяғымызды!..

Зеңбіректің және тұтасқан көп зеңбіректің атылғанын, қасында тұрып, бірінші рет Орынборда, Ленин жерленген күні естіген едім. Сонда, өзіме тобы тимесін біле тұрып, көп зеңбірек тұтаса гүрсілдегенде, бүкіл денем қалтырап кетіп, жанымды қоярлық жер таба алмаған едім!.. Мына атылу одан да күшті сияқты!.. Атылған зеңбіректердің тобы, ошарылған қалың сеңнің мұз тауларына тура ұрып, тас-талқанын шығарып жатудан болу керек, жер-көкті сілкіндіріп жіберген гүрсіл, құлағымды да тұндырып жіберді. Сондай халде құдама жауап қатуға халім жоқ сияқтанды да, жөнеле берген оның соңынан ердім...

«Сең жүріп кетсе қалаға бара алмаймыз» деген сөз санама сіңе қалған болу керек, бар дәрменіммен, аяғымды жылдам басып, құдама қатарластым.

— Сең жүрсе,— деді ол, әлгі пікірін қайталап,— бер жақта қалып қоямыз. Одан кейін, қашан қайық табылғанша, қалаға бара алмаймыз. Онда планымыз бұзылады.

— Тезірек жетейік онда!..

Екеуміз жүгіре басып дария жағасына келсек, қараңғы түнде қап-қара көрінетін судың беті, осындай шақта аспанда көшетін сұр бұлт сияқтанып қимылдап жатыр!..

— Ойбай, сең қозғала бастапты! — деді құдам, ағып судың нақ қасына таянып.

Мен де қасына кеп төнсем, иін тірескен сұрғылт сеңдер қыбырлай қозғалып барады!..

— Қалдық! — деді құдам өкінгендей.

Сол шақта, жылжып жатқан сеңдердің үстіне қалайша қарғып мінгенімді өзім де білмей ғаппын!..

— Ойбай, өлдің! — деді құдам, сеңмен жылжи жөнелген маған, жағада қала беріп айғай сап.— Шаманың келсе, бері шық!.. Әрі кетсең, құрыдың!..

Жан-жағыма қарасам, шыққым келсе де шыға алар түрім жоқ, мінген сеңім жағадан алыстап кетті; жердің қайда қалғанын, құдамның жағада шошайып қарандаған денесінен шамалаймын: ол, ең кеміне — қырық-елу адым!.. Екі арада, түнгі қараңғылықтан қарамай сияқты боп жылтыраған жап-жалпақ су!..

Мен сеңмен ағып кете бардым. Қарандаған құдам алыстай берді... Қауіп-қатердің де қызығы көп болады екен. Қалың ажалдың арасына кіріп ап, енді не болармын білмей келе жатқан шағымда, табиғат мені аяп, маңайын болжасын дегендей, таң сіберлеген тәрізденіп төңерек бозамықтана бастады. Сонда байқасам, кейде жиілене, кейде сирей аққан сеңдердің кейбірінің үстінде аң ба, мал ма, адам ба, бірдемелер қыбырлайды!.. Солардың біреуіне жақындап қалсам, қозылы қой!.. Тірі жан болғандықтан, сеңмен ағуына ол да қорқа ма, әлде, байғұстың қарны ашып, адамды қамқоршысы көріп үйренген сорлы, менен тамақ сұрай ма, я құтқаруымды тілей ме, маған қарап маңырап қояды!.. Өзін бала, анасын пана көргендей, жаурағаң қозы байғұс үн-түнсіз, шешесінің ық жағын паналап, бауырына тығыла түседі...

Сең деген қызық болады екен: тағдырдың айдауымен үстіне қона қалған жан-мақлұқтарды қорқытқысы келгендей, немесе, әдейі қастық істегендей, мүмкіндігі бола тұра, жағаға жақындамай, дарияның ортасымен ағады. Және жәй ақпай бірін бірі итере, сүзе, түрткілей, сындыра, қырата ағады!.. Кейбірі соқтығысқан сеңнің астына сүңгіп кетеді. Егер байқап отырып, амалын тауып ақпасам, сынған сеңмен менің де сынуым, сүңгіген сеңмен менің де суға батуым — минут сайын-ақ кездесетін қаза!.. Сондықтан мен аққан сеңдер соқтығысқан шақта, өзіме жайлылауына қарғып, тіршілігімді сақтауға жанталасам!.. Өйтпесем, мана құдам айтқандай, қабақ қаққанша құрып кететін түрім бар!..

Бір сәтте, мен мініп келе жатқан жіңішкелеу бір жылтыр сең, әлденеге ошарылған көп сеңге килікті де,

бір қуысына кіріп тоқтады. Жақын жердегі жағаға жүгіріп шығуға мүмкіндігім болып қалды. Сөйтуге ыңғайлана бергенде, құлағыма маңыраған қойдың даусы сап ете түсті. Жалт қарасам, манағы қойым мен қозым!.. Олар да дарияның орта тұсындағы сең үстінде тұр. Сеңде ұзақ уақыт ағып, жүректері шайлығып қалған мұндарлар ма, немене, бері қарай жүруге мүмкіндіктері бола тұра, тұрған қалыптарынан тырп етпейді!..

Онысына ыза болғаныммен, мал бағып өскен қазақтың баласы, сорлы қойды, әсіресе әлі де шешесінің бауырына паналаған қозыны ажалдың аранына тастап кетуге қимай, жағаға алып шығу ниетімен тұра ұмтылдым. Нақ қасына барғанымда, көрмеген адамын жатырқады ма, әлде сойып жейді деп қорықты ма, қойдың қаша жөнелуі бар емес пе?!. Оған ере қозы да қашты!.. Және жағаға емес, суға қарай қашты. Онысына ызаланған мен «уа, құлағыңды!..» деп боқтап жіберіп, дегеніме жетпей тынбайтын ерегіспе ауруым ұстап, тұра құдым. Мұз жылтыр, тайғанақ екен. Қашқан қой мен қозы да, мен де тайғанақтап, бір жерде қойды артқы сирағынан ұстай жығылдым. Сол арада екі сеңнің жігіне кездесіп, суға кетіп қала жаздадым. Қой болмағанда кетіп ем, ұстаған сирағынан демеп, сең үстіне әрең шықтым!.. Шешесін ұстаған соң құтыла алмасын біліп, қасымызға маңыраған қозының өзі жүгіріп келді..

Қозыны қолтығыма қысып, ырқыма көнгісі келмеген қойды мойнынан сүйрей, жағаға қарай беттегенде, ошарылған сеңдердің тағы да жылжи жөнеле беруі бар емес пе?!.. «Құдай ұрмаса игі еді!..» деп жүрегім қорқа қалды... Мен енді, жағаға қарай шапшандау ұмтылдым. Бірақ сүйреген қойым мен қолтықтаған қозымды тастаған жоқпын. Бірақ қанша асыққаныммен жағаға жете алмай қалдым. Жаға мен арамызға судың жалпақ лентасы түсе берді.

— Қарғы! — деп айғай салған дауысқа жалт қарасам, жағаға төне өскен тоғай арасынан қарап тұрған шалдау қазақ.

— Қарғы! — деді шал тағы да.— Бұл тұстың суына бойлайсың. Тез қарғымасаң, кетесің сеңмен!

Қойымды сүйрей, қозымды құшақтай, сеңнен қарғып ем, су кеуде тұсымнан келді.

— Жібер қой мен қозыны! — деді шал...— Олардың енді өздері де жүзіп шығады. Өзің тез шық. Су суық. Денеңе суық өтіп кетеді!..

Шалдың сөзін тыңдап, қозымен қойды жіберіп ем,

олар жағаға қарай жүзе жөнелді. Киімдерім суға малшынған мен де, оларға ілесе қырға шықтым. Қой мен қозы жағада оттай бастады.

— Апырай, құдай сақтады! — деді шал қасына таянғанымда,— тез шешін!.. Сыпыр, су киіміңді!.. Осы арада арбам тұр. Онда үлкен тоным бар. Денеңе мол жетеді. Соған оран!..

Шал тоғай арасына жүгіріп кетті, мен шешіне бастадым. Тез оралған шал:

— Киімдеріңнің ауыр суын ғана сығып жеңілдет! — деді маған,— қалған дымын біздің үйге барып кептір.

— Сіз қайда тұратын едіңіз?

— Қалаға жақын жердегі су-диірменнің қасында.

— Атыңыз да бар ғой? — дедім мен, шешініп боп, жаурaған қалпымда қой терісінен жасаған үлкен, жылы тонды жамыла бастап.

— Енді, арбаны өзім сүйреп жүр деп пе ең? Әрине, бар!.. Жегулі тұр. Үйім алыста емес. Отынға келіп ем. Сені жырақтан көрдім. «Ошарылған сеңге киліксе игі еді!» деп тіледім. Жігіт екенсің өзің. Қой мен қозыны алып шығуың шығу-ақ!.. Тегі мал арасында өскен, малды жақсы көретін баласың ғой деймін!..

— Қазақ баласымын ғой, ақсақал. Мал арасында туып, мал арасында өстік қой. Сізге бердім, осы қой мен қозыны!

— Неге?

— Өз малым емес. Сеңмен ағып келді.

Еңбек сіңірдің ғой оларға.

— Еңбегімді сатпаймын.

— Оны кейін көрерміз,— деді шал.— Біздің үй жақында. Барайық, сонда!..— Қалада жұмысым бар еді.

— Су киіммен қалай барасың оған.

— Жұмысым асығыс еді, шыдаймын киімнің суына.

— Суға кетсең қайтетін ең? — деді шал, кескінімө ұнатпай қарап.— Кеткен жоқпын ғой,— дедім мен, дірілдеген қалпымда жымиып.— Ондай ақмақ болма!— деді шал, салмақты дауыспен,— «атан өлсе сойылар, атаң өлсе қойылар» дегендей, қан жауып жатқан іштеңең болмаса, жайланып бар қалаңа!..

— Жоқ, ата! — дедім мен де нық дауыспен,— қан жаумаса да жаууға жақын ісім еді. Сондықтан асығып, дариядан түнде өтем деп, сеңге ағып кеттім. Жаным қалды. Енді баруым қажет.

— Онда біздің үйден құрғақ киім ки.

— Оны істеуге болады.

Екі қойды да, отынын да арбаға басқан, мені қасына мінгізген шал үйіне келді. Таң ол кезде еркін ағарған еді. Шал тыста тұрып, «жылын, тынық, дамылда, қоректен!» деген сөздерін тағы да айтып еді, мен де өз сөзімнен танбадым.

— Жүрісің шынында да суыт екен,— деді шал,— барсаң бар. Ересек балам бар. Ұйықтап жатқан болу керек. Оятайын. Мына атпен апарып салсын.

— Жаяу да барам ғой.

— Бірталай жер. Сазда жаяу ұзақ жүресің. Жұмысымыз да бар, қалада. Құрғақ киім де алып шығайын, баламды да оятайын.

— Қазақша киім болса жақсы болар еді,— дедім мен жөнеле берген шалға:

— Қалаша киім біздің үйде жоқ.

Шал киімдерін де, баласын да тез алып шықты. Көнетоздау қазақы киімдер маған шақ бола кетті. Оларды кигеннен кейін, мен шаруасы шағын, жобалғы киінетін жігіт болдым да қалдым. Бұл киім, бүгінгі тілегіме іздеп тапқандай сәйкес болған сияқтанды.

— Ал, енді қайтесің? — деді шал,— дымқос киімдерің мен қойларыңды ала кетесің бе?

— Қойлар қалсын деп мана айттым ғой. Киімдер де қалсын. Кептіріп қоярсыз. Бірер күнде алып кетермін.

— Оқасы жоқ! — деді шал, кескініме көп мағналы көзбен қарап қойып.— Мен кісіден емес, құдайдан тілеген адаммын. Өмір бойы диірменнің жұмысшысы боп келем. Табысым күн көруіме жетеді. Еңбексіз малдың да, кісінің киімінің да маған керегі жоқ. Киімдерің де, қойларың да, қашан келсең де сақтаулы болады...

Рақмет, ата! Бала екеуміз жүріп кеттік.

Біз қала шетіне кіре, дауыл да бәсеңдеді. Аспанды қоршаған қалың бұлт та сиреп, бозамықтана таң сарғая бастады.— Ал, бала!— дедім мен сонда, барар жерімнің жобасын балаға көрсеткім келмей,— мен түсем осы арадан.— Неге? Жеткізіп салайын, барар жеріне.

— Ол жер осы маңайда, жақын тұста! — дедім де, арбадан қарғып түстім.

— Әкеңе сәлем айт,— дедім оған,— мені келеді деп күтпей-ақ қойсын.

Бала үндеген жоқ. Мен жөніме кете бардым.

Ауаның мазасыздығынан, жердің ыластығынан қорғанып жатқан болу керек, қаланың көшелерінде тірі жан жоқ. Егер ақырын жүрсем, бүкіл қала тысқа шығып қарайтын сияқтанып, саздың бөгеуіне елең қыл-

май, мен аяғымды жылдам бастым да, Қарсақтың бұзылған үйіне жеттім. Есік, терезелері алынған ол үйдің маңында да жан жоқ екен. Бастары түйіскен қамыстың қуысына кірсем, күрке сияқты ішіне су өтпей, құп-құрғақ болып тұр екен.

Мен сонда отыра берейін!.. Таң да атсын, күн де шықсын!.. Бұлт ашылып, жел саябырлап, дала жап-жарық боп кетсін!.. Су киімдерімді шешкен шақта шалдың көзін алдап қойныма тыққан тапаншам, қазір қолымда отырсын!.. Күркемнің қасынан өтетін студенттерді көріп отыруға, қамыстың әр жерінен саңлау жасап қояйын... Бір кезде, құлағыма дабырласқан дауыстар шалынсын... Сығалай қойсам, бірін-бірі қолтықтап, аяқтарын жылдам басқан, кескіндері көңілді, ойнай, күле келе жатқан студенттер болсын... Мен олардың арасынан Бәтес пен Мүсәпірді іздеп, көзімді қадай қалайын!.. Егер көзіме ілексе, Мүсәпірді тапаншаммен басып салуға әзір отырайын...

Ал олар жоқ!.. Лек-легімен өтіп жатқан студенттердің бірде біреуін көзіммен тінтпей өткізбеген сияқтымын, ендеше олар қайда?..

Әне, Бәтес те көрінді!.. Бір жағында жігіт, бір жағында қыз!.. Үшеуі қолтықтасып алған!.. Мүсәпірі қайда мұның?!. Бәтесті де өткізіп жібердім. Түсте сабақтан қайтуын осы күркенің ішінде күтпек болдым. Мүмкін Мүсәпірі сонда бірге қайтар!..

Күрке ішінде отырған сол бір бес-алты сағат, маған бес-алты жылдан кем көрінген жоқ. Шыдамнан айырылған мені мазақ қылғандай, әлдекімнің қоразы, күркемнің төбесіне қонып ап, қиқулады да отырды. Оның әрбір қиқуы, төбемнен ұрған темір тоқпақ сияқтанды. Шыдамастық халге жеткен шағымда, іште отырып «шішт!» деп үркітпек болсам, даусым ақырын шыға ма, қатты шықса да қорықпай ма, кетпей-ақ қойды!.. Қамысты ішінен селкілдетсем де кетпейді. Бұл не?.. Тауық боп келіп отырған дұшпанымның бірі емес пе?..

Қоразды әрең деп кетірген шағымда, осы маңайға бір топ ит келді де, мені әдейі мазалағандай, қырылып кеп таласты!.. Таласта жеңіліп қалған біреулері, күркеме кеп паналап, бірер ит ішіне де кіріп кете жаздады... Мына мазасыздыққа амалың болса, қыл!..

Біраздан кейін иттер де кетті. Аздан кейін, мен сол иттер мен манағы қоразды өзін сағынғандай болдым. Өйтпегенде қайтейін, ішімді кеулеп алған ыза, жүрегім мен өкпемді керіп әкетіп, кеудем тарс айырылып кетуге жақын отыр!.. Енді қайттім?!.

Құлағыма әйел мен еркектің күбірлескен даусы шалына қалды. Қамыс арасынан сығаласам — Бәтес пен Мүсәпір! «Есеңгіреуім емес пе?» деп, көзімді уқалап жіберіп қарасам — солар!.. Қолтықтасып алған!..

Бұл тиыштықты бұзбағым да келіп кетті. Бірақ бұным — қараңғы түнде, қара бұлттың арасынан жылт ете ғап жоғалған жұлдыз сияқтанып, тез жойыла қалды да, ыза мен кектің өрті, қалай бұлқынсам да шыға алмастай ғып бар денемді бөлеп алды. Сол шақта, есіме өзім соңғы жылдары пайғамбарым көріп оқып жүрген Лермонтовтың: «О, самолюбие, рычаг жизни, на котором Архимед думал поднять земной шар!»[1] деген сөзі түсті. Бұл менің дұғалығым сияқты сөз еді. Аузыма алған сайын, бұл сөзден денеме қосымша қуат бітетін сияқты еді...

Осы дұғалығымды айта, оң қолыма тапаншамды ұстай, күркеге жақындап қалған Бәтес пен Мүсәпірдің алдынан шыға келгенімде, екеуі де шошына кілт тұра ғап, зәресі кеткен Бәтес Мүсәпірдің қолтығынан қолын суырып алды да, «алла!» деген қатты дауыспен, құлап кетердей шалқалақтай берді!.. Неге екенін кім білсін, Мүсәпір қалшиған қалпында ыржия қалды... «Уә, әкеңнің!..» деп оны тапаншаммен тартып кеп жібермек болғанда, мылтық от алмады... Оның құлағын тағы қайыра бергенімде: «Енді атылар!» деп қорыққандай қаша жөнелген Мүсәпір, Қарсақ үйінің үңірейіп тұрған терезесінен сүп беріп кірді де кетті!..

Көзіме онан басқа дүниенің бәрі қарауытып көрінбей кеткен мен, соңынан қарғып, үйдің ішіне түссем, ішкі есіктің алдында, қолына кетпен ұстаған Мүсәпір тұр!..

— Шап, әкеңнің...— дедім мен оған ақырып.

Есінен танып қалды ма, немене, ол кетпен сілтеудің орнына, маған қарап тағы да ыржиып:

— Е-he-he! — дейді.

— Мәс-саған «ehe-he-he!» деп жетіп бардым да, кетпен-метпенімен құшақтай ап, тақтай сәкіге етпетінен алдым да соқтым! Халі бітіп қалған ба, немене, үстіне аттай мініп алғанымда, тыпырлауға шамасы келмеді...

Сол кезде, бөркі ұшып кеткен жалаңаш және тақыр басының қарағұсынан, қолдағы тапаншамды құлаштай, бар пәрменіммен періп кеп жібердім... Оң қолымды

---

[1] Уә, өмірдің серпіндісі сияқты өзімшілдік. Архимед сенімен жер шарын көтеруді ойлады-ау!

тағы көтеріп ап пәрменмен қайта соғамын дегенде қарағұстан фонтандап атқан қан, бетіме шапшып көзіме соқты да, екі көзім де ағып түскендей сол жақ алақаныммен баса қойдым... Одан кейін не болғаны есімде жоқ... Есімді жинағанда байқасам, терезесі темір торлы, есігі кілттеулі бөлмеде жатырмын. Бұл, әрине, абақты.

8. БАҚЫТТЫҢ БИІГІНЕ

(Эпилог)

Менің қылмысты ісімді тексерген сот, он жылға жазалады. Мен ол жазамды Қиыршықыстың қалың орманының арасындағы бір лагерьде өткіздім, бірақ он жылда емес, жеті жылда.

Лагерь ағаш кесу жұмысымен шұғылданады екен. Бара сала осы жұмысқа белді буып, жеңді түріп, қолға түкіріп... дегендей белсене кірістім де кеттім. Қарулы жас жігіт, қайраттана кіріскен ісін опырып жібереді екен. Жұмысқа кіріскен шақта, мен ең кемі бір жарым, көбіне екі, кейде үш нормадан орындадым да отырдым. Бұл қимылыма қарағанда, он жылды, әрі салғанда, бес жылда орындап кететін жәйім бар еді. «Сорыма» қарай, келер жылы цинга деген пәлемен ауырдым да, біраз тістерімді «құрмалдыққа шалып» жылға жақын уақытта әрең оңалдым. Одан кейін де жылға жақын уақыт күшім жетілмей жүрді. Күш жетілгеннен кейін жұмысты тағы да қырата істеп, он жылды жеті жылда өтедім де кеттім!..

Лагерьде мен қара жұмыстан басқа екі қызмет атқардым: бірі — үш айлық курсын өттім де, медицина фельдшері болдым; қызықты қараңыз: ішкі, сыртқы дерттен емдемегенім болған жоқ, сонда ем атаулымның көбі қонып, емдегендерімнің көбі жазылып кетті!.. Екіншісі — кітапхана жұмысын басқару. Мұнда да атқарған қызметтерім толып жатыр: ең алдымен, менен бұрын он шақты-ақ кітабы бар лагерь кітапханасының қоры, мен жазамды өтеп боп еліме қайтарда үш мыңға таянып қалды; сауатсыз жазалыларға кітапты оқып беруді ұйымдастырдым, сонда белсенді оқып берушінің бірі — өзіммін; кітапхана, клуб та, онда шығатын қабырға газетіне де араласам; бірер жылдан кейін киномеханик те болып алдым... Қысқасы, лагерьдің мәдениеттік істерінде мен араласпағаны болған жоқ...

Бұл сөзіме я сенерсіздер, я сенбессіздер,— лагерь

тұрмысына үйреніп алуым, оның ұнауы сондай,— «осыдан қайтпай-ақ қойсам қайтеді?» деген ойға түскен күнім де болды. Оған мүмкіншілік те бар екен: жазаңды өтеп болып, азаматтық паспортыңды алғаннан кейін, сонда қалуыңа да, үйленуіңе де болады екен. Жазамның бітер қарсаңында, лагерьдің начальнигі жолдас Лесковпен ақылдасып ем, мені соңғы жылдарда еркімде ұстаған, үйіне де талай қондырған, сеніскен дос боп кеткен, басымнан кешкен оқиғаларымды түгел білетін бұл адам, «маған қалуың пайдалы» дей отыра, елге қайтуымды мақұлдады... Паспорт беріп, лагерьдегі қызметтерімді жоғары бағалаған мінездеме беріп, жырағырақ жердегі поезға өз машинесімен апарып салған Лесков екеуміз құшақтаса сүйісіп, жылап айырылыстық!.. Қандай жақсы адам, жолдас Лесков!..

Мінген поезымнан Новосибирьде түстім. Терезеден сұрап білсем, вокзалдың алысырақ бір тұйығында, «Қарағанды — Алматы» аталатын вагон тұр екен, ол бірер сағаттан кейін, «Новосибирь — Алматы» аталатын поезға тіркеледі екен.

Билетімді «Қарағанды — Алматы» вагоніне реттетіп алғаннан кейін, «алыста» деген оған іздеп барсам,— ғажап оқиғаға кездестім: вагон алдында ерсілі-қарсылы жүрген біреу бетін маған бұра берсе — Еркін Ержанов!..

— Аға!— деп құшағымды жая, бассаппын оны!.. Көз жасым ыршып кетіпті...

— Алла! — деді, мені бауырына басқан Еркін шошып кеткендей,— көрден шықтың ба, жерден шықтың ба?..

— Лагерьден!..

Құшағын жазған ол, жас шайған бетімнен сүйді де, үсті-басыма, кескініме көздерін жүгіртіп ап:

— Өзің әрі есейіп, әрі балуанданып, әрі киініп... тамаша оңдалыпсың ғой! — деді.

— Ішім одан да онды! — деп, Еркінге мен қалтаманнан паспортым мен мінездемемді алып бердім.

Әуелі паспортқа, одан кейін мінездемеге қуанышты көзін жүгіртіп алған Еркін:

— Құттықтаймын!— деді қолымды алып.— Мынау мінездемең, өзге орын түгіл, партияға өтуіне де кепілдік бола алатын!..

— Өзім де сөйтем!.. Яғни, Алматыға бара сала, партия қатарына өтуге арыз берем!..

— Сонда бірінші кепілің мен-ақ болайын!

— Рақмет, аға!.. Сенуіңізді өтінем маған!.. Мен қазір бұрын семіздігін көтере алмай, не болса соған ұрынған, оның аяғы ауыр қылмысқа соққан, еңбекке жат байдың баласы емеспін, еңбек пен советтік тәрбиенің ұлы мектебін өткен, қалған өмірін де осы бағытта өткізетін, шын мағнасындағы еңбекші, шын мағнасындағы советтік адаммын!..

— Сенем!..

Вагон қалың қарағайдың арасында тұр екен. Мезгіл — ертерек күз. Ауа райы құрғақ және қоңыржай. Еркін тыныстаған жасыл қарағайдың жұпар исі мұрынды қытықтап, былай да жәйлі жүрген жанды, тіпті жайландырып барады. Соған қызыққандай және «Еркінді тынысынан бөлдім-ау!» деген оймен:

— Аға! — дедім оған,— күтпеген жерде кездесіп, кескініңіз бүкіл туған халқымның келбеті сияқтанып кетті ғой!.. Сізге қарай бергім, сөйлесе бергім кеп тұр!.. Вагон ішінде сөйлесеміз бе, сыртта ма?

— Сырт мақұл болар,— деді Еркін,— вагонде бөгде адамдар бар ғой, олардың көзінше сағынысқан сөздерімізді айтуға қымсынармыз. Қарағай арасында жүре тұрайық. Сен дорбаңды отырар орныңа қойып шық!

— Мақұл!..

Қарағай арасында Еркіннің өз хал-жайын сұрастырсам, ауылда отыз бірінші жылға дейін қызметте болған екен де, одан кейін Москвадағы жоғарғы дәрежелі партия мектебінің қасындағы екі жылдық курсты бітіріп, Қазақстан Орталық партия комитетінің кадрлар бөлімін басқаруға орналасқан екен. Қазір Қостанайда астық науқанын өткізіп келе жатыр екен.

— Өзім торғайлық болғанмен, Қостанай жерінің көбін көрген жоқ едім,— дейді ол.— Қазір түгел араладым. Ғажап жер екен ғой ол, түгін тартса майы шыққан, қара топырағының қалыңдығы табан метр!.. Сонша құнарлы жердің жүзден бірін пайдаланып отырған жоқ екеміз!.. Осы жәйда, Орталық комитеттің алдына мәселе қоюға келе жатырмын.

Мен бір қызық адаммын ғой. Бұрынғы ерегіспе аурудан лагерьде де жазылмағам: мені бүкіл Қазақстан боп қылмысқа итергендей, лагерьдегі күндерде, оның ешкіміне де еш хат жазбағам, қайда екенімнен ешбір хабар бермегем; оған ерегісуім сондай, лагерьлық кітапханаға талай газет-журналдарды алдырғанда, мүмкіндігі бола тұра, Қазақстанның ешбір газет-журналын алдырмағам; сондықтан «Правда», «Известия» сияқты

газеттер бетінен оқыған аздаған материалдарым болмаса, Қазақстан тіршілігінен саңыраумын да.

Енді Еркіннен білсем, Қазақстанның экономикасы да, мәдениеті де бұрынғыдан әлдеқайда биіктеп кеткен. Сол өркендеудің және еңбекшілердің сана-сезімі өркендеуінің нәтижесінде, республикада ірі-ірі саяси шаралар өткізілген: мен сотталған жылдың (1927) жазында, қазақ аулындағы байлар мен феодалдардың жерлері еңбекші диқаншыларға бөлініп берілген, одан келер жылы (1928) ерекше декретпен, қазақтың бес жүз ірі байлары мен феодалдары конфискеленген, келер жылы (1929) қазақ ауылдарында колхоздандыру науқаны басталып, қазір ол науқан аяқталған, ауылдағы қазақ еңбекшілерінің басым көпшілігі колхозға мүше болған.

Ауылдағы колхоздандыру науқаны жүрген шақта «Голощёкин басқаруы» аталғандар, Қазақстанда ерекше асыра сілтеп, ауылдың шаруасын, әсіресе мал шаруасын қатты жүдеткен. Бүкілодақтық Партия Комитеті бұл қателікті тез түзеп, Голощёкинді қызметінен алған да, орнына Мирзоян деген кісіні жіберген. Еркін Ержанов оны: «партияның адал ұлы» деп, «өте іскер» деп мақтайды.

— Мирзоян жолдастың дұрыс басқаруымен,— дейді Еркін, бұл мәселені кеңінен толғай кеп,— Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті тағы да өсуге бет алды...

Еркін үй ішімнің халінен де хабардар екен. Әкем 1926 жылдың күзінде, Термез қаласының тұсында, Памир арқылы Афганстанға өтпек боп, шекара қызметкерлері «тоқта!» дегенде тоқтамай, атылып қалған. Тап жою кезінде, үй ішімнің мал-мүлкі конфискацияға алынған, жандары Орал тауына көшіп, қазір Талқалада (Верхно-Уральск) тұрады дейді.

Бәтестің үйінен Еркіннің білері: Мәмбет біздің барлауда жасырын қызмет атқарып, ауыл-қаладағы байлардың, байшыл-ұлтшылдардың сырын ашуға жәрдем берген екен. Кейін оның патша өкіметі мен Колчакка да тыңшы болған материалы табылып, тұтқынға алынған. Одан кейін не болғаны белгісіз.

«Алашорда» аталатындар 1929 жылы репрессияға[1] ұшырап, бастықтары тұтқынға алынған. Олардың бірен-сараны ғана болмаса, жазалаудан әлі құтылмаған көрінеді. Менің ішкі жарам біткен-бітпегенін білмегендей, оны «тырнап алармын» дегендей, Бәтес жайына

[1] Жаза, қысым шарасы.

Еркін жоламайды. Біраздан кейін ол мәселеге өзім жолап, хал-жайын сұрасам, Қызылорда институтын бітіріпті де, өзімен бірге оқыған Ақпан Адамбаев деген жігітке қосылып, Ақмола облысының бір ауданындағы жетіжылдық мектепке мұғалім боп кетіпті.

— Осы жылдың егіс науқаны кезінде сол ауданда болып, үйіне бардым,— дейді Еркін — өте мәдениетті тұрады екен. Күйеуі өзін сыйлайды екен. Бір ұл, бір қызы бар екен. Балалары үріп ауызға салғандай, әдемі-ақ! Шешесі Жәния мен інісі Сейіл қолында тұратын көрінеді. Қарағыз өлген. Бәтестің балаларының тәрбиесі Жәнияда екен.

— Айтқан соң бәрін де айтайын,— дейді Еркін, маған қарап қойып,— сені де кеңес қылдық. Бұл жәйда күйеуінен қымсынбайды екен, күйеуі де оған мазасызданбайды екен...

— Не десті сонда?..

— Бәтестің сені жақсы көретін көңілі сол қалпында екен. Онысын жасырмай айтып, «мен бұл заманның Татьянасы болдым,— дейді ол күрсініп,— осы ерім — ер, осы үйім — үй. Сөйте тұра тілегім. «Бақытсыз бейшара, қашан келсе де аман келсе екен!» Күйеуі қалжыңдап: «Аман келсе, құшақтап көрісетін боларсың?» десе: «Әрине!» — деп байсалды дауыспен жауап береді.

— Жолыға қалсаң сен қайтер ең? — деп сұрайды Еркін менен.

— Қайтсем де оның тиыштық тұрмысын бұзбаған болар ем!..

Менің басыма ондай күн де туды. Мен Алматыда Еркіннің пәтеріне түстім. Кең қорасы жеміс ағашына тұнып тұрған, шағын ғана әдемі үй екен. Мені қуанышпен қарсы алған Баршагүл жеңгей, бірер күннен кейін ойда жоқ жаңалық айтты: күйеуі мен Бәтес, қастарына Бақыт атты ұлдарын ерте келіп, қазір Алматының жоғарғы жағында, таудың арасында, мұғалімдердің демалыс үйінде жатыр екен. Еркін мен Баршагүл оңашада кеңесіп алған болу керек, бір күні таңғы шайды бақша ішінде ішіп отырып, әлгі кеңесті айта кеп, «сол семьяны бүгінгі түстікке шақырсақ қайтеді?» деді маған.

— Шақырыңыздар! — дедім мен.

— Әнеугі уәде, уәде болады да,— деді Еркін.

— Әрине! — дедім мен.— Бұған дейін екі сөйлеп көрген жоқпын. Әлі де сөйлемеспін.

— Мен онда, шайдан кейін барып хабарлап келейін,— деді Баршагүл.

— Мен ере барайын! — дедім мен.

— Егер ыңғайы болса!..

— Әбден болады!.. «Қасқыр да тоқ, қой да тоқ» дегендей, маған да, оған да, күйеуіне де жәбірлік жасамайтын мінез көрсетем. Менің барғаным жақсы, әйтпесе келмеуі мүмкін!

— Онда барсын! — деді Еркін.

Тауға машинамен кеттік те, демалыс үйіне таянып барғанда жаяу көтерілдік. Ғажапты қараңыз: биікке қарай жіңішке жолмен тырмыса шығып келе жатқанда, бір бұрылыста, Бақытын орталарына ала қолынан жетектеген, әлденеге сақылдап күлген Бәтес және біреу (әрине, ері — Ақпан!), алдымыздан шыға келді. Қаннен-қаперсіз келе жатқан Бәтес, мені көрді де қатты шошыған кескінмен:

— Алла! — деп кейін қарай шегіне берді.

Қасындағысы мені таниды ғой деймін, саспай-пыспай:

— «Құшақтап қарсы алам!» дейтінің қайда? — деді Бәтеске күле қарап.

Шешесінің үрейленуіне таңданып қараған баласына:

— Ағаңа сәлем неге бермейсің? — деді еркек.

— Сіз боларсыз, Ақпан деген кісі? — дедім оған.

— Иә, біз.

— Балаңыздың аты Бақыт болар?

— Солай!

— Ендеше, өздеріңіздің де, Бақыттарыңыздың да бақытты болуын тілеп, балаларыңызды сүюге ұлықсат етіңіз!..

Тығыршықтай семізше, кескіні Бәтеске тартқан, флотша әдемі киінген сұлу баланы, жатырқап тартыншақтануына қарамай, қолыма көтеріп алдым да, бауырыма қатты басып бетінен құшырлана сүйіп:

— Өмірлі бол, бақыттың биігіне өрле, Бақытжан! — дедім.

Өңі жаңа кіре бастаған Бәтес, «айтқаның келсін!» дегендей, енді ғана қуаныш оты ойнаған көздерінен жасын төгіп жіберді.

Романның соңы.

Алғаш жазылып бітуі — 12—XII—1928 жыл.
Соңғы жазылып бітуі —14—VII—1959 жыл.

МАЗМҰНЫ

Жазушыдан 3

Бірінші бөлім

Сүйген жер . 5

Екінші бөлім

Сүйген жар . . 123

Үшінші бөлім

Адасу . 239

Төртінші бөлім

Шешілген шиелер . 423

Сабит Муканов

СВЕТЛАЯ ЛЮБОВЬ

Роман

(На казахском языке)

Редактор *С. Умишева*
Художник *К. Бекенов*
Художественный редактор *Б. Аканаева*
Технический редактор *Б. Карибаева*
Корректор *З. Кузекова*

ИБ № 4520

Теруге 3.05.88 жіберілді. Басуға 14.09.88 қол қойылды. Қалпы 84×108¹/₃₂. № 2 баспа қағаз. Қаріп түрі «әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 28,56. Шартты бояу көлемі 28,86. Есепті баспа табағы 30,96. Тиражы 50 000 дана. Заказ № 1045. Бағасы 2 с. 20 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143 үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41 үй.